

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы
Инновациялық технологиялар арқылы демократияны оқыту Орталығы

АТАУЛАР СЫР ШЕРТЕДІ

(облыстық жобалар байқауының материалдары)

Ақтөбе қаласы

2015 жыл

УДК

ББК

Атаулар сыр шертеді
облыстық жобалар байқауының материалдары

Студенттер, колледж және мектеп оқушыларының, мұғалімдерінің, ЖОО
оқытушыларының жоба жұмыстарының жинағы

ISBN

Бұл жинаққа 2015 жылы Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы және Инновациялық технологиялар арқылы демократияны оқыту Орталығының ұйымдастырумен өткен жоба байқауының материалдары 86 әр түрлі тақырыптағы жоба жұмыстары енгізілген.

Басылымды құрастырушылар:

Пангереев Алмат Шамұлы, облыстық тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы

Имжарова Зауреш Убайдулловна, Инновациялық технологиялар арқылы демократияны оқыту Орталығының директоры

Жинаққа енгізілген авторлардың материалдары ғылыми кеңесте талқыланған және осы жинақты ұйымдастырушылардың түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жинақ жеке көзқарас және автордың талдауы бойынша жауапкершілікті мойнына алмайды.

Жобалар/проектты

Жерұйығым - жер жаннаты - Жабасақ: тарихы, топонимикасы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Әбденев Айдын Жақсанұлы – т.ғ.к., аға оқытушы
Автор: Назмадин Көркем – туризм мамандығының I курс студенті

Жабасағым-жұлдызым

Сөзі мен әні Қ.Алтынбаевтікі

Жабасағым жас өлкем,
Түлеп, қайта жасап жаңарған.
Болашағың-әсем ән өлкем,
Таң нұрындай таралған.
Мақтан етіп өзінді,
Әнге қоссын ұл-қызың.
Селт еткізген сезімді,
Жабасағым-Жұлдызым!

Елді, жерді, мекенді білсем деп ұмтылу көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның қастерлі борышы. Бұрын-соңды «Жабасақ» өңірі туралы баспа түрінде қалған мәліметтер болмауымен байланысты жердің аталуы дерегін анықтау үшін «бір керегі болар» деп естіген тарихты өзінде сақтап жүрген адамдардың көмегіне жүгінуге тура келді.

Жабасақ қазақ сөзі. Жер аты Жабасақ деген кісі есімімен аталған. Село Ырғыз ауданынан солтүстік шығыста, аудан орталығынан 250км, облыс орталығынан 400км қашықтықта орналасқан. Селоның «Жабасақ» аталу себебі Кіші жүздің ішінде Шөмекей руының Қаратамыр атанған тайпасынан шыққан Жабасақ деген кісінің есімімен байланыстырады. Атау шамамен 250 жылдай бұрын пайда болған. Бұл мекен көшпелі елдің шоғырланып, қоныстанған жайлауы болған. Жердің жағдайы да бұған қолайлы, шындыққа келеді. Себебі, Жабасақтың айналасында онша қашық емес жерлерде Қурайлы, Қызылой, Сандал және т.б тұщы суы мол көлдер бар. 1890-1900 жылдардан бастап ел бұл жерлерде отырықшылық кәсіпке икемделіп, қоныс тебе бастаған. Егіншілік кәсіпке де ден қою осы кезеңмен тұстас, кейін олардың саны көбейіп шоғырлана түскен.

Енді ел ауызындағы бұл кісінің қайырымдылығын дәлелдейтін мынадай аңыз-әңгімелерді де келтіре кетейік. Бір жылы жазғы жайлаудан қыстайтын орынға көшіп келе жатқанда, жылқының үйірінің алдына бір бүркіт қайта-қайта қонып үркіте беріпті. Жылқышы бүркітті жасқап, ұшырады. Бірақ бүркіт бұған қарамай топ жылқының алдына қайта келіп қонады. Ашуы келген жылқышы қолындағы құрығымен бүркітті ұрып өлтіреді. Жұмбақ оқиғаны есіткен Жабасақ жылқыға әдейі келіп, өліп жатқан бүркітті көреді. Мұның тегін бүркіт емес екенін, іздеушісі болатынын сезген ол, көшті тоқтатып, айдалаға, сусыз жерге қонуға әмір етеді. Ол «енді алға жүруге болмайды. Бұл аң аулап күн көрген біреудің аяулы бүркіті болуы керек. Бүркітін ол қазір шарқ ұрып іздеп жүр. Сондықтан ол келіп, бізді тауып алмайынша, бұл жерден көшуге болмайды», - дейді. Арада екі-үш күн өткенде бүркіті кеткен бағытпен иесі де келеді. Сонда Жабасақ: «Қарағым, сенің бүркітің үшін біздер айыптымыз. Оны өлтірген біздер. Аттан түсіп, үйге кір. Қандай айып бұйырсаң да, орындауға әзірміз» деп кешірім сұрайды. Бұл сөзге риза болған бүркіт иесі: «Маған ештеңе керек емес, тек батаңызды берсеңіз болады», - деп жауап қайырады. Дегенмен, жігіттерін кінәлі санаған Жабасақ қонақтың астына ат мінгізіп, аттандырады. Бұл оқиға тайпадан асып, рулы елге тарап, аңыз болып кетеді.

Жабасақтың кең пейілдігі, қайырымдылығы осылайша бейнеленеді. Ендеше, уақыт ізімен өрілген, халық жадында жатталып, сақталып жатқан аңыз-тарихты шындыққа сай келетін дерек демеске қақымыз жоқ.

Жабасақ селолық округіне «Жабасақ», «Аққұм», «Байжанкөл», «Қарасу» елді-мекендері кіреді. Жер көлемі 330 000 га, халқы 1526 адам. Селолық округтің орталығы «Жабасақ» селосы, бұрынғы кеңшардың орталығы. Аудан орталығынан 130 шақырым жерде орналасқан. Жабасақ негізінен ауа райы ыстық, қуаңшылық жерге орналасқан, жылдық ылғалдылық 200-220 мм. Орта есеппен қар 5 ай жатады. Қысы ызғарлы, салқын болып келеді. Жерінде өсетін ағаштар: қайың, қарағай, тал, жиде, тораңғы.

Өсімдіктер: судан шөбі, көде, шағыр, қияқ, шүкір, итмұрын, андыз, сүттіген, итжуа және т.б. Аңдар мен құстар түрлері: қасқыр, жапалақ, тарғақ, үкі, торғай, күзен және т.б. «Сұлукөл», «Байжанкөл», «Сарқопа», «Жалтыркөл», «Төбіз» сияқты көлдері бар. «Қарақай», «Тышқанбай», «Шилібөгет» және т.б. өзендері ағады. Жабасақ жерінде 1925-1930 жылдары көптеген серіктестіктер құрылып, ел біріктеле бастады. Жабасақ өз тайпасы ішінде беделді, қайырымдылығы мол, ел бірлігін сақтауда ақыл-кеңес беріп, зор сенімге ие болған кісі. Бұрынғы Қарамола-қазіргі Жабасақ атанған қырқада 70-80 жас шамасында бұл кісі дүниеден озып, осында жерленген. Жабасақ жерінде көптеген жерлер бар, олардың аталуының себептері де бар.

Жабасақ өңірінің жер-су атауларының шығу тарихын шолып өтсек:

«Айдынбай»-Аққұм ауылынан 12 шақырым жерде. Төбелі қыраттау жер. Сол жерге руы Керейт Айдынбай деген кісі жерленген. Айдынбай заманында өте бай адам болған. Қорасына 30000 қой біткен.

«Аққұм»-Жабасақ селосының оңтүстігінде 70 шақырым жерде орналасқан. Аумағы 7100 гектарды алып жатыр. Ұзындығы 30 шақырым, ені 20 шақырым шамасындағы құмды, шұрайлы мекен. Аққұм аталуы оның құмының ақтығынан, табиғатының ерекше жағымды жайлылығынан. 20 ғасырдың бас жағына дейін Самұраттың Аққұмы деп аталған. Бұл құмда жерасты сулары өте мол және тұщы. Обылысымыздың басқа жерінде кездеспейтін емдік қасиеті мол шүкір шөбі осы Аққұмда өседі.

«Ащылысай» өзені-Аққұм жеріндегі өзен. Басын солтүстіктен талып, оңтүстікке қарай ағады. арнасына шөп өскен, суы ащы, мөлдір. Өзеннің суы көктемде қар суымен толыққанда ғана мал ішуге жарайды. Кейін ашып, пайдалануға келмейді.

«Қодар»-Қодар руы Өтегенматай, беделді, ауқатты кісі болған. Осы жерді жайлағандықтан соның атымен аталған.

«Көксай»-колхоз малының жаз жайлауы болған. Көктемде шөбі көктейтіндіктен «Көксай» деп атаған.

«Алтыкебен»-табанның атауы. Табанға жазғытұрым су мол түседі. Кейін табан құрғаған соң кеңшар шөп өседі. Сонда бір ғана табаннан жылда 6 көбе шөп алынады екен. Содан «Алтыкебен» аталып кеткен.

«Соркөл»-шағын көл. Жағасы үнемі сортаң болып жататындықтан халық «Соркөл» деп атаған. Суы ащы, ешнәрсеге жарамайды.

«Егізбай»-Қодардан көрініп тұратын екі қара төбе. Екі төбе егіз қозыдай, биіктігі, көлемі бір-біріне ұқсап тұрғандықтан «Егізбай» атанған.

«Көрпеқашқан»-беріректе жерге қойылған атау. Жазғы жайлауда отырғанда түнде далада ұйықтап жатқан жігіттің көрпесін жел ұшырып әкетеді. Ертесіне ерте тұрған жеңгелері жігітке қалжындап көрпең жоқ, қашып кетіпті, сен қайда жүрсің деп әзілдейді. Содан бұл жер «Көрпеқашқан» атанып кеткен.

«Жуалы»-колхоз кезіндегі жазғы жайлау. Жерінде жуа көп өсетіндіктен «Жуалы» деп аталған.

«Құмсай»-колхоз кезіндегі жайлауы. Жері құм, жаз бойы осы сайда отырады. Осыдан «Құмсай» атаған.

«Қызылқұдық»-елдің жазғы жайлауы. Сды құдықтан ішеді. Құдық қазған кезде үнемі қызғылт түсті болады екен. Содан «Қызылқұдық» аталған.

«Шилісай»-колхоздың егін егетін жері болған.Сайдың айналасында шөбі қалың, жағасында қалың ши өскендіктен Шилісай атаған.

«Балғабай»-көлемі жағынан едәуір үлкен табан.Суы тұщы,қар суымен толығады. Суы кепкеннен кейін ферманың шабындығы болады.Шөбін шапқанда 3000 центнер шөп түседі.

«Шөлқұм»-құм төбе.Жерінен құдық шықпайды.Шыға қойса да мардымсыз болғандықтан «Шөлқұм» деп атаған.

Қарашоқы-Шилі өзенінің солтүстік жағындағы биік төбенің аты. Басында қара тастан үйілген шоқы секілді тасы бар.

«Суықбұлақ»-Алмат тұқымдарының жаз жайлайтын сайдың аты.Сай бойында көптеген бұлақтар болған.Суы мол және суық болғандықтан «Суықбұлақ» атаған.Сайдың ұзындығы 10 шақырым,айнала біткен шөп қалың,құнарлы.

«Шағатай»-Шобдар,Алматтың туысы.Оның әкесі Оқаш бай болған. Оқаш бидайдығы деген жерде бер.Бұл жер соның атымен аталған.

«Көкқабак»-малға керекті қыстық шөпті дайындайтын жер.Шөбі көк,құнарлы болғандықтан «Көкқабак» атаған.

«Транай»-Өтегенматай руынан шыққан,шағын шаруасы бар адам қыстауы болған.Қыста мал қыстатуға өте қолайлы жер.Қалың құмның ішінде мал қыстан өз аяғымен шығады.

«Қандысор»-осы жерде бір бай адам жаз жайлаған.Байдың жас тоқалы малайлармен көңілдес болып,оны бай біліп қояды.Содан әйелді 4 қазыққа керіп байлатып,үстінен 100 жылқыны айдап өтеді.Тапталып өлген денені ауылдың жанындағы сорға тастады.сол әйелдің қаны сордың ортасында көпке дейін қызарып шығып жатты.Содан «Қандысор» деп аталған.

«Күркүреуік»-елдің жазғы жайлауда отыратын жеріндегі Өмірбай қыстауы маңындағы кішкентай айға құятын өзен.Жазғытұрым қар суы аққанда күркүреп ағатын болғандықтан осылай аталған.

«Сынасап»-қопа.Бұл қопаны ертеректе Сынасап деген батыры иемденіп,қоныс тепкен.Қопаның қамысы да,суы да мол болған.Қыста мал осы қопаның ішіне кіріп,қыстан теуіп шығатын болған.

«Бозқуыс»-колхоз кезінде шөп дайындайтын шабындық болған.Жай көзбен қарағанда шөбі бозарып,бір қуысты алып жатқандай көрінетін болғандықтан «Бозқуыс» атанған.

«Келдібай батыр»-Бозғылдың кеже баласы. 16-шы ғасырда Ақназар, Тәуекел хандардың тұсында өмір сүрген. Тәуекел ханның 1592-98 жылдардағы жорықтарына белсене ат салысқан. Келдібай төртінші ұлы бес Бозғылдың, Белгілі батыры еді Кіші жүздің. Басқарып көп жасаған Ақназар хан, Қайтарып түгел алған сырдың бойын-дегендей артында талай жыр қалдырған адам.

«Князь»-Жабасақ селолық округіне 10 шақырым жерде орналасқан.Бұрын,колхоз кезінде мал қыстайтын баз болған. Жердің Князь деп аталу себебі, 1896 жылы Самар генерал-губернаторы князь Николай Константиновты Самырат Алматұлы осы жерде күтіп алған. Содан бері жердің аты «Князь» аталып кеткен.

«Қаражан»-XIX-ғасырдың аяғында тұрғызылған. Жабасақ ауылының оңтүстік шығысында 3км жерде орналасқан.Бұл тік бұрышты, мұнарлы алдында кіреберісі бар ескерткіш. Тамада ағайынды Қаражан, Нияз деген кісілер жерленген. Руы сарғасқа. Бұлар бір байдың жылқысын баққан жігіттер екен. Жаманқаладан қайтып келе жатып орыстың бір байының бір қоржын ақшасын тауып алады. Қалай жұмсарын білмей ақшаны орыстың байына апарып береді. Сонда бай: «мен сендерге қарыз берген болайын, меннен 50 жылқы алыңдар»,- деп, ағайынды екі жігітке 50 жылқы береді. Қаражан содан байыған екен. Көксаы бойында Нияз қарасу деген көлі бар.

«Қарақай» өзені-Аққұм жеріндегі ең ұзын өзен. Өлкейлік алқабында ұзындығы 146 км. Су жиналатын алқабы 3150 кв.км. Бастауы Басқұдық ауылының солтүстік-батысы.

Арнасының ені әр түрлі 40 метрден 100 метрге дейін жайылатын жерлері бар. Жаз ортасында бөлшектеніп, қара суларға айналады. Суы мал суаруға пайдалынылады. Балығы-негізінен табан.

«Қойлыбай қырғыны»-Жабасақ пен Толыбайдың ортасындағы төбе. Кенесары хан бстаған көтеріліс 1841-42 жылдары күшейіп тұрғанда хан әскерінің негізгі күштері Торғай, Ырғыз өңіріне орналасады. Осы уақытта Жаманқаладан патшаның жазалаушы отряды шығады. Бастап келе жатқан Қойлыбай деген кісі екен. Бір төбенің басына қарауыл шығып жан-жағын қарап ештеңе де жоқ демалуға болады деп белгі береді. Бұл уақытта екінші бір төбеде Кенесарының қарауылдары жүр екен. Ол екі қолын құстың қанаты сияқты далаңдатып төбеден әрмен құлап кетеді. Бұны Қойлыбайдың қарауылы көрді, бірақ ұшып кеткен қаракүс деп ойлайды. Осылай қамсыз демалып жатқан жазалаушыларды Кенесары әскері түнде шауып, қырып салады. Қойлыбай қолға түседі. Оны екі жігіт найзамен түйреп көтеріп тұрса Кенесары хан келіп «Жағдайың қалай батырым» дегенде ол бәрібір сенен жоғары тұрмын ғой хан Кене дегенде Кенесары оны қылышпен ұзыннан тартып жіберіпті. Содан бұл жер «Қойлыбай қырғыны» деп аталады.

«Қорен қопасы»-Жабасақтан Толыбайға бара жатқан жол бойында «Қорен қопасы» деген жер бар. Бұл қазақтың Қорен батыры атымен аталған жер. Қорен батыр жол жүріп кеткенде, қалмақтар оның ауылын шауып, әйелін тұтқындап алып кетеді. Содан Қорен батыр Киікбай батырмен бірігіп жауды талқандап, кек қайтарып әйелін жаудан қайтарып алады. Осы оқиға туралы Тұрымбет Сылқымбайұлы жыраудың жырында былайша жырланған жері бар: ...Қазақтың хан заманы уақытында, Даңқты ер болыпты Қорен деген. Қасайда Қорен деген кісі болған, Дұшпанда ол кісінің тісі болған, Шет жайлап жалғыз ауыл отырғанда, Қалмақпен үлкен соғыс ісі болған.

«Сандал» төбе-Жабасақ пен Толыбай жолында «Сандал» төбе деген жер бар. Бұл жерлерде мұндай төбелер көп, алыстан қарағанда төңкерілген тостаған секілді. «Сандал» аталуы қазақ пен қалмақ соғысы кезінде қалған, жер жағдайын жақсы білетін қазақтар осы төбе түбінде жауын жеңіп, айламен сан соқтырып кеткен. 1941-42 жылдары бұл маңайда Кенесары әскерлері мен орыс әскерлері арасында шайқас болып, таң ата Кенесары әскерлері жеңіп, төбе басына шықса, қашып бара жатқан жауды көреді. Жау сандалға келіп сандалып қалғандықтан сарбаздар бұл төбені «Сандал» деп атаған.

«Сәулебай»-жердің аты. Жабасақтан Ақтастыға шығар жолдың бойында 4-5 шақырым жерде. Бұл жер ХІХ ғасырдың аяғында Кенжеғара болысына қарасты екінші ауыл деп аталған. Сәулебай деген бай кісі болған. Сәулебай бай жайлауда осы жерде қайтыс болып, биік төбенің басына жерленеді. Оны қазір «Сәулебай шоқысы» деп атайды.

«Тәк-тәк»-Жабасақтан 7км жердегі жердің атауы. Ертеде Сарқопа деген жерден өзінен көп үлкен шалға ұзатылған бір қыз Қияқты деген жерде тұратын еліне қашыпты. Ауылда Бозбие деген жүйрік бие бар екен. Ауылдың 2-3км жерде жайылып жүрсе керек. Бозбие шапса басына әл бермейтін жүйрік екен. Қыз қашып биенің басына әлі келмей бозбие тәк-тәк дей беріпті. Сол шапқаннан 20км шауып Қияқтыға жақындағанда Бозбие тоқтайды. Сол жерді кейін «Тәк-тәк» атанып кеткен. Биенің баста жайылып жүрген жерін Бозбие деп атайды.

«Тышқанбай»-Аққұм жеріндегі өзен. Басын оңтүстік-батыстан алады. Кей жерлерде жалпақтығы 10 метрге дейін жетеді. Суы тұзсыз, тұщы. Негізінен қар суымен қоректенеді, көп жерлерінде бұлақ бар. Жазғытұрым қар суымен тасидыда күзде бұлақтар көтеріледі. Өзен суы жаз ортасында тартылып қара суларға бөлектеніп қалады. Мал суаруға пайдалы. Негізінен табан балық бар.

«Шыммола»-Аққұмнан 50км жерде орналасқан. Конус түрінде салынған. Төбесі жабық. Тманың диаметрі 2,2метр, биіктігі 5,2 метр 9-15,35 см мөлшердегі шикі кірпіштен қаланған. Шыммола ХІХ ғасырдың екінші жартысында салынған.

«Хан моласы» қорымы-1978жылы қаза тапқан кіші жүз ханы Әбілхайырға тұрғызылған. Ол Қабырға өзеннің Өлкейік өзеніне құяр саласынан 4км жерде. П.И.Рычковтың 1771 жылы жазылған «Капитан жазбалары» деген кітабында «Хан

моласы» былайша сипатталады. Бұл жерде қазіргі билеп тұрған ханның әкесі –қазақтың атақты ханы Әбілқайыр жерленген екен. Осы жерде оны Орта жүздің Барақ сұлтаны қапыда тап беріп өлтірген. Ханның зираты күйдірілмеген кірпіштен қаланып, ақ балшықпен сыланған төрт бұрышты кесене. Ғимараттың батыс қабырғасында кең ашық есік орыны қалдырылған. Ішіне кіргенде балшықтан соғылған табыттың іргесі көрінеді, одан әрі шұңқырда қылыш, найза, садақ оқтары қойылған. Қазақтар бұл өлген ханды әулие деп біледі. Ғимараттың шығыс жағына марқұмның аяқ жағында үлкен боз ағаш өсіп шыққан. Қазақтар бұл жерге келіп мал сойып бата жасайды, өздерінің киімдерінен суыртпақ қиып алып ағаш бұтақтарына іледі екен. «Хан моласында» 600-дей адамдар жерленген екен. «Хан моласы» 1987 жылы алғашқы рет ғылыми зерттеледі. 1998, 2003 жылы екінші, үшінші рет зерттеліп, 600-ге жуық қабірдің орны картаға түсірілді. 2007 жылы С.Әжіғалиев, Р.Бекназаров, Б.Мырзабаевтар бастаған топ геофизиктермен бірлесе отырып, Әбілқайыр ханның жатқан жерін нақты анықтады.

Міне, жүргізілген жұмыстардың осындай айғағының бірі - XVIII ғасырдың белгілі мемлекет қайраткері, қазақ ханы Әбілқайырдың «Хан моласының» ұзақ жылдар зерттеліп, нәтижесінде көптен күткен мемориальдық кесенесінің ашылатыны болып отырғандығында.

«Хан моласы» мемориальдық кесенесі - Ақтөбе облысы территориясында, тек қана облыс көлемінде емес республика, халықаралық деңгейдегі тарихи-мәдени ескерткіштердің қатарына еніп, үлкен туристік аймаққа айналады деген сеніміміз мол!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Баязит Құдайбергенұлы. Жерұйығым жер жаннаты - Жабасақ. Ақтөбе, 2010. 210 б.
2. Сағынбай Сембаев Атажұрт және адамдар. Ақтөбе, 1991. 41 б.
3. Жақия Қалмағамбетұлы. Нұраны сағынғанда. Алматы, 2007. 127 б.
4. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе, 2007. 226 б.
5. Ақтөбе энциклопедиясы. Ақтөбе, 2001. 748 б.
6. Жаңалық жаршысы Әйтеке би аудандық газеті. Әйтеке би, 2007.

Бөкенбай батыр есімімен байланысты жер-су атауларының тарихы

Ғылыми жетекшісі: Батпеннова Венера Хабибулловна - №51 мектеп - гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі

Авторлар: Төлебай Д., Абжапаров Д. - №51 мектеп - гимназиясының оқушылары

Бөкенбай батыр және оның әулетінің негізінде Батырдың көзі тірісінде ғұмыр кешкен аймағы Кіші жүздің жері - Батыс Қазақстан, Арал теңізінің солтүстік-шығыс жақ беті, «Жайық», «Жем», «Ырғыз», «Ойыл», «Қобда» өзендерінің бойы. Оның пейілі қандай кең болса, ата-қонысы да сондай кең болғанға ұқсайды. Жем өзенінің орта тұсынан құятын Қаратөбе Бөкенбай, Ақжарлы Бөкенбай деп аталатын кішігірім өзен сулар, Құр Бөкенбай, Ащы Бөкенбай және Байсары Бөкенбай деген жер аттары патша үкіметінің карталарында кездеседі. Ақтөбе облысында Бөкенбайға байланысты жер-су аттары жеткілікті. Олар Ырғыз ауданындағы «Бөкенбай шоқысы», Байғанин ауданындағы «Мәстағат», «Бөкенбай қорымы», Жем өзеніне құятын «Байсары Бөкенбай», «Құр Бөкенбай», «Ащылы Бөкенбай», Қобда ауданындағы «Бөкенбай асуы», Ақбұлақ ауданының терістігіндегі «Бөкенбай жазығы» деген жерлер. Бұлар Бөкенбайға қойған халық ескерткіштері. Мақсатымыз: Бөкенбай батыр есімімен байланысты облыстағы жер-су атауларының тарихын қарастыру, мәліметтерді жинау, сараптама жасау.

Қилы-қилы кезеңдерде талай тағдырды басынан өткерген қазақ халқының тарихы ұлттығымызды сақтап қалу жолындағы қанды күреспен өтті. Әсіресе, үш жүз жылға

созылған иен даладағы қан майданның сардарлары мен сарбаздары ел үшін, ұлтарактай жер үшін өмірлерін сарп етті. Ұлын құлдыққа, қызын күндікке бермеді.

Еркіндік үшін күрескен айбыны асқан батыр бабаларымыздың рухтары ғасырлар өткен сайын жаңғыра түсуде. Елдің тұтастығы, халқымыздың жер бетінде аман қалуы үшін ақылы мен айласын, күші мен жігерін асырған, есімі бүкіл қазаққа мәшһүр болған даңқты бабаларымыздың бірі — Табын Бөкенбай Қараұлы.

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысы Қазақ хандығының 550 жылдық тарихи жолындағы ең күрделі кезеңдердің бірі болды. Шоқан Уәлихановтың айтқанындай, Қазақ еліне батысынан Еділ қалмақтары, Жайық орыс-казактары, башқұрлар, терістігінен Сібір казактары, оңтүстігінен Орта Азия хандықтары, шығысынан ең қауіпті жау жоңғарлар үдемелі шапқыншылықтар жасап, жан-жағынан талаған кезі еді. Оның үстіне, Тәуке ханның билік етуінің соңғы он жылдығындағы бірыңғай қазақ мемлекеттігінің ішіндегі бөлшектену де елге оңай тимеді. Бұл кез қазақ елінің алдында Шекспирдің «...Бола ма, болмай ма ...» деген қалауларының зорайып тұрған кезі еді. Осы бір 70-80 жылдық тарихи аралықта Табын Бөкенбай (1667-1742), Тама Есет (1665-1749), Қаракерей Қабанбай (1691-1778), Қанжығалы Бөгенбай (1680-1778) тағы басқа да қазақ батырларының халқымыздың шаңырағын сақтап, жерін анталаған жаулардан қорғаудағы тарихи орындары ерекше болғандығы белгілі.

Бөкенбай Қараұлы Жетіру бірлестігіндегі Табын тайпасынан, соның ішінде Тоғым аталығы, Жиёмбет Қара батыр деген баласынан тарайды. Ол 1669 жылы дүниеге келген деп айтылады. Бөкенбай жас кезінен әкесі Қара батыр тәрбиесімен айбынды, сол кездегі қазақ жасақтарының құрамында ел жауларына қарсы күресте жауынгерлік тәжірибе жинақтаған. Сонымен қатар, ол Табын тайпасы билігіне де араласып, тайпалық аға бий дәрежесіне жетіп, одан 1710 жылғы Қаракұмдағы Бүкілқазақтық Құрылтайда Әбілқайыр Кіші жүз ханы және үш жүздің біріккен күшінің қолбасшысы биігіне көтерілген, ал Бөкенбай батыр 200 мыңдық Кіші Жүз қосының жетекшісі болып сайланды. Дәл осы бір тарихи оқиға Ресейдің мұрағаттық деректерінде де қайталананды.

Қазақстан мен Ресейдің түкпір-түкпірін аралап, архивтерінде болып, Бөкенбай батыр туралы халық аузындағы әңгімелермен бірге тарихи материалдарды жинақтаған тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Зәкіратдин Байдосов конференцияның негізгі баяндамасын жасады. Көпшілік беймәлім деректердің бетін ашты.

— Еліміз тәуелсіздік алғалы Тама Есет, Әйтеке би, Есет Көтібарұлы, Асау-Барақ, Сәңкібай, Көтібар Бәсенұлы, Қайдауыл батырлар, соңғы жылдардағы Әлия Молдағұлова, Ахмет Жұбанов, Шығанақ Берсеев, Қобыланды батырларға арналған игі шаралар халқымыздың рухани болмысына, ұлттық санасына ерекше әсер етті, — деді З.Байдосов. — Алайда әлі де аталмаған, айтылмаған тарихи тұлғалар баршылық. Солардың бірі әрі бірегейі — Бөкенбай батыр Қараұлы.

Осы уақытқа дейін Бөкенбайдың қай жерде, қай жылы туғандығы, қай жылы, қай жерде дүниеден озғандығы белгісіз болып келді. 2003-2005 жылдары 3 рет Орал, Ресейдің Орынбор облыстарының Ақтөбеге іргелес жатқан аудандарын аралауға тура келді. Орынбор, Мәскеу архивтеріндегі құжаттарды зерттеу үшін ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды. Ресейдің Орынбор облысындағы Қуандық ауданының «Двуречье» деген жерінде тұратын зейнеткер, «Ресейдің ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген қызметкері» атағы бар Зейналы Өмірзақовтан мынадай бір шумақ өлеңді жазып алдым. Онда: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Бөкенбай сынды батырым, алты мүшел толтырып, қалың да жәуміт ішінде, қапыда қаза болған-ды», — делінген екен. Мұндағы алты мүшел шындыққа саяды. Енді Мәскеудегі Ресей империясы Сыртқы Істер Министрлігі архивіндегі деректі келтірейік. 1742 жылдың 7 маусымында Орынбор комиссиясының Ресей Сыртқы Істер Коллегиясына жіберген арнайы хабарламасында 1742 жылдың 28 мамырында қайсақ (қазақ) ордасы арқылы келген Жайық әскерінің казагы Харку 500 адам қолмен Бөкенбайдың түрікпендермен соғысқанын жазады. Онда түрікпендердің қайсақтарды (казактарды) қырып тастағаны айтылады. Бұл мұрағаттық

дерек халық жадындағы дәйектермен сәйкес келеді. Демек, «алты мүшел толтырып» опат болса, онда ол 73 жасында немесе 1669 жылы дүниеге келген және 1742 жылы қайтыс болғаны.

Бөкенбай батырдың өмір жолын ғылыми зерттеулерден шығара отырып, **4 кезеңге** бөлуге болады.

Бірінші кезең 1669-1690 жылдарды қамтиды. Осы кезеңде әкесі Қара батырдан тәрбие, үлгі алып өсті. Бөкенбайдың әкесі Қара батыр болған, Еділ бойы қалмақтарына қарсы соғысқан. Сондай шайқастардың бірінде қалмақтың қызын тоқалдыққа алып, содан Бөкенбай туған.

Екінші кезең — Бөкенбайдың алаулаған жастығы, орда бұзып, қамал алар шағы. Бұл 1691-1710 жылдар еді. Осы жылдар ішінде Бөкенбай батырлығымен танылды, жүзбасылық, мыңбасылық, түменбасылық дәрежеге жетті.

Бөкенбай өмірінің **үшінші кезеңі** 1710-1730 жылдарды қамтиды. Бөкенбай батыр бұл кезде Жетірудың аға биі, билеушісі болды. Осы кезең Тәуке хан өмірінің соңғы жылдарына, 1710 жылы Ырғыздың оңтүстік-шығыс беткейіндегі Қаракұм бойында өткен бүкілқазақтық Құрылтайға қарайлас. Үш жүздің бектері мен батырлары, билері мен сұлтандары бас қосқан осы алқалы жиында бұлардың қай-қайсысы да батыл шешімге бара алмай тұрған. Құрылтайға қатысушылардың көбі дерлік лықсып бара жатқанда Бөкенбай батыр атып шығып, жалынды сөз сөйлеген. Оның екпінді үнін ұнатқан Тәуке хан «Айта түс, Бөкенбай!» деп дем беріпті. Сонда Бөкенбай: «Ердің құны не болар, елін жауға жүгінтсе! Бидің құны не болар, жауға сөзін жіберсе! Ер ерлігін жасап, Елін жаудан қорғамаса, ездiк емес пе?!» — дей келіп, жоңғарларға бүкіл қазақ болып көтеріліп, ата-баба қонысын қорғау үшін күреске шақырған.

Бөкенбай батыр өмірінің **төртінші кезеңі** 1731-1742 жылдар арасы. Бұл кезеңде аты қазаққа белгілі Бөкенбай төрт жақты жаумен күресіп өтті. Қазақ хандығы әбден әлсіреді. Сондықтан халықтың жер бетінен жойылып кетпеуі үшін «Ресей бағытын» ұстанды. Ресей патшалығымен келіссөз жүргізді. Халқы үшін арпалысқан алыптың ғұмыры ат үстінде өтті.

Осыдан бірнеше жыл бұрын жергілікті ақтөбелік ғалымдар тобы оның зиратын Байғанин ауданындағы «Жарқамыс» маңынан тапқан болатын. 2010 ж. қараша айында батырдың моласына ескерткіш тас орнатылған. Батыр өзінің соңғы шайқасы болған жерде, Үстірт далаларының бірінде жерленген деген пікірді де ұстанушылар бар.

Гавердовский өз күнделігінде Ырғыз өзенінің оң жағалауында Құлақашы тауынан 30-40 верст жерде Бөкенбай тауы бар екенін жазады. Осы таулардың арасында конус тәріздес биік тас шың барын, оны жергілікті халық «Бөкенбай шоқысы» деп атайтындығын келтіреді. Орыс офицерінің жазуына қарағанда, оның жолсеріктері жергілікті қазақтар оған бұл шыңның тарихын жарыса жеткізген. Олардың айтуынша, ерлігімен аты шыққан белгілі Бөкенбай батыр осы шоқы бойын қоныс қылған және қалмақтар шабуылы кезінде шың үстінен басқаларға белгі беріп сақтандырып отырған. Қалмақтармен болған бір ұрыс кезінде Бөкенбайдың өзі қаза тауып, осы шоқы үстінде жерленген: «...Буқанбай, бий киргизов, имел тогда между сими горами свое кочевье, а на бугре – маяк, откуда давалось знать соседям о приближении неприятеля. Киргизец сей храбростью своей низложил в окрестностях силу калмыков и будучи убит там посреди сражения, погребен на том же маяке, который вместе с его именем служит киргизам напоминанием его храбрости... » . Батырдың түрікпендермен шайқаста қаза болғаны белгілі, қазақ ауыз-әңгімелерінде кез келген оқиғаны қалмақтармен байланыстыратын дәстүр сақталған.

Бөкенбай батыр атымен аталған жер-су атаулары басқа өңірлерде де кездеседі. Жем өзенінің бойында, оған оң жағының орта тұсынан құятын Қаратөбе Бөкенбай, Ақжарлы Бөкенбай деп аталатын балалары, «Құр Бөкенбай», «Ащы Бөкенбай» және «Байсары Бөкенбай» деген жер аттары сақталған. Осы соңғы үшеуін халық «Үш Бөкенбай» деген ортақ атпен атаған секілді. Соларға жақын тұстарда Бөкенбай құмдарының кездесуі де бұл тұлғаның айтылған өңірлерде де көп болғандығын көрсетеді. Алайда батыр ұрпақтары,

жалпы ол өрбитін Жиёмбет бөлімі ХІХ ғ. бірінші ширегінде, немересі Жоламан бастаған көтеріліс тұсында Електің төменгі жағы, «Шыңғырлау», «Бүлдірті», «Шилі» және «Қобданың» сол жақ төменгі алаптарында, кейіннен көтеріліс күшпен басылар тұста Қиыл, Ойыл, Жем-Сағыз бойларын да мекен қылған. ХХ ғ. алғашқы ширегінде Жиёмбет бөлімі Шыңғырлау, Қалдығайты, Бүлдірті, Шилі, Қарағаш өзендерінің бойларындағы «Кіндікті», «Аққұм», «Сарысай», «Құлақсай», «Қарақұдық», «Ақкөл», «Белқайық» деп аталатын және т.б. көптеген жерлерде мекендеген.

Қорыта келгенде, Бөкенбай – ру-аймақ деңгейіндегі батыр емес, өз қызметімен жеке бас ерлігімен бүкіл жалпыұлттық деңгейге көтерілген тұлға әрі елді ұйыта білген дана би. Оның атақ-даңқы заманында тек қазаққа ғана емес, көрші халықтарға да тарады. Оның айбынын қалмақтар мен башқұрттар да, түрікмендер мен қарақалпақтар да сескене отырып сыйла-ды. Оның айбынымен қуатты орыс-қазақтар да санасты, ел арасындағы күшін бағамдап, ерекше сый-құрмет көрсетуге тырысты. Сол себепті Бөкенбайды жалпы ұлттық батыр дәрежесінен - еларалық тұлға дәрежесіне қоюға әбден болады. Ол сөзсіз қазақ тарихындағы көрнекті де жарқын қасиетті де қастерлі тұлғалардың бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұхтар Ә. Тарих тұңғығындағы тұлғалар (ХVIII-ХІХғғ) Алматы «Арыс» 2008-240б.
2. Қаратаев Т. Тарихтағы аттас тұлғалар //Қазақ тарихы журналы 1998.
3. Уталиев С.А. Букенбай или Богембай. К вопросу о Каракумском курултае 1710 г Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршасы 2007.
4. Омари Жамбыл. Қанжығалықарт Бөгенбай. -Астан Фолиант, 2007.-408.
5. Жетпісбай Н. Бөкенбай батыр жөнінде. //Алаш журналы. 2006.
6. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Табын Бірінші кітап. -Алматы Алаш тарихи зерттеу орталығы, 2006, -424б.
7. Рысбеков З.Т Бірімжаров Б.Қ Құрманалин С.Б Жақсығалиев Ж.Ж «Батыс Қазақстан облысының тарихы», Орал-2001.
8. «Қобда ауданы» энциклопедия. Ақтөбе 2009.

Шалқар ауданының топонимі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Бегимбаева Ж.С.т.ғ.к., доцент

Автор: Глегенова Салтанат – тарих мамандығының 4 курс студенті

Шалқар ауданы 1921 жылы 21 қазанда құрылды, орталығы-Шалқар кенті. 1922 жылдың 5 шілдесінде Шалқар ауданы үйез болып құрылды. 1923 жылдан бастап Шалқар аудан орталығы болды. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2000 жылғы 10 наурызындағы Жарлығымен Челқар қаласының орыс транскрипциясындағы атауы өзгертілді, қазіргі уақытта Шалқар қаласы деп жазылады. Қала өзінің атауын аттас топонимінен-көлдің атынан алған. Бүкіл Қазақстан аумағына тараған, дәстүрлі түрде көлдер атауларына кіретін, топоним семантикасы шексіз, шалқар, кең су қоймасы деген мағынаны білдіреді. Ақтөбе облысында бұл көлді халық арасында патшалы Ресей саясатына қарсы көтерілістегі жергілікті қаһарман Есет Дәрібай атаған еді.



Шалқар ауданының картасы

Советтік дәуірге орыс тілі заңдары бойынша ассимиляциялау және сiңісу тән болатын. Осыдан қазақша Шалқар сөзінің орысша Челкар сөзіне фонетикалық өзгеру туындады. Ақтөбе облысының оңтүстігінде орналасқан аудан солтүстікте Үлкен және Кіші Борсық құмдарымен шектес. Біздің бабаларымыз бұл жерді «Қосшалқар» деп атаған, кейіннен ол қысқарып Шалқарға айналып кеткен. Шалқарға айналған бұл атау уақытында өзгеріске ұшырай қоймады. Алғашқы Қосшалқар ұғымы екі еселенген Шалқар түсінігін білдіреді. Мұндай мағына тек қана жер мен бедері ершеліктерін ғана беріп қоймай, көпшілік шырайымен ризықты жер мен байлық, молшылық ұғымын білдіреді (қос сөзі-бірігу, қосылу, сандық көбеюі ұғымында). Қазақстанның көптеген көлдеріне тән кең, шексіз мағынасына айналып кетті.

Шалқар ауданы 12 селолық округі: орталығы Бегімбет кенті Айшуақ, орталығы Қотырмас стансасы Ақтоғай, аттас орталықты Бозой, Біршоғыр (әуелде Ақтоғай деп аталып келкен), орталығы Аққайтым селосы Жаңақоныс, орталығы Байқадам кенті Есет Көтібарұлы, орталығы осы аттас Қауылжыр, (бұрын Солёный), орталығы Шелікті селосы Кішіқұм (бұрын Тоғыз аталып келген), орталығы Мөңке би ауылы (бұрын Қауылжыр болып аталып келген), осы аттас станса орталығы Тоғыз, орталығы Жылтыр кенті Шалқар, орталығы Қаратоғай кенті Шетырғыз округтерін біріктіреді. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің классигі Тахауи Ахтанов атындағы ауыл дәстүрлі атақты жерлестерінің есімін беру бүкіл советтік ономастиконға тән, бұл үрдіс тәуелсіз Қазақстан дәуірінде өріс алды. Ауылдың бұрынғы аты К.Маркс есімі де советтік дәуірдің елді мекендерді атау дәстүрін берік ұстанғандық еді. Осылайынша Шалқар ауданының топонимдерінің басым көпшілігі қайта атауларға ұшырай қойған жоқ, жергілікті жерді карталау ұлттық топонимиясына сипатты.

Шалқар (Шалқар көлінің атынан алынған) Ташкент темір жолы бойындағы сауда-өнеркәсіптік пунктін ретінде пайда болды. Бұл стансаға жақын жерде темір жол солтүстік шетті жіңішке құмды Үлкен Борсық шөлейтімен шектеледі. 1905 жылы 29 шілдеде Шалқарда ғибадатхананы ашып, нұрландыру болды, оған Орынбор және Орал епископтары, Иоаким Оренбургский мен Орынбор губернаторы Я. Барабаш қатысты. 1905 жылы халқы 512 жанбасы болды, ал үш жылдан кейін мұнда өзінің инфрақұрылымы, 2000-нан астам тұрғындар тұрды. Шалқарда 60 оқушысы бар екі класты орыс-қазақ, темір жол (контингенті 170 оқушы) училищелері болды. Темір жол училищесі Шалқардан солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытта темір жол стансалары үшін кадрлар дайындады. 1909 жылы Яковлева меңгерген дәріхана ашылады. Совет өкіметі орнағаннан кейін Шалқар Ақтөбе губерниясының Ырғыз ауданының орталығына айналды. 1922 жылдың 5 шілдесінде Шалқар ауданының аумағы үйез болып қайта аталынып, ол тіпті 20 болысты біріктірді (КССР-і ОАҚ-нің 1924 жылғы 7 тамызындағы қаулысы).

Табиғаты. Облыстың 26,6%-ы аумағын алып жатқан Шалқар ауданының жер бедері әр қилы келген. Мұғалжар тауының оңтүстік жалғасы саналатын солтүстік, солтүстік-шығысы аласа таулы, қыратты-белесті. Бұл өңірде Мұғалжар тауының ең биік жері — Үлкен Бақтыбай (Боқтыбай) тауы орналасқан (657 м). Одан басқа аудан аумағында бірнеше таулар және тау жұрнақтары (Екі ағайынды, 634 м, Тілепінтау, 278 м, Қарашоқы, 189 м, Ақтау, 246 м, Жақсыбұталы, 345 м, Қособа, 327 м) орналасқан. Ауданның батысын бойлай Шағырай үстірті, Шошқакөл бұйраты созылып жатыр. Оңтүстік-шығысында (Қызылорда облысымен шектесетін тұсында) Алтыншоқы таулары (абсолюттік биіктігі 249 м) орналасқан. Ауданның орта тұсын Үлкен Борсыққұм, оңтүстік-шығысын Кіші Борсыққұм құмды алқабы алып жатыр. Бұлардан басқа шағын келген бірнеше құмды алқаптар (Қошқарата, Мойынқұм, т.б.), сорлар (Жалпақсор, Жалтыр, Тентексор, Баспансор, т.б.), қоныстар (Мыңжылқы, Сексеуіл, Аққолқа, Тентексор, Қабырғайтау, т.б.), құдықтар (Қадырмұқаш, Шиоба, Қырған, Қырғызқазған, Басбұлақ, Қосшыңырау, Көкбұлақ, т.б.) мен бұлақтар (Қарабұлақ, Ақбұлақ, т.б.), құм жағалай қыстаулар (Қандықұдық, Ақши, Тентексор, Мәжік, Құмқұдық, Текелі, Шаупай, Санаторий, Қоғалы, Жиек, т.б.), құрғақ арналар мен өзектер (Кеңқұдық, Терісбұтақсай, Қарасай, т.б.) көптеп кездеседі. Қиыр оңтүстігінде Арал теңізін жағалай Үстірттің шығыс кемері созылып жатыр. Оның ең биік жері — Бәйгебекмұрын мүйісі (209 м). Сайлы-жыралы, қырқалы-белесті, бұйратты-құмды келген Шалқар ауданы ауылының жер қыртысының да геологиялық тұрғысынан қалыптасу тарихы әр қилы. Мұғалжар тауы мен батысының қырқалы, бұйратты, үстіртті келген өңірі кембрийге дейінгі және палеозой эраларының кварциттерінен, кристалды тақтатастарынан, гнейстерінен, граниттерінен түзілген. Ауданның орта тұсы пермь жүйесінде қалыптасқан тау жыныстарынан тұрады. Жалпы аудан жері бірнеше тектоникөлі көтерілімдерге ұшыраған. Нәтижесінде ежелгі қыртыстарды палеоген жүйесінің шөгінділері жапқан. Жер қойнауынан темір кентасы, газ (Бозой, Қызылой), тас көмір (Көкбұлақ), құрылыс материалдары барланған. Олардың кейбіреулері өндіріледі.

Өзен-сулары. Аудан жерінің солтүстігінен Ырғыздың саласы — Шетырғыз (195 км) өзені ағып өтеді. Одан басқа Балғасын (73 км), Кәуілжір (142 км), Тебенсай (135 км) салалары ағады. Батысындағы Шағырай үстіртінің батыс бойымен Шаған өзені ағып өтеді. Жалпы, аудандағы өзендердің барлығы көктемгі жауын-шашын және қар суымен толығып, ағын түзейді де, жаз айларында құрғап, кеуіп қалады. Аудандағы көлдердің басым бөлігі тұзды және жаз айларында тартылып қалады. Ірілері: Шалқар, Қопасор, Тентексор, Лақалы, Берденсор, Мелдекөл, Тебез. Солтүстігінде Мұғалжардан басталып, оңтүстігінде Үстірт, Арал теңізіне дейінгі аумақтың жер қойнауында Шалқар артезиан алабы орналасқан.

Кәсібі. Аудан негізінен мал шаруашылығына маманданған. Шалқар ауданында 1995 жылға дейін негізінен биязы жүнді қой, сондай-ақ жылқы, сүтті, етті-сүтті ірі қара, түйе өсіруге маманданған 8 кеңшар, 1 мал бордақылау бірлестігі болған. Ауданда бұрынғы кеңшарлар, тағы басқа нысандар негізінде 460 шаруа қожалығы, 3 ЖШС-і, 1 ІК, АҚ жұмыс істеуде (2006). Ауданда егін шаруашылығының үлесі шамалы. Шалқар ауданында 2006 жылы басында ауыл шаруашылығына жарамды жер 4,6 миллион га, оның ішінде жыртылатын жері 0,1 мың га, шабындығы 35,8 мың га, жайылымы 4,56 миллион га болады. 2006 жылдың басында ауданда 85,0 мың қой мен ешкі, 8,2 мың жылқы, 8,6 мың түйе, 10,5 мың мүйізді ірі қара болды. Өнеркәсіп саласы бойынша ауданда “Көктас-Ақтөбе”, “Жаңа дәуір”, “Алай” минералды су құю цехтары, “Тау-кен”, “Ақтөбе — Жаңатас”, Біршоғыр қиыршық тас өңдеу зауыттары және вагон жөндеу шеберханасы жұмыс істейді. 2006 жылы өнеркәсіптік өнім өндіру көлемі 1007,0 миллион теңгені құрады. Әлеуметтік сала бойынша Шалқар ауданында жалпы білім беретін 44 мектеп, кәсіптік-техникалық мектеп, спорт мектебі, 3 бала бақшасы бар. Денсаулық сақтау саласында аудан емханасы мен ауруханасы, 1 ауылдық аурухана, 6 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік пункт, 10 фельдшерлік пункт қызмет істейді.

Шалқар темір жол станциясының амбулаторлық орталығы, “Ақниет” ЖШС-і, Шалқар қаласында “Ақбөбек” сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Мәдениет саласында 23 мекеме бар. Оның ішінде 1 аудандық, 3 ауылдық мәдениет үйі, 6 ауылдық клуб, 12 кітапхана, аудандық тарихи-өлкетану музейі бар. Бірнеше елді мекендері (Шалқар қаласы, Бозой, Айшуақ, Қауылжыр, Мөңке би) табиғи газбен қамтылған. Ауданда “Шалқар” және “Шежірелі өлке” газеттері шығып тұрады. Шалқар ауданы аумағында тарихи-археологиялық және мәдени ескерткіштер, қорғандар мен обалар сақталған. Олар: Есет-Дәрібай мазары, Тұяқбай тамы, Токпан күмбезі, Балғазын күмбезі, тағы басқалар. Ауданда халық сирек қоныстанған. Халықтың 1 км²-ге шаққандағы орташа тығыздығы 0,7 адам. Халқының басым бөлігін қазақтар құрайды (98,6%). Одан басқа орыс (0,8%), татар (0,4%), украин, тағы басқа ұлт өкілдері тұрады. Аудандағы халықтың 55%-дан астамы Шалқар қаласына шоғырланған (25,4 мың адам). Одан басқа ірі елді мекендерге Бозой (2,2), Бегімбет (1,6), Біршоғыр (1,4), Қотыртас (1,2), Шілікті (1,2), Мөңке би (1,1), тағы басқа ауылдар жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.История Актыубинской области.Актобе, 2006. 698с
- 2.Уразаева К.Б.,Уталиева Ж.Т., Бекназаров Р.А. Топонимия Актыубинской области: историко-этимологическое описание, классификация и стратегия переименований. Научная монография: в 3-х томах. / Уразаева К.Б.,Уталиева Ж.Т., Бекназаров Р.А. Актобе, 2008. 168 с.;Т.1: Переименования в топонимической системе Актыубинской области. 168с.
- 3.Султангалиева Г.С., Кобенова Г.И. Улицы города Актобе: история и современность. Актобе,2007.160с.
- 4.Якубова К.А.Основные тенденции развития топонимии Актыубинской области // Записки группы "структурно-семантический анализ языка". Выпуск 1. Актыубинск, 1993.
- 5.Поспелов Е.М. Топонимика в школьной географии: Пособие для учителей.М.: Просвещение, 1981.
- 6.Мурзаев Э.М. Топонимика популярная. М., Знание, 1973.
- 7.Никонов В.А. Топонимика в историко-географической этнографии. М., Наука, 1964.
- 8.Курманбеков Б.Ж. Темір тарихы (История Темира). Актобе,2012.
- 9.Баранкулов М. Темир и его прошлое. // Актыубинский вестник, 2015.
- 10.Из истории Актыубинской области. Актобе, 2006.280с.
- 11.Султангалиева Г.С. История Актыубинского уезда (1869-1917). Актобе, 2005. 264с.
12. Из истории Актыубинской области. Краеведческий сборник. / Под ред. А.П.Прусса. Актобе, 1991.108с.
13. Назарбаев Ж. Когда Актыубинск был уездным городком...// Актыубинский вестник от 10 августа 2001. № 96.

Топоним села Хазретовка

Научный руководитель: Купенова Гульмира Ыкласовна к.и.н., доцент

Автор: Хасанова Меруерт, студентка АРГУ им. К.Жубанова - специальность «История»

Мартукский район занимает территорию в 6605,3 км., на которой проживает 31286 человек. Протяженность с севера на юг 110 км, с востока на запад 147 км. Он расположен в северной части Актыубинской области. На севере граничит с Оренбургской областью Российской Федерации, на северо-востоке с Каргалинским районом, на юго-востоке с Алгинским районом и г. Актобе, на юго-западе с Хобдинским районом. Это один самых наиболее заселенных районов области. Районный центр – поселок Мартук [1,с. 118]. Каждый из поселков в Мартукском районе имеет свою историческую летопись, которую приходится исследовать по крупицам.

Наше внимание привлеч название поселка Хазретовка. Поселок Хазретовка - населенный пункт в Мартукском районе. Административный центр Хазретовского сельского округа. В 1999 году население села составляло 809 человек (409 мужчин и 400 женщин). По данным переписи 2009 года, в селе проживал 671 человек (347 мужчин и 324 женщины).

Название Хазретовка происходит от слова «хазрет» в переводе с арабского означает "высочество, величество". Это почетный титул, который прилагается к имени известных святых и правителей. Поскольку в исламе не существует института священства, обращение к духовным лицам определяется конкретной практикой, сложившейся в данном регионе.

Так, например, татары в России обращаются к муллам «хазрат», что по-арабски означает «святейшество». Но подавляющее большинство других мусульман относят этот титул к пророкам и святым.

Наиболее универсальным является обращение «саид» (по-арабски «господин»), а также «хаджи», то есть совершивший хадж. Но эти обращения не являются исключительной прерогативой духовных лиц.

Действительно, слово «хазрет» в Средней Азии, Иране, у арабов означает преимущественно «святого», например, эпитет Хазрет Али - "святой Али". Значение - обращение к служителям культа, муллам и т.д., как «высокопочтимый», «господин», «святейшество», действительно встречается очень часто у российских мусульман.

Так что слово многозначно. Хазрат - HADRAT - персидское слово/имя арабского происхождения означает, "средоточие, центр", буквально "присутствие", переносное значение "господин, высокопочтимый", "святой"[2, с.156].

По изысканиям местного краеведа Аниськовой Е.Б. название поселка можно отыскать в журнале «Русский вестник» за 1880 год, где помещена статья о нашем крае под заглавием «О быте киргизов (т.е. казахов – Б.Р.) Тургайской области», в котором автор Б. Юзефович рассказывает о переходе казахов Илецкого уезда от кочевой жизни к оседлой. «Кроме деревянных усадеб, – пишет Б. Юзефович, – имеются в Илецком уезде Актюбинской области пять кирпичных усадеб, расположенных в единственной во всем киргизской деревне. Деревня эта основана хазретом Нурфаисом Байгаримым. Он построил у себя три двухэтажных кирпичных дома, мечеть, школу и мельницу». Основатель села некий богач Н. Байгарин носил высокий религиозный сан – Хазрет, что в переводе с арабского означает «праведник». Со всего Илецкого уезда в село на богомолье стекались верующие казахи, они и прозвали эту местность Хазретом». История села Хазретовка является одним из ярких примеров закладки стационарных сел и поселков местными казахами, под руководством высоко образованных на тот период людей, как Н. Байгарин. К нему стали присоединяться и другие киргизы (т.е. казахи – Б.Р.). Из них четверо построили кирпичные дома, шестеро – деревянные усадьбы. Кроме того, двадцать два семейства поселились около него в землянках» [3, с.10]. По предположению краеведа Е.Б. Аниськовой поселок, очевидно, был заложен в 1875–1876 гг.

Следует подчеркнуть, что в ближайшей округе нами в ходе полевых этнографических исследований было зафиксировано около 5 развалин и сохранившихся строений мечетей. В частности, в пос. Сынтас (бывшее отделение колхоза «Родниковка») мечеть Ердебай-хазырета, мечеть в пос. Борте, приспособленная в советское время под продуктовый склад. Особо хотелось бы отметить довольно крупный культово-жилищный комплекс Атыюлла-хазырета 2-й половины XIX – начала XX вв., находящийся в 10 км к северо-западу от пос. Хазретовка на берегу р. Киялы-Борте. Помимо развалин каменной мечети и некрополя до сих пор видны следы 4-5 жилых и хозяйственных построек для мулл, учеников и обслуживающего персонала комплекса. По словам информаторов, находившаяся при мечети конфессиональная школа (мектеб) функционировала до начала 30-х гг. XX в. [4, с.188]. На наш взгляд, мечеть с. Хазретовка являлась для ближайшей округи Соборной мечетью (Жұма мешіт).

Список используемых и цитируемых источников:

1. Памятники природного и историко-культурного наследия Актюбинской области. в 13 т. Т 1. Мэртөк ауданы / Мартукский район Ақтөбе қ . 2006 ж. 350 б.
2. "Имя и История", А. Гафуров, 1987, Наука.
3. Аниськова Е.Б. История Мартукского района, 2006.
4. Бекназаров Р.А. Отчет по АктЭЭ-2006 г. по Актюбинской обл. Ч.1, Ақтөбе, 2006. 104 с.
5. Султангалиева Г.С., Кобенова Г.И. Улицы города Ақтөбе: история и современность. Ақтөбе, 2007. 153с.
6. Отчий край (научно-исторический справочник). Махмуд аль- Мартуки профессор, главный редактор: Баймагамбетов А. Ж., Есеркепов А.К., Дильмагамбетов Р.Ж., Варюта А.А., Масатов Б.М., Ониськова В., Таимова А.С., Нурадинов А.С., Нургалеев И.Г.
7. Топонимика как источник изучения истории родного края // Историческое краеведение. Учеб. пособие для студентов ист. фак. Пед. Ин-тов. М., 1975.с.127-134.

Топоним местности Мартук

Научный руководитель: Бегимбаева Ж.С.к. и.н., доцент

Автор: Байденова Саягуль, студентка 4 курса

АРГУ им. К.Жубанова - специальность «История»

Относительно названия населенного пункта «Мартук» до сих пор есть разные мнения. Местность, издревле обозначенная казахами как Мартук, богата святыми местами и памятниками старины, свидетельствующими об их древнем происхождении. Есть несколько версий того, что означает слово Мартук. Буквальный перевод слова означает «сломанные рога», но, зная об образном мышлении степняков, принимать такое название за истинное обозначение местности не следует. Часть исследователей края твердо убеждены в том, что местность получила название из-за загадочной травы «мортык», росшей в этих местах. Другие утверждают, что когда-то в незапамятные времена на месте, где возник Мартук, возвышалась огромная каменная цитадель. В ходе какой-то кровавой битвы ее разрушили, и после этого место получило название Мортык – сломанные рога (в иносказательном смысле выражение «сломанные рога» означает разрушенный, потерявший целостность). Один из кызылординских краеведов уверен в том, что эта версия наиболее правдива. Дело в том, что в Кызылординском крае существует несколько разрушенных старинных каменных цитаделей-крепостей, и в народе их называют Мортык.

В этих краях когда-то на пяти курганах (Бесоба) несли караульную службу воины Абилкайыр хана во главе с легендарным Есет батыром. Возвышающиеся в степи высокие курганы были отличным наблюдательным пунктом, откуда можно было следить за передвижениями далеко в степи. В средние века кочевники-казахи имели на вооружении камнеметательные орудия (зенбрек). Об этом может свидетельствовать тот факт, что еще недавно (в послевоенные годы) на краю старинного села Байторесай возвышались кучи природного булыжника круглой формы и одного размера (предположительно ядра для метательных орудий). Со временем они исчезли, их растащили жители окрестных сел на хозяйственные нужды. Знаков старины в этих краях еще множество. Многие из того, что еще сохранилось, имеет многовековую историю, которая, возможно, когда-нибудь станет известной современникам. Таким образом, мы ознакомились с самой историей становления районного центра Мартук и определением его названия. Есть несколько версий того, что означает слово Мартук. Все они заслуживают внимания, но одна из версий более точна. Когда-то в незапамятные времена на месте где возник Мартук, возвышалась огромная каменная цитадель. В ходе кровавой битвы её разрушили, и после этого место получило название Мортык-сломанные рога(в иносказательном смысле

выражение "сломанные рога" означает разрушенный. Поэтому многие из краеведов уверены в том, что эта версия наиболее правдива.

Список используемых и цитируемых источников:

1. Уразаева К.Б., Уталиева Ж.Т., Бекназаров Р.А. Топонимия Актюбинской области: историко-этимологическое описание, классификация и стратегия переименований. Научная монография: в 3-х томах. / Уразаева К.Б., Уталиева Ж.Т., Бекназаров Р.А. Актобе, 2008. 168с. Том 1. Переименования в топонимической системе Актюбинской области. 168с.
2. Койчубаев Е. Краткий топонимический словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1974. 275с.
3. Мурзаев Э. Очерки топонимики. М.: Мысль, 1974. 382с.
4. История Актюбинской области. Актобе, 2006. 698с.
5. Султангалиева Г.С., Кобенова Г.И. Улицы города Актобе: история и современность. Актобе, 2007. 160с.
6. Попов Ю. Загадки географических названий // Знамя Ильича. 1978. 14, 16 дек.
7. Отчий край (научно-исторический справочник). Махмуд аль-Мартуки профессор, главный редактор: Баймагамбетов А. Ж., Есеркепов А.К., Дильмагамбетов Р.Ж., Варюта А.А., Масатов Б.М., Ониськова В., Таимова А.С., Нурадинов А.С., Нургалеев И.Г.
8. Попов Ю. Тайны географических названий. // Знамя труда. 1979. 27 янв.
9. Мартук. Научно-исторический справочник. Дильмагамбетов Р.Ж., Каракеев С.О.
10. Топонимика как источник изучения истории родного края // Историческое краеведение. Учеб. пособие для студентов ист. фак. Пед. Ин-тов. М., 1975. с.127–134.

Топоним села Бестамак

Научный руководитель: Бегимбаева Ж.С. к. и.н., доцент

Автор: Дабылова Жулдыз – ученица школы-гимназии №9

Топонимика (по-гречески топос–место и онима, или онома,– имя) – наука о географических названиях. Она призвана объяснять происхождение географических названий, освещать историю их развития. Топонимика охватывает наименования не только крупных объектов (гор, лесов, городов), но и мелких (улиц, урочищ, оврагов, ручьёв). Поскольку топоним–географическое название–одновременно является языковым и историческим, поэтому он имеет значение в качестве важного источника для языкознания, истории, географии, археологии. Невозможно представить современное общество без географических названий. Они повсеместны и всегда сопровождают наше мышление. Без них немислима цивилизация, общение между народами и странами. Географические названия окружают нас с детства. С первых лет нашей жизни они повсеместно и постоянно входят в наше сознание, начиная с названия города, села, улицы, где находится родной дом. Географические названия никогда не бывают случайными и произвольными, а отражают определённую эпоху в жизни народа, историю и духовную культуру. Проходят столетия, а названия местностей передаются от прадеда к деду, от отца к сыну, отражая различные явления природы, представления об окружающей его действительности, а также особенности его языка.

В основе большинства топонимов нашей Актюбинской области лежит тюркская терминология. Они имеют двух- или трёх-элементную структуру и состоят из двух-трёх слов, даже и в том случае, когда нами воспринимаются как одно слово: Бестамак, Акбулак, Актобе, Хромтау и другие. В Алгинском районе находятся населённые пункты Алга, Аксазды (Петровка), Бестамак, Ушкудык(Богословка), Болгарка, Булаксай

Аққұдық селолық округімен, шығысында Мәртөк ауданымен, оңтүстік – шығысында Тәңірберген селолық округімен, Оңтүстігінде Байнассай селолық округімен, ал батысында Ресей Федерациясымен шектеседі. Жалпы жер көлемі 52712 га.

«Ново – Федоровка» – Бұрынғы атауы Ақмоласай. Орысша аталып кеткен, бертін келе халық өзінің төл атауымен қайтадан атай бастады. Ақмоласай жері – сайдың басында орналасқан ақ молаларға байланысты аталып кеткен. Ақмоласай – Мәртөк ауданының оңтүстігінде, аудан орталығына 30 шақырым жерде, Ақмоласай өзенінің жағасында орналасқан.

«Хазірет» ауылдық округі да 2001 жылы ғана өзінің бұрынғы атауына ие болды. Ол бұған дейін Березовский селолық округі деп аталып жүрді. Хазірет – араб сөзі. Бұл жөнінде 1880 жылға «Русский вестник» журналындағы «О быте киргизов Тургайской области» атты мақаласында алғашқы материалдар табылған болатын. Бұл мақаланың авторы Б. Юзефович қазақтардың көшпенділіктен отырықшылыққа көшуі туралы баяндай отырып, сол ауылдың негізін салушы Н. Байғариннің хазірет деген жоғары діни атағындағы адам болғандығын айтады. «Хазірет» селолық округі – «Мәртөк» ауданының шығысында орналасқан. Округ солтүстігінде Ресей Федерациясымен, солтүтік – батысында Родниковка және Қызылжар селолық округтарымен, шығысында Қарғалы ауданының жерлерімен, оңтүстігінде Қарашай селолық округінің жерлерімен шекараласады. Жер көлемі 44357 га.

«Рыбаковка» селосы – балықшылар ауылы емес. Ол – Орынбор жеркомының жер өлшеушісі Валентин Андреевич Рыбаковтың аты. Рыбаковка ауылы – Мәртөк ауданының солтүстік – батысында орналасқан.

«Веренка» селосы – Рыбаковтың әйелі Вераның атымен аталған. Бұл жердің тарихи аты бар. Веренка селосы – Мәртөк ауданының солтүстік – батысында, аудан орталығынан 25 шақырым жерде орналасқан.

«Андреевка» – Андрей Сень деген меншіктен алған жер. Сондай – ақ Степан да, Ефрем мен Дмитрий де бір – бір селоны өз аттарымен атап кеткен. Полтава губерниясынан көшіп келгендер қазақ жеріндегі село аттарын бұрынғы өздерінің туып өскен жерлеріне байланысты қазақ селоларына Полтавка, Новый Дон, Линовицк деген атау тағып, отарлау саясатының жаңа үлгісін көрсеткен. «Андреевка» ауылы – Аудан орталығынан 50 км. Полтава губ.

«Покровка» – Полтавадан келген бір топ өзге ұлт өкілдері 14 қазан күні Қызылсай төңірегіне келіп орналасты, бұл күні орыстардың Покров мейрамы еді, сол себепті село Покровка деп аталды да кете барды. Сол кездегі украин, орыс халқы өкілдерінің Мортық жеріне көп келуінен, Кеңес үкіметінің орыстандыру саясатын жүргізу салдырының қазақ жеріндегі географиялық объектілерге құқықтық, тарихи, ғылыми, әлеуметтік тұрғыдан негізделмеген атау беру орын алған. Покровка – Мәртөк ауданының солтүстігінде орналасқан. Аудан орталығынан 47 км орналасқан.

«Байнассай» ауылы – Новомихайловка болып аталып келген ауыл өзінің байырғы тарихи атауына 2007 жылы ие болды. Облыстық әкімдік пен мәслихаттың №206/384 бірлескен шешімімен және қаулысымен «Байнассай» ауылы болып 2007 жылы 11 шілдеде өзгертілді. «Байнассай» ауылы – Мәртөк ауданының оңтүстік – батыс бөлігінде, Төбетсай өзенінің жағасында орналасқан.

«Қазан» ауылы – Орыс тілді тұрғындар ауылын еркеліп Казанка деп атап кеткен еді. Қазан кәдімгі қазақтың қара қазанына арналған әп – әдемі ат. Қазан көтерген ел мұны ардақтап, өз атауын дұрыстап алды. Облыстық әкімдік пен мәслихаттың №207/385 бірлескен шешімімен және қаулысымен Қазан болып 2007 жылы 11 шілдеде өзгертілді. «Қазан» ауылы аудан орталығынан солтүстік – шығысында 5 шақырым жерде орналасқан.

«Саржансай» ауылы – 2006 жылға дейін Нагорный болып аталып келді. Бұл жерде биік тау болмаса да солай аталды. Тарихқа жасалған қиянатты ауылдықтар тез түзете білді. Облыстық әкімдік пен мәслихаттың №238/85 бірлескен шешімімен және қаулысымен Сарыбұлақ болып 2006 жылы 14 – ші наурызында өзгертілді. «Саржансай» ауылы Елек

өзенінің сол жақ жағалауында, Мәртөк ауданының оңтүстік – шығысында, орталықтан 30 шақырым және Ақтөбе қаласынан 42 шақырым жерде орналасқан.

«Тәңірберген» ауылдық округі – Бұған дейін Нагорный селолық округі болып келген еді. Облыстық әкімдік мәслихаттың №238/85 бірлескен шешімімен және қаулысымен «Тәңірберген» селолық округі болып 2006 жылыдың 14 наурызында өзгертілді. «Тәңірберген» ауылдық аймағы – Мәртөк ауданының оңтүстік – шығысында орналасқан. Батысында «Жайсаң» селолық округімен, оңтүстік батысында «Байнассай» ауылдық аймағымен, солтүстігінен «Қаратоғай», «Мәртөк» селолық округімен және оңтүстігінде «Құрмансай» ауылдық аймағымен, шығысында «Хлебодар» селолық округімен шектеседі. Жер аумағы 66842 га. Елек өзені - Геродоттың картасында «Лик» өзені деп аталған. Елек өзені ауданының негізгі су тамыры болып табылады. Өзен бастауын Мұғалжар тауының батысында орналасқан Бестөбе тауынан алады және Қарғалы, Жарық өзендерімен қосылып, ауданнан тысқары Жарсуат ауданында Орал өзеніне құяды. Елек өзеніне сондай-ақ «Мәртөк» елді мекені атауына қатысты ортақ пікір жоқ. Ғалымдардың пікірі бойынша атышулы Елек өзенінің 2 арнасы бар, олар бірі екіншісінің астында орналасқан. Електен сүзіліп өткендей, құмнан екінші жерасты өзеніне су өтіп жатыр – «Елек» деген сөз осыдан шыққан. Өзге ұсыныстар әртүрлі аңыздарға байланысты. Електің 75 шағын және үлкен салалары бар, олардың ұзындығы 10 және көп км жетеді. Ең ірі салаларының бірі – «Қобда». Елек өзені Қарақобда және Сарықобда өзендерінің қосылуынан шығады. Алға және Қобда аудандарының аумағынан ағады. Тәңірберген өзені Мәртөк ауданының аумағында Елек өзеніне құяды. Ақтөбе облысы бойынша Елек өзенін нәрлендіріп отыратын басты өзендер: Жарық, Табантал, Қарғалы, Тамды, Сазды, Тәңірберген, Бұтақ, Көкпекті, Қуағаш, Жіңішке, Ақсу, Қобда, Қураша, Жамансу. Бөрте өзені Мәртөк ауданының аумағынан басып өтеді. Абдан, Торанғұл, Қия сияқты салалары бар және ол Орал өзеніне құяды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мәртөк энциклопедиясы . Ақтөбе, 2004.
2. Қазақстан энциклопедиясы. Алматы. 2007.
3. Интернет қоры: Google Chrome, Internet Explorer.
4. Ақтөбе газеті, 2009
5. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. (атаулардың пайда болу тарихы) Ақтөбе қаласы.2007ж.

Сырға толы мекенім

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Байдрахманова Гульназ Абилбахитовна – информатика магистрі
Автор: Мұқаш Әселім – география мамандығының 4 курс студенті

Мәдениеті мен ғылыми кемелденген өркениетті халықтар көне тарихтың сыр-сипатын ашуға септігін тигізер құнды мұралардың ешбірін назардан тыс қалдырмай зерттеп, ғылым елегінен өткізіп отырады. Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу сыры бар.

Осындай шешілмеген құпия-сырға толы атауларға бай өңірлердің бірі – Қандыағаш қаласы. Өйткені қазақ даласында болған қақтығыстар, көтерілістер, тағы басқа тарихи оқиғалар бұл өңірді де қамтыды.

Қандыағаш қаласының атауы өзгеше болған еді. Уақытша үкіметтің халық күткен аграрлық мәселені шеше алмауы, езілген халықтарға өзін-өзі билеуі немесе автономия алу мәселесін күн тәртібіне қоюға тырыспауы, жұмысшыларға 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу сияқты көкейкесті мәселелерді шешпеуі халық наразылығын одан әрі күшейтті. 1917

жылының жазының соңы мен күзінің бас кезінде бүкіл Ресейдің жер-жерінде бұқараның Уақытша үкіметке деген қарсылығы өсе түсті. Бұл Кеңестердегі большевиктердің ықпалының артуына жағдай жасады. Ал Корнилов бүлігінің талқандалуы большевиктер беделін біржола көтерді. Осындай жағдайда большевиктер партиясы 1917 жылғы шілде оқиғасынан кейін алынып тасталған **“Барлық билік Кеңестерге берілсін”** деген ұранды қайта көтерді. Енді бұл ұран қарулы көтеріліске, Уақытша үкіметті құлатуға, пролетариат диктатурасын орнатуға бағытталды. Нәтижесінде 1917 жылы 24 қазанда (6 қарашада) Петроградта қарулы көтеріліс басталды. Келесі күні көтерілісшілер қаланың ең маңызды объектілерін басып алды. 1917 ж. 25 қазанда (7 қарашада) Әскери-революциялық комитет Уақытша үкіметтің билігінің жойылғандығын жариялады. Осылайша **Қазан төңкерісі** жеңіске жетті.

Осыған орай, 1967 жылдың 11 қаңтарында Октябрь революциясының 50 жылдығына байланысты Октябрь атауымен аталған еді.

Дегенмен, 1997 жылдың 16 маусымында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызыл-Орда және Қостанай облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылымына өзгеріс енгізу туралы Өкімімен Октябрь ауданы Мұғалжар ауданы, ал оның орталығы Октябрь қаласы – Қандыағаш қаласы болып өзгертілді.

«Қандыағаш» топонимінің шығуының түп-төркіні XVIII ғасырға-қалмақ шапқыншылығы кезеңіне жатады. 1738 жылы қазақ қосындары мен Жұрын батыр бастаған торғауыт қалмақтары арасындағы ұрыс болады. Бір деректер бойынша, Шақпақ Жәнібектің Түктібайды үйлендіріп, ұлан-асыр той жасау сәтін пайдаланған торғауыттар Жем мен Сағыз бойындағы қазақ ауылдарын шауып, жойқын қырғынға ұшыратқан.

Халық аузындағы деректерге сүйенсек, Кіші жүздегі тама руынан шыққан батыр, қазақтың перзенті Есет Көкіұлы арғындарды жаудан арашалауда Жәнібек батырға көмек беру үшін Орта жүз жеріне кетеді. Табын Бөгенбай батыр да арғындарға кетеді. Осы оңтайлы сәтті пайдаланған қалмақтар Кіші жүз қазақтары мекендеген ну орман ағашты іздеп келіп, күтпеген жерден шабуылдайды. Осы жерде қалмақтар қазақтарды қойға тиген қасқырдай қырып-жойып, талан-таражға ұшыратып, қыз-келіншектерді айдауға алып кетеді. Сол себепті қазақтың қаны, аналардың көз жасы аққан талайлардың басы кесілген жерді халық Қандыағаш деп атап кеткен. Немесе осы сұрапыл соғыс қарсаңында барлық табиғат анамыз «өліп», жалғыз ғана ағаш қалған екен. Сол ағашта жаралылар мен жарымжан сарбаздар қанды қиындыларын байлаған екен, осыдан «Қандыағаш» атауы пайда болған. «Қандыағаш» атауы пайда болуының екінші нұсқасы да бар бұл әрине ағаш атауымен байланысты. **Қандыағаш** (Alnus) – қайың тұқымдасына жататын ағаш. Бұлардың биіктігі 20 – 35 м-дей, бір үйлі, дара жынысты болады. Қабығы қара қоңыр. Жапырағы кезектесіп орналасады, олардың жиегі иректеліп, астыңғы беті қалың жүйкеленіп біткен. Аталық гүл шоғы ұзын сырға тәрізді, аналық гүл шоғы – масақша, ол жеміс піскенде бүрге айналады. Бүрі ерте көктемде ашылады. Жел арқылы тозаңданады. Жемісі – бір тұқымды, қос қанатты жаңғақша. 50 – 120 жылдай өседі. Қандыағаштың сүрегі жеңіл, қызыл түсті. Одан үй жиһаздары, ыдыс жасалады. Өзен жағалауларын, жыра, сайларды бекітуге пайдаланылады. Оның көшеттерін қала және өндіріс орталықтарын көгалдандыруға қолданылады. Бүрінен дәрі алынады.

Қандыағаш ағашының бейнесі

Осы деректерге сүйене отырып, бұл атаудың ертеден пайда болғандығын нақ айта аламыз.

Бұл жұмысымның нәтижесінде мынадай қорытындыға келдім:

1. «Қандыағаш» атауы ескі аңыздарға сенетін болсақ, 1917 жылғы төңкерістің салдарынан қойылған.
2. «Қандыағаш» атауы жергілікті жерде өсіп жайқалған, халық шаруашылығында кеңінен пайдаланған ағаш атауына байланысты қойылған.

Қандыағаш қаласының қазіргі бейнесі

Пайдаланылған әдебиеттер

1. "Қазақстан". Ұлттық инциклопедиясы 6-том
2. Султанғалиева Г.С. История Актюбинского уезда (1869-1917). – Ақтобе, 2005. – 264с
3. Ақтөбе облысының энциклопедиясы 2001жыл
4. “Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі” 2007 жылы.
5. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=21606>
6. <http://mugalzhar.aktobe.gov.kz/ru/node/903>
7. <http://tochka-na-karte.ru/Goroda-i-Gosudarstva/2502-Kandyagash.html>
8. <http://www.kandyagash.kz/text/kandiagash-nash-gorod>

Шырайлы Шұбарқұдық - тарихтың түп тамыры

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Шаматова Венера Қуанғалиевна

Автор: Айдынғали Айман

Шырайлы Шұбарым.Шұбарқұдық мұнай кені – Ақтөбе облысы Темір ауданы Ақтөбе қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 179 км жерде орналасқан, Шилі өзенінің жағасында орналасқан. Тұрғыны 11,3 мың адам (2006).Шұбарқұдық, Жақсымай мұнай кәсіпшіліктерін игеруге, Шұбарқұдық қоңыр көмірін өндіруге және Атырау - Қанды ағаш т.ж. құрылысына байланысты қаланған. Кен орны 1931 жылы ашылып, барлау-пайдалану жұмыстары 1937 – 49 жылдары қатар жүргізілді. Алғашқы мұнай 1931 жылы ядросы 325 м тереңде жатқан тұз күмбезінің солтүстік және оңтүстік қанаттарындағы пермь-триас шөгінділерінен алынған. Негізгі мұнай иірімдері төмендігі пермьнің кунгур ярусының тұз қат-қабаты бетіндегі жоғары пермь шөгінділерінде орналасқан шоғырда (жалпы қалыңд. 120 м). Мұндағы шамалы цементтелген сазды-құмды мұнайлы қабаттың жалпы қалыңд. 50 – 75 м. Линза пішіндес мұнайлы қабаттар солтүстік қанатта 305 – 425 м, оңтүстік қанатында 350 – 400 м тереңдікте. Өткізгіштігі баяу, мұнайлы қабаттардың кеуектілігі 0,12 – 0,20%. Тұз бетіндегі қалың жоғ. пермьдік тау жыныстары екі лықсу арқылы батыс, солтүстік, оңтүстік қанаттарға бөлінген. Мұнайы метанды-нафтенді, тығызд. 8,34 – 9,25 г/см³, 200°С-та бөлінетін жеңіл фракциялар мөлшісі 6,5 – 16%; 64% шайыры, 0,55%күкірт, 1,5% парафин бар. Мұнай шығымы 6,6 м³ тәулік. Шағын кен орнына жатады.Темір ауданы – Ақтөбе облысының батыс бөлігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлініс. Жер аумағы 12,6 мың км². Тұрғыны 36,0 мың адам (2005). Орталығы – Шұбарқұдық кенті. Аудандағы 29 елді мекен 1 қалалық, 2 кенттік және 7 ауылдық округке біріктірілген. Ауданның іргесі 1869 жылы құрамында 17 болысы бар уездорталығы болып қаланған. 1921 жылы 27 болыс болды және Ақтөбегуберниясындағы аудан орталығы, 1923 жылы Ақтөбегуберниясының іріленуіне байланысты Темір уезі (14 болыс) аталған.

1928 жылы уез таратылып, 1930 жылы ауданға айналды. 1935 жылы одан Жұрын ауданы бөлініп шықты. Қазіргі Темір ауданы 1972 жылы құрылған. Аудан Мұғалжар тауының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Ең биік жері 355 м (Бадамша ауылының тұсында). Оңтүстік-батысы сай-жыралармен тілімделген жазық болып келеді. Жер қойнауынан мұнай, тас темір, құрылыс материалдары барланған. Олардың кейбіреуі өндіріледі. Климаты тым континенттік, қысы суық, жазы ыстық, қуаң. Ауаның орташа жылдық температурасы қаңтар айында –15 – 17°С, шілдеде 22 – 24°С. Аудан жерімен Ойыл, Темір, Шилі, Құмды, Бабатай, Шағырлықұмды, т.б. өзендер ағып өтеді. Жер қыртысында негізінен қызғылт қоңыр, бозғылт қоңыр және сортаңды сұр топырақ басым. Оларда боз, бетеге, жусан, изен, сұлыбас, қамыс, құрақ өседі. Аңдардан қасқыр, қарсақ, борсық,жабайы шошқа, ақбөкен, ондатр, сарышұнақ, аламан тышқаны кездеседі.

Аудан тұрғынының басым бөлігін қазақтар құрайды (97,0%). Одан басқа орыс, украин, татар, т.б. ұлт өкілдері тұрады. Аудан аумағында халық біркелкі қоныстанбаған.

Тұрғын халықтың басым бөлігі автомобиль және темір жол және ірі өзен бойларында, мұнай өндіретін өңірлерде біршама тығыз қоныстанған. Халықтың 1 км²-ге шыққандағы тығыздығы 3,0 адамға жуықтайды.

Ірі елді мекендері: Шұбарқұдық (11,3 мың адам), Кеңқияқ (4,9), Шұбаршы (3,7) кенттері, Темір қаласы (2,0), Шұбарқұдықкәсіпшілігі (1,8), Алтықарасу (1,2), Қопа (1,2), Сарыкөл (1,0), Тасқопа (1,0). Ауданда 1996 жылға дейін астық, оған қосымша биязы жүнді қой, етті-сүтті мал, жылқы, көкөніс, бақша өсіруге маманданған 6 кеңшар, 1 мал бордақылау бірлестігі болған. Нарықтық экономикаға өтуге байланысты олар түгелімен дерлік жекешелендірілді. Нәтижесінде ауданның ауыл шаруашылығы саласында 6 ЖШС және 384 шаруа қожалығы ұйымдастырылды (2005). Ауыл шаруашылығына жарамды жердің аумағы 1,261 миллион га, шабандығы 36,1 мың га, жайылымы 1,131 миллион га. Ауданда қой мен ешкінің саны 94,7 мың бас, жылқы 5,5 мың бас, түйе 0,45 мың бас болды (2005).

Өнеркәсіп саласында аудан аумағында бірнеше ірі кәсіпорындар бар. Олардың ішіндегі ірілері: “Қарақамыс”, “Стройуниверсал” ЖШС, “Көлік” АҚ, “Әлия жолдары”, “Шанс-1”, “Манас”, “Айқап”, “Сагор”, “Тасқұдық”, “Ақтөбемұнайгаз”, “Кенжылуэнергия”, “Толғанай” ЖШС-лары, т.б. Білім беру, мәдениет мекемелерін жалпы білім беретін 32 мектеп, 2 мәдениет үйі, 14 кітапхана құрайды. 3 аурухана, ауданы аурухана, санэпидстанса, 17 фельдшаруашылығы-акушерлік пункт ел денсаулығын сақтауға қызмет етеді. Аудан аумағында археологиялық және табиғат ескерткіштерінің жалпы саны – 41. Аудан жерімен Атырау – Қандыағаш темір жолы, Ақтөбе автомобиль жолы өтеді. “Шұбарқұдық” мешіті. “Шұбарқұдық” мешіті Темір ауданы, «Шұбарқұдық» кәсіпшілігінде 2007 жылы сол елдің тұрғындары өзара қаржы жинап салған.

Ақтөбе өңірінің Шұбар аймағындағы «Қалмақтықырған» қалай аталды.

Қазақстан тарихнамасының «ақтандақ беттерінің» бірі - аудандар тарихы. Аудандар тарихы Қазақстан тарихының құрамдас бөлігі болғанмен осы мәселеге жеткілікті көңіл бөлінбей келді. Аудан тарихын жазу өте күрделі жұмыс. Ол, сол ауданға қарасты мекендердің тарихынан құралады. Қазіргі менің жазып отырғаным темір (бұрынғы Қарақамыс аталған) ауданына қарасты «Қалмаққырылған» елді мекені жәйлі болмақ. Мұны маған әңгімелеп берген осы ауылдың тумасы (1938 ж.т.) Қазір кеңесту селолық округінің орталығы Қопа селосында тұрады, Қоғамдық кеңесінің төрағасы Байдышев Сағидұлла Әбдірахман ұлы деген жоғары білімді ақсақал. Бұл атаның үлкендерден естігені бар, оқығаны бар, айтуынша шамасы 1920 – 1930-шы жылдары Астрахан өңірінде Ойрат қалмақтар Жоңғар Алатауын да тұратын Жоңғар қалмақтарына қосылмақ болып келеді. Олардың көшкендегі жолы Еділ, Жайық өзендерінен өтіп қазіргі Орал обылысының Қаратөбе ауданын басып өтіп Ойылға келеді. Қалмақты басқарып келе жатқан тайшысы әрі батыры қазақ жерінен, мүмкіншілігінше, соғыспай өту болды, шығынға ұшырамау үшін. Бірақ ойылдан өткенде бірсіпіра шайқастар болып екі жақтанда шығын болады. Сондағы қалмақтың қонтайшысының айтқаны мынау болған." Біз соғыспайық бізде соғысамыз деген ой жоқ. Халықты қырмайық. Екі жақтың екі батыры шықсын Қалмақтың батыры жеңсе біз соғыс ашпаймыз, біздің жолымызды бөгемендер - кете берейік деген. Қазақтың батыры жеңіліп қалып, сол жердің аты "Келбатыр " атаныпты. Бұл Қайыңды совхозының өңіріндегі жер. Алтықарасудан бері өткенде тағы бір батырлардың жекпе - жегі болды. Бұл жердің аты Қарабас батырдың атымен аталады. Қазақ батырлары жеңіледі. Қалмақтар Шұбар келгенде алдарынан Байыұлының Шеркеш руынан шыққан Шұбар деген батыры шығады. Бұл батыр да жеңіледі. Мекендеген халқы қазған құдықтарын Шұбар құдығы деп ат қойған дейді. Қалмақтар Шұбардан өтіп біздің Қопаға келеді. Қазақ ойпатқа өскен азғантай талды "Қопа " деп атаған ғой. Осы тал ұзындығы 4 - 5 км., ені 2 - 3 км, ол заманда қандай болған кім білсін, Қалмақтың қырғаны осы талдың, батпақты арасы болған. Осы арадағы болған соғысты ұйымдастырушы Кете руынан шыққан Әжібай би, Арал батыр деген ағайнды екі жігіт дейді. Бұлардың ата мекені Ойыл өңірі болса да "Қалмақты тоқтататын бір ығайлы жер шүрен руының жерінде

орман деп айтуға келмегенмен арасы батпақ Қопасы бар, осы жерден қоршауға алайық"- деп осы арадан соғысты ұйымдастырған. Жоғарыда айтылған екі жігіт. Сол соғысқа қатысқан "шүрен руының кешубай тайпасының Ақнияз, Бекнияз бен Басығара менің атам Байнияздң ағалары" дейді. Сағидұлла ақсақал бұл соғыста ерекше атағы шыққан Балта батыр деген кете руынан. Мәлік Серікбаев Темір ауданының әкімі болып тұрғанда арғы атасы Балта батырға Ескерткіш қойды. Қалмақтың Қонжар деген қонтайшысын, әрі батырын біздің Балта батыр шүреннің көшкінші тайпасының жерінде қуып жетіп жердің атын "Қонжар" деп атап кеткен. Ал «Қалмақты Қырған» деп өзгерткен Балта батырдың ұрпағы Мәлік Серікбаев деген азамат. Ертеректе Қалмаққырылған, Қалмақырған бергірек келе орыстар өздеріне ыңғайлап «Қалмақырған» деп те атаған. «Қалмақ қырылған», «Қаламаққырған»- Қазақстанның әр түкпірінде кездесетін жер атаулары. Жоңғар хандығы шығыстан, ал батыстан қалмақтар,екі жақтан қазақ хандығын қысымға алып,оны түбегейлі жойып, баяғы Алтын Орда орнына Жоңғар империясын құруды стратегиялық мақсат етіп қойған еді.

Еділ бойы қалмақтарының Кіші жүзге, соның ішінде Ақтөбе аймағына жасаған алапат соғыстары жайлы Мәскеудегі Ресей Сыртқы саясат мұрағатындағы (АВПР) «Зюнгарлар ісі», «Қалмақтар ісі», «Қырғыз-қайсақтар ісі», «Қарақалпақтар ісі» деген қорларда деректер мол. Алайда әлі де, әсіресе, XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың 30-жылдарына дейінгі аралықтағы Қалмақ хандығы мен Кіші жүз хандығы арасындағы қатынастар күңгірт күйінде қалып отырды. Осы күңгірттіктің ішінде біз айтқалы отырған Қалмаққырған немесе Қалмаққырылған шайқасы да бар. Қазақ елінде сол кездегі қазақтар мен жоңғарлар арасында болған қанды шайқастардың дәлелі ретінде үш жер осылай аталады (Батыс Қазақстан облысында да осыған аттас жер бар көрінеді). Біріншісі – Ұлытаудың оңтүстік-шығыс беткейінде Қарамола тауынан басталатын «Белеуітті» деген өзен «Қалмаққырылған» өзені болып аталған. 1723 жылы осы өзен бойында қазақ жасағы жоңғарларды үлкен қырғынға салған. Әлгі қырғыннан кейін Белеуітті өзені «Қалмаққырылған» өзені аталып кеткен қазірде солай аталады. Екіншісі – 1727 жылы Әбілқайыр хан бастаған біріккен қазақ күші Ұлытау өңірінде жоңғарларға қатты тойтарыс беріп,ірі жеңіске жеткен майдан даласын «Қалмаққырылған» деп атайды.Бұл жерге 1997 жылы қазақтардың осы жеңісін мәңгі есте сақтау үшін ескерткіш орнатылды. Үшіншісі – Ақтөбе облысының Темір ауданындағы «Қалмаққырған» немесе «Қалмаққырылған» теміржол бекеті. Бұл аумақ XX ғасырдың 30-жылдарында Қандыағаш Гурьев теміржол торабы салынғанда, осылай аталатын жерге байланысты Қалмаққырған бекеті ретінде әлемдік теміржолдар картасына енгізілген екен. Бұл әуелгіде 2-3 үй болған, қазір 50-60 жүйлік дербес ауылға айналған бекет аты. Ал шындығында бұл атау - Темір. Ойыл өзендерінің басындағы жерлерді, Шилі, Кенжайлы өзендерінің алқабын алып жатқан кең аңғарлы аймақ. Міне, осы арада шамамен 1719 жылы немесе осыдан 290 жыл бұрын 25 мыңдық Кіші жүз қолы мен 30 мыңдық Еділ бойы қалмақтарының арасында орасан зор шайқас болған екен. Жалпы саны 55 мыңнан аса бес қаруы сақадай сай екі жақтың әскерлері ұзақ шайқасқан. Қорытындысында қазақ қолы жеңіске жеткен. Сол алқапта қазақ жерін, елін қорғау үшін жүргізілген қанды майданда мыңдаған Әлім, он екі ата Байұлы, Жетіру боздақтары құрбан болған, қалмақтар тарапынан да он мыңнан аса адам ажал құшқан. Әлгі алқаптағы көріністі бейнелейтін «қан суша ақты, еліктен басар жер болмады» деген сөз біздің заманымызға жеткен екен. Ол заманда шейіт болғандарды шайқастан кейін топтап та жерлеген, тізе бойы шұңқыр қазып бетін жаба салған жағдайлар да болған.Осы «Қалмаққырған» немесе «Қалмаққырылған» атауы, демек, Әбілқайыр есімімен тығыз байланысты. Темір ауданындағы Қалмаққырған немесе Қалмаққырылған шайқасының мерзімі туралы әр түрлі пікірлер бар.

Шешім

Осы жобаны зерттей келе мынадай нәтижелерге қол жеткіздім. Біріншіден: Өзім мекен еткен Шұбарқұдық аталу тарихымен терең таныстым. Екіншіден: Темір аудандағы

Шұбарқұдық аталуы маңызын, мән - мағынасын анық түсініп аша білдім. Үшіншіден: Тарихи ақпараттармен таныстым.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1."Қазақстан". Ұлттық энциклопедиясы 2-том
- 2.Ақтөбе облысының энциклопедиясы 2001жыл
- 3.Темір ауданының энциклопедиясы 2007жыл
- 4.<http://www.aktobegazeti.kz/?p=21606>

Киелі Қожасай ауылының тарихи сыры

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Шаматова Венера Қуанғалиевна

Автор: Жандосова Айдана

«Қожасай» – Мұғалжар ауданының оңтүстік шығыс, Жем өзенінің оң жағында орналасқан. Ауданы орта есеппен 170 км, Ақтөбе облысынан 270 км қашықтықта орналасқан. Халқы орта есеппен 500 (1998ж). Жер көлемі 3071га, егістігі 2500 га. Мұнда 24 трактор, 7 машина, 5 комбайн, 13000 қой болды. Әр жүз саулықтан 105 қозы алынған. Кезінде үш адам КСРО орденімен, медальдармен марапатталған.

Өзендері: Жем, Ащысай, Көкпекті. Көлдері: Ақаскөл, Шөптікөл, Тамдыкөл. Таулары: Күміс төбе тау, Жаулыбай тауы. Құмдар: Көкжиде. Сирек кездесетін шөптер: ақтұңғиық, берік сүттіген. Аң құстары: алып көртышқан, үш башпайлы ергежейлі қос аяқ, шұбар күзен, безгелдек, балықшы, дуадақ, сұңкылдақ аққу. Батпақкөл округіне қарайды.

Қожасай мұнай-газ конденсаты, Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы, Ақтөбе қаласынан оңтүстікке қарай 240 километр жерде. Батысында Жаңажол мұнай-газ конденсат кенімен түйіседі. Кен орны 1962 – 63 жылы сейсмикалық зерттеу нәтижесінде анықталған. Іздеу-барлау жұмыстары 1979 жылы басталды. Тектоникалық жағынан кен құрылымы өлшемдері 18×4,5 километр, ендік бағытта созылған брахиантиклинальдік қатпарлы Коллекторы кеуекті-жарықшақты, карбонатты жыныстардан (эктас, доломиттенген эктас) құралған. Ашық кеуектілігі 9-дан 9,6%-ға дейін өзгереді, өткізгіштігі 0,173 мкм². Бастапқы қабаттық қысымы 37,3 МПа, темпетаратурасы 73ӘС. Бастапқы шығымы: мұнай 39,2 м³/тәулік, газ 28,2 мың м³/тәулік. Тұрақты конденсат мөлшері 345 г/м³. Мұнайы жеңіл және ауыр (0,827 – 0,886 г/см³). Газ құрамы бойынша ауыр, құрамында этан, ауыр көмірсутек (20,5 – 31,8%), метан (55,5 – 72,8%) бар. Конденсаттың тығызд. 0,753 г/см³. Кен орны өндірістік игеруге дайын.

«Қожасай» атауының шығу тарихына келетін болсақ, төмендегі аңыздарға сүйенемін. Менің ауылымда Жаулыбай деген тау бар. Бұл тау әулиелі болып табылады. Бұнда Қожа деген әулиенің бейіті бар. Қожа атаның әулиелігі жайында бір әңгіме бар. Баяғыда ауылдан ауылға қоныс аударып жатқан адамдар жолшыбай үлкен суы тасып жатқан тасқын суға кезігеді. Ол тасқыннан өте алмай көш тоқтап қалады. Сол кезде Қожа әулие тасып жатқан тасқынды екіге бөліп, көшті өткізген. Сол себепті болар біздің ауыл Қожасай деп аталады. Менің атам жаз айында шөп шауып жүріп, трактор түбінде ұйықтап жатады. Ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде ақ киім киген қарт ата кіреді. Ол «балам, бас жағыңнан екі-үш қадам аттасаң қоңырау жатады, соны тауып ал да, үйіңе сақтап қой», деп жоқ болып кетеді. Ұйқысынан тұра манағы айтқан жерге барса қоңырау жатады. Атамның айтуынша бұл қоңырау сол кездегі княздардың шіркеуінен қалған нәрсе дейді. Міне, сол қоңырау әлі үйде сақтаулы тұр.

Ауылымдағы ақсақалдар Молдағазы кісінің әулиелігі жайында айтып берді. Молдағазы кезінде атақты, елге сыйлы молда болған. Кітаптар жазып, шәкірт тәрбиелеген. Өмірінің соңғы кезінде өзінің жинаған кітаптарын мешіт жанындағы құдыққа салып, сақтап жүрген. Өмірден озған соң ауыл адамдары молданың кітаптарын қарау үшін құдық басына барғанда, ол кітаптарды ордалы жыландар қорғап жатқанын көрген. Ол жыландар әлі күнге дейін бар. Қазіргі кезде құдық басына ешкім жолай алмайды.

Шешім

Мен, Жандосова Айдана, осы жобаны зеріттей келе мынадай нәтижелерге қол жеткіздім. Біріншіден: Өзім мекен еткен Қожасай тарихымен терең таныстым. Екіншіден: Мұғалжар ауданы Қожасай ауылында тұратын ақсақалдардан аңыздарды естіп, Қожасай атауы маңызын терең түсініп, аша білдім. Үшіншіден: Тарихи ескерткіштермен таныстым. Батырлардың халық үшін жасаған ерең еңбегі мен ерлігіне тәнті болдым.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. "Қазақстан". Ұлттық энциклопедиясы 6-том
2. Султанғалиева Г.С. История Актюбинского уезда (1869-1917). Ақтобе, 2005. 264с
3. Ақтөбе облысының энциклопедиясы 2001 жыл
4. "Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі" 2007 жылы.
5. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=21606>
6. <http://mugalzhar.aktobe.gov.kz/ru/node/903>

Мәртөк тарихы және оның атауындағы сыр

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Шаматова Венера Қуанғалиевна

Автор: Бескузова Ақмарал

Мәртөк ауданы - 1935 жылы құрылған, Орынбор - Ташкент т.ж.ст. облысының солтүстік Ресеймен шекаралас Елек өзені бойы. Ақтөбеден 75 км жер көлемі 5,5 мың ш/км, халқы 31228/1999/, 13 округке бөлінген. Халық саны 31,0 мың адам (2014ж.) Аудан халқы көп ұлтты, басым бөлігін қазақтар құрайды (61,9%). Қалғаны орыс 17,8%, украин 13%, неміс 2,8%, татар 1,8%, белорус 0,4%. Халықтың орташа тығыздығы 1 км²-ге 4,5 адамнан келеді. Ірі елді мекендері: Жайсан, Қаратоғай, Родниковка, Хлебодаровка. Орынбор – Ташкент тас жолы Ақтөбе Мәртөк тас жолы Мәртөк Қобда көтерме жолы бар, жолдар округ орталықтарымен байланыстырады. Жері негізінен жазықтық, Солтүстік қыратқырқалы климаты тым континентті, қаңтарда -15, -17, шілдеде +21, +23, жылдық жауын мөлшері 220-250 мм, Солтүстік-300 мм. Пайдалы қазындылардан құрылысқа жарамды құм, балшық, қиыршық тас кездеседі. Солтүстік бөлігі қара топырақты, оңтүстікте қызыл қоңыр топырық тараған. Боз бетеге өседі, қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян, қосаяқ, құстан: дуадақ, тырна, бүркіт, қаз, үйрек тағы да басқа мекендейді. *Өзендер:* Елек, Торанғұл, Бөрте, Қиялыбөрте, Байторы, Қарағаш, Тамды, Бұжырсай, Тәңірберген, Шаңды, Қарабұлақ, Жездібай, Домбар, Алабайтал, Қарабұтақ. Көлдері: Сарыжар, Таймас, Сабынды көл, Жыланды көл, Қоғалы. Биіктіктер: Бозтөбе, Қособа, Кешін тауы, Жалуын төбе, Қаратұмсы, Қаратау, Ақшатау, Қарамола, Қызылшоқы.

Әкімшілік бөлінісі: Ауданымыз облыстың Қобда, Қарғалы, Алға аудандарымен және Ресей Федерациясындағы Орынбор облысының Ақбұлақ, Қуандық, Беляев аудандарымен шектеседі, экономикалық жағынан да ыңғайлы жерде орналасқан. Мәселен, Жайсаң ауылында шекаралық бекет бар, бұл – Қазақстанның батыс аймағында Ресеймен арадағы қақпаның бірі. Он үш ауылдық округке қарасты 34 ауылда тұратын отыз бір мыңға тарта адамның 63,5 пайызы – қазақтар.

Кеңестік империяның жымысқы саясаты салдарынан елді мекендердің ежелгі атаулары өзгертіліп, Дмитриевка, Вознесенка, Веренка, Покровка, Полтавка, Первомайка, Родниковка, Хлебодорова, Шевченко болып айтылып-жазылып келді. Бұл халқымызды ұлттық санасынан ажыратудың, бөліп-бөлшектеудің көрінісі еді. Тамыры терең тарихи атауларды көзден таса, көңілден ада етпей қайта жаңғырту – ата-баба алдындағы қасиетті парызымыз болса керек. Енді осы ретте зерттеу жұмыстарын жан-жақты жүргізе отырып, байырғы тұрғындарды, ардагерлер ұйымының белсенді мүшелерін ортақ мүддеге жұмылдырды. Арнайы құрылған тілдерді дамыту және мәдени мұра бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі комиссия отырыстарында мәселелер кеңінен талқыланды. Жұртшылықтың елді мекен атауын өзгертуге қатысты ой-пікірлері аудандық «Мәртөк тынысы» газетінде жарияланып отырды. Осылайша түсіністікпен жұмыс істеу нәтижесінде округтер «Аққұдық», «Байнассай», «Мәртөк», «Тәңірберген», «Қызылжар», «Сарыжар» және басқа ежелгі атаулармен айтылып-жазылатын болды. Елді мекендерге «Мәртөк», «Ақмоласай», «Құрмансай», «Саржансай», «Жаңажол», «Қазан» сияқты атабабадан жеткен құлаққа жағымды атаулар қайтарылды. Қазіргі күнде санаулы ғана ауылдарды қайта атау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мәртөк ауданы бойынша өзгерген атаулар: «Яйсан»-«Жайсаң», «Новомихаиловка»-«Байнасай», «Казанка»-«Қазан», «Нагорное»-«Саржансай», «Андреевка»-«Қызылжар», «Студенческая»-«Бөрте», «Чайда»-«Щанды», «Коминтерн»-«Аққайың», «Целинное»-«Көкпекті», «Рыбаковка»-«Жаңажол», «Калиновка»-«Ақбұлақ», «Черемушка»-«Торайғыр», «Новодонцы»-«Егізата», «Ефремовка»-«Қарағансай», «Линовицк»-«Қиялы», «Хозауыл»-«Қозы», «Березовка»-«Жездібай», «Степь»-«Қарабұлақ», «Степановка»-«Құрмансай», «Новофедеровка»-«Ақмоласай», «Березовский»-«Хазірет», «Нагорный»-«Тәңірберген», «Новомихаиловка»-«Байнасай», «Первомайский»-«Аққұдық», «Степановский»-«Құрмансай».

Шаруашылығы: Шаруашылықтың басым бағыты ауыл шаруашылығына икемделген. Бүгінгі таңда 27 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 402 шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Биыл жоспарланған 70 мың гектар алқапқа егіс егу жұмыстары аяқталды. Өткен жылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 257 ірі қара, «Құлан» бағдарламасымен 64 жылқы сатып алынды. Бірінші тоқсанда ауылшаруашылығы өнімдерінің көлемі 1 миллиард 185,5 миллион теңгені, өндіріс көлемі 537,2 миллион теңгеге жетті. «Айс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің иелігіндегі 600 гектар алқапта суландыру қондырғылары таяу арада іске қосылмақ. Аудан орталығында тері цехы пайдалануға берілген соң тері бұйымдарын Түркияға, Италияға, Қытайға шығару тұрғысында келісімшарттар жасалып жатыр. Халық жиі шоғырланған Сарыжар ауылының бас жоспары әзірленіп, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарға ауызсу, газ, жарықтандыру желісін тартудың жобалау-сметалық құжаттары жасақталуда.

Өңір аумағынан Батыс Еуропа – Батыс Қытай автокөлік дәлізі және Алматы – Мәскеу теміржолының өтуі халықтың тұрақтануына мүмкіндік берді. Жоғарыда айтылған 34 ауылдың алтауы табиғи газбен қамтылған, қазіргі күнде Жайсаң ауылына магистральды газ құбырын тарту жұмысы жүріп жатыр. Аудан орталығына таяу елді мекендерді газдандыруға жобалау-сметалық құжаттамалар жасалу үстінде. 21 ауыл орталықтандырылған ауызсу желісімен қамтылды, өзге елді мекендерге су тарту үшін жерасты су қорын зерттеуге сұраныстар берілді. «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың атап өткеніндей, дағдарыстан тез шығудың бір жолы ол – еліміздің экономикасына инвестиция, жаңа технологиялар алып келу. Бұл іс аймақта қолға алынды. Ақтөбе өңірінде заманға сай технологиямен салынған зауыт алғашқы өнімін берді. Зауыттың құрылысына 1 мың адам жұмылдырылса, толық қуаттылықпен жұмыс істеген кезде 800-ден астам адам еңбекке араласады. Бұл еліміздің, соның ішінде өңіріміздің экономикасына үлкен көмек», - деді облыс әкімі Бердібек Сапарбаев. Оның айтуынша, ірі зауыттың екінші кезеңі болады. Мұнда қажетті шикізат өндіру ісі қолға алынады.

Кәсіпорын жылына 200 мың тонна көлемінде теміржол рельсін, 230 мың тонна басқа да сұрыптық өнімдер шығарады деп жоспарланған. Зауытты іске қосу арқылы

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның рельсті өнімдерге деген сұранысын қамтамасыз ету, сондай-ақ, таяу және алыс шетелдерге экспорттау көзделген. «Ақтөбе рельс-Арқалық» зауыты алғашқы өнімін шығарды. Кәсіпорынды Индустрияландыру Қартасы аясында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ы мен инвесторлар бірге салды. Бұл зауыттың ашылуы еліміздің көлік инфрақұрылымының дамып жатқанын дәлелдейді. «Мысалы, өткен бес жылда 1700 шақырым жаңа темір жол салынды. Алдағы 2-3 жылда жалпы ұзындығы 200 шақырым болатын темір жол салынады. Яғни, өнімге деген сұраныс артады», - деді Инвестиция және даму министрі Әсет Исекешов. Оның айтуынша, Ақтөбе феррокорытпа зауытының №4 цехы мен «Ақтөбе рельс-Арқалық» зауыты толық қуаттылықпен іске қосылған кезде өндіріс өсімі 30 пайызға көтеріледі. Қазіргі күні Ресей, Өзбекстан, Түрікменстаннан өзге Грузия, Қырғызстан, Әзірбайжан, Тәжікстан, Иран мемлекеттері нарығында рельске деген сұраныс жоғары. «Siemens S.P.A» компаниясының бас директоры Джузеппе Феррарионың сөзіне қарағанда, Ақтөбедегі зауытқа әлемдегі ең озық, соңғы технология қолданылған. ТМД елінде теңдесі жоқ өндіріс орнының өнімі ішкі нарықты толық қамтып, экспортқа шығаруға бағытталған.

Жер бедері: Аудан жері негізінен жазық, солтүстігі сәл қыратты келеді. Ең биік жері ауданның солтүстік-шығысында (414 м).

Климаты: Климаты айқын континенттік, қысы — суық, жазы — ыстық. Ауаның жылдық орташа температурасы қаңтарда –15 — 17С, шілдеде 21 — 23С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 220 — 250 мм.

Өзен-сулары: Ауданның оңтүстік-батыс жерімен Елек өзені және оның салалары Ақсу, Жамансу, Тәңірберген (Танаберген) ағып өтеді. Шығысын бойлай Жайық өзенінің саласы Қиялы Бөрте өзені ағады. Бірнеше ұсақ көлдер бар.

Топырағы: Аудан аумағында құрғақ дала белдеміне тән топырақ жамылғысы қалыптасқан. Тың және тыңайған жерлерді игеру барысында жерінің көбі жыртылған.

Өсімдіктері мен жануарлары: Ауданда 300-ден аса өсімдік түрі бар, оның ішінде боз, бетеге, қара жусан, ши, қамыс, құрақ, бұталы өсімдіктер өседі. Жануарларынан қасқыр, түлкі, қарсақ, суыр, борсық, сарышұнақ, аламан тышқаны және бауырымен жорғалаушылар, т.б. мекендейді. 160-қа жуық құс түрі ұялап, 27-ісі жыл бойы қалады. [2]

Мәртөк аудан топонимикасының тарихи – географиялық ерекшеліктері. Ұлы дала қойнауы – Қазақтың қасиетті де қадірлі ата-мекені – тұнып тұрған тарих. «Дала» деген ұғымды тек бір шөп деп ұғынуға болмайды. Алтайдан Донға дейін созылған Ұлы дала екі құрлықтың басын қосып, Еуропа мен Азияның қақпасына айналған тоқсан тоғыз жолдың торабы екендігі баршамызға аян. Мәртөк өлкесінің тарихы – бүкіл қазақ тараихының құрымдас бір бөлігі. Мортқық аумағы – қазақ елінің, қазақ жерінің – Қаратоғай болысының бөлігі. Алғашқы заманда бұл жердің беті терістікке жақын, өзен – сулары мол болған. Осыған орай ауа – райы ылғалды, өзендердің айналасы шүйгін шөпке, шұрайлы жайылымдарға мол болды. Өсімдіктердің көп болуы, жан-жануарлардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдайлар жасап отырды.

Қазақстан Республикасының далалық зонасында Ақтөбе облысының солтүстік бөлігінде орналасқан Мәртөк ауданының территориясы түрлі дәуірдегі көріністерге археологиялық ескерткіштердің өзгешелігімен ерекшеленеді. Археологиялық ескерткіштердің таралу және тығыз орналасуына табиғи-географиялық жағдай маңызды рөл атқарады. Осы жағынан алып қарағанда Мәртөк ауданының территориясы адамдардың өмір сүруіне қолайлы болды, тармақталған гидрожүйе, жайылымды жерлердің мол қоры ауданның археологиялық ескерткіштерінің көп болуына өз әсерін тигізді. Батыс Қазақстан даласы, соның ішінде Мәртөк ауданы үшін де тарихи дәуір ерте темір ғасыры деп аталатын хронологиялық кезеңмен байланысты болды. Осы уақыттан б.з.д. I мыңжылдықтың алғашқы ғасырларынан бастап б.з. I мыңжылдығының ортасына дейін скиф-сақ тайпаларының көшпелі одақтарының үстемдігі орнады. Мәртөк ауданы үшін М.К.Қадырбаев және Ж.К.Құрманқұлов зерттелген Елек маңының ескерткіштері Сынтас және Бесоба обаларының маңызы зор. Кейін Ақтөбе педагогикалық институты

негізінде экспедиция құрған С.Ю. Гуцалов жұмыс істеді. Ірі бейіттерде жоспарлы қазба жұмыстарын жүргізген бұл экспедиция тарихи-өлкетану мұражайының қорының мұраларын бірнеше есе көбеюіне үлес қосты. Осы аталған экспедицияның басты бағдары Елек өзенінің қос жағасын және Мәртөк ауданының территориясын жоспарлы зерттеу болды. Зерттелген барлық ескерткіштер паспортталып, ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясымен есепке алынды. Ірі бейіттерде жоспарлы қазба жұмыстарын жүргізген бұл экспедиция тарихи-өлкетану мұражайының қорының мұраларын бірнеше есе көбеюіне үлес қосты. Осы аталған экспедицияның басты бағдары Елек өзенінің қос жағасын және Мәртөк ауданының территориясын жоспарлы зерттеу болды. [3]

XVII ғасырда дәлірек айтсақ, 1693-1748 жылдары Кіші жүзге Әбілқайыр билік жүргізді. Хан ордасы Мәртөк жерінен оңтүстікке қарай, ал жаз жайлауы аудан аумағында орналасқандығы ғылыми тұрғыда дәлелденген. Өйткені, халықтың одан бергі тарихы Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың Ресей азаматығын алуға байланысты болса, одан кейінгі онжылдықтарда шаруалардың Ресейдің орталық губернияларынан Қазақстанға қоныс аударуымен сипатталады.

1896 жылы Жер ісі министрлігі мен Ақтөбе уезінің мемлекеттік меншікті бақылау бөлімдерінің ұсыныстарымен орыс тұрғындарына жер бөлінді. Бұл кезде біздің ауданымыздың аймағында екі қазақ болыстары орналасқан. Бөрлі және Қаратоғай болысы. Бөрлі болысы 1884 жылы, Қаратоғай болысы 1890 жылдары пайда болып, бес жыл өткен 1895 жылы Қаратоғай және Елек болыстары екіге бөлінеді.

1901-1905 жылдары Орынбор-Ташкент теміржолының құрылысы басталды. 1904 жылы теміржолдың Мәртөктен Ақбұлаққа дейінгі бөлігі салынды. Қоныс аударушылар 1904-1905 жылдары келе бастады. 1905 жылы вокзал салынып Мәртөк темір жол станциясы ретінде дами бастады. Мұрағат материалдары кентте бірінші үй 1907 жылы салынғандығын дәлелдейді. 1911-1913 жылдары 30 үй есепке алынды, 1916 жылы алғашқы диірмен құрылысы қолға алынды.

Мәртөк ауданына бірінші келген көшкіншілері 1907-1912 жылдары 15-12 десятинаға орналасты, кейін жерлері 12-7 десятинаға дейін төмендеді. 1909-1912 жылдары көшіп-қону саясатына сәйкес біздің ауданымызда төмендегідей болыстар бөлініп шықты: Андреевка болысы, Бөрлі болысы, Вознесенка болысы, Елек болысы, Қаратоғай болысы, Нагорный болысы, Петропавловка болысы, Полтавка болысы, Родниковка болысы, Степановка болысы. (100 жылдық мерейтой кітабы, ав. Е.Ониськова, Мәртөк, 2005 ж.)

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Украина мен Ресейдің Полтава, Херсон, Воронеж, Курск, Орлов облыстарынан бос жерлерге жайлы өмір іздеп келген қоныстанушылар орналаса бастағаны және патша шенеуніктері мен кулактарға кіріптар болғаны аудан тарихынан белгілі. 1917 жылғы төңкеріс мәртөктіктер өмірін өзгертті. Бұған дейін продкомиссар болған А.Я.Попов болыстық атқару комитетінің бірінші төрағасы болды. Жергілікті тұрғындарды тонап отырған ақ гвардия бандаларының шабуылдары ауыл зәресін ұшырды. Жаулар Мәртөк ауылын ғана емес, жақын маңдағы елді мекендерге де шабуыл тоқтатпады.

1918 жылдың тамызында Жайсаң темір жол станциясындағы барлық көшелер атты патрульмен күзетілді. Ауылды қорғауға жаяу әскерлер мадьярлар қатысты. Жайсаңдағы жеңіс елеулі тарихи оқиға болды. Вознесенка ауылы маңындағы ұрыс полк операциясы сәтті ұрыстардың бірі болды. Азамат соғысы жылдарында Қаратоғай, Линовицкое, Андреевка, Веренка, Байторысай ауылдары жаулармен жанкешті айқастардың орны болды. 1919 жылы Ақтөбе майданы жойылды. Ауданның аумағында кеңестер билігі орнады. Еңбекші шаруалар қалың бұқарасының арасында алғашқы партия ұялары өз жұмыстарын жандандырды. Вознесенка ауылында өткен жабық жиналыста артель ұйымдастыру, оны «Муравьи» деп атау туралы шешім қабылданды. Артель өмірінде жаңашылдық, игілік көп болды. Құрылыс жүргізілді, асхана, ұсталық слесарьлық шеберхана және т.б. объектілер салынды. Сұсты соғысты қуаң жаз алмастырды, 1921

жылы күзінде артель тарап кетті. Осы артельдің негізінде «Степь» коммунасы құрылды. Е.А. Саенко төраға болып сайланды. 1923 жылы екі коммуна қосылды. Егістікте «Фордзон» тракторы пайда болды.

1930 жылы ұжымдастыру ұжымдық толқыны есіп өтті. «Победа», «Свет», «Төңкеріс» және т.б. ұжымшарлар ұжымдық шаруашылықтардың қатарына қосылды.

1929-1932 жылдары жаппай ұжымдық шаруашылыққа кіру басталды. Алғашқы жылдары атпен, өгізбен өңдеді, кейіннен тракторла алынды.

1932 жылы облыста бірінші болып «Мәртөк» және «Жайсаң» МТС-тері ұйымдастырылды. Кейінен «Ново-Федеров», «Андреевкада» болды.

1934 жылы 23 желтоқсанда ВКП (б) Орталық Комитеті Пленумының 1934 жылғы 25-28 қарашадағы «Аудандарды ірілендіру жолымен аудан басшыларын өндіріске жақындату туралы» нұсқауының негізінде және ОАК «Орынбор облысын құру туралы» 1934 жылғы 7 желтоқсандағы қаулысына сәйкес Мәртөк ауданы құрылды. Осы жыл соңында Ақбұлақ ауданынан бөлінді. Соғыс қарсаңындағы жылдар қауырт еңбек кезеңі болды. Мәртөктіктер ұжымшарларды құруды аянбай еңбек етті. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері жыл өткен сайын еңбек жетістіктерінен көрінді. 1939-1940 жылдардың қорытындысы бойынша Құрмет кітабына ауданның жет шаруашылығы енді. Олар: «Буденный», «Красный скотовод», «Красный угол», «Путь революции», «Свет», «Сталин», «Шевченко» ұжымшалары.

Ұлы Отан соғысы (1941-1945) материалдық және адам ресурстарына бөліп әкетті. Мәртөк жерінен 3 мыңнан астам майданға аттанды. Тракторшылардың орнын тракторшы қыз келіншектер басты. Аудан, біздің көпұлтты республикамыз, Бүкіл Кеңес Одағы «Бір сағат тыным жоқ, балық уақытта және балық жерде жауды жеңу үшін күш жұмсалсын!» ұранымен өмір сүрді. Мәртөктік жауынгерлер ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Кеңес Одағының батырлары - ұшқыш Батурин Александр Герасимович, Кожемякин Михаил Степанович, Мазков Евдоким Константинович, артиллерист Губин Константин Яковлевич, батыл барлаушы Озмитель Федор Федорович. 50 жылдары шаруашылықтарда абаттандыру, тұрмысты жақсарту мәселелерін шешу жан-жақты мүмкін болмады. 1955 жылдың аяғында тың мен тынайған жерлерді игерудің белгіленген 25 мың гектарлық жоспары ауданда 5 гектарға асыра орындалды. 1980 жылдың екінші жартысы аудан үшін түбегейлі қайта құру кезеңі болды. Токсаныншы жылдары бұрынғы одақтық республикалардың егемендіктерін жариялаумен және тәуелсіздік алуымен сипатталады.

«Мәртөк(Мортық)» таза қазақ тілі ұғымын білдіреді. «Мортық» сөзі осы жерге XVIII-XIX ғасырларда көшіп келген ата-бабаларымыздың жер, өзендерге, шөпке берген атын білдіреді. «Мортық» сөзінің мағынасы мол. «Мартук туған елді мекені,"мортық" шөбінің атауынан шыққан» деген пікірлер бар. Мен көптеген мақалаларды оқи келе «Мартук» ауданының атауы, бірінің пікірі бойынша «мортық» шөбінен шыққан десе, басқа пікірлер бойынша мибатпаққа батып кеткен ақ маңдай жалғыз мүйізді бұқа туралы аңыздан қалды деседі. Ботаника саласы бойынша «мортық» шөбіне анықтама беретін болсақ, шөп биіктігі 50-60см шамасындағы өсімдік және ғұмыры қысқа - өлі шөп делінген.«Мортық шөбі Мәртөк елді мекенінен 25 шақырым қашықтықтағы «Қаратоғай» және 55 шақырым қашықтықтағы «Бұлақ» селолық округтары аймағында тіркелді» делінген. Өңірдің басқа орындарында аталмайды, яғни бұл шөптесін өсімдіктің аудан жағдайындағы таралуы мардымсыз. [4] Өзі, әдетте, «мортық» деген сөздің шөптен басқа мағынасы «кортық», «мыртық», «сынық» сияқты сөздермен туыстасып «аласа», «кетік», «тапал» сияқты ұғымдар беретіні белгілі. Аталған шөп – биіктігі 50-60 см шамасындағы өсімдік. Ендеше, ол аласалықты білдіретін ұғымға жоламайды. Түсіндірме сөздігімізде оның өзге мағыналарынан деректер жоқ. Мысалы, «Большая Советская эциклопедия» басылымында мортықты орыс транскрипциясында «мартук» деп сипаттама береді. Ендеше, бұл сөздің қазақтың төл сөзі емес, оның да Ұлы далада жинақталып, мұраға қалған өзге сөздер секілді басқа да мағыналары жетерлік болуға керек. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, бір сөздің бірнеше мағынасы болуы әбден мүмкін дедік, осымен байланысты

оның алғашқы буыны «мор» немесе «мар» делінген дербес сөздер болуы да мүмкін. Мысалы, ішіне от жағылатын шұқыр тілімізде - «мор», ал «морт» - бірден шорт үзілу, күрт кету мағынасын беретін сөздер. Мортыққа жақын ұғым, сірә, осы соңғысы болса керек. Яғни кенеттен кесілгендей қысқалық. Сондықтан сай тек мортық емес, жердің бедерін айқындайтын - қысқа мортықсай. Себебі Мәртөк елді мекенінде мортық шөбі кездессе, сиректеу кездесетін шығар, бірақ аттас мекеннің іргесінде, шамамен үш шақырым қашықтықта және 28 шақырым қашықтықтағы Жайсаң селолық округінде «Мортықсай» аталатын жерлер бар. Екеуі де – қысқы қар, жаңбыр суымен ғана толығып, өзен аталатын сайлар. Мортықты сай емес, Мортықсай. Бұл жердегі «мортық» сын есім мағынасында екенінде шүбә жоқ.

Жалпы, ауданда осы секілді сайлар өте жиі кездеседі. Мысалы, «Шолақсай», «Тереңсай», «Қызылсай», «Орташасай», «Тікашасай», «Молалысай... Мортықсай». Осы көп сайлардың бірі – «Мортықсайдың» тұсынан теміржол өтуімен байланысты 1907 жылы алғаш рет үй салынып, станса аталғаннан бастап, иесіз далаға жан кіріп, кейін Ресейден қоныс аударушылардың келуімен үйлер көбейе берген. «1911 жылы мұнда «Мәртөк» деген атау жоқ, бұл өңір 16 елді мекеннен тұратын Қаратоғай болысы» делінген. Ол уақытта сол елді мекендердің Қаратоғайдан басқасының бәрі түгелдей орыс атауларын алған. Сонда қазақта «Мортықсай» орыс сөзінде Мартукке айналып, кейін қазақ транскрипциясына көшірудің сәті түскен кезде «Мәртөк» болып шықты. Сөйтсек, Мәртөкті сол өңірдің қазіргі тұрғындары арасында «ертеде батпақты Мортықсайда бір мортық мүйізді өгіз ұймалап қалған екен, атау содан пайда болған» дейтін аңыз айтылады. Елек өзенінің оң жағынан қосылатын мұндай ағынды сай әлгідей екеу дедік, сонда «екеуіне де мортық мүйіз өгіз ұймаға түскен» деу керек пе? «Мәртөк» елді мекенінің атауына қатысты пікірлер осы уақытқа дейін әртүрлі. Олардың барлығы да назарға алуға тұрарлық, бірақ мұрағаттық дәлелдер жоқ. Газеттердегі жарияланымдардың біреуі ауданның атауы «мортық» шөбінен шыққан десе, басқалары мибатпаққа батып кеткен ақмандай жалғыз мүйізді бұқа туралы аңыздан қалды дейді. Мәртөктің аумағы бұрын батпақты болған. [5]

Орал педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетінде дәріс оқыған профессор, биология ғылымының докторы Е.Ағелеуов, ғылым кандидаты А.Богданов былай деген екен: «Мына Ақтөбе облысында Мәртөк деген жер бар, ол осы «мортық» деген шөптің атауынан шыққан» деп, кеппешөптерін көрсеткен болатын. Жайық жағасын аралағанда мен мұндай шөпті кездестірген емеспін. Демек, бұл шөп біздің жаққа ғана тән. Ал Мәртөк атауы ауданымыздың әр азаматын толғандырады деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін облыстық ономотика комиссиясының ұйытқы болуымен соңғы 7 жылда 18 елді мекен жаңа атауын алды. Мысалы: Нагорный - Саржансай, Степановка - Құрмансай, Коминтерн - Аққайың, Новомихайловка - Байнасай, Андреевка - Қызылжар, т.б. Ал Мәртөк атауына келсек, әуелі Мортық, онан соң Мартук, тәуелсіздік алғалы Мәртөк атанған елді мекенбіз. Бұл тарихи қалыптасқан атау. Тарихты жоққа шығара алмаймыз, 80 жылдық тарихы бар Мәртөк атауын өзгертудің қажеті жоқ деп есептеймін.

Атақты жазушы Рауль Мир-Хайдаровтың «Мартук – пристань души моей» атты автобиографиялық кітабында жазған болатын, біздің сүйікті Мәртөгіміз тарих беттеріндегі оқиғалардан еш қашан тыс қалмайды. Себебі менің жерлестерімнің өмір – тіршілігі жайында мәліметтер әлем алдында өз қызығушылығын жоғалтқан емес. Мәртөк тұрғындары үшін өз туған жерімен мақтан тұтуға бірнеше себеп бар. Мен қайда жүрсем де, әр кез айтып жүрген болатынымын, Мәртөк тұрғындары – ерекше халық, себебі олар биікке самғайды, жақсылыққа ұмтылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жекулин В.С. «Историческая география». Предметы и методы. – Ленинград. «Наука», 1982ж. 224с.

2. «Ақтөбе» энциклопедиясы – Ақтөбе, «Отандастар – Полиграфия» 2001ж. -553 б.
3. «Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі» – Ақтөбе, «Отандастар – Полиграфия» 2007 ж.
4. Аяпбекова Ә.Е. «Батыс Қазақстан аймағының ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдер бірлестігі» Алматы, 2002 ж. 27 б.
5. «Мартук» энциклопедиясы. Ақтөбе. 2007 ж.

Шалқарым - шежіресі мол өлке

Ғылыми жетекшісі: Китегулова Жанар Асановна

Автор: Әзірханов - №19 мектептің оқушысы

Шалқар ауданы - Ақтөбе облысының оңтүстік-шығысында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. Алғашында 1921 жылы аудан болып құрылған. 1922 жылы аумағында 6 болыс кіретін уезд, 1924 жылы 20 болысы бар аудан, 1932 жылы Ақтөбе облысы құрылғанда Шалқар ауданы болып құрылды. Жер аумағы 62,2 мың км². Орт. – Шалқар қала. Тұрғыны 45,8 мың адам (2006). Аудандағы 48 елді мекен 1 қалалық және 12 ауылдық округке біріктірілген. Облыстың 26,6%-ы аумағын алып жатқан Шалқар ауданының жер бедері әр қилы келген. Мұғалжар тауының оңтүстік жалғасы саналатын солтүстік, солтүстік-шығысы аласа таулы, қыратты-белесті. Бұл өңірінде Мұғалжар тауының ең биік жері — Үлкен Бақтыбай (Боқтыбай) тауы орналасқан (657 м). Одан басқа аудан аумағында бірнеше таулар және тау жұрнақтары (Екі ағайынды, 634 м, Тілепiттау, 278 м, Қарашоқы, 189 м, Ақтау, 246 м, Жақсыбұталы, 345 м, Қособа, 327 м) орналасқан. Ауданның батысын бойлай Шағырай үстірті, Шошқакөл бұйраты созылып жатыр. Шалқар ауданы Өзбекстан Республикасымен, Қызылорда және басқа аудандарымен шектеседі. Шалқар ауданның климаты шұғыл континентті болуына байланысты оның топырағы құба-сұр, сорлар көп кездеседі. Солардың жалпы белгісі- топырағында ерімейтін тұздардың мөлшері көп болады. Шөл мен шөлейт табиғат белдекінде орналасқандықтан, бұл өңірге көбінесе күн сәулесінің молдылығы, қар жамылғысының жұқалығы, буланушылықтың жоғары мөлшерде болуы, екпіні қатты желдердің етек алуы тән. Жаз өте ыстық та құрғақ болып келеді. Бұл мезгілде жер жылу мөлшерін тропиктегі аудандардан кем алмайды. Бірақ жауын шашынның өте аз мөлшерде түсуі егіншілікпен айналасуға мүмкіндік бермейді.

Шалқардың емдік сулары - Сексуіл сулы қабатының топырақ шөгінділерінен 220 метр тереңдіктен 27-ұңғыма атқылайды. Суының минералдылығы аз-/2 г/л/ хлоридті-гидрокарбонатты -натрийлі, аз сілтілі, салқын /15 град./, мөлдір, иіссіз. Оның микроқұрамындағылар /мг/л/: бром 24-31, йод-1-1,1, қос валентті темір-13-19, марганец-0,2-1,8, мыс-0,02-0,05, никель-0,02-0,03, бор-2-6,1, кремний-26-29, органикалық заттар-7-11. Құрамында гидрокабинатты және натрий йондарының, сол сияқты микроқұрамының көп болуы оның емдік қасиетін арттыра түседі. Дәрігерлік-биологиялық және емдік жағдайға байланысты Шалқар суын Ақтөбе мемлекеттік мед академиясы толық зерттеді /М.Дудченко, И.Будчанов, Я.Якунин, А.Полякова, Н.Рощина, Д.Құрманғалиева, т.б./ Осы зерттеушілердің және орталық курортология /Мәскеу/институты ғалымдарының қорытындысы бойынша №27 Шалқар суы сапасы жағынан Анапа, №17 Есентуки суларымен теңдес.

Өсімдігі: Түр тұқымына қарағанда обылыста өсімдік өте-мөте әртүрлі. Мұнда тамырлы өсімдіктің 417 тегіне, 92 тұқымдасына жататын 1057 шамасында түрі шығады. Шөп бітіктігі негізінен екі түрмен сипатталады: Далалықта –дақылдық, қуаң далада жусанды өсімдіктер. Шалқар өңірі құрғақ далалығында болғандықтан, негізінен дақылды әртүрлі бетеге-акселеулі шөп өседі. Оның сортаң жерлері кәдімгі бетеге, ақ және қара

жусанды. Мұғалжардың тастақты беткейлерінде сирек кездесетін бұталар мол. Таудың өзінді аңғарларымен қойнауларында көктерек, қайың өскен. Шөлейт өңірде жусандыдақылды шөптер өседі, геоморфологиялық жағдайлар айқындағандай олардың да өсіп өнуінің микрокомплекті шарты мұнда да құрғақ даладағыдай. Өңірдің неғұрлым құрғақ оңтүстік бөлігінде шөлде өсетін өсімдіктердің түрлері көп. Шалқар көлінің аймақтарында дақылды жусанды шөлдер бар. Жусанды ашық дала мен сортақты шөл Үстірт және Торғай Арал маңының оңтүстік бөлігін алған. Ащы сортақты шөлейттер мен шөбі жоқ сортаңдардың көп бөлігі Шалқар көлінің жағалауларына жақын жерлерде. Өңірдің шақын аумақтарын ақсексеуіл алып жатыр. Ағаш бұта өсімдіктері өңірдің неғұрлым солтүстік аудандарына тән жағалық орман және қайың көктер шоғыры түрінде өседі.

Аң-құстары: Географиялық орналасуы мен ландшафты климат жағдайының әртүрлілігі себепті обылыста аң-құстар түрі де сан алуан. Өңірде сүт қоректілерінің 62, құстардың 214 және балықтың 24 түрі кездесіп, сүт қоректілерінің 10 және құстың 35 түрі ҚР «Қызыл кітабына» енгізілген. Сүт қоректілерден кездесетін – Елек, Қарғалы, Қобда аудандарындағы орманды жерлерде мекендейтін бұлан. Оның саны көп емес. Бұлан мекендеген аймақта еліктер де тіршілік етеді, бірақ олардың саны көп емес 252 шамасында. Бұл өңірлер белгілі бір шамада лицензия бойынша ғана әуесқойлық аңшылық құратын объекті болып есептеледі. Жабық шошқа облыстық барлық жерлерінде өседі дегенмен, негізінен Шлақар ауданында шоғырланған. Қамыс құрақты қопалары бар ірі су арналарын, тоғайларды мекендейді. Саны әжептәуір 600-ге дейін барады, лицензия бойынша әуесқой аңшылық объектісі болып табылады. Тұяқтылар ішінде ең көп тарағаны киік. Жаз айларында бұлар Шалқар, Ырғыз, Байғанин, Темір, Мұғалжар және Ойыл аудандарында кездеседі. Қысты Үстірт жазығында, Қарақалпақстан шектесіп жатқан Байғанин және Шалқар аудандары өңірінде өткізеді. Қыс қатал болса, одан әрі оңтүстікке көшеді. Бұрын киікті аулау аңшылық кәсіп болып, онымен Ақтөбе мемлекеттік аңшылық шаруашылығы айналысқан болатын. Облыс жерінде киік саны 100 мыңға жақын. Сирек жануарлардың бірі қарақұйық – Шалқар, Сексеуілді өңірде кездеседі. Жалпы саны 100-150-ден аспайды.

Киік. Киікті қазақ киелі жануар деп есептейді. Ел арасында оларды атқан адам бақытсыздыққа ұшырайды деген сенім бар. Киіктің қаншалықты киелі екендігін кім білсін, бірақ өте ақылды және қандай табиғи ортада болмасын тез бейімделіп кететін жануар екендігі анық. Ақбөкендердің басына қаншама зобалаң заман туғанмен, миллиондаған жылдар бойы тұқымын сақтап қала алды. Осының өзі ақбөкендердің өмірге өте бейімділігін, өсімталдығын аңғартады. Егер ақбөкендердің басқа түз тағыларынан ерекшеліктері болмаса, ежелгі мамонттармен бірге құрып кетер еді.

Туған өлкем Шалқардың қазіргісі мен болашағы. Шалқар ауданы негізінен мал шаруашылығымен ғана айналысады, онда қой шаруашылығы, жылқы, түйе, ірі қара шаруашылықтары дамыған. Алайда агроөнеркәсіптік жүйе толық қалыптасқан. Себебі өсірілген түлектердің өнімдерін өндіретін жүйе дамыған.

Шалқар ауданының экономикалық-географиялық орнында мына ерекшеліктерді атап өтуге болады: 1. Ауданның көлік жүйесі жақсы дамыған; 2. Бұхара- Орал газ құбыры аудан аумағымен өтеді; 3. Бұхара- Орал газ желісінің аудан аумағымен өтуі ауданның көптеген елді мекендерін арзан отынмен қамтамасыз етеді; 4. Аграрлық - географиялық орны қолайлы, күрделі өңдеуден өтпей пайдаланатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі мен қамтамасыз ету деңгейі жоғары; 5. Сауда- саттыққа байланысты географиялық орны өнімдерді тұтынатын елді мекендердің келешегі бар, тұрақты болып келеді; 6. Демографиялық орны тұрғындардың шашыраңқы және темір жол желісінің бойындағы елді мекендерде қоныстануымен ерекшеленеді; 7. Рекреациялық-географиялық орны демалыс пен денсаулықты сауықтыру мекемелерінің (Бершүгірдегі емдеу - сауықтыру санаторий) орналасуы ауданның экономикалық- географиялық орнын анықтауда маңызды орын алады. Шалқар қаласында Орынбор - Ташкент т.ж., Ақтөбе - Шалқар көтерме,

Шалқар - Ырғыз тас жолы бар. Темір жолға байланысты локомотив, вагон депосы бар, минералды "шалқар суы" шығарылады. Қалада 6 мектеп, жол құрылысы орындары, мешіт, музей, аурухана, кітапхана, мәдениет үйі бар.

Шалқар ауданына қарасты Бершүгір аулы жұмыс орындарының көптігі жөнінен ауданда алдыңғы орында. Сонымен қатар бұл өңір биік тауымен, мөлдір бұлақтарымен және таза ауасымен ерекшеленеді. Жалпы,экологиялық шараларды сақтаса,Бершүгір өңірінде бүгінде тас өндіретін зауыт көп. Ұсақ тас өндіретін зауыттар ауыл халқын ғана емес, өзге де облыстардың тұрғындарын жұмыспен қамтып, ел экономикасының дамуына пайдасын тигізіп келеді. Ауылда жұмыс көп болғанымен, зауыттарда тас өндіргенде ауаға шаң араласып, ауыл экологиясына аз да болса әсер ететіні белгілі. Осы орайда Шалқар ауданында көптеген жыл жауапты қызметтер атқарған дербес зейнеткер Д.Елеусізовтың «Экология адамдардың іс-әрекетімен қалыптасады және оны сауықтыратын да адамдар болуы тиіс» атты мақаласынан үзінді келтіргенді жөн көрдік.«...Ауданымыздың терістігін алып жатқан Бершүгір тау жүйелерінің осы аймақтың өзіндік микроклиматын қалыптастырудағы орны ерекше. Қойнауы мөлдір бұлақ пен мәуелеп өскен жеміс-жидекке, аққайыңды ағаштарға толы жазы салқын самалды болып келетін бұл жерді — Шалқардың Швейцариясы десе болғандай. Уақытында сондағы елді мекенге, өзен-суға жақын тұрған шоқтығы биік әсем тауды карьерге айналдырудан қорғап қалғанбыз. Кейін естимін,сол тауды тас дайындау үшін карьерге пайдалануға заңдастырып алыпты. Табиғаттың сыйлаған осы әсем жұмақтай ұясын ондаған жылдар бойы бұзып-жарып ұсақталған тас дайындап, орнында шаң-тозаңын ғана қалдырып жатыр. Бұзып-жарған таудың орнын кейін табиғи қалпына келтіру мүмкін. Сонда осы аймақтағы жалғыз тау сілемін бұзып-жарып жоқ қылғанын кейінгі осы өңірде тұратын адамға, жан-жануарға, аудан табиғатына қандай әсері болмақ? Шалқар көліне құятын жалғыз Қауылжыр өзені басын осы таулардан алады ғой. Экологиялық тепе-теңдік бұзылып, Арал апатынан асқан зілзала әкелмесіне кім кепіл бола алады? Абзалы осы таулы аймақта жүргізіліп жатқан іске келешек тұрғысынан тереңде, күрделі экологиялық зерттеу сараптама жүргізілуі керек.» (Д.Елеусізов. «Шалқар» газеті 1 шілде 2004 ж.) Әрине, еңбекпен шығарып жатқан тастарын көшеге төгу, ақшаны желге шашумен бірдей болар деп те ойлаймыз. Оларды да түсінуге болады. Дегенмен ауыл шетіндегі мектепке қарай, балшықты тілерсегіне дейін кешіп келе жатқан мектеп оқушыларын көргенде, қазақтың: «Шамның жарығы түбіне түспейді» деген мақалын еріксіз еске түсіргендейсің. Кез келген ауылдың өзіндік қиыншылықтары, жеке проблемалары болатыны анық. Сол сияқты бершүгірліктердің жоғарыда айтылған мәселелері шешемін тапса, бұл ауыл ауданымыздағы үлкен өндіріс орталығына айналары сөзсіз. Сонымен қатар аудан аумағында туризмді дамытуға да, жазғы демалыс орындарын ұйымдастыруға да үлкен мүмкіндіктер бар.

Менің туған өлкем Шалқардың болашағы зор, ол Ақтөбе облысының оңтүстік микроэкономикалық аудандарының бірі. Ақтөбе облысындағы жүзеге асырылған мегапроектіге жататын елді мекен. Өткен жылы жаз айынан бастап «Жезқазған – Бейнеу» теміржол линиясының құрылысы басталып, оған Шалқар өңірі де қамтылды. Құрылыс 6 учаскеде басталып, «Шалқар – Бейнеу» - темір жолы құрылысына жұмсалған қаржы мөлшері 260 млрд. теңгені құрады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Ақтөбе облысының энциклопедиясы 2001жыл
- 2.“Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі” 2007 жылы.
- 3."Шалқар 140 жасқа толды" // «Ақтөбе» : газета. — 1 апреля 2010

Ақеспе атауының сыры

Ақтөбе гуманитарлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Адилова Жайнагуль Мустафаевна
Автор: Айдилдаева Газиза

«Ақеспе» – ауыл. «Жағасының топырағы – ақ, жазда құрғап қалатын өзен маңындағы ауыл» болғандықтан берілген атау болса керек. Қазақтың қай жері де тарихтан кенде емес. Соның бірі – алты Алашқа мәшһүр асау толқынды, көгілдір айдынды Арал жері, кезінде елдің елдігін, жердің кеңдігін жаудан қорғап, даудан сақтаған батырлар мен шешендердің құтты мекені болған жер. Бүгінгі ұрпақ осынау рухани мол қазынаны зерделеп, саралап қана қоймай, әлемдік өркениет көшімен бірге ілгері адымдап келеді. «Атау – тарих жаңғырығы» дегендей, талай ғасырдың куәсі болған тарихи сөздерді өз бойына жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен Арал өңірінің кейбір атаулар әлеміне тоқталып, оқырманға ой салуды жөн көрдік.

«Ақеспе» - ақ + еспе сөздерінің бірігуінен жасалған. Энциклопедиялық анықтамалықта: «жағасының топырағы ақ, жазда құрғап қалатын өзен маңындағы ауыл», - мағынасында берілген. Дұрыс та болар. Дегенмен, атау құрамындағы еспе сөзі туралы ғалым Ғ. Қоңқашпаев: «Жергілікті терминдер географиялық атаулармен байланысы аз, белгілі жерге тән метеорологиялық ерекшелігін бейнелейді. Төртінші топқа негізінен жергілікті топонимдер құрамында сақталынған терминдерді жатқызуға болады, бірақ та ол өз алдына терминдер сияқты қолданылмайды. Алайда, олар Қазақстанның аумағында бұрыннан бар географиялық атаулар құрамында кездеседі. Терминдердің бұл типіне еспе, нұра, сеңгір және т.б.», - деп жазса, ал сөздіктерде еспе: «Еспе көбіне құмдауыт немесе сор топырақты аудандарға тән атаулар. Жалпы еспе сөзі (сын) «ақпа, сусымалы, борпылдақ мәндеріндегі құмның, қардың (кейде құбылмалы желдің) сипатын көрсетеді. Еспе атауы қаз. есу етістігінен – «ес» етістігінің қимыл тұлғасы». «Еспе құмның суы жақын». Түркі халықтары тілдеріндегі есмек, ийшмақ, эшилме тұлғаларының «есу, қазу» мағыналары еспемен пара-пар.; Еспе. 1. (Ақт.: Ойыл, Түрікм.: Красн., Ашх., Мары, Таш.) – тайыз құдық; 2. (Қ-орда.: Сыр., Жал.) – құмды жерден ашып су шығару; осман түріктерінде: ашма – құдық, шөл даладағы су көзі; М.Қашқариде әсіл сөзін азайды», - деген мағынада берілген. Жоғарыда атау құрамындағы еспе сөзін ғалым Қ.З. Сембиев «желдің әсерінен пайда болған сусымалы құм төбе мәнін білдіретін «бархан» сөзімен байланыстырады.

Ақтөбе қаласының аталу тарихы

Ғылыми жетекшісі: Еспагамбетова Бибигуль Щорсовна
Автор: Щорсова Назия - №21 мектептің оқушысы

Ақтөбе қаласының негізі алғашқыда әскери бекініс ретінде 1869 жылғы 14 мамырда салынды. Бекініс құрылысын салуға Ақтөбе алқабының орталығындағы екі биік төбе ыңғайлы деп таңдап алынды. Бекініс жергілікті халықты ұдайы бақылап отыруға, олардың қарсылығын басып-жаныштауға пайдаланылды. Бекініс құрылысына Ақтөбе алқабының ортасындағы екі биік төбе лайықты деп ұйғарылып, алғашында 8900 десятина, ал кейіннен 27101 десятина жер кесіліп берілді. Бекініс салынатын осы екі биік төбенің сол жағасында ақтастан қаланған үлкен мұсылман бейіті бар болатын алқаптың, кейіннен бекіністің де Ақтөбе деп аталуы осыған байланысты. 1878 жылы Ақтөбеге алғашқы қоныс аударушылар-орыс шаруалары келеген кезден бастап әскери бекініс сипатын жоғалтып, қалалық қонысқа айнала бастады. 1878 жылдың көктемінде Ақтөбеге шаруалар келді. Осы жылдың күзінде солтүстік төбенің солтүстік батыс жағынан, болашақ Ақтөбе қаласының тұңғыш көшесінің негізін салған, тоғыз үйден тұратын Александровск көшесі (қазіргі Шернияз) пайда болды. Ақтөбе бекініс пунктіне ішікі Ресейден, атап айтқанда Воронеж, Курск, Харьков, тамбов губернияларынан қоныс аударушылар келді. 1878

жылдын бастап Ақтөбеге алғашқы қоныс аударушылар-орыс келе бастады.Бастапқыда 28 отбасы келді.Өздерінің әскери қызмет жолдарын өтегеннен кейін Ақтөбеге тұрақты қоныс тепкен солдаттар оңтүстік төбенің шығыс жағынан Крепостной (қазіргі Типография) және Гарнизон көшелерінің негізін салды.1880жылы қоныс аударып келген Г.Арнаутов тағы басқалары терістік жақтан Орынбор көшесінің негізін қалады. Алғашқы кезде қоныс аударушылар уезд басқарушысының нұсқауы бойынша, ешқандай жоспарсыз ораналасып, өздерінің үйлерін тұрғызды.Ал кейіннен уезд басқарушысы Шмидтердің орнына тағайындалған капитан Сунгуровтың кезінде ғана Ақтөбенің тұңғыш қалалық жоспарының жобасы жасалды.Жобаны Торғай облыстық архитекторы Свинницкий жасап, оны 1881жылдың 23 қаңтарында Орынбор генерал-губернаторы бекітіп, Ақтөбе қоныстанушыларға кеңінен ашық деп ресми түрде жарияланды. 1880жылы патша үкіметінің нұсқауы бойынша отарланған аса бай өлкені басқаруды жеңілдетіп, еңбекші халықты бағындырып ұстау мақсатымен Ақтөбе бекінісі-Торғай облысының Елек (Ақтөбе) уезінің орталығына айналды.Ақтөбе бекінісінің негізі қаланған уақыттан бастап-ақ маңызды бекет ретіндегі ролі арта түсті. Бірінші көшелер-Крепостной, Гарнизон,Орынбор көшелері пайда болды.1880жылы Ақтөбе бекінісі Торғай облысының уездік қаласы Актюбинск болып аталды. 1881жылы 23 қаңтарда Ақтөбенің тұңғыш қалалық жоспарын Орынбор генерал-губернаторы бекітті.Жобаны архитектор Свинницкий жасады.

1884жылы Ақтөбе екі поселкеден тұрды.Төменгі поселкеде (екі төбенің аралығына) қазіргі Ақтөбе қаласының орталығы салынды. 1891жылы 25 наурызда Ақтөбе бекінісі қала статусын алып, Ақтөбе уезінің орталығы болып бекітілді. XX ғасырдың алпысыншы жылдарының екінші жартысынан бастап Ақтөбе қаласы өсіп, көркейе бастады.Тұрғын үйлер,мәдени-қоғамдық қызмет ету орындарын салу ісі, шағын аудандар құрылысы жүре бастады.

Біз өзіміздің туған жеріміз бен тұратын жеріміздің, өз қаламыздың көше атауларының тарихын білеміз бе? Көшелер - біздің қаламыздың тарихының куәсі, ал көшелердің атауы- бүгінгі мен өткен күн туралы бейнелі ұғымдар. Ақтөбенің алғашқы аты-Илецк, Елек өзенінің жағасындағы қала.О баста әскери бекініс боп тұрғызылған.Алғашқы тұрғындары патша әскерлері-дені қазақтар. Бертін келе, дәлірек айтсақ өткен ғасырдың 80—90 жылдарынан ішкі Ресейден, Украинадан орыс мұжықтары келіп қоныстанған.О бастағы қала тұрғызғандағы мақсат-қазақты көркейту болмаған, орыстың өз қамы.Біздің ғасырдың бас кезінде Ақтөбеде, оның төңірегінде 90 шіркеу, 100ге жуық құдайға сыйынатын үйлер, 200-ден астам сыраhana мен шарапhana жұмыс істеген.Облыстық мұражайда ескі Ақтөбенің Александров көшесін бейнелеген сурет бар.Шамасы Александр патша құрметіне қойылған болар.Кейін К.Либкнехт, қазір Шернияз көшесі.Бұл ескі Ақтөбенің бас көшесі.Ақтөбе көшелерінің атаулары күні бүгінге дейін қып-қызыл болды.Мысалы, олар Ленин, Сталин, Ордженикидзе,Киров, Фурманов,Фрунзе,Горький,Октябрь... т.б. жалғаса береді. Қалада 287 көше бар.Соның оннан біріне жуығы ғана Қазақстан, қазақ есімдерімен байланысты болды.Тәуелсіздік алған 7-8жылдары Ақтөбенің орталық көшелерінде қазақ халқының тарихи қайраткерлерінің, ұлттың игі жақсы ұлдары мен қыздарының есімдері берілді. Көшелердің тұрғызылуы тек 10 жылдан кейін ғана 1878 жылы қоныс аударушылар келгеннен кейін пайда бола бастады. Бекіністің негізін салушылар әскерилер болғандықтан,соның бейнесі Гарнизонная (сарбаздардың соғыстан кейінгі жерлеріне жертөлелерді салған, төбенің оңтүстік жағы) көшесінің аталуы болды. Крепостная- Гарнизонная көшесіне тік қарсы жатқан (қазіргі Қазақстанның 30 жылдығы көшесі) 1882 жылы Крепостной көшесінде жергілікті әкімшіліктер үшін: уезд бастықтары, соттар, дәрігерлерге арналған пәтерлер орналасты.

Ақтөбенің солтүстік-шығыс жағалауында Набережная көшесі болды.Сол кездегі басшылық В.Свеницкийдің бас жоспары Ақтөбе бекінісін өзіндік аудандарға бөлді.Солтүстік бөлік- Курмыш деп аталды, В.И.Далидің сөздігі бойынша көшенің бір

жағы үйлермен, немесе шағын ауылдар қаланың жанында орналасқан.1881жылы бекіністің төбеде орналасқан жоғарғы бөлігі, қала деп аталды, ал жаңа бөлік – поселка деп аталды.Бұл аудандағы басты магистраль Старожительская көшесі болды, ол Ш.Александрдың құрметіне Александровск,содан кейін К.Либкнехт, қазір бұл көше ақын Шернияз Жарылғасұлының атында.Кейбір атаулар біздің күнімізге дейін өз атауын жоғалтпай сақталып қалды.Қазіргі атақты қазақ ақыны және жазушысы болған Т.Ахтанов көшесі бұған бірнеше атауларды иемденіп келді, 1920 ж.Покровская, Красноармейской,1952ж.Мира, 1967ж. 50лет Октября болды.Сондай-ақ Илецк көшесінің тарихы да сондай, судья Г.Абрамовтың үйінде 4-кластық орыс-қазақ училищесі болған.1925ж.қарашада (революционер М.Фрунзенің қайтыс болған жылы) Ақтөбе губерниялық орындаушы комитеті Илецк көшесін осы М.Фрунзенің атымен атауды ұйғарды.Қазіргі уақытта бұл көше батыр Жанқожа Нұрмұхамедовтың атымен аталады.1910ж. Благовещенская көшесінде вино лавкасы ашылды, (Советская көшесі, қазір ақын Махамбет Өтемісов атымен аталады.Ақ-төбенің Актюбинск болып қайта аталуынан кейін 1924ж. Оренбургская көшесі Ленина болып, содан кейін қазір ірі саяси қайраткер Әйтеке би атымен аталады.Ақ-төбенің оңтүстік бекінісі 1887ж. «Оторвановка» атауын алды,ол бекіністен әлдеқайда қашықтықта орналасты.Мұнда әр жақтан келген қоныс аударушылар және Украинская, Астраханская, Новочеркасская Және кубанская көшелері болып аталады. (қазіргі Л.Мирзоян) Оренбург-ташкент теміржол құрылысына Москвадан келген теміржолшылардың келуімен «Москва» деген аудан атауы пайда болды.Атаулардың барлығы алдымен, тарихи оқиғаларды бейнелейді.Олар туралы естеліктерді сақтап, өз қаламызды жақсы білуге көмектеседі.Біздің ұрпақтарымыз үшін Ақтөбе қаламыздың қалай өркендеп, дамығанын, оның тарихымен адамдардың және оқиғалардың байланысының куәсі болып қалады.

Қаламыздағы кейбір көшелердің ескі және жаңа атауларына тоқтала кетсек:

Бейбітшілік даңғылы - пр-кт Мира;

Перов көшесі - ул. Ливенцова;

Рыскулов көшесі - ул.Строительная;

Сәңкібай батыр даңғылы - пр-кт. Труда;

Ағайынды Жұбановтар көшесі - ул. Энгельса;

Абай даңғылы - Октябрьский бульвар;

Ш.Қалдыаяқов көшесі - ул.Скулкина;

Әбілқайыр хан даңғылы - Ленинский пр-кт;

Есет батыр көшесі- ул. Кирова;

Ибатов көшесі - ул. Грозненская;

Е.Тайбеков көшесі - ул. Дружбы;

М.Оспанов көшесі - ул. Тюленина;

Г.Жубанова көшесі - ул. Заречная;

Карағұл батыр көшесі - ул. Правды;

Смағұлов көшесі - ул. Степная;

Әкімжанов көшесі - ул. Саздинская;

Құлымбетов көшесі - ул. Карагандинская;

Өтемісов көшесі - ул.Советская;

Жанқожа батыр көшесі - ул. Фрунзе;

Асау-Барак көшесі - ул. Горького;

Әйтеке би көшесі - ул. Ленина;

Шернияз көшесі - ул. К.Либкнехта;

Ахтанов көшесі - ул. 50 лет Октября;

Мирзоян көшесі - ул. Кубанская;

Қобыланды көшесі - ул. Дзержинского;

Уәлиханов көшесі - ул. Орджоникидзе;

Арынов көшесі - ул. Петровского;

Әжібай би көшесі - ул. К.Маркса;
Білтабанов көшесі - ул. Веерная.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.История Актюбинского уезда (1869-1917) Актобе-2005.Султанғалиева Г.С.
- 2.Из истории Актюбинской области,Актобе-2006г.
- 3.Переименования в топонимической системе Актюбинской области,Актобе -2008г
- 4.Ақтөбе газеті,2008ж.№3
- 5.Ақтөбе газеті, 2011ж.№5

Шалқар қаласының топонимикасы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Байдрахманова Гульназ Абилбахитовна – информатика магистрі
Автор:Абашева Мөлдір – география мамандығының 4 курс студенті

Мағыналы Шалқар деген ат қандай,
Маңғаз дала мәңгі шалқып жатқандай.
Күннің көзі Шалқар жақтан шыққандай,
Таңның өзі Шалқар жақтан атқандай.
Палуан тұлға ұлдар өскен шат қандай,
Қыздары бар алма мойын, ақмаңдай.
Жер жәннаты бәлкім, Шалқар даласы,
Жанарлардың жауын алған мақпалдай!

Адамзат жаратылғалы бері қанша өзен ағып, қанша су тартылып, дүние мың қайтара жаңарды.Тіпті кей өзен-көлдердің тамшысы қалмай, ізім-қайым жоғалып жатқандары да бар. Бірақ ежелден малға да, жанға да, аң-құсқа да құтты қоныс болып, осы күнге дейін сарқылмас сый-несібе сыйлап келе жатқан көлдердің бірі - Шалқар.

Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы осы көл Солтүстік Арал алабында, Шалқар теміржолы станциясының оңтүстік-батысында орналасқан. Теңіз деңгейінен биіктігі 167,0 м. Ауданы 5,65-7,9 км², Ұзындығы 7,0 км, ең енді жері 1,8 км. Солтүстік және солтүстік-шығыс жағалауы жазық, қалған бөлігі жарлауытты. Көл Ескі Шалқар көлімен бір қазаншұңқырда жатыр. Ертеректе екеуі суы ащы бір көл болған, 1937 жылы тас-бетон бөгет арқылы көл екіге: солтүстік-шығыс тұщы (Шалқар көлі) және оңтүстік-батыс ащы (Ескі Шалқар көлі) көлдерге бөлініп қалды. Суы мол жылдары көл суының бір бөлігі бөгеттегі су жібергіш арқылы Ескі Шалқарға құйылады. Суы тұщы, минералдылығы 400-500 мг/л. Шалқар теміржол станциясының тұрмыстық-шаруашылық қажеттілігін өтейді. Жергілікті тұрғындардың бау-бақша, мал суару сықылды қажеттіліктеріне қолайлы. Ал, балығын талғажау етіп, отбасын асырап келе жатқандар бұл мекенде әлі де кездеседі.

Шалқардың емдік сулары - Сексеуіл сулы қабатының топырақ шөгінділерінен220м тереңдіктен 27-ұңғыма атқылайды. Суының минералдылығы аз 2 R\N хлоритті-гидрокарбанатты, натрилі, аз сілтілі, мөлдір, иіссіз. Оның құрамындағы бром 24-31, иод 1-1,1, қосвалентті темір 13-19 т.б органикалық заттар бар. Суын Ақтөбе Медакадемиясы толық зерттеді.

Осы көлдің атауымен аталатын шағын қала, яғни менің қасиетті туған жерім Ақтөбе облысының оңтүстік-шығыс бағытында орналасқан.

Бұл өлкенің ежелгі тарихынан беретін мағлұмат сиректе болса баршылық. Қазіргі 145жылдық тарихы бар қаланың ең алғашқы тұрғындары 1870жылы Шалқар көлінің жағасына қоныстанған. Олар мал шаруашылығымен айналысып, алғашқы жер үйлерді

тұрғызған. 1901-1903 жылдары Ташкент темір жолы жүргізілгеннен кейін, Шалқарда бірінші өнеркәсіптік кәсіпорын – Шалқар паровоз депосы, ал 1905 жылы теміржол училищесі ашылды.

Алғашында 1921 жылы бұл қала аудан болып құрылған. 1922 жылы аумағында 6 болыс кіретін уезд, 1924 жылы 20 болысы бар аудан, 1932 жылы Ақтөбе облысы құрылғанда Шалқар ауданы болып құрылды. Жер аумағы 62,2 мың км². Орт. – Шалқар қаласы. Тұрғыны 45,8 мың адам. Аудандағы 48 елді мекен 1 қалалық және 12 ауылдық округке біріктірілген.

Шалқарды құм деп жерін қосынбаңыз,

Құмы – құт, суы – байлық, осында аңыз.

Еңбекпен бағы жанған, шамы жанған

Батырлар, бақыттылар осындамыз!

Танытып туған жердің Шалқар атын

Шықты ғой талай ғалым, талай ақын, –

деп ақындарымыз жырлағандай Шалқар даңқын асырып, халқына қалтқысыз қызмет етіп қалаулысына айналған жерлестеріміздің есімдері де мәлім. Олай болса Шалқар тарихында Шалқар жеріндегі батырлар, ақындар, жазушылар, күйшілерді кейінгі ұрпаққа кеңінен таныстыра кеткенім дұрыс болар. Шалқардан шыққан қайталанбас тұлғалар деп – Тілеуұлы Мөңкеби, Есет Көтібарұлы, Достанби, Кеңес Одағының батыры Ідіріс Үргенішбаев, асылтұқымды түйе өсіруші Әзім Ниетұлы, ұлы математик Дәулет Үмбетжанұлын мақтана айта аламыз. Дүниежүзіне аты мәлім жазушы Тахауи Ахтановтың да кіндік қаны Шалқарда тамған. Бірнеше романның авторы Сара Мыңжасарова Рахманқызы, әртіс Байеділ Наурызов, генерал Т.Жалмұханбетовтар, күлкі керуенінің мәйегі Лидия Кәденова, салған әні сырнайдай Жанар Айжанова, ана тіліміздің абыройын қорғап жүрген Гүлмереке Сермағанбетқызы Шалқар топырағынан жаралғандар.

Көтібар Бәсенұлы (1757-1893) Бәсен батырдың 6 баласының бірі болған. 1775 жылы шектіліктер мен түрікпендер арасындағы ұрыста батырлығымен көзге түскен. Патшалық Ресейдің Отарлық саясатына қарсы күрескен.

Қарағұл Қонақбайұлы (1806 - 1890) әрі батыр, әрі би, әрі молда, әрі мырза Есет Көтібарұлының қол бастаған сенімді серіктерінің бірі.

Есет батыр (1803 - 1889) Ұлы борсық бойында, шалқар ауданында Ақши деген жерде дүниеге келген. 15 жасында жайық қазақтарына қарсы күресте көзге түсіп «Батыр бала» атанған. 1847-1848 жылдары Жанқожа батырмен бірге қоқан, хиуа хандығына қарсы шықты.

Сары Батақұлы ақын, әнші, композитор. Осы Шалқар қаласында 1863 жылы туған. Оның «Қыз Қосан», «Дүние», «Дарига», «Әридау», «Туған ел» әндері адамның жан-дүниесін, ой-арманын, қиял-сезімін қозғайды. 1940 жылы академик Ахмет Жұбанов «Сары атты» музыкалық пьеса жазды. Сарының әні «Аманкелді» фильміне таңдап алынды.

Аты жалпақ әлемге әйгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов Қызылорда облысы, Арал ауданында дүниеге келген. Оның балалық шағы Шалқарда өтті. Осында №1 қазақ орта мектебін бітіріп 1940 жылы әскер қатарына алынды. 1946 жылы Ә.Нұрпейісов Шалқарға қайта оралып, осында тырнақ алды туындысы «Курляндия» романын жазды.

Шалқар ауданы аумағында тарихи-археологиялық және мәдени ескерткіштер, қорғандар мен обалар осы күнге дейін сақталған. Олар: Есет-Дәрібай мазары, Тұяқбай тамы, Тоқпан күмбезі, Балғазын күмбезі, т.б.

Аудан экономикалық даму қарқыны жөнінен республикадағы 160 ауданның алғашқы сегіздігіне енді. Бұл жалғыз әкімшіліктің ғана емес, жалпы аудан халқының татулығының, бірігіп жұмыс жасағанының нәтижесі. Аудандағы «Теміржол жөндеу» АҚ, «Тау-Кен», «Жаңатас-Продактс», «Көктас», «Қамқор-Вагон», «ЖБИ-30», «Мұрагер» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері, шағын наубайханалары, т.б. өнімдері артты. Ауыл шаруашылығы саласында үш заңды тұлғаның басқаруымен бес жүзге жуық шаруа қожалықтары жұмыс жасайды.

Бүгінде қаламызда көптеген жаңа ғимараттар бой көтеріп жатыр. М.Шыманұлы мен І.Үргенішбаев көшелерінің қиылысынан 2216, 5 шаршы метр жерді алып жатқан ел көңілін қуантар еңселі мешіт Ділдә Қоқанованың демеушілігімен бой көтерді. Бұл жерде 250 орындық мешіт үйі, 30 адамдық медресе, 400 адамдық ас беру орталығы бар. Мешіт құрылысын бұрын осындай қасиетті орындарды салып маманданған, қырық адамнан тұратын құрылыс бригадасы сапалы түрде жүргізді. Иmandылыққа бет бұрған, адамгершілікті, адалдықты жанына серік еткен жандар үшін Алланың бұл үйі жамағатқа үлкен қуаныш болды.

Елбасы Н.Назарбаевтың «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша 1200 оқушыға арналып салынған санаулы мектептердің бірі 2008 жылдың аяғында пайдаланылуға берілді. Мектеп заман талабына сай толық жабдықталған. Ғимарат көлемі 21 056 шаршы метр, 3 қабатты, 6 блоктан тұрады. Мектепте 468 бала оқиды. Балалар Ф.Вассерманның «Биоақпараттану және синергетика» білім беру технологиясы бойынша оқытылады.

Ауданда жаңа емхана мен аурухана бой көтерді. 2007 жылы аудандық ауруханадан денсаулық сақтау Министрлігінің бұйрықтарына сәйкес емхана дербес бөлінді. 2007 жылдың қазан айында аудандық емхана жаңадан салынған типті екі ғимаратқа көшті; емхана құрамында 12 дәрігерлік амбулаториялар, 12 медициналық пункт қарайды. Халыққа дәрігерлік медициналық көмек көрсетудің деңгейі көтерілді, жаңадан заманға сай медициналық құрал-жабдықтар алынды, тұрғындардың емделуіне, медициналық қызметкерлерге барлық жағдай жасалынған. 2006 жылы Аудандық аурухана ғимараты салынып, аурухана жаңа ғимаратқа көшірілді, бұрынғы аурухана ғимаратына туберкулез ауруларына қарсы жаңадан ашылған 60 койкілік (төсек) аурухана орналасты.

Тағы бір жаңалығымыз — Шалқар ауданында келіп оқитын балалардың көптігіне байланысты, аудан орталығынан жергілікті әкімшілікпен келісе отырып, жаңа Бәйішев колледжі салынды. Бұл Шалқар мен оған жақын орналасқан аудандардың балалары үшін үлкен қуаныш. Осы секілді түрлі-түрлі ғимараттармен гүлденіп келе жатқан Шалқар қаласының болашағы сенім артарлық.

Өткен ғасырларда шалқыған балаусалы, көк құрақты, жасыл желекті, айналасына саялы самал жел сыйлай толқып жатқан әдемі екі көлді жергілікті ата-бабалармыз «Қос Шалқар» деген екен. Кейін келе қос көл бір арнаға тоғысқан соң, «Шалқар» есіміне ауысыпты. Осы жерді ғасырлар бойы мәңгі тұрағы етіп мекендеп қалған тұрғындар құрақты көлге еті үйреніп, бауыр басып қалғандықтан көл есімімен қала атауын бөліп-жармағанды жөн көрсе керек. Сол себепті көл мен қала атауы бір есіммен «Шалқар» деп аталып кеткен екен.

Атына заты сай болып, шалқыған қазақтың кең даласында шалқасынан жатқан Шалқарымның есімін одан әрі шарықтату менің басты арманым!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. "Қазақстан". Ұлттық энциклопедиясы 6-том
2. "Обзор Тургайской области" за 1905 год. 1905.
3. Ақтөбе облысының энциклопедиясы 2001 жыл
4. "Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі" 2007 жылы.
5. "Шалқар 140 жасқа толды" // «Ақтөбе»: газета. 1 апреля 2010
6. Акимат Шалкарского района Актюбинской области
7. Актюбинская область. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Астана, 2011. Т. 2
8. Мейрамгуль "Шалқар әлі-ақ үлкен шаһар болады" // «Ақтөбе»: газета. 19 августа 2010.
9. Султанғалиева Г.С. "История Актюбинского уезда" (1869-1917). Ақтөбе, 2005. 264с

Ақсай ауылының аталу тарихы

Ғылыми жетекшісі: Калимова Замард Бекишовна - №51 мектеп – гимназиясының мұғалімі

Автор: Жарилкаганов Алихан - №51 мектеп - гимназиясының оқушысы

Қазақ жері өз қойнауында талай тарих сырларын бүгіп жатқаны анық. Әлі де зерттелмеген жерлер қаншама?... “Жалпақ жұртыңды, иісі алашыңды құрметтеу өзің тұрған өлкеңнің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады... Өңір тану – Отан танудың әліппесі”-деп Елбасымыз өз Жолдауында көрсеткендей, өз туған өлкеміздің жер-су атауларын, олардың қалыптасу негіздерін, тарихын білу –біз үшін парыз. Ақсай ауылының тарихи атауын зерттеп,анамның туған жерінде болған тарихи оқиғаларды көпшілікке танытқым келді.

Ақсай ауылы – Ақтөбе облысы, Темір ауданында елді мекен атауы.Аудан орталығы Шұбарқұдық темір жол станциясының солтүстігінде 35 шақырым, облыс орталығынан 225 шақырым қашықтықта Жаманағаш өзенінің бойында орналасқан. Жер көлемі:2,6 шақырым квадратты алып жатыр. Бұл ауылды біраз уақыт Жаманағаш, содан кейін Перелюбовка енді Ақсай атауын неліктен қойған? Біраз уақыт Жаман ағаш деген атау қайдан шықан? Жаманағаш атауы бұл өткен ғасырдаң келе жатқан ежелгі атаудың бірі. Жаманағаш жазды күні былқылдап жатқан батпақ ну орман, ал қысты күні малға ық, жылы жер.

Мал баққан қазақ қыста бұл жерді мал жаюға сеп көрген. Осы жерде мың жылқылы байлар болған. Солардың бірі Дау. Жаманағаштың айналасында кезінде мыңдаған жылқыны суарған Сүлеймен құдық. Онын жанында суы таусылмайтын Тасбұлақ. Тасбұлақтың суын төрт жылқышы қатар тұрып қауға тартқанда ортаймайтын еді – деп ауылдын үлкендері айтады. Одан әрі Бекенсайда Құлбатырдың баласы Әбіхан бай тұрған. Негізінен бұл өңір жылқы өсірген.Осы күні біздің кезімізге жеткен «Ақсай», «Талдысай», «Жаманағаш», «Ақтасты», «Ащы екен-ау», «Бадамша», «Сүлікті», «Бекенсай» және басқаларының барлығында кезінде нурлы жер болғаны анық. Осынау жерлерді өткен ғасырдың аяғында, жиырмамыншы ғасырдың басында Әлімнің бес шүрені мекен еткен. Жаманағаштың бойын бес Шүреннің ішінде Жарты Шүрен жайлаған, Жарты Шүреннен үлкен-үлкен билер шықан. Атақты Шонты би Шүреннен шықан, ал оның баласы Құлбатыр осы мекенде дүниеге келген. Шүреннің бес баласы негізінен алғанда Жаман Шүрендер – «Сүлікті», «Шілікті», «Байғанин» бойын мекендеген, Аман Шүрендер «Батамша» бойында мекендеген, Көшкіншілер – «Талдысай», «Қонжар» бойын мекендеген, Кешубайлар – «Ащыекен-ау», «Қопа», «Қалмаққырған», Жарты Шүрендер осы «Жаманағашта» мекендеген. Өткен ғасырда, 1861 жылдары дүниегі келіп 1905 жылдары дүние салған заманның бұлбұл ақыны Әбубәкір Кердері Шоқанұлының бір өлеңінде мынадай жолдар бар:

Бұрынғы өткен атамыз,
Түркебай, Айтқұл өмірі үшін.
Қоныстан ауып келіппіз,
Байлығына мал қосып,
Билеріңізге сыр қосып.
Аралас көшіп жүріппіз.
Бұл жердің елі бес Шүрен,
Кеңшілігін көріппіз.
Бұл уақыттар болғанда
Тарап кеттік қонысқа.
Әміраубай қырылдақ
Дұшпан болыс болғанда
Бұрынғы жолды сағындық.

Түскенменен болмайды,
От алып қолға қамысқа.
Тәуір көрген жігітке,
Тілектес болған намыс па?
Кешегі штат болғанда
Тілектес болды көп халық.
Бас аяғы құралып,
Бұл Шүренің ішінде.

Жиырмамыншы ғасырдың оныншы жылдары тарихқа белгілі болған Столыпин реформасы кезінде патшалық Ресейден жер аударылып, қазақ даласына қоныстанғандардың бірнеше топтары Ақсай бойына да келген еді. Украинаның Днепропетровск маңайындағы қоныс аударғандардың бір тобы Жаманағаштың жанындағы Ақсайды қоныс тепті. Бұл селоны көшіп келген Украинадағы өздері шықан жердің атына сай немесе туған жерге деген сағынышқа орай «Перелюбовка» деп атады. Сонымен №22 Перелюбовка селосы 1910 жылдары дүниеге келіпті. Күндері үшін бөтен елге келген украин шаруалары село-село болып бөлініп, көп уақытқа дейін далада оқшау өмір сүрді. Біреуде барын біреуге жалғап егін екті. Олар көшіп келісімен шұрайлы, сулы жерлерді меншіктеп алды. Және олар өзінің тұрмыс тірлігіне қарай үй салып, бақшасы мен егістерін қоршап алып, отырықшылық тіршілікке орай өмір сүрді. 1990 жылы селолық кеңестің сессиясында осы кезге дейін «Перелюбовка» селосы болып аталып келген ауыл «Ақсай» деп атала бастады. Ақсай – ауылдың жанынан өтіп жатқан өзеннің аты. Сол жылдары селолық Кеңесінде 500 –ге жуық жанұя тұрады екен. Қазіргі таңда Ақсай селолық округінде 5 шаруа қожалығы, 1 орта мектеп (Нурпейіс Байғанин атындағы орта мектеп), 1 балабақша, 1 мәдениет үйі, 1 кітапхана, 1 емханахана.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. "Туған жерім " жобасында пайдаланатын электронды энциклопедия, 2005
2. Ақтөбе газетінде жарияланған Темір ауданы туралы мақала, 1991
3. История Актюбинской области. – Актөбе, 2006. – 698с.
4. Ақсай ақиқаттары, У.Қауыс – Актөбе, 1993. – 66с.

Түлеген Ойыл өңірі

*Ақтөбе гуманитарлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Калиева Алма Елубаевна
Автор: Майлыбай Фариза*

Ойыл – ежелден келе жатқан көне қала. Ұлан байтақ қазақ даласының батысында жатқан Ойыл өңірі ежелден-ақ әрқилы ұлттардың назарын өзіне аударған. Ақтөбе облысының арғы-бергі тарихында ең шежірелі ел ордаларының бірі ретінде Ойыл өңірін атасақ, батыс өлкесінің тарихнамасына қиянат болмас деп ойлаймыз. Онда тек бабалар тегі тарқатылмайды, ұрпаққа үлгі елдің ежелгі жайы сөз болады. Сол сияқты “Ойыл” немесе “Көкжар” деген сөздің түп-төркіні туралы әртүрлі болжам айтылады. (2-сурет) Ойыл өзенінің бастауындағы бұлақ көзі мен жылма- жылғы еріген, тасыған қар суы бірнеше жылдар бойы бірте-бірте жыра, арна салу арқылы шамамен 1700 жылдан кейін пайда болып, осы арна-өзен бойындағы Асанқайғының таңдауы мен жырына мазмұн-тақырып болған ойдағы ел – Ойылдың атымен аталды деп жорамал тұжырым жасауға болады. Олай дейтініміз 1697 жылғы зерттеу қорытындысында аталмаған өзендер Қазақстан географиясы туралы 1962 жылы шығарылған «Орынбор топографиясы» атты ғылыми кітаптан бастап кездеседі. Ал белгілі журналист Идош Асқар былай дәлелдейді: «Ол ілкіде тек өзеннің ғана атауы еді, мекен, яғни ауданның орталығы берірек уақытқа дейін «Көкжар» делінген. Облыстағы ең ұзын өзендердің бірі болғандықтан, бүгінгі ұрпақ

бұл сөзді етістік тұлғасында қабылдап, ойылып-ойылып, жыра-сайларға айналған жер рельефіне байланысты аталған деген де жорамал жасаушы еді».

Ойыл өзенінің алқабы ежелден-ақ халықтың көп қоныстанған мекені. Басын Мұғалжар тауынан алып, кезінде құм жоталарды жарып отыра Жайыққа кеп құйылған Ойыл өзені қазіргі Тайсойған құмдарына сіңіп, жоғалады. Ұзындығы сегіз жүз шақырымдай, су жиналатын алқабы отыз бір мың бес жүз шаршы шақырым. Ащы Ойыл, Қиыл, Қайыңды, Ащықұмды, Шиді, Қандағаш, Жарлы, Батбақты, Бабатай, Шағырлықұмды, Ащыкөл, Құмды, Қаңбақтысай салалары ауданның құба жондары мен құм белдерін өрнектей ежелгі Ойылға кеп қосылады. Осы өзен-көлдерде шортан, табан, мөңке, аққайран, қаракөз, алабұға, ақмарқа, сазан, жайын алынады. Ірі өзендерде кездесетін екі, екі жарым метрлік жайындар Ойыл өзенінің Ақшатау жағындағы қарасуларда қазірге дейін өсіп, өніп келе жатыр. (3,4-сурет)

Ойыл ауданының аумағы Орал-Ембі үстіртінің орталық батыс бөлігінде орналасқан, аудан аймағы ылди-толқынды, кей жерлерде үстірт бейнелі, бөлшектенген және мезозой, юра дәуіріндегі шөгінділерден құрылған жер бетімен сипатталады. Құм аралық төмендеу жерлерде тұзды көлдердің, сорлардың, көбірлердің желілері орналасқан, ал құмдарға жақын алқаптарда нашар толқынды құм төбешіктері бар кең құмды алқаптар таралған. Шөккен түйелердей тізбектеліп жиырма жеті шақырымға созылып, ені он екі шақырымды алып жатқан Барқын құм төбелері Ойыл өңірінің әсем бір белдеуіндей. (9,10-сурет) Ертеректе ежелгі дүние жәдігерлеріндей әртүрлі тұрмыстық құрал-жабдықтардың табылғанын алға тартып, көне көз қарияларымыз «Барқынның астында көне қала жатыр» деп аңыз етеді. Ал үстінде бұршақ тұқымдас жүзгін, құланқұйрық, жыңғыл жиі өседі. Біресе жасыл белдеуі, біресе желі құм суырған сары белдері сан алмасып жататын Ойыл даласы, мал өсірген қазақтың көңілінен шыққысы келетіндей өсімдік түрлеріне бай. Сағымды сары белдері де шөптердің ақселеу, еркек шөп, жусан, бидайық, қарабас, изен, ебелек, бетеге, саралжын, жекен сияқты жүздеген түрі өседі. Олар құм көшкінін тоқтату мақсатында 1873, 1899, 1903, 1913 жылдарда отырғызылған. Сол кезде құм төбелерді бойлай қарағайлар да қолдан өсіріле бастады. Қою қарағайлармен араласа қазір мұнда шоқтал, қарағаш, қаратерек, қайың да жайқалып өсіп тұр. Құмның етектеріндегі шалғындарда орхидейдің, шатырлы гүлбұтаның, құртқагүлдің сирек кездесетін түрлері пайда болды.

Ойыл өңірінің табиғаты бай. Табиғаты бай жердің жануарлар дүниесі кедей болмайтыны өз-өзінен белгілі. Ойыл өңірінің де жер бедері мен топырақ құнарына қарай жануарлар дүниесі қалыптасқан. Барқұмның жануарлар дүниесі өте бай. Одан қазір қарақұйрық пен бұланды, қасқыр мен түлкіні, қарсақ пен борсықты, доңызды, тағы басқа тұяқты, тырнақты аңдарды кездестіруге болады. Бұл жерлер «табиғи қорық»-деп жарияланып, қорғалуға әбден қолайлы.

Ұлы Жібек жолындағы «Ойыл-Көкжар» жәрмеңкесі. Аты әлемге тараған Көкжар жәрмеңкесі осы Ойылдың орталығында жылына екі мәрте өтіп, тауар айналымы жөнінен сол кезбен салыстырғанда басқа да атышулы жәрмеңкелерден басым түсіп, тенесіп отырған. Жәрмеңке Ойылдың гүлденуіне үлкен үлес қосты. Ойыл жәрмеңкесі жылына екі рет – көктемде және күзде ашылған. Ойыл жәрмеңкесінде қазақтар түрлі ұлттар тауарларына (мата, ыдыс-аяқ, қант, шәй, т.б.) мал шаруашылығы өнімдерін (түйе жүнін, қой жүні мен терісін, ешкі түбітін, елтіріні, т.б.), киіз, жүннен тоқылған кілемді, түлкі, қарсақ, қасқыр терілерін және сол терілерден тігілген ішік-тондарды ауыстырған. Көкжар жәрмеңкесіне барлық сән-салтанатымен қатынасып, елдің жанын сырлы әндерімен сусындатқан өнерпаз Қызыл Тұрдалыұлы. Оның «Сары ирек», «Қоғажай», «Жаңғақ», әндері Көкжар жәрмеңкесіне жиналған қауымның жаны сүйіп тыңдайтын әндері болған.

«Ойыл-Көкжар» жәрмеңкесінің аты шулы жәрмеңкеге айналуына қандай жағдайлар себеп болған? Ең алдымен, жәрмеңке патшалық Ресейдің отаршылық саясаты мүддесінде пайда болды. Империя алпауыттары бір он жыл емес, бірнеше он жыл қатарынан қазақтардың арасына сыналай еніп, қандай жолмен болсын олардың жерін,

табиғи байлығын құшағына тарта беруге тырысқаны белгілі. Мұның зұлымдық сипатын жақсы түсінген қазақ батырлары қолдарына қару алып, атқа қонды, қазақ оқығандары білім күшімен отандастарының санасын көтеріп, азаттыққа сол арқылы жетуге үндеді. Осындай қым-қиғаш күрес майданының бесігі-кең жазылған қазақ даласының төсінде өзінің миуалы төл шаһарларымен жапсарласа жаңа қалалар, бекіністер бой көтереді. Міне, осындай сындарлы кезеңде, он тоғызыншы ғасырдың алпысыншы жылдарында Кіші жүзде Ойыл бекінісі ірге тепті. Сонымен бірге, Еуропа мен Азияның тоғысында дерлік орналасқандығы, яғни, оның Ұлы Жібек жолындағы сауда керуенінің қоңыраулы бекеттерінің біріне айналуы мол мүмкіндігі Ойылдың бекіністік мәртебесімен бірге сауда-саттық орталығы – жәрмеңкелік мәртебесінің де күрт көтерілуіне ықпал етті. Көкжардағы жәрмеңкеге солтүстік жағынан Орынбордан, Саратов пен Самарадан, кей жылдары Мәскеуден орыс көпестері, ал оңтүстіктен өзбектер мен түркімендер ағылды. Тіпті мұнда Иранның, Үндінің саудагерлері, парсылықтар, қызылбастар мен күрттер де келгенге ұқсайды. Өйткені «Көкжарға пілге жүк артқан адамдар да келуші еді» дегенді ел ақсақалдары соңғы кезге дейін айтып келген.

Ойыл өзенінің Ш.Берсиев атындағы кеңсарға өтетін бір тұсы қазір де Мақтаөткел, Мақтажол деп аталады. Өйткені, ол жердің суы тайыздау және төтелеу болған да, мақта артқан есектерімен өзбектер сол жерден өткен. Сол жол Самның үстімен жүріп отырып Өзбекстанға барады екен. Қарама-қарсы, әрқайсысының ұзындығы төрт жүз метрдей екі корпуспен, отызшақты ларектен тұратын, күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған жәрмеңке ғимараты бір ғасырдан астам уақыт өтсе де әлі сақталынған. Қазіргі село орталығында қыштан тұрғызылған ғимараттар өзінің ерекше архитектурасымен қазіргі ғылымды таң қалдырады. Ұзыннан шұбақ сауда орындары, әлемде теңдесі жоқ сапалылығымен құнды ескерткіштер қатарына жатқызылып, күтімге алынған. (11,12-сурет) Кезінде, басқа да аймақтардағы сияқты мұнда да кірпішті пайдалану ниетімен сүймен, басқа да қарулы құрал жұмсағандар аз болған жоқ. Бірақ кірпіштің мықтылығы мен ғана ғимарат сақталып қалды. Жәрмеңкенің ашылуы да, жабылуы да үлкен мереке, той ретінде өткен. Ат жарыс, атан жарыс, жерден ақша алу, басқа да ат үсті ойындары өткізіліп, мергендер мен палуандар бақ сынасқан, шахматтан, дойбыдан, тоғызқұмалақтан сайыстар ұйымдастырылған. Жан-жақтан құйылып келген күміс көмей әншілер, от ауызды жыршылар жәрмеңкені думандатып жібереді екен. Ойыл-ертеде Жібек жолы бойына орналасқандықтан керуен-керуен жүк өткен тарихи орын. Көкжар жәрмеңкесінің эмблемасы Ойыл тарихынан көп хабар береді. (13-сурет)

Ойыл өңіріндегі елеулі оқиғалар Бүкілодақтық Атқару комитетінің 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысының негізінде сол жылғы 17 желтоқсанда республикада округтік бөлініс таратылып, аудандық бөлініс енгізілді. Бұл процесс 1929 жылы аудандарды ірілендіру және жаңа аудандар құру арқылы басталған еді. 1932 жылғы 20 ақпанда құрамында он жеті аудан бар Ақтөбе облысы құрылды да, сол жылдың 4 шілдесінде Ойыл ауданы Батыс Қазақстан облысының құрамынан Ақтөбе облысына берілді. Ойыл ауданының аудандық құрылым ретіндегі тарихы әріден басталады. Айталық, «Ойыл» деген сөз сол кезеңдегі айналдырған оншақты жылдың ішінде «Ойыл уәлаяты», «Ойыл уезі», «Ойыл ауданы» деген бөлініс атаулармен біресе Орынбор-Торғай округіне, Біресе Орал, Ақтөбе, Адай округтеріне қарады, үш рет тарап, төрт рет қайта құрылды.

Отарлау саясаты кезінде халықтың шоғырлануына байланысты елімізде бір-екі сыныптық қырғыз- орыс мектептері ашыла бастады. XIX ғасырдың 60-80 жылдары осындай мектептер Калмыковкада, Талтоғайда, Ырғыз бен Торғайда және т.б жерлерде есігін ашты. Олардың бірталайында орыс, қазақ балалары оқыды. Ауданда алғашқы оқу орны Ойыл өңіріне белгілі Күмісқали зергердің баласы Меңдібайдың Талтоғай деген жерде салдырған екі жылдық мектеп үйі. Меңдібай әулетінен тарайтын, көкірегі қарақты Жалғасбай Есенғалиевтің айтуына қарағанда мектеп құрылысы 1878 жылы басталып, 1882 жылы аяқталған. Жергілікті жерде қызыл кірпіштен күйдіріліп салынған, биіктігі үш метрдей, ені жиырма, ұзындығы 30 метрдей егіз құрылыс. Меңдібай ұрпақтарының

айтуына қарағанда, осы мектептен белгілі қоғам қайраткері Ахметжан Қойшығұлов, облыстың бірнеше аудандарында хатшылық қызмет атқарған Серғали Мереєв, аудандағы белгілі ағартушылардың бірі Рақымжан Шотаєв, ғалым Төреш Төреғожин білім алған. Жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде оқу ошақтарын ашуға деген ерекше құштарлық болғаны байқалады. Дәулетті, көзі қарақты, көңілі ояу адамдардың көпшілігі осындай оқу орындарын ашуға немесе тиісінше көмек көрсетуге тырысқан. Сөйтіп, Ойыл өңірінде ғана діни оқу орындарын былай қойғанда, орыс біліміне бағыт ұстаған Аяпберген мектебі, Нәкеш мектебі, Ұлжан мектебі сияқты көптеген мектептер ашылды. Аяпбергеннің әкесі Науанның білімі болмаған. Момын, кедей шаруалардың бірі еді. Оның тумалас ағайыны Қази сол уақытта Түркияда жоғары дәрежелі діни мектепте оқып жүрген-ді. Қази елге келгенде қаржы жинау үшін бала оқытатын. Сол балалардың ішінде Аяпберген де болды. Аяпбергеннің зеректігіне көзі жеткен Қази ағасы Науанмен ақылдасып, Аяпбергенді өзімен бірге оқуға Түркияға алып кетеді. Бірақ аз уақытта Қазидың кітапханасын көріп, білімге құмарлығы ерекше оянып оралған Аяпберген араб тілінде жазылған грамматика, жағырапия оқулықтарын, әдістемелік оқу құралдарын іздене жүріп, қолға түсіріп, өз бетімен білімін көтереді. Кейін мектеп салдырып, бала оқытқан. Нәкеш мешіт жанынан орысша оқытатын мектеп ашқан. Онда Ойылдық белгілі ғалым Хайболла Жабасов білім алған. Ұлжан мектебін әкесі Нұртас 1918 жылы Құлақсай деген жерде жалғыз қызы Ұлжанға арнап өз күшімен салдырған. Белгілі ғалым И.Қарағұлов алғашқы білімді осы мектептен алған. Ұлжан Ойыл өңіріндегі қазақ әйелдері арасында алғашқылардың бірі болып, орыс тілінде тәрбие алған. Жиырмамыншы жылдан бастап қырық жылдай ұстаздық қызмет атқарды. Үздік еңбегі үшін Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталды. (14-сурет) Ресми деректерге сүйенсек Санаторий мекеніндегі «Қызыл мектеп» о баста орыс- қырғыз мектебі болып ашылғанмен, кейін Кеңес үкіметі тұсында шаруа жастар мектебі болып жұмыс жасады. Ол 1928 жылы салына бастаған. Ойылдағы мектеп құрылысы аудан орталығының тұрғындары үшін емес, бүкіл Ойыл өңірі үшін зор жаңалық, қуанышты оқиға болды. ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 24 шілдедегі №1000 қаулысымен Ж.Жүсібалиев есімі берілген Ойыл қазақ орта мектебі 1930 жылы алғашқы шәкірттерін қабылдады. Ойыл қазақ орта мектебі 1930 жылы 1 қазанда «Октябрьдің 10 жылдығы атындағы Ойыл шаруа жастарының 9 жылдық мектебі» деген атымен тарихқа енді. Білім беру ісінде көптеген ұстаздар өлшеусіз үлес қосты. (15-сурет)

Рухани байлық ең алдымен «алтын ұя –мектептерде» жинақталып қалыптасса, оның одан арғы қайнары- Әбіш Кекілбаев бейнелеп айтқандай: «Мәңгілік парасаттың ең киелі ғимараты – кітапхана».(16,17-сурет) Ойыл аудандық кітапханасы 1929 жылдан бастау алады. Сол жылдары халыққа мәдени қызмет көрсету мақсатымен «Қызыл отау» болып ашылған кітапхана өз жұмысын халық ішінен кітап жинаудан бастайды. Аудан орталығындағы мәдени-ағартушылық саласының негізгі орталығы - аудандық кітапхана. 1929 жылы Қызыл Отау болып жүзге жуық кітап қоры бар кітапхана негізінде қаланады. 1933 жылы Педтехникум бітіріп келген жас Пазылбек Қалдыбаев кітапхана меңгерушісі болады. Соғыс жылдары кітапханашы болып, Ақша деген апай жұмыс жасайды, одан кейін Елеуов Қайыр, Құлмағамбетов Қайырғали деген адамдар қызмет етеді. 1934 жылы 27 наурызда Бүкіл одақтық орталық комитетінің селолық кітапханалардың санын көбейту туралы қаулысы шығып, осыған орай аудандық кітапхана болып жұмысы жанданды. 1934 жылы бүкіл халықты жаппай сауаттандыру науқанына орай Ойыл кітапханасына көңіл бөлініп, бірлі-жарым кітаптармен қор толыға бастайды. 1936 жылы 31 наурызда РСФСР халық ағарту комиссариаты- саяси ағарту жұмыстары жөніндегі комитетінің орынбасары Н.К.Крупскаяның қолы қойылған 27 селолық кітапханалардың ішінде Ойыл аудандық кітапханасы да марапатталып, заттай сыйлыққа ие болды. «Ойыл» аудандық газеті. Бұл газеттің кеңес үкіметі толық орнап, Сталиндік қатал саясат кемеліне келгенде 1937 жылдардағы редакторы- Құбаш Қожамұратов. Ол кейін облыстық «Социалистік жол» газетінде ұзақ жылдар бойы редакторлық етті.(18-сурет) Өткен өмір өрнектерінің бірі - Ойыл мешіті. Ол 1883 жылы салына бастады. Ірге тасы жабайы таспен төселіп, тастама

белдіктері түйе арбамен Орынбордан тасылған, қызыл кірпіштен қаланған. Алғашқы бас имамы Сағидолла Ізтілеуов-араб, парсы, орыс тілдерін игерген сауатты адам. Одан кейінгі имам- хазірет Хасан. 1999 жылы мешіт жөнделіп, қайтадан мешіттік қалпына келтірілді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.«Ойыл энциклопедиясы». Ақтөбе,2010 жыл.
2. «Ойыл жәрмеңкесі». Б.Құрманбеков 2008 жыл.
3. «Ойыл тарих пен тағылым мекені».Ақтөбе. 2001 жыл.
- 4.Ойыл аудандық Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейі.
5. «Ақ тарының атасы».Ақтөбе. 2009 жыл.
6. «Ақтөбе облысының энциклопедиясы». Ақтөбе.2001 жыл.
7. «Ойыл» газеттінің жинақтары.
8. «Аңсаған күнге ел жетті». Жалғасбай Есенғалиев, 2001 жыл.
9. «Түлеген Ойыл өңірі». Сырым Бақтыгерейұлы, Ақтөбе ,2001 жыл.

Құтты мекен – Доңызтау

*Ақтөбе гуманитарлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Калиева Алма Елубаевна
Автор: Аққазова Гауһар*

Келер ұрпақ бабалар қоныс етіп, ұрпақ жайып, ұлан-ғайыр мал өсіріп, ұлттың ұлы қасиеттерін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып ата-баба ардақтаған салт-дәстүрін сарымайдай сақтап, халықтың қамсыз тіршілік етіп, құт-береке дарып қоныс тепкен, әр кез солардың аруағына тағзым етіп жүрер киелі мекені, ата-бабалар өсіп-өнген қасиетті топырақ. Ол – Атамекен. Доңызтаудың ертедегі аты «Талдыөзек». Бұл өңірдің табиғаты да, табиғи орналасуы да, жер бедері де ерекше, айнала жағалай қоршаған тау, тек бір есіктен кіретіндей кең ойда орналасқан алқап, ұлы үстірттің терістік құлауы. Ол шығысынан Бұли, Шағырай тауларынан басталып, Сандап, Ащыбұлақ, Ақсай, Жылыбұлақ, Көкей, Тассай, Тасастау-Қайнар тауларынан құралып ар жағы Маңқыстау бағытында қарай шұбалып кететін ұлы таулардан тұрады. Батысында Зымыстан, терістігінде Жапырық, Құтым, Бестөбе таулары тағы бар.

Доңызтаудың алқабын жыл сайын ұзындығы 150-170 шақырым болатын екі үлкен Мәні мен Шаған сайлары жоғарыдағы көлемдегі аймақтың бетіндегі бар нәрін жиып-теріп жазғытұрым тасыған сумен бірге жер бетінің құнарын әкеліп Доңызтаудың топырығын нәрлендіріп, жартылай суармалы өлкеге айналдырып отырады. Ия, осы табиғат игілігін меңгеріп оны халық қажеттілігіне айналдыру үшін жергілікті азаматтар өз қолдарымен салған Сүйіндік, Шағырай, Бес төбе, Қызыл бөгет, Шатыбай, Ыбрайым Ақбидайық үлкен бөгеттері, Оңайбек, Шолақсай, Ақтұмсық, Тасқабак, Қаракөл қалта бөгеттері арқылы алқапты егіншілікке жарамды жерлері қар суымен суарылатын. Егіншілікке қажетті құралдарының тапшылығына қарамай тұқымды жерге қолымен шашып жіберіп, артынан қойды айдап, дәнді жерге батырып сол өңірге даңқы шыққан атақты Доңызтаудың баданадай ақ бидайын егетін. Кешегі колхоздастыру,соғыс, оданда кейінгі қиыншылық жылдары тек Доңызтау халқы ғана емес, мектеп оқушыларына арналған аудандағы жалғыз интернат та, наны мол осы жерде ашылған болатын. Бұл астықтың жергілікті халықтан артылғаны мемлекеттік қорға дайындалып қоғамның қажетті жеріне жөнелтіліп жататын. “Сулы жер, нулы жер” дегендей жайылып су алған жерге шықпайтын шөптің түрі аз, әсіресе бидайықтардың түрлері малдың қысқы негізгі азығы, белуардан көк майса кезінде аса құнарлы да, суы қанық жерге шөп қалың шығады. Әр жыл сайын Доңызтау алқабынан 120 мың центнер сапалы мал азығы дайындалатын. Доңызтаудың айналасы

жағалай биіктік болғандықтан жан жақтан сайлары көп. Қаптаған: ұсақ-түйек сайларының басын қосатын Қамысты сайы Жарман көліне жетіп құяды. Бұл да үлкен көл, осы көлдерде су көп тұрғаннан кейін оған өлең, шөп, қоға шығады. Қоғаның екі түрі болады, соның үлпілдек бас қоғасының түбі атшоңқай. Бұл доңыздың негізгі тамағы, бұрын доңызға тимеген заманда бұл өңірде сол жануарлар көп болған, қазір де бар. Міне осы табиғат сайларының қосындысымен, сірә айнала төбелерге бола Доңызтау аты қойылған болуы керек.

Бұл өңірде дала аңдарынан: киік, қарақұйрық, доңыз, борсық, қасқыр, түлкі, қарсақ, мәлін мысық, қоян, күзен, кеміргіштерден: балпақ, атжалман, сарышұнақ, кесіртке, т.б. жан-жануарларды көптеп кездестіресің. Ал жазғытұрымғы құстың санын, түрін айтып тауысу қиын, ығы-жығы болып қиқулайды да жатады. Осы өңірде кешегі кезде төлімен қосқанда 90 мың қой, 4-5 мың жылқы, мың қаралы түйе, мыңға жуық ірі қарасы бар “Оймауыт” савхозы болды. Мал жайылысын алмастыруға өріс жетпейтін, малды жиі аударып-қондыратын жер, құдық табылмайтын. Өлкені жер ұйығы десе болғандай. Оны дәлелдейтін нақты істер көп. Себебі, мал өсіретін адамға табиғаты да аса қолайлы, өзі қатарлы елдермен салыстырғанда он бес-жиырма күн кештеу кіретін, он бес-жиырма күн ертелеу шығатын қысы бар.

Доңызтау Ақтөбе облысының оңтүстігіндегі ұлан ғайыр жерді алып жатыр. Терістігінде Мұғалжар тауларымен, шығысында Шалқар ауданы, оңтүстігінде Қарақалпақстан, Түрікменстан Республикаларымен, батысында Маңқыстау облысымен шектеседі, аймаққа күннен түсетін жылудың мөлшері, жылы, жарық күндердің көп болуларынан болар бұл өңірдің жазғы атмосфералық жауын-шашыны аз, қысы қысқа, жазы ыстық. Алқап тек қана өңірдегі орналасқан өзен сайлары арқылы еріген қар суынан нәр алады. Сөйтіп қар көп түскен жылы барлық сайлар арнасынан асып тасып, алқапты жерұйыққа айналдырады. Бұл қоректің негізі өңірге қыста түскен қарға байланысты. Ол кей жылы көп, кей жылы болмай да қалады. Доңызтау үстірттің ойында жатыр, табиғат үш жағынан таумен қоршап, тек солтүстік батысынан келіп-кетер есік қалдырған. Өлке көптеген таулар тобынан тұрады: олар Құтым, Жапырық, Бестөбе, Зымыстан, Бұли, Арыс, Бөрте Шағырай, Сандап, Ащыбұлақ, Қарақасқа, Ақсай, Көкей, Жылы бұлақ, т.б. Бұл таулардың баурайы тау-тасты емес етектері жатаған мал жайлауға қолайлы жерлері көп. Онда тау шәйі, бетеге, мия, жоса, қына, көптеген өлі шөптер ұсақ жандықтардың тау-тасты секіріп жүріп сүйсініп жайылатын жайылымдары мол.

Таулардан аққан тұщы бұлақтар қаншама? Сонымен қатар Қантөрткүл, Әлітауы, Бақыртауы, Намазтауы, Батырсары тауы, Дауыл тауы, Қарашатау Ұйтас, Қарамола, Қарасулы аша, Шошқакөл таулары бар. Қантөрткүл тауының төрт жағынан түгелдей бұлақ ағады, әрі суы да мол, бұл игілікті кезінде сол жердің иелері Жалпақтіл руының егіншілерінің еңбекқорлығы арқасында сонша бұлақтың барлығына жуық, суы мол Ақкөл, Жарған көлдерге қарлы жылдары үш метр тереңдікте су тұратын еді дейді үлкен қариялар. Сол елде қолында таяғы бар бір қасиетті адам болған, ол бір жерге келіп тұрады да жата қалып сығалайтын көрінеді. Су қалай қарап ағады деп тындайды екен. Су былай қарап шықпайды десе су шықпайды екен, былай шығады деп су ағатын жаққа жап қаздырған. Сол әулие қаздырған жаптар қанша заман өтсе де бүгінгі күндері іздеп жатыр. Бұл сол замандағы ерен еңбектің бүгінге жеткен куәсі. Жарғанкөл атануы, екі көлдің арасындағы қырды тіліп кей жерін астынан тесіп қазып көлді көлге қосқан. “Әр жылғы шығатын тарыны жусанды тың жерлерге егетін едік. Кей жылдары екен ақ тарымыз игерусіз қалатын”, – деп еді Алтай ақсақал. Сондай-ақ Шошқакөлдің Ақбұлағының суының молдығына қызыққан шаруа жиырма шақырым жердегі Шаған сайына құйдырып жіберсек жетпіс шақырым Доңызтау өлкесін тұрақты суармалы егіс жасаймыз, болмаса сайдың сайдың бойы жағалай малға суат болады деп Ақбұлақты Шаған сайына қосу үшін жап қазып, жұмыс жарыдан ауғанда Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, басталған іс аяқсыз қалады. Сол кездегі осындай жасампаздық істердің бүгінде тек ізі ғана бар, бұлақтың мол суы сорға құйып құрдымға кетіп жоқ болып жатыр. Асан Қайғы Доңызтаудың үстінен

өтіп бара жатып: “ - Әттең, тауың теріс біткен екен, болмаса бесігің алтыннан болатын жер екен”, - депті.

Біздің әңгімеге өзек болып отырған өлкенің ені 150-200 км, ұзындығы 600-700 км жер. Бұл өлкеде үш Табынның бозым бөлігі қоныс теуіп мекен еткен аймақ. Доңызтау көптеген төбелер тобынан тұрады. Басынан бастасақ олар: Намаз тауы алды құбылаға, сырты арқаға қараған, бір маңдайы күншығыста Дауыл тауына, екінші жағы Жайындыға қарайды. Ал Ақкеуек бір маңдайы құбылаға, екінші маңдайы арқаға қарайды (Ысықтың Атағозы балаларының жайлауы), Атжаксы, Жайынды, Бөрлі, Мәні сайларының бойында шашыраңқылау жапатармағай созылып жатқан негізгі салмағы Шаған сайына қараңқыраған созылмалы, Қошқара шоқы, Тасқынбай таулары көлденең маңдайын күн шығысқа беріп жатқан, бір құйрығы батысқа қарап тұрған оңаша таулар, үсті тегіс жазық жайылым, айналасы жағалай бұлақ.

Әлі тауы - өзі оңаша жалпақ тегістік ортасында орналасқан маңдайы күншығысқа, сырты батысқа қарап тұр. Мен мұндалап оқшау айқындалған сол өңірге өзге келбет берген нысан. Бақыр батысқа қарап созылып жатыр, Қарашатау, Ақшоқы жайынды, Аралбай, Адай ұшқан (басында бұлағы бар), Ұйтас, Алатау, Шырқырауық, Сары сайдың арғы бетімен Түлкілі тауы ол да көлденең бір беті күн шығыс, екінші беті батыс болып жатыр. Қазақ қашаннан қарға тамырлы. Бір ру мен екінші ру нағашылы-жиенді болып келе береді, араларында эзіл-қалжындары жарасып жүреді. Барымташы Бақберді ұшып өлетін “Е, қайдан жүрген баласың?” деген сұрағына: “танысаң адаймын, танымасаң құдаймын” деп дөрекі жауап берді. Үй иесі күн даулап жүрген адаммен нағашылы-жиенді екендігін біледі екен. Сонда ақсақал да есесін жібермей дөрекі өктем сөзге былай жауап қайтарыпты: “Ендеше не істе дейсің адай болсаң, Естімес едің бұл сөзді абай болсаң. Шыңнан ұшып Бақберді өліп қалды, Тірілтіп ал соныңды Құдай болсаң!” - депті.

Құтым, Ұшпалы Құтым, Мәнінің Қарашоқысы, Бестөбе, кіші Бестөбе, Жапырық, Бұли, Сандал, Шағырай тауы тіке күн батысқа қарап тұр арты шұбырған таулар. Бұл жерлерді Ысық, Болат ауылдары қатар жайлаған. Сандал тауымен екеуі жарысып көрінеді. Сандал тауының айырмашалығы басында төртбұтышты сандық сияқты ұшпасы бар. Одан екі таудың арасында Бұли тауы тұр осы арқылы Зыбысқыға көтерілесің. Одан әрі Арыс тауы, Бозой, Аққолқа, Үлкен Зыбысқы, Қызыл Құдық, Кебір тұмсық, Ащыбұлақ, Көкейдің тауы, Ақсай, Жылы бұлақ, Барақ, Қарақасқа тауы, Көрсай, Қотыр, Сүлікті, Ащы айырық, Тйщы айырық, Ноғай құлау, Бесбау құлау, Қызыл қуыс, Тасастау – Қайнар, Асау, Барақ тоқал ауылы Самды жайлаған, Шанабай. Шанабай Жарқұммен, Шөл құмға жылқы салған, “Құдайым Шанабайдың есін алған” деген сөз қалған ел арасында. Мың жылқысын жауға алдырғандағы жағдайға байланысты болған ағаттыққа берілген баға бұл. Жарқұмның құдығы мол әрі іліп алма, мың жылқы ішкенде таусылмайтын бұлақ.

Тоқсанбай, Құлтай, Қарасай тауы, Мол құдықтың тауы, Қара кез, Түйемойын, Қаратау, Ақтау, Сағыр ауылы – Қандыорпа, Теріскенді, Сарыбай, Ұзын құлыптасты, Қол оба, Қайрақы, Тана, Бас Оймауыт, Орта Оймауыт, Қарашбай, Қантөрткүл, Жалпақтіл, Түгіскен, Жантай, Жайық, Жездібай, Тілеп ауылы, Ақжан, Шойтас, Бөлек ауылы, Айшуақ, Дошан шаты, Шетрлі Сары ишан. Бұл біз атаған таулар аса биік таулар емес. Жағрафияда қыраттар тобына жатады. Ең биік нүктесі 250 метрден аспайды. Көпшілігінің үсті тегіс ұлы жайылымдар, етектері жағалай бұлақтар болады. Мал өсірген шаруаларға бұлардың барлығы да төрт мезгіл жайылымға бай, аса қолайлы мекендер.

Доңызтау деп отырған таулар тобы шығыс терістіктен басталып, аяғы оңтүстік батысқа айналып, Маңқыстаудың ақ тауларына жалғасады. Бұл таулардың әрқайсысы өз алдына жеке суреттеуге тұрарлық жаратылыс. Ал Шағырай, Сандал, Бұлмай, Ащы бұлақ, олардың үсті Аралға дейін тегістік үстірт болып кетеді. Оның арғы ойы Қарақалпақстан, батыс шеті Маңқыстау, Ақтауға жетеді. Енді ар жақ шеті Маңқыстаумен шекара, оның күн батыс жағы Тұрыш әулие. Тұрыш балықшы, Адай ишан үлкен оқымысты адам болған. Сол жерде Шұрық деген әулие, Құсшы әулие тағы бар. Шанабайдың бейіті осы Құсшыда. Құсшыдан Матайға қарап шықсаң Шөл құм, Қара қыздың құмы, табынның Бес шыңырауы

деген үлкен көп бейіт бар. Өлмес Сатай, Білеуі одан былай қарай оралады, осының қапталында Көксеңгір деген тау тұр. Одан ары қарай Қасарма, Қосбұлақ бөксе жермен ойға құлап қайтатын үлкен керуен жолы. Бұл көксеңгірдегі бейіттің есебі жоқ. Таудың баурайы бүкіл тау аяқталғанша қойымшылық ұзындығы он-он бес шақырым түгел бейіт, бұл осы жерлерді қалың халық жайлағандығының бүгінгі жалғыз ғана куәсі осы қорымдар. Осыдан күн шығысқа алсақ Бас шегенді, Орта шегенді, Аяқ шегенді одан әрі Көлтабандар Ащы көлтабан, Тұщы көлтабан, Кіндікті Көлтабан деген құдықтар бар. Бұлар да таудың үстінде. Сол жерден Доңызтауға қарап тартсақ Ақтықты деген сайдың үстінен өтесін. Ол сай төмен қарай құзға ағады. Осы сайдың бойында Шанабайдың кенже баласы Беркін қалпенің Беркін шыңырауы, деп аталатын құдығы бар. Ақтықты сайының бойындағы осы шыңыраудың тереңдігі 44 метр. Сол шыңырау Үстірт бойынша жаңбыр суындай тұщы су беретін бірден-бір құдық, мың жылқыны мол қандыратын сол өңірдегі сапалы су. Айналасындағы қалған құдықтардың бәрі кермек, ащы. Бұл шалдың кереметімен шыққан болуы да мүмкін, халық әлі аса құрметтейді. Кереметі оның мынадай болыпты. Беркін қасына Бітеген деген үлкен баласын ертіп алып Ақтықты сайының бас жағынан жайпақтан терең жағына қарай атпен жағалап келе жатады. Мал басы өсіп, құдық малдарды қандыра алмай, малға су көзін шыңырау қазатын жер іздейді. Үлкейіңкіреп те қалған шағы екен, сайдың бір жеріне келгенде қолындағы асаны жерге тастап жіберсе, асаның маңдайы құбылаға қарап қисықтау қадалыпты. - Әй, Бітеген, ана асамды әпер, мына жердің суы таңқы екен – депті де әрі қарай жағалай береді. Адам дауысы жетпейтіндей жерге барғанда бір сайдың тереңдеу жеріне асаны тастаса, аса тіп-тік қадалыпты. - Ох, осы жерде мол су бар екен, Бітеген, асаны айналдырып сыз. Үйді қондыр, құдықты қаз, осы жерден мол су шығады екен деген. Содан жаздай 5-6 үй қондырып, ақысына мал беретін болып, мықты жігіттерден адамдарды жалдап құдық қаздырады, жер ылғи ақ тас болады, құдықшылар бұрғы сияқты ақ тасты қашап ойып қазады. Біраз уақыт өтіп, құдық тереңдей береді. Бір күні Бітеген кәне құдық қазып жатқан ауылдан хабар алайын деп құдықшыларға барып келіп: - Әке, құдық терең қазылыпты, қатардағы шыңыраулардан төмен кетіпті, бірақ әлі судың нышаны жоқ. Бір үлкен көк тасқа келіп тіреліп тұр. Көп жер қазылған, мынауыңнан су шығатын түрі жоқ, бұл қалай болды, жаздай бірталай адаммен істеген еңбек босқа кетуге қарады деп ренжіңкіреп, сіздің айтуыңыз бойынша істелді – дейді. - Ә,ә, онда арғы үйдегі ұрғашы ақ лақты апарып сол құдықтың ауызына бауызда, соның етін түсте жеңдер де, түс қайта барып сол көк тастың ортасын ойындар, сүйтіп бір көріңдерші балам – деген. Бүгін су шығатын күн еді ғой барып біліп келіп отырмын депті Беркін қалпе. Құдықшылар ақ лақты құдықтың аузына бауыздап, сол жерге асып етін жеп, сорпасын ішіп, түстен кейін айтқан көк тастың ортасын ойған кезде су атқылаған. Бітеген де қажырлы жігіт екен іштегі құдықшыны тартып шығарамын дегенше су құдықшының белуарынан келіп қалды. Сол құдық міні құрымай, бүгін қазылғандай еш өзгеріссіз әлі тұр. Кешегі мал жерге, суға симаған заманында Маңқыстау малшылары, кей жылдары жер иесі Оймауыт малшылары бұл құдыретті еңбекті өз игіліктеріне пайдаланды. Жері де ыңғайлы ұлан жазық тегістік тұтаса ұйысқан ебелек нағыз жылқы, қой малының таптырмас жаз жайлаудың қақ ортасы. Бұл шыңыраудан жаздың күні шілдеде шөлдеп келген жылқы су ішкеннен кейін күнге қарап ықтап тұрады екен. Шыңырауда үлкен қасиет бар, ата кейіген күндері су бермей қояды деп отыратын осы құдықты жайлаған Маңқыстау және жергілікті елдердің малшылары. Біз әуелі атадан бір малымызды сойып, садақа жасап, рұқсат аламыз, әйтпесе, су болмай қалады деп отыратын әр жыл қоныстанған екі елдің мал баққан шаруалары.

Одан ары Кіндікті, Көлтабанның бәрін сол қалың жұрт жаз жайлау еткен. Тас астау, Қайнар Қарашың – Досжан қазіреттің мешіті болған өңір. Содан Қарашың кездері Әбубәкірдің өлеңіндегі жер ата қонысы. Досжан Қарашыңнан көшіп келіп Шиліге мешіт салып Қарашыңды тастап кетеді. Осыдан күн шығысқа алсақ Бас изенді, Орта изенді, Аяқ изенді, Көлтабан, Ащы көлтабан, Тұщы көлтабан, Кіндікті көлтабан деген құдықтар бар. Одан төмен құласақ тағы адай жері. Айырық, Қызыл қуыс, Ноғай құлауы, Бесбай, Қара

мая табын қара қойлы ауылының көшіп-қонып құлап-түсіп отырған жерлері. Бергі таудан құлағаннан кейін Сүлікті, Ащы айырық, Тұщы айырық, Ақтасты қорған, Доңызтауға қарай кетсек Көрсай құлауы, одан әрі жағаласақ Ақсай, Теріскенді, Сарыбай. Сарыбай үлкен әулие болған адам Сағыр табын Сарыбай, Қол оба деп аталады. Теріскенді аты айтып тұрғандай теріскен бұтасы көп шығатын жер. Теріскенді, Сарыбай құмды, бұйратты жер, құм арасынан әрқайсысы мың жылқы қандыратын құдықтар көп шығады. Осы өңірде кешегі шаруа еңбегі бағаланған заманында Досымов Шудабай өзіне бекітілген 827 бас жылқыны 99,5 пайыз аман сақтап жүз биеден жүз құлын, Әжбенев Сағынбайдың қарауындағы бекітілген 500 бас жылқыны 99,5 пайыз аман сақтап 170 биеден, әр биеден құлын ерткен Теріскенді қасиетті жылқы қонысы болатын. Бұл 1961 жыл еді. Ата қоныстары Жаманқайрақты, жақсы қайрақты жазғы жайылымдар. Содан әрі Бас Оймауыт, Орта Оймауыт, Қарашбай құмдары айналасы бұйратта ертедегі көшпелі кезде осы құмдарды жағалай отырып мал қыстатып, қыс кезінде аса малға жайылысы да панасы көп бейқам жайылып шығатын сапалы бұйратты құмдар. Бас Оймауытта Тананың құдығы бар құмнан шыққан тұщы су, ішіндегі судың көлемі үш тонна мөлшерінде шығады, водовозбен сорып алғанда шамалыдан кейін баяғы қалпына қайта келеді. Шөлдеп келгенде басындағы төбетеймен еңкейіп суды іліп алуға болады. Бұлар Табын жалпақтіл руларының ата қоныстары. Осы жерлерге жақын өзі оңаша Қантөрткүл деген тау тұр. Таудың қақ ортасын белінен бөліп жол асады, үсті тегіс еркек шөп, жусаны аралас кең жайылым, айнала бұлақ. Құбыла күн батысындағы бұлақтарда Алатай ата көп жылдар жайлап, бұлағына бөгет салып су жинап, жап қазып, арық жасап, егін салып өнімін кешегі соғыс, одан кейінгі жылдары біршама ауыл үйге нәпақа етіпті. Кейін бұл бұлақ Алатай бұлағы атанып кетті. Бұл Қантөрткүл тауының үсті жазықтық, айналасы тегістік, өзі оңаша келбетін құбылаға беріп тұрған дара тау. Оймауытты ойлағанда жергілікті ақын былай деген екен:

Оймауыт, орта Оймауыт, бас Оймауыт,
Аламын сені есіме ауық-ауық.
Есіме сен түскенде, асыл еркем,
Құлаймын ақ боз аттан есім ауып.
Оймауыт, орта Оймауыт, бас Оймауыт,
Келемін кейде желіп, кейде шауып,
Алыстан ат арытып келгенімде,
Шықсайшы ағаш үйден ебін тауып.
Оймауыт, орта Оймауыт, бас Оймауыт,
Жігітке қиын болды мешін-тауық.
Алыстан жыл айналып келгеннен соң,
Оңаша құрмаймыз ба ойын-сауық.

Одан ары Түгіскен қарақойлы Майлыбай руының Жақып, Қарағұл, Қосбол Жиенбайдың қоныстары. Қасында тілеп Жантай, Жайық әулиелерінің мешіттері тұр. Осы Түгіскеннен түп-тура күн шығысқа тартсақ Мәніге қарай Баймырзаның төрткүлі, Жездібай бар. Жездібай Беласардың жаз жайлауы. Көпте Сары ишан табын, сазан жайлаған үлкен бұлақ, айнала жағалай көлдер бар. Көптің бұлағының тұщы толқыны кезінде шамалы салмақты затыңды кейін лақтырып жібереді. Жері биік болғаннан болар жазда да жері салқын болады. Енді осы Көптен Жайындыға қарай шықсаң Шетірлі деген сайға соғамыз. Осы жерлер Екі бас, Жоли, Майлыбай жерлері. Содан әрі Жайындының Сарыбұлағы тұр, арғы жағы Жағабұлақ одан Жыландыкөл, бұлар ажымдардың жаз жайлаулары. Қондыбай, Байтақ, Сорқұдық, Белқұдық, Қаракүшік, Байтақтың құдығы Кіндікті, Үлкен, кіші Қаракұдықтар. Содан былай шықсаң Жайынды, Ақшоқы, одан әрі Әлітауы, Бақыр, Қарашатауы, Байдәулет бойымен сонау Шошқа көлмен, Үйтаспен Қыздаршыққанға қарап қырға көтеріп, Қарақалпақстанға қарай маңдайы Тамдыкөл. Мәні бойы түгел табын жері. Ақжан, Шойтас, Үлкен Зыбысқы, Кіші Зыбысқы деп аталатын сайлар бар. Үлкен Зыбысқының үш ашасы бар, Қарасулы аша, Талды аша, Өтеғұл тұрған

аша деген. Бұл аша деген таудың теп-тегіс жерінен судың әсерінен бөлінген жыралар. Үлкен Зыбысқыда Қаражон, маман Жолман ишан, кіші Зыбысқыда Тілеғабыл Сейітқұл ишан. Бұларда өз еліне үлгі салып балла оқытқан, өздері ишандық атақ алған ғұламалар. Одан Қызылқұдық, одан әрі баяғы Рапан ишанға тіреледі. Енді Доңызтау аймағының қазіргі келбетіне келетін болсақ, қазіргі кезде Доңызтау жерінде бұрын қоныс теуіп, мекен еткен ата-бабаларымыздың зираттары орналасқан. Қазақ халқының ертеден келе жатқан нанымдары бойынша "тән өлсе де, жан өлмейді, ол аруаққа айналып ғарышта ұшып, ұрпақтарын желеп-жебеп жүреді" деген наным бар. Сондықтан да Доңызтау маңындағы алыс-жақын елді-мекендерде орналасқан ұрпақтары ата-бабаларының аруақтарына қашанда сыйынып жүреді. Адам жерленгеннен кейін оның басына сағана-там салу көнеден келе жатқан дәстүр. Олардың көбісі тарихи, жергілікті сәулет өнерінің үлгісі болып саналады. Мұндай сағана-тамдар Доңызтау аймағында жеткілікті.

Доңызтаудың жағырапиясы.

Шағырай шыға алмадым басың биік,
Бауырында жазда ойнайды қызыл киік.

Доңызтау иесіз қалды ел көшкенде,
Малменен дүние мүлкін буып-түйіп.

Шағырай шыға алмадым басың биік.
Бауырында жазда ойнайды қызыл киік.

Көлбеңдеп елмен бірге сен кеткенде,
Аунадым топыраққа ішім күйіп.

айдаланылған әдебиеттер

1. "Доңызтау нама" Б.Қарақов "Туған жер тарихы" Б.Кемешов "Елімнің өткені мен бүгіні"
А.Қылышбаев "Азаматтық борыш" С.Тайжанов

Хромтау ауданының топонимдері

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Шумақова Гүлнұр Жасұланқызы – педагогика магистрі

Авторлар: Ногайбекова Баянсулу, Жакуда Гүлсезім – география мамандығының студенттері

Хромтау ауданы Ақтөбе облысының ірі өндірісті және ауыл ауылшаруашылықты өңірі. Хромтау ауданы (бұрынғы Новоресей) облыстың терістік аймағының ортасында орналасқан. Аудан солтүстігінде Ресей Федерациясымен және Қарғалы ауданымен, батысында Ақтөбе қаласымен, Алға ауданымен, оңтүстік бөлігінде Мұғалжар ауданымен, шығысында Әйтеке би ауданымен шектесіп жатыр. Аудан 1935 жылы 31 қаңтарда КСРО Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен ашылды. Аудан – Новоресей, орталығы Новоресей (қазіргі Ақжар) селосы болды. Ауданның жалпы аумағы 12,9 мың шаршы км. Халық саны 43,9 мың адам, оның 23,9 мыңы қалада, 20,0 мыңы ауылдық жерлерде тұрады (қалада 54,0, ауылдарда 46,0 пайыз). Халықтың тығыздығы 1 шаршы км-ге 3,4 адамнан келеді. Аудан 14 ауылдық және 1 қалалық аумақтарға (округтерге) бөлінген. Аудан орталығы – хромтау қаласы. Тарихы. Шаруашылығы мен өндірісінің даму жолдары. Қазақ даласының қай өңір, қай аймағының болсын өзіндік тарихы, өзіне ғана тән шежіресі бар. Алтай тауларынан Дунай өзеніне дейінгі Ұлы Дала атанған алып аймақтың кішкентай ғана бір бөлігі Хромтау өңірінің тарихы есте жоқ ескі замандардан бастау алады.

Географиялық жағынан орналасуы бойынша Батыс пен Шығысты, Еуропа мен Азияны байланыстыратын әйгілі Керуен жолы осы өңірдің үстімен өткен. Бүгінгі еліміздегі ірі өндірістік жобалардың бірі Батыс Қытай-Батыс Еуропа автокөлік дәлізі сол

керуен жобасының сорабы, ата-бабалар жүріп өткен көне жолдың қайта жаңғаруы десек болады. Оның аржағында тарихы – тас дәуірі, қола дәуіріндегі адамдар осы аймақты мекен етіп, тіршілік кешкендігі туралы тұжырым жасауға негіз бар. Осы өлкенің бірқатар жерлеріндегі әлі археологиялық зерттеудің түрені тимеген обалар, тас бейнелер, қала берді ел аузындағы аңыз-афсаналар бұл пікіріміздің айғағы.

Жалпы, қазақ ұлтына, қазақ даласына қатысты жаугершілік жорықтардың да, мамыражай заманалардың да баршасында Ор бойында үнсіз мүлгіген қырат-жоталар, бетегілі сайын дала үнсіз куәгер. Баяғы оғыздардың, Дешті Қыпшақтың, Алтын Орданың, қала берді орыстармен байланыс орнаған заманалардың әлі толық ашылмаған парақтары Хромтаудың қойнауларында тұнып жатыр. Сондықтан бұл өлкеде археологиялық ірі экспедицияның жұмысына қажеттілік бар. Құпиялары әзірге ғылыми зерттеулер арқылы бағалана қоймаған Ойсылқара, Айдарлы аша, Қарашың сияқты тарихи орындар осы аймақтың ғана емес, жалпы қазақ хандығының тарихына қатысты деректер берері күмәнсіз. Қазақстанда кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі әкімшілік-территориялық бөліністер кезінде Хромтау ауданының қазіргі территориясы да қайта-қайта өзгерістерге ұшырап отырған. Кеңес үкіметі өзі өмірге келген күннен бастап өз саясатын жүргізді. Бұл жолда күштеу, зорлау, мәжбүрлеу әдістері кең қолданылды. 1929-1930 жылдары Новоресейде Молчанов, Панчук, Змеевский деген кулактардың барлық мал мүлкі тартып алынып айдалып кетті. Ал қазақ ауқаттылары бұған дейін 1920-1922 жылғы нәубет кезінде таяқтарын ұстап, көпшілігі бас жақтарға босып кеткен еді. Жалпы, жас Кеңес үкіметі социалистік шаруашылықты жүргізудің тиімді жолдарын іздеп, әкімшілік-территориялық бөліністерді жиі-жиі өзгеріске ұшыратып отырды. Соның бірі 1928 жылы қаңтар айында құрамында 13 аудан бар Ақтөбе округі құрылды. Сол аудандар мыналар еді: «Ақбұлақ», «Ақтөбе», «Ақкемер», «Елек», «Ырғыз», «Қарабұтақ», «Мағаджан», «Мәртөк», «Новоресей», «Шалқар», «Шыңғырлау», «Хобда». Алайда, осыдан екі жыл өткен соң округтер де таратылып, сол округтер мен 193 ауданның орнына территориялық жағынан ірілендірілген 123 аудан құрылды, олар тікелей республикалық органдардың қарауына жатқызылды. Сөйтіп, 1928 жылы құрылған Новоресей ауданы қайтадан жабылып, оның жерлері Ақтөбе, Елек, Қарабұтақ аудандарына берілді. 1935 жылы 31 қаңтарда КСРО Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен Ақтөбе облысының құрамында жаңадан өндірісті және ауыл шаруашылықты Новоресей ауданы ашылды.

«Топонимика – географиялық атаулар туралы ғылым» (Е.П. Поспелов) деген анықтаманың өзі бұл екі саланың ажырамас бірлікте болатынын көрсетеді. Топонимика қазіргі кезде дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып қалғанымен, ол әуел бастан тіл білімі, тарих және география ғылымдарына тәуелді болып келеді. Жер-су аттары осы аталған үш саланың да зертеу нысанасы болып саналады. Соның ішінде география – жаратылыстану ғылымына жататындықтан, атау мен нақты реалийді бірге қарауға мүмкіндік береді. Алайда топонимика ғылымын құрайтын ұштағанның (тіл, тарих, география) біреуіне, көбінесе тіл біліміне, артықшылық беріліп жүргенімен, қалған екеуін төмендетуге болмайды. Топонимиканың көптеген мәселелері таза тіл білімі тұрғысынан шешіле бермейді, үнемі экстралингвистикалық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Бұл, өз кезегінде, топонимикамен айналысатын адамның тарихты да, географияны да, олардың құрамдас бөліктеріне дейін жақсы меңгеруін талап етеді. Бір ғана топонимнің этимологиясын ашып көрсету барысында үш сала жарыса араласып отырады.

Хромтау ауданының жер су атауларының өзіндік тарихы, қалыптасуы бар. Өңірде алуан түрлі жер-су атауларын кездестіруге болады, солардың кейбіреулеріне тоқталып өтейік. Хромтау – ауданның және аудан орталығының атауы. 1937 жылы хром рудасының табылуына байланысты көптеген ұлт өкілдері келіп орналасты. Совхоз, колхоздар құрылып, көптеген елді мекен атаулары өзгеріске ұшырады. Орыс тілі арқылы қалыптасқан топонимдер жүйесі пайда болды. Жерінен Хром кені өндірілетіндіктен, оның қалдықтары тау-тау етіп үйіледі. Осыған байланысты осы атау лайықты деп танылған.

«Азбартас» – Қопа өңіріндегі қуыс, үңгірдің атауы. Бұл өңірді табиғи ескерткіш

десе де болады. Себебі, айналысы таспен қоршалған қуыс. Кейбір деректерге сүйенсек, Моңғол шапқыншылығы кезінде жергілікті тұрғындар жаушылардан аман қалу үшін, малдарды осы үңгірге қамаған. Тіпті осы жерден моңғолдар өткен деседі, оған дәлел ретінде Моңғолсай деген жер атауын айтуға болады. Ал бертініректе мал дәрігерлері малдарды егу үшін осы үңгірді пайдаланған. «Азбартас» - ол қора ішіне яғни албар ішінен салынатын кішкене қора. Қазақ оны қараңғылып ішіне сойыс малын бордақылайды. Көбіне қараңғы азбар жасайды. Азбар + тас «тастан жасалған азбар», деп жазды жазушы Балғабек Қыдырбекұлы «Түгел сөздің түбі бір» деген кітабында. Азбартастың қуысында жатқан бұлақ көздерін «Қайыңдыбұлақ», «Қырғыз қуысы», «Қыдырма», «Талдыбұлақ», «Күмістібұлақ», «Ақкізбұлақ», «Шыныбекбұлақ» деп атаған. Бұлардың барлығы дерлік зерттеуді қажет етеді.

«Ақжар» – селолық округ орталығы. Ақжар «ақтанды жар» дегенді білдіреді. Ақжар атаулары өзге де түркі тілдес халықтар топонимдерінен кең орын алған. В.А.Никонов: «Қырымның қазіргі Севастополь қаласы тұрған жерді құмандар бұрын «Ағджар» атаған дейді.

«Алшынбай» – Қопа ауылының тұсындағы төбенің атауы. Жағалбайлыдан тарайтын Бескүрек руының беделді адамдарының бірі, ру басшысы алшынбай деген кісі есіміне байланысты қойылған.

«Ақтасты» – Тасөткел селолық округіне байланысты елді мекен атауы. Сол жердегі төбенің басында ақ тастар болғандықтан, осылай аталған.

«Әлдеберлі» – Қопа ауылына қарасты қыстау атауы, кісі есіміне байланысты. Жағалбайлыдан тарайтын Бескүрек руының беделді адамдарының бірі, ру басшысы Әлдеберлінің атына байланысты қойылған.

«Борисовка» – Қызылсу селолық округіне қарасты қыстау. Революциядан кейін ағайынды орыс шаруалары Борисовтар осы жерге мал бағып, егін салған. Содан осы жер Борисовка деп аталып кеткен.

«Божыр» – Қопа селолық округіне қарасты қиранды. Кезінде қой шаруашылығының орталығы болған. Жағалбайлыдан тарайтын Бескүрек руының Божыр Көлдейұлы деген мал біткен бай адамы болған екен. 1928 жылы шілдеде болған Ақтөбе колхозшыларының округтік съезінде «колхоз құрылысын дамыту» мәселелері қаралды. Қайғы-қасіреті мол, қазақты байынан, байды малынан айырған заманда – «ірі бай феодалдардың малы мен мүлкі конфискеленіп, 31147 малды тартып алған» - деген тарихи деректер бар. Ауыл ақсақалдарының да, өз шөберелерінің, шөпшектерінің айтуына қарағанда, Божыр Көлдейұлы 1928 жылы күз айында кетіп, хабарсыз кетті деген деректер бар. Содан кейін бұл кісінің есімі аталмаған. Тек 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Божыр ауылы атанды.

«Бөгетсай» – селолық округ орталығы, елді мекен. Ауыл тұсындағы ағып жатқан Ор өзенінің үстінен үлкен бөгет салынған, соған байланысты осылай аталған.

«Былқылдақ» – Қопа селолық округіндегі жер атауы. Жерінің жұмсақ болуына байланысты аталған.

«Дөң» – селолық округ орталығы және елді мекен атауы. Хром рудасы осы жерден табылған. Кезінде Донской казактары осы жерде қоныс теуіп, содан «Дон» деп атап кетсе керек. 1999 жылы селолық округ болып құрылған уақытта тұрғындар өтінішімен траскрипциясы өзгертіліп «Дөң» деген атауға ие болды.

«Дәмді» – Ор өзенінің саласы, Қопа ауылының тұсында ағып жатқан өзен. Судың тұщы болуына байланысты аталған.

«Еңбекші Қазақ» – Қызылсу селолық округіне қарасты елді мекен. Революциядан кейін, бұлақтың суы аққан сайдың бойына шоғырланған шаруалар, мал бағып, егін салып, артель, колхоз құрған. Шаруалардың отырған жерін өздері «Еңбекші қазақ» деп атаған.

«Есқали» – Қызылсу селолық округіне қарасты қиранды. Ертеде Есқали деген кісі көп жыл бойы қора-қора мал бағып тұрған, әрі өзінің көріпкелділігі болған екен. Есқали

халықтың жадында еңгезердей, ірі қайратты кісі ретінде де қалған. Осы жер сол кісінің атымен байланысты аталған.

«Жазық» станциясы – Ақжар селолық округіне қарасты елді мекен. Тұрған жер тегіс болуына байланысты Ресейден көшіп келгендер Просторная деп атап кеткен. 2000 жылдан бері ауыл тұрғындарының өтінішіне орай Жазық деп қайта аталды.

«Жаркөл» – Бөгетсай селолық округіне қарасты қыстақ. Бұл қысақтың айналасында ұсақ көлдер өте көп. Соған байланысты ауыл тұрғындары «Жартыкөл» деп атаса керек. Кейіннен дыбыстық өзгерістерге ұшырап, «Жаркөл» атанған.

«Жосалы» – Қопа өңіріне қарасты қыстақ. Ор өзенінің атырабында жосаның мол болуымен байланысты.

«Задон» – Абай селолық округі аумағындағы қиранды. Доннан келген келімсектердің берген атауы.

«Көкөзек» – Бөгетсай ауылына қарасты қыстақ. Табиғаты көк майса, шөбі шүйгін, мал жайылымы өте жақсы, халқына жайлы болғандықтан, Көкөзек деп аталған.

«Көкпекті» – Абай селолық округіне қарасты Ор өзенінің саласы, Көкпек (шөп) + ті жұрнақ сөз тіркесінен жасалған атау. Яғни, «Көкпек көп өскен, көгі көп жер» дегенді білдіреді.

«Кеной» – Құдықсай селолық округіне қарасты ауыл атауы. Кен (сын есім) + ой (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Топонимдік мағынасы: «ойпан, еңік жер, үлкен еңіс жер».

«Көктау» – Ақ құдық селолық округіне қарасты елді мекен. Мыстан жасалған таулардың көк түсті болуына байланысты қойылған атау.

«Көктөбе» – төбенің тасы немесе өсімдігі көк болуына байланысты осылай аталған.

«Күңгірлек» – Қопа селолық округі аймағындағы бұлақ. Суының сарқырап ағуына байланысты жергілікті халық осылай атап кеткен.

«Қазыбай» – Қызылсу селолық округіне қарасты қыстау. 1860 жылдары Қазыбай деген бақсы-тәуіп, балгер осы жерде тұрған, осы ауыл соның атымен аталған.

«Қопа» – селолық округ орталығының атауы. Бетін қамыс, шөптесін өсімдік басып жатқан көлшікті, құмды жер. Ор өзенінің жағасында орналасқан. Қамысының қалың болуына байланысты «Қопа» деп аталған.

«Құдықсай» – селолық округ орталығының атауы. «сай табанындағы құдық» дегенді білдіреді. Көміліп қалған құдықтардың көп болуына байланысты қойылған атау.

«Мамыт» – көктөбе селолық округіне қарасты қыстаққа «Мамыт»- араб тілінде мақтауға, алғысқа лайық» деген мағынаны береді. Бұл елді мекен ежелгі атымен аталып отыр.

«Миялы» – Бөгетсай селолық округіне қарасты қыстақ. Мия шөбінің көп өсуіне байланысты аталған.

«Мұғалжар» – Хромтау ауданының солтүстік бөлігін алып жатқан «Мұғалжар» тауының атауы, жер бедеріне байланысты қойылған. Жер атауын Е.Қойшыбаев пен А.Әбдірахманов сияқты зерттеушілер ертедегі түркі ру, тайпалары атымен байланыстырады.

«Некілтау» – селолық округ орталығы, елді мекен атауы. Осы жерден никель кен орындарының табылуына байланысты жергілікті халықтың қойған атауы.

«Ойсылқара» – Құдықсай ауылына қарасты ауыл. Кезінде үлкен колхоз болған. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Ойсылқара әулиенің қорымы 7 жерде бар. Осы өңірде әулиенің бейіті бар және ескерткіш орнатылған. Ауыл атауы да әулиенің атымен Ойсылқара деп аталған. Басын Мұғаджар сілемелерінен алатын Ойсылқара өзені де осы маңнан өтеді.

«Октябрь» – Абай селолық округіне қарасты қыстау аты. Бұл маңда Қазан төңкерісіне байланысты аталған елді мекен болған.

«Оңғар» – Дөң селолық округіне қарасты елді мекен. Кезінде «Киров» атындағы колхоз, Сусановка селосы деп аталған. Кейіннен ежелгі атауы – «Оңғар» қайтып беріледі.

Үлкендердің айтуына қарағанда, хром кенін зерттеуге келген барлаушылардың арасында Оңғар деген кісі болса керек. Сол кісінің атымен аталған.

«Ор» – Мұғалжар тауынан бастау алатын өзен аты. Түркі тілінде «шұңқыр, терең» деген сөз. Сухиновка – қазіргі Абай ауылының бұрынғы атауы. Бұл атау алымдарды жинауды қадағалайтын патша генералы Сухиновтың атымен аталған.

«Табантал» – селолық округ орталығының атауы. Мекеннің Табантал аталу себебі: төбенің табанында көп тал өскен екен.

«Тамды» – Ор өзенінің саласы, қазірде Қопа селосына қарасты елді мекен де осылай аталады. Там – бейіт, мола. Бейіт, моласы бар сай тармағы.

«Тассай» – селолық округ орталығы. Өзінің тасты болуына байланысты осылай аталған.

«Тасөткел» – ауыл жанынан ағып жатқан Жоса өзенінің асты тас болуына байланысты ауыл Тасөткел деп аталған.

«Үйтас» – Тасөткел селолық округіне қарасты ауыл. Адамдарының айтуы бойынша, үйдей-үйдей үлкен тастардың мол болуына байланысты аталған. Ал, селолық округке қарасты Құдықсай, Шөлқараған, Қарасу, Аққұдық, Қостерек, Сымтас, Тасқұдық деген қыстау, жайлау атаулары жер сипатына қарай Ащы өзені – суы тұзды, ащы болғасын осылай аталған.

«Үшқұдық» – Бөгетсай селосына қарасты қыстақ. Ол Жаркөл қыстағы мен Талдыбұлақ бөлімшесінің арасында орналасқан. Сол қыстақта ауыз суға арналған үшқұдық қазылған, сол құдықтарға байланысты «Үшқұдық» деп аталған.

«Шот» – Тасөткел ауылының аумағындағы өзен. Шот сабындай қысқа өзен болғасын, осылайша аталған. «Шолақсай» – Ақжар ауылындағы сай атауы. Екі таудың ортасындағы шағын сайды халық мекендеген, сайдың кішкентайлығына байланысты осылай аталған. «Шіліктісай» – Бөгетсай ауылына қарасты елді мекен. Осы ауылдың тұсында ағып жатқан сай бойында шілік көп өскен. Соған байланысты «Шіліктісай» аталып кеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазыналы Хромтау»/ Хромтау ауданының құрылғанына 75 жыл толуына арналған құрылымдық – деректі жинақ/ Жинақты құрастырған Рахымжан Жаңабергенұлы Өтемісов.
2. Уразаева К.Б., Уталиева Ж.Т., Бекназаров Р.А. Топонимия Актюбинской области: историко-этимологическое описание, классификация и стратегия переименований. Научная монография: в 3-х томах. / Уразаева К.Б., Уталиева Ж.Т., Бекназаров Р.А. Актөбе, 2008. 168 с.; Т.1: Переименования в топонимической системе Актюбинской области. 168с.
3. Султанғалиева Г.С. История Актюбинского уезда (1869-1917). – Актөбе, 2005.264с.

Ойыл топонимдерінің дамуы мен қалыптасу тарихы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Шумақова Гүлнұр Жасұланқызы – педагогика магистрі
Автор: Даулетова Гаухар – география мамандығының студенті

Асанқайғы бабамыз өз заманында "Ойыл көздің жасы еді, Ойылда кеңес қылмадың, Ойылдан елді көшірдің..." деп Жәнібек ханға зілді сөйлеп, Ойылдың орны бөлек екенін айғақтады. Ойыл ауданы жер-су атаулары бойынша өзіндік тарихқа бай өлке. Осы өлке туралы, ондағы географиялық жер су атауларының кейбіріне тоқталып, тарихына үңілдім. Ойыл ауданының атауының өзі Ойыл өзені атауымен тікелей байланысты. Ойыл өзені басын Мұғалжар тауынан алып, кезінде құм жоталарды жарып отыра Жайыққа кеп

құйылған Ойыл өзені қазір Тайсойған құмдарына барып сіңіп, жоғалады. Ұзындығы сегіз жүз шақырымдай, су жиналатын алқабы отыз бір мың бес жүз шаршы шақырым. Ащы Ойыл, Қиыл, Қайыңды, Ащықұмды, Шилі, Қандыағаш, Жарлы, Батпақты, Бабатай, шағырлықұмды, Ащыөзен, Қарасай, Қуырдақты, Қарағанды, Құмды, Кенжалы, Қанбақтысай салалары ауданның құба жондары мен құм белдерін өрнектей ежелгі Ойылға кеп қосылады. Осы өзен, көлдерде шортан, табан, мөңке, аққайраң, қаракөз, алабұға, ақмарқа, көксерке, құты, қызылқант, сазан, жайын ауланады. Ірі өзендерде ғана кездесетін екі, екі жарым метрлік жайындар Ойыл өзенінің Ақшатау жағындағы қарасуларда қазіргі кезге дейін өсіп, өніп келе жатыр.

Ойыл топониміне грамматикалық талдау жасамастан бұрын, осы атауға қатысты кейбір ғалымдар көзқарастарына тоқталуды жөн көрдік. Ертеде ағылшындар Ойыл өзенінде «жүн жуған» екен, содан ағылшын тіліндегі woll (жүн) деген сөзінің негізінде Ойыл деп аталған деген пікірде жоқ емес. Ағылшын woll сөзі уел түрінде емес, вул болып оқылады. Ойыл топонимі туралы А. Досқалиев: «Ойыл сөзі 1867 жылдың алдындағы, тіпті XV-ғасырдағы өлең-жыр текстерінде жиі кездеседі. Мысалы,.... Ойыл мен Жем бойын қоныстанған елді басқа жерге көшірген Жәнібекке қарсы болған Асанқайғы: Ойыл деген ойынды, Отын тапсаң тойынды Ойыл көздің жасы еді Ойылдан елді көшірдің, -деп, өзінің жыр жолына Ойыл сөзін бірнеше рет қосады. Бұл бұлтартпас фактіге қарағанда, Ойылдың төркіні әріде жатыр және оның қазақ сөзі екеніне ешқандай күмәнданудың қажеті жоқ. Бұл өзен бастауын ойпаң жерден алып жатыр, яғни бұл өзеннің шығып жатқан жері (бастауы) ойылып жатқан жер тәріздес, сондықтан да Асанқайғының «Ойыл деген ойынды» деуі тегін емес. Қазақта «ойынды шұқыр екен» деген тіркес бар», - дейді. Жалпы географиялық атаулардың өздеріне тән баты үш түрлі қасиеті барлығын көрсете келіп, топонимист – ғалым Ә.Әбдірахманов: «біріншіден, олар бір – бірімен омоним болып келуі, екіншіден, жаңа сөз жасаудың негізгі ұйытқысы, үшіншіден, бір мағынада бірнеше түркі тілдерінде кездеседі.

Үлкенқараой, Кішіқараой дейтін топонимдердің құрамында кездесетін ой сөзінің кемінде омонимдік үш мағынасы бар: 1. Яма, низменность, долина, углубление; 2. Ум, разум, память, мнение, мышление; 3. Выкопать, выдолбить, вырезать, гравировать, - деп, одан әрі Ойыл атауын нақты мысалдармен дәлелдейді. Сондай – ақ, ой – 1. Яма, углубление,; 2. Долбить, делать, углубление», - деп берілген. Осы топонимнің құрамында – ыл қосымшасы етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ. Тіліміздегі – ыл (- іл, - л) қосымшасы туралы профессор А. Ысқақов «...бұл жұрнақ жалғанатын сөздердің лексикалық мағынасына қарай, мағыналары да басқа – басқа алуан түрлі жаңа сөздер жасайды. Мысалы, шикіл, катал дегенде сын есімге тән формалар туып тұрса, тарыл, тіріл, сөздері тар, тірі деген есімдерден – ыл, -л жұрнақтары арқылы туынды зат есімдер негізгі мағынадан ажырамайды», - деп орынды пікір айтады. Олай болса, Ойыл топонимін қазақ тіліне тән деп қараймыз.

Осы Ойыл өңірінен шыққан текті тұлғаның бірі — Шығанақ Берсиев. Ол Ақтөбе облысының Ойыл ауданындағы "Құрман" колхозының звено жетекшісі, тары өсірудің әйгілі шебері. Ол әуелі "Құрман" колхозында мұрап, 1938 жылдан звено жетекшісі болып істеді. Шөлейтті аймақтың ауа райына қарамастан, ұзақ жыл бойы Берсиев тарыдан мол өнім алды. Оның звеносы әр гектардан: 1939 ж. 25,5; 1940 ж. 155,8; 1941 ж. 165; 1942 ж. 175; 1943 ж. 201 ц өнім жинады. Берсиев тарыға арам шөптен таза, құнарлы жер таңдап алып, оған қой қиын төкті. Сеялқамен әр гектары 20 кг-нан тоғыспалы әдіспен 5-6 см тереңдікке тұқым сеуіп, топырақты ауыр ағаш катокпен тегістеді. Өсімдіктің өсіп-жетілу кезеңінде егістікті 4 рет суарып, 2 рет үстеп қоректендірді. Берсиев жаз бойы егістіктің 3 рет арам шөбін отап, кейде оған күл мен құс саңғырығын шашты. Ол тарыны пісуіне қарай таңдап оратын. Жыл сайын ойыл ақ тарысының сабағы майысып тұрған күлтелерін таңдап, оның ірі дәнін ғана тұқымға іріктеп алды. Сөйтіп, тарының жақсартылған жаңа сортын өсірді. Осы текті тұлғаның құрметіне ауданның елді мекенінің біріне Ш. Берсиев атауы берілді.

Бірімен-бірі жалғасып Қандыкөл, Сопаккөл, Жалаңаш көл, Қожакөл, Қаракөл, Шоңқайлы, Қаракұнан көлі Жетікөлді құрайды. Сайын даланың көк жасыл белдеулеріндей болып Жекенді, Құттыкөл, Тамдыкөл жайқалады. Ежелгі Ойылдан, оның сан тарау салаларынан нәр алған Тамдыкөл, Қиыл, Жекенді, Саға-қарағанды, Батпақты, Сәлім, Қауғалы көлдетіп суару жүйелері ойылдықтар еңбегінің жемісіндей-ырыс көзі болып отыр. Ертеректе ақкетенің қоңыр атанған бір бөлігі табиғаты шұрайлы Жекенді, Жетікөл деген жерлерде отырады екен. «Қобыланды» Жырында «Жекендінің Жетікөл, Қызғыштың Қызылкөлінен бесінде өтті», - деп жырланатын осы Жекенді мен Жетікөл. Қоңырлардың шұрайлы жерлеріне байұлының мықтылау аталары сырттай қызығып жүріпті. Сөйтіп, анау-мынау сылтау тауып, сол жерді қоңырлардан тартып алмақшы болады. «Байғұты қол жинапты, қолды Көктаубай деген батыры бастап келмекші» деген хабар да жетеді. Қоңырдың екі батыры Сапақ пен Байғұты да Көктаубайларды қарсы алуға дайындалады. Елдің ер көңілді отыз-қырық жігіті атқа қонып, сойыл-шоқпарларын, қылыш-найзаларын алып, күтінеді. Көктаубайлар келер жолда Қандыкөл деп аталатын ну қамысты көл бар еді, Байғұты батыр: «Сендер екі жарылып, көлдің екі жағына жасырынып күтіндер, мен Көктаубайды алдынан тосып, осы арадан өткіземін» депті. Көктаубайдың алдынан шауып шығып «Батыр болсаң жекпе-жекке шық» деп айғайлайды. Көктаубай да шабынып шығады. «Жеткен жерде шанышарсың» деп Байғұты екі атқа кезек мініп қашады. Көктаубай «Көктаубайдың Көктұқыл жүйрігі саған бәрібір жетпей қоймас, Көктаубай сені шаныспай қоймас» деп, қызбалықпен Байғұтының соңынан ну қамысқа қойып кетеді. Қамыс арасында тосып тұрған Сапақ байғұтыға жақындай берген Көктаубайды найзамен шаншып өлтіреді. Көктаубайдың денесін оның қасындағы қырық жігіті найзаға көтеріп алып кетеді де, атын, қару-жарағын Байғұтының ақылымен Көктаубайдың қоңырдың арасын қыстап отырған рулас екі-үш ағайынына бөліп береді. Байұлы келесі жылы құн даулап келгенде «өлтірген мына өз ағайындарың, ата мүлкі де соларда» деп кетелер құннан құтылып кетіпті. Көктаубай өлтірілген сол үлкен көл Сапақ көл деп аталады.

Бұл ауданда «Саралжын» атты ауыл да бар. Осы аттас елді мекен Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданында да кездеседі. Кейбір зерттеушілер «Саралжын» атауын осындай дыбыстық құрамда ұшырасатын жусан тектес өсімдік түрімен ұштастырады. Бұл орынды пікір, өйткені «саралжын» атты түйе мен қой сүйсіне жейтін өсімдік түрі бар. Біресе жасыл белдеуі, біресе желі құм суырған сары белдері сан алмасып жататын Ойыл даласы, мал өсірген қазақтың көңілінен шыққысы келгендей өсімдік түрлеріне де бай. Сағымды сары белдерде шөптердің ақселеу, еркек шөп, жусан, бидайық, қарабас, изен, ебелек, бетеге, саралжын, жекен сияқты жүздеген түрі өседі. Ауданның елді мекендерінің бір жанағы саралжын шөбінің атауымен аталады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бақтыгерейұлы Сырым. Ойыл.- Астана: «Фолиант» баспасы, 2009.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ шежіресі.- Алматы, 1993.
3. Мир птиц Казахстана. – Алматы, 1995.
4. Иванов В.А. Живая история Командующего Военно-космическими силами России.-Москва, 2006.
5. Қожанұлы Манасбай. Атырау облысының жер-су аттары (топонимика курсына көмекші құрал). Алматы 2004.

Әр атаудың өз тарихы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Кажиақбарова Зоя Омаргазиевна – аға оқытушы
Автор: Матаева Айдана – география мамандығының студенті

Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу сыры бар. Әрбір атау - тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Әрбір атаудың тарихи, әрі, оның мағыналық өрісі де кең. Осыған байланысты атаулар замана құбылысына, өзгерісіне қарай әр түрлі мағлұматқа: түрлі соғыстар, халықтық әдет-ғұрып, салт-сана, халықтардың қарым-қатынасына және т.б. тарихи оқиғаларға бай. Ал осындай сырғы толы өңір, менің туған мекенім – Қандыағаш қаласы. Жалпы қандай да болсын бір атаудың өзіндік бірнеше шығу тарихы бар. Осы тұрғыда Қандағаш атауы неден шықты деген атауға әркім әртүрлі айтады. Бала кезімде « тал жылап тұрған деседі , жас орнына қан ағып тұр» дегенді еститінмін, бала болған соң ба соған сенетін де едім. Кейіннен Қандағаш ағашынан қан ағып тұрмайтынын білдім, ол өзіміз күнделікті көріп жүрген ағаш екен.

Қандыағаш (Alnus) – қайың тұқымдасына жататын ағаш. Бұлардың биіктігі 20 – 35 м-дей, бір үйлі, дара жынысты болады. Қабығы қара қоңыр. Жапырағы кезектесіп орналасады, олардың жиегі иректеліп, астыңғы беті қалың жүйкеленіп біткен. Аталық гүл шоғы ұзын сырға тәрізді, аналық гүл шоғы – масақша, ол жеміс піскенде бүрге айналады. Бүрі ерте көктемде ашылады. Жел арқылы тозаңданады. Жемісі – бір тұқымды, қос қанатты жаңғақша. 50 – 120 жылдай өседі. Қандыағаштың сүрегі жеңіл, қызыл түсті. Одан үй жиһаздары, ыдыс жасалады. Өзен жағалауларын, жыра, сайларды бекітуге пайдаланылады. Оның көшеттерін қала және өндіріс орталықтарын көгалдандыруға қолданылады. Бүрінен дәрі алынады. Бұдан біз осы атаудың Қандыағаш ағашына байланысты қойылғанын байқаймыз. Ал бұл біздің елді-мекенге берілген атаудың бір ғана нұсқасы болатын.

Қандыағаш қаласының атауы бұрын «Октябрь» болған. Уақытша үкіметтің халық күткен аграрлық мәселені шеше алмауы, езілген халықтарға өзін-өзі билеуі немесе автономия алу мәселесін күн тәртібіне қоюға тырыспауы, жұмысшыларға 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу сияқты көкейкесті мәселелерді шешпеуі халық наразылығын одан әрі күшейтті. 1917 ж. жазының соңы мен күзінің бас кезінде бүкіл Ресейдің жер-жерінде бұқараның Уақытша үкіметке деген қарсылығы өсе түсті. Бұл Кеңестердегі большевиктердің ықпалының артуына жағдай жасады. Ал Корнилов бүлігінің талқандалуы большевиктер беделін біржола көтерді. Осындай жағдайда большевиктер партиясы 1917 жылғы шілде оқиғасынан кейін алынып тасталған “Барлық билік Кеңестерге берілсін” деген ұранды қайта көтерді. Енді бұл ұран қарулы көтеріліске, Уақытша үкіметті құлатуға, пролетариат диктатурасын орнатуға бағытталды. Нәтижесінде 1917 ж. 24 қазанда (6 қарашада) Петроградта қарулы көтеріліс басталды. Келесі күні көтерілісшілер қаланың ең маңызды объектілерін басып алды. 1917 ж. 25 қазанда (7 қарашада) Әскери-революциялық комитет Уақытша үкіметтің билігінің жойылғандығын жариялады. Осылайша Қазан төңкерісі жеңіске жетті. 1967 жылдың 11 қаңтарында Октябрь революциясының 50 жылдығына байланысты «Октябрь» атауымен аталған екен. Дегенмен, 1997 жылдың 16 маусымында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызыл-Орда және Қостанай облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылымына өзгеріс енгізу туралы Өкімімен Октябрь ауданы Мұғалжар ауданы, ал оның орталығы Октябрь қаласы – Қандыағаш қаласы болып өзгертілді.

«Қандыағаш» атауының шығуының негізі XVIII ғасырға — қалмақ шапқыншылығы кезеңіне жатады. 1738 жылы қазақ қосындары мен Жұрын батыр бастаған торғауыт қалмақтары арасындағы ұрыс болады. Бір деректер бойынша, Шақпақ Жәнібектің Түктібайды үйлендіріп, ұлан-асыр той жасау сәтін пайдаланған торғауыттар Жем мен Сағыз бойындағы қазақ ауылдарын шауып, жойқын қырғынға ұшыратқан. Халық аузындағы деректерге сүйінсек, Кіші жүздегі тама руынан шыққан батыр, қазақтың перзенті Есет Көкіұлы арғындарды жаудан арашалауда Жәнібек батырға көмек беру үшін Орта жүз жеріне кетеді. Табын Бөгенбай батыр да арғындарға кетеді. Осы оңтайлы сәтті пайдаланған қалмақтар Кіші жүз қазақтары мекендеген ну орман ағашты іздеп келіп,

күтпеген жерден шабуылдайды. Осы жерде қалмақтар қазақтарды қойға тиген қасқырдай қырып-жойып, талан-таражға ұшыратып, қыз-келіншектерді айдауға алып кетеді. Сол себепті қазақтың қаны, аналардың көз жасы аққан талайлардың басы кесілген жерді халық Қандыағаш деп атап кеткен. Немесе осы сұрапыл соғыс қарсаңында барлық табиғат анамыз «өліп», жалғыз ғана ағаш қалған екен. Сол ағашта жаралылар мен жарымжан сарбаздар қанды қиындыларын байлаған екен, осыдан «Қандыағаш» атауы пайда болған.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1."Ақтөбе облысының энциклопедиясы", 2001жыл
- 2."Мұғалжар энциклопедиясы ",2012 жыл.
- 3.<http://www.aktobegazeti.kz/?p=21606>
- 4.<http://mugalzhar.aktobe.gov.kz/ru/node/903>

Ақтөбе қаласы көшелерінің тарихы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Еспенбетова Айнагул Мейрамбекқызы – т.ғ.к., аға оқытушы

Автор: Жуманазарова Бану – тарих мамандығының студенті

Еліміздің жер-су, елді мекен атауларына көңіл бөлу, оларды тарихи тұрғыдан реттеу жұмыстары Тәуелсіздік алғаннан кейін қолға алынды. Кеңес Одағы кезінде, сол замандағы тоталитарлық жүйенің әсерінен көп өзгеріске түсіп, қазақтың байырғы атауларынан бір белгі, не бір із қалмағандай еді. Бұл халқымызды ұлттық санасынан ажыратудың, бөліп-бөлшектеудің Кеңес кезеңінде жүргізілген саясаты болатын. Ата-бабасының жері, елді мекендері орысша болып аталған соң тарихпен байланыстырып тұрған тамырдың үзілгені емес пе? Бүгінде ұмытылып, халық жадынан өшірілген тарихи атауларды қайтару, қалпына келтіруге мемлекеттік деңгейде үлкен көңіл бөлінуде.

Ономастика халықтың этнографиясымен тығыз байланыста қаралып, басқа халықтармен жүргізген тарихи, мәдени қарым-қатынастың сыр-сипатын танытады. Ономастика қазақ тілінде ғылым ретінде соңғы 20 жыл ішінде дами бастады [1]. Ономастика мәселесі тіл саясатының басты бағыттарының бірі әрі бірегейі. Себебі мемлекеттің, ұлттың сипаты ең алдымен оның тілі мен ономастикалық атауларынан көрінеді. Жер тарихы – ел тарихы. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан болмысы, танымы, тағдыры елді мекен, жер-су атауларында жатыр. Ономастика қазіргі уақытта тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі ретінде ғылыми-тәжірибелік, мәдени-тарихи ғана емес, үлкен саяси маңызға ие болып отыр.

Қазақ халқының тарихында ұлт жадысын жоюға бағытталған бірнеше кезеңдердің болғанын жақсы білесіздер. Сондай жаугершілік замандарда сан түрлі атаулар пайда болды. Бірақ біз олардың бәрінен өзіміздің ономастикамызды аман алып шықтық. Арабтар келген заманда да жаңа атаулар қойылды. Ал Кеңестік тоталитарлық жүйенің кезінде жер-су, елді мекен, қала, көше атауларын жаппай өзгерту басталды. Қазақтың байтақ жерлеріндегі бұрыннан келе жатқан атаулар орысша атауларға алмастырылды. Өзгертілді. Мұның барлығы халықтың тарихи жадын өшіруге, ұмыттыруға бағытталды. Ал осы тарихи жадыны біз қалай қалпына келтіреміз дегенде, мұны тек қазақтың ұлттық болмысына тән, өзіміздің байырғы атауларымызды қалпына келтіру арқылы ғана жүзеге асырамыз. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Ұлдай Ержанова еліміздегі атауларды тек бір тілде – мемлекеттік тілде жазу мәселесін қозғап, сонымен қатар адамдардың тегін жазу тәртібін реттеуге тоқталды. Ұ.Ержанованың айтуынша, бүгінде қай елге барсаңыз да атаулардың барлығы бір тілде, сол елдің мемлекеттік тілінде жазылады. Біздегідей үш тілде жазып

қоятын мемлекеттер жоқтың қасы. Ономастика саласының ең өзекті мәселесінің бірі- тарихи атауларын қалпына келтіру. Елімізде әлі күнге дейін Кеңестік дәуірден қалып қойған, ескірген атаулардың саны көп екені анықталып отыр. Атап айтқанда, еліміздегі атауы өзгертілуі тиіс 12 424 көше, 103 даңғыл, 283 тұйық көше бар. Соған орай Ақтөбе қаласындағы көшелер тарихына шолу жасаймыз.

Ақтөбе қаласының негізгі 1869 жылы 28 маусымда қаланды, Қазақстан Республикасының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы болып табылады. Ақтөбе қаласының әкімшілік аумағы 2,3 мың шаршы километрді құрайды. Оған қала аумағындағы бес селолық округ (Благодар, Қарғалы, Қурайлы, Новый, Сазды) кіреді. Ақтөбе қаласы биіктігі 250-400 метр болатын Орал үстіртінің оңтүстік бөлігіндегі Орал өзенінің сол жақ құйылысы – Електің сол жақ жағалауында орналасқан. Қала солтүстік-батыс жағында Ақтөбе облысының Мәртөк ауданымен, солтүстік – шығыста Қарғалы ауданымен, шығысында Хромтау ауданымен, оңтүстігінде және оңтүстік – батысында Алға ауданымен шекараласады [2].

Крепостниктік право жойылғаннан кейінгі Ресейде капиталистік өнеркәсіптің тез дамуы Қазақстанның өнім өткізетін аса бай рынок және арзан шикізат көзі ретіндегі ролін күшейте түсті. Патша үкіметі Қазақстанды тек қана Ресей империясының құрамына қосумен ғана шектелмей, онда өзінің үстемдігін барынша тез орнатуға тырысты. 1869жылы 14мамырда негізі қаланған Ақтөбе алғашында әскери бекініс ретінде бой көтерді. Бекініс жергілікті халықты ұдайы бақылап отыруға, олардың қарсылығын басып-жаныштауға пайдаланылды. Бекініс құрылысында Ақтөбе алқабының ортасындағы екі биік төбе лайықты деп ұйғарылып, алғашында 8900 десятина, ал кейіннен 27101 десятина жер кесіліп берілді. Бекініс салынатын осы екі биік төбенің сол жағасында ақ тастан қаланған үлкен мұсылман бейіті бар болатын. Алқаптың, кейіннен бекіністің де Ақтөбе деп аталуы осыған байланысты. 1878 жылы Ақтөбеге алғашқы қоныс аударушылар – орыс шаруалары келген кезден бастап әскери бекініс өзінің әскери сипатын жоғалтып, қалалық қонысқа айнала бастады[3]. 1878жылдың көктемінде Ақтөбеге шаруалар И.Мошенский, Е.Богданов, Я.Каюдин, А.Круцкий, И.Алешников, Г.Тузев т.б., барлығы 28 отбасы келді [4]. Осы жылдың күзінде солтүстік төбенің солтүстік батыс жағынан, болашақ Ақтөбе қаласының тұңғыш көшесінің негізін салған, тоғыз үйден тұратын Александровск көшесі (қазіргі Шернияз) пайда болды. Ақтөбе бекініс пунктіне ішкі Ресейден, атап айтқанда Воронеж, Курск, Харьков, Тамбов губернияларынан қоныс аударушылар саны 1878-1879 жылдары 133 отбасыға жетті. Сөйтіп, Ақтөбе бекінісіндегі тұрғын халықтың саны 1879 жылдың аяғында 488 адамға жетсе, оның ішінде 393-і ер, 95 әйел болды [3]. Өздерінің әскери қызмет жолдарын өтегеннен кейін Ақтөбеге тұрақты қоныс тепкен солдаттар Шеменов, Кобляков, Куклев, Гаврилов, ағайынды Агап пен Михаил Мисюриндер оңтүстік төбенің шығыс жағынан Крепостной (қазіргі Типография) және Гарнизон көшелерінің негізін салды. 1880жылы қоныс аударып келген Г.Арнаутов, тағы басқалары терістік жақтан Орынбор көшесінің негізін қалаған. Алғашқы кезде қоныс аударушылар уезд басқарушысының нұсқауы бойынша, ешқандай жоспарсыз орналасып, өздерінің үйлерін тұрғызды. Ал кейіннен уезд басқарушысы Шмидтердің орнына тағайындалған капитан Сунгуровтың кезінде ғана Ақтөбенің тұңғыш жоспары жасалды. Жобаны Торғай облыстық архитекторы Свинницкий жасап, оны 1881 жылдың 23 қаңтарда Орынбор генерал-губернаторы бекітіп, Ақтөбе қоныстанушыларға кеңінен ашық деп ресми түрде жариялады [5].

1884 жылы Ақтөбе екі поселкеден тұрды. Төменгі поселкеде (екі төбенің аралығында) қазіргі Ақтөбе қаласының орталығының негізі салынды. Жоғарғы поселкеде негізінен сауда орындары орналасқан татар слободасы мен оторвановкадан (орталықтан бөлек тұрған) тұрды. Оторвановканың негізгі бөлігін 1886 жылы Астрахань губерниясынан келгендер құрады. Он жылдың ішінде, яғни 1880-1890 жылдар аралығында Ақтөбе тұрғындарының саны 5есе артып, 2143адамға жетсе, үй саны 38-ден 336-ға жетті [3]. XX ғасырдың алпысыншы жылдарының екінші жартысынан бастап

Ақтөбе қаласы көркейіп, гүлдене бастады. Тұрғын үй құрылысымен қатар қалада халыққа қызмет көрсететін мәдени-тұрмыстық объектілерді салу ісі жылдам жүре бастады. Сәнді көшелер өсіп, жасыл алаңдар мен гүлзарлар көзге түсе бастады. 1967 жылы қала көшелері Октябрьдің 50 жылдығы мерекесіне орай тазарып, әдеміленіп, жарасып бой түзеді. 1967 жылы көктемде Ақтөбе қалалық Советінің шешімі бойынша I микроауданындағы Пархоменко атындағы көшені Октябрь бульвары деп атай бастады. Бульвар бойында ондаған әдемі тұрғын үйлер, азық-түлік және кулинария магазині, «Жастық» кафесі, «Ласточка» асханасы, тұрмыстық қызмет көрсету үйі, балалардың тіс емдеу поликлиникасы, қалалық ЗАГС және жұбайлар салоны орналасқан. Бұл - қаланың өте әдемі жерлерінің бірі, бульвар бойындағы күтіп-бапталып отыратын газондар, жасыл желекті ағаштар, неше түрлі гүлдер мұнда келіп-кетушілерге қуаныш сыйлады. Сол жылы Мир көшесінің аты да өзгертіліп, Октябрь мерекесінің 50 жылдығына орай, Октябрьдің 50 жылдығы (қазіргі Ахтанов) атындағы көше деп атала бастады. Революцияға дейін бұл көше шіркеу мен базар орналасқан қаланың орталық көшесі болатын. Қазір бұл түзу де кең, әдемі орналастырылған үйлері мен құрылыстары бар орталық көшелерінің бірі. Оның бойында бұрынғы Қазақстан Компартиясының қалалық комитетінің үйі (қазіргі әкімшілік), облыстық ұлттық драма театры, теледидар және радиохабарлары комитеті үйлері бар. Оған таяу жерде А.С.Пушкин атындағы мәдени және демалыс паркі бар. XX ғасырдың 90-шы жылдарында тұрғын үйлер салынып, көшелері күн санап өсіп келе жатқан қаланың көше атуларына көз салсақ, «Қазақ» көшесінен бастап тұрғындар қалашығынан ескі қалаға дейін микроаудандарды қақ жарып, көсіліп жатқан Құрылысшы көшесіне дейінгі атаулардың бәрі де қаланың саяси, тарихи, мәдени өмірінен алшақ жатыр.

Көптеген көше аттары қаланың тарихы мен халықтың әлеуметтік-мәдени ахуалын танытуға еш қатысы жоқ (вокзал, вагон, депо, завод, саз, бау-бақша, солнечная, озерная, мұнайшы, жұмысшы, химик, металлург, мебель, сауда, ударный сияқты жалпылама зат есімдерге құрылған. Қалған көше аттарының көпшілігі жер, су, қалалардың географиялық атауларын қайталайды (Алматы, Астрахань, Орынбор, Қостанай, Дон, Кубань, Ташкент, т.б.). Сондай облыс, қала өмірімен еш байланысы жоқ атаулардың өзі елу шақты еді [6]. 1989 жылы Ақтөбеде 3,5 миллион шаршы метр тұрғын үй қоры, ұзындығы 178 километр су құбыры, 96 километрге созылған канализация, 3 қонақ үйі, 6 монша және көптеген кір жуу үйлері болды [7].

Сонымен, 1989 жылы тұрғындардың саны 254 мыңға жеткен, 60-тан астам әртүрлі ұлттар еңбек етіп, өмір сүріп жатқан Ақтөбе қаласы Қазақстанның ең әдемі де үлкен қалаларының біріне айналды. Тәуелсіздігімізді алып болғанымыздан кейінгі Ақтөбе қаласындағы ономастика саласында қаншалықты өзгерістер пайда болғандығы туралы сөз қозғасақ, 2007 жылдан бері қарай атауларды өзгертуге мораторий жарияланды. Оның себебі, кейбір жерлерде нысандар мен құрамдас бөліктерге адам есімдерін беруде бей-берекетсіздік орын алған-ды. Одан соң 2009 жылы ұлттық халық санағының өтуіне орай атаулар беруге тағы да тоқтам қойылды. Ал, 2010 жылдан бастап ономастика саласын реттеу қажет етілді. Сол мақсатта заңнама талаптарын қайта қарау міндеті тұрды. Тек қана 2013 жылдың 21 қаңтарында ғана «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жарық көрді. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 25-5-бабы ономастика жұмысының өлшемдерін белгілеп берді. Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заң бойынша Ақтөбе қаласының көшелеріне атау беру, қайта атау тікелей қалалық әкімдік арқылы жүзеге асатын болып белгіленді. Яғни, аталмыш заңның 13-бабының 5-ші тармағы бойынша қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, тұйық көшелердің, саябақтардың, скверлердің, көпірлердің және қаланың басқа да құрамды бөліктерінің атауы және оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту жөніндегі жұмыстардың орындалуын Ақтөбе қалалық әкімдігі қамтамасыз етеді

[8]. Бір сөзбен айтқанда, көшелерге, елді мекендерге, оқу, мәдениет орындарына атау беру кезінде көптің пікірін білу, мәслихат депутаттарының тыңдауын өткізу, алдын ала хабарландыру беру, бөлек қоғамдастық жиынын өткізу, атаудың өлшемдерге сәйкес келуі қатаң қадағаланып отыруы тиіс. Атау тегіннен-тегін, кездейсоқ қойыла салмайды. Көше, нысан, даңғыл, ауыл, аймақ болсын, қай-қайсысы да елді мекеннің құрамдас бөлігі ғана емес, олар ұлт тарихының құрамдас бөлігі болып табылады.

Ақпараттық-насихаттық қызметті бойға жинай отырып, атаулар халқымыздың тарихынан сыр шертеді, жас ұрпақты салт-дәстүрін, дінін құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеп, отанға, еліне, жеріне деген патриоттық сезімін оятады. Сондықтан, тарихта өзіндік орны болған, еліміздің жаңаруына, жаңғыруына, дамуына айтарлықтай үлес қосқан тарихи тұлғаларға, есімі халыққа мәлім, республикамызға, облысымызға еңбектері сіңген азаматтардың есімімен ғана көшелерді атау тәртібі көшелерге атау беру барысында қатаң ескеріліп келді. Атап айтар болсақ, қаламыздағы Скулкин көшесіне «қазақ вальсінің королі» атанған композитор Шәмші Қалдаяқовтың, Новочеркасская көшесіне ақиық ақын Төлеген Айбергеновтің есімдерін беру әрбір отансүйгіш саналы қазақстандықтың көңілінен орын табары сөзсіз. Кеңес дәуірі тұсында шектен тыс идеологияландыру саясаты негізінде атау алған (Коммунистическая – Ыбырай Алтынсарин, Октябрь бульвары – Абай даңғылы, Советская – Махамбет Өтемісов, Комсомольская – Қарасай батыр, Энтузиастов – Жауынгер-интернационалистер, т.б.) және топонимикалық жүктемесі жоқ (Фабричная – Сабыр Құрманалин, Астраханская – Бәкір Тәжібаев), сондай-ақ мән-мағынасыз, кездейсоқ атала салған көшелер (Тупик – Көкжиек, Малый – Жәрмеңке, Тихий – Желкен, Жеңімпаз) қайта атау алса, Ақтан батыр, Ғани Құрмашев, Ідіріс Үргенішбаев, Қуандық Шаңғытбаев, Береке, Ақниет, Әз Наурыз, т.б. көше атаулары жаңадан қалыптасты. Өткен ғасырдың басында халқымыздың тәуелсіздігі үшін күрескен, соңына мол шығармашылық мұра қалдырған қайраткерлердің есімдері де қала көшелеріне берілді. Олар: Телжан Шонанұлы, Тұрар Рысқұлов, т.б. Тарихи өткелдерден өтуінде қазақтың батыр, өнерпаз, даналығымен көзге түскен қыздарының еңбегі айрықша болғаны тарихтан белгілі. Бұл ретте Әлия Молдағұлова, Ғазиза Жұбанова, Нұрсұлу Тапалова, Халида Маманова, есімдерін атауға болады. Тарихи есімдерден бөлек, көшелерді жаңаша атау кезінде қазақ тіліндегі мағынасы мазмұнды, дыбысталуы көңілге де құлаққа да жағымды атауларға мән берілді. Мәселен, 2010 жылы берілген 82 көше (Парасат, Кәусар бұлақ, Салауат, Мамыр, Манас, Табыс, Аманат, Қайнар, Жұлдыз, Күмбезді, Мереке, Мәртебе, Үш қоңыр, Ынтымақ, Шаттық, т.б.) осындай реттермен аталды. Атаулары түрлі нұсқада жазылып жүрген көше атаулары дұрыс жүйеге түсірілді. Мәселен, Әбілқайыр хан атауы Абилқайыр-хан, Абылқайыр-хан, Абулхайыр-хан боп түрліше жазылып келген. Кейбір қаріптері түрліше жазылған, сондай-ақ орысша, қазақша атаулары және ескі, жаңа атаулары қатар ілінген аншлаптар да (Бәкір Тәжібаев көшесі – улица Астраханская, Шәмші Қалдаяқов көшесі – улица Скулкина, т.б.) реттелуде. Айта кету керек, мұндай қателіктер негізінен жекелеген тұрғындардың көше атауын көрсететін тақтайшаларды өздері жасап, жеке иеліктегі үйлеріне іліп қоюы барысында ұшырасады [9].

Ақтөбе қалалық мәслихатының кезекті он сегізінші сессиясында облыс орталығындағы бірнеше атаусыз көшелерге ат берілді. Олардың бірі Ақтөбе қаласының орталығындағы атаусыз көшесі Бөкенбай батыр; «Заречный - 2» поселкесінің атаусыз көшесі Қайдауыл батыр; «Ақтөбе облыстық ішкі істер департаментінің жол полициясы басқармасы» ауданының аумағындағы атаусыз көшесі Сақтаған Бәйішев; Қарғалы селолық округінің «Ақжар» селосының атаусыз көшелері: «Береке» және «Бірлік» болып аталып, «Заречный - 1» поселкесінің көшелері: Энтузиастов көшесі - Жауынгер - интернационалистер көшесі; Новая көшесі - Федор Озмитель көшесі болып қайта аталды [10]. Бүгінгі таңда Ақтөбе қаласының аумағы бойынша 626 көше бар. Оның көбі, яғни 300-ден астам көше қазақ тіліндегі атауларға ие. Тарих арқылы танылған, жұрт санасында сан жылдар сіңісті болған атаулардың сырына үңілмей, өзгерту – халық тарихына қиянат. Ономастика саясаты ең алдымен мемлекет тәуелсіздігіне ел мен жерді ұлықтау идеясына

қызмет етуі тиіс. Сонда ғана ата-баба мұрасы жаңғырып, ел мен жердің сәні кіріп, халқымыздың рухы күшейеді

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.
2. <http://akimataktobe.gov.kz/index.php/kz/qala/history-of-city-kz>
3. Сағындықов Е.Н., Тәжібаев М.Қ., Нұрғалымова Қ.С. Ақтөбе қаласының тарихы (1869-1991)- Ақтөбе, 1998
4. Путь к коммунизму. 1969. 3мая
5. Актюбинский городской вестник. 1913. №5. с.2.
6. Коммунизм жолы.-1990.-24 қаңтар
7. Актюбинск в цифрах. К 120летию основания города
8. <http://egemen.kz/2014/10/30/41445>
9. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=2229>

Ақтобе помнит своих героев

*Научный руководитель: Мерхайдарова Нурия Нурулловна-к.п.н, доцент
Авторы: Мухтарова Айгерим, Сагиндык Айгерим-
студенты АРГУ им. К.Жубанова, специальность «География»*

Тема экскурсии, участниками которой вы станете - "Ақтобе помнит своих героев" и посвящена она Великой Отечественной войне 1941 – 1945 г. Как вы все знаете, в этом году будет отмечаться 70-летие Великой Победы! Общеизвестно, что именно улицы определяют облик города. В современных границах города Ақтобе насчитывается более 500 проспектов, улиц, переулков, проездов и площадей общей протяженностью тысячи километров. Названия улиц Ақтобе напоминают нам сегодня о самых значительных и незабываемых событиях в истории нашего многонационального государства, о людях, чьи имена навсегда остались в летописи поколений. Названия улиц- свидетельства того, как рос и развивался наш город, какие люди и события были связаны с его историей. В годы Великой Отечественной войны Ақтобе, как и другие города Казахстана отдавал все для того, чтобы общими усилиями разгромить фашизм. Были сформированы 312-я стрелковая дивизия, 101-национальная стрелковая бригада и другие, Ақтобе — родина 37 Героев Советского Союза. Из этого района отправились на фронт более трёх тысяч человек. Многие из них остались на поле брани. Десятки тысяч фронтовиков были награждены орденами и медалями. Имена и подвиги героев войны увековечены в названиях улиц и объектов нашего города. За время нашей экскурсии мы посетим эти объекты и постараемся наиболее полно рассказать Вам о жизни героев Великой Отечественной войны, об их героизме и мужестве.

Основная часть

Пусть пулемёты не строчат, И пушки грозные молчат, Пусть в небе не клубится дым,
Пусть небо будет голубым,

Пусть бомбовозы по нему Не прилетают ни к кому, Не гибнут люди, города... Мир нужен на земле всегда! Н.Найдёнова

Начнется наша экскурсия с проспекта Алии Молдагуловой, одного из главных проспектов города. Проспект носит имя Героя Советского Союза Алии Молдагуловой. Алия Молдагулова родилась 15 июня 1925 года в ауле Булак Хобдинского района Актюбинской области. Отца звали Нурмухамбет Саркулов, а мать – Маржан Молдагулова. В 1935 г. с семьей дяди переезжает в Ленинград, а в 1939 г. по семейным обстоятельствам, дядя отдает Алию на воспитание в детский дом № 46 г. Ленинграда. Там

ее все называли Лией. Несмотря на небольшой рост и хрупкое телосложение, Алия отличалась упорством, выносливостью и твердостью характера. Росла серьезной, вдумчивой, любознательной девочкой. 17-ти летняя девушка подала заявление в военкомат, с просьбой отправить ее добровольцем на фронт. Моложе 18 лет в армию не брали, Алию направляют под Москву, в село Вешняки, где формировалась Центральная женская школа снайперской подготовки. Она проявляла настойчивость, упорство в овладении снайперским делом. Награждена именной винтовкой с надписью «От ЦК ВЛКСМ за отличную стрельбу». В июле 1943 г. Алия окончила снайперскую школу. Теперь Алия Молдагулова - снайпер 4-го батальона 54-й отдельной стрелковой бригады. Ей было всего 18 лет, но Алия проявляла исключительное бесстрашие и мужество. 14 января 1944 года в бою за деревню «Казачиха», Алия Молдагулова была тяжело ранена. Скончалась в госпитале. Ей шел девятнадцатый год. 4 июня 1944 года Алие Нурмухамбетовне Молдагуловой присвоено Звание Героя Советского Союза посмертно, также награждена орденом Ленина. Официально могила Алие Молдагуловой находится в деревне Монаково, а по архивным документам она захоронена в глухих российских лесах. Именем Героя назван аул Алия (до 2005 г. — Алпайсай) в Хобдинском районе Актюбинской области. В городах Москва, Алматы, Астана, Шымкент, Актобе и на родине установлены памятники. В Казахстане ее имя носят школы в Таразе, Уральске, Шымкенте, Гуманитарный колледж в Актобе. В Актобе создан областной мемориальный музей, а также музей на малой Родине, в Хобде. Ей посвящены балет «Алия», несколько стихов и поэм, множество песен, книг. О подвиге Алие Молдагуловой сняты документальный фильм «Алия» (реж. М. Сагатов) и художественный фильм «Снайперы» (реж. Б. Шамшиев). Роза Рымбаева исполнила песню «Алия», посвященную Алие Молдагуловой (музыка: С. Байтерекова, слова: Б. Тажибаева).

Перед Вами находится Военный институт сил воздушной обороны. Военный институт сил воздушной обороны носит имя дважды Героя Советского Союза Т. Я. Бегельдинова. Талгат Якубекович Бегельдинов — советский лётчик-штурмовик, дважды Герой Советского Союза, генерал-майор авиации Казахстана. На фронтах Великой Отечественной войны с января 1943 года. Сражался на самолёте Ил-2. 26 октября 1944 года гвардии старшему лейтенанту Бегельдинову Талгату Якубековичу за отвагу и боевое мастерство, проявленные при освобождении городов Знаменка, Кировоград, за лично сбитые в воздушных боях 4 вражеских самолета присвоено звание Героя Советского Союза. За два года войны он совершил 305 боевых вылетов на штурмовике наземных войск противника, в воздушных боях сбил 7 самолётов. Сам был сбит. Бегельдинов автор книг «305 рейдов» (1966, Фрунзе), «ИЛ-ы атакуют» (1966, Алматы), «Аспандағы айқас» (Алматы, 1967), повествующих о военных годах. Умер 10 ноября 2014 года в возрасте 92 лет.

Перед вами мемориальный комплекс Героя Советского Союза Алие Молдагуловой. Мемориальный комплекс был открыт в 2005 году 23 сентября. Авторы мемориала – известные скульпторы Бахытжан Абишев и Еркен Сергебаев. Они попытались уйти от общераспространенного изображения Алие как сурового воина советской армии. Героиня предстала в виде юной 18-летней девушки, чью жизнь трагически оборвала война. Взгляд девушки устремлен вдаль, но лицо спокойно, рука с плащ-палаткой опущена вниз, словно знает Алия, что на родной земле воцарился мир. Бронзовая фигура Алие установлена на гранитном постаменте. Высота памятника с постаментом составляет 6 метров. Памятник обрамляют два гранитных рельефа высотой 2,3 метра и длиной 12 метров, на которых изображена история народа – от сакских времен до наших дней. Весь комплекс со сквером располагается на самом видном месте – на проспекте Алие Молдагуловой, у оживленного перекрестка. Место выбрано удачно, потому как здесь вокруг сосредоточено немало учебных заведений, много молодежи. Сквер получился просторным, широким, привлекательным.

Сейчас мы с вами пройдем на «Аллею Героев». 7 мая 2010 г. состоялась церемония закладки символического камня, ознаменовавшая собой начало строительства «Аллеи Героев» Советского Союза. «Аллею Героев» открыли 30 августа 2010 г., в день 15-летия принятия Конституции Республики Казахстан. Как вы и заметили, она начинается со стороны комплекса Алии Молдагуловой. Затем вдоль аллеи, попарно напротив друг другу, стоят 46 стел. На каждой – барельеф и имя. Портреты выполнены скульпторами Жадигером Кенбаем, Маратом Габдрахмановым и Жанибеком Есенгуловым. Помимо стел, аллею украшают светильники, газоны и цветники. Мемориал из 46 гранитных стел увековечил имена актюбинцев - Героев Советского Союза и полных кавалеров ордена Славы, отдавших свои жизни во имя Родины.

Наш следующий объект - Актюбинский областной Мемориальный музей Героя Советского Союза Алии Молдагуловой. Музей был открыт 22 апреля 1985 года. На данный момент в фонде музея насчитывается более 8 тысяч экспонатов. В фонде музея об Алии собрано множество материалов. В документах и фотоматериалах ярко представлены раннее детство, родное село, семья, школа, жизнь в интернате, участие в обороне Псковской области, ее героическая смерть, а также воспоминания однополчан, военные письма, книги, статьи, очерки, статьи из газет и многое другое. В данном музее хранятся семь писем Алии своей сестре Сапуре. По словам работников музея, Алия писала и своему дяде Абубакиру, еще одному двоюродному дяде - Бисенгали Хабиеву. Однако эти письма не сохранились. 4 июня 1944 года Алия Молдагулова была посмертно награждена медалью "Золотая звезда" и орденом Ленина. В музее хранится еще один из ценных экспонатов — Грамота о присвоении Алии звания Героя Советского Союза.

Сейчас прямо перед собой вы видите Монумент Славы «Вечный Огонь». «Вечный Огонь» в Актюбинске зажегся в 1970 году, 24 августа. Есть свидетельства, что факел привезли с Марсова поля в Ленинграде. Установили Вечный огонь напротив здания Дома Советов (нынешнего акимата) на Октябрьском бульваре (ныне пр. Абая). Создатели обелиска – скульптор Н. Соболев и архитектор Т. Джанисбеков. Зажег «Вечный Огонь» первый секретарь обкома партии Николай Журин. В 1984 г. монумент переехал. Его перевезли на пр. Алии Молдагуловой. Об этом рассказывают данные областного архива. На новом месте к «Вечному Огню» подвели трубу от газопровода, подведенного к жилым домам. 53 кубометра газа в год уходит на «Вечный Огонь» в Актюбе. Высота обелиска составляет 19 метров. Мы с вами проезжаем по пр. 312-й стрелковой дивизии. Этот проспект назван в честь 312-й стрелковой дивизии. Формирование дивизии начато в Актюбинске в середине июля 1941 года. Дивизия была укомплектована людьми не полностью: общая численность составила 11347 человек. Среди многонационального состава дивизии преобладали русские (4460 человек), казахи (3556) и украинцы (2012). Из других национальностей были узбеки (212), татары (184), таджики (86), туркмены (74), белорусы (23) и др. Александр Фёдорович Наумов - советский военный, генерал-майор. Участник Первой мировой войны, Гражданской войны, Второй мировой войны. Командир 312-й стрелковой дивизии (1941 г.). В июле 1941 года был назначен командиром 312-й стрелковой дивизии, которая была сформирована в Актюбинске из местного населения. Из 11 000 человек личного состава 312-я стрелковая дивизия в боях под Москвой потеряла около 9500 человек и была официально расформирована 27 декабря 1941 года. Актюбе увековечил память о 312-й стрелковой дивизии, назвав ее именем один из проспектов города, а также установив мемориал "Пушка", фото вы можете посмотреть в портфеле проводника.

Теперь мы подъезжаем к улице, названной в честь Маншук Маметовой. Маметова Маншук (Мансия) Жиенгалиевна пулемётчица 21-й гвардейской стрелковой дивизии 3-й ударной армии Калининского фронта, гвардии старший сержант. Первая казахская женщина, которой было присвоено звание Герой Советского Союза. Настоящим именем Маншук было Мансия, и в детстве Амина апай называла её ласкательно «Моншағым», но так как Маншук была маленькой, то не могла выговорить слово «Моншак» и у неё

получалось лишь «Манчук». С тех пор она стала подписывать письма Манчук. В Красной Армии с сентября 1942 года, писарь штаба 100-й Казахской отдельной стрелковой бригады (8 декабря 1943 года преобразована в 1-ю стрелковую дивизию. Впоследствии дивизия была награждена орденом Красного Знамени, ей было присвоено почётное наименование «Брестская»), затем медсестра. На фронте окончила курсы пулемётчиков и была назначена первым номером пулемётного расчёта в строевую часть. 15 октября 1943 года в тяжёлых боях за освобождение г. Невеля (Невельская наступательная операция) при обороне господствующей высоты, оставшись одна из пулемётного расчёта, будучи тяжело раненой осколком в голову, уничтожила 70 солдат противника и погибла смертью храбрых. Похоронена в Невеле. Звание Героя Советского Союза гвардии старшему сержанту Маметовой Маншук Жиенгалиевне присвоено посмертно Указом Президиума Верховного Совета СССР от 1 марта 1944 года. При Актюбинском медицинском колледже открыт музей имени Героя Советского Союза Маншук Маметовой. Где собрано около двух тысяч экспонатов. В основном это фотографии и документы. Также в зале представлена репродукция диорамы «Последняя минута Маншук Маметовой». В музее можно увидеть расписанную стену, здесь рядом с изображением Маншук Маметовой – облик Алии Модагуловой. Историки находят в их судьбах очень много общего: в раннем возрасте остались сиротами, добровольно ушли на фронт, обе героически погибли на войне. Актюбинскому медицинскому колледжу, где теперь есть музей, присвоено имя Маншук Маметовой. Этот факт называют символичным, ведь, известно, что девушка - пулеметчица, героически погибшая при защите города Невель, мечтала стать врачом. На войну Маншук ушла со 2-го курса медицинского института. В 1969 году режиссёром М. С. Бегалиным по сценарию А. С. Михалкова-Кончаловского был снят фильм «Песнь о Маншук (фильм)». В роли Маншук снималась Н. У. Аринбасарова. В городе Уральске (Казахстан) находится дом музей М.Маметовой по ул. Сарайшық д.51 (Государственное учреждение «Мемориальный музей им. М.Маметовой»). На основе музея в Уральске в 2010 г. был открыт музей Маншук в Актобе.

Мы приближаемся к улице носящей название - 101-я стрелковая бригада. В конце 1941 — начале 1942 года в Актюбинске была сформирована 101-я отдельная стрелковая бригада, командиром которой назначили подполковника Я. С. Яковленко. Комиссаром бригады постановлением Бюро ЦК КП Казахстана был утвержден участник гражданской войны Нури Лутфуллович Алеев, являвшийся до этого секретарем Северо-Казахстанского обкома партии по промышленности и транспорту. Весь политсостав бригады состоял из опытных партийных работников, снискавших заслуженное доверие и уважение республиканской партийной организации преданностью делу партии и самоотверженной работой на благо Отчизны. К окончанию формирования бригады в ее составе было 80 процентов коммунистов и комсомольцев. В июне 1942 года бригаду посетил Маршал Советского Союза К. Е. Ворошилов. Ознакомившись с состоянием боевой и политической подготовки и поприсутствовав на учениях частей бригады, тов. Ворошилов отметил, что личный состав бригады хорошо подготовлен и после непродолжительной дополнительной подготовки сможет с успехом выполнять любое боевое задание. К. Е. Ворошилов выразил уверенность, что в боях за Родину бригада с честью оправдает доверие народа. Посещение бригады К. Е. Ворошиловым, его ценные указания и советы, его пламенные призывы вызвали небывалый подъем среди бойцов, командиров и политработников бригады. Они заверили Маршала К. Е. Ворошилова, что оправдают высокое доверие партии и народа, с честью выполнят свой воинский патриотический долг перед Родиной. Воины бригады сдержали свое слово, они с честью выполнили свою клятву, стойко сражались в боях за Родину. Бригада приняла первое боевое крещение в ноябре 1942 года в составе 39-й армии Калининского фронта. Она прорвала укрепление фашистских оккупантов в районе сел Мишуково, Зайцево и Урдума недалеко от Ржева. Вскоре бригада была переведена в 4-ю Ударную армию, в составе которой участвовала в освобождении городов Велиж, Полоцк и многих других населенных пунктов Калининской, Витебской и Великолукской областей, а

также Литовской ССР. За образцовое выполнение задания командования, за проявленный героизм и отвагу в боях многие бойцы, командиры и политработники бригады были награждены орденами и медалями. К сожалению, наша экскурсия подходит к концу, но в нашем городе есть еще множество объектов, которые хранят в себе историю Великой Отечественной войны, с которыми вы можете познакомиться самостоятельно.

Список литературы

1. Энциклопедия «Актобе». ТОО «Отандастар-Полиграфия», Актобе 2002. М.К. Тажибаев- профессор, главный редактор.
2. Г.С. Султангалиева, доктор исторических наук, профессор Г.И. Кобесова, канд.ист. наук, доцент. Улицы города Актобе: история и современность. Актобе, 2007, 160 с.
3. Из истории Актюбинской области. Краеведческий сборник/ Под. редакцией канд. ист. наук доц. А.П. Прусса. – Актюбиск: «Полиграфия», 1991 г. 108 с.
4. Информационный портал ГУ «Отдел туризма и спорта» акимата г.Актобе.
5. Емельянов Б.В. Основы экскурсоведения: Учеб. пособие. Изд. 2-е перераб. и доп. – М.: ЦРИБ «Турист», 1995.
6. Долженко Г.П. Экскурсионное дело. – М., 2004.
7. http://ru.wikipedia.org/wiki/История_Актюбинска 8. <http://historyaktobe.idhost.kz/vov.php>

Туған өлкенің жұлдызы жоғары

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Байдрахманова Гульназ Абилбахитовна – информатика магистрі

Автор: Жақсыбай Гүлжайна – география мамандығының 4 курс студенті

Менің туған өлкем – Байғанин ауданы. Байғанин ауданы облыстың ең көне аудандарының бірі. Ол қазақ руларынан тұратын этноним бойынша аталатын Адай – Табын болысы ретінде белгілі. Адай округінің құрамында болып келген бұл өңірдің дербес басқару жүйесінің өмірге келуін қолда бар деректерге сай айтар болсам, оқиға былайша өрбіген екен. Қазақстанда 1921 жылы Бірінші облыстық партия конференциясы Орынборда болып өтті. РСФСР үкіметінің көмегімен қысқа мерзім ішінде Қазақстанда шекаралар анықталды. Қазақ АССР – інде ол кезде мына жеті губерния болған еді: Ақмола, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай, Орынбор, Орал, Семей губерниялары және екі аудан Торғай, Адай болып қарады. 1921 – 1923 жылдар аралығында Орал губерниясының Адай округін қарасты Табын ауданы, 1923 жылы 15 қыркүйек айында КазЦИК – тің бұйрығымен Ақтөбе губерниясына қосылды. 1928 жылдың тамыз айында Терісаққан сайының бойында 12 болыстың өкілдері қатысқан жиналыс болды. Бұл жиналыста Адай-Табын руларынан тұратын 11 болыс кіргені атап көрсетілген. Ал 1932 жылы Ақтөбе облысының құрылғаны баршаға белгілі сол кездегі облыс көлеміндегі 28 ауданның бірі осы, Табын ауданы болған екен.

Осы Табын ауданында ұйымдасқан, 40 колхоз бар. Атай айтсам, Қаратөбе, Ақбұлақ, Үшбұлақ, Қызылбұлақ 2а, Қарабатыр, Жанбике, Теректі, Қызыләскер, Қызылбұлақ, Көктүбек, Көкбұлақ, Жайылма, Қарабұлақ, Илі, Шкалов атындағы Қарақоға, Баршақұм, Қопа 8а, Қызылжұлдыз, Құмкез, Ноғайты, Қаражар, Қызылту, Қызылтаң, Ақши, Курпуская атындағы колхоз, Ворошилов, Аманкелді, Мәдениет, Тасқабақ, Жамбыл, Буденный, Осипенка, Халинин, Ақжар, Жем, Жаңатаң, Жаңатұрмыс, Молотов, Қопа 15а жатады. Ауданға «Табын» атауының берілуінде де ақылға қонымды заңдылық бар. Бұл Кіші Жүз өңіріндегі халықтың үлкен бір тайпалық одағын Жетіру тайпасының аса ірі тармағы. Бұл ру да Адай сияқты көшпелі тұрмыс кешкен. Арал мен Каспий теңіздерінің аралығында көшіп-қонып жүрген. Қысқа қарай Үстірт асып, Маңғыстаудың

ойына дейін барады. Амантай, Матай, Сам секілді құм шағылды, қысы жұмсақ өңірді қоныстанса, көктем туа солтүстікті бетке алып, облысымыздың Елек, Қобда, Ырғыз даласына дейін жетіп жайлап қайтатын болған. Бір сөзбен айтқанда, тыныс-тіршілігі бір-біріне ұқсас осы екі үлкен рудан тұратын болыстықтар өкілдерінің бас қосуында ауданның атауын қалай атасақ екен деген пікірдің сарапқа салынғаны сөзсіз. Бұл кезде Адай округі әлі де өмір сүріп тұрған еді. Сондықтан бұл жиналыста жаңа құрылымның атауын Табын ауданы деп атауға келісілгендігі жөнінде ой түйіндеуге болады. Қалай дегенменде бұл атау 1940 жылға дейін өзінің ұйымдастырушылық рөлін ойдағыдай атқара білді. Протокол № 47 – 48 бойынша 1940 жылы 28 қыркүйегінен 3 қазанға дейін Табын ауданы Байғанин ауданы болып бастапқы атауын өзгертті. Бұл жерлесіміз халық ақыны Нұрпейіс Байғаниннің есіміне берілді. Нұрпейіс Байғанин — халық ақыны, жырау. Қазіргі Ақтөбе облысы Байғанин ауданында 1860 ж. дүниеге келген. Ол ақындық өнерді ең алғаш анасынан үйренген. Н.Байғанин шығармашылығы жағынан толысып, халық құрметіне бөленген шағында отансүйгіштік, халық тағдыры, тағы басқа тақырыптарды кеңінен жырлады. Көп жасаған, көп көрген, көп үйреніп, көп жырлаған, қазақ халқының мол сөз қазынасын меңгере, пайдалана білген ақынның шығармалары терең мағыналы, өткір тілді, шешендік сөздерге, мақал-мәтелге, афоризмге толы. Ақтөбе облысында Н. Байғанин ауданы бар. Ақтөбе және басқа қалалардағы көшелер мен мектептерге ақын аты берілген.

1963 жылы аудан жабылып, Темір аумақтық басқармасының құрамына өтеді. 1965 жылы аудан қайтадан ашылып, бұл жолы аудан орталығы болып Қарауылкелді ауылы белгіленді. Ауданның жалпы жер көлемі 6103969 гектар. Облыс орталығы Ақтөбе қаласынан 246 шақырым жерде. Халқының қазіргі саны ресми деректер бойынша 24 мың. Ауданда 9 селолық округ бар. Оларға: Ақжар, Оймауыт, Дияр, Алтай, Жарлы, Қарауылкелді, Ноғайты, Қопа, Абай селолары жатады.

Байғанин ауданының негізінен жері үстіртті (биіктігі 200-300 метр), оңтүстік Доңызтау тауы және Шағырай үстіртті алып жатыр. Ауданның солтүстігінен Атырау-Қандыағаш темір жол және автомобиль жолы өтеді.

Сонымен, қырында киік жайлаған, төскейінде төрт түлігі тең өрген Байғанин өңірі – құт береке мекені. Жер қойнауында қазба байлығы қорының көптігімен мәлім. Оларға, ірі мұнай кен орындары болып Жаңатаң, Лақтыбай, Ақжар, Шығыс Ақжар, Қаратөбе, Оңтүстік Қаратөбе саналады, бұлар негізінен Жем өзенінің сол жағалауында орналасқан. Табиғи байлықтың бірі – кир (битум), бұл жол құрылысына кеңінен пайдаланылатын шикізат. Оның қоры ауданда мол, көбірек кездесетін маңы Мортық, Алтай (Мырзаның Адыры), Дөңгелексор, Ақшоқы, Алашқазған. Ауданның шалғай оңтүстігінде табиғи газдың қоры бар деп есептелінеді. Өлкемізде халықтың өз қолымен жасалған тарихи – мәдени ескерткіштері де тұнып тұр. Облыстың басқа аудандарымен салыстырғанда Байғанин өңірі ірі қорымдарға, діни-тұрғын үй кешендеріне өте бай болып келеді.

Бұл өлкеде ауыз толтырып айтатын табиғи, тарихи орындар жетерлік. Ақбота – Сәңкібай тауы, Кұлшардың шоқысы, Алатау, Үйтас, Қарасақал, Асанқожа, Ақсай, Алып ана, Үлкен Жабысқы, Тұщы Айрық, Қос Сағыр, Дәуімшар секілді табиғат жаратылыстарын тамашалап, қызықтау керемет әсер беретіні анық.

Дәуімшар қорымы - Байғанин ауданындағы архитектуралық салт дәстүр ескерткіші. Жем өзенінің сол жағалауында орналасқан. Ауданы 4га. 1810жылы осы жерге Адайдың қырықмылтық тайпасының Есекей бөлімінен шыққан Дәуімшар батырдың есімімен аталған.

Қарақұл қорымы — Дияр ауылының солтүстік-батысында 45км жерде орналасқан. Таңба белгілеріне қарғанда Қарақұл қорымын Адай руының ұрпақтары қойған. «Қошқар» бейнесі бар ескерткіштер де кездеседі. Қорым объектілері ақ бор мен құмды араластыру арқылы соғылған. Тастарды кесу, қашау, қыру әдістері қолданылған.

Қарасақал қорымы — тарихи — этнографиялық, архитектуралық ескерткіш. Батыс Қазақстандағы ірі некропольдердің бірі. Жарқамыс аулының оңтүстік — батысында, Жем өзенінің сол жақ жағалауында орын тепкен. Қорым аумағы 15га. Қорымдағы елеулі

архитектуралық ескерткіштердің бірі - Ындыбай мазары. Мазардың астыңғы жағы барабан тәріздес дөңгелек, күмбезі сүйірленіп, әк тастан қиылып жасалған. Мазардың сырты әртүрлі ою-өрнектермен бедерленген, әшекейленген. Қарасақал қорымында әк тастардан қаланған сағанатам деп аталатын бейіттер бар. Бұндағы сағана тамдар құлпытастар мен қойтастардың қосынды үлгісіндей. Ескерткіштер пішіні мен көлемі жағынан әртүрлі. Қорымдағы саған там, қойтас, құлпытастар қазақы ою-өрнектермен бедерленген некропольдардың байырғы әдісі қолданылған. Құлпытастарда араб әрпімен сондағы адамның өмірбаян деректері, бағыштау сөздері жазылған.

Нұрманбет қорымы - Байғанин ауданының Жаңажол селолық округіндегі қорым. Жем өзенінің сол жағалауында, Оймауыттан 30 км дей жерде. Нұрманбет аталатын себебі, кейініректе осындай есімі бар кісінің қойылуына байланысты.

Ақбота — Сәңкібай шоқысы — қазақтың ер жүректі, батыр қыздарының бірі. Жем бойында туып өскен. Әлімнің Жаманақ руынан шыққан. Әкесі, яғни Сәңкібай ырғыз жеріне аттанғанда Еліне жау шабады, осы кезде Ақбота елін жаудан қорғау үшін майданға шығады, сөйтіп елін жаудан тазартады. Алайда, жойқын шабуыл кезінде жаудың қолынан мерт болады. Ырғыздан ауылына қарай бет түзеп келе жатқан Сәңкібай қызының хабарын естіп, көшіп келе жатқан елін күтіп алып Ақботаның денесін биік адам аяғы мен мал тұяғы таптамайтын орынға қоюға ұйғарады. Сол қойылған биіктік кейіннен Ақбота биігі деп аталады. Бұл жер Жем өзенінің оң жақ қапталындағы оқшау құмда, Миялы ауылының солтүстігінде 20-30 шақырым маңында. Ақбота Сәңкібайқызының ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалды.

Сүлікті кешені — архитектуралық ескерткіш. Үстірттің солтүстігіндегі Доңызтау аймағында орналасқан. Бұл мешіт архитектуралық құрылысы жағынан өте күрделі, қыраттың еңісінде салынған. Оның көптеген қызмет, тұрғын жай, шаруашылық бөліктері бар. Аталған мешіт алты күмбезді. Мешіттің қабырғалары тегістелген. Тау тастарынан, ішінара шикі кірпіштен өрілген. Мешіт кешенінің маңында тұрғын үй жайларының қабырғалары сақталған. Аталған ескерткіш қазақтар арасында кейінгі кезеңдегі жаңа діни бағытқа бағышталып салынған ескерткіштердің типтік үлгісі болып табылады.

Сүндет мавзолейі — ХІХ ғасыр ескерткіші. Оймауыт ауылының солтүстік батысында 30 км жерде орналасқан. Биіктігі 6 м, шеңбері 17 м. Сегізқырлы қабырғалары бар, киіз үйге ұқсайды. Оңтүстік батыс бетіндегі кіреберіс пен маңдайшасының жиегі шығынқы, ұлттық «түйетабан» өрнегі салынған. Ішкі бөлігінде 8 қырдың әрқайсысы өрнектеліп қаланған. Мавзолейді халық шебері Дәулетнияз салған.

Асанқожа қорымы - ХУІІІ-ХІХ ғасырларға жатады. Байғанин ауданындағы құрылыс ескерткіштерінің комплексі. Оймауыт ауылының оңтүстік батысында 50 км жерде. Қорымның ауданы 48000 шаршы метр, ол әртүрлі 264 ескерткіштерден тұрады. Асанқожа қорымы республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімінде.

Жем – Сағыз өңірі түлектерінің ғылымға, білімге, өнерге деген талпынысы басқа қай жердегіден де кем түспейді. Ауданда мыңнан астам жоғары және арнаулы білімді кадрлар халық шаруашылығының түрлі салаларында ойдағыдай еңбек етіп, өздерінің білімі мен өмірлік тәжірибелерін игілікті іске арнап келеді. Олардың арасынан есімдері республика көлемінде жақсы танымалы Сақтаған Бәйішев, Нұрдәулет Күзембаев, Әбдірахман Нұрлыбаев, Назарбай Былиев, Жұмаш Ешмұратов, Қалау Бақытов, Ілияс Тәжімұратов, Кенжеғали Кенжебаев, Ниетжан Беріков, Нұраш Көпесов, Асау Жалғасов, Қуандық Дүйсенов сынды ғалымдар, Жұмабай Тәшенов, Бәкір Тәжібаев, Тобық Жармағамбетов, Сағи Жиенбаев, Өтежан Нұрғалиев, Есенбай Дүйсенбаев, Сәбит Баймолдин, Қажығали Мұханбетқалиев, Мәди Айымбетов және басқа әдебиет пен өнер қайраткерлері өсіп шыққаны белгілі. Айлы түнде далағы шығып, аспан күмбезіне көз тіксеңіз сансыз жұлдыздар жымың қағады. Бірі жап – жарық болса, екіншілері көмескілене сәуле шашады, ал кейбірін жәй көзбен әзер – әзер көресіз.

Жер бетіндегі туған өлкем планете көгіндегі жарық жұлдыздай жарқырайды. Әрбір өскелең жастардың өз туған өлкесінің шығу тарихын, құндылығын білу әрбір азамат, азаматшалардың парызы. Сондықтан өз жерімізді, елімізді көркейтіп, оған өз үлесімізді қосып, сол үшін еңбек етейік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. "Қазақстан". Ұлттық энциклопедиясы 6-том
2. Ақтөбе облысының энциклопедиясы 2001 жыл
3. "Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі" 2007 жылы.
4. Мұрағат
5. Байғанин энциклопедиясы

Әбілқайыр ханның атауына байланысты жер-су атаулары

Ғылыми жетекшісі: Хайруллина Индира Закариевна, тарих пәнінің мұғалімі
Автор: Ұзақбаев Арыстан - №51 мектеп - гимназиясының оқушысы

Әбілқайыр (Әбілқайыр Мұқамбет Ғази баһадур хан) (1693-12.08.1748) - Кіші жүз ханы. Соғыстарда батырлығымен, айлакерлігімен, айқас-шайқастарды ұйымдастыра білуімен даңқы шығып, мұрагерлік жолмен емес, өз беделімен Кіші жүздің ханы болды. Жошының он үшінші ұлы Тоқа Темірден тарайтын —Өсеке ұрпағы, Қажы сұлтанның баласы, Шыңғыс ханның он бесінші ұрпағы. Балалық және жастық шағы 1710 жылы өтті. Қарақұмдағы халық жиынында жас Әбілқайыр Кіші жүз әскерінің қолбасшысы және хан болып сайланды, ал түмен басы болып атақты Бөгенбай батыр тағайындалды.18- ғасыр қазақ халқы үшін ел басына күн туған кезең болды, жоңғарлар тарапынан болатын шабуылдар халықты көп күйзеліске ұшыратты. Әбілқайыр бұл сұрапыл соғыста жанкештілік танытты. Ол бабаларының иелігінде болған Сайрам, Түркістан және Ташкент қалаларын қорғау жолында ерен ерлігімен көзге түсті. Бұл қалалар жоңғарлардың қоршауында қалған кезде, тең емес ұрыста анасы мен әйелі тұтқынға түскен соң, Әбілқайыр хан шегінуге мәжбүр болды. 1718 жылы Аякөзде Әбілқайыр мен Қайыптың 30 мыңдық әскері жоңғарлармен қанды шайқас жүргізді. Әбілқайыр жастайынан батылдығымен танылып, дарынды әскербасы және білгір саясаткер болды. 1726 жылы үш жүздің қазақтары бас қосқан құрылтайда билер мен батырлар бірауыздан Әбілқайырды Қазақ хандығы әскерінің бас қолбасшысы етіп сайлады. Ал, Әбілқайырдың хандық дәрежеге қалай жеткендігін 1736 жылы оның Ордасына келген ағылшын суретшісі Джон Кэстль былайша түйіндейді: Ол зор тұлғалы, сымбатты, аппақ жүзді, қызыл шырайлы, түсі сондай жылы кісі, сонымен қатар зор денсаулық пен қайрат-күш иесі, садақ тартуға келгенде шынымен-ақ бүкіл ұлтта оған тең келетін кісі жоқ. Хан болмай тұрып, ол сұлтан ғана болатын, оның барлық балалары да осы лауазымды алып жүр.



Жоңғар қалмақтарымен болған соғыста олардың басшысы қонтайшыны өз қолымен тұтқынға алғаннан кейін... Кіші орда оны хан сайлады. Әскербасы Әбілқайыр халық жасақтарында қыруар істер атқарды, соғысу қабілетін жоғары деңгейге көтерді және қарулы күштерде адамгершілік рух пен патриотизмді марапаттап отырды. 1728 жылы қазақ әскері жеңіске қол жеткізді. Бұл шайқастар Ұлытау тауларында, Қарасиыр жері мен Бұланты өзенінің бойында болды, мұнда қазақтар қонтайшының ұлы басқаратын экспедициялық корпусты талқандады. Бұл жеңістен кейін халық көкейінде жеңіске қол жеткізуге болады деген сенім ұялады. Басқыншыларға қарсы халық жұмыла көтерілді. Алайда бұл жеңілістен кейін де жау әлі күшті күйінде қалды. Жағдайға қанық Әбілқайыр жаңа шабуыл бастады. 1730 жылы көктемде Балқаштың оңтүстік шығысындағы Итішпес елді мекенінде Әбілқайыр бастаған қазақ әскері жауларды тағы талқандады. Жоңғарларға қарсы жүз жылдық соғыста қазақ халқы өзгерісті кезеңге аяқ басты, жеңіске бір табан жақындағандай болды. Алайда дәл осы кезеңде Болат хан қаза табады. Сондықтан да басқа ханды тағайындау төңірегінде сауал туындайды. Қат-қабат келген жағдайларға байланысты, Болат ханның жас ұлы Әбілмәмбет хан сайланды. Билік басына келген жаңа ханды Әбілқайыр құптамайды, бас сардар атағынан бас тартып, өз әскерімен Кіші жүзге келеді. Оның себебі Еділ бойындағы қалмақтар күшейіп Батыс Қазақстанға шабуылдар жасап, қорғаусыз қалған Кіші жүздің қазақтарын жаппай қыра бастайды. Қалмақтарды түбімен қырып тастау үшін Әбілмәмбет пен рубасыларынан, би-батырларынан әскер сұрайды, бірақ өз қарабастарын ойлаған Әбілмәмбет пен ру көсемдері қолдамай, өз ұлыстарына кетіп қалады. Осыдан соң біріктірілген қазақ халқының жасақтары ыдырай бастады.

Ханға қатысты жер-су аттары. Қазақ хандары мен батырларының арасында Әбілқайыр ханға қатысты жер-су аттары жиі кездеседі. Қаратаудың "Қатын қамал", Жолбарыс қамал" аталатын жерінде, Саудакенттің оңтүстігінде Әбілқайыр ханның бұлағы бар. Арқалық тауындағы «Үлкен орда қонған», «Кіші орда қонған» сияқты жер аттары Әбілқайыр атымен тығыз байланысты. Қырғыз Алатауының солтүстік бөктерінде қазіргі Тұрар Рұсқұлов ауданында, Алғабас ауылының солтүстік-батысының Әбілқайыр өзені ағып жатыр. Оған жапсарлас Сұмқайтты өзенін көресіз. Әбілқайыр хан қол бастап, шайқасқа түскен Қарақатты өзенінің шығысында қалмақтар қырылған Молалы немесе Ойранды тауы бар. Оның шығыс жағында Ойранды өзені ағып жатыр. Негізі, Әбілқайыр шайқасқа қатысқан жерлер - қазақтың өркениетті, көне қалалар орналасқан аймақтар. Олар - Ақыртас, Құлан, Меркі, Аспара, Ақтөбе және Ақтөбенің солтүстік шығысындағы Тоғанбай, Жайықтың бойындағы Таскешу өткелдері. Атасу, Сарысу өзендерінің оңтүстігінде Тайатқан, Шұнақ тауларынан Әбілқайыр өзені басталады. Оның батысында Албанның Сүйерқұлдан тараған Шажағай - Әбілқайыр бастаған шайқасқа қатысқан батыр. Балқаштың бер жағында, Ақсүйектің жанында Әбілқайыр жалы болса, Дегерес, Шолақ өзендерінің бойында хан ордасы бар. Әбілқайыр осы хан ордасында отырып ел басқарған. Жалпы, Әбілқайырға қатысты жер-су аттары өте көп. Мысалы, Ордабасы, Хан ордасы, Орда тауы, Орда қонған, Орда ашқан, Бала орда, Хан қонған, Хан төбесі, Қалмақ қырылған, Ойранды өзені, Ойран бұлақ, Ойран төбе, Қалмақ құлаған, Молалы төбе, Қалмақ қырған, Қалмақемел, Торғауыт қонған, Топанбұлақ және т.б. Әбілқайырдың шайқаста қолданған әскери әдіс-тәсілдеріне сәйкес те жер-су аттары қалған. Мәселен, Бас қарауыл, Орта қарауыл, Аяқ қарауыл, Кіші қарауыл, Қарауыл төбе, Қарауыл келді, Қатынқамал, Жолбарысқамал, Садыр қамал, Тарақты қамал. Топонимика мен ономастикада Әбілқайыр атының қалуының бір себебі - ол көптеген жорықтарды басқарып, жеңістерге жетіп, қазақтардың бүкіл батыс өңірін сақтап қалған. Әбілқайыр бастаған қол 1726 жылдан 1730 жылға дейін 4 жыл бойы жоңғарларға қарсы үздіксіз шайқастарға қатысқан. Әбілқайырдың қолбасшылығымен шайқастар өткен жерлер - Сыр бойының Жаркент, Оғызжайылған, Жент, Сауран, тағы басқа көне қалалары орналасқан аймақтар. Әбілқайырға қатысты "Сауранды екі айналған" деген сөз содан қалған. Осы қалалардың барлығы да Әбілқайырдың араласуымен жау қолынан босатылған. Кейінгі

шайқастарда Нұра өзенінің бойында болғаны белгілі. Екінші үлкен шайқас Сарыарқаның солтүстік-шығысындағы Шідерті өзенінің бойында өткен. Ол жерде Орда тауы бар. Сондай-ақ "Шүршітқырылған", "Қаламақырылған" атты жер атаулары сақталып қалған. Біздің туған жеріміз Ақтөбе облысында да Әбілқайыр ханға қатысты жер-су атаулары жеткілікті. Солардың бірі Темір ауданындағы **Қарабас, Кенжалы, Келбатыр** өзендері және **Ботагөз** бұлағы.



Есет Көкіұлы Күші жүздің ханы Әбілқайырдың сенімді серігі, кеңесшісі, өз тайпасының ту ұстаушы әйгілі батыры болған. 1731 жылғы Әбілқайыр ханның Ресей империясына қатысты саясатында халық алдындағы сенімді тірегі, хан мен халық арасына түскен жарықшақты дәнекерлеп бітістірушісі бола білген. Хан басына үйірілген қауіп бұлтын сейілтуде ол сол кездің тарихи ірі тұлғалары Бөкенбай, Жәнібек батырлар мен бірлесе отырып, оған көмек көрсетеді. Осы ерлік күрестердің көрінісін Ә.Кекілбаев өзінің «Үркер» романының 1 томында: «Темір қаласындағы шайқас қазақтардың жығылған жалын қайта тіктегендей болды» - деп көрсетеді. 1742 жылы Есет батыр қалмаққа қарсы соғыс мәселесін шешу үшін орда кеңесіне кетеді де, оның ағасы Қарабас Әжібай бидің ауылында қонақта болады. Қонақта жүрген Қарабас еліне жау шапқанын естіп, өзіне ерген бір топ адаммен Алтықарасу деп аталатын жерде қалмақтарды қуып жетеді. Осы соғыста Ойылға құятын өзеннің бойында Қарабас мерт болады. Сол себепті өзен «**Қарабас**» аталып кеткен.

Ал «Кенжалы» өзенінің аталуына келетін болсақ, Қарабас батырдың баласы Кенжалы әкесі өлген жер қазіргі «Қарабас» деп аталып жүрген өзеннен 25 шақырым жерде Ойылға құятын бір өзеннің бойында өзі де жаумен айқаста мерт болады да, кейіннен сол өзен «**Кенжалы**» деп аталып кетеді.

Ақжол бастаған топ көп ұзамай сол жердегі елді жинап, қазіргі Темір ауданының «Құмқұдық» атты ауылының тұсында қырғынға ұшыраған. Есет ауылының кегін қайтару үшін 2-3 күннің ішінде үлкен қол жинайды. Батырлардың шұбап келіп жатқан жердегі өзенді уақыт өте «Келбатыр» деп атаған.

Әбілқайыр ханның қыстауларының бірі Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданындағы **Жалғызбағаш** шатқалында орналасқандығы туралы деректер кездеседі. Оған Б. Залесскийдің XIX ғасырдағы салған суреті дәлел.

Елімізді жаудан найзаның ұшымен қорғаған батырлардың ішінде Тама Есеттің қызы, Әжібай бидің келіні Ботагөз батыр да болды. Ол 1719-1744 жылдары өмір сүрген. Ғалым С.Толыбеков «Қазақ шежіресі» атты кітабында: Үстірт жотасындағы «Сам» құмын бірге қыстап шыққан Жетірудың Тама руына қараған қырық шақты ауыл ішінде Есет батырдың ауылы бар. Жем өзеніне жақындап қонып, қой қоздатып, қозы аяқтандырып отырған кезінде Есет батырдың Ботагөзі әлі үйінде, бойжеткен қыз- деп жазады. 1742 жылы қалмақтар тұтқиылдан шабуыл жасаған кезде Есет батырдың қызы Ботагөз бастаған топ жауды екі жақтан қуып, айламен қоршап, қалмақтың Қонды деген батырын қолға түсіреді. Қондыны қазақтар жеке қоршап, кеудесіне найза тіреп тұрған уақытта күрең атты бір жігіт Қондының күжірейген мойнына қыл арқан бұғалық тастап жіберіп, шалқалай тартқанда қалмақ жерге ат үстінен гүрс етіп құлайды. Сол кезде жігіттер шапқылап өлтіреді. Жаудың біреуі де тірі қалмайды. Қондыны бұғалықтаған жігіт-

Ботагөз екен. Тарихи дерек бойынша Ақ кете Әжібай би жиені Есет батырдың қызына құда түсіп, Әжібай бидің баласы Барсай мен Ботагөздің некесі қиылып, отаулары тігіледі.

Жолшыбай кіші орда Құлшығайдан өтіп, әбден болдырған көш түйелерін шөгеріп, жүктерін түсіріп, дамылдаса керек. Ботагөз қасына Садықты, бірнеше қыз-келіншектерді ертіп, су іздейді. Жан-жағын барлап, сайдың тақырлау жеріне шығып тұрған бір түп қамысты көреді. Қамыс, ши шыққан жерде жер асты суы жақын болатынын жадында сақтаған қыз қамысты тартып қалғанда су білінеді. Кетпенмен екі-үш ойғанда-ақ мөп-мөлдір бұлақтың көзін ашады. Келе жатқан көш сол бұлақтан су ішеді, осы бұлақ **Ботагөз** бұлағы деп тарихта қалды. Иманұлы Жарылғасынның дерегінде келтірілген.

Ал енді «**Қалмаққырылған**» деп аталатын қазақ жерінің тәуелсіздігі үшін күрестің куәсі болған тарихи мекен атауына келетін болсақ, ол Ақтөбе облысының Темір ауданының орталығы Шұбарқұдықтан 30 шақырым жерде орналасқан теміржол бекеті. Бұл аумақ ХХ ғасырдың 30-жылдарында Қандыағаш-Гурьев теміржол торабы салынғанда, осылай аталатын жерге байланысты Қалмаққырған бекеті ретінде әлемдік теміржолдар картасына енгізілген екен. Бұл әуелгіде 2-3 үй болған, қазір 50-60 үйлік дербес ауылға айналған бекет аты. Ал шындығында бұл атау – Темір, Ойыл өзендерінің басындағы жерлерді, Шилі, Кенжалы өзендерінің алқабын алып жатқан кең аңғарлы аймақ. Міне, осы арада шамамен 1719 жылы немесе осыдан 290 жыл бұрын Әбілқайыр хан (1710-1748) бастаған 25 мыңдық Кіші жүз қолы мен Аюке хан (1669-1724) бастаған 30 мыңдық Еділ бойы қалмақтарының арасында орасан зор шайқас болған екен. Жалпы саны 55 мыңнан аса бес қаруы сақадай сай екі жақтың әскерлері ұзақ шайқасқан. Қорытындысында Әбілқайыр хан бастаған қол жеңіске жеткен. Сол алқапта қазақ жерін, елін қорғау үшін жүргізілген қанды майданда мыңдаған Әлім, он екі ата Байұлы, Жетіру боздақтары құрбан болған, қалмақтар тарапынан да он мыңнан аса адам ажал құшқан. Әлгі алқаптағы көріністі бейнелейтін «қан суша ақты, өліктен басар жер болмады» деген сөз біздің заманымызға жеткен екен. Ол заманда шейіт болғандарды шайқастан кейін топтап та жерлеген, тізе бойы шұңқыр қазып бетін жаба салған жағдайлар да болған. Осы Қалмаққырған немесе Қалмаққырылған атауы, демек, Әбілқайыр есімімен тығыз байланысты.

Темір ауданындағы Қалмаққырған немесе Қалмаққырылған шайқасының мерзімі туралы әр түрлі пікірлер бар. Біреулер, біз айтып отырғандай, бұл жағдай 1719 жылы болғандығы жөнінде жорамалын айтады. Белгілі тарихшы И.В.Ерофеева: «В начале XVIII века северо-западные территории Казахстана являлись объектом повышенного интереса честолюбивого калмыцкого правителя Аюки, стремившего возвысить свой престиж за пределами России за счет военных набегов в соседние районы Припиской низменности, захвата у ближайших номадов пленных и скота и приведений вассальную зависимость... кочевых народов», – деуі нақты деректер шақырым жердің негізінде жазылған.

Екінші топ бұл жердегі шайқас 1729 жылы болғандығын айтады.

Бұл оқиға 1771 жылы Еділ бойы қалмақтарының Ұшаба хан бастаған 25 мыңдық шаңырағы өзінің тарихи отаны Жоңғарияға көтеріле көшуінің негізінде болған. Осы арада патшалық биліктің талап етуі бойынша Нұралы хан 30 мыңдық күшпен қалмақтар көшін қырғынға салған делінеді. Бұл тарихи орында күні бүгінге дейін ғылыми-зерттеу, археологиялық қазба жұмыстары жүргізілмеген. Жүргізілген жағдайда болған шайқастың мерзімдік жағын анықтауға тиек болар бір деректің табылуы ғажап емес. Осы сөздің иесі мұнда 2003 жылдың жазында ғалым Рақым Бекназаровтың қатынасуымен және тарих факультетінің 5 студенті бар ғылым экспедициямен келген еді. Алайда бұл алғашқы шолу сапары болатын. Қалай болғанда да осы Қалмаққырған-Қалмаққырылғанға арнайы археологиялық экспедиция жасап, қазба жұмыстарын жүргізуді жоспарласа, ләзім болар еді.

Сол Қалмаққырған-Қалмаққырылған алқабының аса көрнекті жеріне (сол аттас теміржол бекетінің терістігіндегі, Қандыағаш-Шұбарқұдық жолының бойындағы биік қырға) тарихи ескерткіштер орнату ісінің бастамасын жасаса, халқымыздың көптен айтып

жүрген мәселесі шешуін табар еді. Бұл үлкен тарихи ескерткіштің басы болары сөзсіз. Бұндай шараны жүргізу бүгінгі және болашақтағы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу үшін қажет. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында бұндай шараның жүргізілуі халқымыздың рухани сұранысына жауап беретін шара болады деп ойлаймыз.

Әбілқайыр хан есіміне байланысты жер-су атауларының бірі және бірегейі-«**Хан моласы**». «Хан моласы».атауы 1748 жылдары-ақ пайда болған. Ханның қазасы қабырғаларын қайыстырған ел бұл қорымды солай атаған. Ең негізгі сүйенетін айғақ – патша шенеунігі, Орынбор губернаторының зерттеу тапсырмаларын орындаған Николай Рычковтың жазбалары дейді зерттеушілер.Н. Рычков 1771 жылы жазылған жарияланымдарда Әбілқайыр ханның әулеті, ол жерленген мекенге байланысты сипаттамалар берген.Осы сипаттамалардың негізі – Қабырға мен Өлкейек өзендерінің құйылысы, хан жерленген қорым жанынан өтетін екі тарам жол, оқшау жатқан бейіт басында өсіп тұрған жалғыз ағаш жергілікті адамдардың айтқандарымен сәйкес келеді. Жерленген жері де осы. Жалпы, қазақ жер-су атауларына ерекше қараған. Оған аса ыждағаттылықпен қарап, атауды тектен-текке бермеген. "Мола" - қазақтың төл сөзі. Алайда XIX ғасырдағы Ресей карталарында бұл жер "Хан сүйегі" деп көрсетілген. Қате жазбалар да кездеседі. Мысалы, "Қанды суық" деген де бар. 60- жылдардағы топографиялық картада солай. Бірақ ең дұрыс атауы - "Хан моласы" Қорым солтүстіктен оңтүстікке қарай 600 метрге дейін, батыстан шығысқа қарай 250 метрге дейінгі жер аумағын алып жатыр. Осы маңға жақын саналатын елді мекендер – Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданына қарайтын Толыбай және Аққұм ауылдары. Осы екі ауыл мен «Хан моласының» арасы 90 шақырым. Ал қос ауылға қарағанда, бұрынғы Торғай облысы Жангелдин ауданының Миялы елді мекені одан да жақынырақ – «Хан моласымен» арасы 35 шақырым. Археологтар бұл жерден 41 құлыптас тапты. Жетпісінші жылдардың соңынан бергі уақытта бұл жерді бірнеше экспедиция тексерді. Кейін, 1998 жылы кезекті экспедиция кезінде зерттеулерді тереңірек жүргізуге мүмкіндік туды. Осы жылдан бастап елімізде тарихи-мәдени ескерткіштерді зерделеуге баса назар аударыла басталған-ды. Содан 2001 жылы "Әбілқайыр хан" халықаралық қорының ұйымдастыруымен және қаржыландыруымен 15-20 адамнан тұратын үлкен экспедиция ұйымдастырылды. 10 күн ішінде қорымның топографиялық жоспарын сызып, бұл жолы нақты 942 зират белгіленді. "Хан моласы" зерттеу жұмыстарын Серік Әжіғали бастаған ғалымдар тобы 1978 жылдан бастап жүргізіп келеді. 2004 жылдан бастап зерттеу бұрынғыдан да салмақты түрде өткізіле бастады және оны сол уақыттан бастап Ақтөбе облысының бюджеті қаржыландырып келеді. Кешенді зерттеу жұмыстарына тек жергілікті археологтар ғана емес, шетелдік мамандар да қатысты. Мамандардың нақты қортындысы бойынша, №92 объект Әбілқайыр ханның, не оның туыстарының сүйегі болуы мүмкін. Бір айдан кейін "Хан моласына" жерленген адам сүйегінің нақты бейнесі жасалды. Онымен Венгрияның Ұлттық мұражайы жанындағы антропология институтының бір топ ғалымдары айналысты. «Хан моласы» деген атауды көбіне Әбілқайыр ханның жақын серіктерінің бірі Жәнібек батырдың соңынан ерген арғын, қыпшақ руларының қарттары есте ұстап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген.



Ақтасты селолық округіне Ақтасты, Толыбай ауылдары кіреді. Даңқты қолбасшы жүріп өткен жердің халқы енді Толыбай ауылын Әбілқайыр хан деп атап, селолық округ орталығы статусын осы жерге беруді сұрап отыр. Ұсынысты аудандық мәслихат депутаттары қолдап, қазір облыстық мәслихаттың қарауына жіберілді. «Алдағы уақытта туристік орындардың маршруты әзірленеді. Облыс орталығынан 550 шақырым қашықтықта жатқан жерге тас жол салу жұмыстары да қарастырылып жатыр. «Нұрлы жол» бағдарламасына сәйкес енді салынатын тас жол орталық пен батыс өңірін жалғайды. Бұл жол кесенеден 3 шақырым қашықтықта жатыр. Жолдың техникалық-экономикалық негіздемесі жасалып жатыр» дейді аудан әкімі.

Әбілқайыр хан атына байланысты жер-су атауларына қосылған соңғы дерек-биыл 2015 жылы 5 қазанда Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Толыбай ауылынан 90 шақырым қашықтықта жатқан Хан моласы қорымында **Әбілқайыр ханның мемориалдық кешені** ашылды. Бұл – тарих ғылымдарының докторы, профессор Серік Әжіғалидің 30 жылдан астам уақыт бойы зерттеп, зерделеген еңбегі. Нәтижесінде қазақтың қолбасшысы, батыры, ханы Ақтөбе жерінде ұлықталды, ұлтымыздың ұлы тұлғасына арнап Қазақ хандығының 550 жылдығы кезінде кесене салынды.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мерекелік шара облыс орталығынан 550 шақырым қашықтықта жатқан Хан моласында жалғасты. Хан моласындағы кешенде стелла, күмбезді бейіт бар. Құрылыс жұмыстарын жүргізген компания директоры Зұлқожа Қожаевтың айтуынша, «алғашқы жұмыс 2014 жылдың қыркүйегінде басталған. Қажетті құрылыс материалдарының барлығы Ақтөбе өңірінен алынды. Ескерткіштің тасы Маңғыстау өңірінде шығарылатын ағылай тасы. Бұл тас жаңбырға, күнге қатая береді. Биіктігі – 25 метр» деді. Идея авторы бұрын Қорқыт ата ескерткішін салған сәулетші Бек Ыбыраев болды. Ашылу салтанатына арнайы келген сәулетшінің айтуынша, авторлық ұжым алдымен алтын түстес металдан күмбез жасауды ұсынған. Бірақ ауылдан жырақ жатқан хан моласын тонап кету қаупі басым болды. Сондықтан ұжым қайта сараптап, Ұлы, Орта, Кіші жүзді бейнелейтін ескерткіш ойлап тапты. Бұл ескерткіштің ортасына шырақ қойылады. «Хан моласынан табылған сүйекті облыс ортылығына жақын жерге көму керек» деген бос сөз. Қай жерде қорым, киелі жер болса, ол жер сол халықтікі» дейді Б.Ибраев. Ескерткіште үш жүздің ондаған таңбасы бейнеленіп, Әбілқайыр хан деп латын әрпімен жазылған. Мемориалдық кешен алдағы уақытта жастарды тәрбиелеу, патриоттық сезім мен отансүйгіштікті бойға дарыту мақсатында үлкен ықпалын тигізеді.

Белгілі тарихшы Ж. Қасымбаев Әбілқайырдың қазақ халқы тарихындағы ролін былай қорытады: «Как Юрий Долгорукий в истории русского, Салават Юлаев- башкирского, Богдан Хмельницкий-украинского, Темир- узбекского, Шамиль-чеченского народов, Абулхаир остается в замечательной плеяде самых популярных личности Евразии... Даже и эти замечательные черты вполне достаточны для того, чтобы его бронзовый бюст украсил одну из площадей Алматы».

Әбілқайыр өзінің елбасылық, саясаткерлік және қолбасшылық дарынын қазақ халқының елдігін сақтап қалу жолындағы ауыр күресте мейілінше шыңдаған. Әсіресе, оның қолбасшылық дарыны XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының тағдырымен сабақтас. Өз Тәуке дүниеден өтіп, Абылай өз шыңына көтерілгенше, қазақ елінің саяси сахнасында Әбілқайыр басты рөл атқарды. Қалай десек те бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның тарихы кешегі Әбілқайыр бабаның есімімен сабақтасып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1 Аңыз адам. # 2 (38) Қаңтар 2012 ж “Қазақстан”:

2. Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268
4. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы- Алматы, "Атамұра" баспасы, 2011. ISBN 978-601-282-1758
5. Джон Кэстель. 1736 жылы Кіші жүз ханына Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы. "Riga 1784". "Атамұра" 1996
6. Ерофеева И. «Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик». - Алматы: Санат, 1999
7. Мұхтар Ә. «Тарих тұңғығындағы тұлғалар»- Алматы: Арыс, 2008
8. Қасымбаев Ж. «Государственные деятели казахских ханств (XVIII век)»- Алматы, 1999
9. «Қазақ хандығының дамуы: уақыт, оқиғалар және тұлғалар» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары Ақтөбе, 2015

«Жем бойы топонимдерінің тарихи- географиялық атаулары мен әскери полигонның құрылуы (Эмба-5)»

*Ғылыми жетекшісі: Ельшебекова Ақмарал Аманжоловна, тарих пәнінің мұғалімі
Автор: Битегенова Аружан - №51 мектеп - гимназиясының оқушысы*

Жеріміздегі мыңдаған атаулардың шығу, пайда болу, дамып өсуі – бір ғана дәуірге тән емес, талай ғасыр, тарлан дәуірлердің куәсі, біздің заманға жеткен бай қазына, асыл мұрасы. Қазіргі қазақ жерінде сан қилы тарихи оқиғалардың болып өткені, бұл қасиетті де құдіретті жерімізді талай ұлыс, тайпа, ел халықтың жайлап, мемлекет құрып, ғұмыр кешкендігі тарихтан мәлім. Ұлт тарихы – өлке тарихынан бастау алады. Қадам жері тарихқа толы Жем қаласы облысымыздың оңтүстік-шығысқа қарай 166 км жерде, Мұғалжар тауының батысында, Жем өзенінің аңғарының астық тұқымдас өсімдіктер аралас, жусан, бұйырғын еркекшөп басым өскен сұр, сортаң сұр топырақты шөлейтті белдемде орналасқан. Іргесі 19 ғасырдың 40-жылдары қаланған. 1937 жылдан кент, 1967 жылдан бері қала.

Жем өзенінің атауы ерте, ежелгі дәуірлердегі жазбаларда Сергис (Дейкс), орта ғасырларда Гем, Ембі (Эмба) деп аталса, қазіргі атауы Жем. Орыс тілінде Жем өзенінің атауы күні бүгінге дейін Эмба тұлғасында бұрмаланып келсе, жергілікті тұрғындар Ембі деп айтып та, жазып жүр. Бұл өзен атының орта ғасырда Гем аталғанын А. Левшин жазған болса, шығыс түркі тілдерінде кем - «өзен» мәніндегі сөз екенін В.В. Радлов айтқан болатын. Осы және басқа пікірлерге сүйене отырып, А.Әбдрахманов: «Сібірдегі түркі халықтары Енисей өзенін Кем Гем дейтіні де белгілі. Сондықтан бұл өзен аты гем деген сөзбен қазақ тілінде дыбыстық өзгеріске түсіп, дауыссыз «г» дыбысы ұяң, дауыссыз «ж» дыбысына ауысып, Жем аталып, «өзен» мағынасын білдіруі мүмкін», – деп дұрыс ұйғарымға келген. Жем өзенінің атауы Алтай дәуіріндегі атауға жатқызылады. Тува тілінде Кем, Хем - «өзен» құрамында Кем сөзі бар өзен, көл атаулары Тува мен Алтайда көп кездеседі. Мысалы, Бий-Кем, Улуг-Хем, Ак-Кем, Кара Кем, т.б. Басқа нұсқаларда Ембі атауы XVII-XVIII ғғ. Көшпелі Оғыз тайпаларының заманында қалыптасқан деп келтіріледі. 1728 жылы қалмақ қысымынан Кубан және Қара теңіз жағалауының солтүстігіне қоныс аударған Ноғай-жембойлықтар тайпасы да осы аймақты мекендеген деген жорамалдар бар. Аңыз желісі бойынша ертеде Ресейдің өлкетанушылары ат көліктерімен Ембі өлкесін аралаған. Көктемде Мұғалжар тауынан бастау алатын өзен арқырап тасып жатқан кез екен. Өзеннен өткел таба алмай жүрген жолаушылар кездескен жергілікті қазақ ақсақалынан жөн сұрайды. Картаға түсіру үшін: «Мына өзен қалай аталады?», – деп тілмаш арқылы сұрақ қояды. Ақсақал тілмашқа: «Сұрап тұрғаныңыз Жем

ба?», - деген кезде олар карталарына орыс тілінде ыңғайластырып «Эмба» деп белгілеген екен. Ембі қаласы темір жол бойында орналасқан. Ембі өзен атауы ретінде де қолданыс тапқан. Жем - мал азығының жалпы атауы. Махмұт Қашқари сөздігінде Жем «йем», яғни, ас, тағам деген мағынаны білдіреді. Түркі тіліндегі «йем» сөзімен Жемді байланыстырады.

Жем (Ембі) өзені – Мұғалжар тауларының батыс баурайынан басталады және Атырау облысының Каспий теңізінен шамамен 5 шақырымдай жердегі сор арасында жоғалып кетеді. Өзен ұзындығы 712 шақырым, су жинағыш көлемі 40,4 мың шаршы шақырым, Ақтөбе облысының шегінде - 34,8 мың шаршы шақырым. Өзен 30 шақырымнан астам 12 саланы қабылдайды, олардың ішіндегі ірісі – Темір өзені, оның ұзындығы 212 шақырым. Жем өзенінің бастауындағы судың минералдануы су тасыған кезеңдерде 0,18-0,20 г/л, сабасында 0,65 г/л, төменгі ағыста кейде 1,0 г/л, көбіне 1 г/л жетеді. Жемнің жоғарғы ағысындағы ені 25-260 м, тереңдігі 1 м-ге дейін, аракідік тереңдігі 3 м-ге дейін жететін шұңқырлары бар, ағыс жылдамдығы жазда 0,1-0,2 м/с, көктемде 0,8 м/с, түбі құмды, қатты. Тасау ауылынан басталатын Жемнің төменгі ағысы кеуіп қалады. Өзен арнасы бұралаңды, меандрланған, көптеген тармақтарға және салаларға тарамдалған, олар жазғы ыстық түсісімен тайыздап кетеді және бөлек терең суларға ыдырап кетеді. Жағалаулары аракідік жайпақ, аракідік құламалы. Тереңдігі 0,5 м кешіп өтетін жерлер бүкіл өзен бойында кездеседі. Өзен жайылмасы ашық, енділігі 2 шақырымға дейін және ұзына бойы биіктігі 14 м-ге дейінгі құлама жартастар шектелген, құмды-киыршық тасты шөгінділермен толтырылған. Жайылмада ескі арналар басым. Еріген қар сулары негізгі қорек көзі болып табылады, соның салдарынан жылдық ағынның елеулі бөлігі (65-93 %) көктемгі кезеңге келеді. Жем өзені Үшқаттысай, Жалаңаш, Құндызды өзені, Темір өзені, Жағабұлақ, Талдысай, Мәнісай өзен т.б салалары бар.

«Үшқаттысай» атауы Жем өзеніне құятын үш саланың (Құндызды, Әулие, Үшқатты) атауымен аталған. Эвфемизм мен діни нанымдарға байланысты да атаулар бар. «Эвфемизм» «гректің жақсы айтамын» деген сөзі, құрмет көрсетуді, табынуды білдіреді. Әулие атауы бұл өлкеде бірнеше әулиелер жерленгендіктен берілген («Қыз әулие», «Ақтікенді әулие», т.с.с.). Жергілікті тұрғындар Әулие өзенінің суы шипалы, қасиетті, құдыретті өзен деп баға береді. Жайынды өзені Жем алабында, Атжақсы өзеніне құяды. Өзенде жайынның көп болуына байланысты қойылған атау. Топоним балық атауына -ды қосымшасының жалғануы арқылы жасалады.

«Шатырлысай»өзен негізінен Шытырлысай деп аталған, себебі өзен жағасында шытыр шөбі кең таралған. Шытыр өсімдігі түйе жайылымына жайсыз, шөпті жеген түйе жарылып өлетіні көп анықталған сондықтан «Шытырлысай» аталған. Бірақ кейін Шытырлысайдың «ы» әрпі «а» әрпімен алмастырылып «Шатырлысай» аталған. Жарқамыс өңірінде өзенді «Шетірілі» сай деп те атайды.

«Құндызды» өзені тарихи жазба деректерде «құндыз» сөзі ежелден-ақ орысша «бобр» деген сөздің аудармасы екендігіне көптеп мысалдар келтіруге болады. Мысалы, М. Қашқаридың атақты «Түркі тілдерінің сөздігі» атты еңбегінде «құндыз – су иті», ал «құндыз қайыр» – «құндыздың жыныс безінен алынатын дәрі» деген анықтамалар келтірілген. Бұл пікірлер тікелей құндызға байланысты айтылған. Өйткені ерте кездерде құндызды «су иті» деп аталғандығын ХІ ғасырда өмір сүрген орта азиялық көрнекті ғалым Бирунидің фармакология (дәрі-дәрмек) туралы еңбегінде құндызды «су иті», оның жұпар безінен құндыз қайыр алынатындығы, оны буын ауруларын емдеу үшін пайдаланатындығы атап көрсетілген. Ертедегі араб және түрік саяхатшыларының жолжазба күнделіктерінде құндызды «су мысығы» деп те атаған. ХVІІ ғасырда түрік жиһанкезі Э. Челеби Дон өзенінің өңіріне жасаған саяхаты кезінде «етті жануар – су мысығын» көптеп көргендігін және оны жергілікті тұрғындар «кунтуш» деп атайтындығын атап жазған. Құндыз ерте кездерде Қазақстанның өзен-көлдерінде кеңінен таралғандығына археологиялық қазбалардан табылған құндыз сүйектерінің қалдықтары және құндызға тікелей қатысты қойылған өзен атаулары да нақты дәлел бола алады. Елімізде ірілі-ұсақты 20-дан астам өзендер «Құндызды» деп аталады .

«Темір» өзені – Жем өзенінің оң жақ саласы. Өзен суы тұщы, сапасы жақсы. Ұзақ жылдар бойы Темір атауымен уезд, аудан аталып келген. «Темір» атауы ерте кездегі аңыз-әңгімелерде, жыр, поэмаларда кездеседі. «Қобыланды батыр жыры», «Ақсақ Темір аңыздары» бойынша бұл сөздің шығу төркінін зерттеушілер Алтын Орда хандығын құлатқан Ақсақ Темір жорығымен байланыстырады. Атаудың шығуының басқа нұсқасы су құрамына байланысты.

«Ащысай»– Жем өзеніне оңтүстік шығыстан кеп құятын терең сай Ащысай деп аталады. Ащысай – «ащы» термині судың, жердің тұздылығынан хабар береді. Ащы мен ащылауыт жайылымдар ретінде өзен аңғарлары мен жайылмаларында, сорлардың ойыстарында орналасады. Жайылымдық термин ретінде малшылар арасында қолданылады: «мал ащыда жатыр» дегенді жиі естуге болады.

«Жағабұлақ» атауы Жем өзені жағасында мол бұлағы болғандықтан аталған. Поляк саяхатшысы Б. Залесский өз еңбегінде Мұғалжар тауынан бастау алатын Ащысай, Қайыңды, Атжаксы, Қайрақты, Темір өзендерін суреттей отырып, Мұғалжар тауы маңында өсетін жабайы өрік ағашын көргенін және ол ағашты жергілікті халық киелі деп танығаны туралы деректер келтіреді .

«Көкпекті»– Жем өзені алабында. Саралжындысай (саралжын жусанның атымен байланысты), Ақшолақ, Байсары салалары бар. Жайылмасы шабындық. Мал жайылымына қолайлы, оты мол, сулы болғандықтан «Көкпекті», «Көкпекті тоғай» аталған.

«Ақшолақ»(дауыл) – Мұғалжар ауданындағы өзен. Жем алабындағы Атжаксы өзенінің оң саласы.

«Шаған»өзені – су наурызда және сәуірде болады. Қазақстанда Шаған деп аталатын өзендер көп кездеседі. Орысша «ясень» деп аталатын шаған ағаштары қазір облыс аумағында сақталмаған. Бірақ өзен атауы осы ағаштың аймақта өскендігін білдіртуі мүмкін. Аридті климат жағдайында шаған тек өзен бойларындағы тоғайлық ассоциацияларда ғана кездесуі мүмкін. Қазіргі жерлердің деградациясы немесе шөлдену процесі кейін ағаштың жойылуына әкелуі ықтимал. Басқа деректер атау этимологиясын түсіндіруде бір-біріне мүлде қайшы келетін пікілер кездеседі. Мысалы, Ғ. Қоңқашбаев Шаған атауын моңғолдың «цаган» (ақ) сөзінің бұрмаланып, өзгерген нұсқасы ретінде қарастырады . Е. Қойшыбаев «шаған» сөзін ерекше белгілерді ажырату үшін қолданылатын «шыған» сөзінің баламасы ретінде қарастырып, гидронимдер ретінде көршілес нысандардан айқын ажыратылатын белгілердің бар екендігінен хабар беретінін атап өтеді .

«Мәнісай»өзені – су көктемде (сәуір-мамыр) ғана болады. Ел аузында Мәнісайды Мәңке сай деп те айтылады.

«Құмжарған»«құм» терминімен байланысты Атау құмды жарған өзен мағынасын береді.

«Талдысай»(Талдысу) – шөл, шөлейт белдемдердің ағашсыз ландшафтары жағдайында өзен бойларындағы азоналды тоғай бірлестігін құрайтын кейбір ағаш түрлері ерекшеленіп, өзен атына негіз болған.

«Жем» қаласы 1960 жылдың 10 мамырында Ембі-5 әскери қалашығы ретінде құрылды.1959 жылы 3 қазанда шыққан КСРО Қарулы күштері Министрлігінің Ақтөбе облысынан әскери сынақ полигонына жер беру туралы бұйрығы Ембі-5 әскери қалашығының дүниеге келуіне негіз болды. Осы мақсатта Ембі қаласынан 10 км. жерден учаске бөлініп берілді. Полигонның жер көлемі солтүстіктен оңтүстікке дейін 240 шағысқа, шығыстан батысқа дейін 60 шақырымға созылды, жалпы көлемі 791 мың гектарға тең болды. Ембі-5 әскери қалашығы 1960 жылы Ембі полигонының әкімшілік және тұрғын үй орталығы ретінде пайда болды. Полигонының ресми құжаттарында ол №10-шы алаң деп аталды. Кеңестер Одағы кезінде мұнда 40 мыңдай адам тұрған. 1946 жылы Капустин Ярдағы Орталық ракеталық полигонының басқармасында зенитті ракеталарды сынауға арналған бөлім ашылды. Жұмыс барысында жаңа күрделі зенитті

ракеталы жүйені сынау үшін жаңа замандағы полигонды комплекспен жабдықталған және кәсіби мамандары жасақталған әуе қорғанысының арнайы полигонын құру керектігі белгілі болды. 1951 жылдың 6 маусымында КСРО Министрлер Кеңесінің шешімімен және Кеңес Армиясы артиллериясы қолбасшысының бұйрығымен ғылыми зерттеу сынақ полигоны құрылды, кейін ол «8- ғылыми зерттеу полигоны» деп аталды.

1955 жылдан бастап полигонда сынақ жұмыстары жүргізіле бастады. Осы уақыттары Қорғаныс Министрлігі жаңа полигон жобасын жасауды қолға алды. Бұл полигонның негізгі міндеті- жаяу әскер бөлімдерін қаруландыруға арналған түрлі кластағы зенитті ракеталы сынақтан өткізу және әскери қарумен тактикалық оқу - жаттығу өткізуге арналды. 1956 жылдың 30 шілдесінде «10- Мемлекеттік Ғылыми зерттеу сынақ алаңын» құру туралы Жарлық шықты. Ол КСРО Қорғаныс министрлігінің Бас басқармасына қарасты болды. Аумағы шамамен 300*100 шақырым болатын жаңа полигон үшін жалаңаш құмды жер таңдалды. Полигонды және тұрғын қалашықты басқару үшін Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының Ембі қаласынан шамамен оңтүстік батысқа қарай 9 шақырым жер таңдалды. Полигонның шекарасы шығысы Мұғалжар тауларының жотасынан 40 шақырымға, батысы Ембі өзенінің батыс жағалауынан Ұзын Қарағандысай өзенінің бастауына дейін, одан әрі қарай созылып жатты. Полигонның шығыс және батыс шекараларының ара қашықтығы 47,5 шақырымнан 100 шақырымды құрады. Полигон орналасқан жер жағдайдың ауырлығымен, яғни бұл жердің климатының шұғыл континенттілігімен, қыс мезгіліндегі жиі болатын боранымен, жаздағы шанды желімен ерекшеленді. Бұл жерде адам тұрмады, сол себепті жол коммуникация да болмады.

1959 жылының 3 қазанында Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Қаулысымен КСРО Қорғаныс Министрлігіне Ембі стансасына жақын жерден жер бөлініп берілді. Түрлі объектілердің құрылысын жүргізі үшін жергілікті тұрғындарды көшіру қажет болды. Осы жерден 13 колхоз бен 1 поселке көшірілді. Оларға Қорғаныс министрлігі қаржылай өтемақы төледі. 1960 жылы КСРО Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен Жаяу әскердің ғылыми зерттеу сынақ ракеталық полигоны (№34020 әскері бөлім) құрылды. Полигон құрылған 10 мамыр әскери бөлімнің мерелік күні болып аталды. Полигон басшылығына генерал-майор Н.А.Роцицкий бекітіліп, полигонға келген әскерилер Ембі теміржол стансасынан шығысқа қарай 1,5 шақырым жердегі тартыла бастаған .Мушкат өзенінің Ембі өзеніне қосылатын тұсында орналасқан палаткалы лагерьге қабылданды. Ал 1960 жылдың тамызында офицерлер сынақ алаңына жақын жерге орналастырады. Полигонның арнайы техникамен жабдықталуы 1960 жылдың мамырында аяқталады. Осы жылы полигонда 5 ғылыми-зерттеу сынақ бөлімдері, өндірітік-техникалық қызмет көрсету бөлімдері және әскери дайындық, байланыс, ұйымдастыру бөлімінен тұратын штаб жұмыс жасады. Полигонның офицерлік құрамы Мәскеу, Харьков, Ленинградтағы жоғарғы әскери оқу орындарынан әкеленді. 1962 жылдың 1 желтоқсанында жылжымалы госпиталь, арнайы обаға қарсы бөлім, жылжымалы санитарлық эпидемиологиялық және госпитальдың балалар, перзентхана бөлімдері ашылды. Әскери прокуратура жұмыс істей бастады. 1964 жылы полигонның штаты 200 адамға жетті. 1968 жылы полигонда Г. П. Швыдко төрағалық еткен сот құрылды. 1960-1967 жылдар аралағында полигон аймағында жеті 64 пәтерлі үй мен бір 70 пәтерлі үй, 624 орындық казарма, 520 орындық мектеп, госпиталь, үш қонақүй, асхана қолданысқа берілді. Су, жылу және кәріз жүйесі тартылды. Телефондандыру мен радиоландыру аяқталып, азық-түлік дүкендері іске қосылды. Тұрғын қалашығын құрылымы сен сынақ алаңдары жабдықталып, қала типіндегі Ембі поселкісінде телеораталық салынды. 1965 жылы алғашқы телебағдарламалар көрсетіле бастады. КСРО Қорғаныс Министрлігі полигонның дамуын жіті қадағалады. 1963 жылы полигонда арнайы күрделі текеру жұмыстары жүргізілді. Полигон өміріндегі жаңа өзгеріс оның ғылыми-зерттеу жалпы әскери полигонға айналуы болды.

1983 жылы полигон аймағында емхана қолданысқа берілді. Тұрғын қалашығындағы жолдар асфальттанып, 2 тұрғын үй мен әскерге арналған 2 казарма салынды. Бұл кезең полигон өміріндегі әлеуметтік саланың гүлдену кезеңі болып

табылады. Тұрғын қалашағының құрылысы аяқталды. Полигонның өмірі мен сынақ жұмыстарын жақсарту үшін жұмыстар жүргізілсе де, негізгі жұмыс – жалпыәскери полигон құрылысы үшін жүргізілді. Яғни, осы полигонның аймағында құрылымдар мен бөлімдердің оқу-жаттығуы үшін жалпыәскери полигон құрылысы 1983 жылы басталды. 1984-1985 жылдары тікұшақ аймақтары, блиндаждар, тактикалық аудан нысандары, тексеру пункттері салынды. Далалық әскери қалашықтың құрылысы басталды. Ембі полигоны ҚСРО қарулы маңызды орын алып, оған «Мемлекеттік сынақ полигоны» статусы берілді. Полигонның аумағы мен техникалық жабдықталуы көрші сынақ полигондарынан ұшырылған ракеталардың құлаған бөліктерін қабылдау аймағы да болды. Сондай-ақ өзінің негізгі қызметі болмаса да, аталмыш полигонда 1966-1967 жылдары Әскери Теңіз флотының тапырмасымен метеорологиялық ракетаға сынақ жүргізілді. Бұл сынақ жұмыстары бір жыл жүргізілгеннен кейін тоқталды. Метеорологиялық ракетаны сынақтан өткізу тек Әскери Теңіз флотына ғана емес сонымен қатар полигон үшін де маңызды болды. Мысалы, мемлекеттік аймақтық метеорталықтың дәрежесінде ауа райын болжауға мүмкіндік беретін құрылғы полигон аумағында қалды. Полигон метеорологтарының ауа райы болжамының дәлдігі өсті: ауа райының өзгерісі бір сағатқа дейін дәл беріліп отырды. Полигон құрылған алғашқы айлардан бастап келушілер өз отбасыларын әкеле бастады. Олар станса маңындағы поселкеде орыс және қазақ отбасыларының үйінен пәтер жалдады. Жергілікті халық оларды жылы қабылдады. Жаңадан келушілердің балалары Ембідегі орыс мектебіне барды. Дегенмен, әскерлердің басымы негізгі аймаққа жақын 20-аймақтан уақытша салынған күркелерде тұрды. 1961ж. ерте көктемінде олардың бірқатары күні бүгінге дейін сақталған жаңадан салынған төрт пәтерлі үйлерге көше бастады. Оқушыларды Ембі стансасына автобуспен апара бастады. Әскери қалашыққа адамның көптен келуі – мектеп құрылысын қолға алуға мәжбүрледі. Болашақ мектептің мұғалімдері де жинақтала бастады. Мектептің ісін ең алғаш болып әскери құрылысшының әйелі Н. А. Глибко қолға алды.

1961 жылы қалашықтағы алғашқы мектеп салынды. ҚСРО төрағаның кейін және бұрынғы Одақтық мемлекеттер арасында территорияны және ондағы нысандары бөлісу барысында «Ембі-5» Полигоны Ресей Федерациясының шекарасын тыс жерде қалды. Қазақстан өз шекарасын әлі бекіте қоймаған тұста және Орынбор мен Ақтөбе арасында шекарашылар болмаған кезде бұл аса білінбеді. Теңіз мұнай-кен орнының шекарасы «Ембі—5» полигоны аймағында жатқан еді. Осыған байланысты бұл жерге шетел мұнай компаниялары көптен келе бастады. 1999 жылы полигонның «Кастин Ярға» көшірілуіне байланыста «Ембі-5» полигоны өз өмір сүруін тоқтатты. Ракета полигонның орнын ауыстарғаннан кейін, қаланың барлық инфрақұрылымы Қазақстанға берілді. Өңірдің мұнай-газ саласына инвестициялар тарту, Әлібекмола кен орнын әзірлеу және өнеркәсіптік пайдалану – қаланың жандануына мүмкіндік берді. Мұнда бос қалған объектілер мен тұрғын үй ғимараттары қалпына келтіріле бастады, жылу жүйесі жолға қойылды. Қала халқы тез өсіп келеді. Сынақтар .Полигонда әуе зымыран ПВО СВ, «Круг», «Куб», «Бук» , «ТОР», «Оса», «С-300В», «Тунгусской» әуе қорғаныс С.В. жедел тактикалық қысқа ауқымды зымыран сыналды. Полигонның характеристикасы: Шығыс шекара- Мұғалжар тау жоталары, ұзындығы 340 км Батыс шекара- Ембі өзенінің батысы мен Ұзын-Қарағандысай өзенінің басы, содан шығыс өзенінен оңтүстікте Тоқсанбай шатқалына дейін Шығыс және батыс шекаралары арасындағы қашықтық- 47 км-ден 100 км-ге дейін. Директрисаның ұзындығы -310 км 190 градус бағытта Полигонда ЗРК «Круг», «Куб», «Бук», «Тор», «Оса», «С-300В», «Тунгуска», ПВО құралдар, жедел- тактикалық, кіші радиусты зымырандардың сынақтары өтті. 1964 ж.- ЗРК 2К11 «Круг» («Круг-А»- 1967 ж, «Круг – М»- 1971 ж, «Круг-М1»- 1974 ж.) 1967 ж.- ЗРК 2К12 «Куб» («Куб-М»- 1973 ж, «Куб-М3»-1976ж, «Куб-М4»- 1978 ж.) 1971 ж.- ЗРК 9К33 «Оса» («Оса-АК»- 1975 ж, «Оса-АКМ»- 1980 ж.) 1980 ж.- ЗРК 9К37 «Бук» (9К37М1 «Бук-М1»-1983 ж, «Бук-М2»- 1989 ж, 9К37М1-2 «Бук-М1-2»-1998 ж.) 1981 ж.- ПЗРК 9К38 «Игла» 1982 ж.- ЗРПК «Тунгуска» («Тунгуска-М»-1990 ж.) 1986 ж.- ЗРК 9К330 «Тор» (9К331 «Тор-М1»- 1991

ж.) 1988 ж.- ЗРС 9К81 «С-300в» (9К81 М «С-300ВМ»-1990 ж.) Полигон басшылары: Генерал-майор-инженер Зубарев Ст. лейтенант-инженер Киракосян Р.М. Генерал-майор Рошицкий Н.А. Қазіргі Жем қаласы: Жем қаласы Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданынан 90 шақырым қашықтықта орналасқан. Қаланың аумағы 20804 га құрайды. 2011 жыл санақ бойынша қалада 1927 адам тұрады. 2010 жылғы есеп бойынша қала халқы 2500 адамнан асты. Тұрғындардың 40 пайызын Түрікмендер, Өзбек елдерінен көшіп келген оралмандар құрайды. 2000 жылы Ембі-5 әскери қалашығына ҚР Президенті жарлығымен Мұғалжар ауданына бағынышты қала мәртебесі берілді. Тас жол, теміржол қатынасы бар қалада орта мектеп, балабақша, № 6655 Ішкі әскери бөлім, №31765 әскери бөлім, ҚАЖ 168/5жабық түзету мекемесі, Мәдениет үйі, кітапхана, аурухана, №4-ші арнаулы полиция бөлімі, АТС, пошта бөлімшелері, «Жемжылу» КМК-ы жұмыс істейді. 18 дүкен, бір шаруа қожалығы 3 кафе тұрғындарға қызмет көрсетеді. Қала орталығында Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған мемориалды ескерткіш бар.

Шешім

Жер-су атаулары – халқымыздың бай тілінің негізінде жасалып, халықтың тарихымен байланыста дамыды. Жер-суға берілген атаулар ең алдымен ұлан ғайыр өлкеде көшіп-қонып жүрген қазақ халқының және оны құраған ру, тайпалардың өмірінен сыр шертеді. Мал бағып, жаз жайлау, қыс қыстау қамын ойлаған көшпенділер жергілікті жердің табиғат ерекшелігін дөп басып көре білген, атауды да соған лайық дәл тауып қоя білген. Жер-су аттары белгілі бір аймақтың жер бедерінен, ауа райының ерекшеліктерінен, жануарлары мен өсімдіктерінен, өзен-көл сипатынан, табиғат байлықтарынан мағлұмат береді

1999 жылы полигонның «Кастин Ярға» көшірілуіне байланыста «Ембі-5» полигоны өз өмір сүруін тоқтатты. Ракета полигонның орнын ауыстарғаннан кейін, қаланың барлық инфрақұрылымы Қазақстанға берілді. Биыл полигонның жабылуына 16 жыл толды. 16 жыл, әрине аз уақыт емес. 16 жылда қозғалыс көптеген өркениетті елдерге танылды. Өркениетті қозғалыстың мақсат-бейбітшілік сақтау, экологияны қорғау, ядролық жарылыстарды тоқтату. Осы жылдар аралығында қозғалыс полигоннан зардап шеккен халықтың денсаулығын түзету мақсатында көптеген маңызды жұмыстарды атқарып, қоғамдық пікір қалыптастыруда қыруар шаруа тындырды. Бестөбеден басталған егіс міне Алып жатқан дөңді де, тегісті де. Ақ көйлегі шаңқиған шағала боп Қона кеткім келеді Жем үстіне! Жем жағалай отырған орнықты ел, еңселі ел. Жем бойына қайың, тал-терек егіп, жасыл белдеу жасалса, әр ауыл-аймақтың көшелерінің бойына ағаштар отырғызылып, ел демалатын саябақтар, балабақша, мектеп, клуб салынса. “Жем бойы” атты газет не журнал шығып, Жем бойында туған белгілі адамдарға арнап мұражай ашылып, республикаға тарайтын Жем бойы телеарнасы жұмыс жасалса Жем қаласы көркейе түсер еді. Қадам басқан жері тарихқа толы Жем бойы құтты мекенге айналуға тиіс.



Парад 9 мая 1980 года swalker.ru

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. - Ақтөбе: 2007.
2. Каймулдинова К. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері. - Алматы: "Ғылым", 2001. - 92 б.
3. Брошенный меч империи (фотоотчёт о путешествии по полигону Эмба-5, 2008 год)

4. Эмба — город, люди, полигон! 4. Ақтөбе энциклопедиясы
5. Мұғалжар энциклопедиясы
6. Эмба — город, люди, полигон!

Қарғалының атаулары сыр шертеді

Ғылыми жетекшісі: Жакипова Альбина Сериковна
Автор: Баймуханова Гүлімай - №2 мектеп оқушысы

«Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Қостанай облыстарының әкімшілік аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 17 маусымдағы № 3580 Жарлығына сәйкес Ленин ауданы Қарғалы ауданы болып аталыпты. Ақтөбе облысындағы ең кіші аудан Қарғалы ауданы болып саналады. Қарғалы ауданы - Ақтөбе облысының солтүстігіндегі әкімшілік бөлік. Қарғалы ауданы Ақтөбе облысының солтүстік бөлігінде орналасқан және солтүстігінде және шығысында Ресеймен (Орынбор облысымен), батысында Мәртөк, оңтүстігінде Хромтау аудандарымен шектеседі. Аудан көлемі әкімшілік шекараларда 4999 ш.м. құрайды. Әкімшілік орталығы – Бадамша ауылы болып табылады. Ауданның территория бойынша облыстағы үлес салмағы 1,7% –ды, ал тұрғындардың саны бойынша – 2,8% –ды алып отыр. Ауданда тұрып жатқан қазақтардың үлес салмағы – 63,2% –ды, орыстар – 16,5% –ды, басқа ұлттар – 20,3% –ды құрап отыр. Қазір ауданы әкімшілік қатынас жағынан сегіз селолық округке бөлінді, оның құрамына 24 ауылдық елді мекендер кіреді. Бадамша селосы ауданның әкімшілік орталығы болып табылады. Ол облыстың орталығы Ақтөбе қаласынан 120 км және Кемпірсай теміржол станциясынан 3 км қашықтықта орналасқан. «Қарғалы» емдеу-шіпажайлық дәрігерлік мекемесі 1986 ж ашылған. Жыл он екі ай бойына толық жұмыс істейді. Қарғалы өзені бойында орналасқан. Бөлмелері екі адамдық бассейнді сауна, билярд және теннис ойындары, асхана, физотерапевтік емдеу бөлімшесі бар. Мынадай емдеу шараларын қабылдайды: Меруерт ваннасы, су астында сылану, бассейнді сауна, балшық емі, ингаляция.

ҚАРҒАЛЫ КӨПІРІ. Қарғалы өзенінің үстіне салынған бұл көпір 1980 ж пайдалануға берілді. Ақтөбе қаласынан облыс шығысындағы аудандарға төте жол ашылды.

Бадамша – 1967 жылы Қарғалы ауданының орталығы болды. Шілікі өзен бойы Кемпірсай тас жолы ст. 3 км орналасқан. Халқы саны 5412. Негізгі тұрғындар қазақтар, орыстар, немістер. Поселке негізі 1941 жылы қаланған. Бұрын 1941 жылы Бадамшада немістер мекендеген, қазіргі таңда оралман қазақтар тұрады. Бадамшада Мешіт, мәдениет үйі, пошта, казахтелеком, сот, халыққа қызмет көрсету орталығы, «Айгөлек» балабақшасы, «Балапан» балабақшасы, №2 Бадамша орта мектебі, №1 Бадамша орта мектебі, аудандық музей, аудандық кітапхана, орталық аурухана, емхана, «Өнер мектебі», АГРО техникалық колледж бар.

Степное-Қарғалы ауданының Солтүстік шығысында Саздысай өзен бойымен шектеседі. Аудан орталығы – 50 км. Ақтөбеден – 195 км. Халқы 1215. 1976 жылы аудан арнаулы шаруашылықпен Бірлестік кеңесі ұйымдасты. Жаңа экономикалық реформаға байланысты мұнда «Степное» ЖШС –і бар. Онда 240 адам жұмыс істейді. Степное – ә/округ орталығы. Елді мекендерді: Мамыт, Первомайское, Артықсай, 1985ж. ауд. арнаулы шаруаш. Бұнда орта мектеп, интернат, клуб, кітапхана, аурухана, балабақшалар бар. Қосестек Орал тауының алдында Айтпай және Таранғұл өзендерінің арналары қосылып, жаңа Қосестек өзені ағып шығады. Жұрттың айтуына қарағанда ертеде осы жерге екі кісі қоныс теуіпті. Біреуінің есімі Қос, екіншісінің есімі Естек екен. Ақтөбе мен Жаман қала арасындағы ыңғайлы жерге орналасқан өзен мен ауылдың атауы осыдан тараған дейді. Қарғалы ауданы солтүстік батыс аралығында Қосестекөз бойы. Аудан орталығы 47 км. Ақтөбе қаласы 74 км. Халқы 1806. 1929 жылы «Авангард» ұжымшары мен

аралығындағы кеңес ұйымдасты. Жаңа экономикалық реформаға байланысты мұнда «Қарғалы», «Сүзбе» ЖШС – і бар. Онда 88 адам жұмыс істейді.

«Қосестек» – а/округ орталығы. Қосестектен Бадамшаға шығар жолда «Сабыр бұлағы» орналасқан. Бұл жердің су тұщы жердің астынан шығып жатқан бұлақ және демалыс орны бар.

Петропавловка селосы Қарғалы ауданының батысында, Жақсы Қарғалы өзенінің жағасында орналасқан. Аудан орталығынан қашықтығы 90 км болса, облыс орталығынан 30 км жерде орналасқан. Петропавловка жерінде алғашқы қоныс аударып келушілер 1903 жылы пайда болған. Селоны Петр және Павел әулиелердің құрметіне қоныс аударушылар қонысының басшысы Чепурнов «Петропавловка» деп атады. Өйткені, қоныс аударушылар оған Петр мен Павелдің мейрамы күні жолыққан болатын. Осы уақыттың өзінде Петропавловкада 40 отбасы тұратын. Алғашқы қоныс аударушы қазақтар мұнда 1933 жылы көшіп келді. 1917 жылы селода 700 адам тұрды. Көпшілік бөлігі жоқшылық көрген сауатсыз шаруалар болатын. Әріп танып, жаза білмейтіндер 3 процент қана еді. Қарғалыға арнау.

1. Көк желегі жайқалған Қарғалының
Қойнауы бай, су-бұлақ қарға адымың
Ата-бабам мың алғыс бір өзіңе
Ұрпағыңа қалдырған Қарғалыны
2. Қырат-қырат белдерің сағымдайтын
Мұндай жерді барма адам сағынбайтын.
Қалғандаймын өзіңе бауыр басып
Дала атына жоқ пенде бағынбайтын.
3. Туған жерге жүрейік қызмет қылып
Қарсы ал мені, туған жер, перзент тұтып
Дархан далам, қымбат қой кең алқабың
Топырағыңнан сүйейін тізе бүгіп
4. Шилісай мен Қызылсай қыратты жер.
Қарғалының еншісі шуақты жер
Жалғап тұрған Бадамша аралығын
Өркендей бер, Қарғалы көркейе бер.

-Ерұлан Дүйсенбаевтың өлеңінде айтылғандай Қарғалының жерлері өте әдемі, табиғатының сұлулығын айтуға сөзім жетпейді. Ащылысай ауылының бір шама шақырым жерде Водапат орналасқан. Сонымен қатар біздер Водапатқа барып көріп қайтпай әдемі жерлерін қарап оқушылармен сурет саламыз. Ол жерден басқа Немой ауылы бар. Ол жердің де табиғаты әдемі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақтөбе облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері. 13 томдық. - 3т. Қарғалы ауданы- Ақтөбе 2007 ж. 136 б.
2. Қарғалы ауданы. Ғылыми- тарихи анықтама. Ақтөбе -2005 ж.
3. Ақтөбе энциклопедия (Тұңғыш ғылыми –тарихи анықтама). Ақтөбе, 2001 ж.

Топонимика села Кызылжар

Научный руководитель: Кубесова Гульнар Тынышбаевна – к.г.н., доцент
Авторы: Сейткалиева Дамели- студентка АРГУ им. К.Жубанова

В северной части Мартукского района Актюбинской области расположен посёлок Кызылжар[1]. Название села связано с наличием пластов красной глины у горных обрывов, представляющие собой «красную стену»- «Кызылжар»[3;С.304]. Однако до 2009

года село «Кызылжар» носило название «Андреевка». Вокруг бескрайние плодородные, черноземные земли. С северо-восточной стороны населенного пункта невысокие холмистые горы Мугоджары. У подножия их протекает небольшая речушка Тарангул. Летом она почти пересыхает, но весной, напоенная водами тающих снегов, широко разливается, затопляя пойму и оставляя после спада воды плодородный ил [2;236].

В 1905 году послали украинские крестьяне ходока Евко Андрея в Степной край, побывал он в этой местности, полюбились ему привольные степи. И сюда, гонимые нуждой и безземельем, стали переезжать первые переселенцы с Украины. Почти все они были из Полтавской области. По имени первого переселенца-крестьянина Евко Андрея посёлок стали называть Андреевкой[4;С.540]. Поселка Мартук тогда ещё не было. Доезжали переселенцы до станции Каратугай, нанимали извозчиков-казахов и те на своих повозках, запряжённых верблюдами, привозили людей на место. Местные власти выдавали небольшое пособие на обзаведение хозяйством, но это были крохи, ведь надо было купить инвентарь, тягло, семена, построить дома, а лошадь тогда стоила 40 рублей, пара быков 35 рублей. Вспахали крестьяне верхние пласты земли и из кусков дёрна сложили землянки. Убогие это были жилища, с крохотными оконцами. Земли давали только на душу мужского пола. Нищета и тут преследовала крестьянские семьи. Горьким был кусок хлеба. О какой-то культуре и думать не могли. Население поголовно было неграмотным. Лишь в 1913 году открылась трёхклассная церковно-приходская школа. Первой учительницей была Клавдия Никифоровна Никифорова и Пётр Иванович Никифоров. Главной наукой в школе был закон божий. В селе была создана власть. Дела свои крестьяне решали на сходах, но женщин на них не допускали. Земли обрабатывали вручную. Пахали плугом, убирали косами и серпами.

В 1914 году посёлок насчитывал около 200 дворов. Посёлок строился без плана. По степи были разбросаны небольшие дворы, обгороженные плетнями. В посёлке были магазин, церковь, маленькая школа, но не было ни одного медицинского работника, все болезни лечили знахарки. Началась первая мировая война. Многие мужчины ушли на фронт и не вернулись с империалистической бойни. С великим ликованием встретили жители Андреевки вести о Великой Октябрьской революции. О том что, наконец, свергнута власть богатеев и установилась своя народная власть – власть Советов. Но не сразу улучшилась жизнь крестьян. Много ещё трудностей было впереди. Не хотелось кулакам лишаться власти в посёлке, они всячески запугивали крестьян. Но, вопреки их желанию, в посёлке была установлена Советская власть. Активными борцами за установление Советской власти в посёлке были: Иван Андреевич Тарануха, Григорий Максимович Буцко, Фёдор Андреевич Сень, Максим Петрович Калашник.

Наступил период гражданской войны, по степи рыскали белогвардейские банды атамана Дутова. Чтобы не попасть к белогвардейцам, многие уходили из посёлка в Красную Армию ночью по степи. Однажды нагрянули белогвардейцы, схватили Буцко Григория Максимовича, они узнали, что у него находятся списки активистов, потребовали отдать эти списки, но не смотря на пытки, этот мужественный человек не выдал своих односельчан, хотя сам после пыток стал инвалидом. Белоказаки бесчинствовали во время наездов: забирали лучших лошадей, резали скот и по доносам кулаков издевались над крестьянами. Главные силы бандитов находились в п.Линовицком. Защищали Советскую власть: Кислый Моисей Артёмович, Стрельченко Дмитрий Радионович, Кабачок Григорий Васильевич, Фесенко Захарий Михайлович. В начале 1919 года банды атамана Дутова были разбиты. Притихли кулаки. Советская власть прочно установилась в посёлке Первым председателем сельского Совета села Андреевка был Солоха Пётр. Основателем коммунистической ячейки явился Тарануха Иван Андреевич. Первые заседания коммунистов в посёлке произошло 25 марта 1920 года. Теперь крестьяне распоряжались своей судьбой. Землю давали на каждого члена семьи[4;С.466-468].

В 1925 году 18 крестьянских семей создали товарищество по совместной обработке земли. Товарищество назвали «Красная звезда». В него вошли семьи крестьян: Буцко Г.М., Зобенко Петра, Левченко А., Старосветского П., Дубровного Г., и другие, председателем был избран крестьянин Левченко А. Крестьяне купили трактор «Фордзон». Весь посёлок вышел встречать невиданную доселе машину. Трактор потом был передан колхозу. Крестьяне всё больше убеждались в преимуществе артельного хозяйства, в 1929 году был создан первый колхоз. Он назывался «Степной гигант». В него входило очень много сёл и аулов. Организаторами колхоза были: Загорулько Григорий, Килина Пётр, Кислый Моисей, Толстой Иван С. и другие[4;С.540]. Председателем долгое время работал Голуб Иван, заместителем его был Гриненко Тимофей, потом работал Дацун, потом Петрух. В первые годы артельного хозяйства было мало машин. Но государство всемерно помогало крестьянам. В 1937 году была создана Шевченковская МТС. Появились на полях тракторы и комбайны. Росло и богатело артельное хозяйство. Всё больше колхоз сдавал Родине хлеба, мяса и других продуктов. Зажиточно стали жить крестьяне.

В 1941 году мирный труд колхозников был нарушен – началась Великая Отечественная война. Ушли защищать свою Родину мужчины. Вся тяжесть крестьянского труда легла на плечи женщин. Славные труженицы это понимали, что не только штык, но и колос врага колет. Заменили женщины ушедших мужчин: стали бригадирами Соляник Галина Захаровна, трактористками Кулакова Лидия, комбайнерами Казыдуб Надежда Анисимовна, Степаненко Александра, Пилипенко Наталья. Днём работали на полях колхоза, а по ночам вязали варежки, шили одежду, посылали родным и близким на фронт. Отдавали свои сбережения, подписывались на займы. В полеводстве и животноводстве трудились: Зобенко Анна, Зобенко Ольга, Сень Анна, Сень Евдокия, Евко Ефросинья, Белик Марфа, Гусинская Татьяна и многие другие. Председателем колхоза был Буртовой Михаил Филипович. Председателем колхоза 1942-1943г.г. был раненый боец Бочаров Фёдор Петрович, с 1943 по 1944 год – Евко Павел Данилович, с 1944 по 1945г.г. Зобенко Моисей Григорьевич, с 1945 по 1955г.г. Брикун Федосей Иванович. В то время колхоз назывался «Степной Пахарь» [4;С.469-474]. В 1950 году на базе трёх соседних колхозов «Степной пахарь», «Первый путь», «Кзыл Жар» был создан укрупнённый колхоз с центром в посёлке Андреевка, который в честь основоположника научного коммунизма назван колхозом имени «Карла Маркса». Вернулись люди к мирному труду и здесь добились замечательных успехов [4;С.540].

Важную роль в жизни колхоза сыграли известные постановления Сентябрьского пленума ЦК КПСС (1953 года) и февральско-мартовского пленума ЦК КПСС (1954 года) об освоении целинных и залежных земель Казахстана, Сибири, Поволжья, они положили начало новому подъёму всех отраслей производства, повышению материального и культурного уровня жизни колхозников колхоза имени «Карла Маркса». В короткий срок была обновлена техническая база. Вместо тракторов, устаревших марок, на смену им государство дало мощные гусеничные тракторы, самоходные комбайны, автомобили и другие сельскохозяйственные машины. Это позволило колхозу в 1954 году приступить к освоению новых земель. В результате проведённой большой работы, площадь распаханных земель колхоза увеличилась с 7420 га в 1953 году до 9880 га. Одновременно резко возросли посевные площади зерновых культур и особенно яровой пшеницы. Если в 1950 году колхоз засеивал зерновыми культурами 3420 га, то сейчас под зерновыми культурами занято 6200 га. А посевы яровой пшеницы возросли с 1822 га до 3942 га, т.е в 2 раза. В это время председателем колхоза работал 25-ти тысячник Лукьянов Алексей Васильевич, приехавший из Донецкой области.

В 1958 году, в связи с реорганизацией машино-тракторной станции, колхоз имени «Карла Маркса» купил у государства тракторы, комбайны и другие машины, а также оборудование бывшей Шевченковской МТС, тем самым были созданы предпосылки всестороннего развития хозяйства на более высокой технической основе. Несмотря на то что климатические условия не балуют колхозников, урожайность с полей валовой сбор

зерна неуклонно растут, повышается продуктивность общественного животноводства. Труд колхозников окупается сторицей. Валовый сбор зерна в 1956 году достиг 90000 центнеров. Славные трудовые традиции старой гвардии подхвачены молодым поколением. Пользуются в колхозе заслуженной славой трактористы: Моцык Константин Мефодьевич, Перельгин Николай Анисимович, Ахметов Таймас, Фесенко Алексей Степанович, Кудрик Михаил Ильич, Остапенко Пётр Константинович, Нагнойный Николай Михайлович, Богдан Павел Семёнович, Галета Михаил Степанович, Свинобой Анатолий Константинович, Остапенко Павел Ильич. Они же и комбайнёры, с полной нагрузкой используют доверенную им технику, выполняют полторы две нормы в смену. Отличились на работе: Остапенко Павел Ильич, Иваницкий Артём Сидорович, Фесенко Александр Захарович и многие другие. Правительство высоко оценило труд механизаторов, многие из них удостоены правительственных наград, так Ахметов Каппас Зайлагиевич награжден дважды орденом «Трудового Красного Знамени» и др. Вместо конно-гужевого транспорта, который был господствующим во время становления колхозов, сейчас ему на смену пришел новый вид транспорта, появилась и новая профессия—шофер. Во время уборки урожая шофера Соляник Иван Иванович, Кабачек Василий Григорьевич, Соляник Михаил Лукич работали по 14-15 часов в сутки, они не досыпали, но обеспечивали бесперебойную работу комбайнов и в ночное время возили зерно государству. Резко возросло производство и продажа государству мяса.

В 1966 году продано мяса в живом весе свыше 2500 центнеров, особенно резко увеличилось производство свинины. Много труда и умения вложили в это дело животноводы: Соляник Лука Михайлович, Казыдуб Степан Федорович, Кудрик Григорий Ильич, доярка Мазанко Александра Ивановна, Ещенко Александра Григорьевна. Не одну тысячу свиней вырастил Соляник Лука Михайлович. Вдохновенный труд колхозников приносит хорошие результаты[5]. Вдохновенный труд колхозников приносит хорошие результаты в 1966 году успешно выполнены все основные показатели производственно-финансового плана. Хозяйство получило 591000 рублей чистой прибыли. Средний месячный заработок колхозника составил 111 рублей, заработок передовых механизаторов и животноводов был 200 и более рублей в месяц. Значительные суммы денег выплачены в виде доплаты за хорошие результаты труда. Наряду с ростом колхозного производства растет материальный и культурный уровень тружеников колхоза. Жизнь становится лучше и краше. Ушли навсегда из домов крестьян керосиновые лампы и деревянные нары. Электричество, радио, газеты прочно вошли в дом и быт нашего колхоза. С изменением условий жизни, изменились и люди. Полная грамотность - вот характерный признак современного крестьянина. В колхозе вырос многочисленный отряд советской интеллигенции. Все основные отрасли производства возглавляют специалисты с высшим образованием. Изменилось до неузнаваемости и лицо поселка[4;540-541].

Руководители колхоза: - Лукьянов Алексей Васильевич \\1955-1977 годы\\, - Валюженич Константин Георгиевич \\1977-1983 годы\\, - Сирота Григорий Константинович \\1983-1986 годы\\, В 1968г со всей посевной площади 6305 га собран урожай по 18,2 ц с каждого гектара. Такого количества хлеба колхоз имени Карла Маркса не производил, не продавал ни один год за все время своего существования, эти успехи достигнуты благодаря самоотверженному труду всех колхозников, и в первую очередь колхозных механизаторов: Кабачек Николая, Иваницкого Василия, Ерманова Тлегена, Остапенко Павла, Михайлева Алексея, Ахметова Каппаса, Фесенко Алексея и многих других, которые выполняли основной объем работ по выращиванию и уборке большого хлеба. С февраля 1987 года колхоз имени Карла Маркса возглавил Сагизбаев Турмагамбет Нурбергенович, который работает в настоящее время. Он награжден юбилейной медалью Астана «Целине 50». За это время построено зернохранилище, построено озеро, построено около 20 домов для колхозников, построена кочегарка, расширена участковая больница.

В 1991 году в августе месяце произошёл развал Советского Союза. Казахстан стал самостоятельным государством. Правительство взяло курс на рыночные отношения. В период перестройки стало труднее с оплатой труда колхозников. Многие необходимые материалы, нужные хозяйству, стали доставать только на бартер обмен на зерно, мясо и прочие. Колхоз на 1 января 1995 года собрал 82726 центнеров зерна. В колхозе осталось коров – 246 голов. Сдано государству молока 6586 центнеров. Крупного рогатого скота 1363 головы, свиней –нет, овец- нет, лошадей 56 голов . Пахотной земли-8973га, всей земли 15860 га. В поселке Андреевка появились первые фермеры - Голубь Евгений, Скакун Владимир Алексеевич. Они взяли 40 га земли, сеют ячмень, занимаются животноводством. Открыли свои магазины товары повседневного спроса Хусаинов Жанкуат Булатович, Головань Федор Григорьевич[5]. Торжественно страна отметила 50-летие Победы в Великой Отечественной войне. Участников войны осталось 5 человек: Головань Григорий Федорович, Бойко Василий Петрович, Проскура Василий Борисович, Перельгин Василий Семенович, Иваницкий Афанасий Артемович. Они были награждены ценными подарками, для них и участников трудового фронта был устроен праздничный обед.

В марте 1995 года по решению колхозников колхоз стал подсобным хозяйством Актюбинского облгаза и стал именоваться Сельхозпредприятием Кзыл-Жар Актюбинского казгаза. Руководителем кооператива остался бывший председатель колхоза имени Карла Маркса –Сагизбаев Турмагамбет Нурбергенович. Наверное ,нужны годы и годы, чтобы хозяйство стало крепким, а жители его жили хорошо. Будущее скрыто во мгле времени. «25 февраля 1997 года». Среди наших односельчан, выпускников Андреевской средней школы есть люди, которые своим трудом добились высоких достижений[4;С.541]. Известные личности села: Бойко Василий Петрович выпускник 1942 года, участник Великой Отечественной Войны, заслуженный учитель Андреевской средней школы со стажем работы 50 лет; Зинченко Владимир выпускник 1959 года, следователь ОБХСС города Актюбинска (погиб); Соколова Валентина Прокофьевна выпускник 1963 года, директор Андреевской средней школы с 1985 по 1988 года, в настоящее время живет и работает в поселке Новый учителем; Бардалим Мария Ивановна выпускник 1968 года, мастер спорта СССР по легкой атлетике, тренер ДЮСШ Кокчетавской области; Бойко Александр Васильевич выпускник 1970 года, военный врач Крым, Украина; Князьбаева К.Ж. выпускник 1975 года, специалист Мартукского РОО; Ахметов Арман Ибраевич выпускник 1984 года, Аким Кызылжарского сельского округа и по настоящее время; Волков Сергей Игоревич выпускник 1978 года, полковник ФСБ Москва; Тукеева Сауле Бахитжановна выпускник 1979 года, директор Андреевской средней школы 1996-1998 годов, учитель средней школы гимназии № 23 города Актобе; Перельгина Наталья Николаевна выпускник 1980 года, старший следователь по особо важным делам Следственного Управления ДВД Актюбинской области, подполковник полиции; Ахметов Касен Таймасович выпускник 1981 года, выполнял интернациональный долг в ДРА; Рудай Анатолий Анатольевич выпускник 1981 года, погиб, выполняя интернациональный долг в ДРА; Жумабаев Игилик Тлеубаевич выпускник 1981 года, управляющий Народного Банка села Мартук; Казыдуб Татьяна Николаевна выпускник 1981 года, главный специалист по делопроизводству Кызылжарского сельского округа; Ахметова Камшат Кунакбаевна выпускник 1995 года, преподаватель КАЗГЮА.

Список литературы

- 1.Карта Актюбинской области, РГКП "Картография", гл. редактор Копанева И.А., 2003 г.
2. Энциклопедия Актюбинской области, Тажибаев М.К., Типография ТОО "Отандастар - \Полиграфия", Актобе, 2002.- С. 236.
3. Большой казахско - русский и русско - казахский словарь, Бектаев К, Алматы: "Алтын Казына", 2001.- С. 304.

4. Мәртөк: Ғылыми-тарихи анақтама. –Ақтөбе, 2009. – 823 бет. Жалпы редакциясын басқарған профессор Тәжібаев М.Қ. С. 540-541.
5. Материалы районного историко-краеведческого музея.

Топоним села Родниковка

Научный руководитель: Штукина Ольга Александровна - учитель школы - гимназии №9
Автор: Имжарова Айя - ученица школы - гимназии №9

Современное состояние общественной мысли отмечено интересом к региональным исследованиям в области топонимики. Особенность топонимии Актюбинской области обусловлена широкими лингвокультурными и историческими контактами русской и казахской топонимии. Данное явление представляет научный интерес для историко-архивного, фольклорного, лингвистического и лингвокультурологического изучения. Сложное взаимодействие языков и культур находит отражение в местных географических названиях. Легенды, историко-архивные документы, демографические процессы, структура населения, миграционные процессы создают основу для историко-этимологического описания топонимических систем Актюбинской области. Изучение топонимии Актюбинской области представлено на сегодняшний день рядом научных работ, позволяющих описать историографию проблемы. Одним из основных научных трудов по изучению топонимии Актюбинской области является коллективная монография ученых Уразаевой К.Б., Уталиевой Ж.Т., Бекназарова Р.А. "Топонимия Актюбинской области: историко-этимологическое описание, классификация и стратегия переименований" [1]. В книге рассматриваются переименования населенных пунктов на базе сопоставительного анализа русской и казахской топонимии, с позиций современных теорий топонимики. В первом томе научной монографии "Топонимия Актюбинской области: историко-этимологическое описание, классификация и стратегия переименований" обобщены результаты исследований переименований населенных пунктов Алгинского, Кобдинского, Мартукского, Каргалинского районов Актюбинской области, представлены историко-этимологическое описание, периодизация и классификация топонимов, а также обоснованы принципы историко-культурного и лингвокультурологического подходов. Анализу методологических установок и результатов, изучению истории Актюбинской области посвящены научные работы "История Актюбинской области" [3], "Из истории Актюбинской области"[2]. Интересный и познавательный материал содержит иллюстрированный научный справочник "Улицы города Актобе: история и современность", авторами которого являются д.и.н., профессор Г.С.Султангалиева, к.и.н., доцент Г.И.Кобенова [6].

Особенность топонимической системы Мартукского района заключается в сохранившихся до сегодняшнего дня следах топонимного видения. Оно обнаруживает себя как в топонимических легендах, так и прозрачности семантических моделей. Отсюда более интенсивное внимание местного населения к этимологии топонимов. Анализ топонимической среды и топонимической системы Мартукского района обозначило необходимость расширения и изучения географического контекста исследуемого ареала. В связи с этим анализом ойконимов Мартукского района нас заинтересовала история возникновения топонима Родниковка. Родниковка (в переводе с казахского языка означает "Бұлақ") — село в Мартукском районе Актюбинской области Казахстана, находится примерно в 48 км к востоку от центра села Мартук. Население района составляет 31387 (по состоянию на 1 июля 2008 года).

В Мартукском районе находятся населённые пункты Андреевка, Байтурасай, Веренка, Курайлы(Вознесенка), Жайсан, Казан (Казанка), Каратаусай, Каратагсай, Кобелей (Дмитриевское), Коминтерн, Мартук, Байнасай (Новомихайловка), Первомайка,

Покровка, Полтавка, Родниковка, Рыбаковка, Степановка, Студенческое, Хлебодаровка, Хозретовка, Миялыколь (Шевченко). Село Родниковка, называемое сейчас Бұлак, получило название во время переселения первых крестьян с Украины в 1902 году. Здесь было много выходов родников. Не случайно казахское название этой местности испокон веков – Қарабұлак, где первая часть слова қара также подразумевает не цвет воды, а ее происхождение за счет подпитки подземными водами [1, с.116]. Следует отметить, что эта территория, изобилующая родниками и богатым травостоем, была заселена людьми еще с конца эпохи бронзы и интенсивно, осваивалась в средневековый период истории предков казахов. Например, доказательством тому служит комплекс Торткуль в 2 км на северо-запад от современного поселка, состоящий из нескольких оплывших курганов и подквадратного в плане городища со входом в него с южной стороны [1, с.116]. По всей видимости, данный памятник является характерным примером средневековых городищ-убежищ скотоводов, распространенных в степной зоне Казахстана. О таком же городище приводит данные И.А.Кастанье, ссылаясь на сообщение С.П.Баннова [1, с.116].

В архивных данных, отмечается, что крестьяне-переселенцы Саратовской губернии в 1904 году образован поселок Родниковка, где проживало к этому времени уже 689 человек [1, с.116]. Оним Родниковка зафиксирован картой 1914 года. Сравнительный анализ казахских и русских онимов позволяет выявить процесс замены казахского онима русским. В современных условиях роль и значение топонимики неизмеримо возрастают в связи с процессами, происходящими в самосознании народов, усилением интереса к вопросам национальной идентичности, истории формирования этноса. Результаты топонимики значимы для развития экономики Актюбинской области и страны.

Список литературы

- 1.Уразаева К.Б.,Уталиева Ж.Т., Бекназаров Р.А. Топонимия Актюбинской области: историко-этимологическое описание, классификация и стратегия переименований. Научная монография: в 3-х томах. / Уразаева К.Б.,Уталиева Ж.Т., Бекназаров Р.А. - Актобе, 2008. - 168 с.;Т.1: Переименования в топонимической системе Актюбинской области. -168с.
- 2.Из истории Актюбинской области. – Актобе, 2006. – 280с.
3. История Актюбинской области. – Актобе, 2006. – 698с.
4. Из истории Актюбинской области. Краеведческий сборник. / Под ред. А.П.Прусса. – Актобе, 1991. – 108с.
5. Султангалиева Г.С. История Актюбинского уезда (1869-1917). – Актобе, 2005. – 264с.
- 6.Султангалиева Г.С., Кобенова Г.И. Улицы города Актобе: история и современность. – Актобе, 2007. – 160с.
7. Назарбаев Ж. Когда Актюбинск был уездным городком...// Актюбинский вестник от10августа2001.№96.
8. http://www.gardenia.ru/quests/quest_1109.htm
9. <http://www.madenimura.kz>
- 10.Поспелов Е.М. Топонимика в школьной географии: Пособие для учителей.- М.: Просвещение, 1981.
- 11.Мурзаев Э.М. Топонимика популярная. М., Знание, 1973.
- 12.Никонов В.А. Топонимика в историко-географической этнографии. М., Наука, 1964.

Хромтау ауданының Қопа ауылы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Хибина Зада Нұрмұханқызы – т.ғ.к.,аға оқытушы
Авторлар: Тагибергенова Райхан, Амангелді Асылай – тарих мамандығының
студенттері

Қазақ даласының қай өңірі, қай аймағының болсын өзіндік тарихы, өзіне ғана тән ерекшеліктері, шежіресі болатындығы белгілі. «Жалпақ жұртыңды, иісі алашыңды құрметтеу, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады», - деп кемеңгер Елбасымыз айтқандай әрбір қазақ баласы өзінің кіндік кескен туған жерінің тарихынан хабардар болуы тиіс. Алтай тауларынан Дунай өзеніне дейінгі Ұлы Дала атанған алып аймақтың кішкентай ғана бір бөлігі Хромтау ауданының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқанын бірі білсе, бірі біле бермейтін Қопа ауылының да өзіндік бір тарихы бар. Ауылдың тарихы сонау есте жоқ ескі замандардан бастау алады. Ауыл атының шығуының тарихы да өте тереңде жатыр (Сурет 1). Бұл жерден ел қорғаған батыр да, атағы жер жарған суырыпсалма ақын да, бір сөзбен айтқанда алаш жұртына танылған түрлі-түрлі өнер иелері шыққан. Қопа ауылы территориясынан археологиялық қазба жұмыстары кезінде ерте темір дәуіріне жататын тарихи-мәдени ескерткіштер, қорғандар табылған. Демек, Қопа ауылы қыры мен сыры көп, тұңғышқа толы тарихи өңір деуге негіз бар [1, 56].

Географиялық жағынан қарайтын болсақ, орналасуы бойынша Батыс пен Шығысты, Еуропа мен Азияны байланыстырған әйгілі керуен жолына айналған Хромтау ауданы қай жағынан алып қарасақ та теңдесі жоқ, тұнып тұрған байлықтың өлкесі, Ақтөбе облысының ірі өндірісті және ауыл шаруашылықты өңірі болып келеді. Аудан солтүстігінде Ресей Федерациясымен және Қарғалы ауданымен, батысында Ақтөбе қаласымен, Алға ауданымен, оңтүстік бөлігінде Мұғалжар ауданымен, шығысында Әйтеке би ауданымен шектесіп жатыр.

Ал осынау үлкен ауданның кішкене ғана бір бөлігі ретінде біз алып қарастырып отырған нысан - Қопа ауылдық округі. Қопа-Ақтөбе облысы Хромтау ауданындағы ауыл, ауылдық округ орталығы. Аудан орталығы Хромтау ауыл орталығынан 70 (45) шақырым қашықтықта, ал Ақтөбеден 170 шақырым қашықтықта орналасқан. Ауыл солтүстігінде Құдықсай, шығысында Бөгетсай, оңтүстігінде Мұғалжар ауданымен және батысында Ойсылқарамен шектеседі (Сурет 2). Жер көлемі бойынша 223 128 гектар жерді алып жатыр. Ауыл тұрғындарының саны 2003 жылғы есеп бойынша 0,9 мың адамды құраса, ал қазіргі кезде екі есеге өсті. Қопа ауылының орталығы Ор өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан (Сурет 3). Ор өзені оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа қарай ағып, ауыл территориясын екі бөлікке бөледі. Жалпы өзеннің ұзындығы 62,5 шақырым. Ол бастауын Мұғалжар тауларынан алады, оның екі саласы Дәмді және Тамды деп аталады [1, 113-1156].

Ор өзені – Шилі және Теріс бұтақ өзендерінің қосылған жерінен бастау алады және ұзындығы 20 шақырымға дейін, ені 50 метрге дейін, тереңдігі 2 метрдей салалық көлдер жүйесін құрайды. Көлдер ені 5-8 метр және тереңдігі 0,8 метрге жуық тар тармақтармен жалғасады.

«Тамды» – Ор өзенінің саласы, қазірде Қопа ауылдық округіне қарасты елді-мекен де осылай аталады. Там – бейіт, мола. Бейіт, моласы бар сай тармағы. Әу баста «Қопа» совхозының шаруашылық болып осы арада қоныс тебуіне жерінің әсем табиғаты мен шаруаны жүргізуге қолайлы орналасқандығы себеп болды. Естеліктерге сүйенсек, ауыл алғашында №47 Қопа мал өсіретін совхозы ретінде 1930 жылдың маусым айында құрылған. Оның алғашқы директоры Ян Янович Курмис болды. Оның басқаруымен мал өсіретін заводтың іргетасы қаланды. Оларға сол кездегі құрылыс материалдары мен техниканың тапшылығы кедергі бола қоймады. Өйткені олар цементтің орнына әкті пайдаланып, Азбартастың тасымен қалап, ол шикізаттарды түйеге жегіп тасыған. Ор бойындағы жаңа шаруашылықтың іргетасын қалауға Құрылысшы мамандығын алған Степан Корольмен бірге Ян Курмис, сондай-ақ партиялық жұмыс жөніндегі орынбасары Вдовина, оның жолдасы Михаил Крохоткин келеді. Осы маңайды жағалай қоныстанған халықтың арасында үгіт жұмысын жүргізеді. «Жаңадан ашылған совхозға жұмысшы керек» деген сөзді естіген Ордың бойын жағалай мекендеген тұрғындар көшіп келе

бастайды. Осылайша құрылыс алаңында шаруа қыза түседі. Мұрағат құжаттарында Қопа елді-мекені 1930 жылы «Ярмухамед» совхозына қарағандығы айтылады.

1932 жылы Ақтөбе сүт-ет өндіретін тресіне қарасты Мирзоян атындағы №469 Қопа ет-сүт совхозы болып қайта құрылған. Бұл кезде совхоз директоры болып ленинградтық жұмысшы Иван Васильевич Воробьев қызмет жасайды. Зерттеушілер совхоздың тарихын негізінен осы кезеңнен бастағанды жөн деп санайды. 1936 жылы шаруашылықты Егоров басқарған. 1940 жылдан бастап Пшеничный директорлық еткен тұста ауылдық Кеңесте Әбілғалымов, кәсіподақ комитетінде Қосмағамбетов төрағалық жасаған. 1944 жылдың құжаттарынан бас агроном Сәтімов, бас есепші П.Ким болғандығын аңғарамыз. 1945 жылы Сәтімов шаруашылыққа жетекшілік жасаған. Осыдан кейін 1951 жылы Мырзағалиев директор болып келеді. Ет-сүт өндіретін совхоздан қой өсірумен шұғылданатын шаруашылыққа айналған қопалықтар 1959 жылы мал бордақылайтын бағытта маманданады. Ал 1964 жылдан бастап қайтадан қой өсіретін кеңшар орталығы болды. Оның негізінде Қопада және Алдаберген, Бәжір ауылдарында Өндірістік кәсіптік және шаруа қожалықтары құрылған. 1986 жылы жер көлемі 101 201 гектарды, егістік 10749 гектарды құрады. 1985 жылы кеңшарда 75 трактор, 46 машина, 35 комбайн, 200 жылқы, 150 ірі қара, 28 000 қой болды [2, 4-11 б.].

«Қопа» - бетін қамыс, шөптесін өсімдік басып жатқан көлшікті, құмды жер. Ертеде сол көлдің қамысының қалың болуына байланысты халық «Қопа» деп атап кетсе керек (Сурет 4). Қопа ауылының территориясында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері жеткілікті. Ауылға қарасты Азбартас, Түйебаз, Божыр, Былқылдақ, Дәмді, Алшынбай, Әлдеберлі, Қарасу, Қаршыға ата, Күңгірлек, Қоскемпір, Жосалы секілді елді-мекен, жер атауларын кездестіруге болады. Бұл атаулардың да шығуының өзіндік тарихы бар. Елді-мекен атаулары ауылдың керемет табиғатымен, елге еңбегі сіңген, елінің қамын ойлаған беделді ру басшыларының, әулие кісілердің есімдерінен туындаған. Сондай-ақ ауыл территориясының оңтүстік-батысындағы ерте темір дәуіріне жататын 1 км. қашықтықта Қопа-III қорғанын, 1,5 км. қашықтықтағы Қопа-IV қорғанын, 2,5 км. қашықтықтағы Қопа-V қорғанын, 3 км. қашықтықтағы Қопа-VI қорғанын және 2 км. қашықтықтағы Тас қабырғалы қорғандарын көруге болады.

«Азбартас» - жері шұрайлы, қоғадай жапырылған жасыл шөпті ғажайып шатқал. Қопа ауылының оңтүстігінде 50 шақырым жерде орналасқан табиғи, тарихи ескерткіш. Азбартасқа барар жолда жер бедері шоқылы болып келеді. Табиғи ескерткіштің алып жатқан жалпы аумағы - 100 метрді құрайды. Бұл табиғи ескерткіштің Азбартас аталу себебі айналасы таспен қоршалған қуыс болғандығына байланысты. Ел аузындағы аңыздарда Моңғол шапқыншылығы кезінде жергілікті тұрғындар жаушылардан аман қалу үшін, малдарын Азбартасқа қамап, өздері де сонда тығылғандығы жөнінде айтылады. «Моңғолсай» деген жер атауын осы жерден моңғолдардың өткендігінің дәлелі ретінде айтуға болады. Ал КСРО кезінде мал дәрігерлері малдарды егу үшін осы үңгірді пайдаланған екен. Азбартас - қора ішінде, яғни албар ішінен салынатын кішкене қора болып келеді. Мал бағуды кәсіп еткен қалың жұртшылық үшін Азбартастың пайдасы орасан зор болды. Оны қарақшы мен ұрылардан қорғайтын қамал ретінде де пайдаланды. Сондай-ақ осы үңгірдің қасынан жарқылдаған бұлақ көзге түседі. Халық арасында кең тараған аңыздарға сүйенсек, емдік қасиеті бар бұл бұлаққа емделуге барған адамдар күміс теңгені салатын болған екен. Сол себепті су ішуге барған адамдардың көзіне жалтырап күміс теңгелердің сәулелері шағылысқан. Осыған орай жергілікті халық оны «Күмісті бұлақ» деп атаған [3, 76 б.].

Ал «Түйебаз» атауының шығу тарихы аты айтып тұрғандай төрт түліктің бірі түйемен байланысты. «Түйебаз» - кезінде ауыл тұрғындары түйе бағып, қоныс тепкен қыстақ атауы. Ал қазір сол жерде баздың орны бар. Сол себепті «Түйебаз» аталып кеткен.

«Божыр» - Қопа ауылдық округіне қарасты қиранды. Кезінде қой шаруашылығының орталығына айналған мекен. Жағалбайлыдан тарайтын Бескүрек руының Божыр Көлдейұлы деген байқуатты адамы болған. 1928 жылы шілдеде болған

Ақтөбе колхозшыларының округтік съезінде «колхоз құрылысын дамыту» мәселелері қаралады. Қайғы-қасіреті мол, қазақты байынан, байды малынан айырған заманда ірі бай феодалдардың малы мен мүлкі тәркіленіп, 31147 малды тартып алған деген тарихи деректер бар. Ауыл ақсақалдарының айтуына қарағанда осындай тәркілеуге, қудалауға ұшыраған заманда Божыр Көлдейұлы да 1928 жылы күз айында кетіп, содан хабарсыз кеткен деседі. Тек 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін ғана осы аймақты Божыр ауылы деп атаған.

«Былқылдақ» - жерінің жұмсақ болуына байланысты аталып кеткен ауыл округіндегі жер атауы болса, ал Дәмді - суының тұщы болуына байланысты аталған ауылдың тұсында ағып жатқан өзен, Ор өзенінің саласы. Алшынбай - ауыл тұсындағы төбенің атауы. Жағалбайлыдан тарайтын Бескүрек руының беделді адамдарының бірі, ру басшысы Алшынбай деген кісінің есімімен аталған болатын (Сурет 5).

«Әлдеберлі» - Жағалбайлыдан тарайтын бескүрек руының беделді адамдарының бірі, ру басшысының қызметін атқарған Әлдеберлінің құрметіне қойылған қыстау атауы. Қарасу - Ор өзенінің қасындағы терең шұңғыма болып келеді. Бұл атау түрік тілінен алғанда «харасұғ» - «бұлақ», «қайнар суы» деген мағынаны білдіреді екен. Бұдан басқа суының сарқырап ағуына байланысты шыққан атаулардың бірі ретінде Күңгірлек бұлағын атап өтуімізге болады. Қаршыға ата атауы - бескүректің сабау руынан шыққан әулие кісінің есіміне байланысты. Сол кісі жерленген жер болғандықтан халық осылай атап кеткен. Қазіргі уақытта әулиенің қорымы сақталып тұр.

«Қоскемпір» - Қопа ауылына қарасты жер атауларының бірі. Аңыздарда ертеректе барлық халық басқа жаққа көшіп кетіп жатқанда, екі кемпір мал қыстатып, қоста қалып қойса керек. Содан сол жер «Қоскемпір» аталып кеткен деседі. Ал Жосалы қыстағына келетін болсақ, бұл кезінде Қопа өңіріне қарасты болған екен. Ор өзенінің атырабында жосаның мол болуына байланысты аталып кеткен.

Қазіргі таңда Қопа ауылдық округіне екі ауыл қарайды. Бірі – Тамды ауылы, екіншісі Амангелді ауылы. Тамды ауылы қалалық үлгіде салынған, тұрғын үйлер салқын және ыстық сумен қамтамасыз етілген. Ауылда Қаныш Сәтпаев атындағы орта мектеп және мектепке дейінгі ұйым «Шаңырақ» балабақшасы, телефон желісі, пошта, дәрігерлік пункт, шағын кәсіпкерлер, дүкендер жұмыс жасайды. Сонымен қатар мұнда КС-14 газ торабы жергілікті халықты жұмыспен қамтып отыр. Ал Қопа ауылында Қопа орта мектебі мен мектеп жанындағы интернат, 1973 жылы іргетасы қаланған аудандағы 40 жылдық тарихы бар «Таңшолпан» балабақшасы, дәрігерлік пункті, Мәдениет үйі, жергілікті әкімшілік, пошта, телефон желісі қызметтері жұмыс жасайды.

Ауылда 2013 жылдан бастап «Молочные истории» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызмет атқарып келеді. Бұл кәсіпорын асыл тұқымды малды көбейту және олардан өнім алу бағытында жұмыс жасайды. Аталмыш жұмыс орнында да ауылдың 70-ке жуық адамдары еңбек етеді. Қопа ауылдық округіне қарасты ауылдар электр желісімен, көгілдір отынмен, Отау жерсеріктік антендерімен қамтамасыз етілген. 1930 жылы Қопа орта мектебінің іргетасы қаланды. Әуелі бастауыш мектеп ретінде ғана ашылып, 1977 жылы орта мектепке айналды (Сурет 6). Ал 1999 жылы мектеп жанындағы интернат ашылып, онда ауданның аз қамтылған отбасыларынан 30 бала тәрбиеленеді. Білім ордасында еңбек ететін ұстаздардың жалпы саны 25, олардың 80%-ы жоғары білімді, ал қалған 20%-ы орта білімді мұғалімдер. Мектеп құрылғаннан бастап, білім ордасының бірқатар басшылары ауысты. Мәселен, Рахметов Қожа, Жиенқұл, Абдуллин Бәтен, Көрғұлин Абдикәдір, Сәрсенбаев Хамза, Ищанов Сапа, Нұртазин Бақыт Тынымбергенович, Алдабергенов Рамазан, Узганов Қайырлы, Салықова Ақсұлу, Аманов Табылды, Қайыпбергенов Темірбек, Есжанова Шазина Мендығалиевна, Бусурманова Айгүл Мейрамбайқызы.

Қариялардың мәліметіне сүйенсек, Қопа ауылында баспасөз жұмысы да жақсы дамыған. Ауылдың баспаханасынан екі тілде бірдей саясат пен басқа да әлеуметтік мәселелерді көтерген газет жарық көрген. Қопа ауылының шаруашылық жері 178 765 га,

егістік жері 19 286 га. Қопа ауылдық округінде 1500 адам тұрады. Оның ішінде 87%-ы қазақтар болса, ал қалған 13%-ын басқа ұлттар құрайды.

Қопа өңірі тұнып тұрған байлықтың мекені. Ауыл территориясынан Ор, Ойсылқара, Ақтасты, Алпансай, Тамды, Жосалы, Дәмді, Қарағансай, Қаракөл өзендерін, Байментау, Қараоба, Жылантау биіктіктерін көруге болады. Осы табиғатының өзен-таулы болуына байланысты бұл өңір қыс болсын, жаз болсын шаруашылыққа қолайлы болып келеді. Ауыл тұрғындарының балық аулап, мал өсіріп, аңшылықпен шұғылдануға мүмкіншіліктері бар. Кеңестік дәуірде мал шаруашылығынан екі Социалистік Еңбек Ерлері шыққан. Олар мал бақташылары Байсеркеш Нұрлыбаев пен Мырзагерей Елкеев еді. Ауыл тұрғындары негізінен ірі қара, қой, ішінара жылқы өсірумен айналысады. Сонымен қатар ауыл территориясынан жабайы қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, күзен, қаракұйрық, қабан сияқты дала жануарларын, дуадақ, бүркіт, тырна, үйрек, аққу, қаз, көкек, сауысқан, қарға, қарлығаш, торғай, т.б. құстардың түрлерін де кездестіре аламыз [1, 27-30 б.]. 1958-1961 жылдар аралығында директор болып Беркімбаев Сматалла, 1962-1968 жылдары Раев Еңсепбай, 1969-1976 жылдары Оспанов Тәбен, 1976-1986 жылдары Саймұханов Асхат, 1986 жылы Әубәкіров Елеусіз қызмет жасады (Сурет 7). 1994 жылдан бастап Қопа өндірістік кооперативін Самұратов Оразақ Сәрсенбайұлы басқарып келеді. Қазіргі таңда құрамында 40 адам жұмыс жасайды. Олар арпа, бидай, көкөніс, қарбыз, күнбағыс өнімдерін өсіреді. Ұжымда өз еңбектерінің жемісін көріп, елдің ықылас пейіліне бөленіп жүрген еңбек озаттары: Мұқашев Асылбек, Есенғазин Қанаш, Қалниязов Сисенғали, Байдуллин Жұмағали, Аймағамбетов Арынғазы, Нұрмұханов Асқар жұмыс істеп жүр. 2009 жылы егіннің бітік шығуы арқасында егін шабуға арналған жаңа технологиямен жабдықталған комбайн сатып алынды. Сонымен қатар ауылда еліне еңбегі сіңген, 1979 жылы 12 сәуірде «Орден трудовой славы III» дәрежесімен марапатталған Божырдың ұрпақтарының бірі 78 жастағы Ирмағамбетов Мұхамбет Шүйінішбайұлын атап өтуге болады. М.Ш.Ирмағамбетов 1937 жылы 17-желтоқсанда Қопа ауылында дүниеге келген. 1944 жылы Қопа 8-жылдық мектебінің 1-класс табалдырығын аттайды. Онда 1951 жылы 8 класты бітіреді. 1956 жылы Новоресей (қазіргі Хромтау) ауданында 10-класты тәмамдайды. 1956-1958 жылдар аралығында Сахалин облысында әскери борышын өтейді. Әскерден келген соң Қопа ауылында уақытша 1 жыл жұмыс жасайды. Осыдан кейін 1959 жылы Ақтөбе облысында 6 ай шоферлік курс оқиды. Оқу бітірген соң сол уақыттағы ауыл директоры Беркімбаев Сматалланың шақыртуымен ауылға келіп, 23 жыл тракторист болып жұмыс жасайды. Осылайша елге сыйлы қария 1993 жылы зейнеткерлікке шықты. Қазіргі таңда М.Ш.Ирмағамбетов Божыр тарихын зерттеушілерге кеңінен көмек көрсетіп, өзінде бар мәліметтерін, дерек көздерін ұсынуда (Сурет 8). Ауыл жөнінде ең бірінші мәлімет жинаған адам «Путь коммунизму» газетінің қызметкері Василий Васильевич Мунтаниол болды. Одан кейін Бәйментау шатқалдары мен Азбартас үңгірлері орналасқан шаруашылыққа таптырмас киелі жердің тарихы туралы Иван Ильич Шамрай мен Степан Федорович Король деген ақсақалдардың айтуымен жазылып алынған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Өтемісов Р.Ж. Қазыналы Хромтау. – Ақтөбе, 2010. – 235 б.
2. Әубәкіров Е. Қопа – құт мекен. – Ақтөбе, 1991. – 28 б.
3. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 176 б.
4. Ирмағамбетов М.Ш. Жеке күнделігінен. – Хромтау, 1990.

ЖЫРАҚТА ЖАТҚАН ЖАЙСАҢБАЙ

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Ниетбаева Кабира Туремуратовна - оқытушы, педагогика магистрі

Жайсаңбай ауылы - Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданына қарасты ауылдық округ. Ауыл Ырғыздан қашық орналасқан және Қызылорда облысының Арал ауданымен шектеседі. Бұрын «Тәуіп» кеңшарының №2 бөлімшесі болған. Ақтөбе облысының әкімдігі мен мәслихаттың 26.03.2008 жылғы бірлескен № 81/58 қаулысы және шешіміне сәйкес Тәуіп ауылдық округі құрамы аумағынан шығарылады. Тарихы өте әріде жатқан, жер аумағы ұлан-ғайыр, мыңғыртып мал өсірген ауылдың жер көлемі 208780 гектар, оның ішінде селолық елді мекен жері 8474 гектар, орман қорының жер көлемі 883 га, «Ырғыз-Торғай» табиғи мемлекеттік резерватының оңтүстік аймақтық бөлімнің қорғау аймағының 1773,0 га жері (Ақтөбе облысы әкімдігінің 20.04.2009 жылғы №125 қаулысы) кіреді. Ауылдық округ жерінде жабайы шошқа, ақбөкен, қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, шибөрі, ондатр, қоян т.б. жануарлар, аққу, көкқұтан, бірқазан, үйрек, шағала, қаз, балықшы, қасқалдақ, қарақаз т.б. құстар мекендейді. Өзендерінде аққайран, сазан, алабұға, табан, шортан, тран, лен, т.б. балықтар тіршілік етеді. Кішігірім елді мекендері: «Қойсан», «Исатай», «Көксай», «Дәрмен», «Балтабай», «Ешман», «Төртігүл», «Қоренкөл», «Күйіккөл».

Ауылдың «Жайсаңбай» деп аталуы ертеректе осы жерде елге сыйлы, заманында қажылыққа барған, мешіт ұстап бала оқытқан, әулие кісі болған Жайсаңбай атаның есімімен байланысты. Жайсаңбай атаның руы - Шөмекей, Тоқа тайпасы, Айбас. Жайсаңбай ата қыстауының орны қазіргі ауылдың іргесінде болған. Ол кезде кіші қажылық үшін қазіргі Түркістан қаласына барады екен, ол кісі қажылыққа бара жатқан жолда Арал ауданы Қарақұм елді мекені жерінде қайтыс болған деседі. Жерленген жері нақты емес. Оған дейін ауыл «Шүңкей» деп аталған. Себебі, Ырғыз бен Торғай өзендері ауылдың үстінен ағып өтеді. Бұл атау өзеннің ирелеңдей, төмен қарай ағуына байланысты қойылған. Ел аузындағы аңыз әңгімелер бойынша XV ғасырда өмір сүрген Асан қайғы бабамыз да бұл өлкені аралап өткен, оның баласы қазақтың батыры Абат та бұл жерді жаулардан қорғап, азат еткен деседі.

Жайсаңбай ауылының солтүстік батысында 7 км жерде Дүйсенбі аһун мешіті орналасқан, деректерге сүйенсек, ол 1909-1913 жылдары салынған. Төртбұрыш тәрізді (9,60 x 24,20 м) сегіз қырлы мұнарасы бар. Мұнара қаңылтырмен қапталған, биіктігі 19 м. Қабырғасы күйдірілген қызыл кірпішпен өрілген. Кірпішін сол жерде күйдіріп дайындаған. Қазіргі кезде орны бар. Цемент орнына Қосбүйрек тауынан бор әкелініп пайдаланылған. Ағаштары Қостанай облысы жерінен сумен ағызып әкелінген. Айшығын Тройск қаласынан ауылдың беделді азаматы Алшынбай деген кісі түйемен әкелген. Дүйсенбі аһун мешіті халық қаржысымен салынған. Мешітті тұрғызуға Орынбор және Уфа қалаларынан шеберлер қатысқан. Шөмекей руының Тоқа аталарынан болса да оның құрлысына Еділ бойы халықтарының ою-өрнектері салынған. Дүйсенбі Имашұлы 1885-1886 жылдары Бұхар жағынан діни оқу үйреніп келіп ел ішіне уағыз жүргізе бастайды. Бала оқытып, құран ұстаған, әулие кісі. 1920 жылы қайтыс болған. Дүйсенбі аһун мешіті 1930 жылдары Кеңес үкіметі кезінде есік, терезелері, төбесі қиратылып бұзылған. 1953 жылы мешіт мектепке айналған. Қазіргі кезде күрделі жөндеуді қажет етеді.

Жайсаңбай ауылының оңтүстік шығысында 4 км жерде Исатай мешіті орналасқан. Төртбұрышты (10 x 19 м), қабырғалары шикі кірпіштен, мұнарасы күйдірілген кірпіштен өрілген. Мұнарасының биіктігі 8,50 м. Конус тәріздес, мұнара басына кірпіштен өрілген айналма баспалдақпен шығуға болады. Бұл мешітті басында Шомбал деген байдың Ағыбай деген баласы әкесіне арнап салдырған. Ол кісі кейін Исатайды алдырып осы мешітке ие бол дейді. Ол халықты діни оқуға үйретіп, игі істерге басшылық жасайды. Сонан бері Исатай мешіті аталады. Исатай Сатыбалдыұлы Тоқа тайпасының Қалақ аталығынан шыққан. 1916, 1930 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістерде басшылық жасаған. 1930 жылы Тоқалар қырғынында «Шатыртам» деген жерде қайтыс болып, қазіргі Дүйсенбі мешітіндегі қорымда Дүйсенбі ағасы екеуі қатар жерленген. 2007 жылы

Алматыдан жиені Алтай Үсенов келіп басына ескерткіш қойған. Мешіт 1907-1910 жылдар аралығында салынған. Мешітті Жыға бастаған ұсталар салған.

Жайсаңбай ауылынан шығысқа қарай 7 км жерде Жапақ мазары (XIX ғ.) орналасқан. Сыртқы шеңберінің диаметрі 8 кез. Қасбеті дөңгелек ғимаратты тең бөлікке бөліп тұр. Мұнара күмбезшілер құрбандық орны тәрізді сыртқа қарайды. Мазардың ішкі бөлігінде төрт жер асты қабырларының үстінде сахна тәрізді тұғырлар орналасқан. Мазардың биіктігі 7,10 кез. Жапақ ата Шөмекей руының, Тоқа тайпасының, Айбас аталығынан. Жапақ төбесі бұрын «Есен төбе» деп аталған. Кейін «Бәйге төбе» деп аталған. Өйткені Таңсықбай деген жерден жіберілген жылқылар осы жерден күтіп алынған. Мазарды Жыға, Бейсенғали, Қасен деген ұсталар салған. Жайсаңбай ауылынан солтүстік-батысқа қарай 10-12 км жерде Мылтықбай мазары орналасқан. Мылтықбай мазарын да Жыға, Бисенғали, Хасен деген ұсталар салған. Мылтықбай Тоқа, оның ішінде Айтқұл аталығынан. Жапақ ата мазарының пішінімен қарайлас. Қазіргі кезде мазардың орны ғана бар.

Жайсаңбай ауылынан 25-30 км жерде, «Атығай» қыстағынан 4-5 км жерде Дәгір мазары орналасқан. Бұл жерлерді Дәгірдің ағасы Жүргеннің баласы, Темірбек Жүргеновтің әкесі Қара деген кісі жайлап отырған. Сарқасқа Өтебай Сұлтанұлы Жәрімбет бидің немересі Өленұлы Қуан асқан бай болған. Тек жылқысының өзі 5000-нан асыпты. Сол Қуанның кіші ұлы Дәгір мырза ел Арқаға жайлауға көшіп бара жатқан жолда, көктемде Қарақұмның «Шатырлы» деген жерінде кенеттен қайтыс болады. Байдың баласы Дәгір ержүрек, асыл киім киіп, алтын-күмістелген ер-тоқым салып су төгілмес сұлу жорға мініп жүретін сылқым сері жігіт болған екен. Ас, тойларға барғанда Дәгір бастаған топ жігіттер ханның нөкеріне ұқсап үлкен сұспен келетін еді дейді. Қуан бай баласы Дәгірді «Шатырлы» жайлауының бір биік төбесіне қойып, басына үй там тұрғызу үшін Түркістаннан ұста өзбектерді алдыртады. Ол ұсталар жердің құм екенін, кірпіш құюға келмейтіндігін, салынса да көп ұзамай құлап қалатынын айтады. Қуан бай қанша қаражат керек болса да, үй-тамды салындар дейді. Өзбек ұсталар көп ойланып, құм топырақты биенің сүтіне илеп, жылқының жал-құйрық қылымен араластырып, кірпіш басу керек деп ұйғарады. Осы айтылған пікірге Қуан бай келісіп, мың биені желіге байлаттырып, сауғызып, қыл араласқан топырақты сол сүтке илетіп, кірпіш құйдыртыпты. Өзбектер осы кірпіштен ұйтамды тұрғызады. Қуан бай бұл құрылысты бітіру үшін жүздеген жылқы мен қойлар жұмсайды. Келесі жылы Қуан бай Дәгірге осы жерде ас береді. Жиналған жұрт алдында Қуан бай: «Балам Дәгірдің еншісі ретінде үй-тамның басына 90 бас қысырақты 9 айғырымен байлап, матап қалдырамын. Өлсе, қасқыр жесе, жаны құдайдың жолына. Дәгірге тие берсін деп құран оқып адам алса да ықтияры», - деп жариялапты да 90 қысырақты 9 айғырымен байлап, матап қалдырып кетеді. Құмнан илеп салған үй-там бір жылдан кейін құлап қалады.

Жайсаңбай ауылынан 5 км жерде «Көксай» қыстағынан 1-2 км төбенің басында Қуанышбай мешіті орналасқан. Қуанышбай руы - Шөмекей, Тоқа тайпасы, Күнту аталығынан. Ол кісі де молда, діни сауатты болған. Мешітте бала оқытқан. Қазірде орны ғана бар. Қуанышбай атамның тұқымдары кешегі 1928 жылдары байларды тәркілеу кезінде жер аударылып кеткен. Қараөткелден Мұқан көліне қарай Дүйсенбі ахунның інісі Сәрекеннің мешітінің орны бар. Сәрекен ағасы Дүйсенбі ауырып жатқанда осы жерден келген екен. Исатайдың жазғы ордасы қазіргі Құйлыс ауылының шетінде биік төбенің басында. Осы жерде жаз жайлап, жылқы ұстап, бие сауып отырған. Жайсаңбай ауылынан 20 км жерде Мыңбай мешіті орналасқан. Мыңбай - діни сауатты, бала оқытқан адам. Негізінен сол кездегі діни сауаты бар адамдардың барлығы екі бөлмелі қыстауында бала оқытып тәрбиелеген. Тәуіп жерінде жеті мешіт болған деседі. Жеті мешітке осы аталған мешіттер де кіреді. Қазіргі кезде бізге белгілісі Дүйсенбі ахун мешіті, Исатай мешіті. Бұл мешіттердің салынғанына бір ғасырдан асты. Жайсаңбай ауылынан 9 км жерде биік төбенің басында Тоқа Сәмет батыр мазары бар, ол 1998-1999 жылдары салынған. Мазардың ішкі диаметрі 6,6 м., сыртқы диаметрі 22 м., биіктігі 9 м. Мазарды салуға

ұрпақтары қатысқан. Мазар негізінен Түркістандағы Жолбарыс ханның шешесінің кесенесінің үлгісімен салынған. Алты қырлы. 2000 жылы ұрпақтары келіп ас берген. Сәмет (1744-1839) өз заманында батыр, сөзге шешен, қамшыгер, әулие кісі болған. Елін, жерін жауларынан қорғаған 95 жасында қайтыс болған.

Сұңқарқия тауы (биіктігі 191,5 м) - тарихи мәні бар ауыл аумағындағы биік тау. Қозыкөш жерден көрінетін қазақ рухының асқар бір көрінісі сияқты, көркіне сүйінші сұрап тұрғандай көрінетін таудың аңыз тарихы былай деп сыр шертеді: бір алып құс Әлеке ханның мал басы, дәулетінің құты санаған боз биенің құлынын жылда көтеріп әкетіп, шыңның басына барып жейді екен. Ханның әлгі құсты тірілей қолға түсірсем деген арманы болады. Бір күні қазақ батыры Абатты шақырып алып, сынамақшы болады. «Егер сен мынау биік шыңның басындағы қыранды топшысынан атып, тірілей қолға түсірсең мен саған осы жерді беремін»-дейді. Абат батыр таудың басынан көтерілген қыранды дәлдеп атып түсіреді. Сонан бері бұл тау - Сұңқарқия деп аталады. Қосбүйрек тауы (биіктігі 158,8 м) - ертеректе бүтін тау болған деседі. Кешегі құбақалмақ заманында осы өлкені қалмақ ханы Әуірке билеген. Абат батыр қалмақтарға 10 мың қолмен аттанып, осы таудың үстімен жүріп өткен. Қалың аттың тұяғы бүтін тауды екіге бөліп жібереді. Қалмақтарды осы жорықта жеңіп, осы жерді азат етеді. Сонан бері тау алыстан қосбүйрек тәрізді көрінетіндіктен «Қосбүйрек тауы» деп аталған.

Жайсаңбай ауылдық округінің 1 773,0 га жері «Ырғыз-Торғай» табиғи мемлекеттік резерватының оңтүстік аймақтық бөлімнің қорғау аумағына енеді. Резерват - (латын тілінен аударғанда «reservatum - сақталған», «reservare - сақтау») бір немесе бірнеше түр тобын, сондай-ақ бүкіл табиғат кешенін ерекше қорғауға, дамытуға арналған территория дегенді білдіреді. Жергілікті тұрғындар ауызекі әңгімеде қорық деп атап кеткенімен бұл аумақтың ресми атауы – «Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерваты деп аталады. Алғашында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 29 қараша 1967 жылғы № 808 қаулысымен ұйымдастырылған. 1976 жылы Қазақстандағы екі дүниежүзілік маңызы бар сулы-батпақты өлкенің бірі болып саналып, Ырғыз-Торғай көлдер жүйесі Рамсар Конвенциясы тізіміне енгізіледі. 2011 жылы қыркүйекте Рамсар Конвенциясы тізіміне қайта тіркеледі. 2007 жылы Үкіметтің арнаулы қаулысымен қайта құрылған бұл табиғи резерваттың жалпы жер көлемі 763549 гектарды құрайды. Ол оңтүстігінде Қызылорда, шығысында Қарағанды, солтүстігінде Қостанай облыстарымен шектеседі. Жалпы табиғи резерваттың Ырғыз өңірінде құрылуының өзі табиғаттың биологиялық алуан түрлілігін сақтап қалу, қорғау және көбейту міндетінен туындаған. Сонымен қатар киіктердің Бетпақдала популяциясының қоныс аудару жолы мен лақтайтын, қоректенетін ортасы болғандықтан да резерваттың мәні ерекше болып отыр. Ырғыз, Торғай, Өлкейік өзендерінің бассейніндегі сексенге жуық өзен, көл жүйесі дүниежүзілік Рамсар конвенциясының тізіміне енгізілген сулы-батпақты алқап болып саналады. (Рамсар – 1971 жылы Иранда суда тіршілік ететін құстардың халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарын қорғауға алу мақсатында қабылданған конвенция, 1987 жылы Канадада оған толықтырулар мен өзгертулер енгізілді). Резерват аймағы көктемгі және күзгі мезгілдерде миллиондаған құстардың миграциялық жолы, тіршілік ету ортасына айналған.

«Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи резерваты аумағы негізінен шөлді және жартылай шөлді, сулы-батпақты болуымен ерекшеленеді. Бұл аймақтан құстардың 250 түрін (оның ішінде отыз екісі республикамыздың Қызыл кітабына енгізілген), сүтқоректілердің 42, бауырымен жорғалаушылардың 14, балықтардың 10, қосмекенділердің 4 түрін кездестіруге болады. «Ырғыз-Торғай» табиғи резерватын құрудағы негізгі мақсаттардың бірі - киік санын көбейту болып табылады. Резерват ашылған кезде 7 мыңға жуық киік болса, қазіргі кезде 45 мыңға жуық киік бар деп есептеледі. Резерват территориясы географиялық ерекшелігіне байланысты екі учаскеге бөлінген. Олар “Атан басы” және “Алакөл” жүйелері. Алакөл жүйесі — сулы-батпақты өлке. Бұл — құстардың нағыз шоғырланатын жері. Атан басы жүйесі — киіктердің мекені. Әсіресе, көктем мен күзде мұнда киіктен көз тұнатын көрінеді. Сондықтан осы мезгілдерде Атан

басы жүйесі туристерге қызмет көрсетуге әбден лайық. Туристер киіктердің өсіп, өнетін аймағын, шөл даланы, бұрынғы теңіздің табаны болған жерді көргісі келсе, осы — Атан басы жүйесіне баруға болады. Резерват шекарасына 7 шақырым сайын арнайы белгі қойылған. Онда “Ырғыз-Торғай” мемлекеттік табиғи резерваты ерекше қорғалатын аймақ. Кіруге тыйым салынған” деп жазылған. Торғай, Ырғыз, Өлкейік өзендерінің су экожүйесі қалыптастырған сулы-батпақты өлке - биологиялық алуантүрлілікті сақтаудың маңызды факторы болып табылады. Жылына 2-3 млн құс шығыс Сібірге, Батыс Европаға, оңтүстіктегі Үндістан мен Пәкістанға осы өлке арқылы ұшып өтеді, уақытша аялдайды, ұя салады. Табиғи резерват және қаумал аумағындағы құстар 16 отрядқа, 39 тұқымдасқа және 250 түрге бөлінеді. Олардың 32 түрі қазақстандық, 12 түрі Халықаралық Қызыл Кітап тізбесіне енгендер, 113 түрі ұя салатындар, 125 түрі ұшып өтетіндер. Қазіргі таңда Ырғыз-Торғай көлдер жүйесі маңызды орнитологиялық территориялар тізіміне және 8 көл Республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар қатарына енгізілген. Резерват аумағында қамыс, қоға, шеңгел, жыңғыл, жабайы тал, ажырық, жусан, шағыр, есекмия, жантақ, бидайық, алабұта, көкпек сияқты өсімдіктер өседі. Қоқиқаз - резерват аумағының қожайыны, ал бірқазан - мақтанышы болып есептеледі. Қоқиқаз кез-келген жерде кездесе бермейді, ол суды кешіп жүріп, балдыр жейді, ащы суды ұнатады, адамдардан көп үрке қоймайды, қып-қызыл әсем құс жанына кісі жақындаса, иіліп, сәнденіп, кербездік танытады. Бірқазан қара қаздармен топтасып, балық аулайды. Қанатын сабалап, балықты ортаға қарай үркітіп аулайтын қасиеті де таңғалдырады.

Ауыл тұрғындары белгілі жазушы Өтебай Қанахиннің өз ауылдарында туғанын мақтан етеді. Ауыл жанында Өтебай ағаның ата жұрты Қанаха төбесі дейтін жер бар. Өтебай Қанахин (1923-1990) – Ырғыз ауданы, Тәуіп ауылында (Жайсаңбай Тәуіп ауылының аумағында болған) дүниеге келген қазақ жазушысы. 1960 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Ол әдебиетке ХХ ғасырдың елуінші жылдары келді. 1953-1960 жылдары «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшының орынбасары, 1960 жылдан Қазақстан КП ОК-нің нұсқаушысы, мәдениет секторының меңгерушісі, 1963-1966 жылдары «Жазушы» баспасында бас редактор, 1966-1969 жылдары Қазақстан КП ОК-нің насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1969-1970 жылдары «Жалын» альманахының тұңғыш бас редакторы, «Мәдениет және тұрмыс» журналында бөлім меңгерушісі, 1975-1982 жылдары Қазақ КСР Мәдениет министрлігі репертуарлық редакциялық алқасының бас редакторы қызметтерін атқарды. Жазушы «Екі кездесу» (1947), «Ауыр күндер», «Мұрагер» (1958), «Көл жағасында» (1960), «Маздақ» (1964), «Тұңғыш махаббат» (1966), «Жас дәурен» (1966), «Жер басып жүрсем» (1968), «Дәмелі» (1962), «Жүрек қалауы» (1974), «Бақыт бәйшешегі» (1976), «Құдірет» (1979), «Қарт сарбаз хикаясы» (1986), «Ата қоныс» (1990), т.б. кітаптарының авторы. Ө.Қанахиннің «Ата қоныс» атты ел мен жер туралы шығармасы әңгіме-сұхбат түрінде жазылған. Осы шығармасында туған жері туралы «...шетсіз-шексіз жазық даланың өр кеудесі, осы өлкенің құзар биігі, бітімі желмаяның өркешіндей оқшау тау – еңселі Сұңқарқиям», «...өзіне жалғаса жатқан аласалау екінші тау – піл сауырлы «Қосбүйрегі», «...Сұңқарқия алыстан мұнарта түнеріп, алдыр-бұлдыр ғана көзге шалынады», - деген фразеологизмдердің кездесуі де Жайсаңбай табиғатының әсемдігін таныта түседі.

Қазіргі таңда Жайсаңбай ауылдық округінде 500-ден астам халық тұрады. 2008 жылы Жайсаңбай ауылдық округ болып қайта құрылды. Ауылда «Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты» бөлімшесі, «Жұлдыз балабақшасы», медпункт, белгілі жазушы Өтебай Қанахин атындағы орта мектеп, пошта байланыс бөлімшесі, Шалқар обаға қарсы күрес стансасының филиалы, ауылдық кітапхана халыққа қызмет етеді. Бірнеше жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен шаруа қожалықтары жұмыс жасайды.

1. Қанахин Ө. Ата қоныс. – Алматы: Жазушы, 1990.
2. «Құйылыс» тоқалар шежіресі Алматы «Арна» 2010.
3. «Ырғыз» энциклопедиясы «Дала» ЖШС 2010.
4. Санадағы сәулелер. Құламанбай Сәтеров Ақтөбе 2011.
5. Қазақстан тарихы 11-сынып М.Қойгелдиев, Ә.Төлеубаев Алматы «Мектеп» 2007.
6. Қазақстан тарихы 9-сынып. М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Қ.Жукешев Алматы 2013.
7. Ырғыз С.Оразымбетов. Алматы «Өлке» баспасы 1995.
8. <http://kk.wikipedia.org/wiki>

Тарихы терең Темір ауданы

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Ниетбаева Кабира Туремуратовна – оқытушы, педагогика магистрі

Автор: Шамилова Нұршашқан

«Темір» атауының шығу төркінін Алтын орда хандығын құлатқан Ақсақ Темір жорығымен байланыстыратын ауылдың көне көз қарияларының айтуы бойынша жорықтан келе жатырған Ақсақ Темір қатты шөлдеген сәтте темірден жасалған аса таяғын жерге қадаған кезінде су атқылай жөнеледі. Темір өзенінің бастауы және аудан атының бүгінге дейін аталуы, аққан өзеннің айналасына халықтың тұрғылықтануына байланысты деген болжам бар.

Сонымен бірге 2002 жылы тарих ғылымдарының докторы, профессор Р.А.Бекназаровтың басшылығымен ұйымдастырылған экспедициялық зерттеу жұмыстарында алғаш Темір өзенінің жанына қоныстанған ел-жұрт үйлерінің шатырын қаңылтырмен жапқан. Тарихи жазбаларға сүйенсек жорықтан келе жатқан әскерлер алыстан күнмен шағылысқан қаңылтырларды көргенде «Әне, темір! Әне, темір!» - деп, шулайтын болған. Сол себепті осы елді мекенге Темір атауы берілген деген жорамалдар да айтылады. Темір ауданы Ақтөбе облысының батысында орналасқан. Ауданның іргетасы 1869 жылы (бұл Ақтөбе қаласының іргетасы қаланған мерзімге де сәйкес келеді) қалана бастаған. Кейін бір жылдан соң Темір Орал губерниясы Темір уезінің орталығына айналады. Оның құрамына Қазыбек, Қарағанды, Ойыл-Қиыл, Қайыңды, Қалмаққырылған, Жем-Темір, Доңызтау-Ақтолқын, Қошқарата, т.б. жалпы саны 17 болыс кіреді. Бұл қазіргі Ақтөбе облысының үштен бірін алып жатқан алып аймақ еді. Ол қазіргі Мұғалжар, Темір, Ойыл, Байғанин аудандарының жерін және Қобда ауданының оңтүстігін қамтыған. Орталығы Темір өзенінің ағысындағы Темір бекінісі болған.

1922 жылы 27 шілдеде Орал губерниясындағы Ойыл ауданы тарап, болыстықтарының бір бөлігі Темір ауданына қосылды. 1923 жылы Ақтөбе губерниясының іріленуіне байланысты құрамында 14 болыстығы бар Темір уезі аталған. 1928 жылы 17 қаңтарда Ақтөбе округі енгізіліп, Темір уезінің болыстықтарынан Темір ауданы құрылады. 1930 жылы 17 желтоқсанда Темір ауданында Ақкемер ауданының бір бөлігі қосылып, аудан ірілендіріледі. 1935 жылы 29 желтоқсанда Темір ауданының солтүстік-шығыс бөлігінен Жұрын ауданы, 1940 жылы Темір ауданының оңтүстік бөлігінен Байғанин ауданы құрылады. 1962 жылы Темір, Байғанин аудандарының орталығы - Темір қаласы болған, Темір аумақтық-өндірістік басқармасы құрылған. 1964 жылы 31 желтоқсанда аумақтық-өндірістік басқарма жойылып бұрынғы аудан шекарасы мен атауы қайта беріледі. 1966 жылы Темір ауданы атауы Қандыағаш ауданы болып өзгертіледі. 1967 жылы Қандыағаш ауданы Октябрьск ауданы болып аталады. 1972 жылы наурызда Алға, Октябрьск, Байғанин аудандарының территориясынан орталығы Шұбарқұдық қала үлгісіндегі поселке болған Темір ауданы құрылады. Шын мәнінде Темір ауданының тарихы осы кезден басталады. Темір өңірінде XIX ғасырдың аяғы мен XX

ғасырдың басында халықты отырықшылыққа үйретіп, мешіт салып, медіресе ашып, бала оқыту үрдісі мықты қолға алынады. Темірде Орынбордың байы Мәжит мешіт салып, онда Ахмет халфе, Шұбарқұдықта Шилы бойында Досжан ишан, Бабатайда Жиеналы хазірет, Ақсайда Арызбағамбет, Қожасайда Молдағазы сияқты ишандар осындай игі істерімен елдің есінде сақталып қалған. XX ғасырдың бірінші жартысында Темірде педагогикалық және ауыл шаруашылығы техникумдары, медициналық училище, кейін алпысыншы жылдарда индустриялық-педагогикалық техникум ашылып, оларды бітіріп шыққан мамандар, облыс, республика көлемінде жемісті еңбек етіп келеді. Олардың кейбіреуі осы арнаулы оқу орындарынан алған білімдерін әрі қарай жетілдіріп, академик, ғылым докторлары, ғылым кандидаттары сияқты атақтарға ие болды.

Темір ауданының аумағынан өтетін атақты Жібек жолының бір тармағында Қарақамыс жәрмеңкесі орналасқан. Көктем мен күзде өздерінің қымбат бұйымдары мен азық - түліктерін өткізу үшін Ресей, Өзбекстанның Хиуа және басқа да елдерінен саудагерлер келген. Қарақамыс жәрмеңкесі тауар айналымы жөнінен Ресей империясы көлеміндегі алдыңғы қатарлы он жәрмеңкенің бірі екенін былай қойғанда, мәдени, өнер, спорттық сайыстық ойындарымен, әнші-жыраулардың ашылып, танылуымен де есте қалған деседі. XIX ғасырдың төртінші ширегінде ауруханасы, жоғары білімді дәрігері, екі кластық орыс-қазақ семинариясы, бай кітапханасы бар Темір XX ғасырдың бірінші жартысында Ақтөбе мұнайының отанына айналды. Жақсымай мен Шұбарқұдақта ең алғашқы мұнай алынып, Жақсымайда тұңғыш рет мұнай айыру зауыты іске қосылды. Осы жылдары Сайым Балмұханов, Ахмет, Құдайберген Жұбановтар, Сақтаған Бәйішев, Рабиға Сыздықова сияқты академиктер Темір топырағында дүниеге келіп, оқып, білім алып, үлкен ғылымға қадам басты. Облыстағы бір ауданның атын иеленіп отырған халық ақыны Нұрпейіс Байғанин, жазушы, сатирик-драматург Жиенғали Тілепбергенов, қоғам қайраткерлері Хамит Құтқожин, Сәлкен Дәуленов, ақын Боранғали Ырзабаев, Қазақстанның халық әртісі, биші Нұрсұлу Тапалова, қазақтан шыққан тұңғыш генерал Жансен Кереев, генерал-лейтенант Болат Жанасаев, генерал-майор Болат Шайманов ел мақтанышына айналды.

1937 жылы Ақтөбе облысындағы тұңғыш мұнай кен орны – Шұбарқұдық игеріле бастады. 1941 жылы Ақтөбе облысындағы Жақсымай кенорны пайдалануға берілді. 1966 жылы Ақтөбе облысындағы Кенкияқ кенорны игеріле бастады. Қазіргі Темір ауданы облыстың оңтүстігінде Ақтөбеден 179 км жерде орналасқан. Жер көлемі 12,6 мың км². Халқы 36107 /1999/, 1 км² жерге 9 адамнан келеді. 11 округке бөлінген, орталығы - Шұбарқұдық кенті. Ауданның соңғы жылдардағы әлеуметтік даму қарқыны, білім беру саласы дамып келеді. Бүгінде Темір ауданында 30-дан астам орта білім беретін мектеп, 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 2 балалар саз мектебі, бір көркемсурет мектебі, бір коррекциялық мектеп, Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжінің филиалы, 20-ға жуық балабақша жұмыс жасайды. Аудан экономикасын нығайту, оны орнықтыра түсу үшін жылдан-жылға шағын және орта бизнестің үлес салмағы да артып келеді. Бүгінде жалпы саны 1125-тей кәсіпкерлікпен шұғылданатын мекеме мен ұйымдарда төрт мыңға жуық адам еңбек етеді, бұл пайдалы жұмыспен қамтылғандардың 28 пайызын құрайды. Шағын және орта бизнесті қолдау, қорғау және оны әрі қарай дамыту бағытында ауданды тыңғылықты іс-шаралар жүзеге асырылуда. «Лукойл» компаниясы мен аудан әкімдігі арасында «Арай» әріптестік бағдарламасы жүзеге асырылған. Ауданның мәдени саласында да оң өзгерістер болуда. Типтік үлгідегі жеті клуб үйі, «Шапағат» іскер әйелдер клубы, балалар саз мектебінің жанынан құрылған «Ару ана - әжелер» ансамблі жұмыс жасайды. Темір ауданы энциклопедиясы, «Темір тарихы», «Тарихы терең Темір», «Темір ауданының жас таланттары» атты кітаптар, «Темірім — туған өлкем» жинағы баспадан шықты.

Темір ауданы Ақтөбе өңірінде тарихы тереңде жатқан, қойнауы қазбаға бай, төскейін төрт түлік мал жайлаған, халқы бірлікте өмір сүріп отырған киелі өлке. Темір жері «қазақ-қалмақ» соғысының куәсі болған, көктем мен күзде «Қарақамыс»

жәрменкесімен аты шығып, небір дүлділдердің басын қосқан жер. Сонау 1868 жылдан бастау алған Темір тарихы небір өтпелі заманды басынан өткерді. Бүгінгі күні барша еліміздің өңірлері секілді Темір ауданы да жылдан-жылға жаңару үстінде. Жаңа әлеуметтік нысандар бой көтерді, жаңа жұмыс орындары ашылды. 2010 жылы жыр дүлділі «Н.Байғаниннің 150 жылдығы», қазақтың тұңғыш генералы «Ж.Кереевтің 80 жылдығы» атап өтілді. 2012 жылы Темір ауданының қайта құрылғанына 40 жыл толу мерейтойы кең көлемде атап өтілді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.«Қазақстан Ұлттық энциклопедия» (1,2 том), ҚазақССР қысқаша энциклопедия (2-том), «Ақтөбе энциклопедия», 2001.,
- 2.Темір энциклопедиясы., Г.С.Султанғалиева "История Актюбинского уезда" (1869-1917). Ақтөбе, 2005.,

Ақтөбе болашақтың қаласы

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Ниембаева Кабира Туремуратовна – оқытушы, педагогика магистрі

Автор: Панарбек Айдана

Ақтөбе қаласы Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігінде, Елек өзеніне Жаксы Қарғалы, Жіңішке және Сазды салаларының құяр тұсында орналасқан. Қаланың іргетасы 1869 жылы 28 маусымда даланың жаңа ережесінің енгізілуіне байланысты Ақтөбе (Ақ Төбе) бекінісі ретінде пайда болған. Сол кезде жаңадан құрылған Торғай облысы 4 уезге бөлінеді: Ырғыз, Торғай, Елек (кейін Ақтөбе) және Николаев (кейін Қостанай). 1891 жылы Ақтөбе гарнизон бекінісі Торғай облысының Ақтөбе қаласына айналды. Қала құрылысының басталуы туралы Петербургтің «Биржевые ведомости» газетінде: «...Ақтөбе бекінісіне Елек өзенінің сол жағында Елек қорғанысынан 180 верст, Қарғалы өзені тамағындағы Ильинка станциясынан 170 верст, Орынбор - Қазалы керуен жолына жақын жер таңдап алынды... Құрылыс қазірдің өзінде басталып кетті, Елек уездік басқармасын күзге дейін көшіріп болу көзделуде», - деген хабарлама жазылған («Ақтөбе» энциклопедия, 2001.195 б).

Ақтөбе қаласының атауы Жайық өзенінің сол жақ құйылысы Елек өзенінің сол жақ жағалауында ақшыл төбе басына салынуына байланысты Ақтөбе аты қалыптасқан деген жорамал бар (Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясы, 2 том 67-68б). 1913-1914 жылдары «Актюбинский городкой вестник» журналының авторы В.И.Мощенский өзінің «Ақтөбе қаласының тарихи материалдары» атты очерктерінде: «...Ақтөбе мекенінде отряд орналасып, осы жердегі екі төбеде Ақтөбе бекінісінің негізі қаланды, сол екі төбенің бірінің ең биік жерінде (солтүстікке қарай) ақ тастардан қаланған мұсылмандардың ескі зираты болды. Мекеннің Ақтөбе деп аталу себебі осыдан, яғни ақ шың немесе ақ тау ... Зират орналасқан солтүстік төбедегі бекініс құрылысы кезінде бір алыптың сүйегі табылды. Басқарушы Қосуақов, сұлтан Арынғазиевтың және Т.Әлмұхамедовтың айтулары бойынша, бұл - тарихта белгілі батыр, хан Қарасайдың сүйегі ... Ақтөбе бекінісінің орны осы мақсатқа ыңғайлы еді. Табиғаттың өзі екі төбені жаратып, оның болашағын айқындады. Бір-бірінен ½ верстте орналасқан екі төбенің үйіндісі диаметрі шамамен 20 сажень терең ор болды. Осы екі ордың орталығында шұңқырлар болды. Ақтөбенің табиғаты өсімдікке мол живописті түрде еді», - деп жазған («Ақтөбе» энциклопедия, 2001. 195б). Бекіністің алғашқы бас жоспары 1874 жылы әзірленген. XX ғ. бас кезінде Ақтөбе арқылы Орынбор - Ташкент темір жолы өтті. Ол қала экономикасының дамуына жаңа серпін берген. 1932 жылғы 10 наурыздан бастап Ақтөбе қаласы Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы болды. 1918 жылы 8(21) қаңтарда қалада Кеңес өкіметі орнаған.

Азамат соғысы кезінде кеңестік Ақтөбе революция жауларына қарсы күрестің маңызды орталығына айналады. Қала тарихындағы айтулы оқиғалардың бірі – Ақтөбе майданы жылдары. Ақтөбе майданы алғашқыда 1918-1919 жылдары дутовшыларға қарсы құрылады, оның негізгі мақсаты жауды Түркістан өңіріне өткізбеу болған. Дала өлкесінің алғашқы төтенше комиссары Ә.Жангелдин бастаған интернационалдық отряд Орталықтан (1918 жылы 18 шілдеде Мәскеуден шыққан) Еділ өзені, Каспий теңізі және Маңғыстау арқылы майданға қару-жарақ жеткізуі тиіс болатын. Бұл революция күштерінің жеңіске жетуінің негізгі әрі шешуші факторларының бірі болған еді. 1919 жылдың көктемінде қаланы Колчак армиясының бір бөлігі қоршап алады. Сол кезде қайта құрылған Ақтөбе майданы жауға соққы бере отырып, Мұғалжар стансасы маңында Түркістан майданына (қолбасшысы М.В.Фрунзе) қосылады.

Ақтөбе қаласының көптеген көше атаулары Ұлы Отан соғысымен тығыз байланысты. Мысалы, Әлия Молдағұлова атындағы даңғыл, 312-атқыштар дивизиясы, т.с.с. Себебі, Ұлы Отан соғысы кезінде бұл аймақта 312-атқыштар дивизиясы, 101-ұлттық атқыштар бригадасы, теңізшілердің дербес атқыштар бригадасы, 129-миномет полкі және басқа да әскери бөлімдер мен бөлімшелер ұйымдастырылды. Соғыс жылдары Ақтөбеге Ресей, Беларусь, Украина, Молдова елдерінен көптеген халықтар қоныс аударған. Қаланың 29 тұрғыны бұрынғы Кеңес Одағының батыры атағына ие болған. Оның ішінде шығыс халықтарынан шыққан екі қаһарман қыздың бірі Әлия Молдағұлова да бар. 1920-1930 жылдары қалада паровоз және вагон депосы, механикалық зауыт, диірмен, элеватор, нан комбинаты, «Металист» артелі салынса, соғыстан кейінгі жылдары феррокорытпа және хром, рентген аппаратуралары, ауыл шаруашылық машиналарын (қой қырқатын электр аппараттары, трактордың қосалқы бөлшектері) шығаратын зауыты, тамақ және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары (ет комбинаты, қалалық сүт зауыты, элеватор, тоқыма, жиһаз және тігін фабрикалары) пайдалануға берілген.

Құрылыс базасы (кірпіш, темір-бетон бұйымдары, силикат-қабырға материалдары зауыттары, үй құрылысы комбинаты, т.б.) құрылған. 1946 жылы іргесі қаланған «Ақтөбекұрылыс» тресі (қазіргі «Ақтөбекұрылыс» жобалау-құрылыс фирмасы) ірі құрылыс ұйымы болды. Ақтөбеде алғашқы оқу орны – екі кластық орыс-қазақ училищесі 1884 ж. ашылды. 1896 ж. Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен қазақ қыздары үшін әйелдер училищесі жұмыс жасаған.

1999 жылғы 11 наурызда ҚР-сы Президентінің Жарлығымен «Актюбинск» Ақтөбе деп атала бастады. Бұл «Ақтөбе» деген ұғымды білдіреді. Ақтөбе қаласы кеңестік дәуірде де және қазіргі тәуелсіз Қазақстан кезінде де еліміздің ірі өнеркәсіп және мәдени орталықтарының біріне айналды және дамып келеді. Ақтөбе қаласының әкімшілік аумағы 2,3 мың км² (2001 жылғы 1 қаңтар) құрайды. Халқының саны 300 мыңнан асады. Оған қала аумағындағы бес селолық округ (Благодар, Қарғалы, Қурайлы, Новый, Сазды) кіреді. Қала солтүстік-батыс жағында Ақтөбе облысының Мәртөк, солтүстік - шығыста Қарғалы, шығысында Хромтау, оңтүстігінде және оңтүстік - батысында Алға аудандарымен шектеседі. Қала ертеректе Құрмыш, Татар слободасы, Отарвановка деген шағын аудандарға бөлінсе, қазіргі кезде қалаға қоныстанушылардың артуына байланысты шағын аудандардың саны мен көлемі де (5, 8, 11, 12 және т.б. шағын аудандар.) артып келеді. Қаланың алғашқы көшелері Гарнизонный, Крепостный, Оренбургский, Елек, Георгиевский деп аталған. Қазіргі Ақтөбе қаласының басты көшелерінің бірі Әбілқайыр хан даңғылы (ескі атауы Ленин даңғылы), Есет батыр көшесі (бұрынғы Киров көшесі), Ә.Молдағұлова даңғылы, 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, Шернияз көшесі, Ағайынды Жұбановтар көшесі, Пацаев көшесі және т.б.

Қалада Феррокорытпа зауыты, Хром қосындылары зауыты, рентген жабдықтары зауыты, халықаралық стандартқа сай Қобыланды батыр атындағы орталық стадион, әкімшілік және жеке меншік мекемелер, ескерткіштер, конфессионалдық келісімнің нышаны іспетті «Нұрғасыр» облыстық мешіті мен Әулие Николь православ шіркеуі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, М.Оспанов атындағы

медицина академиясы, Т.Бегельдинов атындағы жоғары әскери авиациялық институт, колледждер, Назарбаев интеллектуалды мектебі, 70-ке жуық жалпы білім беретін мектептер, мектепке дейінгі ұйымдар, Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театры, Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармония, "Алақай" қуыршақ театры, "Екі езу" әзіл-сықақ театры, "Әлия гүлі" би ансамблі бар. Қазақ жеріндегі жұлдызды аспанның кереметтілігін дәріптейтін алғашқы планетарий де 1967 жылы Ақтөбе қаласында ашылған. Ақтөбе планетарийі жұлдызды аспанның кереметтілігін дәріптейтін ғаламат астрономиялық орталық. Оның негізгі бөлмесі - жұлдызды бөлме. Оның ортасында «Цейс» маркалы «Планетарий» аппараты қондырылған. Осы аппараттың көмегімен жасанды күмбезден жұлдыздар әлемін көруге болады. Табиғаттың тамаша құбылыстарын Күн мен Айдың тұтылуын, поляр шұғыласын, метеорлық жаңбырлар, Күннің шығуы мен батуын тамашалауға болады. Сонымен қатар жұлдызды бөлмеде астрономия, ғарыш, табиғаттану бойынша қызықты дәрістер оқылады. Планетарий фойесінде көрермендер «Күн жүйесі», «Марс планетасы» және «Еліміздің ғарышкерлері», астрономиялық бұрышпен таныса алады. Бүгінгі таңда планетарий оқушылар мен студенттерге арналған ғылыми танымал бағдарламалар, телескоппен бақылау жұмыстарын, базадан тыс шаралар, көрмелер, конкурстар, конференциялар өткізеді, мұғалімдер мен оқушыларға әдістемелік көмектер көрсетеді.

Ақтөбенің ең алғаш елтаңбасы (авторы: С. Т. Симонов) 1968 жылдың 18 қараша күні бекітілді. 20 жыл өткен соң, 1988 жылдың 24 желтоқсан күні халық депутаттарының қалалық Кеңесі суретші М. Ф. Луцинның жобасы бойынша жаңа елтаңбаны қабылдады. 1998 жылы Ақтөбе қаласының 130 жылдық мерейтойының қарсаңында қала әкімшілігі жаңа елтаңбаға сайыс жариялады. Ғалымдар, архитекторлар және БАҚ өкілдері құрамына кірген әділ қазылар 50 конкурстық жұмыстың арасынан үздік деп ақтөбелік суретші, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Сағынтай Әлімбетовтың эскизін таңдады. Елтаңба ресми түрде 1998 жылдың 24 шілде күні қалалық мәслихаттың 23-ші сессиясында қабылданды. Ақтөбе елтаңбасы мәңгіліктің нышаны болып саналатын дөңгелек пішінінде жасалған. Қала атауы тазалық пен қасиеттілікті білдіретін ақ түспен жазылған, көк түсті ою-өрнек табиғаттағы судың мәңгілік қозғалысын, қызыл түсті ою-өрнектер қызғалдақтарды білдіреді (қызғалдақ — Ақтөбенің бейресми символы). Елтаңбаның нақ ортасында бүркіт басты, арыстан денелі, арқасында қанаты бар мақұлық - грифон бейнеленген.

Қала Елек өзеніне Қарғалы өзені құйып, аңғары 15 км дейін ұлғаятын жерінде орналасқан. Қаланың орталығымен Електің сол жақ саласы Сазды өзені, солтүстік-батысымен Електің тағы бір саласы- Жіңішке өзені ағып өтеді. Қаланың оңтүстік жағында Тамды өзенінің төменгі бөліктері орналасқан. Бұл өзен судың деңгейі төмендейтін кездері өзен аңғарында бірнеше қара су құрайды. Солтүстіктегі Заречный ауданының шетінде Песчанка өзені ағып өтеді, оның ар жағында Қарғалы селосы орналасқан. Кірпішті ауданының батысымен Қарғалының оң жақ саласы Бұтақ өзені ағып өтеді. Қаладан оңтүстік-шығысқа қарай 10 км қашықтықта қала тұрғындарымен «Ақтөбе теңізі» деп аталып кеткен 1988 жылы іске қосылған, сыйымдылығы 245 млн м³ болатын Ақтөбе су қоймасы орналасқан. Оңтүстік-батысқа қарай 8 км қашықтықта қала тұрғындарының дәстүрлі демалыс орнына айналған Сазды су қоймасы орналасқан (1967 жылы тұрғызылған). Солтүстік-шығысқа қарай 60 км қашықтықта қала маңындағы ең үлкен қолдан жасалған суайдын - сыйымдылығы 280 млн м³ тең Қарғалы су қоймасы орналасқан (1975 жылы тұрғызылған).

2010 жылдың ақпан-мамыр айларында Орыс география қоғамының экспедициясы Еуропа мен Азияның шекарасын Мұғалжар тауларымен, Каспий маңы ойпатының шетімен, Шығыс Еуропа жазақтығы аяқталып, Үстірттің батыс кертпештері өтетін жермен (яғни қазіргі кезде қабылданған шекарадан оңтүстікке қарай біршама алшақтықта) жүргізу керек деген тұжырымға келді. Алайда әлі күнге дейін Орыс география қоғамы ғалымдарының пікірі Халықаралық географиялық одақтың талдауынан өткен жоқ.

Осылайша Ақтөбе облысының батыс бөлігі Еуропада орналасқан. Ақтөбе қаласы Қазақстанның Еуропалық бөлігінің қиыр шығысында орналасқан деген кең таралған пікір қате, өйткені Ақтөбеден шығысқа қарай Қазақстанның Еуропалық бөлігінде Алға, Жем, Қандыағаш, Хромтау, Ембі секілді басқа да қалалар орналасқан. Қала Еуразия құрлығының ішкі бөлігінде, мұхиттардан едәуір алшақтықта орналасқан, осының кесірінен қала климаты шұғыл континенталды болып келеді. Ауа райының шұғыл континенталдығы күн мен түн, қыс пен жаз арасындағы температураның кереғарлығында, Күн радиациясы мен құрғақшылықта көрініс табады. Қыс мезгілінде қаланың ауа райы Испания үстіндегі терең циклон (испандық минимум) мен Моңғолия үстіндегі қуатты азиялық антициклонның әсерінде болады. Бұның кесірінен солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған үлкен бар градиенттері пайда болады. Ақтөбедегі жиынтық Күн радиациясы тәулігіне 108 ккал-ға тең, Күн сәулесі көлемінің орташа жылдық көрсеткіші — 2316 сағат. Жазы ұзақ әрі ыстық. Жылына бес ай бойы күндізгі орташа температура 20 °С асып түседі. Қысы қоңыр салқын, жылымықтар болуы мүмкін. Ең қалың қар жамылғысы қараша айында байқалады (31 см). Ашық, бұлтты және жауын-шашынды күндердің жылдық саны — 174, 148 және 43. Орташа жылдық бұлттылық коэффициенті 5,7 баллға тең. Атмосфералық жауын-шашын ең көп түсетін ай — маусым (35 мм), ең аз түсетін ай — қыркүйек (19 мм).

- Орташа жылдық температура — +5,3 °С
- Орташа жылдық жел жылдамдығы — 2,4 м/с
- Орташа жылдық ауа ылғалдылығы — 68 %

Ақтөбе қаласының экологиялық жағдайы нашар саналады. Қала аумағындағы ауа құрамында азот диоксиді мен формальдегидтің шамадан тыс мөлшері байқалған, ал хром қоспалары, феррокорытпа зауыттары, Ақтөбе ТЭЦ секілді өнеркәсіп мекемелері мен Кірпішті ауылының аймағында көрсеткіштер нормадан үш есе асып түскен. 2013 жылы санитарлы-эпидемиологиялық бақылау қала ауасын азот диоксиді, күкірт диоксиді, күкіртесутек және тағы да басқа заттарға тексергеннен кейін ауаны басты ластайтын себеп қаланың кәріз жүйесі екені анықталды. Ауаның ластануына 2013 жылы саны 178 мыңға жеткен автокөліктер де өз үлесін қосады. Көп уақыт бойы қала маңымен ағып өтетін Елек өзені Алға химиялық зауытынан бор қалдықтарымен және Ақтөбе хром қосындылары зауытынан алты валентті хром қалдықтарымен ластанды, бұл өз кезегінде Жайық өзені мен Каспий теңізінің ластануына әкеп соқтырады. Сонымен қатар «Ақбұлақ» акционерлік қоғамы әкімшілік шараларға қарамастан Елек өзеніне жылына 10 млн м³ тазартылмаған ағын су ағызады.

Халқының ұлттық құрамы сан алуан. Қазақтардың үлестік құрамы — 68,72 %. Біршама орыстар (19,58 %), сонымен қатар украиндар (5,69 %), татарлар (2,21 %), немістер (0,92 %), белорустар (0,35 %), корейлер (0,34 %), молдавандар (0,26 %), әзірбайжандар (0,23 %), шешендер (0,20 %), өзбектер (0,15 %), болгарлар (0,14 %), башқұрттар (0,14 %), армяндар (0,12 %) және халықтар тұрады. (2010 жылдың 1 Қазаны бойынша). [20] Қала әкімшілігіне 367 220 саны бар Ақтөбе қаласынан басқан тағы да 5 селолық округтер кіреді. (Благодарный, Қарғалы, Құрайлы, Новый, Сазды) [21]) жалпы алғанда 22 ауданға ие, сол аудандардағы адам саны 48 368 адам (2012 жылдың 1 Қаңтары бойынша). Қала әкімшілігіне тәуелді территорияда барлығы 415 588 халық тұрады. Қазіргі уақытта халық саны бойынша Ақтөбе облысында бірінші орын алады және Қазақстандығы бесінші қала болып келеді (Алматы, Астана, Шымкент және Қарағандыдан кейінгі). Халық санының жылдам өсуіне байланысты үкімет қаланың әлеуметтік-экономикалық даму жобасын әзірледі. Ақтөбе қаласының миллион халқы бар мәртебесін алу үшін бағытталған бас жобасын ретке келтіру жұмыстары жүріп жатыр. [22]. Проектты жүзеге асыру 2011 жыл мен 2040 жыл аралығына есептеліп отыр. Қаланың белгілі тұлғалары:

- Әбілқайыр хан - Кіші жүз ханы
- Әйтеке би - Кіші жүз биі, Әйтеке би ауданы
- Мөңке би - қазақтың ұлы биі

- Қазанғап Тілепбергенұлы - қазақтың ұлы музыканты, күйшісі.
- Көтібар батыр - қазақ батыры, Сүйінғар батырдың баласы
- Есет Көтібарұлы - қазақтың ұлы батыры, Әбілқайыр батыры, Қокан ханға қарсы шыққан
- Қобыланды батыр - қазақ ұлы батыры, Әбілқайыр батыры, Қобда ауданы, арғы аталары Торғай өзенінің бойында тұрған
- Шығанақ Берсиев - Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тары, бидай өсіруден рекордшы,
- Нұрпейіс Байғанин - қазақ күйшісі, қазақтың халық ақыны
- Ахмет Жұбанов - музыкант, дирижер, халық әртісі
- Құдайберген Жұбанов - Алғашқы қазақ тіл зерттеушісі, филолог
- Ғазиза Жұбанова - Белгілі композитор, Кеңес Одағының Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Ғазиза Ахметқызы Жұбанова 1927жылдың 2 желтоқсанында заманымыздың заңғар композиторы, академик Жұбанов Ахмет Қуанұлының отбасында дүниеге келді- Мәскеуде білім алды.
- Әлия Молдағұлова - Екінші дүниежүзілік соғысының батыры, снайпер, ефрейтор.
- Марат Оспанов - саясат қайраткері, ҚР Парламентінің спикері болған
- Пацаев Виктор - ұшқыш, космонавт, Кеңес Одағының батыры
- Ксенофонтова Елена - ресейдің театр және кино әртісі
- Лидия Каденова - қазақ және КСРО әртісі
- Жанар Айжанова - қазақ эстрадасының әншісі
- Ғалиб Жапаров - бокстан әлем чемпионы
- Аслан Мусин - Қазақстан Республикасының мемлекеттік және саяси қайраткері. Қазақстан Республикасының бюджетті бақылау туралы есеп комитетінің төрағасы.
- Қажығали Мұхаммедқалиұлы-белгілі жазушы
- Марат Тәжин - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы.
- Әбидолла Үмбетжанұлы Биекенов 1911 жылы Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы № 19 ауылда дүние келген.Соғыстан кейін 1946 жылы Қазақ ҚСР Жоғарғы Сотының төрағасы болып тағайындалып, 35 жасында қайтыс болады.
- Серік Нокин - ҚР Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жөніндегі агенттігінің төрағасы.
- Әбиев Марат Жақсылықұлы — қазақстандық кәсіпкер, «Қазақстандық арман» кітабының авторы, ең жас миллионер болып табылады, Forbes Kazakhstan журналының бағалауы бойынша, 2013 жылы қарашадағы Әбиев Мараттың дәулеті 11 млн АҚШ долларына бағаланған.
- Бүгінгі Ақтөбе — өнеркәсібі, кәсіпкерлік және қаржылық құрылымдары, құрылысы, оның ішінде тұрғын үй құрылысы дамыған, сондай-ақ қолайлы коммуникациялары бар қазіргі заманға сай қала.
- Облыс орталығында әлеуметтік сала дамыған, білім беру мекемелері, оның ішінде жоғарғы оқу орындары желісі, мәдени-спорттық өмірі өркендеген.
- Ақтөбе қаласында 2008 жылы Бауырым фильмі түсіріліп, үлкен экранда көрсетілді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.«Қазақстан Ұлттық энциклопедия» (1,2 том), ҚазақССР қысқаша энциклопедия (2-том),
- 2.«Ақтөбе энциклопедия», 2001., Г.С.Султанғалиева "История Актюбинского уезда" (1869-1917). Ақтөбе, 2005.

Бершүгір – менің ауылым

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Ниетбаева Кабира Түремуратовна – оқытушы, педагогика

магистрі
Автор: Қойшықараева Ақсезім

Мұғалжар тауы - Орал тауының табиғи оңтүстік жалғасы, Ақтөбе облысы аумағында орналасқан. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 400 км-ге созылып жатыр. Ені 200 км-дей. Орташа биіктігі 300 м., ең биік жері – Үлкен Боқтыбай тауы (657 м). Үлкен Боқтыбай тауының Үлкен деп аталуының себебі, Үлкен Боқтыбай тауының іргесінде, одан сәл ғана аласа, Кіші немесе Бала Боқтыбай тауының орналасуы. Таулардың бұлай аталуы - ел аузында осы жерді мекендеген, елін, жерін сырт елдің шапқыншыларынан қорғаған Боқтыбай батыр мен оның ер жүрек баласына қатысты. Кейбір географиялық деректер мен ертеректе шыққан географиялық карталарда Үлкен Боқтыбай тауы Біршоғыр тауы деп белгіленіп келді. Дұрыс атауы - Үлкен Боқтыбай. Үлкен Боқтыбай тек Ақтөбе облысының ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның батысындағы ең үлкен шың. Үлкен Боқтыбай тауы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Біршоғыр стансасының батыс жағында орналасқан.

Біршоғыр стансасы - Шалқар ауданының қиыр солтүстігінде орналасқан ең ірі елді мекен. Біршоғыр селолық округінің орталығы. Біршоғыр ауылы ел аузында Бершүгір деп аталып келеді. Бұлай екі түрлі аталуының деректері бар. Аңыздарға сүйенетін болсақ, біріншісінде ауылдың атауы осы жерді ертеректе мекендеген Бершүгір деген адам атынан шыққан дейді. Бершүгір атты адамның болғанын ауылдың көне көз қариялары да растайды. Бершүгір ХІХ ғасырда өмір сүрген. Би болған. Мұғалжар тауының қазіргі Бершүгір аулы төңірегінде өмір сүрген. («Ақтөбе» газеті 05.11.2014ж. №134-135. «Біршоғыр ма, Бершүгір ме?» атты Бердібай Кемал мақаласында: «... Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі №7 «Қазақстан Республикасы темір жол станцияларын, темір жол пункттері мен бекеттерін қайта атау туралы» Қаулысымен Ақтөбе тасымалдау темір жол желісіне қарасты 42 станса мен бекеттердің атаулары нақтыланған. Яғни бұрын темір жол бойындағы орыс тілінде жазылып келген атаулар қазақшаға аударылады. Сол Қаулымен бұрын Берчогур деп аталып келген стансаға тарихи жағына мән берместен, Біршоғыр деп ат береді. Жергілікті халықпен ақылдасып шешпестен, сұрамастан «Бер-ді» «Бір-ге», «Чогур-ды» «Шоғыр-ға» айналдырып жібереді. Мұндай бұрмалауға шыдамаған жергілікті тұрғындар жиын өткізіп, ақсақалдар бас болып, 2005 жылы 10 наурызда Ақтөбе тасымалдау бөлімшесінің сол кездегі бастығы Бәріхан Беркімбаевқа Ашық хат жазады, ежелгі атын қайтаруды сұрайды», - дей келе, мақала соңында: «...Сонымен Бершүгір деген бидің өткені рас. Көнекөз шалдардың айтуынша, Бершүгір 1810-1890 жылдары өмір сүрген. Біршоғырдың Бершүгір екеніне ешкім күмән келтірмес. Елді мекен атауларын қазақшалау кезінде қателік кеткен болар. Енді оны дұрыстаудың реті келіп тұрғандай. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы №45 Қаулысымен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасының» 3.2 тармағына сәйкес елді мекен атауларын қайта өзгерту он жылдан кейін ғана жүргізіледі. Демек, тарихи атау Бершүгірді қайтару уақыты да алыс емес. Енді тек жергілікті ономастикалық комиссиялар тұрғындар өтінішіне оң көзбен қараса, көмегін тигізсе болғаны», - деп қорытындыланады). Бұл жөнінде Бершүгірдің бүгінгі ұрпағы, Ембі қаласында тұратын Бәйкен атай әңгімелеп берген. Қарияның айтуы бойынша Бершүгір ата-тектен былай тарайды екен. Әлімнің Шектісінің Тілеу, Қабақ аталықтарының Тілеуінен Құлтума, Жалтума туады. Құлтума аз тарағандықтан бөлінбеген. Бүгінгі ұрпақтар да өздерін Құлтумамын дейді де қояды екен. Бергі жағын айтпайды. Сол Құлтумадан Мұрат туады. Мұраттан тоғыз бала өрбиді. Сол тоғыздың бірі Олжастан екі бала - Бершүгір мен Көтік туған. Бершүгірден Әлібек, Әлібектен Есейбек, Талысбек және Дастанбек дүниеге келеді. Есейбектен осы әңгімені айтып берген Бәйкен мен Ерқан тарайды. Бәйкен ақсақал заманында Бершүгір бидің ықпалы зор болғанын айтады.

Темір жол тартылған кезде патша өкіметі бекетке Бершүгірдің атын береді. Оның да өзіндік себептері бар. 1850-1860 жылдары Киев көпесі Николай Федорович Глушенко дегеннің сүйікті баласы туберкулезбен науқастанады. Баласын Францияға апарып емдетеді. Дәрігерлер баланың құлан-таза жазылып кетуі үшін ауасы құрғақ, қысы қатаңдау жерде емді әрі қарай жалғастыруды айтады. Көпес баласына жайлы өлке табу ниетімен Петроградтағы ғылыми-географиялық академияға барып, ақыл-кеңес сұрайды. Сонда ғалымдар ең қолайлы жер ретінде Мұғалжар тауының шығыс беткейіндегі Боктыбай тауының іргесінде құрметті Бершүгір бидің имениесі бар екенін айтып, сонда баруына кеңес береді. Келген Киев көпесін Бершүгір би жақсы қабылдап, жағдаят жасайды. Жас баланы қымызбен емдеп, жазылып кетуіне себеп болады. Көпес баласын қайта дәрігерлік тексеруден өткізуге Францияға апарғанда, ондағы дәрігерлер баланың құлан-таза айығып кеткеніне таң қалып, қызығушылық білдіреді. Көпес баласының жазылғанына қуанып, Киевтегі бар байлығын сатып, өз қаражатына және Бершүгір бидің қолдауымен (ет, сүт, қымыз дегендей), шамамен 1860 жылы санаторийдің іргесін қалайды, құрылыс жүргізеді. Жыл санап емделушілер де көбейеді. Бершүгір би, Шыманның Мырзағұлы, Тотан бай және басқа би-болыстар осы санаторийдің қалыптасуына көп еңбек сіңіреді. Санаторийдің өте бай кітапханасы және үлкен асханасы 1965-66 жылдары өртеніп кеткен. Ұзақ жылдар бойы сақталып келген деректі тарихи жазбалар да өрт кезінде жоқ болған («Ақтөбе» газеті 05.11.2014ж. №134-135. «Біршоғыр ма, Бершүгір ме?» мақаласы). Сол кезде шағындап салынған екі-үш адамдық ағаш үйшіктер кейін туберкулез санатория палаталарына айналған. 1924-1930 жылдары бұл санатория кеңес үкіметі теміржол қызметкерлері мен жұмысшыларын өкпе ауруынан емдейтін мекемеге айналады. Қажетті дәрі-дәрмектер мен дәрігер мамандар Мәскеу, Ленинград қалаларынан келіп қызмет көрсеткен. Қосымша шаруашылықта бау-бақша егіп, жылқы ұстаған. Соған байланысты Біршоғыр маңында «Бақшалы сай» деген сайдың аты және «Жылқы ауыл» деген ауыл орны бар. Санатория тек жазғы маусымда жұмыс жасап, 150-200 адамға дейін қабылдап ем көрсеткен. Санатория 1959 жылы Қазақ ССР-нің денсаулық сақтау департаментіне қарайды. 1983 жылы санаторияға қысқы корпус салынып, қысы-жазы емдеу жұмыстары жүргізіле бастады. Қазіргі кезде қыс айларында 40-50, жаз айларында 450-500 адам ем қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі №7 «Қазақстан Республикасы темір жол станцияларын, темір жол пункттері мен бекеттерін қайта атау туралы» Қаулысымен Ақтөбе тасымалдау темір жол желісіне қарасты 42 станса мен бекеттердің атаулары нақтыланған. Яғни бұрын темір жол бойындағы орыс тілінде жазылып келген атаулар қазақшаға аударылады. Сол Қаулымен бұрын Берчогур деп аталып келген стансаға тарихи жағына мән берместен, Біршоғыр деп аталып кеткен. Қазақтың жер-су, елді мекен аттарының бәрінің де тарихы бар. Біршоғыр деген дұрыс емес, дұрысы - Бершүкір. Айтылу ыңғайына қарай Бершүгір болып кеткен. Ол - адамның аты. «Бергеніңе шүкір» деген мағынаны білдіреді. Бершүкір еліне сыйлы адам болған көрінеді, тегін адам болмаған. Сол Бершүкір аулының жанында Бершүкір бұлағы бар. Сол жерде үй, қора-қопсы салынған. Бұны білетін қазақ Біршоғыр деп айтпайды. Бершүгірдің белгілі адам болғанын Батақтың Сарысы айтқан өлең жолдарынан да байқауға болады: Ауылдан шыға қондым Бершүкірге, Төрт шаршы текеметін жайды төрге. Сол үйде айтқан сөзін шешеміздің, Бермеймін Оразалы, Кәдір биге. Мұндағы Оразалы, Кәдір би — сол жерде тұрған атакты адамдар. Батақтың Сарысы осал жерге соға ма? береді («Ақтөбе» газеті 05.11.2014ж. №134-135. «Біршоғыр ма, Бершүгір ме?» мақаласы). Ал, екінші нұсқасы - Біршоғыр. Біршоғыр атауының шығуы - бұл таулардың өз алдына біршоғыр болып жеке шоғырланып тұруынан және тау аңғарларында жеке-жеке шоғырланып өскен жеке тоғайларға байланысты деп түсіндіріледі. Қазіргі Біршоғыр деп аталатын ауыл жұмыс орындарының көптігімен, суы мөлдір бұлақтарымен және таудың таза ауымен ерекшеленеді. Жалпы экологиялық шараларды сақтаса, әлі де ең көрікті жер болып қала бермек. Біршоғыр маңайы пайдалы қазбаларға әсіресе құрылыс материалдарына өте бай.

Бұрын бұл жерде Біршоғыр тас көмір шахтасы жұмыс жасаған. Бұл шахтадан өндірілген тас көмір Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің көптеген аудандарын көмірмен қамтамасыз еткен. Көмір негізінен шахталық әдіспен өндірілген. Көмірінің сапасы мен қорының аздығына байланысты Біршоғыр шахтасы 1956 жылы жабылған. Біршоғыр зонасы мыс кенді өңірге жатады. Біршоғыр стансасында және маңайында №7 темір жол аралығы дистанциясы, Бершүгір қиыршық тас зауыты, «Тау-Кен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрамындағы Алабас зауыты, «Жаңа тас –Ақтөбе» ЖШС-нің ұйымдастыруымен құрылған тас ұнтау зауыттары жұмыс жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.«Қазақстан Ұлттық энциклопедия» (1,2 том),
- 2.ҚазақССР қысқаша энциклопедия (2-том), «Ақтөбе энциклопедия», 2001.,
- 3."Шалқар 140 жасқа толды" // «Ақтөбе» : газета. – 01.04.2010.,
- 4.Г.С.Султанғалиева "История Актюбинского уезда" (1869-1917). – Ақтобе, 2005. – 264б.

Ырғыз ауданының топонимдері

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Еспенбетова Айнагул Мейрамбекқызы – т.ғ.к., аға оқытушы

Автор: Тоқабай Ә. – тарих мамандығының студенті

Ырғыз ауданының топонимдері әрбір атау-тарихтың табы сінген нысаналы белгісі. Мұндай ұлттық және рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу бүгінгі күн талабынан туындап отыр.Кез-келген аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына көптеген тарихи деректерді,этнографиялық мәләметтерді,географиялық сыр-сыйпаттарды сақтап отырды.Топонимдегі деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан, олар арнайы сұрыпталған лексикалық қабаттардан тұрады.Көне дәуір куәсі болып табылатын аймақ топонимдері халықтың этнографиялық,қоғамдық,әлеуметік жай-күйіне,өткендегі өмір тіршілігінен әр қилы мәлімет береді.Мұның өзі топонимдерді зерттеудің өте күрделі құбылыс екендігігн,ол істе белгілі бір ғылыми әдіспен ғана мақсат –мұратқа жету мүмкін еместігін көрсетеді. Демек,тілдік құбылыстың табиғатын тек оның тілдік заңдылықтарына сүйеніп ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші этностың дүниетанымына,салт-дәстүріне,ұлттық менталитетіне де байланысты айқындауға болады.Сондықтан белгілі бір аймақтың топонимиясын ерттеуді қолға алмас бұрын сол жердің тарихына,саяси-әлеуметтік жағдайына және оны мекендеуші халық өмірінің этникалық мәдени тарихына ,ерекше көңіл бөлу керек.

Облыстағы әрбір топоним белгілі бір мағынаға,алуан түрлі құбылысқа ие,семантикасы жағынан жекке объектілерді айтатын жалқы есімдердің ерекше тобына тән.Әрбір географиялық атау тарихи,әрі оның өрісі де кең.Олар замана құбылысына,өзгерісіне қарай әр түрлі мағұлматқа,түрлі соғыстар,халықтың әдет-ғұрып,салт-сана, халықтардың қарым-қатынасына және т.б тарихи оқиғаларға бай.Топонимдер құрамына енетін апеллятивтер объектінің табиғи ерекшеліктерін айқын көрсетеді.Сонымен қатар этноним мен анротопонимдерден жасалған топонимдердің де құрамы мол.Бұл топтағы атаулар осы өңірдің этногенезінен толық хабар береді.Олардың кейбіреулері ұзақ уақыт қолдану нәтижесінде көнеленіп,географиялық атау ретінде қойылу себептері ескіріп,ұмыт болған.Кез-келген аймақтың топонимикалқ жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы көрнекті орын алады.Ауыз су мен мал суаруға қажетті су қорының тапшылығы гидрографиялық терминологияның күшті жіктелуіне себепші болды.

Ырғыз жері гидрографиялық атауларға өте бай,бірақ топонимикалақ тұрғыдан аз зертелуіне байланысты бұл сала кенжелеп қалуда.Ырғыз-ауданның және аудан

орталығының атауы.Атау өзенге байланысты қойылған.Ырғыз өзені Әйтеке би,Ырғыз аудандары жеріндегі өзен.Ұзындығы 593 шақырым.Мұғалжар тауларынан бастау алып,Торғай өзенімен қосала,Шалқар теңізіне құяды. Ырғыз гидронимі жөнінде топонимистер тарапынан (Э.Мурзаев,Ә.Әбдірахманов,Е.Қойшыбаев) проблемалық топоним деген пікір қалыптастырған.Ал түркі тіліне тән деректер бойынша Ресейдің Хакас автономиялық облысында бір өзен Иргу Уыс деп аталады.Иргу-ескі,Уыс-өзен деген мағынаны білдірген.Монғол тілінде де осындай атаулар кездесеі.Ал жергілікті аңыз желісіне негізделген Ырғыз- атауы –«Үр қыз» немесе «Ер қыз» сөздеріне балама ретінде қарастырылады.

Нұра-селолық округ және елді-мекен атауы. Атау Нұра тауына байланысты қойылған.Нұра- нұрлы,өлкелі деген мағынаны білдіреді.Сонымен қатар моңғол тілінде де «нуур»-өзен,ал қалмақша «нурх»-«опырылып құлап түсу» мағынасында, «нұра»-«тік жар, құлама жар» деген ұғым береді. «Нұра» сөзі көбіне өзенмен оның тасыған кезінде арна жағасын құлатуы,бұзуы.Осы әрекеттер нәтижесінде пайда болатын өзен жағасындағы жермен байланыстыруға болады.

«Тәуіп» -Ырғыз жеріндегі селолық округ атауы.Ертеректе осы өңірде Тәуіп деген үлкен ақсақалды кісі тұрғанСол уақытта жолаушылар «қайдан келесін? Қайда барасың? деген сұраққа» «Тәуіптен келеміз, Тәуіпке барамыз» деп жауап береді екен.Содан елді-мекен «Тәуіп» атанған.Ырғыз жерінің тағы бір табиғатының кереметі-Жаманшың метеориттік кратерін атамай кету мүмкін емес.Ғалымдардың болжамы бойынша 700 мың жыл бұрын осы Жаманшыңға алып метеорит түскен.Нәтижесінде тереңдігі 700 м, диаметрі 5,5 км-ге созылатын қазаншұңқұр пайда болған.Жарылыс температурасының мыңдаған градусқа жетуі, бұл жерде импактит(жаманшит), тектит (иргизит) породаларыныңпайда болуына әкелген.

Ал «Жаманшың» - атауы шыңның айналасындағы шөп өскіндерінің жұтандығына байланысты қалыптасқан. Ырғыз өлкесінде Ырғыз,Торғай, Нұра өзендерінен басқа Өлкейек,Қарақай,Телқара деген өзендер ағады. Өлкейек-ол Жантай,Толыбай өзендерінің қосылған сағасынан бастап,Нұра бойындағы Қызылкөлге құйатын,арнасы 349 шақырымға созылатын, су шығатын алқабы 3600 км-ден 3,5 км-ге жетеді.Оның этимологиясына көз жүгіртсек,Ә.Нұрмағанбетұлының :Кейбір автор бұл атауды «Өлкейек» түрінде жазып,бірнеше буынды қазақша «өлік» деп танып,екіншісін фин-угор тіліндегі «өйек» өзен,яғни «жаман өзен»деген мағына берген.Ал В.В.Радловтың сөздігіне сүйенсек қазақ тіліне тән «өлгі»-«тау өзені»,екіншісі -«улгә» - «қамыс өскен өзен» деген түсінік бере отырып, өзеннің орналасуы мен сұлбасы осы мағынаға саяды.

Телқара өзені - Ырғыз,Торғай өзендерін бір-бірімен қосып жатқан өзен.Ұзындығы 90 км.Телқара атауының шығу тарихына келетін болсақ,оның Торғай өзені мен Ырғыз өзенінің арасындағы су тасу кезіндегі тасымалдау қасиетіне байланысты қойылған.Сабын көл- ол Ырғыз өлкесінде орналасқан ғажайып көлдердің бірі.Сабынкөлдің айдыны 118 гектар,көлденеңі 0,8 км,тереңдігі 1,2 м.Түбі аққайраң.Көлдің Сабын аталуының себебі-оның оңтүстік жартысында қалың жалпақ қоға өседі де,қалған солтүстік батыс бөлігі ашық айдынды.Жалпақ қоға сабағынан минералдық заттар бөлініп шығады да,көлдің ашық бетінен соққан жел оны сапырып араластырып,сабындатып жатады.Көлге жуынуға келген ел сабынды пайдаланбайды.

Ырғыз жеріндегі мәдени ескерткіштер: «Мәні әулие қорымы»-Ырғыз ауданының Шеңбертал елді-мекенінен 90 шақырым жерде оқшау жатқан төбе.Бұл-ескі Мұғалжар тауының сілемдерінің жалғасы, шөгіп кеткен таудың бір тұсы.Төбені Темірастау деп атайды.Тасқорымдары биік төбеде орналасқанына қарамастан арнайы бармаса бірден көзге түспейді.Ел аузындағы деректерге қарағанда ,Мәні әулие тарихы жоңғар-қазақ тарихымен сабақтас.Қалмақ тұтқынындағы қазақтың бір батырымен қашып шыққан қалмақ қызды әкесі қуып жетіп қайтара алмайды.Әкесіне қарамай кеткен қыз жігітпен бірге Ырғыз өзенінің жағасына келіп дамылдайды.Төбенің етегіндегі суға шомылып алып,бәйтеректің түбіне келіп тыныстанған қызды жылан шағып өлтірген. «Қалмақтың

қарғысы жаман деген рас екен, мен саған жоқпын, мені осы жерге жерле. Бірақ ешқашан атымды атаушы болма» - деп көз жұмған қызды осы жерге қалдырған батыр әрі қарай жалғыз кеткен. Бір аңызда ол-әйгілі Жәнібек батыр, қыздың есімі – Ақбілек дейді. Оқиға XVIII ғасырдың ортасы не соңына келіңкірейді. Осы төбенің екі жағында да өзен ағып жатыр. Бұл далалықтағы Шетырғыз өзенінің Ырғыз өзенімен тоғысатын тұсы.

«Бөгенбай шоқысы» Ырғыз селосының оңтүстік батысында орналасқан. XVIII ғасырдың атақты батырларының бірі Бөгенбай батыр жаугершілік кезінде осы шоқының басында жасақшы қарауылын ұстап, жаудың жағдайынан хабардар болып отырған. Осыған байланысты «Бөгенбай шоқысы» деп аталған. Аталған өңір топонимдерінің шығу, пайда болу, қойылуында жергілікті халықтың тарихы мен ғасырлар бойғы тірлік-тынысы, әдет-ғұрып, салт-санасы ана тілімен тығыз бірлікте дамыған. Ондай атаулар көптеген ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тарихи жалғасын тауып келеді. Мұның бәрі түрлі тілдік қабаттан тұратын, шығуы, пайда болуы жағынан әр түрлі дәуірлерге тән топонимдерді бойында берік сақтап отырған. Олардың ішінде басты негізгі топонимдер ана тіліміздің негізінде жасалған атаулар. Дегенмен көршілес кейбір шалғай жатқан елдермен арадағы тарихи – әлеуметтік діни қатынастар барысында пайда болған басқа тілдік топонимдерде жоқ емес. Жер-су атауларын жинау, олардың шығу, пайда болу себебін анықтау әрбір атаудың мән-мағынасын ашу, әсіресе жастардың туған өлкеге деген ыстық ынта, патриоттық сезімін күшейтпек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каймулдинова К. «Қазақ топонимдерінің» этно-экологиялық негіздері. Оқу құралы. Алматы 2001. «Ғылым» баспа орталығы-25 бет
2. «Ақтөбе» энциклопедиясы. Ақтөбе: Отандастар-Полиграфия
3. Атаулар төркіні. Ақтөбе газеті 16 қыркүйек. 1999 ж.
4. Нұрмағанбетұлы Ә. «Жер-судың аты-Тарихтың хаты». - Алматы, 1994
5. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе қаласы. 2007. 59-607

Ойылым менің - ойдағы елім

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Тукешева Айжан Мулдиковна – аға оқытушы
Автор: Тілегенов Нұрболат – тарих мамандығының студенті*

Ойыл өзенінің алқабы ежелден-ақ халықтың көп қоныстанған сүйікті мекені. Сонау Асанқайғы, Қазтуған заманында бұл алқап хан ордасы орнауға лайықты жер деп аталады. Қазақтың көне дүниедегі данышпандары Ойыл өресін мақтаудай-ақ мақтаған. Бұл өлкеде өзен де, көл де, орман да, жазық дала мен құм шағылдар да бар екендігі мәлім. Ол заманда осынау қалың жыныс ішінде түрлі жабайы аңдар жосып жүрген. Құлан мен киік, қасқыр мен қарсақ, доңыз бен қаракұйрық, бұғы мен бұлан. Тағы да түрлі ірілі-ұсақты өзен-жағасы жануарлары өрген. Суларында балықтың не бір бағалы түрлері ойнақ салған. қырларында дуадақ пен безгелдек, шіл мен құр сияқты құс түрлері жайылған. Бұл өлкеде соншама бір қатты қыстарда болмаса, аяқты мал теуіп жайылуымен шыққандықтан, мал жұтамаған, қайта қалың жыныс арасында төлдеп көбейген, марқайып семірген. Соның нәтижесінде бұл жерді жайлаған, қыстаған ата-бабаларымыз шылқыған бай болған. Ойыл атырабының осындай қадір-қасиетін таныған ақын-жыраулар оны ән мен жырға арқау еткен. «Ойыл қайда, Жем қайда, Сағыз қайда?» деп, осы аумақты қоныстанған халық сағыныш, сүйіспеншілікпен еске түсірген. Алыста жүрсе, күрсіне әнге қосқан. Көз алдарына сол ән-жыр арқылы туған жердің көркем суретін елестеткен. Орта ғасырда жасаған кемеңгер Асанқайғы Ойылдың қасиетін шалқыта жырлайды. Бұл жердің Хан ордасы орнауға лайық екенін айтады. «...Ойыл деген ойынды, Отын тапсаң тойынды,

Ойыл көздің жасы еді, Ойылда кеңес қылмадың, Ойылдан елді көшірдің» – деп, оның астанасы болуға лайықты жерге тұрақтамауын жаман ырымға жориды. Батыстан мысық табандап жылжып келе жатқан отаршыл орыс жоянының ызғарын ерте сезінген жырау түбінде қазақ халқы батыстан келетін албастыдан азап шегеді-ау деп қамығады («Бес ғасыр жырлайды», Алматы «Жазушы», 1984). Ақтөбе облысының арғы-бергі тарихында ең шежірелі ел ордаларының бірі ретінде Ойыл өңірін ерекше атасақ, батыс өлкесінің тарихнамасына қиянат болмас деп ойлаймыз. Өйткені Ойыл жөніндегі ең әрідегі жазба деректерге көз салар болсақ, оны б.з. 950-1000-шы жылдарына тұстас деп есептеуге тура келеді. Осылайша тарихын кеңге жайған Ойыл өңірі жайында, КСРО және Қазақстан тарихи беттерінен нақтырақ байқай аламыз. Қазір Ойыл - аудан орталығы, облысымыздың батысында орналасқан, Ойыл өзенінің оң жақ жағасы, Ақтөбеден - 270 шақырымда орын тепкен. Сондықтан Ойыл елді-мекенінің атауы жайында айтып кеткен жөн болар.

Ойыл өңірі немесе ауданы осы аттас өзенге байланысты қойылған. Бұл көне түрік ұғымы бойынша «екі сөзден қалыптасқан» деу қисынға келеді. Ой және Ыыл сөзінің бірігуі арқылы ұғымын берген. «Ой» - деген сөз ылди екені өзінен-өзі түсінікті. Көне дәуірдегі ежелдегі түріклер өзен-суды «йыл» деп те айтқан. Мысал үшін, қазіргі Елек өзені «Йыл, иек» деген екі сөзден қалыптасқан. Сол сияқты «Қиыл» да «Құй» және «Йыл» сөзінің қоспасынан жасалып тұр. Оңтүстіктегі Іленің әу бастағы аталуы Йыл Ие болуға керек. Яғни, иесі бар су, өзен деген мағынада. Ал Елек болса, жақын маңдағы өзен, яғни иек астындағы су, өзен дегенді меңзегендей. Ойылдың тағы бір атауы бар, яғни жылына екі рет Батыс Қазақстан аймағына ортақ Көкжар жәрмеңкесі өткізіліп тұрған. Сол кезде салған сауда үйлері әлі бар және әліде іске жарамды. Сол себептен Ойыл жерін, жергілікті халықтан басқасы да, тарихымызда Көкжар елді мекені деп те атап жатады орыс құжаттары. Дегенмен бұл атау бермен қарай жаңа заман кезеңіне жатады. Жергілікті халықтың айтуы бойынша Ойыл қыр бойында орналасқан "Ойдағы" "Ел" деген атаудың қосылуынан берген ұғым деп келтіреді. Бұған келтіретін мысал Ойыл селосының батысында алыстан мұнаратып көрінетін биік төбе бар, ол төбе Қарауылтөбе деп аталады. Тағыда көнекөздер дерегі бойынша қорғанның орны деседі. Ерте дүниеден талай сырды ішіне бүккен тарихи орын. Жиырмамыншы ғасырдың басында оның ертедегі шағын бекініс болғаны секілді. Елге жау шапқан кезде алыстан көрінгендіктен Қарауылтөбе деп атанғанға ұқсайды. Әр ауыл-аймақтың атауында тарихи мән-мағына бар, ал қазірдің өзінде жасы мен қариясы туған жері жайында "Ойылым менің - ойдағы елім", - деп патриоттық сезіммен әндетеді.

Тарихын кеңге жайған Ойыл өңірі жайында КСРО және Қазақстан тарихы беттерінен нақтырақ байқай аламыз. Сонымен Ойыл аймағында сыры ашылмаған құнды жәдігерлер мен тарихи орындар жеткілікті. Көне Көкжардың іргесінде терең сайлар да бар, сол сайлардың атауы Сегізсай деп аталады. Атау бұл сайдың басы тарам-тарам, жыр-жықпыл, кішігірім сай-салалардан басталуына орай, сонымен бірге қалашық тұсында аса терең, шаппа жер болуына орай да қойылған сияқты. Ойыл ауданына барар жолда Ақкемер ауылына жақын жердегі төбеде жерленген Ботагөз батырдың кесенесіне ат басын тіресек. Ботагөз — Тама Есет батырдың қызы, белгілі Әжібай бидің келіні. Оның ерлігі жайындағы аңыз әңгімені білмейтін адам аз деуге болады. Тарихтағы деректер былай дейді: 1749 жылы Барақ сұлтанның қолынан Әбілқайыр хан қаза табады. Оның орнына таққа баласы Нұралыны отырғызу рәсіміне Әжібай би елдің бас көтерер азаматтарын ертіп, Орынборға аттанып кетеді. Соны пайдаланып, Еділ қалмақтары қорғансыз шалшауқан, бала-шаға, қатын-қалаштары қалған бейбіт ауылға шабады. Елді қанға бөктіріп, бүкіл малды барымталап кетеді. Мұндай содырлы сойқанды естіген Есет Көкіұлының қызы Ботагөз аз уақытта өз руының жігіттерін «Келбатыр» түтөбеге жиналуға үндеп, жауға тойтарыс беруді ұйымдастырады. 150-дей сарбазды бастап барып, оқыста Ойыл өзені бойында қамсыз жатқан қалмақтарға аш бөрідей тиіп, қанға қан, жанға жан алып, кек қайтарады. Сол жерде жауын тұтқындап алып келіп, тартып алынған мал-мүлікті еліне қайтарады. Кейін Ботагөздің бұлақ көзін ашқаны жайында да әңгімелер бар. Батыр қыз

ауыр науқастан қайтыс болады. Еліміздің аяулы қайраткері Кеңес Нокин қозғау салып, бұл тапсырманы көпке белгілі азамат Игілік Сағиев міндетіне алып, 2005 жылы Ботагөздің басына ел-жұрттың күшімен келісті кесене тұрғызылды.

Ойыл ауданына қарасты Қаратал елді мекен бар, Қаратал деп аталу себебі құм көшкінін тоқтату мақсатымен 1873, 1899, 1907, 1913 жылдары тал отырғызылған. Бұл аймақ Орта Азия құмдарына тән өскінің қиыр солтүстігіндегі сирек көрінісі. Бүгінде мұнда қарағайлы қалың орман пайда болып шықты. Қаратал деп аталу сол себептен болып отыр. Қаратал елді мекеннен 30 шақырым жерде орын алған тарихи орын бар. Яғни қыраттағы төбешіктер. Бұл төбешіктердің жер атауы Қырықоба. Барқын құмына қарсы бағытқа орналасқан. Жергілікті аңыз бойынша бұл жерде ерте ғасырларда қалмақ қалашығы болған. Обалар үйіндісінің ара қашықтығы сақталған, көше тәртібіне де келеді. Обалардың қабақта тұруы жаугершілік заманындағы қарауыл қарау, алыс-жақынды шолуға ыңғайлы. Қазір обалардың 30 шақтысы сақталған. Қалғанын «Ойыл-Қаратал» тас жолын салу үстінде қиыршық қызыл құм алу үшін жол салушылармен жойылған. «Қырықоба» тарихын зерттеу алдағы күннің еншісінде. Дегенмен қазба жұмыстары 2010 ж. жазында обл. тарих, этнография және археология орталығы қызметкерлеріне Құмсай төңірегіндегі қорғандарды зерттеу тапсырылды. Ойыл ауданының Қырықоба маңының қазба жұмыстары осылай басталды. Жергілікті ауыл адамдарының айтуы бойынша Қырықоба атауы да, көп қорғанды көмбені білдіреді екен. Археологтар үш қорғандағы көмбеден салт-дәстүрге байланысты адам сүйектері, жануар сүйектерімен қоса тағы басқа заттарды тапқан. Табылған заттарға байланысты жерленгендер шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 5-4 ғасырларға келеді. Сол елді мекеннің ақсақалдары қазба жұмысына қарсы болған, өйткені бұл біздің тарихи орнымыз, ата-баба жері келешек ұрпаққа тарихи орын болып қала берсін десе керек.

Жері шұрайлы, табиғаты қолайлы Ойыл жерінде Қазмағамбет хазрет қорымы бар. Қызылқорған-Қуырдақты бойын, Жақсыбай деп аталатын өзеннің Лай, Құлшығай аталатын салаларын жайлаған. Сол Лайдың етегіне мешіт салдырып, қазақ жерінде кеңес үкіметі орнағанға дейін мешіт ұстаған. Меккеге қажылыққа барған. «Ақтөбелік қажылар» деп аталатын кітапта Ойыл ауд. бойынша қажылыққа барғандардың қосымша тізімі бар. Онда қайтыс болған жылы 1917 деп көрсетілген. Деректер бойынша Қ. хазірет кеңес үкіметі орнағаннан кейін дүниеден өткен. («Ақтөбелік қажылар» Ақтөбе, 2002 ж. А-Полиграфия баспасы). Сол себепті бұл атау Қазмағамбет хазірет деп аталып кеткен. Қ. Лайдың Қабағындағы қорымға жерленген. Басында тоқсаныншы жылдары тұрғызылған түнемейлік үй тұратын-ды. Оны 2009 кәсіпкер Нұрлан Жұмағалиев жаңартып, қайта салдырды. Елді мекеннен оқшау жатқандықтан басында шырақшы бола бермейді. Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ақтөбе тарихындағы тарихи, қазба байлығы мен табиғаты мол өлкелердің бірі деген пікір көп болмаса, аз емес. Бұған сонау "Қазтуған" толғауының өлең шумақтары дәлел: Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз, Қайран саланың жатқан аңғары-ай, Ақ шалмалы пірлердің Мешітке жаққан шамдары-ай! Осы күнге дейін тарихи ауыл аймағы, жер атаулары, табылған заттары мен кесенелері белгілі бір дәрежеде зерттеліп, өткен күннің көзі болып отыр. Десек те зерттелмегені әлі қаншама. Тарихымызды білу, зерттеу арқылы болашағымызды болжауға мүмкіндік аламыз деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақтөбе облыстық тарихи өлкетану музейі Ойыл аудандық Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихи музейі Қобда ауданының мұрағаты Ойыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі «Ақтөбе облысының энциклопедиясы», 2001 ж
2. «Батыс Қазақстан тарихы», 2-томдық, 2006 ж
3. «Ойыл жәрмеңкесі». Б.Құрманбеков, 2008 ж
4. «Ойыл тарих пен тағылым мекені», Ақтөбе, 2001 ж
5. «ОЙЫЛ» ЭНЦЕКЛОПЕДИЯСЫ. Ақтөбе, 2010, 337 бет

Хромтау өлкесінің тарихи ескерткіштері мен олардың атауының тарихы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Еспенбетова Айнагул Мейрамбекқызы – т.ғ.к., аға оқытушы

Автор: Аманғали Нұрбақыт – тарих мамандығының студенті

Кіндік қаның тамып, туып - өскен мекеніңді, табаның тиіп тұрған топырақты бәрінен артық көруге хақылысың. Туған жердің бір түйір тасы жаттың ат басындай алтынынан қымбат емес пе?! Дулығалы ата - бабаларымыз кең даласын, асқар тауын, сарқырап аққан көк өзенін қорғап, мақтан еткен, бізге мұраға қалдырған. Қазіргі тарихи шақта, тәуелсіздік кеңістігінде күндей жарқырап отаншылдық рух пен туған жерге деген махаббат сәуле шашып тұруы керек. Әр қазақстандық өз елінің картасына көз салып, байтақ өлкесін, туған жерін мақтан тұтуға тиісті.

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да, тіпті, балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан - ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала, туған ауыл.

Өлке тарихы - ел тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Еліміздің тарихын тереңнен тану үшін туған жер тарихы, оның атаулары, топономикасы, тұлғалары туралы оқып білу де маңызды саналады.

Ақтөбе өңірі Хромтау елді мекенінің тарихы да қазына мен тарихи ескерткіштерге толы қойнау болып табылады. Осыған орай зерттеуіміздің *мақсаты* - Хромтау ауданына қарасты елді мекендердің тарихы және тарихи ескерткіштері туралы зерттеу.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

-Хромтау ауданының тарихына қысқаша шолу, елді мекендердің аталуы тарихын қарастыру;

-Ор бойындағы елді мекендер атаулары туралы мәлімет беру;

-Хромтау ауданындағы тарихи ескерткіштер тарихына сараптама жасау.

Бұл өңірдің ерекше тарихы бар. Бұрынғы уақыттарда әр қилы уездердің, беріректе басқаша басқару құрылымының құрамында болып келген Хромтау ауданы 1935 жылы өз алдында шекарасын белгілеп, дербес отау тікті. Жер аумағы 12,9 мың квадрат шақырым. Тұрғыны 42,0 мың адам (2006ж.). Аудандағы 38 елді-мекен, 1 қалалық және 12 ауылдық округке біріктірілген. Орталығы–Хромтау қаласы. Аудан жері Мұғалжар тауының қырқалы-төбелі солтүстік-батыс бөлігін қамтиды. Батысы мен орталық тұсы көтеріңкі дөңес келген. Ең биік жері - 487м. Шығысы мен оңтүстік-шығысы сай-жырлармен тілімделген жазық. Бұл жағы Торғай үстіртінің біраз бөлігін алып жатыр. Аласа келген Никельтау (432 м.), Бақай (436 м.), Шұқыртау (462 м.), Бәйментау (456 м.), Әулиемола (320 м.), т.б. таулары бар. Жер қойнауынан хромит, никель, мыс, мырыш, таскөмір, құрылыс материалдары барланған. Аудан жерімен Жақсы, Қарғалы, Ор, Қызылқайың, Ойсылқара, Ақтасты, Дүбір, Сармырза, Қарабұтақ, Тамды, т.б. өзендер ағады. Ор, Жақсы, Қарғалы өзендерінде шағын бөгендер салынған. Өзендері түгелдей дерлік Жайық және Елек өзендерінің саласы саналады [1.126.].

Әлеуметтік-мәдени салада жалпы білім беретін 38 мектеп, 1 кәсіптік-техникалық мектеп, 3 балабақша, кеншілер мәдениет үйі, мешіт, стадион, 32 мәдениет мекемесі, ауданы. мекемелер, аурухана, 29 фельдшафт-акушерлік пункт, “Мұғалжар” демалыс базасы, 5 тарихи-археологиялық және табиғат ескерткіштері бар. Аудан жерімен респубикалық маңызы бар Атырау — Қандыағаш — Алтынсарин — Жітіқара — Қостанай т. ж., Орал — Ақтөбе — Хромтау — Қостанай автомобил жолы өтеді.

Ауданда елді мекендердің ежелгі атаулары былайша қайтарылды: Новоторицк — Тассай, Средне-Орск — Көктау, Кредиковка — Аққұдық, Сусановка — Оңғар, Новороссийск — Ақжар, Донское — Дөң, Магаджановск — Табантал, Просторное — Жазық, Молодежная — Тамды [2.906.]. Жергілікті өлкетанушы Рысжан Ілиясовамен

сұхбаттасып, Хромтау жерінің аумағынан көктей өтіп жатқан Ор өзенін бойлай отырып біздің дәуірімізге дейінгі өркениеттен қалған іздерге тоқталдым. Ордың сұсты да, алып кара тастармен қаланған жарқабақты, кей жерінде жап-жазыққа айналған мыңдаған шақырымды кең алқабы алғашқы адамдардың қоныстарына толы екен. Алғашқы (бәлкім, одан да бұрынғы) адамдар қолымен тұрғызылған құрылыстар тас ғасырынан да ертеректе жерде саналы тіршілік иелері болған-ау деген ойды басымызға еріксіз үйірді. Құпияға толы көне дәуірдің құндылықтары көмілген Ор бойын еркін аралаған кезде мына көріністерге куә болдық.

Алғашқы адамдар тұрақтары

Хромтау ауданының Көктау елді мекені. Хромтаудан Бөгетсай елді мекеніне жетіп, әрі қарай жазық кара жолға түсіп, Ор бойын жағалай 80 км қашықтықта Көктау елді-мекені орналасқан. 250 отбасы тұратын табиғаты жайлы шағын ауылдың оңаша тіршілігіне сызат түсіпті. Себебі, бұл жерде мыстың мол қоры ашылып, ресейлік мыс компаниясы қожайындық құқығына ие болған. Көктаудың түбінен комбинат тұрғызылып, кен шығаруды бастап кеткен. Атауы ресейлік болғанымен, қожайындары Англияда, Машкевич-Шодиев тобының жеке меншігі.

Өзен бойын жағалай ауылға дейін 20 шақырымда 100-ге тарта обалар жатыр. Бұл – көне дәуір адамдары қоныс еткен жеркепелер орны. Жартылай жертөленің іргесін тау тасынан өріп, төбесін шөп, бұтақпен жапқан. Біздің заманымызға дейінгі осы өлкедегі ерте қола дәуірі адамдары тұрағының орны мына шұңқырлар. Үңгірлерді өзен жағасындағы жертөлелерге алмастырған алғашқы адамдар қола дәуірінде мал шаруашылығымен шұғылдана бастағаны тарихтан белгілі. Тасты бұтақтың осы беткейінің топырағы жұмсақ, жайылымға қолайлы болғандай. Арғы беті тау-тас. 1954-55 жылдары Ленинградтан археолог Сорокин осы өңірге келіп алғашқы адамдар қонысын зерттеп, қола дәуірінің жәдігерлерін алып кеткен. Сорокин осы жерден 25 шақырым Түймебай деп аталатын жерге барып қазба жұмыстарын жүргізді, бір-біріне жақын орналасқан 10-15 жертөле бар. Ол 20 метр жертөлелерді тастақ жерден қазған. Оба тонаушыларды ежелгі қола дәуірі аса қызықтыра да қоймаған. Себебі, бұл дәуірдің обалары жұтаң, адам сүйегі өртеліп салынған қыш құмыралардан басқа ештеңе табыла қоймас. Алтын-күміспен көмілетін өркениетке олар әлі жеткен жоқ еді.

Алыптас қолтаңбасы



Көктау мен Сынтас арасы – 20 шақырым. Жақындағанда, биіктігі 2 метрден асатын, ені 60 сантиметрге жететін қолдан қашағандай болып тіке тұрған екі ақтасты көрдік. Сынтас – осы! Неге екені белгісіз, ойыма тап осы арада ғалымдар құпиясын әлі аша алмай жатқан Англиядағы Стоунхеджеске түсті. Еуразия даласында осындай тастар жиі-жиі ұшырасады. Мынау сары даладағы айрықша белгі. Қос сынтастың жанындағы серіктері – уақыттан жеңілген шағын тастар құлап жатыр. Бірнеше миллиондаған жылдар бойы уақытпен айқасқа түскен биік қос тас қана әзірше сыр білдірмейді. Айдалада бірін-бірі жалғызсыратпай серік болып тұр.


Ор өзенінің кәрі жарқабағындағы тастардай қызыл, не кара емес, бірыңғай ақтастар. Геометриялық дәлдікпен мінсіз кесілген. Құлаған тастардың шетінен адам қолымен тесілген ойықтарды көрдік. Ежелгі адамдар тастарды бір-біріне байланыстырып кигізген тәрізді. Тастар шеңберлей қоршалдыма, әлде бірінің соңынан бірі тізілдіме?! Осы арада мұндай құрылыстарды алғашқы адам қалай және не үшін жасады деген екі сұрақ туады. Тып-тығыз бірнеше тонналық тасты бірдей етіп әзірлеу үшін ежелгі адам әрі тау көтеретіндей алып, әрі арифметика мен геометрияға жүйрік болуы керек. Сонда тас ғасыры адамының қолында қандай технология болды? Бұл тіршілік үңгірден шығып, жер-дүниені енді ғана тани бастаған адамның қарекетіне ұқсамайды.

Аңыз бойына бір-біріне ғашық қыз бен жігіт елден қашып кетіп, әке-шеше қарғысына ұшырап, тас боп қатып қалған. Бірінен-бірі ажырағысыз тұрған екі ақтастан үш-төрт қадам кейін жатқан кіші тасар қыз әкесінің тас болып қалған шабармандары деседі [3,78б.].

Құпиясын ішіне мұқият жасырған, қырлы-қырлы етіп бірдей қашалған тәкаппар екі ақ тас аңыз желісіне келіспейді. Қос сынтас біздің табиғатымыз басқа деп осы жердің құмды топырағына сіңісе алмай, өгейленіп тұр. Мүмкін, абыздардың құрбандық шалып, тәубе ететін орныма?! Әлде ежелгі өркениеттің Күннің айналымын зерттейтін ғылыми орталығыма?! Даланың стоунхенджі!

Тұрғызылуында бір мән бар. Табиғатында үлкен сыр бар. Қазақтың елсіз даласында қаншама стоунхендждің туыстары толып жатыр екен?!

Тастағы таңба.



Жергілікті жұрт Қарабаз атандырған, бірақ негізгі атауы Қарашың деп аталатын шағын ауыл қос сынтастан бірнеше шақырымдық жерде. Қарашың десе қара шың. Ауылдың батыс шетінен өтетін Ор өзенінің тік жарқабағына қарап, ауылды Қарашың атандырған [4.117б.].

Қарашың – бүгінде тіршілігі жұқалау көп ауылдың бірі.

Ауылдың оңтүстік бетіне қарай бір шақырымдай өткенде, қос сынтастағыдай ақ, бірақ кішірек көлемдегі айнала қоршалған кейінгі қола дәуірінің обалары сақталған. Одан әріректе исламға дейінгі өркениеттің ескерткіштері тізіліп тұр.

Жергілікті жұрт Ор өзеніне бір топ қызбен бірге шомылуға келген келіншекті жайын балық су түбіне тартып кеткені жөнінде аңыз айтады. Бұл – Қарашыңнан бірер шақырымдағы Келіншектөбе құзына қатысты аңыз. Келіншектөбе де Ор өзенінің жағасында. Келіншектөбеге қатысты екінші бір аңыздың желісі жазалаушы отрядтың қорлығына көнбейміз деп құздан бірінен соң бірі секірген қазақ ауылдарының келіндері жөнінде. Бұл жер төңкеріске дейін асан тайпаларының қонысы болған. Бұл жерде жазалаушы отряд деп отырғаны патша заманындағы орыс әскері болар. Соңғысы аңыздан гөрі болған оқиғаға жақынырақ. Осы жерге таяу Бөгетсай ауылының маңайында Көмбетас атанған тас құзда Дутовтың әскерлері қызылдардан тығылған деген оқиғаны айтады жергілікті жұрт[5.69б.].

Ежелгі өркениет пен XX ғасырда болған оқиға бір-бірімен сабақтасып кеткен. Жайын балық туралы аңыз Ордың ескі тарихынан хабар бергендей. Екінші оқиға ақ пен қызыл арпалысынан қазақ ауылының көрген жазасы.

Мұның бәрін айтып отырғанымыз, Ақтөбе облысының осы бір өңірінде ежелгі өркениеттің іздері бұзылмай сақталған. Бұл тарихи туризмге сұранып-ақ тұрған жер. Бұзылмады деу шартты түрде ғана. Себебі, патша үкіметінің салдырған Орск-Қазалы пошта тасымалы жолымен талай экспедициялар өтті. Қымбат қазыналар қолды болды. Тастардан алатын ештеңе жоқ болғасын ғана қалған тәрізді.

Ал ежелгі өркениеттің ізі жатқан өңірдің қозғаусыз жатқан миллион жылдық өткенін зерделеу қазақ ғылымының еншісіне қалып тұр.

Ойсылқара кесенесі

Ақтөбе өңірі, Хромтау ауданында Ойсылқара кесенесі бар. Этнографиялық-тарихи ескерткіш ретінде республикалық тізімге енген. Аспан астындағы құнды жәдігер. Бірақ, мұны жергілікті халықтың бірі білсе, бірі білмейді.

Ойсылқара - өркешті жануар пірі екендігін білеміз. Бұл туралы аңыздарда ел арасында таралған. Аңыз астарында ақиқат бар.VI ғасырда бұл жерге



Ойсылқараның түйесі шөгіп, кейін тасқа айналған. Қорымы да осы жерде. Аңызға арқау болған тас обаларды археолог Серік Әжіғали бастаған топ зерттеп, тіркеуге алды. Хромтау өңірінде бұдан өзге оннан аса ашық ескерткіш аспан астында тұр.

Хромтау жерінде этнографиялық-тарихи ескерткіштер кезең-кезеңімен зерттеліп жатыр. Қола дәуіріндегі қорымдар мен пермь, карбон дәуірлеріндегі жер қыртыстары сақталған «Айдарлы аша» да шетел тарихшыларының таңдайын қақтырған.

Тарихтан хабардар болу үшін алдымен туған өлкені тану қажет. Жергілікті тұрғындар барды бағалай білмейді. Тіпті, құнды жәдігер тарихынан бейхабар.

Аудан территориясында 350 млн. жыл бұрын өткен карбон кезеңінің соңы мен пермь кезеңінің басындағы ежелгі жануарлар мен өсімдіктердің таңбалары сақталған Айдарлыаша қимасы бар. Ол көлемі 3 гектар, ені 200 метр, ұзындығы 1500 м болатын жіңішке алқап. Жер бетіндегі тіршіліктің дамуы туралы толық мағлұмат беретін мекен, оның өзге формасы басқа жерде кездеспейді. Айдарлыаша қимасы 50-ші жылдардан бері зерттеліп келеді. 1991 жылы әлем ғалымдары пермь жүйесінің 150 жылдығында, осы кезеңге байланысты барлық геологиялық қималарында экскурсиялар өткізді. Ақтөбе облысында 150 жылдыққа байланысты әр елден келген ғалымдар жұмыс жасап, Айдарлыаша қимасы – жердегі өмірдің дамуы туралы, карбон және пермь дәуірлерінен толық мағлұмат беретінін атап айтқан. 1996 жылы дүние жүзі халықтарының Қытайда өткен халықаралық геологиялық конгресінде Айдарлыаша қимасы карбон мен пермь кезеңдерінен сақталған теңдесі жоқ орын деп танылған.

Қопа селолық округінен 50 шақырым жерде Азбартас деген табиғи ескерткіш бар. Азбартасқа барар жолда жер бедері шоқылы болып келеді. Жолында бірнеше бұлақ көздері кездеседі, әрқайсысының өзіне лайық етіп қойған атаулары бар. Бірінші Айқынбұлақ, содан кейін Цементбұлақ, судың салқын әрі мөлдір болуына байланысты солай атаған. Қызылбұлақ (судың түсіне байланысты аталған), Талдыбұлақ, Ақкиізбұлақ, Қыдырмабұлақ, Мұхамбетәлібұлақ көздерінің атын көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан Жағалбайлы руының өмірімен байланыстыруға болады. Азбартастың әрбір тасы қолмен қаланғандай, үңгірі бар. Жұмбағы көп Азбартастың биіктігі шамамен 11 метр, ені 4 метр. Табиғи ескерткіштің алып жатқан жалпы аумағы – 100 метр. Ақтөбелік белгілі геолог Р.Сегедин «Азбартас ашық аспан астындағы табиғи ескерткіш, мұндай ескерткіш басқа еш жерде қайталанбайды» деп жазды. [6.88б.] Жергілікті тұрғындар «бұл киелі жер болған, маңайында артық өскен шөп болған жоқ, айналасы тықыр, жерінде гранит тастар жаз айында күнге шағылысып жатқан, кейіннен үңгіріне мал қамап, тастарын қозғағаннан кейін айналасын қалың шөп басып кетті» дейді. Азбартас үңгірлері орналасқан шаруашылыққа таптырмас киелі жердің тарихы туралы Иван Ильич Шамрай мен Степан Федорович Король деген ақсақалдардың айтуымен жазылып алынған [7.65].

Хромтау қаласының оңтүстік-батысына қарай 40 шақырым жерде Ойсылқара аймағы бар. Жергілікті қарияларының айтқан аңыздары бойынша Ойсылқара әулие Мұхаммед пайғамбардың сопылық таза хадисін уағыздаушы ретінде жеті жұртты аралаған тақуа кісі екен. Пайғамбардың тірісінде жүздесу үшін екі рет барып, бірақ дидарласа алмапты. Пайғамбарымыз дүниеден өтерде сахабаларының біріне «Сахарадағы Ойсылқараға тапсыр» деп жидесін аманатқа беріп кеткен дейді. Ойсылқара осы өзен жағасында дүние саларда жеті жұрт сүйегін өз жеріне әкетіп жерлеуге таласатынын біліп, оларға әулие жеті маяға сандық орнатып, төбе басына түнепті. Сонда «Кім бұрын тұрса, соның жеріне жатамын» десе керек. Әулиенің мүрдесіне келгендер біртіндеп оянып сандықты ашып, әулиенің өз сандығында жатқанын көріп, маяларын жетелеп кете беріпті. Ойсылқара деген Ор өзенінің саласы да бар. Осы жердегі тағы бір аңызға сүйенсек, Ойсылқара әулие «Түйемді бос жіберіңіздер, қай жерге барып шөксе, сол жерге сүйегім қойылсын» — деген талап қойған деседі. Ойсылқара әулие қорымы Ойсылқара ауылының жанындағы төбеде тұр [8.198].

Ен далам – анам, мен - балаң деп ақын атамыз жырлағандай, менің ен далам, тұғырым - Қазақ елі. Туған өлкемнің тұнып тұрған әсем көрінісі бойыма еріксіз мақтаныш

сезімін құяды. Тау етегіндегі қуыстарды қуалай өскен бұталы орманы, тау суын сарқырата кең далаға алып қашқан өзендері, дән теңізіне шалынған жазық даласы, төрт түлікмалға төсін ашқан құтты жайлау қырлары, көк жасыл желекке бөленген ауыл үйлері, зәулім ғимаратты үлкен, көрікті қалалары бойыңа еріксіз күш, қайрат, туған өлкеме деген махбат сезіміне бөлейді. Туған өлкенің, соның ішінде Хромтау өңірінің тарихы мен оның қойнауындағы тарихи ескерткіштердің қазіргі күнде маңызы зор. Өзіндік зерттеулерді қажет етеді. Хромтау ауданының Ор өзені сағасында аспан астындағы бұл қорым зерттеліп, тарихта өзіндік орны қалыптасып, Ақтөбе тарихы немесе топонимикасында оқушылардың өзінің өлкесін тануға деген ынтасы зор болар еді. Тарихтың ашар сыры әлі де көп, әрбір аудан, әрбір облыс өзінің тарихына қатысты атаулар, елді мекендердегі құнды ескерткіштерді біліп, қағаз бетіне түсіріп, кітап етіп шығарса, онда Республика бойынша әрбір облыстың тарихы жинақталып, құнды дерек шығатынына сенімім мол.

Осы тақырып негізін қорытындылай келе өзіндік ұсыныстарымды да қосқым келеді:

-Ойсылқара кесенесі туралы кітап шығарылса;

-Хромтау ауданындағы барлық елді мекендерде археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі кітапша немесе сайт болып ашылса;

-Ор сағасындағы қорымды қорғауға алып, зерттесе;

-Тақырыпқа қатысты өлке тарихына арналған кітапханаларда бір емес бірнеше журналдар, газеттер шығарылса;

-Республика бойынша аудан, қала, облыс тарихына қатысты ескерткіштер жарияланған энциклопедия жарық көрсес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Өтемісов Р.Ж. Қазыналы Хромтау. – Ақтөбе, 2010.
2. Оразаева Қ.Б., Сұлтанғалиева Г.С., Утәлиева Ж.Т. Т.2: Ақтөбе облысының ұлттық топонимиясы мен байырғы тарихи-географиялық атауларды қалпына келтіру. – Алматы, 2009.
3. Күлімбетов С. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе, 2007.
4. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір. – Алматы: Қазақ университеті, 1993
5. М. Тәжібаев. Ақтөбе облысының тарихы. Ақтөбе, 1999.
6. Сегедина Р.А. Актюбинская область. 1973
7. Ирмағамбетов М.Ш. Жеке күнделігінен. – Хромтау, 1990
8. Ақтөбе энциклопедиясы. – Ақтөбе: Отандастар- Полиграфия, 1998

Әбілхайыр аялдаған жер... (Ырғыз ауданы, Маңтөбе төбесі)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Ақжүніс – география магистрі

Автор: Ортымова Арайлым – география мамандығының студенті

Жұмақ дегеніміз-өзің
жарық дүниеге келген жылы
ұяң-ата қонысың, туған жерің,
өскен елің-басқа ештеңе де емес!

Өтебай Қанахин.

Ырғыз ауданы – Ақтөбе облысының шығысындағы әкімшілік бөлік. Батысында Шалқар, солтүстігінде Әйтеке би ауданы, шығысында Қостанай облысының Жангелді ауданы, оңтүстік-шығысында Қарағанды облысының Ұлытау ауданы, оңтүстігінде Қызылорда облысының Арал ауданымен шектеседі. Орталығы – Ырғыз ауылы. 1928 ж. құрылған. Жер аумағы 41,5 мың км² [1].

Ырғыз - тарихи өлке, киелі мекен, қасиетті жер. Өмірлік мәні зор тарихи оқиғаларға да осы Ырғыз елі куә болған.

Ел аузында «Жеті жұрт көшкен ел» деп аталып, бүгінге жеткен Ырғызда талай билер мен шешендер билік құрып, дау-дамай шешуге араласса, талай батырларымыз елді тұтқиылдан келген жаудан қорғаған. Олардың ішінде қазақтың үш ұлы биінің бірі - Әйтеке би, Кене хан мен Наурызбай, Кенесары, Әлібек, Қарадос, Шөже, Бәймен, Былшық, Жоныс сияқты би-болыс, шешендерді, Сәмет, Жанай, Киікбай, Байғазак, Елшібек, Бөкенбай, Есет, Маты Абат сияқты батырлардың ерліктерін мақтанышпен айтуға болады.

Ырғыздың бағзы тарихын екі-үш парақ бетіне жазып өту мүмкін емес. Қысқаша деректер келтіретін болсақ, алдымен 1731 жылы 19 ақпанда Әбілқайыр ханның басшылығымен Кіші жүз қазақтарының Россияға қосылуын айтамыз. Бұл шарт — екі халықтың тағдыр бірлігінің алғашқы қадамы болды. Патша үкіметінің елшілік қызметімен 1748 жылы Тевкелев Қазақстанға келесі бір келгенде, сол тұста өмір сүрген Әбілқайырдың жанашыр досы Бөкенбай батыр: «Қырғыз-қайсақтар Ресей империясына қосылғанға дейін көрші елдерден қуғын көрді, жәбір шекті. Ол біздерге сенімді қорған болды. Енді ешқандай қауіп-қатер жоқ» — деп мәлімдеген. Бұл оқиға Ырғыз өңіріндегі қасиетті жер Маң төбесінің басында болған. Бүгінгі таңда ол жерге ескерткіш-белгі қойылған [2].

Ырғыз ауданы орталығы-Ырғыз селосының солтүстік-шығысқа қарай беттей бергенде 25 км қашықтықтағы маңдай алдыңнан маңқиып көрінетін биіктік-Маңтөбе деп аталынады. Осы маңтөбенің айналасы-табиғат өзі жарасымын беріп қойғандай айнадай көл, өзен, жылға, олардың арасы жайқалған неше түрлі жұпар иісті өсімдіктер. Жазғытұрғы кезде нұрын шашып, көкірегіңді аша түседі.

Маңтөбені айнала 20-30 шақырым шамасында қолдан орналастырғандай көлдер тізбегі: Сабынкөл, Саркөл, Сарқопакөл, Аманкөл деп аталатын көлдер жүйесі қоршап жатады. Оның үстіне Маңтөбенің батысы мен оңтүстігін орағыта Ырғыз өзені, оңтүстігі мен шығысын ала Телқара өзені айнала өтіп, Маңтөбенің табиғатына әр беріп тұрғандай.

Міне, бұл жер Әбілқайыр таңдамына ілініп, Ресей патшасының елшісі М.Тевкелевті осы жерде қабылдаған. Аталған жерде елшіні қабылдап, ұзақ мәміледен кейін Қазақстан мен Ресей патшасының атынан 1731 жылы 10 қазанда одақ болу келісіміне қол қойған. Шартқа қол қою рәсіміне той жасалынып, төбенің басы майға бөгіп қалған көрінеді. Соған байланысты, кейде халық Маңтөбені «Майтөбе» деп те атай беріпті.

Осындай маңызы бар Маңтөбені нешеме жылдар бойы ел-жұрт қастерлеп, қасиетті орын санап келеді [3].

Қазақта «Жері байдың-елдің елі бай» деген бағдар танытар аталы сөз бар. Бұл өңірде мал да, егін де, аң да, балық та, тағы басқа да байлық көздері ұшан-теңіз екенін жерге, елге таныс адам жақсы біледі [4].

Ылғи да көңілдері бай, ықыластары ашық, күлкісі күміс, өмірлері шат, атақ-абыройлары үзілмеген, құт-береке дарыған Ырғыз елі кең байтақ елімізбен бірге гүлдеп-жайнап, өсе берсе екен!

Қазақ даласындағы тарихи-мәдени ескерткіштер — ұлтымыздың байлығы. Ақтөбе облысының Ырғыз өңірінің бай тарихи мұралары әлі де болса зерттеу жұмыстарын қажет етеді. Халқымыздың өткенінен сыр шертетін қастерлі мұра саналатын, осы тарихи-мәдени жәдігерлерде өткен уақыттың естелігі бар. Оны зерттеп, зерделеу, ғылыми айналымға енгізу, кейінгі ұрпаққа сыны мен сырын жоғалпай жеткізу — парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Еламанов Қ., Шежірелі өңір (Әйтеке бидің атамекені-Ырғыз жері мен елі жайлы деректі жинақ). Ақтөбе: 2003ж.
2. Ақтөбе Облысының ұлттық топонимиясы мен байырғы тарихи-географиялық атауларды қалпына келтіру. II-том

3. Асқарова Г., Ақтөбе облысының мемлекеттік мұрағаты. Қапаз Еламановтың 394 жеке қоры, 1-тіз., № 35,36,37,38,39,40-істер.
4. Рысжан Илиясова – «Қазына». Алматы: «Зерде», 2001ж

Ақтөбе облысы гидронимдеріндегі халықтық географиялық атаулар

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Ақжүніс – география магистрі
Автор: Тлеумбет Данагүл – география мамандығының 3 курс студенті

Жер-су аттары – халық тілі мен мәдениетінің кемел байлығы, мәңгілік тарихи мұрасы. Гидронимдер – географиялық атаудың, оның ішінде өзен, көл, көлшік, теңіз, су атауларының қызметін, маңызын, шығу тегін, құрылысы мен даму шеңберін, дамуы мен өзгеруін зерттейтін топонимиканың бір саласы.

Ақтөбе өңірінің өзен, су, тас, көл, елді мекендер және ірілі-ұсақты объектілердің бәрі де нақтылы атауға ие. Ақтөбе жеріндегі жер, су, елді-мекен атауларында араб-парсы, монғол, түркі, орыс тілдерінен енген сөздермен қазақтың байырғы ру тайпаларының аттары және адам есімдерінің атаулары жиі кездеседі. Көптеген атаулар жер, судың өзіндік ерекшелігіне жер бедері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне, еліміздегі тарихи оқиғаларға және басқа көптеген белгілерге байланысты болады.

Бұл мақалада Ақтөбе өңірі бойынша халықтың атауымен қойылған гидронимдерден мысалдар кетірілді.

Тәңірберген – адам атына байланысты қойылған атау. Алға ауданындағы өзен, су атауы. Сөздің мән-мағынасын қарастырсақ, бірінші құрамындағы тәңір – «құдай», екінші құрамында берген – «берген» мағынасында, яғни, құдайберген атауына сай келеді.

Қотыртас – Алға ауданындағы су аты. Этимологиялық мағынасы «қабысқан және тілінген тастары» жағалаудың көп бөлігін алып жатқан су атауының мағынасы. Бұл аттас топоним Көкшетау қаласында кездеседі.

Тамды - Ақтөбе облысы, Алға, Қобда аудандарындағы өзен, елдімекен атаулары. Бұл атау түркі тіліндегі екі компоненттен тұрады: там сөзі «саз балшықтан немесе кірпіштен салынған қабырға» болса «ды» қосымшасы сол салынған қабырғаның тұрған жерін көрсететін аффикс. Осы сөз балшықтан салынған қабырғаның тұрған жерінің айналасындағы өзен атаулы осы атпен атап кеткен. Жамбыл облысында да осы аттас елдімекен атауы бар.

Астаусай – Байғанин ауданындағы су аты. Бұл атау салыстырмалы теңестіру негізінде басқа объектілермен ұқсастығына қарай аталған. «Астаусай» бірінші жағынан метафоралық, яғни сайдың «астауға» ұқсастығын көрсетсе, екінші жағынан түркілік мағынасы «аз тауы» немесе «әздер таулы» сай деген мағынасында да қолданылады.

Әулие – Мұғалжар ауданындағы көл атауы. Атаудың мағынасындағы «әулие» сөзі арабтың «қасиетті, киелі адам, қыдыр» дегенді білдіреді. Көлді халықтың былайша атауы оның басқа да қасиеттеріне, әсіресе, емдік, шипалық ерекшеліктеріне байланысты болса керек. Сонымен қатар, Темір ауданындағы Әулиесай атауы да осыған байланысты болуы мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, «әулие» компоненті жүйелік атаулар қазақ халқының өткендегі пұтқа табынған дәстүрін аңғартады.

Қарабас өзені – Есет батыр қалмаққа қарсы соғыс мәселесін шешу үшін орда кеңсесіне кетеді де, оның ағасы Қарабас Әжібай бидің ауылында қонақта болады. Қонақта жүрген Қарабас еліне жау шапқанын естіп, өзіне ерген бір топ адаммен Алтықарасу деп аталатын жерде қалмақтарды қуып жетеді. Осы соғыста Ойылға құятын өзеннің бойында Қарабас өледі. Сол себепті қарабас аталған екен.

Құмды өзені –Бадамшадан бастау алатын Бадамша өзені мен Жаман тоғайынан басталатын Ақсай өзені қосылып, Құмды өзені солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзындығы жеті шақырымға созылып жатыр. Өзеннің табаны, ернеуі құм болып келеді. Соған сәйкес халық Құмды атаған.

Толағайсор көлі – Байғанин ауданындағы және Атырау облысының Жылыой ауданындағы көл. Жем өзені алабында. Көктемгі қар ерігенде суы көбейеді, жауын-шашынмен, солтүстігінде шағын өзендер, сайлар, жыралар арқылы еріген қар суы құйып, толығады, шілде айында көл суы тайызданып, көпшілік бөлігі сорға айналады, сондықтан Толағайсор атауын иеленген.

Қайрақты- негізінен өзеннің аты болып келеді. Өзенге бұл атаудың берілу себебі су асты тастары болуы мүмкін. Өткен ғасырдың соңғы жылдарына дейін арнасы толып тұрған өзеннің кейбір жерінің тасы көрініп жататын. Бұл жерлерде сіңір тас, қайрақ тастарды оңай жердің бетінен тауып алуға болады.

Қопасор – сорлы көл. Ертеде Қопасор көлінің айналасы қалың қамыс, қоға болған. Қалың қамыс, қоғаны қопа деп, ортасы сорлы көл болғасын Қопасор деп атаған.

Құрттыкөл – Сарбие ауылының оңтүстік шығысындағы айналасындағы қар суымен толығатын көл. Қуыңшылық жылдары тартылып, сорға айналады. Айналасы кең жайылым. Ұжымшарлар негізінде егіс алқабы болды. Егістікке қолайлы жерлері бар.

Жекенді өзені. Өзенде өсетін Жекен атты шөпке байланысты аталған. Ақшатау қыраттарынан бастау алып оған Соркөл, Шилісай, Ащысай, Әшімбай, Қараусай салалары қосылып, Сапақкөл, Қаракөл, Кішкене көл, Қожакөл көлдерін қар суымен толтырып, Жамансай саласымен Атырау облысының Қызылқоға ауданының Қызылту аумағынан өтіп, Индерге құяды.

Ащысай қырғыны – Ащысай қар суымен Жекенді өзеніне құятын бір саласы. Мұнда 1910 жылдан бастап Кете руының Сейіт ауылы қоныстанған. Қызыл әскердің бір бөлімшесін осы Ащысайда түнеп жатқанда Ойылдан келіп ақтар қырғынға ұшыратқан. Жергілікті халықтан да шығын болған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі, Ақтөбе қ. 2007 жыл.
2. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, 1985 ж.
3. Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. Алматы, 1991.

Темір қаласының және ауданының топонимдері

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Курмансейтова Шынар Қожағалиевна – оқытушы
Автор: Қожамұрат Әйгерім – биология мамандығының 4 курс студенті

Темір ауданының топонимдері әрбір атау-тарихтың табы сінген нысаналы белгісі. Мұндай ұлттық және рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Кез-келген аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына көптеген тарихи деректерді, этнографиялық мәләметтерді, географиялық сыр-сыйпаттарды сақтап отырды. Топонимдегі деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан, олар арнайы сұрыпталған лексикалық қабаттардан тұрады. Көне дәуір куәсі болып табылатын аймақ топонимдері халықтың этнографиялық, қоғамдық, әлеуметтік жай-күйіне, өткендегі өмір тіршілігінен әр қилы мәлімет береді. Сондықтан белгілі бір аймақтың топонимиясын зерттеуді қолға алмас бұрын сол жердің тарихына, саяси-әлеуметтік жағдайына және оны мекендеуші халық өмірінің этникалық мәдени тарихына, ерекше көңіл бөлу керек. Облыстағы әрбір топоним белгілі бір мағынаға, алуан түрлі құбылысқа ие, семантикасы жағынан жекке объектілерді айтатын жалқы есімдердің

ерекше тобына тән. Әрбір географиялық атау тарихи, әрі оның өрісі де кең. Олар замана кұбылысына, өзгерісіне қарай әр түрлі мағұлматқа, түрлі соғыстар, халықтың әдет-ғұрып, салт-сана, халықтардың қарым-қатынасына және т.б тарихи оқиғаларға бай. Темір жері гидрографиялық атауларға өте бай, бірақ топонимикалық тұрғыдан аз зерттелуіне байланысты бұл сала кенжелеп қалуда. Темір - ауданның және қала орталығының атауы өзенге байланысты қойылған.

Темір қала - Ақтөбе облысы Темір ауданындағы қала (1928 жылдан), қалалық әкімдіктің орталығы. Аудан орталығы – Шұбарқұдық кентінен шығысқа қарай 50 км жерде, өзімен аттас өзен бойында орналасқан. Тұрғыны 2,05 мың адам (2014). Темір қаласының іргесі, 1868 жылы қазанның 21 жұлдызында патша үкіметі қазақ даласын басқару жөнінде Уақытша ережеге сәйкесті, әскери бекініс ретінде қаланды. Уезд орталығы орналасқан жер “Қарақамыс” ойпаты болып табылады. Қарақамыс ойпатының оң жағында кіші Темір өзені ағып жатыр. Үлкен Темір өзенінің Ембі өзеніне құятын саласы да осы тұста. Полковник Соколовтың бұл ұсынысын Орынбордың генерал-губернаторы Крыжановский 1869 жылы мақұлдайды. Жаңа бекініс Темір өзенінің бойынан салыну салдарынан, өзен аттас қала пайда болды. Қазақ Совет энциклопедиясында былай деп жазылған: Темір ұзындығы 213 километр, су жинайтын алқабы 8200 шаршы километр өзен. Ақтөбе облысындағы “Қарабұлақ” совхозы жеріндегі бұлақтардан басталып “Шеңгелші” елді мекені тұсында Жем өзеніне құяды. Ірі саласы Көлденең Темір, Көбелей Темір, Толғанай аңғарының ені 3-10 километр, жайылмасы 0,2-6 километр, арнасы жоғары бөлігінде 30-50 метр, төмен бөлігінде 150-200 метр жауын-шашын ішінара суымен толысады. Қалада 99 үй, 913 адам тұрған, 2 дәрігерлік орын, орыс-қазақ мектебі, қоғамдық кітапхана, пошта бөлімшесі, 1 шіркеу, 1 қазақ мешіті болды. Темір уездінің кең байтақ территориясындағы Тұзтөбе мен Ақбұлаққа дейінгі созылған жерде 1 уездік дәрігер фельдшер және бір ғана акушер ғана болған. Темірде 1892 жылы поляк орманшысы Кижаев тұңғыш рет ағаш егуді ұйымдастырған. Сол кезден бастап ағаш егіле бастаған “Толғанай” деп аталатын жер қазір де орман қорығы. Орман шаруашылығы 2865 гектар жерді иеленді. Әрбір өлкенің өз тарихы бар. Ата қоныс “Қарақамыс” жәрмеңкесіне 1896 жылы белгілі этнограф Сергей Гаврилович Қазақстанның Торғай өңірінде болып, қазақтың ән-күйлерін жинаған. Қарақамыс жәрмеңкеге айналғанға дейін қазақтар керек-жарағын алатын базар болған. Октябрь революциясына дейін Темірде бірнеше мектеп, қазақ балалары үшін 75 орындық интернат, 1 орыс-қырғыз училищесі, 40 орындық орыс мектебі болған. Сондай-ақ бір мұғалімі бар, бір бастауыш мектеп болған. Бұларда барлығы 200-дей бала оқып оларға 7 мұғалім қызмет еткен.

Қазіргі Темір. Ал қазірде Темір-Батыс Қазақстандағы көне мекендердің бірі. Сонау жылдары бір ажыратып, бір қосқан кезеңдерде де Темір ауданының аты жоғалған жоқ. Ол кезде орталығы біресе Темірде, біресе Қандыағашта болса да, қазір Шұбарқұдықта. 1972 жылы Темір ауданы болып қайта құрылды. Жер көлемі 12,5 мың шаршы километр. 36,2 мың халқы бар. Ауданның біраз бөлігін Мұғалжар тауының төбелі қырлары батыс сілемдері алып жатыр. Оңтүстік батысы жазық келеді. Жер қойнауынан мұнай, тас көмір, құрылыс материалдары табылған. Климаты континенттік, қысы суық, аязды, жазы ыстық, қуаң; Ауданның орташа температурасы 15-16 градус, шілде де 23-24 градус, жауын-шашын мөлшері 200-250 миллиметр. Жері қызыл-қоңыр, сортаң топырақты келеді. Боз, бетеге, жусан, изен, сұлы т.б өседі. Қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, жабайы шошқа, ондатра, саршұнақ кездеседі.

Аудан халқы көп ұлтты. Қазақтар, орыстар, украиндар, татарлар, шешендер тұрады. Орташа тығыздығы 1 шаршы километр жерге Задамнан келеді. Аудан топырағында қазақ совет композиторы Ахмет Жұбанов, қазақ совет тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі Құдайберген Жұбанов, Қазақ ССР ғылым академиясының академигі Сақтаған Байішев, халық ақыны Нұрпейіс Байғанин және генерал-майор Жансен Кереев секілді өр тұлғалы азаматтар туып өскен.

Темір ауданының физикалық-географиялық сипаттамасы. Географиялық орны. Темір ауданы- шектеседі: Мұғалжар, Байғанин, Ойыл, Қобда. Аудан Ақтөбе облысының батысында орналасқан. Аудан орталығы Шұбарқұдық кенттік округі болып 1972 жылы құрылды. Жалпы жер көлемі 12,6 шақырым квадратты алып жатыр. Ал, облыс аумағынан 4,2 пайызын құрайды. Ауданда 1 қалалық округ, 2 кенттік округ, 6 ауылдық округтері және 29 елді-мекендері бар. Жергілікті әкімшілік орталықтармен аудан аралығының ара қашықтығы 15-30 шақырым аралығында. Темір -Темір ауданының қалалық округі. Аудан орталығы Шұбарқұдықтан 54 шақырым. Облыс орталығынан 160 шақырым. Темір жол станциясынан 20 шақырым қашықтықта, Темір өзенінің оң жағасында орналасқан. Қазіргі Темір ауданы облыстың оңтүстігінде Ақтөбеден 179 км жерде орналасқан. Жер көлемі 12,6 мың км². Халқы 36107 /1999/, 1 км² жерге 9 адамнан келеді. 11 округке бөлінген, орталығы - Шұбарқұдық кенті. Ауданның соңғы жылдардағы әлеуметтік даму қарқыны, білім беру саласы дамып келеді. Бүгінде Темір ауданында 30-дан астам орта білім беретін мектеп, 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 2 балалар саз мектебі, бір көркемсурет мектебі, бір коррекциялық мектеп, Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжінің филиалы, 20-ға жуық балабақша жұмыс жасайды. Аудан экономикасын нығайту, оны орнықтыра түсу үшін жылдан-жылға шағын және орта бизнестің үлес салмағы да артып келеді. Бүгінде жалпы саны 1125-тей кәсіпкерлікпен шұғылданатын мекеме мен ұйымдарда төрт мыңға жуық адам еңбек етеді, бұл пайдалы жұмыспен қамтылғандардың 28 пайызын құрайды. Шағын және орта бизнесті қолдау, қорғау және оны әрі қарай дамыту бағытында ауданды тыңғылықты іс-шаралар жүзеге асырылуда. «Лукойл» компаниясы мен аудан әкімдігі арасында «Арай» әріптестік бағдарламасы жүзеге асырылған. Ауданның мәдени саласында да оң өзгерістер болуда. Типтік үлгідегі жеті клуб үйі, «Шапағат» іскер әйелдер клубы, балалар саз мектебінің жанынан құрылған «Ару ана - әжелер» ансамблі жұмыс жасайды. Темір ауданы энциклопедиясы, «Темір тарихы», «Тарихы терең Темір», «Темір ауданының жас таланттары» атты кітаптар, «Темірім — туған өлкем» жинағы баспадан шықты.

Елді-мекендері: Темір қаласы, Жамбыл ауылы. Жер көлемі: 2,2 шақырым квадратты алып жатыр. 1868 жылы бекініс ретінде қаланып және ірі сауда орталығы болып құрылды. Үстінен Темір – Қандыағаш- Ақтөбе тас жолы өтіп жатыр. Шұбарқұдық-Темір ауданының кенттік округі. Ақтөбе қаласынан оңтүстік батысқа қарай 180 шақырым жерде, Шилі өзенінің бойында орналасқан.Елді-мекендер: Шұбарқұдық кенті, Шұбарқұдық кәсіпшілігі, Жақсымай ауылы және Кенжалы ауылы. Жер көлемі: 0,2 шақырым квадратты алып жатыр. Іргесі Шұбарқұдық қоңыр көмір өндіруге және Гурьев-Қандыағаш теміржол құрылысына байланысты қаланды. Үстінен Ақтөбе-Ойыл жәнеАқтөбе-Атырау тас жолы өтеді. Шұбарши- Темір ауданының кенттік округі. Аудан орталығы Шұбарқұдыққа 130 шақырым, темір жол станциясынан оңтүстік шығысқа қарай 120 шақырым, Ақтөбе облысынан 245 шақырым қашықтықта Темір өзенінің сол жағасындағы жазықтықта орналасқан.Елді-мекендер: Кеңқияқ кенті, Шұбарши кенті, Саркөл ауылы, Құмсай ауылы және Қопа, Бәшенкөл ауылдары. Жер көлемі 1,9 шақырым квадратты алып жатыр. Іргесі мұнай мен кен орнын игеруге байланысты 1961 жылы қаланды. Үстінен Ақтөбе- Шұбарқұдық, Темір-Қандыағаш-Шұбарши тас жолы өтіп жатыр. Алтықарасу -Темір ауданының ауылдық округі.Аудан орталығы Шұбарқұдық темір жол станциясына 45 шақырым. Облыс орталығынан 230 шақырым қашықтықта, Ойыл өзенінің сол қанатында Ойыл -Шұбарқұдық тас жолына 1-2 шақырым қашықтықта орналасқан.Елді-мекендері: Алтықарасу ауылы, Еңбекші ауылы, Сартоғай ауылы. Жер көлемі: 1,9 шақырым квадратты алып жатыр. Іргесі 1891 жыл шамасында керуен аялдамасы ретінде қаланған. «Октябрь» кеңшарының және Алтықарасу сельсоветінің орталығы болып құрылды.

Қайыңды- Темір ауданының ауылдық округі. Аудан орталығы Шұбарқұдық темір жол станциясына 80 шақырым, Ақтөбе облысына 260 шақырым қашықтықта Ойыл өзенінің жағасында орналасқан.Елді мекендері: Құмқұдық ауылы, Бабатай және Шибұлақ

ауылдары. Жер көлемі: 1,2 шақырым квадратты алып жатыр. Аудан аралық көтерме жол бар. Ақсай - Темір ауданының ауылдық округі. Аудан орталығы Шұбарқұдық темір жол станциясының солтүстігінде 35 шақырым, облыс орталығынан 225 шақырым қашықтықта Жаманағашсай өзенінің бойында орналасқан. Елді-мекендері: Ақсай ауылы. 1962 жылы Ленин атындағы кеңшар және ауылдық кеңес болып құрылған. Ілкіде мұнда Дмитров атындағы МТС болған.

Кеңестуы-Темір ауданының ауылдық округі. Аудан орталығынан 15 шақырым, облыс орталығынан 165 шақырым, Жақсымай темір жол станциясынан 5 шақырым қашықтықта Шұбарсай өзенінің сол жағында 3-4 шақырымда орналасқан. Жер көлемі: 1,3 шақырым квадратты алып жатыр. Елді-мекендері: Қопа ауылы, Қалмаққырған ауылы, Шитүбек және Ақжар ауылдары. 1976 жылы Темір ауданының арнаулы шаруашылық бірлестік және Кеңестуы ауылдық кеңесінің ұйымдасуымен құрылды. Аудан аралық Шұбарқұдық- Ақтөбе тас жолына 1-2 шақырым қашықтықта.

Тасқопа – Темір ауданының ауылдық округі. Аудан орталығынан оңтүстік батыста 110 шақырым, облыс орталығынан 290 шақырым, темір жол станциясынан 20 шақырым қашықтықта Ащыойыл өзенінің сол жағасында орналасқан. Елді-мекендері: Тасқопа және Теректі ауылдары. Жер көлемі: 1,8 шақырым квадратты алып жатыр. 1972 жылы «Теректі» кеңшары мен Тасқопа ауылдық кеңесі ұйымдасуымен құрылды. Аудан аралық Ақтөбе -Шұбарқұдық-Ойыл тас жолындағы Алтықарасудан 60 шақырымда орналасқан. Бородин – Темір ауданының ауылдық округі. Аудан орталығынан 80 шақырым, облыс орталығынан 260 шақырым, темір жол станциясынан 85 шақырым қашықтықта орналасқан. Жер көлемі: 0,9 шақырым квадратты алып жатыр. Елді-мекендері: Шығырлы ауылы, Шевченко және 1 Май ауылдары.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. История Актюбинской области. – Ақтөбе, 2006. – 698с.
2. Темір газеті жарияланған "Қарақамыстағы қала" атты мақала
3. «Ақтөбе энциклопедиясы», 2001.

Ырғыз жеріндегі «Бөкенбай шоқысы»

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Құдайберген Света Праліқызы – оқытушы

Автор: Жандауова Махаббат

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Қазақ елінің ел болып қалуына ақыл институтының көрнекті тұлғасы Бөкенбай батырдың есімі елге қайта орала бастады. Ойымен, біртуар батырлығымен ерекше үлес қосқан Табын Бөкенбай қолбасшының ұлт тарихына, халық зердесіне өзіне лайықты деңгейде орнығуы оңай болған жоқ. Аты-жөні, ұлт азаттығына сіңірген еңбегі, батырлығы мен саяси тұлғалық даралығы, тарихи құжаттарда айқын көрсетілгеніне қарамастан, оның бүкіл қайраткерлігі мен ерлік істері басқа біреулерге телініп, қиянатқа ұшырап келді. Соңғы он шақты жыл көлемінде бірсыпыра терісі бар, оңы бар, игілікті істер атқарылды да, бірегей қолбасшы бейнесі ұлт тарихынан өз орнын ала бастады.

Қазақтың сан ғасырлық тарихының тек XVIII ғасырдағы жылнама деректеріне үңілсек, ата-бабаларымыздың сол жүзжылдықта да алашапқын жаугершіліктен көз ашпағанын көреміз. Басында Ойрат Одағы болып құрылған, кейін Дүрбін-Ойрат атанған Жоңғар хандығы мен Қазақ Ордасы арасындағы шайқастар 1520-жылдары басталып, арадағы үзілістерді қоса алғанда, 1771-жылдарға дейін, яғни екі ғасырдан астам уақытқа созылды. Бұл бұрын-соңды дәуірде ешбір халықтың тарихында болмаған майдан еді. Тынымсыз да тиімсіз, кезекпе-кезек шабыс атадан балаға, немереден шөбереге, тіпті

шөпшек, туажатқа дейін жалғасты. Екі елдің де барлық күш-қуатын сарқыған, заманауи дамуын тежеп, миллиондаған адамның қанын төгіп, халықтардың табиғи өсімін шектеген екі жарым ғасырлық соғыстың соңында Жоңғар мемлекеті жер бетінен жойылған-ды. Осы соғыстан әбден әлсіреген Қазақ Ордасына одан соң әрісі Бұқар, берісі Қоқан мен Хиуа хандықтары, шығысында ұлы Қытай, теріскейінде Ресей, Сібір казачествосы, Еділ қалмақтары, тіпті туысқан башқұрт, түрікмен жұрттарымен де жер үшін қилы-қилы соғыстарды бастан өткеруге тура келді.

Қазақ Ордасы Ресей мемлекетіне бодан болар алдында, іргелес жатқан екі мемлекеттің геосаяси, әскери, техникалық, экономикалық дамуы жағынан айырмашылығы жер мен көктей еді. Бір орталыққа бағынған, саяси бағыты, алдын-ала зерттеліп, жоспарланып отыратын экономикасы, қуатты да тұрақты армиясы (сол жылдардағы деректер бойынша 200 мың адамдық армиясы болған) бар Ресей мемлекеті дүние жүзіндегі алпауыт мемлекеттердің санатына кірді. Ал, 200 жылдан астам уақыт бойы жан-жақтан анталаған жаумен арпалысқан Қазақ Ордасының жағдайы мүлде басқа болатын. Жаулау үшін де, қорғану үшін де, кәсіби әскер, қару-жарақ керек. Көп жағдайда зерттеушілер тарихымыздың әлеуметтік, құқықтық жағына, халқымыздың дәстүр-салтқа қатысты ерекшеліктеріне барынша көңіл бөледі, ал әскери техникамен, қару-жарақпен қамтылуын, кәсіби армия мәселесін, өнеркәсіп өндірісінің даму қуатын ескере бермейтін секілді.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақтың тағдыр талқысына түсуі мемлекеттің нақ осы жағынан әлсіреуінен еді. Ел мен жерді сақтап қалу — басты мұрат болды. Әбілқайыр хан және Бөкенбай, Есет батырлардың күреске толы өмірлері осы мұрат жолында өтті. Бөкенбайдың тарихтағы орнына қысқаша тоқталар болсақ, біріншіден, белгілі жазушы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтің тарихи-хронологиялық «Үркер» романынан үзінді келтірсек артық болмас: «..... 1725-26 жылдары Ақтабан шұбырындыда жүргенде башқұрттар қоныстанып алған Елек, Ор, Қарғалы, Қарабұтақ, Ырғыз бойын қайтадан елге қаратып, терістікке қарай жылжыды. Әбілқайыр хан Ырғыз бойына қайта барып оралғасын, баяғыда Қаракұмдағы жиында қазақ қолының қолбасшысы болған табын Бөкенбайдың атынан үш жүзге сауын айтқызды. Ырғыздағы Жаманшыңның күнбатыс беткейіндегі Талдысайдағы жалғыз шоқы, исі алаштың маңдайға ұстар нысанасына айналды. Сол бір нысаналы жалғыз шоқыға тағы да үш жүзден қол ағылды. Үш арыстың баласы жан-жағын қомдаған атан түйедей сәңкиген-сәңкиген қара жалдар қоршаған баяғы шұқыр ойда бас санасып, жалау түгендесті. Бұл жолы найзаға таласпаса, туға таласқан ешкім болған жоқ. Үш алаштың туын тағы да азуы алты қарыс үйсін тұрып, арғын тұрып, алаш тұрып, күні кешегі кірме табындардың көсемі Қараұлы Бөкенбай ұстады. Ортаға шығып «арым алашқа даным қазаққа» деп ант-су ішті. Одан кейін ортаға ұлы жүздің қолының бас сардары ошақты Саурық, орта жүздің қолының бас сардары керейт Тайлан батырлар шығып, құран ұстап ант берісті. Әбілқайыр да, Болат та, Сәмеке де, Әбілмәмбет те, Барақ та, Батыр да бірауыздан қолдады. Содан сол бір жұдырықтай жиналған қазақ қолы Ұлытаудың құбыла беткейіндегі далада Бұланты мен Бөленті өзендері қиылысқан Қарасиыр деген жерде Қаратаудан Сарыарқаға басқыншылықпен келе жатқан жоңғар әскерін жеңді. Үш жылдан бері еңселері түсіп кеткен қазақ, сол шайқастан төбелері көкке жетіп, желпініп қайтты». Екіншіден, 1731 жылдың желтоқсан айында орыс елшісінің келуіне байланысты қазақ арасындағы қарсылық ерекше күшейген. «Мені де, ханды да өлтіруден тайынбаған қазақтарды Бөкенбай ғана тоқтатты» — деп жазады елші. 1733 жылы А.И.Тевкеев: «Әсіресе Бөкенбайға айрықша назар аударуымыз қажет. Өйткені оған барлық қазақ сенеді. Ол ақылды, қайырымды, адамгершілігі мол адам. Қазақтардың Ресейге қарсы шабуылын да тоқтатқан сол» — деп, Сыртқы Істер Комиссиясына хабарлаған (тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Мұқтардың «Тарих тұңғығындағы тұлғалар» атты кітабынан алынып отыр). Бұл қазір бізге көз жүгіртіп оқи салуға жеңіл болғанмен, сол кезде халқымыздың тағдырын шешуге қатысы болған, салмақты құжаттар еді...

Үшіншіден, Бұқараға аттандырылған Ресей елшілік керуенінің басшысы Я. П. Гавердовский 1803 жылғы Кіші жүз жеріндегі сапары барысынан жазба күнделіктер қалдырған. Керуен 21-22 тамыз күндері Ырғыздың «Бөкенбай шоқысы» маңында екі күн қонады. Осы күндері Я. П. Гавердовский күнделігіне: «К реке Иргиз опускается она многими крутыми уступами... При воззрении на Букенбаевы горы и на маяк Букенбаев, киргизцы не могли утерпеть, чтобы не уведомить нас о причине такового их наименования. «В старину,— говорили они,— когда калмыки, притесня Орду нашу через набеги, оставались обитать частью в здешних окрестностях, старшина Букенбай с подвластными ему аулами имел главное кочевья в горах, носящих теперь его имя, где природа соединила все выгоды, потребное для жизни. Чтобы вернее спасти свое убежище от неприятелей, он располагал всегда свой в долине, окруженной отовсюду возвышенными местами, по коим паслись табуны под наблюдением раставленных на вершине караулов. Для предупреждения нечаянных нападений, на возвышеннейшей пред всеми прочими и неприступной каменной горе, с коей все около лежащее местоположение было открыто, выставлял особый пост, который определенными сигналами давал знать скрывающимся в долине обо всех движениях неприятеля. Долго таким образом, охранялось сие природное укрепление, но наконец, жестокое сражение, в коем Букенбай лишился жизни, открыл врагом путь в середину. Тело сего героя погребено на горе маячной» — деп жазған екен. Тарих көші үшін Бөкенбай қолбасшының қазасы мен күнделік-жазба арасындағы 60 жыл аса ұмытылатын мерзім емес. Тіптен, Я. П. Гавердовскийдің сапарында, Бөкенбай қолбасшымен дастарқандас болғандардың көзі тірілері де болған шығар-ау... Төртіншіден, Я.П.Гавердовскийдің бұдан 209 жыл бұрынғы жазылған күнделік-жазбасына қатысты, қазіргі Орал мемлекеттік университетінің ғылыми істер жөніндегі проректоры, профессор, тарих ғылымының докторы Әбілсейіт Мұқтар «Тарих тұңғығындағы тұлғалар» атты ғылыми мақалалар жинағының («Арыс», 2008 ж.) 49-парағында: «Я.П.Гавердовскийдің батырдың өлімін қалмақтар қолынан болған дегенін 1741-1742 жылдары Кіші жүзде болған ағылшын көпесі Гоктың жазбасы және мұрағат деректері жоққа шығарады.

Бөкенбай батыр денесі Ақтөбе облысындағы Ырғыз-Шалқар жол қатынасы бойындағы БИК ШОҚЫДА ЖЕРЛЕНГЕН. Кейін ол Бөкенбай шоқысы аталып кетті. Шоқыны 1803 жылы 21-22 тамызында көрген Я.П.Гавердовский Ырғыз өзені бойын барлап, «Құлақашы тауынан әрі, биік және белгілі Қабанқұлақ тауы бар. Арасын құмды жазық бөліп тұр. Оң жағымызда Суықбеттау көрінеді. Одан 40 шақырым жерде Бөкенбай тауы, олардың арасында «Бөкенбай маягі» аталатын шошақ пішінді тас төбе ерекше көзге түседі... БӨКЕНБАЙ БАТЫР ДЕНЕСІ ОСЫ ТАУДАҒЫ МАЯКТА ЖЕРЛЕНГЕН»... — деп тұжырымдайды. Бесіншіден, қазақ тарихында белгілі тұлғалардың кез-келген жерге жерленбейтін қағидасын еске алсақ, сондай-ақ, фәни жалғандағы дүбірі жадында қалған қонысты мекенінде жерлеуді, әсіресе, жасы келген үлкендеріміздің кейінгілерге алдын-ала тапсыратынын ескерсек, Бөкенбай қолбасшының көзі тірісінде өзінің атымен аталған «Бөкенбай шоқысына» жерлеуді кейінгілерге аманат етпеуі және артындағы жұртының оның аманатын орындамауы мүмкін емес. Бұл бәрімізге түсінікті болар. Кешегі жетпісінші жылдардың басында Ырғыздан Шалқарға қатынағанда «Бөкенбай шоқысы» төбесінің оңтүстік беткейінде үйме тастан қаланған биік бейіт сұлбасы көзге шалынып, үңірейген кірер есігінің ішкі беткейге қарағаны алыстан көрінетін. Бұл жөнінде Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Ақтөбе қаласының құрметті азаматы Рысжан Ілиясқызы «Мәдениет» журналының 2011 жылғы 4-санындағы «Атамұрадан» «Мәдени мұраға» дейін» атты мақаласында былай дейді: «...Бөкенбай шоқысын түсіруге бардық. Ол кезде Бөкенбайды аз білеміз, дегенмен бала кезімізден «Бөкенбай шоқысы» Шалқар мен Ырғыздың жолында кетіп бара жатқан кезде, келе жатқанымызда, көлбеп, шың болып көрініп тұратын еді... Мәні әулиеге жақын жердегі Бөкенбай батырдың қарауыл қараған бес обасы туралы, сосын аңыз бойынша Бөкенбай батырдың ҮҢГІРІ туралы керемет-керемет әңгімелер жазылып алынды...». Бұл жерде қазір де зерттеуге

тұрарлық бейіт сұлбасының орны жатқаны туралы «Ақтөбе» газетінің тілшісі Аманқос Орынғалиұлының (2010 жыл, 24 маусым күні жарияланған) «Батырдың қонысында» атты мақаласында: «...Батырдың сүйегі де осы шың басына жерленген деген дерек бар. Киіз үйдің орнындай жері ояң түскен, қайрақ таспен қоршалған шың басындағы бір белгіні ырғыздық азаматтар батырдың сүйегі осында деп ардақтайды. Одан гөрі де батырдың әкесінің, анасының бейітінің Ырғыздың қай мекенінде екенін жақсы біледі...» — деген дерек келтіріледі. Соңғы жылдары қолбасшы Бөкенбай Қараұлы қонысының үстінен өтіп жатқан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік жолының Ырғыз-Шалқар аудандары арасындағы қиылысы ұзын жолдың торабына айналуға соған байланысты, осы маңда «Қиылыс» деген атау пайда болды. Өткеннің шежіресін ұрпақ жадында қалдыру парыз. Олай болса, қазақ елінің XVIII ғасырдағы бас батыры Бөкенбай Қараұлына тікелей қатысы бар, 300 жылдан бері ұрпақтан-ұрпаққа «Бөкенбай шоқысы» деген атаумен мәлім болған жер атын енді жоғалтып алмау мақсатында, осы маңнан өтіп жатқан жол қиылысын «Бөкенбай батыр бекеті» деп атаса дұрыс болар еді. Бұл жалғыз Бөкенбай батыр емес, онымен қарулас болған барлық бабалар рухына да құрмет болар еді...

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақтөбе облыстық энциклопедия 2001ж.
2. Ырғыз ауданының энциклопедиясы.

Шежірелі Ырғыз өңірі

Ғылыми жетекшісі: Хайруллина Индира Закариевна, тарих пәнінің мұғалімі
Авторлар: Айдар Темірлан, Есімбаева Гүлшара, Миралиева Жұлдызай - №51 мектеп - гимназиясының оқушылары

Ырғыз өңірінің табиғаты нешеме жер реңіне бай. Олардың ішінде тауларды алатын болсақ, бірсыпыраларының айбыны да, тарихы да, сыры да мол таулар. Солардың ішінде Нұра, Сұңқария, Қосбүйрек, Маңтөбе, Жаманшың, Бөкенбай шоқысы, Темірастау, Мәні тауларының сырына үңіліп көрейікші...

НҰРА ТАУЫ Ырғыз ауданы орталығынан шығысқа қарай 100 шақырым қашықтықта Нұра тауының іргелік кемері көрінеді. Осы кемер Тосын құмынан басталып, 120-150 км. Торғай өзенімен қапталдаса отырады да, Құрдым тебізінің деңгейіне дейін созылады. Кемердің үстіне шықсаң, әрі қарай жалғасып, Жезқазған облысының Нұра ауданы маңына дейін созылатын үстірт. Осы Нұра кемерін Нұра бойында Алакөл, Ақкөл, Байтақкөл, Қаракөл, Келтекөл, Қармақкөлі, Көккөл, Қулықөл, сияқты ондаған көлдер бар. Бұл көлдердің бәрі шабындық пен жайымдылыққа бай көлдер.

СҰҢҚАРИЯ ТАУЫ Ырғыздың күншығысқа қарай 85 шақырым жүргенде жабдан тегістікте Сұңқария тауы көрінеді. Ел аузындағы аңызда: “Бір алып сұңқар құс Әлеке ханның мал басы, дәулетінің құсы саналған боз биенің құлынын жылда көтеріп әкетіп, шыңның басына апарып жейді екен. Хан әлгі құсты тірілей қолға түсірсем деп арман етеді. Осы арманын кімге айтса да, батылы барып ешкім шыңға шыға қоймапты. Асан Қайғының баласы Абат батыр келісім беріп, қиядан көздеп сұңқарды топшысынан құлатады да, ханға тірілей әкеліп береді. Сөйтіп, Абат батырдың атағы елге жайылады. Содан бұл тау Сұңқария деп аталып кетіпті”, — делінеді. Мұнан басқа да айтылатын ел аузындағы аңыздар баршылық.

ҚОСБҮЙРЕК ТАУЫ Ырғыздан күншығысқа қарай шақырым жүргенде Нұра тауының бергі жазығында 85 км шамасында тұрған айыр тауды Қосбүйрек деп атайды. Бұл бұрын бүтін бір тау болса керек. Қуғын-сүргінге толы құба Қалмақ заманында, осы өңірді қалмақтың ханы Әуірке басып алған. Оған қарсы күреске Абат батырдың жер қайысқан қолы шығады. Қалың қол төбені айналып өтуге жайылма су болып, тіке таудың

үстімен салып өтуді ұйғарады.Қалың қолдың ат тұяғы тауды екіге бөліп кетіпті.екіге бөлінген тау алыстан қарағанда қос бүйрек сияқты көрінеді.Содан соң тау Қосбүйрек атанып кетіпті делінеді.

ТЕМІРАСТАУ ТАУЫ Темірастау тауы-Ырғыз ауданы орталығынан батыс-солтүстігіне қарай 30 км шамасына басталып, Ырғыз өзенін өріне қарай , бойлап 40 км ұзындықты алып жатқан таукемер жота.Қазақ атауды тегін қойған халық емес, темірі тау жынысында болуы керек.Ал, осы таудың астауы қайда?Астауы ойда десек қате емес.Оған мына жер атауларын атап отырсақ,астаудың шеңберлі сызығын түсінесің, Жарқын алабының батысынан басталатын Бозкемер, Қызылқабак,Құмкемер,Ақтоғайдың қарсысындағы қыраттан батысқа бұрылып Бесмола жотасына, одан оңтүстікке бұрылып Мәні шыңы,Темірастау таукемері- Суықбет, Айырқызыл, Андызды құмдарынан шығысқа айналып,көмкеріп жатқан айнала кемер іші көз алдына үлкен алаптықты көрсетеді.Осы кемер ішіндегі алаптықтың ұзындығы- 70 км,көлденеңі-20 км-дей көлемді алып жатқан алқап астау тәріздес.Осы ұзын да кең,астау тіріздес алқапты қақ жарып,Ырғыз өзені алып жатыр.Оның екі жағы бірдей көктемде су шайып өтетін Ақтоғай, Шеңбертал, Шабаған, Ақши сияқты екі жүз мың центнер шамасында пішен беретін шабындықтар.Темірастау атауына байланысты осы жерді Темірастау өңірі деп те атайды.Бұл өңірді мекендеген ел қашаннан береке дарыған азаматтары көп шыққан өңір.

Маңтөбе Ырғыз ауданы орталығы-Ырғыз селосынан солтүстік-шығысқа қарай беттей бергенде 25 км қашықтықтағы маңдай алдыңнан маңқиып көрінетін биіктік-Маңтөбе деп аталынады. Осы Маңтөбенің айналсы- табиғат өзі жарасымын беріп қойғандай айнала көл,өзен,жылға олардың арасы жайқалған неше түрлі жұпар иісті өсімдіктер.Жазғытұрғы кезде нұрын шашып,көкірегінді аша түседі.Маңтөбені айнала 20-30 шақырым шамасында қолдан орналастырғандай көлдер тізбегі: Сабынкөл, Сарыкөл, Сарқопакөл,Аманкөл деп аталатын көлдер жүйесі қоршап жатады,оның үстіне Маңтөбенің батысы мен оңтүстігін орғыта Ырғыз өзені, оңтүстігі мен шығысын ала Телқара өзені айнала өтіп,Маңтөбенің табиғатына әр беріп тұрғандай. Міне,бұл жер Әбілқайыр таңдауына ілініп, Ресей патшасының елшісі М.Тевкелевті осы жерде қабылдаған.Аталған жерде елшіні қабылдап, ұзақ мәмледен кейін Қазақстан мен Ресей патшасының атынан 1731 жылы 10 қазанда одақ болу келісіміне қол қойған.Шартқа қол қою рәсіміне той жасалынып, төбенің басы майға бөгіп қалған көрінеді. Соған байланысты,кейде халық Маңтөбені "Майтөбе" деп те атай беріпті. Осындай тарихи маңызы бар Маңтөбені нешеме жылдар бойы ел-жұрт қастерлеп, қасиетті орын санап келеді.

Жаманшың тауы Ырғыз селосынан оңтүстікке қарай 40 км қашықтыққа Жаманшың аталатын жықпыл-жықпыл шыңдар жотасы бар, аумағы 50 шаршы км.Осы жерге миллиондай жыл бұрын көлемі жағынан (Аляскадан кейінгі) дүние жүзіндегі екінші, 36-40 миллион тонналық космостықу қуаты дене салмағы бар метеорит құлағаны, оның соғу қуаты 6.2-10.20 эрг.кем болмағаны,соққан дененің балқып ағып кеткені, соның нәтижесінде метеорит соққан жерде аумағы 5-6 км, тереңдігі 700 метрдей қазан шұқыр пайда болғаны, түскен жерін төңкеріп тастағаннан жаман шыңдар пайда болмағаны ғылымда анықталған. Сол аумақтан табылған импакиттерге "Жаманшинит", токситтерге "Иргизит" деген ғылыми атаулар қойылғаны дүние жүзіне белгілі.Бөкенбай шоқысы Ырғыздан Шалқарға қарай шығар тас жолында 60 км жерде, жолдың сол жағында биік шоқы тұр.Осы шоқыны"Бөкенбай шоқысы" деп атайды. Бұл атау-ХVIII ғ. бас жағында аталса керек. Осы тұста Ырғыз өңіріндегі нешеме соғыстарға қатысқан Қарабатыр,Есет,Бөгенбайлардың аты халық арасында құрметке айналып кетеді.Сонымен бірге Бөкенбай батырӘбілқайыр ханның сенімді серігі, әрі сарбазбасы болған.Осы биік шоқы оның әскери қарауыл төбесі екен.Міне, содан бері халық Бөкенбай сияқты батырына сүйіспеншілігін осы шоқыға басын қосып, "Бөкенбай шоқысы" деп атап кеткен.

Мәні шыңы Ырғыз ауданы орталығынан Ырғыз өзенінің өріне қарай жүріп отырғанда,75 км шақырым шамасында өзеннің сол жағында қапталдасып отыратын

Темірастау тауының шеткі биігін Мәні шыңы деп те атайды. Оның қақ басында Мәні әулие қорғаны тұр. Қорғанның қай ғасырда, қай жылдары болғанынан деректі мәлімет жоқ. Бүгінде жеткен аңыздың бірінде Мәні батыр қыз болған. Ол талай қол бастап, қарсылас жауын ұдайы жеңіп отырған. Кейін жаугершілікте Мәні қыз ерлікпен қаза тапқан. Оның жауынгерлерін жау қамап алып, қырып тастаған. Осы жауынгерлерді жерлеген жерді ел-жұрт «Мәні әулие» атап, тағзым ететін болған. Қорғанның аумағы 2-3 гектардай. Бұл қорған жайлы аңыз көп, болашақта археологиялық терең зерттеуді қажет етеді. Ырғыз ауданы аумағында құмдар тізбегі баршылық. Олардың көпшілігі Арал қаракұмының Ырғыз қаласына дейін жететін сілемдері. Олар: Айырқызы, Есеншағыл, Жаманқұл, Ырғыз, Балажылаған, Жанбура, Нарқызыл, Тәуіп құмынан әрі қарай жалғасып жатқан көлемді құмды Қаракұм дейді. Құмдары орғыл құм деп бөлінеді. Орғыл құмдар ықтасына көп, қысқы мал жайылымына ыңғайлы болады. Ал, шағыл құмдар жазғы мал жайылымы мен мал азығын дайындап алуға берекелі болып келеді. Ырғыздың осы құмдарында қойға шыққанда екі жүз мың бастан астам мал қыстап шығып келеді. Жаманқұм Ырғыз қаласынан 45 км басталып, Жансүгір қопасынан Шеңберталға дейін созылып жатқан құмшауытты Жаманқұм деп атайды. Ұзындығы-32 км, ені- 2-4 км, көлемі-40 км(квадрат). Жусан, еркешөп, қурай өсімдіктері өседі. Жері әрі шабындық, әрі жайылымдыққа пайдаланылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақтөбе энциклопедиясы. Бас. ред: М. Қ. Тәжібаев. Ақтөбе-2001ж.
2. Ырғыз. Қ. Еламанов. Ақтөбе-1992ж.
3. Қазына. Р. Ілиясов. Ақтөбе-2002ж.
4. "Ақтөбе газеті" 1993ж 2-ақпан.
5. "Егемен Қазақстан" 2009ж.
6. "Ақтөбе газеті" 2009ж.
7. Ырғыз энциклопедиясы
8. Ақтөбе облысының географиялық даму мәселелері. Ғылыми тақырыптық жинақ. Ақтөбе 2006ж
9. "Шежірелі өңір". Қ. Еламанов Ақтөбе-2003ж 10. "Денсаулық күзетшілері" Ақтөбе 2006ж

Байғанин ауданы топонимдерінің тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері

*Ғылыми жетекшісі: Батпеннова Венера Хабибулловна, тарих пәнінің мұғалімі
Авторлар: Тұрсынханова Ақбота - №51 мектеп - гимназиясының оқушысы*

Қазақтың ұлы жазушысы М. Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әмәнда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер-су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», - дейді.

Алуан түрлі атаулардан жасалған топонимдердің лексикалық құрамы ұлан байтақ өлкеміздің ұшан-теңіз табиғат байлығын танытады. Мұндай атаулардың қай-қайсысы болмасын халық өмірімен, тарихымен тығыз байланысты. Олар-халықтың белгілі бір тарихи кезеңдердегі өткен өмірінің, тіршілік болмысының, ой-санасының куәгері іспеттес. Сондықтан да географиялық атаулардың ұлттық байлығымыз ретінде қорғап, жинап, қастерлеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу-ерекше мәні бар абыройлы іс.

Қазіргі жер-су атауларының басым көпшілігінің мазмұн-мағынасы, мәні айқын, түсінікті болғанымен, олар, негізінен, көне түркі дәуірлерінен жеткен немесе басқа тілдерден енген атаулар. Жер-су атаулары жөнінде халық ішінде әртүрлі аңыз-әңгімелер, шежіре-деректер, хикая, дастандар туындады. Жер-су атауларының туу тарихы жайлы ел

арасындағы аңыз-әңгімелер ғылымда «халықтық этимология» деп аталады. Мұндай аңыз-әңгімелер көбіне ғылыми тұрғыдан негізсіз болғанымен, атаудың мән-мағынасын ашып, анықтауда, оны салыстыруда пайдасы бар.

Кез-келген адам баласы қазіргі қоғамдағы өмірін географиялық атаусыз елестете алмасы сөзсіз. Сондықтан да болмасын топонимдердің адам өмірінде алатын орны айрықша. Ықылым заманнан бері осы күнге дейін тасқа қашалғандай халық жадында қатталған топонимдердің түрлі сыр шертері баршаға аян. Осынау байтақ қазақ елінің батыс өңірінде орналасқан Ақтөбе облысындағы жер көлемі жағынан екінші орынды иеленетін Байғанин ауданының да ойы, қыры, тауы, даласы, көлі, өзен-бұлақтары, қысқасы, сан-саналы табиғат көрінісінің әрбір аттамы да өзіндік өрнекке толы. Облысымыздың оңтүстік-батысында орналасқан Байғанин ауданы Ақтөбе қаласынан 246 км. қашықтықта орналасқан. Жер көлемі 61,1 мың шаршы км. Ауданның әкімшілік-территориялық жағынан жеке құрылым ретінде аталуы 1928 жылдан бастау алады. Бұл жылы тамыз айында Терісаққан сайының бойында 12 болыстық қатысқан жиылыста аудан «Табын» аталып, бекітіледі. Ауданға Табын атауының берілуінде де ақылға қонымды заңдылық бар. Бұл – Кіші жүз өңіріндегі халықтың үлкен бір тайпалық одағын құрайтын Жетіру тайпасының аса ірі тармағы. Бұл ру да Адайлар сияқты көшпелі тұрмыс кешкен. Арал мен Каспий теңіздерінің аралығында көшіп-қонып жүрген. Қысқа қарай Үстірт асып Маңғыстаудың ойына дейін барған. Асмантай, Матай, Сам секілді құм шағылды, қысы жұмсақ өңірді қоныстанса, көктем туа солтүстікті бетке алып, облысымыздың Елек, Қобда өңірлеріне, жайлап қайтатын болған. Бір сөзбен айтқанда кең даланы еркін жайлаған табын руынан тұратын болыстықтар өкілдерінің бас қосуында ауданның атын «Табын» ауданы деп атауға келісілген. Он жылдан астам уақыт өткен соң Жем-Сағыз өңірінде туып өскен даңқты ақын Нұрпейіс Байғаниннің есімі беріледі. Әрине, ауданның қадірлі ақын есімімен аталуын жұртшылық қуана қарсы алған болар. Өйткені аудандық атқару комитеті 1938 жылғы 16 мамырда арнайы қаулы қабылдап, жоғарғы органдардың алдына аудан орталығын Жарқамыстан темір жол бойындағы Қарауылкелдіге көшіру және аудан атауын Сталин атына өзгерту жөнінде мәселе қойған. Одан әрі бұл мәселе облыстық атқару комитетінде қаралып, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлары Советінің қарауына ұсынылады. (Ақтөбе облыстық мұражайы. 85 – қор, 1-терім, 1574-іс, 97-бет).

Қырында киік ойнаған, төскейінде төрт түлік мал өргізген Жем-Сағыз бойын жайлаған Байғанин өңірінің қойнауы құт-берекеге, сырлы тылсым тарихқа толы. Халқымыз көне заманнан бері келе жатқан жер атауларының аңыз, әңгімелермен тығыз байланыстырары бар. Ауданның орталығы Қарауылкелді атауының шығуы туралы да толып жатқан аңыз, әңгімелер ел аузында тым еркін кеткен. Соның бірі мекен атауының қазақ-қалмақ соғысына байланыстылығына саяды. Табындар соғыс кезінде жаудың шамашарқын байқау үшін қарауылға адам қойған екен. Бірде қарауылда тұрған адам жан-жақтан хабар алмақшы болып, жолға шығып кетеді. Халық қарауылдың ұзақ хабарсыз кеткеніне күмәнданып, қорқынышпен уақыт өткізіп жатады. Қырдың басына шығып, жан-жақтың тыныштығын аман-есен біліп келе жатқан қарауылды көрген бала: «Қарауыл келді, қарауыл келді!»-деп, қуана айғай сап, ауылға жүгіріпті-міс. Содан былай бала тұрған қыр «Қарауылкелді» деп аталып кеткен. Ал аудан орталығынан 30 км, Ақтөбе қаласынан 281 км. Қашықтықта орналасқан Жарлы селосы – жарлы, кедей, тапшы деген сөздерге байланысты берілген. Көшпелі ата-бабаларымыз көшіп-қонып жүріп бұл маңға тұрақтамайды екен. Өйткені бұл маң суға тапшы болса керек. Сол себепті осылай атанған десе, кейбір қариялар ертеректе жазық жерінен жары көп болған. Сол себепті осылай атанған десе, кейбір қариялар ертеректе жазық жерінен жары көп болған. Табиғат құбылыстарының әсерінен жазықты-төбешікті жерге айналып, халық қоныс теуіп, мекен еткен деседі. Ауданның территориясына енетін ірі мекендерінің бірі – Ноғайты жері. Мәселен, филология ғылымдарының кандидаты, профессор А.Ш.Пангереев: «Байғанин ауданы топонимдерінің тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері» - атты зерттеуінде

«Ноғайты» атауының шығу тарихын бұл маңайды кезінде Ноғай жұрты жайлағандықтан «Ноғайлы» деп атағанын, кейін дыбыстық ерекшелікке ұшырап, «Ноғайлы» келе-келе «Ноғайты» болып өзгеріп, Ноғай бабамыздың тарихынан бастау алатынмен түсіндірсе (Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі-2007 жыл, 32 бет), енді бір дерек көзінде қазіргі 239-шы рзд. тұсындағы «Ноғайты» сайының бойында отызыншы жылдары мал шаруашылығымен айналысқан «Ноғайты колхозы болғанын, оның құрылуын: «XX ғасырдың 30-жылдарының басында Табын ауданында Ноғайты колхозының құрылуына байланысты негізі қаланды» - деп, ауылдың тарихы Ноғайты сайының бойындағы Ноғайты колхозынан басталатынына сілтеме жасайды (Байғанин аудандық энциклопедиясы - 298 бет). Ақтөбе облыстық энциклопедиясында берген анықтамада: «Ноғайты 1948 жылы құрылған шаруашылық» - депті. Қазақ Совет Энциклопедиясында: «Ноғайты аудан орталығы Байғанин селосының оңтүстік батысында 60 км, Ақтөбе қаласынан 312 км жерде. Халқы 2 мың (1974). 1948 жылы ұйымдасқан «Сағыз» қой совхозының орталығы» - деп, бұл жерде де ауылдың тарихы 1948 жылдан басталатынына тағы сілтеме жасайды (қараңыз: ҚСЭ-сы, 395-бет). Біздіңше, соңғы болжам қате. Сірә, жинақты құраушылар мұнысымен қазіргі Ноғайты станциясының құрылған жылын емес, керісінше 1948 жылы сай бойындағы (№239 рзд) Ноғайты колхозының толықтай тараған кезін көрсете отырып, осыны негізге алған болулары керек. Біздің болжам бойынша 1938 жылы қазіргі Ноғайты темір жол бекетінің толықтай іске қосылып ашылуы, өз кезегінде 1948 жылы сай бойындағы ежелгі Ноғайты колхозының түпкілікті жабылуына әкелген.

Ал оған дейін бұл жерде шаруашылығын жалғастырған бірлі-жарым үй болған. Күннің алтын сәулесі арайланып су бетін бейне бір сиқырлы айнаға ұқсатып, алыстан бұлдыраған сағым жүрегіңе үміт беріп, өзеннің жиегіндегі өркеш-өркеш ақ құмды қиялына қанат бітіргендей болады. Мұғалжар тауынан бастау алған Жем өзенінің жағалауында сексен үй түтін түтетіп отыр. Бұл қадір тұтар атамекен Миялының көрінісі. Миялы ауылы жер бетіндегі ең әсем, ең әдемі «Асан қайғы» бабамыз іздеген Жерұйықтың нақ өзі десе артық айтқан емес. Ауылдың жанында ақын Сағи Жиенбаев атамыз: «Жем өзені» ағады, Жылда қайта жаңғырып. Жүру үшін адамның, Жан сусынын қандырып,-деп жырлаған ерке де сұлу Жем өзені ағып жатыр. Көне түбір топонимдер. Көне түбір атаулар Қазақстан жерінде аз кездеседі және олар ең ежелгі атаулар болып табылады. Кейінгі заман өкілдері ең ежелгі атаулардың мағынасын түсінбегендіктен, көпшілігін ауыстырып жіберген еді. Бізге дейін жеткендері – ірі макротопонимдер оның да аз бөлшегі. Көне түбір топонимдердің өзі тарихи тұрғыдан алғанда туынды атау болуы ықтимал, бірақ оларды морфемаларға ажырату мүмкін емес. Атаулардың көнелігін анықтау даулы мәселе болғанымен, біз іріктеп алған атаулар, негізінен, жазба ескерткіштерде кездесетін танымал тарихи топонимдер. Топонимжасамда көне атаулар кейбір тарихи сөзжасам үлгілерін бойына сақтап, жаңа атаулар жасауда жөн сілтеп, үлгі болуы ғажап емес. Қолда бар көне түбір топонимдерінің бірі- Жем(өзен Ақт.обл.). Жем- өзен . Ақтөбе, Атырау обл. Жем топонимінің негізінде шығыс түркі тілдеріндегі кем/гем «өзен» гидронимдік термині жатқанын барлық зерттеушілер мойындайды (А.Левшин, В.Радлов, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақ т.б.).Бүкіл алтай, орал , үндіевропа тілдеріне тараған кан/кен/ген ГТ-нің қаз. жем аталуы заңды құбылыс және өте көне дәуірде, өзенді-өзен, тауды- тау деп атайтын дәуірде, пайда болғанын білдіреді. Профессор Т.Жанұзақтың айтуынша, Жем тарихи атауының Эмба(Ембі) аталып жүруі дұрыс емес. Топонимжасамның негізгі міндеттерінің бірі- тарихи атауларды сақтап қалу , заңды орнына қайтару екені белгілі. Сағыз – еліміздің батыс жақтағы Ақтөбе, Атырау облыстарда орналасқан ұзындығы 511 км,өзен. Сағыз атауының этимологиясы жайды Е.Қойшыбаев: «Түр. сағ + ыз(афф): «сағ» сөзі оғыздардың айрықша әскери термині, басқа түркілердің «оң» сөзінің орнына жүреді яғни «алдыңғы сап» ұғымын білдіреді. Бұл гидротопонимнің көне, ескі замандардан екендігін оның екінші құрамдағы ыз<уз<оғыз – «өзен» сөзі дәлелдеп тұр. Ал сақ сөзі нені білдіретіні қазір де жұмбақ. Фин-угор тілінде сөг- «саз, батпақ», фин suo, эстон. Soo- батпақ,шалшық». Егер бұл деректер нанымды деп санасақ, Сағыз атауы «айналасы батпақ, балшық, саз,

жағасында қалың бұталар өскен өзен» деген мағынаға жуық сияқты. Бұл сөздің сак этнониміне де қатысы болуы мүмкін. «Ала» сын есімі+зат есім. Ала сапалық сын есімі «ак және басқа түстердің араласып келген түрі» екені мәлім. Ала сапалық сын есімінің алуан түрлі ауыспалы мағынасы болғанымен, жер-су атын жасарда үнемі дерлік өзінің түр-түсті білдіру мағынасында жұмсалады. Ақ сапалық сын есімі сияқты бірінші позицияда келіп, анықтауыш+термин үлгісімен біріккен топоним жасайды: Ала+шен(тау). Мұндағы шен парсы. Сен «құм» сөзінен жасалып, Алашен «алақұм» мағынасын беріп тұрған тәрізді.«Көк» сын есімі+зат есім. Көк сапалық сын есімі көне түркі жазба ескерткіштерінен байқалатындай, ежелден түрік елінің сүйікті түсі болып есептеледі. Номадтар үшін көк сөзі, шынымен, қасиетті болатын себебі: көк-аспан,көк-көктем,көк-жаз,мал тойынатын кез. Мал тойынса, көшпелілер де тойынатын кез. Сондықтан қазақ топонимиясында көк сын есімі арқылы жасалған біріккен атаулар біршама мол кездеседі. Топонимжасамда көк сапалық сын есімі әр түрлі табиғи нысан атауларымен бірігіп, олардың көк, көкшіл, қара көк, аспан көк, кейде жасыл түстерін білдіреді. Қазақ өсімдіктін жасыл түсін көк деп атай береді. Бұл жасыл мен көк түстердің кейін ажыратылғанын көрсетеді. Моңғол тілінде екі түсті де хөх деп атайтыны бар және хөхе «жасыл» тұлғасында бірігеді(хохедаваа(Көкідаба)). Көк+бұлақ(е.м. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.). Көк+сеңгір(тау. 127м.Ақтөбе обл., Байғанин ауд.).«Қызыл» сын есім+ зат есім. Қызыл сын есімі «қан түсті, қырмызы» түсті білдіріп, тілімізде біршама белсенді қолданылады. Оның сансыз көп мағыналарының ішінен жер-су атын жасауға түсті білдіретін тура мағынасы мен кезінде большевиктердің, коммунистердің туының түсіне байланысты пайда болған қызыл саяси термині қатысады. Қызыл+апан(жұрт. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.), Қызыл+жан(қыстау. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.). Қызылжан- «қызыл түсті әлдебір ірі географиялық нысанның жаны,қасы» мағынасында тұр. Жаман Қантөрткөл(төбе. Ақтөбе обл., Байғанин ауд.). Қантөрткөл «хан тағындай төртбұрыш төбе» мағынасын береді. Байғанин арқылы өтетін Кежелі өзені ертеде Кежелі атты байдың үш баласын бірдей жұтуымен байланыстырады. Сондықтан өзен қайғырған Кежелі әкенің көз жасынан аталса, тағы бір дерек: өзен алабын Кеже, Әлі деген кісілер,немесе рулы ауыл аттарымен байланысты деген болжам да бар.Үшінші бір дерек Тама Есет батырдың қызық,атақты Әжібай бидің келіні Ботагөздің жортуылшы қалмақтарға қарсы соғысқан бірге болған Кежелі батырдың қапыда қалмақ садағынан өлген өзен бойы Кежелі атанған.

«Көлкен» жерінің аталуының да мынадай өзіндік тарихы бар. Кезінде «Тұздықөл» деп аталатын көлдің жағасын жайлаған бір байдың Көлкен атты жалғыз қызы болады. Қыз бой жетіп, көрші рудың бір жігітіне ғашық болады. Екі жас көңіл қосып, үйленбекші болған кезінде қыздың әкесі қарсы болып, қызын үйінде қамап ұстаған екен. Сондағы себеп-жігіт бір байдың жылқышысы екен. Сүйгеніне қосыла алмаған Көлкен сұлу көп қайғырып, құсадан қайтыс болады. Ал үш күн өткеннен соң, бай судың жиегіне барса, мөлдіреп жатқан көл қара суға айналыпты. Еш нәрсенің мәнісін түсіне алмаған бай бәйбішесіне айтып, жалшыларына суды батпақтан тазартуды бұйырады. Онысынан түк шықпай байдың өзі де, адамдары да батпақтаң арасынан шыға алмай, өледі. Жалғыз қызының көз жасынан қорықпаған бай азаппен жаһаннамға аттанған жерді халық «Көлкен» деп атап кеткен.

Көкбұлақ – Байғанин елді-мекенінің шағын ауылы.Оның бұлай аталуы атынан-ак көрініп тұр. Бұлақтың айналасының шөбі шүйгін, жері шұрайлы, көк майсаға оранған жер аты болса, жарлы сай деген мағынаны берер «Жарсай» жері көктем, күз айларында жаңбыр,қар сулары басып жол салынады.Бертін келе сай тереңдеп, жиегі жар болып қалғандықтан осылай аталынған екен. Абай елді-мекені қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың есімімен байланысты қойылған.

Ауданның негізінен құмды өлке болып келетіндіктен құм атымен байланысты – Қызылқұм, Баршақұм, Аққұм, Сарықұм секілді жер атаулары да кездеседі. Түске байланысты топонимдер кейде сол түстің өзін емес, бағытты білдіретін ерекшелік

бар. Мәселен, осман түріктері Ақ теңіз дегенді – оңтүстік, Қара теңіз дегенді – солтүстік, Қызыл теңіз дегенді – батыс деп есептейді.

Ел аузындағы аңыздарда «Мендіболат» деп аталатын төбе бар. Ол төбенің «Мендіболат» аталу себебін көнекөз қариялар: «Ертеде бір байдың ай десе аузы, күн десе көзі бар сұлу Менді есімді қызы болыпты. Оған кедей баласы Болат атты жігіт ғашық болған. Екі жастың кездесіп, сырласып жүргенін сезген әкесі, қызын басқа біреуге беруге бел буады. Оны естіген қос ғашық Менді мен Болат өмірлерін сол төбенің басына барып қиған екен», - деседі.

Енді «Ыбырай төбе», «Жалғыз ағаш» жерлерінің аталу себебін ауыл қариялары ертеде Ыбырай деген молда кісі осы төбеден қоныс теуіпті. Сол төбеге жақын жерде жалғыз ағаш өсіп тұр. Бұл ағаш Ыбырай молданың дәрет алған жерінен шыққан дейді. Сондықтан төбе басы – Ыбырай төбе, ал өскен ағаш – Жалғыз ағаш аталып кеткен екен.

Байғанин ауданының «Шайтансай» деген сайдың аталуын мынадай аңызбен байланыстырады. Ертеде бір қария түнделетіп атымен келе жатыпты. Бір сайдан өте бергенде аттың аяғының астынан жылқыша кісінеп, шыңғырған дауысты естиді. Қорыққан қария шайтан деп ойлапты. Сөйтсе, ол жылқыша дыбыс шығаратын тышқанның дауысы екен деген аңыз бар. Осыдан кейін ол сай «Шайтансай» атаныпты. Бұл халықтық этимология болғанымен, атауды анықтап тұруымен шындыққа жанасады.

Белгілі топонимист А.Әбдрахманов «...Бұрын топонимика лексикологияның жер-су аттарын зерттейтін бір саласы деп танылып келсе, соңғы жылдары ол география, тарих және лингвистиканың түйіскен жерінде пайда болған, жеке ғылым ретінде қалыптасып келеді. Қазіргі талап тұрғысынан ономастиканы, соның ішінде топонимиканы бір ғылымның әдістерімен зерттеу жеткіліксіз, өйткені атаулардың шығу, даму тарихы айналаны қоршаған табиғатпен, түрлі әлеуметтік-тарихи өзгерістермен тығыз байланысты. Осыдан келіп атаулардың мағыналық және этимологиялық құпияларын ашу үшін бірнеше ғылым салалары деректерімен хабардар болып, оларды жете пайдалану қажеттігі туып отыр», - деген болатын. Ал біз өзіміздің жобамызда топонимиканың бұл айтылған жәйтерін де ескере отырып және өскелең өмір талабына сай оны одан әрі жүйелеу, дамыту, тереңдете ұғу қажеттілігін нысанаға ала отырып әдебиет пен топонимиканы, тарих пен топонимиканы, қазақ тілі мен топонимиканы тығыз бірлікте алып қарастыруға тырыстық.

Ақтөбе өңірінде жоғарыда сипатталғандай танымдық сыры тереңге тартар топонимдер мыңдап саналады. Олардың этимологиясын анықтау, тарихи-лингвистикалық заңдылықтарын зерттеу келешектің ісі деп білеміз. Алған бағытымыз бойынша, ашар сыры әлі де көп, әрбір аудан, әрбір облыс өзінің тарихына және лингвистикалық ерекшеліктеріне қатысты атаулар, ұлан - байтақ алқапты алып жатқан, табиғаты сан қилы болып келетін өлкеміздің жер - суына, елді мекендерін қағаз бетіне түсіріп, жазып шығарса, онда Республика бойынша әрбір облыстың тарихы жинақталып, құнды дерек шығатынына сеніміміз мол.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1) Бияров Б. «Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері». - Астана, 2013.
- 2) «Ақтөбе: Энциклопедия – Ақтөбе». «Отандастар-Полиграфия» ЖШС, 2001.
- 3) Жанұзақ Т. «Жер-су атаулары» (этимологиялық анықтамалық). - Алматы: «Өнер», 2011.
- 4) «Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі» (Атаулардың пайда болу тарихы). Ақтөбе қ., 2007. 67-75 б.
- 5) «Байғанин ауданы» (1928-2008). Ақтөбе: «NOBEL», 2008.
- 6) http://www.bjka.kz/audan_tarihi.php

Жаманшың атауының шығу тарихы

Ғылыми жетекшісі: Батпеннова Венера Хабибулловна, тарих пәнінің мұғалімі
Авторлар: Ахмет Алтынгуль, Жалимбетова Альбина - №51 мектеп - гимназиясының оқушылары

Қазақ жері тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерімен қатар, табиғат ғажайыптарына да бай. Бір ғана Ақтөбе даласына көз жіберер болсақ, басқасынан былай қойып, бүкіл әлем ғаламдарының назарына ілігіп отырған орындар қаншама: бұдан миллион жыл бұрын құлаған метеорит әсерінен пайда болған Жаманшың кратері (Ырғыз ауданы); мұз дәуірінен бері келе жатқан тоғай (Қарғалы ауданы); жыл сайын көктемде төсіндегі 30 көлге 2,5-3 миллион құс қонақтап, балапан өргізетін болғандықтан, алып құс мекені ретінде Рамсай конвенциясы дүниежүзілік маңызы бар деп таныған Ырғыз-Тоғай қорығы; облыс орталығынан 45 шақырым жерде жатқан Айдарлыаша геологиялық қимасы... Жер беті ерте заманнан космостан жауатын түрлі аспан денелері салдарынан болатын сездіріп отырған, күніне бізге 30 тоннадай метеориттер түсіп отырады екен. Олар салмағы граммның бірнеше бөлігінен көптеген тоннаға дейін жететін шағын бөлшектер (денелер). Олардың көбісі атмосфераға кірген бойда жанып кетеді, белгілі бір бөлігі бізге дейін жетеді. Миллиондаған жылдар бұрын жер астына кеткен белгісіз метеориттер қалдығын жер бетіндегі жүздеген «тыртықтардың» барлығы ғылымға белгілі. Ырғыз өңірінің оңтүстік-батысында 40 шақырымдай жерде ел ерте заманнан Жаманшың (немесе Жамантау депте атайды) атап кеткен жер бар. Алғашқылар болып 1939 жылы Жаманшың топырақ құрылымына В.А.Вахрамеев пен А.Л.Яншин назар аударды. Олар мұндағы палеозой жыныстарының геологиялық құрылымының ерекшелігін атап көрсетті. Оларды таңқалдырған- сол жердің тау-шұңқыры толы түрлі қорытпалар, шашылған шыны моншақтар... Кейін (1961 жылы Б.Пилил) бұл жердегі шыны, шлак, пемза секілді іші кеуек тастар табылды, оларды вулканның тау жыныстары ретінде қарауға болады. Ол жерге өсімдік те шықпай, жәндіктер де жолай алмағандықтан жұрт Жаманшың деп атап кеткен.

Топонимдер құрамындағы «жаман» сөзі әртүрлі мағынаға ие екендігі байқалады. Мұнда «нашар», «кіші», «жатаған, пәкене», «қолайсыз». т.б мағыналардың жүгі бары байқалады. Жаманшың атауы туралы аңыз көп. Жаугершілік жылдары қуғын-сүргінге ұшырағандар осында келіп паналаған, құрсанып келген қуғыншылар таба алмаған. Жұмбақ үңгірлерінде жақсылық оқиғалардың ізі көп болған. 1960 жылдары тап осы Жаманшың құпия әскери бөлімше тұрған. Алып машиналар, қару-жарақтар, оқ-дәрілер, тіпті әскери ұшақтар қонатын болған. Содан Жаманшыңға ешкім бармаған, әлі де ешкім бара алмайды. Жол білетін адам бастап, сырт жағынан бармаса, Азбартастан бару мүмкін емес: тау етегіндегі бұлақтардың суы айнала жерді былқылдатып, машинаны жүргізбейді. Жаяу жүргенге жол алыс. Бұл жерді ертеден дәулетті кісілер сапалы пайдаланып, қиесіне бас иіп өткен. Ол үрдіс кешегі 1941-1945 жылғы соғыс басталғанға дейін жалғасқан. Жаманшың шатқалының ерекшеліктері, жер қыртысы жыныстарының өзгеруі табылған шыны, шлак құрылымындағы ерекшеліктер, олардың ішінде лешательрит болуы, тектитті еске түсірердей тамшы тәріздес әйнек түрлерінің өзгешеліктері 1975 жылы П.В.Флоренскийге осы кратердің пайда болу негіздерін анықтауға мүмкіндіктер берді. Зерттеулер Жаманшың кратерінің осыдан 0,75-1,1 млн жылдар бұрын оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа қарап ұшқан ірі метеориттің жерге қиғаш (көлбеу) салдарынан пайда болғандығын анықтады. Ойпаттың диаметрі 5-6 шақырым, түбі жайпақ, бауырайы көлбеу, тереңдігі 700 метрдей. Метеориттің диаметрі 200-400 метрге жеткен. Аталған кеуек шлактар, пемза типтес жыныстар қызуы 1500-5000 градусқа жететін жарылыс салдарынан пайда болған. Кратер территориясынан табылған түрлі жыныстардың ішінде салмағы 0,5 тен 3,0 гр, ұзындығы 2-3 тен 20-300 мм жететін ширатылып қатқан шашыранды, талшы тәріздес шыны денелер толық өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Бұлар тектиттер және бүкіл ТМД елдері территориясында бірінші рет тек біздің Ақтөбе облысында ғана табылып отыр. Бұрынғы замандарда

адамдар бұл заттан түрлі бұйымдар жасағаны да зерттеушілерге мәлім. Ал герцог Эденбург осы тектиттерден моншақ тізіп, корольге сыйлаған екен.

Тектитер жөнінде көптеген шешілмеген жұмбақтар бар, олардың жаратылысы әлі анықталмаған. Бұрын тектиттердің пайда болуын жерде болатын жанартау құбылысымен байланыстырды. Бірақ олардың бір тамшысының өзінің пайда болуы үшін өте жоғары температура қажет, ал ондай жоғары температураны вулкандар құбылысы бере алмайды. Кейбір оқымыстылар тектиттердің шыны метеориттердің бөлшегі деп есептеп келді. Кейбіреулері оларды айдан түсті деп есептейді. Қайткен күнде де тектиттер жердегілер білетін бірден-бір шыны түрлеріне ұқсамайды. Үлкен алып метеориттің жарылысы болған деп жорамалдауға болады. Соның салдарынан жер балқып, буға айналған. Сөйтіп аспанда өте қатты қызған бұлттардан осы тамшы шыны тастар пайда болған деп есептеуге болады. Бір қызығы тектиттер Австралия, Филиппинде, Чехославокияда да табылған, ал оларда ерген шыны тастар болғанымен кратерлер (шұңқырлар) жоқ. Жаманшының жайы ерекше. Дүние жүзінің ешқандай басқа жерінде тектиттер кратер жанынан табылған емес. Бірнеше жүздеген мың жыл ішінде, әрине, шұңқыр біте бастаған, айнала пайда болған табиғи дуал тегістелген, бірақ метеорит апат соққысының ізі әлі күнге дейін сақталған. Егер айдан әкелінген үлгілерді есептемесек метеорит жер жаратылысынан тыс бірден-бір зат болып есетелінеді. Аспаннан түсетін тастар туралы аңыздар Ежелгі Грек және Рим деректері келтіреді, қытай шежірелерінде жазылған. Метеорит кратерлері бүкіл дүние жүзі ғалымдарын қызықтырып келеді. Қызықтыратын көптеген себептердің бірі ретінде метеорит кратерлерін зерттеу арқасында пайда қазбалардың табылып қалуы жиі кездеседі, атап айтқанда алмаздың ерекше түрлері.

1991 жылы Канаданың, Францияның және басқа да елдердің оқымыстыларының қатысуымен Жаманшың жөнінде Халықаралық конференция өткізу белгіленген болатын. Кеңес Одағының ыдырауы және геологиядағы кейінгі өзгерістер конференцияны кейінге қалдыруға әсер етті. Қазір кратер бейнесі өзгерді, оның о шетінен бұл шетіне дейін айқыш-ұйқыш жолдар пайда болды. Осының барлығы оларды кейінгі ұрпаққа сол күйінде жеткізуге мүмкіндік бермейді. Өте сирек кездесетін осындай бірегей табиғи құбылысқа орны толмастай зиян келтіріп отыр. АҚШ-та атақты аризон кратері бар, ол туристердің осы кезге дейін пір тұтып баратын орнына айналған. Космос эрасына дейін бұл кратер ең үлкен кратер болып есептеліп келді, оның диаметрі 1200 шақырым, тереңдігі 183 метр. Жаманшың кратерінің диаметрі 5,5 шақырым, тереңдігі 700 метр. Метеориттің диаметрі шамамен 200-400 метр де, салмағы 35-40 миллион тонна. Салыстыру үшін бірнеше кратерлердің өлшемдерін келтіре кетейік. Канадада Маникуаган кратері - 120 шақырым және Седберн - 200 шақырым, Африкада Фредифорд - 120 шақырым, Австрияда Акрэмен - 160 шақырым, Солтүстік Америка Чиксулуб - 300 шақырым. Оңтүстік Германияда диаметрі 26 шақырым метеорит кратерінің ішіне немістің ежелгі қаласы Нордменгер орналасқан. Жер бетінде метеорит кратерлерінің ашылуы XX ғасырдың жетістігі болып табылады. Өкінішке орай олар, оның ішінде Жаманшыңда іс зерттеген, олар әлі де көптеген құпияларды өзінде сақтап қалуда. Осыған қоса Жаманшың метеорит кратері табиғаттың бірден-бір, өте сирек кездесетін бөлігін атап көрсетуді жөн деп есептейміз.

1992 жылы ағылшын және орыс тілдерінде геологиялық экспедициялар үшін жол көрсеткіш кітапша жасап шығарды. Оның авторлары осы жерде алты бақылау тірек пунктерін ашуға ұсыныс жасайды. Сондай-ақ мемлекеттік табиғи қорық ашып оның жанынан музей ұйымдастырып, онда метеориттік материалдар мен басқа да табиғат жыныстарын, минералдар көрмесін жасауды ұсынады. Бұл «Уақыт кез келген жараны емдейді» дейді. Ал Жаманшың – жердің бұдан миллион жыл бұрынғы алып жарасының орны. Бүгінде, бір қарағанда, Жаманшың - осы далаға тән көп таулардың бірі. Тау басында өсімдіктерде бар. Беті тақырда, асты күл секілді үлпілдек, кей тұстары, расында да, жазылып келе жатқан жараны еске салатындай. Енді бір тұста біріңғай ұсақ тастар үйіндісі жатыр. Бұлардың арасынан шыны тамшы моншақтарды тауып алу қиын емес. Айтпақшы, бұл жерден табылған тектиттер ғалымдар тектит-иргизиттер деген ат берген.

Ақтөбе облыстық музейі қорында жергілікті геолог Я.И.Бойко тапсырған тектит-иргизитте коллекциясы бар...Ырғыздың қазыналы жерін қорғаудың қамқорлық шарасы ретінде 1986 жылы халықаралық маңызы бар республикалық дәрежедегі кіші қорық (Тәуіп пен Нұра) құрылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Рысжан Илиясова «Далам тұнған шежіре» Алматы: «Зерде», 2007. 232 бет.
2. «Казахстанская правда» газеті №84 [19.610] жұма, 6 сәуір 1984 жыл
3. «Алтын Орда» газеті №49 (203) 12 желтоқсан-18 желтоқсан 2003 жыл-19 бет.
4. Телғожа Жанұзақ Ж 27 «Жер-су атаулары» (этимологиялық анықтамалық).- Алматы: «Өнер», 2011.496 б.
5. «Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі» Ақтөбе қаласы 2007 жыл
6. «Актюбинский областной историко-краеведческий музей». Отчет о командировке в Иргизский район с целью изучения памятников природы с 6-9 октября 2008 года

Ырғыз ауданының топонимдері

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Қолғанатова Разия Жүгінісқызы

Автор: Сейітқазы Ақниет

Ырғыз ауданының топонимдері әрбір атау - тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Мұндай ұлттық және рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Кез келген аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына көптеген тарихи деректерді, этнографиялық мәліметтерді, географиялық сыр-сипаттарды сақтап отырады. Топонимдегі деректер белгілі белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан, олар арнайы сұрыпталған лексикалық қабаттардан тұрады. Көне дәуір куәсі болып табылатын аймақ топонимдері халықтың этнографиялық, қоғамдық, әлеуметтік жай-күйінен, өткендегі өмір-тіршілігінен әр қилы мәлімет береді. Мұның өзі топонимдерді зерттеудің өте күрделі құбылыс екендігін, ол істе белгілі бір ғылыми әдіспен ғана мақсат-мұратқа жету мүмкін еместігін көрсетеді. Демек, тілдік құбылыстың табиғатын тек оның тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық менталитетіне байланысты да айқындауға болады. Сондықтан белгілі бір аймақтың топонимиясын зерттеуді қолға алмас бұрын сол жердің тарихына, саяси-әлеуметтік жағдайына және оны мекендеуші халық өмірінің этникалық мәдени тарихына ерекше көңіл бөлу керек. Облыстағы әрбір топоним белгілі бір мағынаға, алуан түрлі құбылысқа ие, семантикасы жағынан жеке объектілерді атайтын жалқы есімдердің ерекше тобына тән.

Әрбір географиялық атау тарихи, әрі, оның мағыналық өрісі де кең. Олар замана құбылысына, өзгерісіне қарай әр түрлі мағлұматқа: түрлі соғыстар, халықтық әдет-ғұрып, салт-сана, халықтардың қарым-қатынасына және т.б. тарихи оқиғаларға бай. Топонимдер құрамына енетін апеллятивтер объектінің табиғи ерекшеліктерін айқын көрсетеді (жер бедері, өсімдіктер, топырақ т.б.) сонымен қатар этноним мен анротопонимдерден жасалған топонимдердің де құрамы мол. Бұл топтағы атаулар осы өңірдің этногенезінен толық хабар береді. Олардың кейбіреулері ұзақ уақыт қолданылу нәтижесінде көнеленіп, географиялық атау ретінде қойылу себептері ескіріп, ұмыт болған. Кез келген аймақтың топонимикалық жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы көрнекті орын алады. Ауыз су мен мал суаруға қажетті су қорының тапшылығы қазақ халқында гидрографиялық терминологияның күшті жіктелуіне себепші болды. Аридті климат жағдайында тіршілік ететін басқа халықтарда да осы ерекшеліктер

байқалады. Ырғыз жері де гидрографиялық атауларға өте бай, бірақ топонимикалық тұрғыдан аз зерттелуіне байланысты бұл сала кенжелеп қалуда.

Ырғыз - ауданының және аудан орталығының атауы. Атау өзенге байланысты қойылған. Ырғыз өзені Әйтеке би, Ырғыз аудандары жеріндегі өзен. Ұзындығы 593 шақырым. Мұғалжар тауларынан бастау алып, Торғай өзенімен қосыла, Шалқар теңізі көліне құяды. Ырғыз гидронимі жөнінде топонимистер тарапынан (Э.Мурзаев, Ә. Әбдрахманов, Е.Қойшыбаев) проблемалық топоним деген пікір қалыптастырған. Ал түркі тілдеріне тән деректер бойынша Ресейдің Хакас автономиялық облысында бір өзен Иргу Уыс деп аталады. Иргу-ескі, Уыс-өзен деген мағнаны білдіреді. Уыс әуелгі уақытта су деген мағынаны білдірген. Монғол тілінде де осындай атаулар кездеседі. Ал жергілікті аңыз желісіне негізделген Ырғыз атауы- «Үр қыз» немесе «Ер қыз» сөздеріне балама ретінде қарастырылады. Бұл жерде ежелгі түрік тілі мен жаңа қазақ атауларының мағыналық қайшылығы туындайтыны байқалады.

Нұра - селолық округ және елді мекен атауы. Сонымен бірге Нұра өзеннің де атауы. Атау Нұра тауына байланысты қойылған атау. Нұра - нұрлы, өлкелі деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар моңғол тілінде «нуур» -өзен, ал қалмақша «нұрх» - «опырылып құлап түсу» мағынасында, «нура» - «тік жар», «құлама жар» деген ұғым береді. «Нұра» сөзі көбіне өзенмен оның тасыған кезде арна жағасын құлатуы, бұзуы, осы әрекеттер нәтижесінде пайда болатын өзен жағалаындағы жермен байланыстыруға болады. Ырғыз өлкесінде Ырғыз, Торғай, Нұра өзендерінен басқа Өлкейек, Қарақай,Телқара деген өзендер ағады. Соның Өлкейегіне келсек ол Жантай, Толыбай өзендерінің қосылған сағасынан бастап, Нұра бойындағы Қызылкөлге құятын арнасы 349 шақырымға созылатын, су шығатын алқабы 3600 шаршы километрден 3,5 км ге жетеді. Оның этимологиясына көз жүгіртсек, Ә.Нұрмағанбетұлының : «Кейбір автор бұл атауды «Өлкейек» түрінде жазып, бірінші буынды қазақша «өлік »деп танып, екіншісін фин-угор тіліндегі «өйек» өзен, яғни «жаман өзен»деген мағына берген. Ал В.В.Радловтың сөздігіне сүйенсек қазақ тіліне тән «Өлгі»- «Тау өзені», екіншісі «үлгә» -«қамыс өскен өзен » деген түсінік бере оырып, өзеннің орналасуы мен сұлбасы осы мағынаға саяды. Дегенмен де атаудың басқа нұсқаларын да саралап қарастырған дұрыс. [4] Телқара өзені-Ырғыз, Трғай өзендерін бір-бірмен қосып жатқан өзен. Ұзындығы 90км. Телқара атауының шығу тамырына келетін болсақ оның, Торғай өзені мен Ырғыз өзенінің арасындағы су тасу кезіндегі тасымалдау қасиетіне байланысты қойылған.

Ал Сабынкөлге келетін болсақ, ол Ырғыз өлкесінде орналасқан ғажайып көлдердің бірі. Сабынкөлдің айдыны 118 гектар, көлденеңі 0,8 км , тереңдігі 1-2 метр, түбі аққайраң. Көлдің сабын аталуының себебі - оның оңтүстік жартысында қалың жалпақ қоға өседі де, қалған солтүстік, батыс бөлігі ашық айдынды. Жалпақ қоға сабағынан минералдық заттар бөлініп шығады да, көлдің ашық бетінен соққан жел оны сапырып араластырып, сабындатып жатады. Көлге жуынуға келген ел сабынды пайдаланбайды.

Ырғыз жерінің тағы бір табиғатының кереметі - Жаманшың метеориттік кратерін атамай кету мүмкін емес. Ғалымдардың болжамы бойынша 700 мың жыл бұрын осы Жаманшыңға алып метеорит түскен. Нәтижесінде тереңдігі 700 метр, диаметрі 5,5 км созылатын қазан шұңқыр пайда болған. Жарылыс температурасының мыңдаған градусқа жетуі, бұл жерде импактит(жаманшит), тектит(иргизит) породаларының пайда болуына әкелген.

Ырғыз жеріндегі мәдени ескерткіштер: «Мәні әулие қорымы» – Ырғыз ауданының Шеңбертал елдімекенінен 9 шақырым жерде оқшау жатқан төбе. Бұл – ескі Мұғалжар тауының сілемдерінің жалғасы, шөгіп кеткен таудың бір тұсы. Төбені Темірасатау деп атайды. Тас қорымдар биік төбеде орналасқанына қармастан, арнайы бармаса бірден көзге түспейді. Ел аузындағы деректерге қарағанда, Мәні әулие тарихы жоңғар-қазақ тарихымен

сабақтас. Қалмақ тұтқынындағы қазақтың бір батырымен қашып шыққан қызды әкесі қуып жетіп қайтара алмайды. Әкесіне қарамай кеткен қыз жігітімен бірге осы Ырғыз өзенінің жағасына жетіп дамылдайды. Төбенің етегіндегі суға шомылып, алып бәйтеректің түбіне келіп тыныстаған қызды жылан шағып өлтірген. “Қалмақтың қарғысы жаман деген рас екен, мен саған жоқпын, осы жерге жерле. Бірақ ешқашан атымды атаушы бола” деп көз жұмған қызды осы жерге қалдырған батыр әрі қарай жалғыз кеткен. Бір аңызда ол әйгілі Жәнібек батыр, қыздың есімі – Ақбілек дейді. Оқиға XVIII ғасырдың ортасы не соңына келіңкірейді. Осы төбенің екі жағынан да өзен ағып жатыр. Бұл – далалықтағы Шетырғыз өзенінің Ырғыз өзенімен тоғысатын тұсы. Қазір жіңішкеріп, сараң ағып жатқан өзеннің төбемен ұштасатын аралығында ну қамыс өскен, қалың тоғай болғанға ұқсайды. Дала жолбарыстары да кезген дейді. Осы төбенің батысымен тіке жүре бергенде, Жем бойына жақындайсың.

«Бөгенбай шоқысы» Ырғыз селосының оңтүстік батысында 60 шақырым жерде орналасқан. XVIII ғасырдың атақты батырларының бірі Бөгенбай батыр жаугершілік кезінде осы шоқының басында кезекші жасақ қарауылын ұстап, жаудың жағдайынан хабардар болып отырған. Осыған байланысты- «Бөгенбай шоқысы» деп аталған.

«Тәуіп» - Ырғыз жеріндегі селолық округ атауы. Ертеректе осы өңірде әулие, емші Тәуіп деген үлкен ақсақалды кісі тұрған. Сол уақытта жолаушылар «қайдан келесің, қайда барасың? деген сұраққа», «Тәуіптен келеміз, Тәуіпке барамыз»деп жауап береді екен. Содан елді мекен Тәуіп атанған. Облыс топонимдерінің стратиграфиясы олардың құрамында бірнеше тілдік қабаттардың барын көрсетеді. Аталған өңір топонимдерінің шығу, пайда болу, қойылуында жергілікті халықтың тарихы мен оның ғасырлар бойғы тірлік-тынысы, әдет-ғұрып, салт-санасы ана тілімен тығыз бірлікте дамыған. Ондай атаулар көптеген ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тарихи жалғасын тауып келеді. Мұның бәрі түрлі тілдік қабаттан тұратын, шығуы, пайда болуы жағынан әртүрлі дәуірлерге тән топонимдерді бойында берік сақтап отырған. Олардың ішінде басты, негізгі топонимдер ана тіліміздің негізінде жасалған атаулар. Дегенмен көршілес, кейбір шалғай жатқан елдермен арадағы тарихи-әлеуметтік, діни қатынастар барысында пайда болған басқа тілдік топонимдер тобы да жоқ емес. Жер-су атауларын жинау, олардың шығу, пайда болу себебін анықтау, әрбір атаудың мән-мағынасын ашу, әсіресе, жастардың туған өлкеге деген ыстық ынта, патриоттық сезімін күшейтпек. Ырғыздың тарихы тереңнен бастау алатыны жалпы жұртқа бұрыннан мәлім. Солай десек те, көпшілігіміз оны сырттай біліп, үстірт шолумен ғана санаға сіңіргеніміз және шындық. Жүз рет естігеннен бір рет көргеннің артық екенін біз осы жолы тағы да бір рет бағамдағандай болдық.

Аудан орталығынан жиырма бір шақырым қашықтықта Түбектөбе деп аталатын еңселі беткей бар. Ол халық аузында Маңтөбе аталып кеткен. Бұл жердің топырағы құмақ, биіктік үсті тақтайдай тегіс, бір ерекшелігі қыр басынан бірнеше шақырым қашықтықты қолмен қойғандай бақылауға болады.

1731 жылғы Кіші жүз қазақтарының Ресейге қосылуы шартына Әбілқайыр хан мен орыс патшасының елшісі Тевкелев нақ осы Маңтөбе басында қол қойған. 1981 жылы сол тарихи оқиғаның 250 жылдығына байланысты «Хан тағы» ескерткіш- тақтасы орнатылды. Қыр басына шыққанда көңіліңіз толқиды. Осы биікте ел тағдыры шешілгенін ойлайсыз, тарихымыздың кейінде қалған белестеріне қиял шіркіннің жетегімен бір барып қайтасыз.

Саяхатшылар тағы бір тағзым етер тұс – Алмат тамы аумағында. Алмат би өз заманында мынау Ор бойынан Қазалыға дейінгі аралықтағы елге басшылық жасаған, көпке тыныш, халықты отырықшылыққа, суармалы егіске үндеген, мәдениетке тартқан, беделі биік адам болған. Оның әкесі Тобаберген Киікбайұлы 1840 жылы башқұрт жеріндегі бір соғыста шейіт болып, қаруластары сол маңға бір жылға аманаттап жерлейді

де, мерзімді уақыттан соң сүйегін елге жеткізеді. Уақытында тұлға ретінде танылған, ел сөзін сөйлеген сол Алматы Тобабергенұлының кейінгі ұрпақтары да осы аталған қорымда жерленген. «Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған» деген бар. Алматының бір немересі – Абыл Маханов 1936 жылы Қазақстанның Мәскеуде өткен онкүндігіне қатысып, әйгілі оркестр құрамында домбыра тартқан. Өкінішке қарай, арада бір жыл өткенде оны «халық жауы» ретінде ұстап әкетеді. Ал шөбересі Ғалымжан Әбсаламов, оның қазіргі есімі Әлім Алматы, Түркияда тұрады, бүгінде тоқсанның үстінде... Алматы тамы маңында әдетте осындай тарих қозғалады.

Мұндағы кесене — он тоғызыншы ғасыр соңындағы дәуірде салынған сәулет өнері ескерткіші. Оның аумағы 106,7 шаршы метрді құрайды. Жеті бөлмеден тұратын бұл ғимаратты 1886-1888 жылдары халық шебері Жыға тұрғызған. Бұл зерттеушілердің бағалауынша, кешендік жобасы мен архитектуралық шешімі жағынан өте сирек кездесетін құрылыс. Жер асты бөлігі бар, көп қуысты, сәулет өнерінің озық туындысын Самарқандағы әйгілі Гүр Әмір Темірдің құрылысына ұқсастыратындар да бар. Кесене шикі кірпіштен іргетассыз тұрғызылып, сыртқы жағынан қаптама жасалған. Алматы тамының күрделі композициясы мәйіт жерлеудің өте көне ғұрыптарынан хабар береді. Қазақта әкенің балаға сенімі әдетте басына көк тас қоюмен бағаланатыны бар. Ел аузында сақталған бір әңгімеде Алматының сұңғыла туған баласы Самырат осы шаруаның жобасын ілгерірек тындырып, «Әке, сізге арнап салған тамым қандай?» деп өз ісіне мақтаныш білдіретінге ұқсайды. Сонда арыдан ойлайтын Алматы ақсақал салмақпен ғана: «Сені тудырған мен қандай?» десе керек. Осындай өнегесі бар әңгімелерді ырғыздық ақсақалдар жас буынның жадына ұдайы құйып отырады. Біз де осында болған сапарымызда сондай ертеден келе жатқан салиқалы сөздерді көкірегімізге көбірек түюге тырыстық.

Шешімдер

Ақтөбе облысының Ырғыз ауданының топонимикасын зерттеу басқа аудандарға қарағанда аз зерттелген. Осындай облысымыздың тарихи ақтаңдақ беттерін зерттеу қазіргі кездегі актуальді мәселе. Осындай мәселелер облыс деңгейінде қаралып, жүзеге асырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каймулдинова. К. «Қазақ топонимдерінің» этноэкологиялық негіздері. Оқу құралы. Алматы 2001 «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. 25-бет.
2. «Ақтөбе» энциклопедиясы. Ақтөбе: Отандастар-Полиграфия
3. Атаулар төркіні. Ақтөбе газеті. 16 қыркүйек, 1999 жыл. № 109.
4. Нұрмағанбетұлы Ә. Жер судың аты- Тарихтың хаты. - Алматы, 1994
5. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе қаласы 2007 59-60

«ОЙЫЛ КӨЗДІҢ ЖАСЫ ЕДІ...»

Ойылдың жер-су атауларының пайда болу тарихы

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Автор: Пангереева Ару – Қ. Жұбанов атындағы АӨМ У түлегі, жас маман

Осы зерттеуді қолыма алып, жазу үшін Қазақстан тарихын оқып, тарихи шығармаларды парақтап, энциклопедияларды қарап, көпті көрген аталар мен ағалар айтқан естеліктерін жүйеледім. Ойыма «Ойылым менің ойдағы елім» деген өлең жолдары орала берді.

Сөйтсем, менің сонша уақыт жұмсап жүйелеген көлемді ой-пікірімді Шәмші мен Мұқағали ағаларының дарынына еліктеп сарқытын ішкен Жолдыбай Айтқұлов ағамыз өз өлеңінің бір шумағына ғана сыйғыза қойыпты.

Жер ұйық күн ананың нұрын алған,

Куә боп Асан Қайғы жыры қалған.

Кезінде жәрмеңкенің қызған жері,

Құт мекен бабалардың ізі қалған.

Өзі қысқа, өзі нұсқа. Дегенмен бәрін басынан бастайық.

Сонымен тарих тереңіне үнілсек Республикамыздың батысындағы қазіргі қалалар мен қала типтес елді мекендер алғашында шағын әскери бекініс ретінде 1613ж. Оралдың 1640 ж. Атыраудың 1743ж. Орынбордың 1840 ж. Қалмықовтың 1845ж. Ырғыздың 1850ж. Ойылдың 1860ж. Орал қаласынан Ойылға жолаушы таситын лаууіі ретінде Қаратөбенің /ҚСЭ бт 507 б/, 1868 ж. Темірдің 1869ж. Ақтөбенің 1885ж. Жымпитың іргесі қалана бастаған. Қалаған қалалар мен аудан орталықтары 1900 жылдан кейін ірге көтерген.

Әулие атанып, аңыз кейіпкеріне айналған, ал Шоқан Уәлиханов «Көшпенділер Философы» деп атаған, алғашында Алтын Орда ханы Ұлығ-Мұхамедтің ықпалды билерінің бірі, кейіннен Керей, Жәнібек хандардың ақылшы биі болған. Еділ бойында туған Асан Қайғы /Хасан Сәбитұлы 1370-1465 ж. желмаясызна мініп, қазақ Хан Ордасын орналастыратын «жерұйық» іздеу сапарында Ойылды «көздің жасы еді...» деп егілген. Демек, біз Ойылдың іргетасы 1850 жылдан қалана бастады деуіміздің өзі орыс қарашекпен шаруалары, ағылшын кәсіпкерлері мен құрылыс мамандары татар саудагерлері келіп орналасқан замандағы тарих бастауы ғана. Нақтысында Ойыл осыдан 550-600 жылдай бұрын Алтын Орда және одан кейінгі алғаш Қазақ Хандығы құрылғанда бар ел. Асан Қайғының таңдауына іліккен, жобамен 1661-1669 жылдардағы қалмақтың жойқын шапшаңдылығына ұшырап қиратындысы осы күнгі барқын құмының астында қалған «Ойдағы - Ой елі - Ойыл» деп аталған «жерұйық - құтмекен» деген болжам жасауға болады.

Қазақ жерін зерттеу ерте кезден басталған. Грек тарихшы-географтары Геродот біздің дәуіріміздің бұрынғы 5 ғасырда, Птоломей біздің дәуіріміздің 140-150 жылдарындағы зерттеулерінде Жайық (Дайкс) Жем - /Рума/, Сырдария /Яксарт/ өзендерін анықтама 9-10 ғасырларда зерттеген араб ғалымдары оған қоса Сағыз өзенін анықтаған. 17 ғасырдағы Қазақ Ордасында және Орта Азия хандықтары жеріне бірнеше рет жасалған орыс саяхатшыларының Жайық сыртындағы дала туралы зерттеулері жинақталып, 1697ж. жарияланған. «Бүкіл жері сусыз және тастақты дала сызбасы» («Чертеж всей земли безводной и малопроездной каменной степей») еңбегінде де Ойыл Қиыл Темір Қобда өзендері көрсетілмеген. Ол жерлер сусыз дала есебінде болған.

Демек, Ойыл өзеннің бастауындағы бұлақ көзі мен жылма-жылға еріген, тасыған қар суы бірнеше жылдар бойы бірте - бірте жыра - арна салу арқылы шамамен 1700 жылдан кейін пайда болып, осы арна өзен бойындағы Асан Қайғының таңдауы мен жырына мазмұн-тақырып болған Ойдағы-Ойылдың атымен аталды деп жорамал қорытынды жасауға болады. Олай дейтініміз 1697ж. зерттеу қорытындысында аталмаған өзендер Қазақстан географиясы туралы 1762ж. шығарылған «Орынбор» топографиясы атты ғылыми кітаптан бастап кездеседі. Ол уақытта Ойыл өзені жолдыбайдың өлеңіндегідей «Ойылым арна ағысы қатты» болып Жайыққа құйған ол бүгінде Тайсойған құмына барып тармақталып ұсақ көлдерге құйып жоқ болады.

Тарихи деректер бойынша 1598жылы Еділ қалмақтары Ресейге бодан болды. Царицын мен Самар, Еділ мен Жайық аралығында ресей патшаның рұқсатымен өз хандығын құрды. Содан бала шағасын тыныш орыс қарауына қойып жерін кеңейту мақсатында 1599-1768 жылдар аралығында бір жүз жетпіс жыл бойы Еділ қалмақтары Қазақстанның батысында, ал Жоңғар ойраттары /моңғолдар мен қалмақтар/ Жетісу мен Орталық Қазақстанда бірде толастаған, бірде үдеген Басқыншылық – жаугершілік соғыстарын жүргізді. Көптеген елді мекендерді жер бетінен жоқ етті. Асан Қайғы бабамыздың ізі қалған «Ойдағы еліміз» сол жаугершіліктің құрбаны болды деген жорамалымыз осыдан туындайды. «Қалмақ қырылған», «Қонжар», «Келбатыр», «Қарауыл төбе», ұзақ жылдарға созылған басқыншылық соғыстың негізгі табанында болған жер атаулары екені даусыз. Даттаудан гөрі мақтауға лайық іс қылын Әбілхайыр хан ант беріп

Ресейдің қол астына кіргеннен кейін Кіші жүздегі бұл шапқыншылық саябырсыды. Жалпы Асан Қайғы бабамыз туған жері Еділ Жайық бойын оның табиғатын ұнатқан, осы атырапты жайлаған көшіп қонған. Қобда жеріндегі тарихи ескерткіш қорымдағы Абат Байтақты, байтақ елдің Абаты болып ардақталған Асан Қайғының ұлы деп есептейді.

Ойыл қазіргі қырдағы орнына ірге көтерген 150 жылдың ішінде де талай тарихи зобалаң бастан кешірді. Ресей патшасының үкметі 1868ж. Қазақстанда әкімшілік басшылық ету жөнінде реформа жүргізді. Бұл реформадан патшаның отарлау саясаты айқын көрінді. Қарапайым бұратана халықты қанауды үдетіп, әр түгін үйге салынатын салықты сол кездегі ақшамен 12 сомға жеткізіп салық кедейлерден байлармен бірдей өндірілген. Осы мақала авторының төртінші атасы Көшкінбай елдегі көзі ашық көкірегі ояу, адам ретінде кедейлер мұңын жақтаушылар тобында 1868-1869 жылдардағы нарзылық көтерілісіне қатысқан. Патша әкімшілігі далаға жазалаушы отрядтар жіберген. 1869ж. 6 мамырда әскербасы Штепелдің отряды қазбек-Ойыл мекеніне бет алды Нашар да болса қаруланған екі мыңға жуық қазақ көтерілісшілерінің шабулына тап болып, патша әскері жеті күн бойы шығынға ұшырай отырып, Қалмыков бекінісіне шегінген. Содан кейін көтерілісшілерді талқандау операциясында Орал әскери губернаторы Н.А.Веревкин тікелей басшылық етті. Жүрген жерін қырып жойып дікендеген атты қазақ-патша әскері 1869ж. шілденің бас кезінде Ойыл бекінісіне беттеп басшыларымен бірге көптеген көтерілісшілерді Қазыбек биігі-Қарауылтөбеде аяусыз қырып, жазылған. /ҚСЭ 8т 532/

Бабамыздың інісі ақын Қашқынбай ағасының кегін қайтару мақсатында әрі көтерілісшінің туысы ретінде қысым көргендіктен, ел байларының жағын жақтаушы елдің Орал губернаторының – патшаның салығын жинаушы агентін өлтіріп, оның ат арбасы мен қаруын иемденіп, қашып Қарақалпақ елінде бой тасалап, сол елде 1870ж. қайтыс болған. «Бес ғасыр жырлайды» /Алматы 1984ж. /үштомдығының II-том 12 беттегі жазылғандай ақын атамыз.

...Алшында он екі Бай ұлымыз
Ішінде Бай ұлының қай ұлымыз
Сахара салқын самал самиянжел
Жақсы еді жаз жайлауда Ойлымыз.
Ішінде Қаратаздың Жастабанбыз
Бір жүріс елден шығып бастағанбыз
Әркімге етіп дұға, алып зекет
Молдаға Қарақалпақ ұқсағанбыз
Ішінде Жастабанның Байсарымыз.
Бұл елді мекен етсек жай салармыз
Қыдырып ел жақсысын танығандай
Келіп жүр осы күні қай сәніміз.
деп жырлаған екен.

«Таз» ру атауы Кіші жүз Жетіруда Орта және Ұлы ру бірлестіктерінде де кездесе береді. Сондықтан Бай ұлы ру бірлестігіндегі Тазды «Қаратаз» деп атайды.

Қазақ елі жәрмеңкелерімен аты шыққан Алғашқы жәрмеңке Ресейдің Орталық аудандарымен сауда-саттық ұлғаюына байланысты 1832ж. Бөкей Ордасында екінші жәрмеңке Қарағанды облысының Қоянды бекінісінде 1848ж. ашылса, одан кейінгі Орталық Ресей мен Орталық Азия елдерін байланыстыратын географиялық қолайлы жерге орналасқан Қазыбекте 1857ж. ашылған Ойыл жәрмеңкесінің бүкіл россиялық маңызы болған/ҚСЭ 8т. 533 бет/.

1774ж. Орынбор қаласы тұсындағы Жайықтың азия жақ бетінен «Меновой двор» қазақтардың жалпақ тілімен айтуына «Мынанай»салынады. Мұнда қар кеткеннен бастап күзгі қара суық түскенше дейін қызу сауда жүреді екен. Бұған Азия жақтан Бұхараның, Хиуанның, Үргеніштің Ташкенттің, Самарқанның, Еуропа жақтан Москваның Новгородтың, Ростовтың, Тіпті сонау Киевтің саудагерлері келеді екен. Ол кезде ақша болғанымен де сауда көбіне айырбас түрінде жүріпті. Осы «Мынанайдың» қасында «Әлім

тауы» деген төбе бар орыстар оны қазірде «Пугачевская гора» дейді, «Әлім тауы» дейтін себебі осы жерде жылма-жыл жәрмеңкеге әкелінген Әлімдердің малы жайлағандықтан аталыпты. Орынборлық қазақтар арасында.

Орыстық бір қаласы «Мынанайды»
«Мынанай» тастан салған құламайды.

Қылығы ақ еркенің еске түссе

Көрген көз, сүйген ауыз шыдамайды.

деген өлең бар. Кім білсін, осы өлеңді жаздай жәрмеңкенің аузында айлы түнде мал бағып жатып сүйген жарын сағынған ойылдың жігіттерінің бірі шығарған шығар.

«**Ойыл**» атауының шығу төркіні түрік тілінде В.В Радловтың сөздігі бойынша «ОЙУЛ» сөзі – өзен суы шайып кеткен жер мағынасында қолданылса, монғол тілінде «УЙЛ» деген сөз, яғни біздің тіліміздегі «ИПІМ» ұғымын береді екен. Екеуіде мағына жағынан әрі дыбыстық құрамы тұрғысынан өзен сипатына сай келіп тұр. Сондықтан «УЙЛ» сөзі бертін келе қазақ тілінде «ОЙЫЛ» болып өзгерген деген пайым жасауды жөн көрдім. Ал, сөздің алғашқы мағынасы – «ИПІМ» болған деген тұжырым жасауға болады.

Ойыл деген ойынды,

отын тапсаң тойынды,

Ойыл көздің жасы еді.

Ойылда кеңес қылмадың,

Ойылдан елді көшірдің,-деп желмаясымен жерұйық іздеген

Асан Қайғы бабамыздың жырына арқау болған қазіргі Тәуелсіз Қазақ елінің бір бөлшегі Ойыл даласындағы жер – су атауларының әрқайсысының тарихы да әрқилы екенін көреміз. Төменде бірқатар тарихи атаулардың мәнін ашуға тырыстық.

3. Алғаш «иргіуус» аталған өзен, біршама дыбыстық өзгерістен кейін қазақ тілінде «Ырғыз» тұлғасында қалыптасқан» - дейді зерттеуші Ә.Нұрмағамбетұлы.

4. Д.Жүнісов еңбегінде Ырғыз атауын көне түркі сөзінен деп түсіндіреді. Алғашқы бөлшегі «ерги» - «ескі», «ертедегі» деген мағына берсе, соңғы бөлшегі су деген сөздің көне формасы «зуг» болу керек деген болжам жасайды. Яғни, Ергизуг-Ергизу-Ырғыз. Бұл ғылыми болжам ғана.

5. «Атажұрт» анықтамалығында башқұрттардың «ыр» - ор, құдық, шұңқыр; «ғыз» - көне түркі тіліндегі «үгүз» - өзен мәніндегі сөзді келтіре отырып, «жер, су аттарының жер бедеріне сай қойылатынын ескерсек, Ырғыз атауы – «ойпаң, ой жерде ағып жатқан өзен» дегенге жуықтау деген ой айтылады».

6. Ырғыз атауын халық Ұрқызының (сұлу қыз мағынасында) суға кетіп, соның себебінен өзен Ұрқыз, кейін Ырғыз аталып кеткен деген аңызбен байланыстырады.

7. Сонымен қатар, атау төркініне қатысты мынадай жорамалды ұсынуға болады. М.Қашқари сөздігіндегі «өкүз-жейһун. Үлкен өзендердің барлығы осылай аталады» - деген жолдарды келтіре отырып, топонимнің жасалу схемасын төмендегідей етіп көрсетуге болады: Ерг (ескі, ерте) + өкүз (ескі, үлкен өзен) – біртіндеп тілдік экономия барысында – ергуз, қазақ тілінің дыбысталу жүйесіне сәйкес – ырғыз. Бұл топонимнің өзге де түркі тілдес халықтарда ұшырасатынына сүйене отырып шығарылатын түйін: Ырғыз – көне түркі тілінің сөздерінен құралған, «үлкен, көне өзен» деген мағынадағы атау.

МАЛАЙДАРКӨЛІ (көл атауы) .Ырғыз өзенінің ағысы бойына (оңтүстікке қарай) жағалап отырғанда 75 км қашықтықта Малайдар көлі бар. Бұл көлдің айдыны – 900 гектар, тереңдігі 1-3 метр шамасында. Көл адам атымен аталып, «Малайдар көлі» делінген. Ырғыз өзені бойындағы көлдердің барлығы ағын көлдер, жалғыз Малайдаркөлі ғана тұйық көл, оған су құяды да, одан ешқайда ағып шықпайды.

Малайдар көлі мұнан 150 жылдың ар жағындағы қолдан жасалынған көл.

Малайдар деген кісі, руы Шөмекей, Бозғыл тайпасының Дөсек аталағынан шыққан, ел билеген, ауқатты адам. Сол кісі өз заманында Қожакөлінің қапталындағы сусыз Қазаншұңқыр аумақтың арасын бөліп тұрған 300 метрден жалдақа үстінен құдық қаздырып, арасын тастіріп, жалғастыру арқылы ор (канал) қаздырып қояды да, көктемгі су тасқыны кезінде, Қожакөл суға толғасын ордың басын (шлюз ашқандай) ашып жіберткізеді. Шіреп тұрған Қожакөлінің суы күшімен ор өзекке айналып кетеді де, Малайдар көлі суға толады. Сөйтіп, қолдан жасалынған көл Малайдар көлі атанып, өзек Қызылжар аталынып кеткен.

ҚҰТИКӨЛ (елді мекен және көл атауы). Ырғыз ауданы орталығынан оңтүстікке қарай жүргенде 40 км қашықтықта орналасқан. Оны Құтикөл деп те атайды. Бұл көлдің айдыны өзгеріп тұрады. Көктемде (сәуір айында) айдыны екі есе өсіп, 1000-2000 гектарға жетеді де, мамыр айының соңына таман айдыны екі есе азайып, 500-600 гектар шамасында қалады. Көлдің көлденеңі – 2,5 км, тереңдігі 1 метрден аспайтын тайпақ көл.

Құтикөл деп аталуы – ертеде осы өңірді мекендеген ел судың айдыны қайтқан алапқа тары сеуіп, оның бетін шеңгелмен сыпыртқылап тастайды да, өздері жайлауға көшіп кететін болған. Күзде көшіп келгенде жайқалып тұрған тарыны орып алады екен. Көлдің осы ризық, берекесіне орай осылай аталған.

Тел Жаманмұрынов осы өңірде туып-өскен, оқымысты азамат. 1930-1932 жылдары көлдің айдыны қайтар тұсынан (көлдің қақ ортасы) бөгеліп, су деңгейін 1,5

метрге дейін көтеріп, бөгет (плотина) салдырыпты. Осы бөгеттің суымен суарылған 500-600 гектар егістік талай жыл елге ризық болған.

ҚАРАҚОҒА КӨЛІ (көл атауы). Ырғыз селосынан оңтүстікке қарай шыққанда Тәуіп бағытындағы жол бойында, Ырғыздан 30 км. Көлдің аумағы - 2430 гектар, көлденеңі – 6км, тереңдігі 2 метр. Көл құс, балыққа бай. Айнала – үлкен алқапты алып жатқан шабындық. Көлде қамыс, қоға тығыз шығады. Қоғаның тығыз шығуына байланысты және көл жиегінің көп бөлігін қалың қоға алып жататындықтан көл «Қарақоға» аталып кеткен.

Қарақоға көлі кезінде Әбілқайыр мекен еткен, сейіл құрған көлдерінің бірі. Осы көлдің солтүстік жағында 7-8 км жерде Әбілқайыр хан мен Тевкелевтің одақ болу шартына қол қойған жері Маңтөбе тұр.

Бұл жерді 1838-1844 жылдары Кенесары хан қоныс еткен. Осыған байланысты 1844 жылдың басында Ресей патшасы Николай I-нің қазақ даласында бекіністер салу туралы жарлығы шықты. Ол жарлықта: «В киргизской степи Оренбургского ведомства постоянно занят два передовых пункта; один на реке Ирғиз между урочищами Ак-Кызыл и Каракуга, а другой на реке Тургае. В их пунктах возвести укрепление и водворить подвижные резервы. Предприятия это совершить в текущем году» деп атап жазылған.

ҚҰРДЫМ ТЕБІЗІ (көл атауы). Ырғыз ауданы орталығынан оңтүстікке қарай 180 км қашықтықта үлкен аумақты алып жатқан Құрдым тебізі бар. Тебіз теңіз де емес, көл де емес, суға бөгіп жатқан ұйма батпақты алқап. Құрдым тебізінің көлемі 215040 гектар, көлденеңі - 35 км. Бұл тебізге Торғай, Ырғыз өзендері суын неше жыл құйса да, айдыны жарқырап су шыққан емес, жерасты тартып кетіп жатқан батпақты алқап. Су жер астына сіңіп, құрып кететіндіктен бұл алқап «Құрдым» аталып кеткен. Құрдымның батпақты алқабына ешқандай құс та, аң да тұрақтамайды, ұйма батпақ тартып кетеді.

Гидрологтардың Құрдымның бетін зерттегені болмаса, оған құятын судың қайда кетіп жатқанын білетін деректер жоқ.

Ырғыз даласының табиғаты мен тарихына қызыққан орыс геологтары: К.К. Матвеев және П.М.Василевский 1912-1916 жылдары Ырғыз аймағына зерттеулер жүргізген. Ізденіс сапары сәтті болған ғалым К.К.Матвеев 1912 жылы осы Құрдым тебізі аймағындағы өзеннің жар қабағынан индрикотерий (сүтқоректілердің дүние жүзінде өте сирек кездесетін алыбы) сүйегін тапқан. Ғылымдағы бұл ғаламат оқиғаны сол кездегі газет-журналдардың барлығы дерлік жариялаған. Өйткені, биіктігі 5 метрдей, ұзындығы 8 метрдей алып хайуанның әлемде теңдесі жоқ болатын. 1922 жылы 1-22 маусым аралығында Петроградта өткен бірінші Бүкілресейлік геологиялық съезде профессор А.А.Борисяк Ырғыздан табылған осы индрикотерий фаунасын жиналғандарға мақтанышпен көрсеткен.

СҰҢҚАРҚИЯ ТАУЫ. Ырғыздың күншығысқа қарай 85 шақырым жүргенде жабдан тегістікте Сұңқарқия тауы көрінеді. Ел аузындағы аңызда: «Бір алып сұңқар құс Әлеке ханның мал басы, дәулетінің құты саналған боз биенің құлынын жылда көтеріп әкетіп, шынның басына апарып жейді екен. Хан әлгі құсты тірілей түсірсем деп арман етеді. Осы арманын кімге айтса да, батылы барып ешкім шыңға шыға қоймапты. Асан Қайғының баласы Абат батыр келісім беріп, қиядан көздеп сұңқарды топшысынан атып құлатады да, ханға тірілей әкеліп береді. Сөйтіп, Абат батырдың атағы елге жайылады. Содан бұл атау Сұңқарқия деп аталып кетіпті», - делінеді. Мұнан басқа да ел аузындағы айтылатын аңыздар баршылық.

ҚОСБҮЙРЕК ТАУЫ. Ырғыздан күншығысқа қарай жүргенде Нұра тауының бергі жазығында 85 км шамасында тұрған айыр тауды Қосбүйрек деп атайды. Бұл бұрын бүтін бір тау болса керек. Қуғын-сүргінге толы құба Қалмақ заманында, осы өңірді қалмақтың ханы Әуірке басып алған. Оған қарсы күреске Абат батырдың жер қайысқан қолы шығады. Қалың қол төбені айналып өтуге жайылма су болып, тіке таудың үстімен салып өтуді ұйғарады. Қалың қолдың ат тұяғы тауды екіге бөліп кетіпті. Екіге бөлінген тау

алыстан карағанда қос бүйрек сияқтанып көрінеді. Содан соң тау Қосбүйрек атанып кетіпті делінеді.

МӘНІ ШЫҢЫ (Мәні әулие қорғаны). Ырғыз ауданы орталығынан Ырғыз өзенінің өрісіне қарай жүріп отырғанда, 75 км шамасында өзеннің сол жағында қапталдасып отыратын Темірастау тауының шеткі биігін Мәні шыңы деп те атайды. Оның қақ басында Мәні әулие қорғаны тұр. Қорғанның қай ғасырда, қай жылдары пайда болғанынан деректі мәлімет жоқ. Бүгінде жеткен аңыз бойынша Мәні деген батыр қыз болған. Ол талай қол бастап, қарсылас жауын ұдайы жеңіп отырған. Кейін бір жаугершілікте Мәні қыз қаза тапқан. Оның жауынгерлерін жау қамап алып, қырып тастаған. Мәні батыр мен оның жауынгерлері жерленген жерді ел-жұрт әулие тұтып, «Мәні әулие» деп атап кеткен. Қорғанның аумағы 2-3 гектардай. Бұл қорған жайлы аңыз көп, болашақта археологиялық терең зерттеуді қажет етеді.

КӨКҚАТЫН ТАМЫ - Ырғыз ауданы Құтикөл ауылының жерінде, Жалаңаш көлінің оңтүстік-шығысында орналасқан Көкқатын тамы деп аталатын кесене осы күнге дейін сақталған. Кесене 19-ғасырдың екінші жартысында тұрғызылған. Сейтқұлдың Ұзағынан тарайтын Тілеп деген байдың екінші әйелі Рысбике шиеттей жас балаларымен жесір қалады. Әменгерлік жолмен сөз салғандардың ешқайсысына көнбеген әйел ауыл ақсақалдарының алқалы жиынына бірнеше рет түседі. Қайратына сенген әйел, ешкімге қосылғысы келмей, сөзіне құлақ аспаған жерде тентектік те көрсетеді. Ақыры алты ұлы өсіп-өніп алты ауыл болады. Шетінен айбатты, қарулы жігіттерді ел «алты көк» атайды. Аналары қартайып дүние салғанда, алты көктер анасына лайық там тұрғызыпты. Сөйтіп, бұл там (мола) Көкқатын тамы аталыпты. Рысбике қажыр-қайратының арқасында дегеніне жеткендіктен бе, кім білсін, өз аты ұмыт болып, Көкқатын атанады.

Ырғыз өңірінің әлі де талайларды өзінің жұмбақтарымен қызықтырып, жаңалықтарымен тәнті ететініне көзіміз жетеді.

Осы бастаған шағын ғылыми ізденісімді туризм саласының маманы ретінде болашақта жалғастыруды ырғыз өлкесінің тумасы ретінде азаматтық парызым деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каймулдинова. К. «Қазақ топонимдерінің» этноэкологиялық негіздері. Оқу құралы. Алматы 2001 «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. 19-21-бет.
2. «Ақтөбе» энциклопедиясы. Ақтөбе: Отандастар-Полиграфия
3. Нұрмағанбетұлы Ә. Жер судың аты- Тарихтың хаты. - Алматы, 1994
4. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе қаласы. 2007., 50-51 бет.

Улица имени Хазрета Мендегалиева

Научный руководитель: Утеубаева Г. У. - учитель истории Назарбаев Интеллектуальной школы физико-математического направления г. Ақтобе

Автор: Шаймуханов Айбар - ученик 10 В класса, НИИ ФМН г. Ақтобе

Аккемер – небольшое село в Мугалжарском районе, Актюбинской области. Входит в состав Аккемерского сельского округа, и как и в любом другом населенном пункте улицы носят определенные названия, одна из центральных улиц носит имя хазрета Мендегалиева. Ничем не отличающаяся от других, обычная улица. Но, тут возникает вопрос: кто такой хазрет Мендегалиев, почему его именем была названа улица?

Родился он в 1857 году в окрестностях Таласбая, родом Сусары Тама. Имя его было окружено почетом, как среди интеллигенции, так и среди простого народа.

ОБЩЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ. Хазрет Мендегалиев в северной части аула станции Аккемер, на свободной территории, протянувшейся до реки Елек, построил

высокую мечеть из красного кирпича, с конусообразным куполом, выкрашенным в голубой цвет. У мечети была пристройка – медресе, где хазрет Мендегалиев проводил уроки ислама для мужчин, женщин и детей казахов. Он наставлял их на путь истинный, путь исламского вероучения.

Хазрет Мендегалиев занесен в списки паломников в Мекку в 1902 году. Тогда ему было 45 лет. В архиве сохранился его паспорт. После этого Хазрет Мендегалиев еще несколько раз побывал в Мекке. И каждый раз он встречался с видным религиозным деятелем, другом Кунанбая би (отца Абая) Досжаном хазретом. Исходя из этого, можно предположить, что Хазрет Мендегалиев был в гостинице, отстроенной Кунанбаевым в Мекке. А акын Кердери Абубакир считал Кунанбая и Досжана единомышленниками, которые, сложившись, построили гостиницу на свои средства. В шежире (родословной, составленном внуком Кунанбая Шакаримом, пишется, что гостиница в Мекке была названа Такия и записана на имя Досжана кажы из Младшего жуза. Покойный Кунанбай кажы писал, что хотя основателем гостиницы являлся фактически он, но большую часть денег на строительство гостиницы была дана паломниками из Младшего жуза. Одним из этих паломников вполне мог быть хазрет Мендегалиев. Правда, эту версию надо еще научно обосновать.

ПАТРИОТИЧЕСКИЙ ПОСТУПОК. Середина 19 века было временем, когда царская Русь силой отбирала плодородные земли у казахского народа. В те времена были люди, которые хотели сохранить религию, традицию, язык, и земли казахов. Одним из них был хазрет Мендегалиев. Он всю свою жизнь боролся за справедливость, за честь, за казахский народ. Он всюду проявлял свое недовольство по поводу отношения царской Руси к казахскому народу. И в 1905 году хазрет Мендегалиев собрал из Тургайских и Уральских областей 12 человек, и создал делегацию. Затем он со своей делегацией отправился в Санкт-Петербург, на прием к царю. У Мухаммедказы хазрета была отобрана земля Таласбай, доставшаяся ему в наследство от дедов и участок, примыкающий к мечети. Это явилось главной причиной обращения хазрета к русскому царю. Представ перед ним в Петербурге, Мухаммедказы сказал: «Пусть ваши землемеры отразят все на бумаге, распределят документально, тогда поговорим, но по своей воле землю не отдадим» (Государственный архив, 1 раздел, стр.56.)

Используя такую большую возможность, он выразил все свои недовольства и поднял религиозную и территориальную проблему. Затем предложил алгоритм действий решения проблемы. В итоге он добился возвращения большей части отнятых земель казахскому народу. «На заседании временной комиссии по решению земельных споров» 14 декабря 1906 года были выделены к аулу №1 Бестамакской области Кумсай, Котыбарбатыр, Елек, Таласбай, Шолак- Караганды, проект составлял М Шкунов. Согласно переданному в музей протокола заседания этой комиссии потомком Мухаммеда кажы Х.Габжалеловым, каждый мужчина наделялся 15 десятинами земли»(2). А в частности он вернул себе земли Таласбай, унаследованные от отца. Но, тут возникает еще одно предположение по поводу названия земли. Потому что во многих документах это земля записана как – Таласбай, но по словам старейшины Аккемера Мухамедиярова Тлеукабыла, эти земли были названы – Таласпай, что означает с казахского - решим без спора, возникшая в момент земельных дискуссий, и по общему решению населения было решено пользоваться угодиями сообща. Но и эта версия требует еще исследовательской работы.

В 1930 году, когда репрессия только начиналась, имущество хазрета Мендегалиева было конфисковано, и он окольными путями бежал в Каракалпакию. В голодный 1932 год он вернулся в родную семью. Но на третий день возвращения, по доносу соседа о его прибытии, хазрет Мендегалиев был схвачен. Хазрет Мендегалиев был арестован в 19.11.1929г. по статье 58/10-82. Дело было прекращено 01.12.1939г. Хазрет Мендегалиев, которому было в то время 75 лет, был признан «врагом народа» и расстрелян. Неизвестно, где покоится прах общественного деятеля. Потомки хазрета Мендегалиева не

смогли получить решение коллегии Верховного суда Казахской ССР тех лет. Местные старожилы Аккемира рассказывают, что мечеть Хазрета Мендегалиева была разрушена в 1932 году, а кирпичи использованы для строительства только созданного Магаджановского района.

ПОТОМКИ ХАЗРЕТА. О потомках Хазрета Мендегалиева можно рассказывать очень много. Многие из них популярные люди в Казахстане и в за рубежом. Но, самым известным из них является Хайролла Габжжалелов. Он стал одним из авторов национальной валюты, которая является атрибутом суверенного государства. Не ошибусь, если назову его гражданином Алаша, вставшим у истоков отечественных денежных знаков. Первым оценил хрустящие купюры с изображением наших знаменитых предков Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев. А как радовалось население, держа в руках первые казахстанские тенге. Но имена их разработчиков долгое время оставалось в тени. Хайролла Габжжалелов работал над личным проектом: по восстановлению разрушенной мечети своего прадеда - Хазрета Мендегалиева. Но только не в Аккемире а в центре Алгинского района, в г. Алге.

И в заключении я хотел бы сказать, Хазрет Мендегалиев – неординарная личность. И по моему мнению, он заслуживает того, что память о нем сохранилась для подрастающих поколений, как образец национального патриотизма.

Список литературы

1. Актыбинский вестник №102- 103, 28.08.2003г. Назарбаев Ж. «Мухаммедказы хазрет был на приеме у русского царя»
2. Казак, №18,2 мая 2008г. «Олардын есимдереры кайтып келуде».Е.Жолмырзаулы.

История о сочной траве «Мортык»

Научный руководитель - Сулейменова Г.Ж. – к.и.н., старший преподаватель кафедры «География» АРГУ им.К.Жубанова,

Автор: Давыденко Венера – студент первого курса - специальности «География»

Названия географических мест и населенных пунктов Актыбинской области занимают важное место в истории края. Одним из таких мест является Мартукский район. Имеющий богатую, многовековую историю наших предков.

Территория нашего Казахстана очень огромная. Она занимает 2 млн. 724 ,9 кв. км. Но в этой стране есть маленький уголок под названием Мартукский район. Центром Мартукского района является поселок Мартук. Он находится в 85 километрах от Актобе. В этом поселке я родилась и очень его люблю. Вас я тоже хочу познакомить с красотами и неземными уголками нашего Мартукского района. Но для начала я вас познакомлю с историей нашего района. Мартукский район расположен в северной части Актыбинской области. Район на севере граничит с Оренбургской областью России, на юго-западе с Кобдинским районом, на юго-востоке с Алгинским районом и пригородом Актобе, на северо-востоке с Каргалинским районом. Его площадь равна 6,6 тыс. кв. км. Наш район был образован 16 февраля 1935 года. Население Мартукского района составляет 31,3 тыс. человек. В настоящее время Мартукский район включает в себя п. Мартук, 13 сельских округов и 44 населенных пунктов: Аккудукский, Байтурасайский, Березовский, Караторгайский, Курмансайский, Карачаевский, Родниковский, Кызылжарский, Мартукский, Нагорненский, Новомихайловский, Хлебодаровский, Яйсанкий. В нем проживает около 30 представителей разных национальностей. Важное значение имеют природно-географические условия, они оказывают влияние на густоту и распространенность памятников археологии. В этом отношении Мартукский край имеет вполне комфортные условия для обитания человеческих коллективов – разветвлённая

гидросеть, богатые пастбищные площади, оказали свое влияние на богатство памятников археологии района.

Ученые говорят, что в мезозойскую эру почти вся территория нашего района являлась дном моря. Научно было доказано, что в 17 веке южнее Мартукских земель располагалась ставка хан Абулхаира, а летние пастбища располагались на территории нашего края.

Мартукский район расположен внутри материка, морские воздушные массы не влияют на его климат. Для него выражен резко континентальный климат. Рельеф района представляет возвышенную волнисто-холмистую равнину, для которой характерно чередование возвышенностей. На территории района выделяют две почвенные зоны: чернозёмы южных и темно-каштановых почв.

Как я уже говорила, его центром является посёлок Мартук. Его численность составляет 10 тыс. жителей. Первый дом в Мартуке был построен 1907 году. По поводу происхождения названия нашего Мартука существуют разные версии. Но, у наших местных жителей есть своя история происхождения названия посёлка. Они говорят, что место будущего посёлка было топким, влажным, что здесь произрастала особая сочная трава с казахским названием « мортык ». Она и дала название местности. Существует еще одна легенда о происхождении названия местности. Часть исследователей утверждает, что когда-то в незапамятные времена на месте, где возник Мартук, возвышалась огромная каменная цитадель. В ходе какой-то кровавой битвы ее разрушили, и после этого место получило название Мортык - сломанные рога (в иносказательном смысле выражение «сломанные рога» означает разрушенный рог. Один из кызылординских краеведов уверен в том, что эта версия наиболее правдива. Дело в том, что в Кызылординском крае существует несколько разрушенных старинных каменных цитаделей-крепостей, и в народе их называют Мортык (потерявший целостность).

В нашем Мартукском крае есть посёлок Шевченко. У него есть тоже интересная история его происхождения. Переселенцы приезжали сюда на бричках и квартировались в окрестных селах. То место, где сейчас стоит посёлок Шевченко, было безлюдным из-за волков. Летом стаи хищников рыскали по лесам и не мешали вести хозяйство. А зимой оголодавшие волки подходили к жилью. Зато местная почва оказалась очень плодородной и ничуть не уступала чернозёму. В конце концов, люди тут плотно обосновались, и так как все жители были выходцами из Украины, новообразованному колхозу присвоили имя поэта Тараса Шевченко. Благодаря родникам тут легко приживаются редкие для наших степей сосны и берёзы. Жители рассказывают, что если воткнуть её в землю, через пару дней она пустит корни. Так что не удивительно, что этот колхоз стал одним из богатейших в Актюбинской области.

В Гражданскую войну недалеко от села шли ожесточенные бои с отступающими белогвардейцами. До сих пор в балке, где добывают белую глину, жители находят стреляные гильзы и осколки снарядов. Кто-то из старожилов якобы видел, как офицеры зарывали в землю ящики с золотом. Так слух пошел по деревне и жив до сих пор, хот сокровищ за сотню лет так никто и не нашёл.

Белогвардейское золото даже одно время стало местной поговоркой. В деревне жил старичок со странностями. Он мог задумчиво бродить по степи и лесам, уставившись в землю. Иногда мужчина так увлекался, что забывал о лошади, которую вывел на пастбище. Про старика жители села полушутя говорили, что он ищет тот самый клад. Потом искателями белогвардейских сокровищ стали называть местных чудаков, мечтателей и просто задумчивых людей.

Легенда эта оживает каждый год накануне 7 июля, праздника Ивана Купалы. Ведь в этих краях растёт реликтовый папоротник, отыскать который можно лишь тут и на Алтае. А по славянским поверьям, сорвавший цветок папоротника сможет отыскать все клады, которые когда-либо были закрыты.

В нескольких десятках километров от Шевченко есть не менее любопытное место. В леске, что у посёлка Джуса, местные жители по ночам слышат, как хрустят ветки под тяжёлыми шагами то ли человека, то ли животного. Этот шум слышали многие. Шаги слышались, даже когда человек стоял, так что об эхе не могло быть и речи. Шум стихал, как только прохожий пытался осветить фонариком или просто вглядывался в темноту. Но сколько ни пытались люди прочесать лес, никаких следов живого существа не обнаруживали. Все можно списать на буйную фантазию местных жителей, но в славянской мифологии именно так ведет себя хозяин лесов – леший.

По территории нашего Мартукского района протекают реки: Илек, Танирберген, Борте, Абдан, Торангул, Кия, Жамансу, Аксу. В наш район богатый разнообразный растительный мир. У нас произрастают травянистые растения, такие как марьянник полевой, ирис, тюльпан, лабазник, душистая ромашка, клевер и другие. Всего у нас более 300 видов растений. Также здесь разнообразный животный мир. Повсеместно обитают: ласка, хорь, барсук, лиса, волк, кабан, бобр, сурок, заяц, хомяки и др. По реке Илек обитают европейская норка и лесная куница, которые занесены в Красную книгу Республики Казахстан. В районе насчитывается около 160 видов птиц. Во время сезонных миграций встречаются краснозобая казарка, малый лебедь, змеяяд, беркут, сокол-сапсан.

Посещая наш край, мы откроем для себя реальный мир природной красоты. У нас в Мартукском районе есть Яблуновская плотина. Она названа в честь огородника Яблуновского. Она завораживает нас своей неопишуемой красотой. Вода в ней прозрачно-голубая, по краям растут большие могучие дубы с пушистой кроной. Наша плотина разделена на 2 зоны: одна для отдыха, а другая для разведения рыб. На месте отдыха построено кафе, проведено электричество, пробурена скважина. Сюда приезжают отдыхать не только местные жители, но горожане.

Также у нас есть Белгаинское лесничество. Участок первый реликтовый ольшайник расположен в ложине вдоль оврага, со стороны села к нему ведет крутой спуск, по краям ольшайника примешивается берёза, с восточной стороны окаймляется шиповником рыхлым, жимолостью и плавно переходит во влажный луг. Ольшайник трудно проходимый, с близким залеганием грунтовых вод и родников, травяной ярус образован злаками, ежевикой, луговым хвощом, звездчатками. Также к нему прилегает луг. На лугу произрастают клевер луговой, костёр безостый, астра алтайская, чина луговая, горошек заборный, так же там растет популяция синеголовника крупночашечного и марьянника гребенчатого, погребок джунгарский. С севера к ольшайнику вдоль ложины примыкает березо-осиновый лесок, который дальше разрастается в серию лесков. Берёзово-осиновый лесок требует охраны уже потому, что является единственным местом произрастания в области третичного реликта кочедыжника женского папоротника. По краю колки встречаются такие редкие натуральные и естественные поляны лекарственных растений, таких как золотарник обыкновенный, душица, шалфей, ястребки и др. Белгаинское урочище имеет статус «Памятник живой природы».

Признать «Памятником живой природы» реликтовые лески окраины села Шевченко. Согласно этого документа была запрещена распашка территорий, изменение видового состава растительности: сбор, заготовку сенокосения на прилегающих лугах. Площадь охраняемого объекта 1 га:

Категория памятника природы ботанический.

Свойства объекта подлежащего охране:

1. Единственное в области место произрастания реликта третичного периода папоротника кочедыжника женского.
2. Место нахождения очень редкого растения синеголовника крупночашечного.
3. Место обитания реликтового сообщества ольхи клейкой.

4. Место нахождения редких типов растений: лютика многоцветкового, земляники лесной, астры алтайской, погремка джунгарского, марьянника гребенчатого, клевера лугового, ястребинок.

Урочище « Коминтерн » - 3,5 га произрастает сосна и берёза.

На территории лесного хозяйства района имеется 3 оборудованных родника: с. Шевченко, с. Полтавка, с. Коминтерн.

Лесоугодья Мартукского района весьма разнообразны по породам деревьев, таких как сосна, дуб, берёза, осина, клён, тополь, ольха черная, ясень, ива кустарниковая, яблоня, ива древовидная, акация жёлтая.

Лес в первозданной своей красоте. В нём чувствуется свет, глубина, сила, звучащая особой музыкой и полнотой, он похож на океан мечты. На севере Мартукского района обитают сейчас несколько семей лосей и косуль.

Список литературы

1. Памятники природного и историко-культурного наследия Актюбинской области. – в 13 т. – Т 1. Мартукский район – г. Актобе 2006 г. – 350 стр. – ISBN9965-819-02-5
2. РК Актюбинская область государственное учреждение « Мартукское лесное хозяйство » Департамент природных ресурсов и регулирование природопользования. П. Мартук 2007 год
3. Паспорт социально-экономического развития Мартукского района.
4. Статья из газета « Диапозон ».
5. Энциклопедия Мартукского края

Қобда ауданы-батырлардың өлкесі

*Ғ.Ақтаев атындағы №6 орта мектеп
Ғылыми жетекші: Амангельдин Мерей
Автор: Тұрарова Аяна*

Қобда ауданы Ақтөбе облысының батысында облыс орталығынан 110 км қашықтықта орналасқан, ауданның жер көлемі 14,1 мың шаршы километр, облыс территориясының 21%-ын алып жатыр.

Аудан көлемі солтүстіктен шығысқа қарай-129,2 км, батыстан шығысқа қарай - 132,5 км. Аудан солтүстігінде Ресеймен, шығысында Алға және Мәртөк аудандарымен, батысында Батыс Қазақстан облысымен, оңтүстігінде Темір, Ойыл аудандарымен шектеседі.

Қобда жері құнарлы, суы мол, жайылымы кең, шаруашылыққа қолайлы өлкенің біріне жатады. Аудан аумағының жер ресурстары, табиғаты, климаты, жануар түрлері, мүлдем жоғалып кеткен жабайы аң түрлері мен өсімдіктері, өзен аңғары биологиялық алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Тағы бір ерекшелігі-аумақ ақшат борлы массивтерімен ерекшеленеді. Өсімдіктерден Шренк қызғалдағы кездеседі. Қазақстанның «Қызыл кітабына» бұлан, елік, күз суыры, саршұнақ, түлкі, борсық, қарсақ, күзен, тырна, аққұйрықты суқарақұс, дуадақ, безгелдек және т.б. енгізілген. Халқы 2010 жылғы санақ бойынша 23000 адам. Аудан аумағындағы 46 елді мекен 16 ауылдық әкімшілік округке біріктірілген.

Қобда өлкесі- атақты Исатай мен Махамбет бастаған әйгілі күрестің соңғы шайқасы өткен өңір, жаугершілік заманда туған қарақыпшақ Қобыланды елін, жерін жортуылшы қалмақтардан жан аямай қорғап, атағы барша жұртқа жайылған жер.

Бұл төңіректе Талдысай ауылынан оңтүстікке қарай 12 км. қашықтықта 14 ғасырдың соңы мен 15 ғасырдың бас кезінде салынған сәулет өнері ескерткіші- Абат-

Байтақ кесенесі орналасқан. Ол маңызы зор, барша қазақ халқына ортақ жәдігер болып саналады.

Бір айта кететін жайт: тәуелсіздік жылдарындағы аудан халқының атқарған істері айтарлықтай. Қазіргі кезде аудан экономикасы жаңа заманға сай қайта құрылып, даму үстінде. Ауданда кіші және шағын бизнесті дамытуға көп көңіл бөлініп отыр. Қазіргі таңда әртүрлі қызметпен айналысатын 782 кәсіпкерлік субъектілері жұмыс жасайды.

Енді сіздерге Қобда өлкесінің байлықтарымен таныстырамын:

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова 1925 жылы 25 қазанда Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында дүниеге келген. Бала кезінде анасынан айырылып (1933 жылы), кейіннен Алматыда ағасының қолында тұрған, ал 1935 жылдан бастап Ленинград, Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46-шы балалар үйінде тәрбиеленген. Санкт-Петербургтегі №9 орта мектебінде оқиды. Оқудағы озаттығы және үлгілі тәртібі үшін Әлия Қырымдағы Бүкілодақтық пионерлер лагері-Артекке жібіріледі. Артеkte батырлар тақтасына Рубен Ибаррури, Тимур Фрунзе сияқты батырлармен қатар Әлия Молдағұлованың да суреті енгізілген. Соғыс басталған соң балалар үйімен бірге Ярославль облысының Вятское селосына эвакуацияланған. Вятское орта мектебінен 7-сыныпты бітірісімен Рыбинск авиациялық техникумына түседі, бірақ көп ұзамай (1942 жылы) ЖШҚӘ-ға (Жұмысшы-Шаруа Қызыл әскері) майдаға жіберу туралы өтініш жібереді.

1943 жылы Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды. 1943 жылдан бастап 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған (22-ші әскер, 2-ші Балтық жағалауы фронты). Жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған. 1944 жылы 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданында ерлікпен қаза табады.



Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 жылы 4 маусымда Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды. Абат-Байтақ кесенесі- Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Бесқопа ауылының шығысында 12 шақырым жерде орналасқан. Батыс Қазақстандағы жалғыз мүсін ескерткіш. 19 ғасырда ескерткішті француз саяхатшысы Жозеф Кастанье ашқан.

20 ғасырдың 50-70 жылдарында 20 ғасырдың атақты зерттеушісі М. Мендікұлов монументті Алтын Орданың қалыптасу кезеңі 13 ғасырдың басына жатады деп болжаған.

Ескерткіш атақты философ Асан Қайғының ұлы Абатқа арналып ежелгі Сары Қобда өзенінің жағасында салынған. Ал «Байтақ» сөзі кең, шексіз деген мағынада қолданылған. Абат-Байтақ секілді құрылыстар жазық далада хандар мен төрелердің ұрпақтарына арнап қойылған. Осы жерлерде жүргізілген қазба жұмыстары кезінде үш (3) адамның сүйегі мен басқа жерленгендер табылған, ал кіші көлемдегілерді Қыз Әулиеден тапқан.

Қобда өзені Қазақстанның Ақтөбе облысы (Алға, Қобда аудандары) және Ресейдің Орынбор облыстары жерімен ағады. Қобда ауданындағы Көксай ауылының солтүстік-шығысында 5 км, Қарақобда мен Сарықобда өзендерінің қосылған жерінен басталады. Орынбор облысының (Ресей) Покровка селосы тұсында Жайық өзеніне құяды. Ұзындығы 225 км, су жиналатын алабы 147000 шаршы шақырым. Алабында жалпы ұзындығы 133 км болатын 37 саласы бар. Ірі салалары: Ащықара, Қарақобда, Сарықобда, Тамды, Терісаққан, Сауқайың, Кіші Қобда, Итқырған, т.б. Жауын-шашын, жер асты суларымен толығады.

Әлия

Қобда, Нева суларын сүйіп өскен

Әсем гүлін құшаққа жиып өскен

Аққу құстың бейнебір баласындай
Сұлу сазды, жастықтың күйін кешкен.
Әлия-ару қызы сен халқымның
Әлия-батыр қызы сен халқымның
Ерке құсы сен даламның!
Саған белгі орнаттық мәрмәр тастан
Саған күнде қызыққан мөлдір аспан
Саған күнде жазылған көркем дастан
Саған күнде құшағын көктем ашқан.
Әлия-ару қызы сен халқымның
Әлия-батыр қызы сен халқымның
Ерке құсы сен даламның!
Шолпан жұлдыз-өзінсің шоқтай жарық
Көз алмаймыз көркіңнен тоқтай қалып
Тұған ижердің төсінде мәңгілікке
Тұр ғой сенің жүрегің оттай жанып.
Әлия-ару қызы сен халқымның
Әлия-батыр қызы сен халқымның
Ерке құсы сен даламның!

Қобда елінің халқы Тәуелсіздіктің жетістіктерін мақтан етіп, бүгінгі басты құндылықтарымыз – ұлтаралық татулық пен конфессияаралық келісімді барынша бағалап, алдағы уақытта да болашаққа бағытталған жасампаз істердің алдыңғы шебінде болатынына сенімім мол.

Хан моласы

*Ғ.Ақтаев атындағы №6 орта мектеп
Ғылыми жетекші: Шанаева Динара
Автор: Салқынбаева Айдана*

1.«Хан моласы» атауы қайдан шықты?

«Хан моласы» атауы 1748 жылдары-ақ пайда болған. Әбілқайыр ханның қазасы қабырғаларын қайыстырған ел бұл қорымды солай атаған. Әбілқайыр ханның өлімі даланы күңіретті. Жерленген жері де осы. Жалпы, қазақ жер-су атауларына ерекше қараған. Оған асқан ыждағаттылықпен қарап, атауды тектен-текке бермеген. «Мола» - қазақтың төл сөзі. Алайда XIX ғасырдағы Ресей карталарында бұл жер «Хан сүйегі» деп көрсетілген. Қате жазбалар да кездеседі. Мысалы, «Қанды суық» деген де бар. 60-жылдардағы топографиялық картада солай. Бірақ ең дұрыс атауы - «Хан моласы».

Бұл қорым 1748 жылы Әбілқайыр хан өлтірілген кезде пайда болған. Ең соңғы рет 1945 жылы қыста қайтыс болған бір әйел жерленіпті. Қорымда Кіші жүзден негізінен алтын, жаппас, шөмекей рулары мен бірен-саран шекті руының өкілдерінің зираттары бар. Сонымен қатар, бұл қорымда жатқандардың жартысына жуығы — Орта жүздің арғын руының адамдары.

Зерттеулерге сүйенсек, Әбілқайыр ханның нақты осында жерленгендігін білеміз. Бұны тарихи жазба деректер, яғни архивтерден алынған материалдар растайды. Оларды саяхатшылардың жазбалары да толықтыра түседі. Жергілікті халық арасында таралған әңгімелердің өзі бір төбе. Топографиялық зерттеулер де көрсетіп отыр. Ақтөбедегі “Хан моласы” аталған аумақта найза беріп жауға қоятын жұрттың ханы жерленгенін 1979 жылы Әбіш Кекілбай айтқан. Дегенмен қазба жұмыстарын жасап, ешкім деп түспеген еді. Орыс деректерінде де Барак сұлтанның Әбілқайырды Қабырға өзенінің

Өлкейекке құятын сағасында өлтіргені айтылады. Хан моласын зерттеу экспедициясын бастап барған ғалым Серік Әжіғали 2001 жылы бұл жерде 980 төмпешік болғанын айтады. Қорым солтүстіктен оңтүстікке қарай 600 метрге дейін, батыстан шығысқа қарай 250 метрге дейінгі жер аумағын алып жатыр. Археологтар бұл жерден 41 құлпытас тапқан. Деректерге сүйенсек, Әбілқайыр ханның ұлы Нұралы хан сол замандарда әкесінің зиратына асығыстау түрде шикі кірпіштен күмбезді шағын кесене тұрғызған. Ішінде сағана болған. Хан ежелгі қыпшақ дәстүрі бойынша қарапайым киіммен, қару-жарағымен, яғни қылышы, жебелерімен бірге көмілген. Біздің білуімізше, ол кесене 1950-60 жылдан кейін сыр бере бастаған. Ал ғалымдарға негізгі бағыт көрсетер белгі жалғыз ағаш еді. Ол - Нұралы екен он екі талдың бірі. XIX ғасырдың екінші жартысында зерттеуші ғалым Дербісәлі Беркімбаев Торғай өңірінің газетінде: «Әбілқайыр ханның басында белгі жоқ, бірақ шикі кірпіштен салынған қоршау мен тас плита бар», - деп жазған. Демек, сол уақыттарда-ақ ханның зиратын анықтау мәселесі туындай бастаған. 1898 жылы зерттеуші И.Крафт: «Хан ұрпақтарының бірі оның зиратын тапты. Басындағы негізгі белгі - жалғыз қайың», - деген дерек қалдырған. Бірақ ол қайың емес болатын. 1771 жылы ханның басындағы ағашты Н. Рычков «ақ тал» деген еді. Бұл ағаштың ғұмыры ұзақ болды. Жергілікті тұрғындар қыркыншы жылдардың соңына дейін сақталғандығын айтады. Ырымға сенгендері талдың бұтақтарына ақтық байлайтын болған. Олай-бұлай өткен жолаушылар да ағараңдаған шүберектерді аңғарған. Бұл - ақпарат берушілердің сөзі. Сөйтіп, ол ағашқа елуінші жылдары жайдың оты түсіп, сол маңай түгелімен өртеніп кеткен. Қалың өрттен ханның басындағы жалғыз ағаш түпкілікті жойылып, Әбілқайырдың ізі алыстап кеткен. Әрине, соғыстан кейінгі жылдары бұл маңайға ел қонбай, негізгі белгілердің халық жадында қалмағандығы өкінішті.

2.«Хан моласы» қорымының зерттелу тарихы

Хан моласын зерттеу негізі 1979 жылдан басталған, яғни сол жылы әйгілі қаламгер, ардақты тұлға Әбіш Кекілбай ағамыз өзінің «Үркер» романын жазарда арнайы экспедиция құрып, ел ішінен хан сүйегі жатыр деген жердің жобасын біледі-ау деген адамдарды жинап, біршама жұмыс атқарған. Десе де, екі ғасырдан аса бұрынғы моланы табу бес-алты кісінің қолынан келетін шаруа емес еді. Соған қарамастан, біраз дерек жинаған әлгі экспедиция араға біршама уақыт салып кәдімгідей ел болып, еліміздегі Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының және тағы басқа ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдар тобы – тарихшылар, этно-археологтар, этнографтар, геофизиктер, антропологтар, генетиктер мен топырақтанушылар т.б. көптеген ғалым, яғни бірнеше ғылым саласы бірігіп зерттеуге, іздестіруге көшкен. Түрлі құрал-сайманмен мұздай қаруланған топтың көкейінде «таппай қоймаймыз» деген бір ғана мақсат болды. Бұл туралы **Серік Әжіғали**, *тарих ғылымының докторы, профессор, жоба жетекшісі*:

– Хан моласы Ақтөбе мен Торғай облысының шекарасында, Өлкейік пен Қабырға өзенінен төрт шақырым қашықтықта жатқан елсіз жырақта орналасқан. Ешқандай да бір зират қондыруға қолайсыз жер, олай дейтінім, әдетте қазақ моланы биік жерге, қыстауға қондырған. Ал енді Әбілқайыр ханның сүйегі неге елсізге жерленген дегенге келсек, оның қапияда қайтыс болуынан. Негізі, ханның кенеттен болған өлімі сол тұста дала жұрты мен патша сарайындағыларды тегіс аң-таң қалдырған үлкен оқиға болды. Сондықтан да ол жайлы орыс ғалымдары, орыс баспасөзі жазып, құжаттары да сол Орынбор мұрағатында сақталған. Ең алғаш XIX ғасырдың 60-жылдары бұл молаға алғаш ат ізін салған – зерттеуші капитан Николай Рычков, ол мола орнына сипаттама жазып кеткен. Бұл – 1771 жыл, яғни хан өлімінен арада 23 жыл өткен кез. Әбілқайыр хан 1748 жылы қайтыс болған еді. XIX ғасырда деген атпен ол жерді сипаттап, топографиялық картаға түсірген. Бір емес, одан кейін Левшин, Эрситов, Крафт сынды зерттеушілер еңбегіне арқау болған. Міне, сондай тарихи құжаттар мен түрлі биогенетикалық, антропологиялық т.б. зерттеулер қорытындысы бір қорытындыға келіп, біз бүгін хан моласын нақты белгілеп, Әбілқайыр хан моласы осы жер, сүйегі сол кісінікі деген тұжырымға келіп отырмыз. 250 жылдай уақыт өткен моланы іздеп табу, әрине, оңайға түскен жоқ. Себебі бір кездері

тарихи жазбаларда сипатталған жерлер одан бері қаншама өзгеріске түскен. Мәселен, белгілі тарихшы Крафт 1898 жылғы өз жазбасында хан моласының басында жалғыз қайың өсіп тұрғанын айтқан. Алайда бүгінде ол жоқ. Екіншіден, ол кез елсіз болғанымен, бүгінде сол қорым кеңейіп, 942 қабір түскен. Соның қайсысы деген дағдарыс туары сөзсіз. Ғалымдар соның өзін топырағынан, ағашының тамырынан ең көне деген тұсы – солтүстік жағын тауып, Новосібір ғалымдарының көмегімен магнитометр, георадар сынды құралдар арқылы, сондай-ақ Венгрия мамандарының мықты жасақталған лабораториясындағы тәжірибелі мамандар арқылы, сондай-ақ Әбіш Кекілбай ағамыз бастаған экспедиция құрамында болған Аманжол Алдашев, сол тұста 20 жастағы жігіт, тракторшы болған Қаныбек Жанаев т.б. 20 шақты ақпарат беруші азаматтың жол нұсқауымен дәлірек ізге түскен. Нәтижесінде Будапешт қаласында орналасқан Венгр ұлттық жаратылыстану ғылымы мұражайында доктор Андраш Бироның жетекшілігімен жоғарыда аталған сүйек қалдықтарына жалпы антропологиялық зерттеу жүргізіп, №92 объекіден табылған сүйектер мен ханның тікелей ұрпақтарының ДНК сәйкестігі 99,355% болған. Сондай-ақ қабірдегі сүйек иесінің бойы – 168-173 см аралығында, жасы қайтыс болғанда 55-65 аралығында болғанын, сондай-ақ ат құлағында ойнағанын, түр-келбетінде ержүрек батырға тән сипаттар мен ханға тән дарқандық болғанын анықтаған. Сөйтіп, бет-келбетін компьютерлік реконструкциялаған және жақ сүйектерін гипспен реконструкциялаған. Оны танымал венгр ғалымы Агнеш Кустар жасаған. Әрине, бұл зерттеу тарихтың заман ағымына сай жұмыс істейтінін дәлелдесе, екіншіден, Әбілқайыр ханның сүйегін дәл анықтау арқылы келер ұрпаққа қазақ тарихындағы көрнекті қайраткер бейнесін қалдыруға үлкен келелі іс болды. Ал енді, расында, осы қалпына келтірілген бейне ұрпағының үдесінен шыға ма дегенге келсек, осы отырысқа келген жасы 70-ті алқымдаған ақсақал былай деді.

Сәрсенғали СЫДЫҚ, Әбілқайыр ханның жетінші ұрпағы:

– Осыдан бірнеше жыл бұрын төл теңгемізде бейнеленген атамыздың суретіне қарап, «апырым-ай, мынау шынында біздің атамыз ба, шынында түрі осындай болған ба, мен осы, расында, осындай бабаның ұрпағы болсам, неге ұқсамаймыз» деген сұрақ көкейде тұратын. Ал бүгін мына бет-бейнеден, шыны керек, мен өзімді тауып, көңілім толқып тұр. Өзіме келсем, мен Әбілқайыр ханның жетінші ұрпағымын. Ол кісінің Нұралы, Ералы, Айшуақ, Әділ, Шыңғыс, Қожахмет деген алты ұлы болғанын білесіздер. Мен соның Әділ деген баласынан тарайтын ұрпақпын. Әділден – Ағым мен Тоғым деген екі баласы, мен Ағымнанмын, одан Әбілжан, Әбілмомын, Есжан деген үш бала туады. Есжаннан Ахмет, Бекжігіт деген балалар туады. Соның мен – Өтепалы деген, Өтеміс деген ұлынан. Өтемістің баласы Сыдық төре – менің әкем. Бізді негізі кезінде хан тұқымы деп қудалағанын да білесіздер. Атақты Бақытжан, Арон Қаратаевтармен туыспыз ғой. Солар өздеріне тықыр таянғанда «Сыдық бүгіннен қалмай Өзбекстан аспаса, ертең алып кетеді» деп адам жіберіпті. Солай біз шекара сыртында тегімізді де айта алмай жүрдік. 1954 жылға дейін әкем тіс жармай келді, сол жылдан бастап маған айтып, міне, бүгінге жеттік.

Қазақ хандығының 550 жылдығы Ақтөбе облысында кең көлемде аталып өтті. Әйтеке би ауданындағы «Хан моласы» қорымында қазақ тарихындағы ірі қоғам қайраткері, даңқты қолбасшы Әбілқайыр ханға арналған мемориалды кешен ашылды. Белгілі хан, қолбасшы, үлкен бабамыз Әбілқайыр ханның аруағына тағзым етіп, бас иіп, болашақ үшін, мынау жастарды Отанды, ұлтты тәрбиелеуге баулу үшін осы жерде үлкен жұмыс жасалынды. Жиынға Әбілқайыр ханның ұрпақтары, хан моласын зерттеген антрополог, генетик, археолог ғалымдар мен тарихшылар, облыстың бұрынғы басшысы Архимед Мұхамбетов пен қазіргі әкімі Бердібек Сапарбаев, сондай-ақ хан моласының зерттеліп, мазар тұрғызуына о бастан себепші болып жүрген сенатор Елеусін Сағындықов қатысты. Ақтөбе облысы әкімі әр елдің өз тарихы болатынын, қазақтың да ешкімнен ұялмайтындай өз тарихы барын, тарихсыз болашақ болмайтынын айтты.

Б.Сапарбаев «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев былтырғы өзінің қазақ халқына дәстүрлі Жолдауында келесі жылы біздің халқымыз үшін, мемлекет үшін үлкен жыл

болатынын, Ұлы Отан соғысы кезіндегі Жеңіске 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығы, ең негізгісі, Қазақ хандығының 550 жылдығы екенін айтқан болатын.

Сенат депутаты Елеусін Сағындықов Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында үлкен істің қолға алынып жатқанын жеткізді. Хан моласының зерттелуіне елеулі үлес қосқан сенатор Елеусін Сағындықов «XVIII ғасырда ұлы бас қолбасшы болған, даңқты, сұңғыла саясаткер, көреген мәмілегер, көрнекті қайраткер Әбілқайыр ханның жатқан жерін зерттеу жұмысы осыдан 10 жылдан астам уақыт бұрын басталды», – деді.



Бұл тарихи қызметке қарапайым халықтан бастап еліміздің, алыс та жақын шетелдің оқымыстылары, ғалымдары, жазушылары мен саясаткерлері, антропологтары жұмылдырылды.

Елеусін Сағындықовтың пікірінше, зерттеу біржақты, бірбеткей болмас үшін көптеген дерек сарапталды. Соның ішінде музейде жатқан үш жүз жылды қамтитын жазба зерттелді.

Сенатор «Үлкен жұмыстың нәтижесі еш кетпеді деп ойлаймын. Мына жерде керемет, үлкен сәулетті мемориалды кешен бой көтеріп отыр. Ата жұртты қорғағанда екі шайқас есте қалады. Көп шайқаста жеңіске жетті ғой. Бірақ екі шешуші шайқас ұлт болып қаламыз ба, әлде жоқ боламыз ба деген сұраққа жауап іздеді. Бұланты маңындағы шайқас пен Аңырақай шайқасы. Екі шайқаста да ойсырата жеңгеніміз, осы кісінің, ханның даналығы мен ұлы батырлығы. Кіші жүз, орта жүз басшыларымен болған кездесуінде Әбілқайыр ханның «Мен халқым үшін әруақытта қызмет етуге дайынмын, керек болса басымды құрбандыққа да беремін, сіздерді еліміздің еркіндігіне, халықтың тыныштығына, бірлікке шақырамын» – дегені бар», – деді.

Мердігер компанияның өкілі Зұлқожа Қожаев «Кешен туралы айтар болсақ, үш стелла үш жүзді білдіреді. Биіктігі 25 метр. Бірінші стеллада ұлы жүздің 19 таңбасы, орта жүздің 18 таңбасы және кіші жүздің 25 таңбасы бейнеленген. Материал Маңғыстаудың ағылай деген ақ тасы», – дейді. Оның айтуынша, Әбілқайыр хан моласының айналасында 940 қорым бар. «Келешекте олар қоршалып, жақын жерден құдық қазылады. Кәсіпкер ретінде өз атымнан осы маңға 400 тал отырғыздым. Ертеңгі күнде біз кетеміз, той аяқталады. Ал тал осы жерде қалу керек деп шештім», – дейді ол. «Құрылыс консалтинг» Ұлттық орталығының басқарушысы Жәнібек Қаржауылдың айтуынша, о бастағы жобаны өзгертуге тура келіпті. Ол «Хан мазарының қандай екенін білмедік. Археологтарды шақырып, жерді қаздырғанда моланың саз балшықтан жасалғаны белгілі болды. Ауданы шамамен 5 шаршы метр болады екен. Сондықтан жобада жасалған өлшемі сәл кішірек болды. Ал дүниежүзілік археология заңы бойынша жер астындағы мазарды біздің қозғауымызға құқымыз жоқ қой, содан үстіне қойылатын мазардың көлемін үлкейтуге тура келді. Мазардың биіктігі 15 метр, диаметрі 8,5 метр болады», – деді. Кіреберістегі маңдайшасының биіктігі 5,5 метр. Есігі құбылаға қаратып салынды. 8 қырлы. Мазардың

ішінде сүйектің жатқан жерін білдіретін табытқа ұқсас белгі бар. Болашақта ол жерге мүсін қойылуы мүмкін. Жергілікті халық Толыбай ауылы атауын ханның есімімен атаса керек деп жергілікті мәслихатқа ұсыныс хат та жолдапты. Әйтеке би ауданының әкімі Аманғали Бердалиннің айтуынша, аудандық мәслихатта бұл ұсыныс қаралып, мақұлданып, облыстық ономастикалық комиссия қарауына жолданған. Аудан әкімі «Толыбай ауылында 71 түтін бар. Ауыл атауы өзеннің атымен аталған. Алдағы уақытта кешен басына жол тартылады. Елбасы бастаған «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында салынатын жол осы кешенге жақын жерден өтеді. Болашақта мұнда туристер келеді деген үміт зор», – дейді. Кешеннің сәулетшісі — Бек Ибраев. Кешен үш жүзді білдіретін биіктігі 23 метр мемориалдан, Әбілқайыр ханның моласы үстінен көтерілген кесенеден және болашақта салынатын музейден тұрады.

Қорытынды

Қорымды көркейту парыз

Қазақтың мемлекеттілігін қалыптастыруға орасан үлес қосқан қайраткер, тарихи-саяси тұлға Әбілқайыр хан осы жерде. Оның жанында серіктері һәм білекті батырлар мен қолбасылар да жатқан болуы әбден мүмкін. Шалғай ауданда, адам аяғы аз басатын жерде жатқан батырларды дәріптеу - бізге парыз. Ертеңгі күні салынатын кешен бұл маңды туристік орталыққа айналдырары хақ. Тарихи орынның белгіленуі қазақ халқының еңсесін тіктей түседі. Әбілқайырдың көзі тірі кезіндегідей Сарыарқа мен еліміздің батысы қосылады. Егер Торғайға іргедегі Басқұдық пен Жабасақ ауылдары арқылы даңғыл жол салынса, ертең-ақ туристер ағылады. Бабаның рухын құрметтеушілер тәу ететін орынға айналады. Жалпы, бұл маңда тарихи-мәдени орындар аз емес. Ескерткіштер де жетерлік. Мына Ырғыздағы Жаманшың кратерінің өзі неге тұрады?!

Бұл - Торғай қаласына да жақын жер. Осы маңда тарихи құнды Ұзақ тамы ескерткіші бар. Қысқасы, Ырғыз-Торғай даласы - тағдыры бөлек аймақ. Осы жерде қазақ-орыс байланысы орнады. Осы жерде нағыз дала мәдениеті қалыптасты. Әбілқайыр ханнан кейін Темірбек Жүргенов, Ұзақбай Құлымбетов сияқты қайраткерлер тарих сахнасына шықты. Демек, осы маңдағы тарихи-табиғи ескерткіштердің «басын» біріктіретін Әбілқайыр ханның кесенесі болуға тиіс.

«Ханның басын хан алар», яғни жазылмаған дала заңы бойынша, астындағы атын да, жарын да, тіпті бар қазынасын берсе де, хан атамекеннің сүйемдей жеріне жау аяғын бастырмай, тіпті керек болса, сүйегін де беруге тиіс болған. Сондайда егер жеңіске жетсе, шапқыншы жұрт ханының басын жер иесі, патшасы алады, керісінше, жеңіліс тапса, сол жолда ханның басы қасқайған күйі жау патшасының қолынан кесіледі. Бұл егер ашық соғыс болса, ал жымысқы жаугершілікте ол заң, әрине, жүрмейді. Аласапыран тұсында Әбілқайырдай, Кенесарыдай хандардың қапталдан бас салған дұшпандардың қолынан қаза болған денесі мүмкін болған жерге жерлене салғанын түсінеміз. Ал енді бүгін сол ханымыздың моласын анықтап, бет-бейнесін қалыпқа келтіріп жатсақ, бұл – шынын айту керек, ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігіміздің арқасы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақтөбе облыстық газеті. 2009ж 4 маусым
2. Ақтөбе облыстық газеті. 2011ж
3. Аңыз адам. 2012ж қаңтар
4. Пангереев А.Ш. Әдебиет және топонимика. Ақтөбе: 2003ж.
5. История Актюбинской области. – Актөбе: 2006ж.

Ақтөбе облысындағы Кенесары ханға байланысты жер-су атаулары

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Бекназаров Р. А., т.ғ.д., профессор
Авторлар: Қыйзатова С., Умирханқызы З., Жанұзақ Р.

*«Біздің қазақ – жер аты, тау атын әмәнда
сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт.
Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да
жер, су, жапан түзде кездескен
кішкене бұлақтың өзінде қаншама мән-мағына,
шешілмеген құпия сыр жатады»*
М.Әуезов.

Жер-су атаулары халық санасының өңімі мен тарихи жадының көрінісі болып табылады. Халықтың рухани және материалдық өмірінің барлық қырларын бейнелейді. Демек, топонимдер – мәдени ортаның факторы, тарихи қасиетінің фактісі, өмір сүру ортасының белгісі, ландшафттың, фаунаның, флораның климаттық ерекшеліктерінің бейнесі. [1, 17 б].

Қазіргі уақытта топонимика саласында аймақтық зерттеулерге қызығушылық байқалады. Жекелеген аумақтың топонимдерін, олардың қызмет ету заңдылықтары мен даму барысын зерттеу тарихтың өткеніне қатысты қызықты тұжырымдарға алып келеді. Бұл тұрғыда Ақтөбе өңірінің топонимиясы да қалыс қалған жоқ [1, 4 б].

Ақтөбе облысының топонимиясы – мыңдаған жылдар жемісі. Жер-су, елді мекен атаулары жергілікті халықтың бай тілі негізінде жасалып, халық тарихымен байланысты дамыған. Топонимиялық атаулар белгілі бір оқиғалардың мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көзінің сырын саралап, танып білуге септігін тигізеді. Олай болса, мұндағы топонимдер – «жердің тілі, жазылмаған кітабы» ғана емес, сонымен қатар жер тарихы мен ел тарихын танытар, оның өмірінен сыр шертер тарихи шежіресі. Тарихи атауларды зерттеп, көпшілікке түсіндіру ұлттық саясат пен идеологияның бағыты.

2015 жыл Қазақ хандығының 550-жылдығы болып жарияланғаннан соң көптеген іс-шаралар, тарихи зерттеулер ұйымдастырылуда. Қазақ хандығы тарихына қатысты оқиғалар, тұлғалар жөнінде бірқатар еңбектер жарық көруде. Бұл орайда Кенесары Қасымұлының тарихта алған орны ерекше. Ол елдің тарихында, азаттық күресінде, саяси және рухани өмірінде мол мұра қалдырды. Тіпті өзі жүріп өткен жерлердің атауларына да әсер еткен. Ақтөбе облысында Кенесары ханға байланысты жер-су атаулары кездеседі. Бұл атаулар Кенесарының тікелей әсерінен пайда болған немесе хан өміріндегі елеулі оқиғаларға куә болған жерлер. Олар: Кілемжайған, Төретүскен, Қарашатау және т.б.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бас кезінде қазақ елінің көрген қасіреті өте ауыр болды. Қазақ елі бұл кезеңде ауыр күндерді кешірді. Әуелі қарақұйындай қайта – қайта соғып, халқымыздың ұйқы – тұйқысын шығарған жоңғар шапқыншылығын бастан кешірді. Оған оңтүстік өңірді басып алған Қоқан, Хиуа хандықтары қосылды. Қазақтар осындай қиын кезеңде жүргенде Ресей патшасының солдаттары зеңбіректерін әкеліп, тап іргемізден бекініс салды. Жағалай салған бекіністердің әрқайсысына тұрақты қару – жаракты әскер қалдырып, біржолата қоныстандыру басталды. Патша өкіметі қазақ өлкесін түпкілікті билеу үшін әр түрлі реформалар жүргізе бастады. Бұл реформа Ресейдің отаршылдық саясатының маңызды бөлігінің бірі болып табылды. Патша үкіметі сұлтандар тобын өкімет бөлігінен біржолата ығыстырып, империялық басқару енгізіп, қазақтың кең даласын округтерге бөлді. Осының салдарынан қазақтардың саяси құқығы шектелді. Міне, осы кезеңде Кенесары хан патша үкіметі тартып алған жерлерді қайтару және салынғын бекіністерді жою, округтерді тарату, отаршылар салған алым – салықтарды жою үшін көтеріліс бастағанын тарихтан білеміз.

Кенесары « жер, су елдікі, атамекен жерден айрылу – елдіктен айрылу. Елді ер қорғайды» деп ұран тастады. Кенесарыдан қауіптенген Ресей үкіметі тез арада қазақ даласына екі бірдей бекініс салды. Бірі – Бірғыз өзені бойындағы «Уральск», екіншісі –

Торғай өзені бойындағы «Оренбургский» бекінісі. Осы бекіністер салынған соң көтерілісшілер алыс жерлердегі рулармен байланысы қиындады және жағдайлары күрделеніп кетті.

Патша үкіметінің қысымы күшейіп, Кенесары қол астындағыларымен Ырғыз, Торғай алқабына жылысып, көтеріліс орталығы ауысқан кездегі Кенесары жорығының елеулі кезеңі Қарабұтақ жерінде, Қарабұтақ, Талдық, Ор өзендері бойларында өткені, хан ордасы Кілемжайғанға келіп тігілген. Ол Қарабұтақтан 45 шақырымдай жерде. Айтушылар Кілемжайған ол кезде ат түзетін Кенесарының қалың қосындарының аттары су ішкенде лайланбайтын айналасы шалғынды, көк майсалы шалқар көлі еді, - дейді.

Кілемжайған бұрындары теңдесі жоқ сұлу жер болған. Айналасы сулы, құрақты көлдері бар: Ойынкөл, Иіркөл, Шилісор, Құмқұдық, Шыбынды, Ақкөл, Қандысор, Қонай, Бопай. Сондықтан Кенесары сол кезде ең қолайлы, сулы жер болғандықтан Кілемжайғанға тоқтаған. Қазір көл суы азайып, тартылып, тұзды сорға айналды. Осы алқапты – жайлауды, көлді Кілемжайған деп неге атаған, кілем – киіге жайылған деген сауалдың жауабы әрқилы. Кейбіреулер кілем Кенесары ханға жайылған десе, көнекөз қариялар, оның басқаша тарихы барын айтып өзгеше әңгіме шертеді. Кенесары ханның кіші әйелінің жазығы қандай екенін кім біліпті, бірде қаһарына мінген хан сорлы әйелдің бұрымын кесіп тастайды. Бұл әйел Жанқожа батырдың қарындасы деседі. Мүмкін, қарындас емес те болар – осы маңды әлімсақтан жайлап жатқан қалың Әлімнің төрт Төртқара, бес Шектісінің қызы болар. Хабарды Жанқожаға жеткізеді. Жанқожа Кіші жүздің атақты биі, батыры Қоқан хандығына, Ресей басқыншыларына қарсы күрес жүргізген, ешкімге елін басындырмаған әйгілі тұлға. Жанқожа қатты ашуланады. Сол заманда әйелдің бұрымын кесіп тастау – қатал, масқаралы жаза, әрі күллі тайпаның сүйегіне түскен таңба ғой. «Бұл төренің неден құтырғаны, егер кінәсі болса, бұрымын кеспей, басын кесіп алса біз құн сұраймызба? Бұрым кесу – бізге, елге салған таңбасы» деп қатты қаһарланып, қасына бірсыпыра батырларын ертіп, атқа мінеді.

«Қасында атақты батырларын ерткен Жанқожа батыр келе жатыр» дегенді естіп, Жанқожаның қаһарынан қауіптеніп, хан ордасына таяу жердегі қарауыл төбесінен ордаға дейін кілем жайып, Жанқожа батырды Наурызбай өзі қарсы алады. Жанқожаның қылышы қынабынан суырулы екен дейді. Айтылған сөз айтылып, қан төгіс болмай, екі жақ бітімге келеді. Наурызбай құрмет көріп, ат – тон айыбын алған Жанқожаны мезгілдік жерге дейін шығарып салады. Жанқожаны шығарып салып келген соң Кенесары Наурызбайдан «Батыр қылышын қынабына салды ма?» деп сұрапты. «Жоқ, қынабына салмай кетті» дейді інісі. Кенесары «Маған деген ашу – ызасы әлі қайтпаған екен ғой» - депті. Сөйтіп, кілем Кенесары ханға емес, Жанқожа батырдың құрметіне жайылған. Кенесары, мүмкін, Жанқожаның ашу – ызасынан сескеніп, ат үстінде ызалы күймен жазым жасап жүрер деп қалайда аттан түсіру деген мақсатпен кілем жайған дегенді айтады. Кілемжайған деген жер аты тарихқа осындай себептен келген [2, 88-89 б].

Ал енді осы Кенесары ханды ақ киізге көтеріп хан сайлаған жерді толық сияптап кетсек. Жыра-жықпылы, қойны-қонышы тарихи қазынаға бай Әйтеке би ауаданындағы Қарашатау тауы халқымыздың тарихында өте үлкен орын алатын ұлы тарихи құбылысқа кұә болды. Биылғы жылы егенмен де тәуелсіз еліміз қазақ хандығының 550-жылдығын тойлауына орай және қазақтың маңдайына біткен соңғы ханы Кенесарыға байланысты көп айтыла бермейтін Қарашатау туралы оның атауының сырын және де қандай тарихи оқиғаға кұә болғанын айтпақпыз.

Қарашатау – Әйтеке бидің аудан орталығынан 70 шақырым қашықтықтағы Құмқұдықтың батыс жағында орналасқан. Әйтеке би ауданы аумағының біраз жері Мұғалжар тау үстіртінің жазықтық солтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр. Теңіз деңгейінен 239 метр биіктікте орналасқан Қарашатау алыстан едәуір биік болып көрінеді. Жер қыртысын зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, полеозой кезеңінде кварцтік топырақ су мен желдің, атмосфералық қысымның әсерінен қатты ақшыл түсті кварцит шөгіндісіне айналған. Тау бетінде әр түрлі ұсақ тастарды арнайы тесіп тастағанда, аяғыңа

шаң жұқпайды. Әр жерде тастардың неше түрлі шоғыры топ-топ болып жатыр. Бұл тастар бейне жер астынан қайнап шығып, қата қалғандай әсер етеді. Тау үстіндегі ақшыл тастарға жабысып өскен көкшіл тау қынасы тастарды қоңыр түске «баяп» тұр. Таң атқан немесе күн батқан мезгелдерде, тастардың көлеңкесі ұзарып, қошқылданып тұрады, араларына түскен күн сәулесінен тау қарала-қарала болып көрінеді. Қара сөзіне «ша» жұрнағы жалғануы арқылы «шақын, қоңыр тау» деген ұғымды беріп тұр. Қарашатау атауы осыдан шықса керек [3, 26 б]. Сондай-ақ бұл атау сонау ерте заманнан келе жатқаны белгілі. Зертеушілер бұдан 600 жылдай уақыт бұрын бұл таудың биіктігі 400 метрден астам болғанын, еріген қардың ағын суы мен нөсердің әсерінен жоғары қабаттар жылжып, етегіне түсіп, араласып, аласарғанын айтады. Қарашатаудың үш жағын орап атқан қалың нар қамысты Шалқар көлі де бұдан әлдеқайда айдындырақ болған.

Тақырыпқа қайта оралсақ, бұл жердің маңызы тек бұл ғана емес, бұл жер кезінде Кенесарыны хан етіп көтерген тарихи жер екенін де айтқымыз келеді. Е.Бекмахановтың зерттеуі бойынша, Кенесары жасағының ең күш жинаған жері – Ырғыз – Торғай даласы болған. «1838 жылы Кенесары бастаған Орта жүз қазақтары Кіші жүз жеріне – Ырғыз бен Торғай ауданына, Орынбор губернаторлығынан да, Оренбор губернаторлығынан да біршама алыс жатқандықтан, олардың Кенесары үшін стратегиялық маңызы зор болды. Сондықтан бұл аудандар көп уақыт ұлт-азаттық қозғалыстың орталығына айналуы кездейсоқ емес», - деп жазды Е.Бекмаханов [4, 353 б]. Бұл көтерілісті Кіші жүздің барлық рубасылары, би-батырлары қолдап соңдарынан жұртын ерткен. Халықтың қолауы арқасында Кенесары осы кең байтақ жерде ұзақ уақыт жеңіске жеткен. Жалпы, тарихшылардың айтуынша, Кенесары астаған ұлт-азаттық көтеріліс – ұзақ уақытқа созылған, әрі үш жүздің басын біріктірген ХІХ ғасырдағы ең ірі көтеріліс болды. Сонымен қатар осы Е.Бекмахановтың « Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдабырнда» атты еңбегінде 1841 жылдың қыркүйек айында қазақ руларының өкілдері ата дәстүр салтымен Кенесарыны ақ киізге көтеріп, хан сайлағаны туралы жазылған. Ал журналист Қуаныш Ахметовтің «Кенесары қай жерде хан көтерілген деген мақаласында («Егемен Қазақстан» 31.11.2001) 1841 жылы Кенесарының хан көтерілген жері Қарашатау деп көрсеткен. Автор нақты деректі Алматы, Омбы мемлекеттік архивтерден алған. Бұл – біз әңгімелеп отырған Әйтеге би ауданы аумағындағы Қарашатау еді. Ел аузындағы деректерге қарағанда сол Қарашатаудың басына Кенесары камал да салдырған көрінеді, «Биік тауда самал бар, Қарашатауда қамал бар» - деген жыр жолдары бар екен. Алайда ол қамалдың қазіргі күнде тек қалдықтары ғана қалған.

Негізінен Әйтеке би ауданы аумағында Кенесары көтерілісінің іздері сақталған жер атаулары көп: «Наурызбайдың қарауыл төбесі», «Қойлыбай қырғыны», «Басықара қопасы», т.б. Міне көріп отырғанымыздай бұл өлке тарихи ескерткіштерге бай, мол мұралы тарихи мекен. Еліміз егемендік алғалы өз еліміз, өз тіліміз барда арқаны кеңге сала бар мүмкіндікті пайдалана отырып Қарашатау, Кілемжайған немесе тағы басқа ел есінде болса да еленбей жүрген мекендерді халыққа танытып, оларды жан-жақты зерттеу мына біздің алға қойған негізгі міндетіміз болуы керек. Биылғы жылы ұлы той, ұлы мейрам Керей мен Жәнібектей ер тұлғалар құрған Қазақ хандығына – 550 жыл, елдігіміздің бес ғасыры, елдіктің тойы. Міне осы той әр қазақ үшін ең үлкен той, ең үлкен қуаныш болуы тиіс. Тұғырлы тәуелсіздігіміз баянды, мәңгілік болуы үшін ұлттық патриотизмді жандандыруға барынша тырысамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Уразаева Қ. Б., Уталиева Ж. Т., Бекназаров Р. А. Ақтөбе облысының топонимиясы: тарихи-этимологиялық сипаттама, атауларды өзгертудің жіктелуі мен стратегиясы. – Ақтөбе, 2008.
2. Қойлыбаев Ә. Бадамнан қалған байтағым. – Ақтөбе, 2007.
3. Ильясова Р. Қазақтың соңғы ханы сайланған жер // «Ақтөбе» газеті, №12-2 ақпан. – Ақтөбе, 2006.

4. Мусаев А. М. Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы. – Ақтөбе, 2006.

Ырғыз өлкесіндегі елді мекендер мен жер- су атауларының тарихынан

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: Еспенбетова А.М.- т.ғ.к., аға оқытушы

Автор: Кенжибаева Б.- Тарих мамандығы 2 курс студенті

Ырғыз тарихы бастауын ежелден алады. Ырғыз ауданы – Ақтөбе облысының шығысындағы әкімшілік бөлік. Батысында Шалқар, солтүстігінде Әйтеке би ауданы, шығысында Қостанай облысының Жангелді ауданы, оңтүстік-шығысында Қарағанды облысының Ұлытау ауданы, оңтүстігінде Қызылорда облысының Арал ауданымен шектеседі. Орталығы – Ырғыз ауылы. Ырғыз құрылысы 1845 жылы Орал әскери гарнизонының қамалы ретінде салынды. 1869 жылы оған қала мәртебесі берілді [1, 240 б.].

Әкімшілік – аумақтық бөлінісі Ырғыз кенті аудан орталығы ретінде және 6 селолық округтен тұрады. Ауданның топонимикалық көрінісі Ақтөбе облысының қазақы аудандарын сипаттайтын көзқарас тенденцияларын симптоматикалы бірдей болып келеді. Округтердің 6 атауының үшеуі кеңестік кезеңде өзгеріске ұшырады. Үш атауы: Ырғыз, Нұра, Тәуіп бұрынғы атауларын сақтап қалған. Топонимнің үшеуі қайта атауларға ұшырады. Аманкелді селолық округі кеңес жылдарында Коминтерн топониміне айналып, 2007 жылы Құттыкөл болып өзгерді, Қызылжар селолық округі Калинин аталып, кейінен Құрылыс, Киров Құмтоғай болып өзгерді.

Ырғыз селолық округінің орталығы осы аттас село. Орталықтың атауы өзеннің атауымен байланысты шыққан, ал өзен аталуы халық түсінігіндегі ұр-қыз немесе ер-қыз (батыр қыз ұғымында) мағыналары қыз бейнесімен байланыстырылып тұр. Сонымен қатар «ырғыз» сөзін этимологиялық түсіндіруде топонимистер бірнеше варианттарын алға тартады. Қазақ тілінде бір түбір –ырғы- шапшаң түрегеліп кет, ырғын – молшылық сөздері бар. Бұл ұсынып отырған версияның нанымдылығы түбірдің сақталуымен түсіндіріледі, өйткені тілді, фонетикалық салыстыруға қарағанда, мағынаны түсіндіру факторы маңыздырақ [2, 80 б.].

Нұра топонимінің шығу тегін күн сәулесіне шомылған (нұрлы) көрікі жер идеясындағы топониммен түсіндіріледі. Мұнда жердің сұлулық идеясы төбелі жерлермен байланыстырған. Ал семантикалық жағынан қарасақ, қазақ тілінің түсіндірме сөздікте нұра сөзінің мәнін – шұңқыр (воронка), ағын судың әсерімен шыққандығы анықтау кездеседі. Біздің көзқарасымызша, Нұра топонимінің шығу тегі жоғарыда аталған мағынамен түсіндірілуі түсінікті, нанымдылығы дұрыс, өйткені топонимнің осындай варианты мен осындай сөз тек қана көптеген халықтардың жергілікті жерді су көздерімен байланыстырылуымен сипатталып қана қоймай, сонымен бірге географиялық атаулардың қалыптасуының типтік принципін бейнелей алады.

Тәуіп топонимнің шығу тегін жергілікті ономастар, Тәуіп есімді ел кезіп жүрген жалғыз басты атақты емшінің өмір сүргендігімен байланыстырғанмен топонимнің шығу тегіне дәлелдеулер келтірмеген. Әйтсе – де Тәуіп сөзі емшіні, бақсыны білдіреді, қазіргі тілмен айтқанда дәстүрлі емес медицина ұғымын алға тартады. Екіншіден, жеке сөз жалпылама, жинақтама мағынаға ие болып жалқы есімге айналуы толық ықтимал ғой.

Құйылыс топонимі анық семантикаға ие, ол ортақ су қоймасын құйылатын Ырғыз және Торғай өзендерінің құйылу, қосылу жерлерін білдіріп тұр, ол су жинау көзі, құрдым деп аталынады.

Құттыкөл селосы - Аманкөл селолық округінің орталығы болып табылады. Топонимнің семантикалық табиғатын оның гидронимикалық тегімен түсіндірілуімен қарастыруымыз керек. Құттыкөл – сөзбе – сөз алсақ, – «изобильное озеро», яғни байлықты, молшылықты көл, бұл версияның нанымдылығын біз тек қана қазақтық типтік

сөз құру моделінен ғана емес, сонымен бірге құндылық туралы ұғым жөніндегі қазақ халқына тән жағдайға да сай түсіндірмекшіміз.

Коминтерн топонимі селосының атауы да анық, яғни екі құрамдағы сөз, кеңес заманының идеологиясынан туындағандығын көрсетіп тұр. Коминтерн - Коммунистік Интернационал, топонимнің шығу уақыты – ХХ ғасырдың 20 – 30 жылдар болып табылады.

Қызылжар селолық округінің атауы қазақ топонимикалық жүйесінде тараған онимдерді: **Ақжар, Қаражар**, т.б. сөздерді қалпына келтіреді. Қазақтардың түрлі түсті семантикасында қызыл түске ерекше орын беріледі – қызыл түсті тәуір көреді деген сөздерін еске түсіреді. Психологтар осы екі түстің сәбидің алғашқы қабылдайтындарын атап көрсетеді[3,59 б.].

Калинин құрылыс топонимімен алмастырылды, екі топоним де симантикалық тұрғыдан мөлдір, жоғарыда атап көрсеткендей бірінші жағдайдағы кеңестік дәуірдегі жеке тұлғаның есімі қойылған.

Киров Құмтоғай сөзімен алмастырылды. Сергей Миронович Киров өз есімін жаңа өкіметті құрудағы рөлін танытуда, бүкіл Кеңес Одағын аумағында көптеген топонимдердің пайда болуына арнады, оның есімі Қазақстанда көптеген географиялық нысандарға берілді, көптеген жылдар бойы тұңғыш және басты мағынасымен байланыстырылды. Қазіргі Аль – Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті 75 жыл бойы С. М. Киров есімінде болып келді.

Құмтоғай топонимі көктемгі қар еру, су ағу көрінісін сипаттады.

Енді географиялық атаулардың деректерін топонимикалық орта мен тарихи ретроспекция тұрғысынан қарастырайық.

Ақши топонимі ақшио – выпучить глаза сөзінен басталуы да ықтимал. Бұл қазақ халқы топонимиясындағы жергілікті жерді көзбен шолу принципінің таралуымен же байланысты болар. Негізі, осы жағдайда жегілікті жердің рельефін білдіріп тұрғаны болуы керек.

Қызыл партизан топонимі бізді кеңестік кезеңдердің географиялық нысандары номинациялаудың идеологиялық принципіне бағыттайды.. Шартты түрде айтсақ, топоним симантикалық тұрғыда тарихи жағдайлармен мотоивтендірілмеген. Мұнда жалпы ұғымдағы соғыс пен партизан қозғалысы болмаған. Топонимде басқа атрибуттық реңк көрсетілген. Бұл советтік кезең тарихының бергені.

Аманкөл селолық округі, орталығы Құттыкөл ауылы (жоғарыда келтірілген) үш кентті: біріктіреді, тек оның біреуі ғана қайта атауға ұшырап, 2006 жылы байырғы атауын қайтарып алды.

Тельман топонимі қызғылықты. 1933 жылы кеңес халқына атағы жайылып, белгілі болған неміс коммунисті Эрнест Тельманның құрметіне номинацияның антропонимикалық принципі анық сезіледі.

Жарлы ауылы қиылға, уатылған, жармақ сияқты мағынадағы омонимдік бірнеше ұғымдардан шыққан ауыл атынан шыққан ауыл аты. Топонимнің пайда болуына көзбен шолу белгісі бойынша рельефтің, ландшафттың бөлшек – бөлшек болуы жетекші болуы мүмкін Бірақ, бұл тек гипотеза ғана. Ең соңында бұл этимологиялық версияны ақтайтын фактілер: қаралған ауданның топонимикалық көрінісінде гидронимдердің басым болуы,

Қарақұдық географиялық атауының топонимикалық көрінісінде гидронимдердің басым болуы, Қарақұдық географиялық атауының барлығы терең, жерасты суларының ағысының куәсі толып тыр. Немесе, жарма гидронимикалық тұрғыдан семантикасын ақтайды, жергілікті жердің ландшафты жөнінде ақпаратты бере алған.

Жарма ауылы көне қазақ атауы, бірнеше омонимдік мағынаны білдіреді: разрезной, створка, расколотая пополам дверь, винтовка дробленный, крупа және сечка сөздерімен түсіндіріледі. Әсіресе соңғы келтірілген мағынаның этимологиялық тұрғыда,

географиялық орналасу және топонимикалық контексте қаралып отырған гидронимикалық ортаның дамуы тұрғысынан ықтималдылығы басым. Мұнымен бірге бұл пікірдің пайдасына қазақ топонимикалық жүйесіне тән: ландшафт ерекшеліктерінің көзбен шолынымы және оның физикалық белгілері ықпал етеді.

Қызылжар селолық округі үш ауылды : Құрылыс, Жаныс би, Шеңбертел ауыдарын біріктіреді

Құрылыс топонимінің пайда болуы сөзбе - сөз алғанда «стройка», «строительство» 1930 жылдарға жатады, бұл жылдары осы өлкеде жаңа құрылыс басталды. Топонимнің пайда болуы қоғамдық идеологиялық мәнге ие. Құрылыстың жекелеген нақты фактісі жаңа өмір құрылысының жоғарғы мәнін нақты түсіндіреді. Бұл мағынанда орыс тілінде жаңа қоғамдық әлеуметтік дәуірдің позитивтік маңызы терең танылады[4,155 б.].

Жаныс би ауылы Жаныс атты адам есімімен аталған, бірақ би - далалық әділеттіліктің жүйесінде сот мәртебесі тағы қосылып тұр. Антропонимикалық номинацияның айырықшылығы – қазақ ономастиконында мүлікке қатыстылық (иесіне байланысты қыстау жайлау немесе осы жердегі бір оқиға әдетте жергілікті фольклорда қалып қояды немесе адамның әлеуметтік тек аспектісі, біздің мысалымыздағыдай, жергілікті жердің атауына ілігеді.)

Шеңбертал топонимі – екі құрамды топоформант, шеңбер – круг, окружность және тал – дерево сөздерінен тұрады. Топоним атауының шығуы ағаштардың дөңгелек, шеңбер түрінде орналасуынан болар. .

Құмтоғай селолық округі үш елді мекенді : Құмтоғай, Қарасай, Қарақұдық мекендерінен тұрады. Үш топонимнің ішінен біреуі ғана қайта атауға ұшырады. Ол Құлетоғай мекені , біз қарап отырған округтің орталығы.

Қарасай топонимі - антропоним, адамның есімін білдіреді, мүмкін бұл адам бұл өлкеде белгілі адам болған шығар.

Қарақұдық топонимі, сөзбе – «сөз» «черный» «колодец» қазақ топонимдерінің тармақты жүйесіне әбден сіңіседі, онда «құдықтар» гидронимге бай аудандарға байланысты атап өткендей су көзі – құдықтардың санын көрсеткен карталау тәсілі ғана емес, сонымен бірге көшпенді өміріне қажетті тұрғын халыққа кезекті орын тебуге таңдай сигналы. Мән құрап тұрған қара эпитеті суға бағышталып, жерасты, бұлақ сулары жөнінде ақпарат ұстап тұр.

Нұра селолық округі тұтасымен алғанда топонимдік алмастыруларды басынан өткізе қойған жоқ. Бұл округтің топонимикалық контекстіне тән.

Округ орталығы Нұра кентінен басқа топонимдер: Дүкен, Мамыр, Белшер. Дүкен сөзі түсінікті. Мұндай атау Ақтөбе облысындағыдай бір – бірінен қашық орналасқан селолар мен ауылдарда жаңа, сауда пункті сияқты әлеуметтік нысандардың пайда болуымен түсіндірілуі мүмкін. Бұл дүңгіршек емес, дүкен, яғни семантика бізді топонимнің пайда болған кеңестік кезеңге бағыттайды.

Мамыр орысша май айының атауы, көктем кезіне, көшпелінің көші – қонға ыңғайлы уақытына, климат тұрғысынан қарағанда бұл атаудың осы жерде өмір сүруге географиялық нысанды атауы принципін толық кездесуге болады.

Белшер топонимінің этимологиялық түсіндірілуі белшеден – молшылыққа, тойғанша деген сөздерден түсіндіруіміз керек. Молшылық, ризықтың позитивтік семантикасы далалық өмір тіршілігінде жалпылама оң ұғым, тілек ретінде мағына білдіреді, ол тек материалдық қана жағдай емес, тұтасымен алғанда тыныштық, қамтемесіздік символы.

Нұра селолық округінің топонимдерінің семантикалық мағынасын шолу осылайынша оң позитивтік символиканы соншалықты ашық көрсетеді, оның өзі географиялық атаулардан жергілікті жерде қолайлы, молшылық идеясын көруге негіз береді[2,86 б.].

Тәуіп селолық округіндегі Қаркөл, Жайсаңбай ауылдары бар. Қаракөл, сөзбе – сөз алғанда «черное озеро» қазақтың топонимикалық жүйесіндегі жалпыға ортақ тереңдегі су

көзінің барлығын, салқын сулы көлдің жақындығын білдіреді. Қара түсті салқын судың белгісі ретінде бірнеше рет қайталанып қолданылады, көшпенділердің су алдындағы діни қорқынышын сезінтеді. Бұл жөнінде уақытында Шоқан Уәлиханов та жазған болатын. Ол көшпенді қазақтың су алдындағы үрейі суды өлген адамдардың жаны сақталатын миф ретінде туындағанын көрсеткен еді. Бұл географиялық атауда белгілі болып тұрған семантикалық ақпарат номинацияның таралу тәсілін білдіреді, оны Нұра ауданының бұрын көрсеткен тек позитивті мағына мотивациясына қарсы қоюға болады.

Осылайша, Ырғыз ауданы үшін, тұтас Ақтөбе облысы бойынша да байырғы топонимияның байырғы атаулармен қайта алмастырып отырылуы тән.

Шешім:

Сонымен Ырғыз өлкесінің шежіресі бай және тарихы тереңге тартқан өлке. Қоғамдағы тарихи-мәдени, әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістер түрлі топонимикалық жүйелердің қалыптасуына жағдай жасайды. Ырғыз жерінің жер-су атаулары мен елді мекендерінің аттары семантикалық мазмұнға ие бола отырып, түрлі өзгертулерді басынан кешірді. Өлкенің топонимикалық атауларында сөздің семантикасымен қатар, географиялық сипаты, кісі есімдерімен байланыстылығы және табиғаттық сипаты сияқты белгілермен сипатталады.

Басты мақсат - елдің, туған өлкенің атауының тарихымен терең танысып, болашақ ұрпаққа аманат ету. Олай болса, ел тарихын, жер тарихын терең ұғынып, қадірлей білейік ағайын!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Колл авт. История Актюбинской области. Ақтөбе, 2006
2. Оразаева Қ.Б., Сұлтанғалиева Г.С., Утәлиева Ж.Т. Ақтөбе облысының топонимиясы: тарихи-этимологиялық сипаттама, атауларды өзгертудің жіктелуі мен стратегиясы. Ғылыми монография.- 3 томдық. Екінші томы. 2009.
3. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. – Ақтөбе, 2007.
4. Атажұрт. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. 5-т. - Алматы : Атажұрт, 2005 №

Мұғалжар өңірінің жер-су атауларының шығу тарихы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

*Ғылыми жетекшісі: Еспенбетова Айнагул Мейрамбекқызы – т.ғ.к., аға оқытушы
Авторлар: Балтабай Ж., Аманғали Н. –«Тарих» мамандығының 3 курс студенттері*

Тәуелсіз елімізде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге қол жеткізуіне байланысты ұлттық қазақ атауларды біріздендіру жүзеге асырылуда. Бұл топонимнің әдебиет үлгісінің нормалануы мен кодификациялануына және оның ауызекі және жазбаша түрде қолданылуына қол жеткізді. Топонимдердің жазылу үлгісінің нормализациясы іске асырылды.

Өкінішке орай, топонимикадағы бүгінгі ахулдың теріс тұсы бұл- Қазақстанның барлық өңірлерінің зерттеумен қамтылмауы. Олар аз зерттелген және ондай жағдай Ақтөбе облысына да тән. Көптеген елді мекендердің атаулары қайта атау барысында ұмытылып қалады немесе ол елді-мекендер жойылып кетеді, бұл жайт бүгінгі атауларды зерттеумен шектелсек, жалпы ел топонимикасының толық дәрежеде зерттелмеуіне жол береді. Бұл жағдайда өңірлік зерттеу үшін тарихи құжаттардағы, карталардағы, тізімдердегі топонимикалық материалды пайдалану өзекті болып табылады.

Ақтөбе облысының ұлттық топонимиясының тарихы екі өзен-Қарғалы мен Елек өзендерінің қосылысында Ақтөбе бекінісінің салынуынан бастау алады. Ақтөбе

облысының топонимикалық жүйесінің қалыптасуында XVIII-XIX ғасырларда Кіші жүздің Ресей империясына қосылуы шешеуші-ерекше кезең болып табылады.

Шығу төркіні жағынан көне географиялық атауға жататын топонимнің бірі – Мұғалжар- Қазақстанның солтүстік-батысындағы қырқалы, таулы жер. Сонымен қатар, Ақтөбе облысындағы аудан және теміржол стансысының аты. Мұғалжар атауын Е.Қойшыбаев «мұған (түркі тайпасының аты) + жары» деп топшыласа, [1,85б.] А.Әбдірахманов «маджар» (венгрлер аты) атауымен байланыстырады. [2,98б.]. Ә.Нұрмағанбетұлы бұл екі болжамға да қарсы шыға отырып, араб-парсы тілдерінің деректеріне сүйенеді: «арабша «махажар» сөзі біздің түсінігіміздегі «тас жару», кейде «тасты» іспеттес ұғымға нұсқайды. Ал, парсы тілінде «мәһджәр»-«шарбақ, дуал», «моһәжджәр» - «тасқа айналған, тас боп қатқан» мағынасын береді. Түркі тілдері мен араб, парсы тілдері арасындағы ауыс-түйіс өте ерте заманнан басталғанын ескерсек, мына көрсеткен деректерді сыр қалдыруға болмайды,- дейді [3.77б.].

«Атажұрт анықтамалығында мынандай дерек келтірілген: «Біздің пікірімізше, «Мұғалжар» атауы қазақ тілінің байырғы төл сөзіне қойылған. Атаудың бірінші сыңарындағы «мұғал»- мұқалу, мұжылу, «мұқыл» - «доғал», екінші сыңарындағы «жар» жергілікті тұрғындар тілінде «қабырға» мәніндегі сөз» [4,150]. Мұғалжар атауының төркінін қазақ тілінің төл сөзімен байланыстырған жөн. Өйткені, бұл топонимнің көнеден келе жатқаны, жалпы, таудың күшті метаморфозаға ұшырағаны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, Мұғалжар топонимінің этимологиясын «мұқыл жардан» іздеген жөн.

Бұл ауданның атауы өз атауын Мұғалжар тауларынан алады, тау атауының семантикасы «кәрі» мағынасына жақынырақ тартады. Екінші гипотеза: өзінің жақындарына ренжіп көшіп кеткен адай-табын руынан Мұғал атты батыр туралы аңызбен түсіндіріледі. Қариялардың айтуынша, ертеде Адай табын елінің Мұғал деген батыры ағайындарына өкпелеп елінен көшіп, осы күнгі Мұғалжар тауларын мекендеген екен. Бұл тау бір заманда Мұғалжар тауы деп аталған. Болжамдар бойынша Мұғалжар тауы, мұңалған, көне, кәрі тау деген мағынаны білдіреді [5, 562б.].

Қандыағаш жаңа мәртебесіне Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы маусымдағы Жарлығымен ие болды.Топоним этимологиясы инфернальды символиканы білдіреді- «қанды ағаш». Екі мәніске назар аударайық.Біріншіден, бұл тарихи шайқастардың жері, топонимнің қанды шайқастар салдарына шарттылық байқалады,мыңдаған адам өліміне жол беріліп, өтелім қымбатқа түсті.Екіншіден,топонимдердің семантикалық біртекті туыстығына Қандықара өзенінің атауы гидронимі себепші болып тұр:Қызыл және қара қанға, екі түске бөккен қан түсі тарихтың қайғылы беттерін аңғартып тұрғандай.

Қазақы дәстүрдегі Ембі аталатын Эмба қаласының атауында этимологиялық түсіндіру жоқ. Деректер бойынша орыс картографтары Мұғалжар тауының етегіндегі Жем өзенінің буырқанған тасқынынан шығатын жол табу үшін қария ақсақалдан тілмаш арқылы өтінсе керек. Ақсақал «Жем ба? Жем ба?» деп қайталап сұрай бергенін естілуден дұрыс жазылып өзен атауы картада Эмба деп жазылған екен. [6,65б]. Осыған орай Жем өзенінің де шығу тарихына назар аударалық. Жем - өзен атауынан атау алған қала. Бұл өзен орта ғасырлардың өзінде Асан қайғы толғауында да аталынады. Қазіргі ономастикада этимологиялық түсіндірілу жоқ, әйтсе де топонимнің жаңа көптеген мағыналарға шығу тегіне себеп болған тұрмыстық сөздермен байланыстығының негізі бар. Тікелей айтылып тұрған Жем – корм сөзі қазақтың сөздік қорында жаңа мағынаны білдіретін кең диапазонға ие: жем болды- стал жертвой, жем қылды- воспользовался. Барлық туындаған мағынаны жинақтасақ, өмірдің, жемнің,молшылықтың, аман қалудың жағдайының барлығы – бәлкім бір ғана топонимде мағыналық реңктің кең шеңберін сыйдыруды, өзен атауын ұғындырып тұрғаны анық (кейіннен елді мекен де осылай аталған) өмірдің мәні мен оның шығар көзін бейнелейді. Енді аудандағы елді мекен атауларының тарихына тоқталайық.

Ащысай - ауылының атауы сортаң топырақ, алайда ол осы топырақта өсетін өсімдік атын да білдіруі мүмкін. Сәйкесінше, ащысай мағынасы көп мағыналы болып, топырақ сипатын да, өсімдікті де қатар білдіріп тұр. [7.666.]

Жағабұлақ - топонимі - бұлақтардың көптігімен түсіндіріледі, бұл уақытта топонимді жағалай сөзін ұштастыру ретінде (вокруг) бұлақ (родник) сөзін қосып алуымыз керек. Алайда қазақша жаға сөзі (берег) сөзін білдіреді. Ол бұлақты көзбен қарағанда жаға (воротник) формасын елестетіп тұрған көзбе-көз түбірден шығып тұрғаны болуы керек, сондай-ақ өткелді жағалап өтуді түсіндіретін болар. [7.676.]

Бірлік топонимінің семантикалық мәні тарихи қатер сипаты алып бара жатқан бірлікті қажет ететін шашылу мен араздық жағдайының қайталануына негіз болған 90-жылдар бір уақытта бір елдің таратылуы салдарынан қатерлі еді, сондықтан да жағдайды осылайынша қабылдау контекстінде ауыл тұрғындарының осындай шешімінің пайда болуына алып келді.

Құмжарған кентінің дәстүрлі атауы сөзбе-сөз аударсақ құмды жарған (разбивный песок) мағынасын білдіреді. Мұғалжар ауданы үшін құм мен судың молшылығы тән. Бұл сөзтіркестің сағынасын бенелеп айтсақ жергілікті ландшафты дәл сипаттап, құмнан ағып шығып жатқан бұлақты дәл сипаттайды.

Қайыңды топонимі – кенттің байырғы аты. 1994 жылға дейін аралықта кент Новогодный деп аталынып келді. Егер орыс атау мерекелік күнтізбенің бейнесін елестетсе, байырғы қазақша атау қайыңды тоғайдың орналасуын бейнелейді. Ал орысша атауда қайта атаудың анық және дәлелді мотиві жоқ.

Ақкемер өз атауын Елек өзенінің жағалауынан алады. Екі құрамды формант ақ кемер (белый берег) мағынасын білдіреді.

Талдысай топонимі ағаш өскен сайды, саланы (овраг, поросший деревьями) білдіреді. Семантикалық тұрғыдан алып қарағанда сапалық кез маңызды: ағаштың көптігі климат көрсеткішін, сұлу жерді, жаз және жазғытұрымғы жайлауларға қолайлылықты көрсетеді.

Жұрын сөзі хайуан денесінің бөлігін, дәлірек айтсақ сол денедегі басуға қиын жүн бөлігін көрсетеді. Сөздің екінші мағынасы: осы жүннен сырт киімнің етегіне немесе жең шегіне жиек салынады. Көшпелі қазақтың мұндай атау беруі жергілікті жер ландшафтысының өсімдік әлемі мен су көлемінің, жазық жерді көлбеумен ұштастыруын, топонимикалық ортаны шолуды көрсетеді.

Егіндібұлақ топонимі топонимикалық жүйеге, ландшафтың ерекшеліктерінің байлығына, гидронимдерге бұлақ-(родник, ручей, источник) формантының есебінен кірігіп тұр. Сонымен бірге егін-(урожай) мағынасынан да құрастырған. Екі сөзді қосып, молшылық идеясын бейнелеп, көшпенділердің бұларды жер және сумен байланыстыратындығын қазақтар осы топонимде лайықты жер екендігін мейлінше ашып көрсеткен.

Құмсай топонимі құм мен судың молдығымен түсіндіріледі. Егер осыған дейін құм мен судың молшылығын ұштастырған бұлақтар, тоғайлар т.б. жерлер көп кездесе, бұл Мұғалжар ауданының оңтүстік таралу өрісі классикалық бейнедегі далалық аймаққа жақындығын сездіреді.

Құндызды атауы, суында құндыз көп болғандықтан аталса, «Әулие» деген атақ бұл өлкенің бойында бірнеше Әулие, аруақтар жерленгендіктен қойылған («Қыз әулие», «Ақтікенді» т.с.с.) «Үшқатты деген Жем өзеніне құятын үш саланың (Құндызды, Әулие, Үшқатты) атауымен аталған. Бұл сала ең қатты таситын болған, қазірде оның табанында тереңдігі жетпіс метрден асатын шөгінді құм, гравий жатыр.

Аманкелді ауылы 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілістің басшысы Аманкелді Имановтың есімімен аталған.

Көмірбұлақ - қыраттың атауы, бұл қыратта көмірдің қайнар көзі бар, осыған байланысты аталған.

Құм бұлақ - құм арасында бұлақ көзі бар, осыған байланысты қойылған.

Арай - «Арай» комсомол жастар бригадасы осы жерде қой баққан.

Құласу - осы жердің құдығының суы құлы болғандықтан жергілікті тұрғындар Құласу деп атаған.

Орта Ақсу жері. Екі қара судың ортасында Ақсу қой ауылы орналасқан .

Дмитериевск және Кузнецовск ауылдары. Бұл елді мекендер сонау отаршылық кезінде ең бірінші болып қоныстанған екі орыстың атымен аталып кеткен.

Қарамола қыстағы. Бұл қыстақта белгісіз бір әулиенің моласы бар деп айтылады..

Амангелді - Кеңес Одағы түсінде Амангелді Иманов атымен аталған колхоз.Қазір де 2-3 үйден тұратын мал қыстағы.

Көктөбе жылқы ауылы - бұл жерде қары ала-бөле тез кетеді.Сондықтан көбіне жылқыларды осы жерде бағады.

Қарашоқы. Анадайдан ерекшеленіп қара шоқы көрініп тұрады.бұл шоқыны әруім әрқалай атайды.Біреулер қарасақалды әулие болған,соның бейіті десе,біреулер адасқандарға жол сілтейтін шоқы деседі.

Лаққырған. Бұл ауылда жағалаған сай бар.Бір көктемде сол сайдың суына лақтар қырылып қалған.

Ақтам. 16 ғасырда бір бай көшіп келе жатып, осы жерде қайтыс болады. Сол байға осы жерден жылқының сүтінен балшық илетіп там тұрғызған. Сондықтан бұл мал қыстағы осылай аталған.

Орқаш ауылы. Қысы ұзақ алты ай және қатты болады. «Егінші, шөбінді ор да қаш» деп айтылған сияқты.

Жаңатұрмыс ауылы. 1929 жылдары колхоз ашылған соның атын Жаңатұрмыс деп атаған.

Қаралатсай ауылы. Жері қарат отты сайдың бойында, сол себептен Қаралатсай атаған.

Коминтерн - ертеде Шағырау Қостам деп аталған жер, 1937 жылы колхоз құрылып атын Коминтерн деп өзгерткен.

Бөгет қыстағы. Шилі бұлақ деген көрші ауылдың жерінен су аққан, соны бөгеген жер.

Ақжар қыстағы. Сай бойындағы ақ саз жары бар, алыстан аппақ болып көрініп тұрады.

Қызылжар. Сайдың жары қызыл түстес болған соң аталған.

Құмсай. Ауылдың бұлайша аталуы жерінің құмдылығына , суының молдығына байланысты.

Бірлік. 1993 жылы тұрғындар жиналысының қаулысымен ауызбіршілікте болу мақсатында аталған.

Жалын. Кеңес одағы кезінде «Жалын» атты жас шопандар бригадасы мал баққан. Содан барып жер атауы солай аталып кетті.

Қайыңды - ауылдың нақты тарихи атауы. Қайыңы сол, өңірлі жерді халықтың өзі осылай атап кеткен. 1994 жылға дейін ауыл атауы Новогодний деп белгіленіп, картаға түсірілген. 1994-1995 жылдардан бастап ауыл атауы қайтадан тарихи атауына ие болды.

Жарық ауылы - терең жарлы сай: жоғары, ортаңғы және төменгі жары жарық болып үшке бөлінген. Осыған байланысты аталған.

Көктөбе ауылы. Ауылдың батыс жағында көк төбешік бар соған байланысты қойылған.

Аққұдық. Тұз көлшігі бар, жыл сайын жаз мезгілінің шілде айында жергілікті тұрғындар сол жерге барып тұзға түседі.

Ақмола. Ақ тастан қаланған молаға байланысты аталған. [7.88,]

Жұрын - қазақтар мен қалмақтар соғысқан,жаугершілік заманда жекпе-жекке шыққан қазақ пен қалмақтың Жұрын есімді батыры осы жерге дейін шайқасып келеді.Осы жерде қатты шаршаған екеуі де, демалуды ұйғарды.Ұйқыдан бірінші болып оянған қазақтың оянуын қасында күтіп отырды.Ұйқыдан оянған қазақ таң қалын:"Неғып мені

өлтірмедің?"-дегенде,қалмақ:"Маған әділ күрес керек"-деген екен.Сол жерде қалмақтың ісіне риза болған қазақ қалмақпен достасып,төс түйістіріп,"Жұрынның" есімімен атаған.
[8.1156.]

Шешім:

Бұл жұмыста Мұғалжар ауданы бойынша елді-мекендердің атауларының тарихы талданады. Топонимикалық анықтамалар жүргізуде елді – мекеннің географиялық орналасу аймағы және атаудың шығу тегі мен мән-мағынасы айтылды. Деректерді сөйлете отырып, елді мекендердің топонимдерінің кең лингво-мәдени байланыстар тұрғысынан атаулар тізімдері көрсетіліп, шығу тарихы анықталды. Ақтөбе облысының жалпы ұлттық топонимиясының қалыптасуында географиялық, табиғи-климаттық және әлеуметтік–экономикалық, саяси факторларының ықпалы айқындалды.

Көне және жаңа топонимдердің қауымдық байланыстары қаралды. Топонимдерді қайта атау факторларын талдау эмоционалдық және идеологиялық факторлардың байланысын, топонимдердің қауымдық шеңберін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Қойшыбаев, Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. - Алматы : Мектеп, 1985.
- 2.Әбдірахманов, А. Қазақстанның жер-су аттары. - Алматы : Қазақ ССР Ғылым Академ.баспасы, 1959.
- 3.Нұрмағанбетұлы Ә. «Жер- судың аты- тарихтың хаты». - Алматы:1994ж.
- 4.Атажұрт. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. 5-т. - Алматы : Атажұрт, 2005
- 5.Энциклопедия «Ақтөбе» - Ақтөбе , 2002.
- 6.Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. – Ақтөбе, 2007.
- 7.Оразаева Қ.Б., Сұлтанғалиева Г.С., Утәлиева Ж.Т. Ақтөбе облысының топонимиясы: тарихи- этимологиялық сипаттама, атауларды өзгертудің жіктелуі мен стратегиясы. Ғылыми монография.- 3 томдық. Екінші томы. 2009.
- 8.Ахметов Н. Жұрын туралы аңыз бен шындық // Ақтөбе 2003 жыл, №12 желтоқсан.

Ойыл өңірінің топонимикасы мен этимологиясы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Купенова Гульмира Ыкласовна. – т.ғ.к., доцент
Авторлар: Казбаева Г., Аллысбай Д. –«Тарих» мамандығының 3 курс студенттері

Аралкаспий облысы - неғұрлым кеңінен қосып қарастыратын болсақ , Ақтөбе облысы , мұндай Батыс Қазақстан облысының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Ғасырлар бойы бұл аумақ кейбір дәрежеде Азия және Еуропа секілді ірі континенттердің түйісу орталығы болып табылады, бұл жерде «Ұлы дала белдеуі» халықтың қозғалыс бағыттары жүрді. Әрине, атап айтқанда , қазақ халқының этногенезі бұл облыспен тығыз байланысты, әсіресе Кіші жүз тарихымен.

Қазақстанның географиялық атауларының тарихы , атап айтқанда , Ақтөбе облысы Қазақстандағы қазіргі ғылымның ең күрделі және қызықты проблемалардың бірі болып табылады. Оны зерттеу арқылы тарихи-өлкетанудың күрделі проблемалары, облыс тарихы бойынша ежелгі кезеңнен бастап қазіргі заманға дейінгі этникалық шығу тегі қарастырылады. Топонимика негізінен ландшафт ерекшеліктерін, яғни бүкіл экология, өлке тарихын және қазіргі уақытта топонимикалық жүйелердің ағымдағы жай-күйін сипаттап, оның даму үрдістеріне талдау қажеттілігін көрсетеді.

Жаңа заман (XVIII басы- XX ғғ .) Батыс Қазақстан үшін Әлімұлы, Байұлы және Жетіру, үш негізгі тайпалық одақтардың өкілдері қазақтардың Кіші жүздің этникалық қоныс тарихына байланысты . Олардың тарихы және тағы да басқа Орталық Азия (

түрікменстан , өзбек , карақалпақ , қырғыз) , Еділ (башқұрттардың , татарлар, қалмақтар) , славян халықтарының (орыс , украин) , орыс казактар , халықтар қарым-қатынасы болып табылады.

Ұлан-байтақ Қазақ Елінің барлық өңірлері сияқты Ақтөбе өңірінің тарихы өз бастауын есте жоқ ескі замандардан алады. Еуразияның асыл белдігі сияқты Ұлы Даланың орасан зор аймағын қамтитын Ақтөбе жерінің тау-тасы мен өзен-өткелі, көлі мен шөлі, киелі топырағы небір тарихтың, осы құрылықты мекендеген жүздеген ұлттар мен ұлыстардың талайына бұйырып, маңдайына жазылған талай тағдырлардың, небір қанкешулер мен қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бақытты дәурендердің куәсі болғанына дау жоқ.

Топонимика-этимологиясы. *Ойыл*- ежелден қалыптасқан көне қала. Ойыл (Көкжар)-1930 жылдан бері қарай Ойыл ауданының орталығы болып саналады. Ойыл-ертеде жібек жолы бойына орналасқандықтан керуен-керуен жүк өткен тарихи орын. Аты әлемге тараған Көкжар жәрмеңкесі осы Ойыл орталығында жылына екі мәрте өтіп, тауар айналымы жөнінен сол кезбен салыстырғанда басқа да атышулы жәрмеңкелерден басым түсіп, теңесіп отырған. Жәрмеңке Ойылдың гүлденуіне үлес қосты. Қазірде село орталығында қыштан тұрғызылған ғимараттар өзінің ерекше архитектурасымен қазіргі ғылымды таң қалдырады. Ұзыннан шұбақ сауда орындары, жеке үйлер әлемде теңдесі жоқ сапалылығымен құнды ескерткіштер қатарына жатқызылып, күтімге алынған. Осындағы мешіт үйі жаңартылып, халыққа қызмет етеді. Тарихын тереңнен алатын Ойыл топырағында ежелгі жер аттары сақталған. Оның ұрпақтың жадынан бүгінге дейін жетіп, тарихи мәнін жоғалтпай отырғаны қуантады.

Көкжар топониміне тарихи - хронологиялық талдау. Ойыл 1918 жылы Алашордалықтарға облыс орталығы болған.1921 жылы Орал облысынан бөлініп, құрамында 14 болысы бар аудан атанып, 1922 жылы тарап кетеді. 1927 жылы Адай уезіне біріктіріледі. Ал, 1928-1930 жылдары Алтықарасу ауданы атанған. 1930 жылдан Ақтөбе округіне, кейін облыс құрамына қарады. Облыстың батысында, Атырау, Орал облыстарымен шекаралас. Жер көлемі 11,4 ш/км, 6 ауылдық округке бөлінген. Аудан жері негізінен жазық, шығыс жағы төбелі, қырқалы, жері қызыл қоңыр топырақты, сортаң және құмды келеді.

Халықтық-географиялық терминдер. Ауданда Ойыл, Қиыл , Ащы, Жақсыбай, Құырдақты өзендері, Барқын құмдары, Жекенді, Құтыкөл, Тамдыкөл кішігірім көлдері, Құсмұрын, Қаражар, Қарауылтөбе, Қаратау, Орындықтау биіктері бар. Қарауылтөбе, Ақшатау шоқыларының құрылыстық ақ бор алынады.

Ойыл өзенінің оң жағасында орналасқан Ойыл селолық округінде төрт ірі елді мекендер бар. Олар: Ойыл, Ақшатау, Қаракөмер, Екпетал. Сондай-ақ ірілі-кішілі Жаңабоз, Добров, Кералы, Сарат, Жұмыртқалы, Кішіащысай, Санаторий, Тартоғай, Тайлақбай, Еңсеген, Ащықара елді мекендері орналасқан. Батысында Сарбие, Солтүстігінде Саралжын, оңтүстік шығысында Қаратал, оңтүстігінде Көптоғай селолық округтерімен шектеседі. Селолық округтің жерін негізінен жазықты. Шығыс жағында Екпетал орман алқабы, Барқын құмы бар. Батысында Қарауылтөбе, Орындықтау, Қаратау, Ақшатау биіктіктері көз тартады.

Ойыл мешіті-1893 жылы салына бастады. Іргетасы жабайы таспен төселіп, тастама белдіктері түйе арбамен Орынбордан тасылған қызыл кірпіштен қаланған. Алғашқы бас имамы Ізтілеуов Сағидолла-араб, парсы, орыс тілдерін игерген сауатты адам. Одан кейінгі имам-хазірет Хасан. XX ғасырдың 30-жылдары мешіттің діни белгілері қиратылып, драма театры үйіне, техникалық-шаруашылық қоймаға айналдырылды. 1999 жылы жөнделіп, қайтадан мешіттік қалпына келтірілді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жұмыс жасаған Ойыл (Көкжар) жәрмеңкесі Батыс Қазақстан территориясында сауда қатынастарының дамуына ерекше үлес қосқан сауда орталығы болды.

Тарихи деректерді зерттеу, бұл Батыс Қазақстан өңіріндегі ең ірі сауда орталығының бірі- Ойыл бекінісіндегі *Көкжар жәрмеңкесі* болғандығын дәлелдейді. Көкжар жәрмеңкесі туралы негізгі ережелерді 1866 жылы 7- қыркүйекте Ресей ішкі істер Министрі бекіткен. Көкжар жәрмеңкесі ресми түрде 1867 жылы Орал облысының Қазбек болысында көктемде ашылды. Бұл туралы Қазақ даласындағы басқару ережелерінің жобасын дайындау комиссиясы өзінің түсіндірме жазбасында былай деп атап көрсетті: «Бастықтардың рұқсатымен бірінші рет 1867 жылғы көктемде Орынбор даласындағы Ойыл өзенінде ашылған жәрмеңке мейлінше қанағаттанарлық нәтижелер берді. Оған шамамен 250 мың сом тұратын тауарлар әкелінді, олардың 100 мың сомнан астам тұратыны сатылды және айырбасталды, жәрмеңкеде 20 мыңға дейін әр түрлі мал сатып алынды...».

1867 жылы Қазбекте ашылған Ойыл жәрмеңкесі туралы «Уральские войсковые ведомости» (№ 31, 1867ж.) газеті: «Жәрмеңкенің ашылуының қазақтар үшін пайдасы өте зор. Жәрмеңке қазақтарды Орынбор, Самара, Орал көпестерінің қазақ далаларына өз товарларын айырбастап, сатуға жіберген ұсақ приказчиктерінің қанауынан құтқарады», - деп атап көрсетті.

Деректерде алғашқы керуен жолының Ойыл бекінісінің шығысындағы Кенен атты жерден өтетіні келтіріледі. Кененнен Қазбек шатқалына ауыстырылады. Қазбектен Ойыл бекінісінің шығысына қарай 70 верста жердегі Барқынқұмға ауыстырылып, осы жерде арнайы керуен сарай тұрғызылады. Орыс құжаттарында келтірілген деректер бойынша жәрмеңке Ойыл бекінісіне Барқын құмынан емес, Қазбектен көшіріледі. Барқын құмы мен Қазбектің арасы әжептәуір. Осы арада бір мән бар. Біріншіден, Орал облысының әскери губернаторы Веревкин 1865 жылғы 17 шілдеде Орынбор генерал-губернаторы Крыжановскийден Барқындағы жәрмеңкені Ойыл бекінісіне көшіруді өтінсе, төрт жылдан кейін, яғни 1869 жылғы 14 шілдеде сол Веревкин сол Крыжановскийге бұрын Қазбекте болған жәрмеңке биылғы күзден бастап Ойыл бекінісіне көшіріледі деп хабарлайды. Торғай генерал-губернаторының 1869 жылғы 12 наурызда Веревкинге жазған хатында "Қазбекте мамыр айында 1867 жылы ашылған жәрмеңке өтуі керек еді, бірақ оны "Ережеге" қарсы көтерілгендер қиратып тастады деп шағынуына қарағанда, сол жылдарда жәрмеңкенің Қазбекте өткені ақиқат.

Көкжар жәрмеңкесі Ресей әкімшілігінің бастамасымен, солардың қазақ даласын отарлау мақсатында салынды. Орал облыстық басқармасының әскери губернаторы Веревкиннің 1869 жылғы 7 қыркүйектегі өкімімен бекітіледі. Ресей әкімшілігі жәрмеңкенің құрылысынан бастап, ондағы орыс ұлтты тұрғындардың тұрмысына дейінгі барлық күнделікті тіршілікті жіті қадағалап отырды.

Бекіністе алғашқы сауда жәрмеңкесі 1869 жылдың 9 мамырында басталды. 15 мамырда Орал облысының тарихына ерекше әріппен жазылып қалды деп ойлаймын. Орал облысының аумағында тұңғыш рет қазіргі заман талабына сай керуен сарайы тұрғызылды. Саудагерлер мен көпестерге барлық жағдай жасалынды. Алғашқы жәрмеңкенің ашылу салтанатына орайластырып, ат жарысы ұйымдастырылды

Көкжар жәрмеңкесі Гурьев, Орал, Ақтөбе уездері және Орынбор, Самара, Троицк қалаларымен, көшпенді қазақ ауылдарымен тығыз сауда- саттық қатынастар орнатты.

А.Поленов өз еңбегінде Көкжар жәрмеңкесінің артықшылықтарына тоқталады: «Көкжар жәрмеңкесінде (күзде – 14 қыркүйекте, жазда - 1 шілдеде) халық өте көп жиналады және қызу сауда жүргізіледі. Әсіресе мал саудасы жақсы жолға қойылған, сатып алынған малдың біразы Калмыковқаға, енді бір бөлігі солтүстік – Орынборға Ойылдан осы елді мекендерге апаратын жолдар арқылы айдалады», деп жазған.

Бұл жәрмеңке Хиуа, Бұқара, Қарақалпақстаннан саудагерлер көп жинаған. Ауғанстан, Персия жерлерінен келген түйе керуендері әр түрлі бұл өңірге таңсық товарлар әкелген. Ресей статистикалық комитетінің 1911 жылғы деректері бойынша Көкжар жәрмеңкесінің товар айналымы 2 млн 140 мың сомға жетіп, Көкжар жәрмеңкесі Ресей империясының сол

кездегі ең ірі 13 жәрмеңкесінің ішінде товар айналымының көлемі бойынша 9-шы орын алған.

Көкжар жәрмеңкесі ХХ ғасырдың қыркыншы жылдарына дейін жұмыс істеді.

Шешім

- ✓ Бұрынғы Орал облысының Орал, Гурьев, Темір уездері мен Торғай облысының Ақтөбе уезінің шекараларында сауда үшін өте ыңғайлы жерге орналасқан Көкжар жәрмеңкесі ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде Батыс Қазақстандағы саяси – әлеуметтік және экономикалық ірі орталыққа айналды.
- ✓ Көкжар жәрмеңкесі сауда саттықтың ерекше түрі ретінде ХІХ – ғасырдың екінші жартысында Батыс Қазақстанның, әсіресе экономикасының дамуына жақсы әсерін тигізді.
- ✓ Көкжар жәрмеңкесі тек сауда саттық ісінде ғана емес, көршілес Ресей, Хиуа, Бұқара сияқты елдермен тұрақты экономикалық байланыс жасауда аса маңызды рөл атқарды.
- ✓ Бұл туралы Ташкент көпестері: «Біздің осы баяндап отырған өлкенің халықтарымен түпкілікті жақындасуымыз көбінесе біздің сауда қатынастарымыздың дамуына аса тәуелді, сауданың дамуымен қатар басқа да қатынастар басталды.Товар айырбастау жұмыстарымен қатар біздің әртүрлі мәселелер туралы пікірлесуіміз де арта түседі» деп атап көрсеткен болатын.
- ✓ Көкжар жәрмеңкесі Батыс Қазақстанда халық өнері мен мәдениетін насихаттауға мол мүмкіндік туғызған орталық болды.
- ✓ Көкжар жәрмеңкесіндегі сауда өз кезегінде ел ішіндегі аса маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге өз ықпалын тигізді.
- ✓ Тұжырымдай келе, Ойыл ауданын бай тарихи-мәдени әлеуетіміздің туристік және рекреациялық облысы болуын ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Ежелгі Қазақстан.-Алматы,2002
- 2.История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Т.II.-Алматы,2005
- 3.Оразбаева А. Қазаққа тән құқық мәдениетінің қайнары. "Егемен Қазақстан" газеті. 9.10.1998
- 4."Ақтөбе" энциклопедиясы.-Ақтөбе, 2001
- 5.Қондыбай С.Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап.-Алматы,2004
- 6.Ахмедов Ғ. Таңдамалы. 1-том.-Алматы,2004
- 7.Отарбаев Р. Шер.-Алматы,2006
- 8.Сырым Бақтыгерейұлы. Ойыл. "Фолиант" баспасы.-Астана,2009
- 9.Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі.-Ақтөбе,2007
- 10.Құрманбеков Б.Ж. Ойыл жәрмеңкесі.-Ақтөбе,2012
- 11.Кубесова Г.Т. К вопросу оценки туристско-рекреационных ресурсов Уилского района Актюбинской области //Вестник КазНУ. Сер. географическая.-2012.-№1,-С.123-126
- 12.Кубесова Г.Т. Концептуальные вопросы развития туризма в Актюбинской области Казахстана// Вестник ОГУ.-2013.-№6, -С.120-122

Название аула Котыбар батыра

*Научный руководитель: Абдрахманова Г.Х. - учитель экономики Назарбаев
Интеллектуальной школы физико-
математического направления г.Актобе*
*Автор: Ахметов Бахытжан, ученик 7 F класса,
НИИШ ФМН г.Актобе*



Одним из интересных названий сел на карте Мугалжарского района является аул Котыбарбатыра. Известно, что еще в дореволюционный период этот населенный пункт получил свое название от расположенной неподалеку могилы прославленного батыра, Котыбарбатыра Басенулы. В энциклопедии Казахстана мы читаем «Котибар выходец из рода Шекты (1757 – 1833г.), участвовал в национально - освободительном движении Срыма Датова в борьбе за независимость своего народа» (1). Последний приют ему на родной земле оказало место Коктобе. Именно здесь, на вершине холма покоится знаменитый исторический деятель. Таким образом, мы установили что до захоронения героя, место именовалось Коктобе, по одноименному названию протекавшей здесь небольшой степной речки, название которой в свою очередь происходит от расположившегося неподалеку возвышенности Коктобе. «Көктөбе-көк және төбе сөздерінен жасалған», «Таудың төбенің тасы немесе өсімдегі көк екеніне» баланысты қойылған атау» (2). Действительно в ясную погоду это возвышение кажется синеголубого цвета. В истории имя батыра осталось лишь в географических названиях. По карте 1907года имеется населенный пункт №16, Котыбарбатырский поселок. Карта от 1 июля 1913года, хранящаяся в Алматинском государственном архиве обозначает на берегу реки Коктюбе Батпактинской волости Актюбинского уезда Тургайской области населенный пункт Котыбар батыр (п. Котыбарбатырский, №63). По карте «Уральская партия по переселению» на этой же территории встречаются названия «Овраг Котыбар батыра», « Могила Котыбар батыра».

Название изменилось после появления в этих местах переселенцев из Украины, поселок стал, в честь великого кобзаря- поэта. Переселенцы «прибыли сюда по земельной реформе из Украины, из Полтавской губернии в 1907году. В ту пору место их проживания называлось «Аул Котыбарский», по их словам тогда «мавзолей батыра выступал на поверхности земли, по форме напоминая юрту»

В книге «Древность киргизской степи и Оренбургского края1910года», в статье русского археолога И.А.Кастанье «Котыбар батыр мола» говорится: «В ауле той же волости, на реке Коктюбе в 15 верстах от железнодорожной станции Аккемир имеется могила под названием «Кутебай батыр мола», сложенная из кирпичей». Позднее поселок получил новое название - Шевченко, и уже ничто не напоминало об историческом названии населенного пункта. Лишь с обретением независимости в 2000 году были восстановлены и мазар батыра, и прежнее название аула Котыбарбатыра.

Список литературы

1. Ақтөбе энциклопедия, «Отандастар -полиграфия», Ақтобе. 2001г.с.473
2. «Жеріңнің аты еліңнің хаты» Алматы 2010г.с. 98.

Қарғалы ауданы жер-су атауларының тарихы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Еспенбетова А.М.- т.ғ.к., аға оқытушы
Автор: Атаниязов.Н. – «Тарих» мамандығы 2 курс студенті

Жер-су атауларының қойылуында ұлттық таным мен салт-дәстүрдің және елдегі саяси жағдайдың ықпалы мол болатыны белгілі. Сондықтан болар, географиялық атаулардың (топонимдердің) шығу тәркіні, олардың аталу себептері адамзат баласын ерте заманнан-ақ қызықтырып келеді. Бұл орайда қазақ даласының жер-су аттарының шығу тарихын зерттеу арқылы сол замандағы ұлтымыздың таным-түсінігін анықтай аламыз. Кез-келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары – топонимдері

арқылы көрініс табады. Біле-білген адам үшін жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді.

Топонимист ғалым Е.М.Поспелов: «Географиялық атаулар мен қоғамдық институттар тікелей саясатпен байланысты дамып отырады. Қоғамдағы үстем тап жұртшылықты өзінің идеологиясы мен саясатына жер-су атаулары арқылы бағындырады»[3], – деген болатын, яғни, әр ғасырдағы саяси-экономикалық өзгеріс сол қоғамның топонимикалық жүйе кеңістігіне терең із қалдырғанын жасыра алмаймыз. Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу сыры бар. Осындай атауларға бай өңірлердің бірі – Қарғалы ауданы.

Қарғалы ауданы– Ақтөбе облысының солтүстігіндегі әкімшілік бөлік. Орталығы– Бадамшы ауылы. Қарғалы ауданы батысында Мәртөк, оңтүстігінде Ақтөбе қаласының әкімшілік аумағы мен Хромтау ауданы, солтүстігінде Ресейдің Орынбор облысымен шектеседі. 1933 жылы 5 шілдеде Степной ауданы ретінде құрылды, 1933 жылдың 28 қарашасынан 1935 жылдың 29 шілдесіне дейін Мирзоян ауданы, 1936 жылдан 1966 жылдың 31 қаңтарына дейін Степной ауданы, 1966 жылы Ленин ауданы атауымен қайта құрылған. 1997 жылы 17 маусымда Президенттің Жарлығымен Ленин ауданы Қарғалы ауданы болып аталды. Жер аумағы 5,0 мың км². [1]

Қарғалы – ауданындағы өзен және елді мекен. «**Қарғалы**» сөзі өзенге байланысты берілген. Монғол тілінен аударғанда **тайыз** дегенді білдіреді. *Қарғалы* сөзі тарихи көне топоним ретінде қарастырылады. Бұл–Қазақстан, Батыс Моңғолия, Сібір, Солтүстік Еуропада кең таралған атау. Қарғалы – түркі-моңғол тілдеріне ортақ топоним.

Аудан 20 елді мекен 8 ауылдық округке біріктірілген. Олар: Ащылысай, Әлімбет, Бадамша, Велихов, Желтау, Кемпірсай, Қосестек, Степной. Енді осы елдімекен атауларының тарихына тоқталайық.

Бадамша ауылының негізі 1941 жылы қаланған. Бұрын бұл жерлер шөбі аз өсетін тегіс жер болған. Аңыз бойынша бір күні бір түйе өз ботасымен адасып кетеді. Содан бері сол түйе мен ботасын жұрт көретін болған. Осыдан ауыл «Ботамша», кейін халық Батамша атап кеткен. Кейбір деректер бойынша, бұрын бұл жерлерде бадам өсімдігі өсетін болған. Сол себепті Бадамша деп атаған.

Велихов ауылы 1914 жылы пайда болған. Жаппай қоныс аударуда қоныс аударып келген Велихов деген алғашқы жер үйлестіруші инженердің құрметіне берілген. Ауыл «Айтпай» өзенінің жанында құрылған.

Қосестек ауылының пайда болғанына 100 жылдай уақыт болды. Оның атауына байланысты, ауыл тұрғындарының айтуы бойынша, мынадай аңыз бар қазақ көшпенділеріне бір табын малды айдап кету мақсатымен келен башқұрттар шабуыл жасайды. Жекпе-жек тартыста қазақтар малдары қайтарып алынады. Қашып бара жатып, башқұрттар өздерінің бір өлген кісісін тастап бара жатып: «Қош, естек!»- деген екен.

Айтпайка 1905 жылы Стольпин реформасымен құрылған. Ауыл атауы ең алғашқы бай қоныстанушы Айтпай деген кісінің атымен аталған.

Сары бұлақ ауылы (бұрынғы атауы Эрзерум). Бұл жер шексіз дала болатын. 1915 жылы үкімет украиндық қоныстанушыларға жер бөліп берді. Сол қоныстанушылар Эрзерум түрік бекінісінің орыс әскерінің жеңіп алуына байланысты, осы жерді Эрзерум деп атап кеткен екен. Ал қазақтар бұрын бұл жерді «Тықсай» деп атаған, 2007 жылы 11-ші шілдеде Сарыбұлақ деп өзгертілді.

Большевик 1934 жылға дейін «Сельский культурник» деп аталған екен. Бір жылдары ауылда егін жақсы шығып, колхоз мемлекетке мол астық тапсырып, колхозға «Большевик» деп ат берілді.

Петропавловка ауылы. Деректер бойынша екі ағайынды Петр мен Павел деген қоныс аударушы Жақсы Қарғалы өзенінің жағасына келіп, жер өңдеумен айналысып, егін еге бастаған. Жайлаудағы қазақ халқы да егін егумен айналысып, бір жерге шоғырлана бастаған. Сөйтіп ауыл іргетасы қаланады. Содан бері бұл жер ағайынды Петр мен Павелдың атымен Петропавл деп аталады-мыс.

Артықсай ауылы Артық деген бай жер иеленушінің атымен аталған, құрылған жылы белгісіз.

Степной ауылы 1956 жылы құрылған. Ауылдың табиғаты жазық далалық болғасын «Степной» деп қойған.

Лушниковка ауылы 1900 жылы пайда болған. Бұл ауылда Я.И.Копылов деген кісі тұрған. Ол көптен жуа өсіріп, оны сатуға қалаға тасыған. Соның себебінен ауыл Лушников деп аталып кеткен. [1.21-23]

Шешім:

Ел тарихын танып білуде топонимикалық зерттеулердің алатын орны ерекше. Қазақ жеріндегі жер-су атаулары белгілі бір ұлттық таным мен салт-дәстүрдің, елдегі саяси жағдайдың ықпалы арқылы туындағаны белгілі. Сонымен қатар атаулардың сөздік шығу төркіні және аңыз-әңгімелердің маңызы зор, бұған дәлел біз қарастырып отырған Қарғалы ауданы кейбір елдімекен атауы. Қарғалы ауданының елдімекендер мен жер-су атаулары тұнып тұрған тарих. Сондықтан да тарихымызды жете зерделей білмесек, болашағымызды бағдарлай алмаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Энциклопедия «Ақтөбе» - Ақтөбе , 2002.
- 2.Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. – Ақтөбе, 2007.
- 3.Абдрахманов С.А. Суверенному Казахстану – независимая топонимическая политика. /История земли – история народа. – Алматы, 1997.
- 4.Конкашбаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата,1963

Ақтөбе өңіріндегі тарихи топонимикалық аңыздар

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Балгазиева Ляззат Танатаровна – оқытушы

Автор: Айтуганов Ардак

Ноғайлы кезеңінің аңыздары Қазақ аңыз әңгімелерінің бейнелейтін оқиғаларына, кейіпкерлеріне, жалпы тақырыбы мен мазмұнына қарасаңыз, ертеден арна тартқанын, онда талай замандардың естеліктері, ұғымдары, образдары бар екенін көре аламыз. Соларды айыра танудың ғылым үшін мәні жоқ емес. VIII-XIV ғасырлар ғана емес, XVIII ғасырдағы жоңғар-қалмақ соғысы да бізде аз зерттелген. Уақытында, көрнекті қазақ ғалымы, профессор Ә.Қоңыратбаев қазақ аңыздарының өте ертеден тамыр тартатынын қуаттап былай деп жазған еді: “Қазақ аңыздарының түп тегі сақ, ғұн, үйсін, Тұран, Түрік қағанаты, оғыз-қыпшақ, ноғайлы дәуірлеріне кетеді” /74-б./ [Ә.Қоңыратбаев “Қазақ фольклорының тарихы”, (Құрастырып, алғы сөзін жазған – Ә.Қоңыратбаев). –Алматы, Ана тілі. 1991 – 288 бет.].

Бірден айта кетелік, Ноғайлылар заманынан азды-көпті мәлімет қазіргі таңға жазба деректермен қатар ауыз әдебиеті арқылы да жетіп отыр. Осы орайда, ең алдымен, мағлұматтарды бүгінгі ұрпаққа жеткізген қазақ деген халықтың керемет жады арқылы дамыған ауыз әдебиетіне, сол халықтың өкілдері-жырау, жыршы, әңгімеші, ертекішілерге айтар алғыстың шегі жоқ деп білеміз. Жалпы, ел аузының ескілікті тарихқа қаншалықты жәрдемі бар? Яғни, ел аузы қаншалықты берік, қаншалықты шындық, қаншалықты деректі? “Күй шежіре” деген еңбегінде белгілі жазушы, ғалым Ақселеу Сланұлы Сейдімбек “рухани мұра атаулыны халықтың өткен өмірімен сабақтастыра зерделеп, тарихи-элеуметтік аспектіде саралап отырудың маңызы айрықша” дей келе, одан әрі көшпелілерге тән рухани мұралардың өзіндік ерекшелігі, шындықпен арақатынасы жөнінде сөзін былайша сабақтайды: «... Көшпелілер өзінің рухани мұраларын көкірегіне,

жадына ғана сақтауға мәжбүр... Халықтың көкірегі өзінің асыл қазыналарын сақтауға келгенде Отырар мен Александрияның тас қамал кітапханасынан да, перғауындардың құпия қоймаларынан да, Тәңірі тектес скиф қағандарының о дүниелік таудай тұрғысынан да берік болатын. Халық көкірегі сол рухани асыл қазыналардың қоймасы ғана емес, мәңгілік әрлеп, шындап, жаңартып отыратын жанды иесі де. Осы орайда көшпелілер жадында сақталған рухани мұралар хатқа түскендей деректілігімен алыс заманаларға ақиқат айғақ бола алатындығымен айрықша назар аударады. Бір шеті мен екінші шеті төрт-бес мың шақырым болатын байтақ қазақ даласында рухани мұралардың бұзылмай, үзілмей барлық өңірде бірдей қатаң үлгіде сақталуы құдірет құбылыс» [8-9-б.].

Ноғайлы дәуірінен мағлұмат беретін тарихи аңыздарға бай жерлер Ақтөбе өңірінде көптеп кездеседі. Мәселен, бұл аймақтарға Шалқар, Ырғыз, Қарабұтақ, Ойыл, Қиыл, Қобда, Елек, Жем бойының кең алқапты тарихи өлкелерін жатқызуға болады. Бұл тарихи мекендердің әрқайсысының өзі айтылмаған сыр, тұнған шежіре. Сонау ғұннан бастап, беріректегі Шыңғысхан, Ақсақ Темір, жоңғар қалмақтарының сұрапыл соғыстары осы өңірлерді тітіренткен көрінеді. Одан бермен уақыттағы қазақ батырларының орыс басқыншыларымен (отарлаушылар) шайқастары да осы жерлерді шарпыған. Олардың ішінде Дешті Қыпшақ пен Ноғайлының көне тарихы да сайрап жатыр. Бұл өңір Асан Қайғы мен Қобыландыға қоныс болған мекен. Жалпы алғанда, ежелгі қазақ тарихының кіндік өлкесі десе де артық емес. Соңғы кезде жарық көрген еңбектердің бірінде Ақтөбе өңірі хақында мынадай дерек айтылады: “Ақтөбе өңірі мыңдаған жыл бұрын түрлі тайпалардың алмасуы мен көшпелі халықтардың ұзақ қоныс тепкен жері болған. Табиғаттың тарылмаған байлығы мен географиялық жағдайы көптеген тайпаларды осы маңға тоғыстырған. Ғалымдардың айтуынша, Орал тауының оңтүстік шетінен Каспий теңізінің солтүстік жағалауына дейінгі аралық халықтардың ұлы көші-қоны жолы болғанын ескерсек, Ақтөбе даласы сол сан тарау жолдың қайнаған ортасы еді” [13-б.]. Расында да, қазіргі Ақтөбе жері, Жем, Сағыз, Қобда, Елек, Ырғыз өзендерінің бойы бір кезде Ноғай ордасына ұзақ құтты мекен болған. Бұл тарих жүзінен белгілі жайт. Бір айта кететін жайт, біздер Ноғайлылар деген сөзден шошымасақ керек. Қойшан деген данадан Құдабай ақын, Құдабайдан Құрбанғали Халид естіпті делінетін: «Тегінде Ноғай-Қазақ түбіміз бір, Алтай, Ертіс, Оралды еткен дүбір» деген жыр жолдарының маңызы еш жойылмақ емес. Бұл екі халықты құраған этникалық компоненттердің бірдейлігіне кешегі Ш.Уәлихановтан бастап бүгінгі М.Мағауинге дейінгі зиялыларымыз қол қойды. Бұлардың еңбектерінде тап солай жазылған да. Жоғарыда сөз етілген еңбегінде Ақселеу Сейдімбек “Ноғайлы” атауы “қазақ” этномі орныққанға дейінгі далалық ру-тайпалардың жиынтық атауы болды деп көрсетеді. [18-19-б.]. Әсіресе, таланты мен білім-білігін әлем мойындаған М.Әуезовтың төмендегі пікірі осы төңіректе айтылған көптеген пікірлердің бастарының бір арнаға тоғысуы іспетті: “Бұрынғы заманда неше алуан хандық ұрған түрік жұрттарының көбінің тойын бірге тойлап шыққан бір ел қазақ елі екені тарих жүзінен белгілі. Нағыз қазақ бірлігі XV ғасырлар ішінде шықты десек те, сол бірлікті жасаған рулардың көпшілігі ертерек заманда болған. Алтын Орда, Қазан хандығы, Ноғайлы, Өзбек бірлігі сияқты хандықтардың бәріне де кірген, солармен бірге ыстығына күйіп, суығына тоңып, ірі тарихи уақиғаларды бастарынан бірге кешіріскен. Бұл мағлұматтың шындығын жалпы тарих жүзінен бір көрсек, ел қиялы жасаған, ел есінде сақталып қалған естеліктен екінші рет тағы көреміз” [87-б.].

Ноғайлы халқының бүгінгі қазақ даласын мекен еткені туралы “Ақтөбе” энциклопедиясында төмендегідей мәлімет берілген: “Ноғайлар Еділден Ертіске дейін, Каспий мен Арал теңіздерінен Қазан мен Тьюменге дейінгі жерлерде көшіп жүрген” [583-584-б.].

Уақытында белгілі ағартушы, ғалым Шоқан Уәлиханов та ноғайлылар мен қазақ жұртының қоңсылас, көршілес болғандығын қуаттап былай деген: “Қазақтар мен қырғыздар және қарақалпақ сияқты бүгінгі ортаазиялық көшпелі халықтардың аңыздарында ноғайлылардың құрметті орын алатынын айта кету керек. Сол кездерде,

көрші отырған бұл халық жөнінде айтылған талай аңыздар мен дастандар күні бүгінге дейін сақталып келеді... Қазақтардың аңыздарында ноғайлылармен көрші отырған кездері алтын заман болғаны туралы айтылады. “Ноғайлы мен қазақтың бағы жанған заманда”, - дейді олардың эпостары әрбір қиссаларының басында. XV ғасыр мен XVI ғасырдың бас кезінде ноғайлының (Үлкен Ноғайлы) Эмба мен Ориден (“Книги Большому чертежу” деген кітаптан қараңыз) оңтүстік шығысқа қарай, бүгінгі қырғыз даласында қазақтармен бірге көшіп жүргендері мәлім” [234-235-б.].

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, XIX ғасырдың II жартысында Батыс Қазақстан өлкесінде ғұмыр кешкен Мұрат Мөңкеұлының (1843-1906) “Үш қиян” деп аталатын толғауында төмендегідей жолдар кездеседі. Осындағы кездесетін географиялық объектілерді еліміздің батыс бөлігінен, әсіресе, бүгінгі Ақтөбе облысы территориясынан қиналмай тауып алуға болады.

Темірде қырқып күземін,
Тепсеңнен ноғай асқан жер,
Астаусалды, Шытырлы,
Көлденең шыңның басынан,
Қарақұм, Борсық қасынан
Мал суарып асқан жер [109-б.].

“Қарғабойлы, Қазтуған” жырында да ноғайлы қоныстары жоғарыда келтірілген деректерден еш айырмашылықсыз қайталанады:

Тоқсан баулы ноғайлар
Мәслихат төбе басында.
Жиылып кеңес құрады
Темірдің төмен қасында.
Жем өзенінің жағасы
Мекен еткен қаласы [73-б.].

Бұған біздер сол көнеден бүгінге жеткен құнды дерек – халықтың ауызекі тарихы арқылы да көз жеткізуімізге болады. Сол халық даналығына айғақ болатын, негіздейтін – жер-су атаулары, ескерткіш-кесене, оба сынды жәдігерлеріміз, белгілі қайраткерлердің есімдері де жетерлік. Сонымен, осы жерлерде Ноғайлы жұрты қоныс тепкендігі күмән тудырмайды. Бұл пікірімізді шегелейтін дәлелдерді жоғарыда біршама келтірдік. Енді сол деректерді Ноғайлы заманына қатысты фольклорлық шығармалар қуаттай ма, немесе, терістей ме, соны қарастырып көрелік. Осы мақсатта, енді халық арасында кеңінен тараған аңыздардың бірнешеуіне тоқталып өтсек.

Соның бірі Қобда аймағындағы тарихи мекен Абат-Байтақ кесенесі туралы. Бұл ғимарат Қобда ауданы, Талдысай елді мекенінің Бесқопа дейтін кең жазығында орналасқан. Осы Абат-Байтақ мавзолейіне байланысты аңыздар ел ішінде көп-ақ. Батырлар туралы жырлар мен қиссаларда Абат – Асан Қайғының баласы, би, мырза, шешен, дана көсем, оған қоса ол Қырымның қырық батырының бас батыры және сол батырлар бірлігін нық ұстаған көсем болған. Оны мына жырдан да көруге болады:

Ноғайлының қорғаны,
Асан ата деген соң,
Ер Абат бастап келген соң,
Қырымнан келген қырық батыр
Бұл Абатқа ерген соң

Ел шежіресі бойынша Абат халқымен тұтас көшіп, жауға алдырмай, жоқтық көрсетпей ел қамымен Еділ бойынан осы біздің жерге дейін көшіп, қоныс етіп жүрген екен. Ал, көрші патшалықтар Абаттың соншалық құрметін көре алмай, қолға түскен бірлі-жарым тұтқыннан, не қонақтық ретпен араласқан кісілерден еліннің батыры, данасы, мергені, мырзасы, кең пейілдісі кім дегенде, бәрі де тек Абат деп жауап беретін болған. Көре алмаған көршілер талай рет жансыздар жіберіп, неше түрлі әрекеттер жасаса да, Абат қабағын еш шытпаған, ақ пейілімен қабылдап отырған. Дархан, мейірман Абат –

байтақ, кең, шексіз деген теңеуге ие болған. Аңыз бойынша елдің жағдайымен Қобда-Елек бойын жайлауға көшкен кезінде Абат кенет қайтыс болады. Қайғылы хабар халқына тез тарйды. Оның үстіне Абат елінде туған нәресте көшке еруге келгенше алыс жерге қоныс аудармау салты бар екен. Сол мерзімді ұстану ма, әлде батыр ұнатқан қоныстан елді көшіргісі келмеген бе, ел ақсақалдары ақылдаса келіп аяулы көсемге арнап мавзолей (кесене) салуға жар салады. Онда қанша түтін болса сонша кірпіш басылсын деп, көш тізбегіне талдан жонып жіберіп, кірпіші осындай болсын деп сәлем айтылады. Байтақ ел болып кесенені тұрғызады, біткен кезде қараса, ұшар басында қаланбай қалған кетік қалады. Аңыз бойынша, әрбір түтін бір кірпіштен ғана дайындаған. Бұл жерде Абаттай батыр қанша кең пейілді адам болса да, халықтың ішінен оны да жақтырмаған адамдар болған деген ұғым аз ғана кірпіштің жетпеуі арқылы беріліп тұр деседі.[268-б.].

Бұл аңыздың астарында бір ақиқаттың бары аңғарылады. Өзінің заманында Асан қайғы да, оның баласы Абат та артына байтақ елді ерткен беделді көсем адам болғандығы. Әдетте, қазақ халқында жай қарапайым адамға алып ғимарат (мазар,бейіт) тұрғызу үрдісі болмаған. Осыны ескерер болсақ, бұл екеуінің де тегін адам еместігін байқауға болады. Осыған ұқсас тағы да бір аңызды келтіре кеткен жөн. Онда “ескі аңыз бойынша Асан Қайғы қоныс іздеп, талай жерді аралаған. Оның артынан шыққан баласы Абат мінген желмая (нар түйе) алып қашып, соны тоқтату үшін халық алдынан арқан керіпті. Сонда Абат астындағы көлігінен құлап өліпті деседі. Сол кезде Қобданың бойын жайлаған халықтың ханы бұйрық беріп, үй сайын қызылқұс кірпішті биенің сүтіне илеп, отқа күйдіртіп әкелдіріп, анау байтақтың арғы жағындағы (шығысындағы) үлкен моланы салдырған екен. Халық үлкендігіне орай “Байтақ” деп атап кеткен” [6-б.].

(1-суретті қараңыз)

Бұл аңыздан біздің байқауымызша Байтақ сөзі жердің атауы сияқты. Қырымның қырық батырының бас батыры атанған ер Абаттың бұл жерге моласы тұрғызылмастан бұрын да бұл жер “Байтақ жер” деп аталған. Әрине бұл әзірше болжам. Бұл жөнінде әркімәр түрлі айтып жүр. Қайткен күнде де аңыздардың астарында бір шындықтың бары ақиқат.

Жәнібек пен Керейдің уақытындағы оқиғалар ортасындағы бірегей тұлға – Асан Қайғы қазақтың маңдайына сыйған дала данышпаны. Басқаны қойғанда, Батыс Қазақстан өлкесі, Сыр бойы, Каспий маңы, Еділдің өн бойы Асан Қайғының атмекені десек артық болмас. Асан Қайғы ұзақ жасаған, XIV-XV ғасырларда өмір сүрген. Қазіргі ғалымдардың Абат-Байтақ ғимаратын сол кезеңге болжауы дұрыс сияқты. Не десек те Асан ата мен оның баласы Абат батырға келіп тірелетін бұл қорымның құпиясы тереңде жатса керек.

Бұл өңірдің (Ақтөбе облысы) тұтастай Ноғайлы жұртына мекен болғандығы жөнінде тағы да бір аңызға көз жүгіртсек. Аңыз Ноғайлы хандығы тұсында болған қорым туралы айтылады. Онда көнекөз қарияларының айтуы бойынша “Қарасай-Қази” жырындағы Қарасай батырдың сүйегі жатқан көрінеді. Аңыз бойынша, қазіргі Ақтөбе қаласының ескі бөлігі маңы, яғни телемұнара орныққан қырытқа отарлаушы елдің жендеттері көз тігіп, сол маңға бекініс тұрғызу мақсатында алғашқы құрылыстарын жүргізе бастаған. Алайда, көне бейіттерді қопарып, орнына тұрғызылған үйдің қабырғалары бір орнында тұрмапты. Салғаны салғандай бірінен соң бірі құлай беріпті. Істің мән-жайын түсінбеген жендеттер бір шоқынған қазақтан “Арамнан аруақ қашады” деген сөзді естіп, сол жерге шошқаның қанын шашыпты. Сол кезде түн ортасы ауа төбедегі қорым жақ әлдеқалай таң ағарып келе жатқандай сәуле шашып, бейіттерден үрейлі үндер шығады. Қосылып үн салып, сыңсып жылағандай аянышты беймаза дауыс есі дұрыс жанның бәрін аяғынан тік тұрғызады. Таң атуға жақындап, қараңғылық сейіле бастағанда қорымның үстіне бір бөлек бұлт төніп кеіп, найзағай ойнаған мезетте өлі әруақтардың мекенінен бір топ аққу қиқулай көтеріледі де, түстікке қарй бағыт ала ұшып кетеді. Содан бермен қарй орыстардың салған үйлері құлаудан құтылыпты дейді. [191-192-б.].

Осы орайда, қырат басындағы (осы күнгі телемұнара тұрған жер) қорымға байланысты “Актюбинский вестник” газетінің 2001 жылғы 10-тамызында шыққан мақалада мынадай мәліметтер келтірілген: “В мае 1869 года на вершине холма, где по преданию был похоронен потомок могущественного Мамай батыр Қарасай, было создано военное укрепление Актобе”. Мақала авторы Жарқынбек Назарбаев бұл деректерді Рынборға барған бір сапарында сол жақтың өлкетану музейі мен архивінен алғандығын айтады. Демек, бұл айтылған аңыздың да астарында бір шындықтың бары аңғарылады.

Қазақай – Қобда селосынан 5 км жердегі ертедегі ноғай жігітінің есімін сақтап тұрған төбе. Қазақай – түз тағыларын қолға үйретіп, баулушы болған. Ол туралы Башқұрстан Ғылым Академиясының қолжазбалар қорында /№ 7 қор, № 1 делосы № 19 тіркеу/ мынадай дерек кездеседі: “Мұхаммед би Ғали әл-Дағыстани. Қазі ақай ахун. Қазақай ахун Қазақстанда 1796 жылы опат болған. Е. Пугачев көтерілісі кезінде Қазақстанға көшкен” – делінген. Ноғайлы Нұрым ақын Текедегі кердері Әбубәкірмен айтысында: “Қазақай менің атам ақын болып, о дағы ерген екен хан қасына” деген жолдар бар. Қазақай қайтыс болған кезде су тасып кетіп, Абат-Байтақ қорымына мүрдесін жеткізу мүмкін болмай Қобданың күнгейіндегі Сауқайың өзенінің жағасына жерленген. Басына құлпытас қойылған. Содан бері бұл төбе Қазақай аталады. Маңайдағы тұрғындар малға індет келгенде оның басына барып түнетеді. Сауығып кетеді деген ұғым бар.

Қалмақ шапқыншылығы мен қалмақтарға қарсы ұрыс-соғыстар дәуірінің шындығын бейнелеуге құрылған аңыздар. Мекендік аңыз, әпсаналар белгілі бір тарихи дәуірді елестетеді. Ақтөбе өңірінде айтылатын аңыз, әпсаналардың дені қалмақ шапқыншылығы мен қалмақтарға қарсы ұрыс-соғыстар дәуірінің шындығын бейнелеуге құрылған. Қазақ тарихының ең ауыртпалықты, қиын кезеңі бедерленген мекендік аңыз, әпсаналарға «Тәңірберген өзені», «Қалмаққырған», «Қырықоба қорымы», «Дәуімшар қорымы» деп аталатын жер аты, «Ақбота-Сәңкібай тауы», «Кенжалы өзені», «Қарабас өзені», т.б. шығармаларды жатқызамыз. Мұндай шығармаларда өзен-көлдің, жер-судың белгілі бір атты иеленуі қалмақтарға қарсы күрескен батырлардың, қолбасыларының өмірімен, іс-әрекетімен байланыстырыла түсіндіріледі.

(2-суретті қараңыз)

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының іргесіндегі Қырықоба қорымы туралы ел ішінде әртүрлі аңыз бар. Бір аңыз бойынша, ертеде бұл жерде қалмақтардың қалашығы болған. Үйілген құм олар тұрғызған үйлердің орны деседі. Тағы бір аңыз бойынша, Қырықобадағы төбелер – обадан қырылған адамдардың бейіті. Бұл жердің құмы болса құрылысқа және пеш салуға таптырмайтын материал. Сонымен, Қырықоба қандай сырды бүгіп жатыр?

Жуырда осы Қырықоба қорымында археологиялық қазба жұмыстары жүріп жатқанын естідік, -дейді Серікбай Қойбағаров. Қазылған қорымдардан табылған адамның мүрделері мен сол уақыттың адамдары тұтынған заттар ел ішіндегі аңыз әңгімелер мен болжамдармен мүлдем қабыспайды деген әңгіме жетті. Археологтармен байланысудың жолын іздедік. Біз іздеген археологтардың бірі – Ойылдың жігіті Аслан Мамедов. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген ол қазір осы экспедицияның ғылыми қызметкері. Бірнеше жылғы зерттеуден соң, бұл жұмысты Әлкей Марғұлан атындағы Археология институты Германияның археология институтымен бірігіп бастаған-ды. Кейіннен қазба жұмыстары Облыстық тарих, этнография және археология орталығына жүктеліпті. Биыл орталық мамандары жұмысқа белсене кірісті. 30-ға тарта адам қорымның қасында қос тігіп жатыр. Араларында тарихшы студенттер де, жергілікті жігіттер де бар.

Экспедицияның тағы бір ғылыми қызметкері Талғат Мамыров бұл қорымды қазақ даласынан табылған ең көне қорым деп отыр. Оның айтуынша, осы кезге дейінгі ел аузындағы аңыздардың бәрі бекер. Қазба жұмысы барысында қорғандардан табылған тұрмыстық бұйымдарға қарап, мамандар мұнда жерленген сүйектер ерте қола дәуірінде өмір сүрген адамдардікі деп болжайды. Археологтардың айтуынша, «қалмақтардың қала-

шығы» деген болжам да шындыққа жанаспайды. Жерлеу дәстүріне қарағанда, бұлар қазақ даласына Қап тауынан келген адамдар болуы мүмкін. «Біздің жыл санауымызды қоссақ, шамамен 4300 жыл бұрын өмір сүрген адамдар. Сүйектері сол қалпында. Тек үстеріне қызғылт бояу сеуіп қойғандай. Алғашқы зерттеу нәтижелері бұл бояудың жоса екенін дәлелдеп отыр», – дейді Талғат Мамыров. Зерттеушілердің айтуынша, Қырықобада шамамен 200-ге жуық қорған болыпты. Қазір оның 165-і сақталған. Әр қорғандағы мүрделер әртүрлі. Бір қорғаннан 17 мүрде шыкса, кейбір қорғандарда екі-үш мүрде ғана бар. Сондықтан 1000-ға жуық мүрде шығуы мүмкін. Бізді тағы бір таңғалдырғаны, кейбір мүрделердің үстіне тасбақаның шақшасын төңкеріп қойыпты. Археологтер тасбақаның тасы төңкерілгендердің бәрі әйелдің болмаса жас қыз балалардың мүрдесі екенін айтып отыр. Тұтынған ыдысы деуге де болады немесе сол уақытта сондай бір дәстүр болса керек. Аслан Мамедовтің айтуынша, бұл – ғалымдардың басын қатыратын тың тақырып. Енді бір қазба жұмыстарының орнынан қорғанның ортада жинаулы тұрған сүйектерін көрдім. Шашылып қалғасын, құрастырмақ ниетпен жиналған ба деп ойладым да, тағы да жолбасшыларымың көмегіне жүгіндім. Жоқ, отырғызып жерленген адамдар екен. Дұрыстап қарасам, шынымен де, отырған адамға ұқсайды. Әрі оның сүйектері басқалардан әлдеқайда ірі. Демек, сол әулеттің басшысы, тіпті ауылдың үлкені болуы мүмкін. Қорымнан табылған мүрделердің бір-біріне туыстық қатысын, жынысы мен жасын анықтау енді антропологтердің еншісіне қалып тұр. Ел ішіндегі аңыз әңгімелердің санада сіңіп қалғаны сонша, белгісіз аурудан түгел қырылып қалған ауылдың орны деген болжамға иек арта бердім. Бірақ оба заманында мүрделерді бір жүйемен арулап жерлеп, әйелдердің үстіне тасбақа төңкеріп жүрген кім? Жас археологтер қорымды зерттеуде жуырда ғана Қырықобаға келіп кеткен Ресей Ғылым академиясының Орал бөлімшесі археологиялық зерттеу институтының лаборатория меңгерушісі, тарихшы Сергей Богдановтың болжамдарына сүйеніп отыр. Аслан Мамедов маған Қырықобадан 10 шақырым жердегі бір қорғанды көрсетті. Көптоғай селолық округіне қарасты Амангелді ауылының іргесіндегі Қайыр бөгетінен күншығысқа қарай бір шақырым жер. Бұрын алыстан бес-алты төмпешік қана көрінетін. Сөйтсек, ол үлкен қорымның орны екен. Бұл ғалымдардан бұрын жергілікті халық, яғни ойылдықтар үшін нағыз сенсация болып отыр. Ол жердегі қорымды өздері шамамен 2300-2400 жыл бұрын өмір сүрген адамдардың сүйектері деп болжап отыр. Бұл жердегі сүйектердің жерленуі қазақтың кәдімгі жерлеу дәстүріне сәйкес келеді. Көпшілігі жантая жерленген және қастарына тұтынған құрал-сайманы мен қару-жарақтары да көміліпті. Жебенің ұштары мен қылыштар барлық мүрденің жанында бар. Демек, әйелдерді де қаруымен жерлеу дәстүрі болса керек. Өйткені кейбір сүйектердің қолында білезік, жанында айна, тарақ, ұршықтың басы сияқты түрлі тұрмыстық заттармен қатар, жебенің ұштары табылып отыр. Сірә, әйелдер де жауынгер болса керек. Ертеректе үлкен кісілер: «Ойыл бойы – тарихтың тірі куәсі, талай сырды бойына бүгіп жатыр», – дейтін. Бұл жердің тарихы жұмбақ күйінде қала берген. Ойылдың бір сырын ашуға зерттеушілер енді кірісіп жатыр.

Дәуімшар қорымы (XVIII ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы) – 200-ден астам ескерткіштерді қамтиды. Бұл зират Адайдың қырықмылтық бөлімінің батыры Дәуімшар /Есекей/ есімімен аталады. Аңыз әңгімелерге қарағанда мұнда қалмақтармен соғыста қаза болғандар жерленген. Екінші бір мәліметте Дәуімшардың бастауымен қазақ жасақтары кезінде Гурьевтен /Атырау/ шыққан ағылшындар экспедициясымен қақтығысып, содан көп адам қаза табады. Бұл 1810 жылы болған. Осы ұрыста қаруы аса көп ағылшындар оғынан адайлардың көп адамы шейіт болады, келімсектер жағынан да шығын болады. Ағылшындардың моласы қауымның етек жағында, одан сәл берігірек жатыр. Дәуімшар қорымы дулыға тәрізді күмбездері бар тастан тілініп алынған блоктар арқылы салынған үш мазар ерекше көз тартады. Әсіресе мырза Мұрын мазарының /1881-1882 ж./ шеберлігі мүлде бөлек. Сондай-ақ шикі кірпіштен салынған ұйтам, сағанатам мазарлары, қабір үстіндегі қойтастар да ерекше назар аудартады. /Каспий қайраңы, А.,2000,225-227-Б./ .

Тәңірберген өзені«Қалмақтардың ірі ұрыстары сиреп, ұсақ қақтығыстары

мазалаумен болған кезде олардың ең сүйікті кәсібі – тұтқиылдан тиіп жылқы қуып әкету, бірлі-жарым малшы-жалшыны найзалап кету, тезек теруге шыққан әдемі келіншек, сұлу қызды алып қашу сияқты болып келеді.

Сондай бір қақтығыстар Мортық даласын (Мартук ауданы аталады) қақ жарып ағып жатқан жіңішке өзен Тәңірберген жағасында болған.

Ожырай-кетенің ағайынды батырлары Тәңірберген мен Тоңаша сол жаз осы күні Тәңірберген аталатын өзеннің бойын жайлап отыр екен. Бір күні тұтқиылдан өалмақ тиелі. Жылқышыларды өлтіріп, елдің тігерге тұяғын қуа жөнеледі. Тоңаша ауылда болмай, отауда ақ көйлекпен отырған Тәңірберген хабар тигенде, қарт батыр сауытын киюді ұмытып, ерттеулі атқа міне шабады. Мал айдаған қалмақты қуып жетіп, бірнешеуін түйреп түсірген. Тәңірберген шаршай бергенде, қалмақтың біреуі сыртынан садақпен атқан екен дейді. Батыр аттан сыпырылып түседі. Қан құсып, боз селеулі далада қала береді.

Ауылға жау тигенін «тентек түтін» шыққаннан біліп, асыға жеткен Тоңаша жауды өкшелей қуу үшін жылқының ізіне түседі. Бір қырқаның астында жер таянған Тәңірберген қан құсып, танауы қусырылып, жан ұшырып отырған үстінен түседі. Мұны көргесін, жас батыр кекпен қайнап атына қамшы басады.

Ұзамай қалмақтарды қуып жетеді. «Жекпе-жек!» деп айқайға басады. Қалмақтар тоқтай қалады. Өлгінде Тәңірберген батырды өлтірген қалмақ іркілмей алға шығады. Сол кезде Тоңаша «Майлыбай, Майлыбай!» деп ұрандап, қылышын үйіре шабады. Қалмақтың басын допша домалатып түсіріп, қалғандарына да бықырттай тиеді. Қалмақтардың аман қалғандарына жансауғалай қашып құтылады. Жылқыны жаудан айырып, қалмақтың батырының құлағын куәлікке кесіп алып, селеулі алаңқайда қалған ағасына келсе, үзілуге шақ отыр екен дейді. «Аға, міне, кегінді алдым!» деп қалмақтың құлағын қоржынынан алып көрсеткенде, қолын соза беріпті дейді. Тісі-тісіне темей, безгек ұстағандай болып отырған батыр қалмақтың құлағын қышырлата шайнап жұтады да, жан тапсырады. Тәңірберген батырдың сүйегі жағасында қалған сол өзен кейін батырдың атын иленген. Әрине, қазақтар ол кезде адам атын жер-суға әдейілеп, еңбегі сіңді, қаны төгілді деп қоймаған. Өлген адамның басы қарайтылып, құлпытас орнатылғасын, алыстан атаумен атау қалыптасқан болуы керек» /76-77-беттер/. Тоқмырзақұлы Қ. Әулие Әжібай би немесе Дала данышпандары – Ақтөбе, 1998 ж. - 197 бет.

Бұл шығармада Мортық даласын (Мартук ауданы аталады) қақ жарып ағып жатқан жіңішке өзенінің неліктен Тәңірберген аталғаны қалмақтарға қарсы күрескен батырлардың, қолбасыларының өмірімен, іс-әрекетімен байланыстырыла түсіндіріліп отыр. Осы өзен жағасында қақтығыс болған.

Ақбота -Сәңкібай«Қазақ қыздарының осындай ерлік істерін баян қылатын, бір жағы жер-су атауларына байланысты сюжет желілері бір-бірнен ұқсас келеді. Мәселен, Ойылға көршілес Байганин ауданында Ботакөз сынды қимыл көрсеткен Ақбота қыздың ерлігі аңызға айналған. Бұл аңыз бойынша оқиға былай сабақталады: Бірде мамыр айы туа Сәңкібай жылдағы әдеті бойынша Әбілқайыр ханға сәлем беріп, амандасып қайтуға жиналған ел жақсыларымен бірге сый-сияпат алып, Ырғыз даласына қарай аттанады. Ол кезде хан қыста Түркістанда қыстап, ал жазда ежелгі жайлауына келеді екен. Кіші жүздің ішінде: тама Есет батыр, табын Бөкенбай, кете Әжібай, беріш Есболай сияқты адамдары бастаған қазақтардың ер-азаматтары Ырғыз даласына қарай ағылғанда, ежелден аңдысып келе жатқан, бірде жеңіп, бірде жеңілумен, итжығысып өмір кешкен қалмақтар да жансыздары арқылы, бас көтерер ерлер жолаушылап кеткен кезінде қазақ ауылдарынан кек алмақшы болады. Ол тұста Жемнің төменгі ағысы мен Жайықтың Атырауға құяр тұсы әлі де қалмақтар қолында еді. Қалмақтар 1780 жылдары бас көтерместей болып жеңілгенге дейін жыл сайын қазақ еліне тосыннан шабуыл жасап, күн көрсетпей қойғаны тарихи шындық жағдай. Сонымен, осындай ұрымтал кезеңді көптен күткен қалмақтар Сәңкібай ауылына келеді. Бұл Жемнің құялысын мекен еткен қалмақтар еді. Сәңкібайдың

Ақбота атты қызы ауылда қалған малшы-жалшы, тума-туыс, ағайын жігіттерді іріктеп алып, өзі еркекшк киініп жауға қарсы шабады.

Әбілқайыр ханға бір жылғы есебін беріп оралған Сәңкібай ауылына тиген жаудың жеңілгенін, бірақ Ақботасының жазым болғанын жолшыбай естиді. Көшіп келе жатқан ауылын осы күнгі Ақбота-Сәңкібай дөңінен қарсы алады. Сонда Сәңкібай: «Денесін адам мен мал аяғынан аулақ сонау тау, құм басына қойындар», - дейді. Өмірден қыршын кеткен батыр қыздың мәңгілік мекені сол күннен бастап Ақбота атанған. Мүмкін құлпытасындағы жазуға қарап, ел «Ақбота-Сәңкібайдың қызы»деу орнына ауызша оңай, оралымды етіп, бірден-ақ «Ақбота-Сәңкібай» деген болар. Әйтеуір Жем қапталындағы оқшау құм ішінен ерекше әдемі, биік құм алыстан қараған кісіге Ақбота сұлудың бейнесіндей көзге ыстық көрінетіні бар» /20-21-беттер/. Пангереев А.Ш. Әдебиет және топонимика: Оқу құралы.- Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Редакциялық баспа бөлімі, 2003./118 бет./.

Құрал Тоқмырзаұлының «Әулие Әжібай би немесе Дала данышпандары» атты кітабында мынадай деректер беріледі: «Әжібайдың заманында жаугершілікке байланысты орнаған жер-су атаулары дәл күні бүгінге дейін жасап келеді. Қарауылкелді, Қарауылтөбе, Келбатыр атаулары дәл осы кезде пайда болады. Қазіргі күні Жемнің бойында Ақтөбе дейтін бір биік құм бар. Бұл, егер рас болса, жоғарыда есімі аталған шекті Сәңкібайдың қызы Ақботаның жау тоқтатқан жері. Қазір ел оны Ақбота-Сәңкібай деп қосақып атайды. Үлкендер сол биік тауқұмның басында құлыптас тұрар еді дейді. Қазір бар-жоғы беймәлім. Жау қолынан шәйіт болған Ақботаны ел сол құмның басына қойғанға ұқсайды» /66-67-б./.

Құрал Тоқмырзаұлы. Әулие Әжібай би немесе Дала данышпандары.- Ақтөбе,1998ж.-197 бет.

Бөкенбай шоқысы Табын Бөкенбай батыр шамамен 1669 жылы Ақтөбе облысының Мәртөк, Қобда аудандарының аумағында дүниеге келген. 1710 жылы Қаракұм құрылтайында бас қолбасшы болып сайланған. Жоңғарларға қарсы 1726-1729 жылдардағы Бұлантты, Бұлдыртты, Аңырақай, Қалмаққырылған, т.б. соғыстарда қол басаған. 1742 жылы елінің бостандығы үшін түрікпендермен болған қырғында қаза тапқан. Ол қазақ елінің Ресеймен ынтымақтасуына себепкер болған, сол үшін қаны мен терін төккен, соның бастауында болған аса ірі саяси тұлға. Оның ұрпақтары тархан Тіленші Бөкенбайұлы Табын руының билеушісі, данагөй ақылшысы болса, немересі Жоламан Тіленшіұлы да айтулы батыр, XIX ғасырдағы қазақ елінің ұлт-азаттық көтерілісі көсемдерінің біріне айналған. Бөкенбай батырдың Еділ мен Жайық, Жем мен Сағыз, Елек пен Қобда аралығын қорғаудағы ерлігін айтсақ та жеткілікті. Бөкенбай батыр тәрізді халқының азаттығы жолында күрескен тарихи тұлғалар – бүгінгі тәуелсіз елдің мақтанышы.

Қазақ-қалмақ соғысы заманымен байланысты тағы бір тарихи мәлімет ретінде сақталған жер атауы – Бөкенбай шоқысы. Бұл Ырғыз-Шалқар трассасы бойында, Құрылыс селосы маңындағы шоқы /241 м./.

Осы шоқыға байланысты халық арасында Бөкенбайдың ерлігін баяндайтын әңгімелер сақталған.

Мұғалжардан бергі бетте соғысып жүрген Бөкенбай батыр қолы алғашқыда жеңіліске ұшырайды. Шоқының бір жағынан жоңғар әскері, екінші жағынан батыр сарбаздары кезек-кезек шабуылға шығады. Ақырында, батырдың қолы амалсыздан кейін шегініп, үлкен үңгірге жасырыныпты. Өкшелей қуған жау әскердің ізін таба алмайды. Аңыз бойынша, батыр шағын қолымен терең үңгірге жасырынған кезде, үңгір аузына бір алып өрмекші лезде өзөрмегін құрып тастаған екен. Жау үңгірдің аузындағы өрмекшінің бұзылмай тұрған торын көріп, адасып кете барған екен дейді. Аңыздың аты аңыз, өрмекшінің өз торымен үңгір бетін торлап үлгеруін ел қорғаған ерлерге деген қамқорлық ретінде халықтың қиялынан тууы да мүмкін. Бірақ аталмыш шоқының қасында үңгір бар екендігі рас делінеді.

Аңызды әрі қарай жалғастырсақ, жаудан қашқан батыр енді айлаға көшеді. Ол таң ата шекпенін бүркеніп, шың басына арғымағымен лып ете шауып шығып, ер үстіндегі құс жастықты тіліп, қауырсынын шашып жібереді. Қауырсын қаптап

ұшып, жау бақылаушыларына дейін барады. Жау қара құсқа таланған құстың қауырсыны ғой деп жайбарақат жатқанда Бөкенбай батыр сарбаздарымен тұтқиылдан шабуыл жасап, жауды қиратып жеңеді. Содан бастап, бұл шың – Бөкенбай шоқысы деген атқа ие болған. Ендігі бір аңыз әңгімеде Бөкенбай батыр осы жерде жаудың бір мықты батырымен жекпе-жекке шығып, дұшпанды осы төбенің басынан лақтырып, жеңіске жеткен екен дағы, батыр үшін жеңіс шоқысы болған бұл жер – Бөкенбай батыр шоқысы атаныпты деген де мәлімет бар. /256-257 б./. Ілиясов Р. Қазына. – Алматы: Зерде, 2001. -312 б.

М. Әуезов “Қазақтың ауыз әдебиеті” атты мақаласында: “Өлең-жырлар, аңыздар, тұрмыс-салт жырлары, лирикалық өлеңдер, мақалдар мен мәтелдер, нақыю сөздер, афоризмдер, батырлық эпостар, әлеуметтік-тұрмыс поэмалары халықтың қоғамдық тұрмысына, еткен еңбегіне және тәуелсіздік жолындағы күресіне байланысты туып отырды”, -дейді. /385-б./. “Қазақтың ауыз әдебиеті” мақаласы. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. Т.19. Зерттеулер, мақалалар. /Жауапты шығарушылар Л.Әуезова, Т.Әкімов. 1985.-496 бет, Қазақ ССР Ғылым академиясы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институты.

«Қалмаққырған», «Кенжалы», «Қарабас» Темір қаласында туып-өскен, негізгі мамандығы заңгер Төлеген Садықұлы Бөлектен төмендегі аңызды жазып алған едік: Шұбарқұдықтан Ойылға қарай шығарда Алтықарасу, Қайыңды деген елді мекендер бар. Шұбардан шыққанда Кенжалы деген өзен бар. Кенжалы өзенінен ары өрай Алтықарасудың тұсында осы өзенге паралель Қарабас деген бұрын өзен болған қазаір кеуіп қалған, қазаір өзек, сол бар; бірақ осы уақытқа дейін әлі зерттелген жоқ. Қарабас өзені, бергі жағында Кенжалы, сосын Шұбардан Ақтөбеге қарай шығар жолда «Қалмаққырған» деген темір жол бекеті бар. Сол жерлердің барлығының да шығу тарихы Тама Есет батырға қатысты екен.

Тама Есет батырдың ауылы қазіргі Алтықарасудың тұрған жерінде болған екен. Тама Есет батыр ауылындағы билерін, батырларын, басқа азаматтарын ертіп алып хан кеңесіне кеткенде, мына жақтан қалмақтар ауып көшіп келе жатқанда, ауылда Есет батырдың жоқ екенін естиді де, жылқыларын айдап кетеді. Жылқыны айдап кеткеннен кейін, «мал ашуы – жан ашуы дейді», қазақтың сол кезде малға мықты мән беретін кезі. Елінде қалған үлкен кісілер: бұрынғы батырлар, жас батырлар, барлығы қаруланып жылқының соңынан қуады. Ішінде Қарабас батыр Есет батырдың ағасы көрінеді, сол кезде 80-нен кеткен үлкен кісі. Сол қатарлы үлкен және тағы да жас батырлар бар. Кенжалы – Қарабас батырдың баласы дейді, сол кезде 17-18 жаста. Барлығы жылқының соңынан қуып, қуып жеткенмен, бірақ қалмақтардың күші басым, сол жерде қуғыншылардың бәрін де қырып салыпты. Қарабас өзені сол үшін басым жаумен арпалыста Қарабас батырдың қаза тапқан жері көрінеді. Сосын оның бергі жағында Шұбарғажақын жердегі **Кенжалы өзені**, Кенжалы батырдың қаза тапқан жері көрінеді. Содан қалмақтар жаңағы қуғыншыларды қырып салды да, жылқыны айдап кетеді де, сосын тағы да шамалы 30-40-тай қалмақтар «біз енді неден қорқамаыз, ауылда ешкім жоқ, тек қана қатын-қалаштар қалды, барып ауылын шабайық» деп ауылға қарай беттейді. Сол кезде, соны білген Есет батырдың қызы Ботакөз ару ауылындағы әйел, бала-шағалары да бар, әйтеуір, қолына құрық ұстайтындай, таяқ ұстайтындай адамдардың бәрін жнап, біраз қолдың басын құрап, ауылдың екі жағы сай екен, екі жақта екі сайда екі бөлініп жатып, тосқауыл жасап, азғантай ғана қалмақ ауылға келгенін білгенде екі жақтан шығып, лап қойып, оларды ұрып-соғып ауылды аман алып қалады. Содан кейін ұзамай Есет батыр келетін көрінеді. Келсе, жылқыны айдап кеткен, ауылды шауып кеткен, ағасы, жақындары қаза тапқан. Батыр әбден ашуына мініп, содан соңынвн қуады ғой. Қуып, осы мына «Қалмаққырғанның» тұсында қуып жеткен дейді. Қалмаққырғанның тұрған жері өзі сырт көзге көрініп тұр, екі жағы үлкен биік тау, ортасы үлкен алаңқай, майдан даласында өте ыңғайлы жер. Сол жерде қалмақтармен ұрыс салған екен. Қалматардың жан сауға сұрағанына қарамастан Есет батыр сол жерде қалмақты түтін қалдырмай қырыпты.

Шамалысы ғана қашып құтылған көрінеді. Нобайысы қырылған. «Қалмаққырылған» деген атау содан қалған деген аңыз бар.

Қалмаққырған атауы да сонау қазақ-қалмақ жаугершілігі заманынан қалған жер атауы екендігі күмән жоқ. «Ту ұстап, тарлан мінген батыр» атты кітапшада белгілі журналист Идош Асқаровтың «Әбілқайыр. Сол мақалада «XVI ғасырдан бастап қалмақ кеулеген Ақтөбе топырағында ғұмыры, ұрпағы жалғасқан қалың жұрт Әбілқайыр бастаған қазақ жасақтарының ұрыстарын әлі күнге дейін жыр етіп айтады... Біздің ойымызша, Жем өзеніне жақын жердегі Қалмаққырған деп аталатын ойпат сол қырғын соғыстың (1725 ж.) ізі секілді. Осы шайқас, рас болса, қалмақ хандығының кіші жүздегі ондаған жылдар бойындағы сайранының түбіне жеткенге ұқсайды», - делінген.

Жанбике тоғайы Жем бойындағы **Жанбике тоғайы** туралы да бір аңыз қалған. Ерте заманда Жемнің жоғарғы сағасына қалың орман егіліп, күтіп, бапталады. Хан оның үстінен көшкен елді, малды жүргізбейді екен. Бір жаугершілік дүрбелең кезде үдере көшкен үлкен ауыл тоғайды амалсыз басып өтпекші болады, сөйтсе ғана аман қалу мүмкіндігі бар екен. Алайда, ханның қаһарынан қорыққан ел қатты сасады. Содан Жанбике атты ел сыйлаған ана: «Көшті тоғай ішінен алып жүре беріңдер, мен осы жерде қалып, ханға жауабын өзім беремін» - дейді. Кейін ақылымен сөз тапқан әйел хан алдына жердің де, елдің де тағдырын шешеді. Содан заманнан бастап, бұл тоғай **Жанбике** атымен аталған.

Қатынадыр Хромтау қаласының шығысынан 25 шақырым жердегі оқшаулана тұрған төбе – Қатынадыр деи аталады. Ең биік нүктесі – 357 м. Тау сілемдерінің бір шеті қазіргі Ресей жеріне тірелсе, енді бір шеті Құдықсай елді мекеніне қарай созылып бітеді. Адырдың беткейі мен жыралы етегіне су көп жиналғандықтан шөп бітік өседі. Осы адырдан бастау алатын шағын өзен де осы аттас Қатынадыр деп аталады. Ол Бөгетсай ауылы тұсында Ор өзеніне құяды. / Ақт. Энци. 266 бет/.

Ел ішінде адырдың атына байланысты көптеген аңыздар айтылады. Олардың бірінде жұт жылы үйірлі жылқыны осы жерге паналатып, қыстан аман алып шыққан қайратты қыз туралы сөз болса, екінші бір аңызда жас әйелдің аңғал жігітті айламен сүріндіргені жайлы қызықты оқиға баяндалады. Серт бойынша қойылған межеде жігіт оқыста шалыс басып, әйел жеңіске жеткеннен кейін осы адыр сол әйел аулының меншігіне көшіп, «Қатынадыр» атаныпты делінеді.

Сынтас Жас ақын Есенбай Дүйсенбаев бүгінгі Аққұм жөнінде:

Сынтастай сырлы таптым ой,

Сымбаттым, Шалқар.

Аяққұм толы ақтылы қой,

Қымбаттым, Шалқар,- деп жырлаған еді. /280-б./.

Күздің қара суығы. Ел жапырыла қыстауға көшіп жатыр. Ал, Керегебай болса жалғыз қызы Қырмызының еншісін беруге дайындалуда. Міне, құдалар мен күйеу келді. Қызға енші берілді. Бірақ, Қырмызыжас күнінен өзі ұнатып мініп жүрген ақ жал аты еншіге кірмей осылай қалды. Қатал әкенің үкіміне қыз реніш білдіріп керуен соңына жаяу ереді. Сөйтіп, күзгі мұздақты түнде табиғат қаөарына ұшыраған қыз «Сынтас» болып қатып, қалыпты-мыс...

Міне, Сынтас деп аталатын бұл сырлы тас жайлы халық арасында бірнеше түрлендіріліп айтылатын аңыздардың бірі осы. /275-б./.

Бұл өңірден өткен әрбір адам табиғаттың осы бір сирек кездесетін ескерткішін тамашаламай, Қырмызы қыз жөніндегі аңызды есіне алмай өтпейді. /277-б./ Төреханов Т. Көз көргендер еді... Болғандар мен болжамдар. Алматы, 1999. -320 бет. Осы кітаптағы «Аяққұм жайлы аңыз және шындық» деп аталатын мақалада.

Қыздар шыққан Асыл қазына (Ақтөбе, 2001. 273 бет) деп аталатын жинақ бар. Осында Сары Батақұлының (1863-1895) шығармалары да бар.

Жері еді Жанқылыштың Қыздаршыққан,

Әулие Қошқарата Тұздан шыққан.

Батақтың ерке өскен Сарысы едім,
Болдым ғой осы күнде «Елден шыққан» /89-б./
деп жырлайды ақын. Енді аңызға құлақ түрелік:

Қыздар шыққан. Бір топ қыз ұрын келген күйеулерімен жаяулап қырға шығып келеді. Мезгіл желтоқсан айы еді. Биік қырдың басына шығып ойын дүкені қызған кезде алай-түлей ақ боран болып, жастар бағдарынан айырылып қалады... Ертеңгілік жылқышылар үйме-жүйме болып мәңгі ұйқыға кеткен жастарды тауып алады. Кейін барлығын бір қорымға жерлейді. Ел бұл биікті «Қыздар шыққан» деп атап кетеді. /277-б./ Төреханов Т. Көз көргендер еді... Болғандар мен болжамдар. Алматы, 1999. -320 бет. Осы кітаптағы «Аяққұм жайлы аңыз және шындық» деп аталатын мақалада.

Күйеусай Жекеев Наурызғали Қалиғазыұлы Қобда бойындағы қоныста туған. Қобда өңірінде колхоз-совхоздарда басшы қызметтерде болған. Ақтөбе қаласынан 1995 жылы шыққан «Ұрпағым мұны білсін деп» деп аталатын естеліктер кітабында өз атамекені хақында: «Ропповка поселкесінің шығысына үш шақырым жердегі **Күйеусай** деп аталатын тұстан арғы терістікте жүз метрден артығырақ маңайда, Қобданың бойында менің аталарым туып-өсіп, мекендеген» - дейді. Осы естеліктер кітабында Күйеусай деп аталатын жер атауының шығу тарихын мына бір аңызбен байланыстырады.

...Ертеректе кете елінің бір жігіті осы жатақ (біздің) ауылдан қыз алатын болып, қалыңдық ойнауға келе жатқанда, жазғытұрғы мезгіл екен, сайдан су тасиды. Жас жігіт оған қарамастан атпен жүздіріп өтпек болады. Бірақ, бергі жағаға жете алмай, аты құлап, суға кеткен. Сол себепті, халық бұл жерді **Күйеусай** деп атаған. Күйеудің денесін сайдың батыс жағындағы қорымға қойған. [Жекеев Наурызғали. Ұрпағым мұны білсін деп. (естеліктер) Ақтөбе – 1995 ж.]

Бәйкен-Бикен – Ойыл ауданы Қаратал селосы жеріндегі қыстақ, 4,5 км. қашықтықта. XVIII ғасыр жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте батырлығымен көзге түскен екі қыздың есімдері деген аңыз айтылады.

Егізқара – Ойыл ауданы Қаратал селосы жеріндегі биік шоқы. Шоқы басында – табиғи қалақ тастан қойылып, қатарластыра салған ескерткіштік мәні бар бейіт. Аңызда онда бір байдың егіз қызы жерленген делінеді.

Қобыланды батырдың кесенесі Қасиетті қазақ даласында Қобыланды есімімен ерте заманнан бері аталып келе жатқан екі мазар бар. Бұл тарихи көне ескерткіштер «Қобыланды күмбезі» деп аталады. Біріншісі, Ақтөбе облысының Елек – Защита темір жолының бойында. Ол И.А.Кастаньенің жазбаларында көрсетілген. Құрылысы қызыл кірпіштен салынған. Үйінді болып жатқан күйі қазірге дейін зерттелген жоқ. Екіншісі Орталық Қазақстандағы Сарысу өзенінің бойындағы мазар. Ол бізге Шоқан Уәлихановтың тарихи жазбаларынан мәлім. Күмбез (мазар) құрылысы тастан қаланған. (3-суретті қараңыз)

Қазақ даласында белгілі бір тарихи тұлғаның есімімен аталатын жерлер, бейіттер баршылық. Және де бір есіммен аталатын би, сері, батырлар жөнінде де деректер аз емес. Оның бәрін бір кісіге телуге болмайтыны: өмір сүрген, фәниден бақиға көшкен уақыты мен жерленген жерлерінің әрқилы екендігі. Бұл Қобыланды есімімен аталатын әлгі қос күмбезге де қатысты жағдай.

Естеріңізде болар, Н.Байғаниннің нұсқасындағы жырда:

Ерлердің артық данасы,
Артықша Қобылан ағасы,
Халықтың қорған панасы.
«Ешкіқырған» сағасы,
«Ұлы Қобда» жағасы,
Адамнан жоқ жаласы,
Тоқсанға жасы келгенде,
Судан болды жаласы,
Қартайып жетті қазасы.

Діңкиіп тұрған Қара оба,
Тоқтарбай қарттың баласы,
Ер Қобыланның моласы, -

деп айтылатыны. Мұнда да Қобыланды батырдың жатқан жері – Ұлы Қобда өзенінің жағасында.

2006 жылғы 26 тамызда Қобда ауданының Жиренқопа ауылының іргесіндегі қабіріне Қобыланды батырдың сүйегі әкелініп жерленді. Оған Ақтөбе, Қызылорда өңірі мен Астана қаласынан, Ресейдің Орынбор облысынан арнайы қонақтар келіп қатысты. Халық жадындағы қаһарманға көрсетілген құрмет салтанатында қазақтың белгілі антропологы Оразақ Исмағұлов былай деді: «Мұнда жатқан қаңқаның Қобыланды батырдікі екендігі еш күмән туғызбайды. Біз мұндай шешімге жан-жақты жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде келіп отырмыз. Енді оны 37 жылдан кейін жер қойнына қайта тапсыру рәсімі үлкен тарихи оқиға».

Зиратының басына жеткізілген батырдың қайрақ тасы туралы айтарымыз: оны «Қобыландының меңгіртасы» деп атайды. Ноғайбайлы дәуірінде Қырымның қырық батыры оған семсер, қылыштарын қайрапты. Ортасы ойық, бас жағы сынықтау, ұзындығы 5метр. Этнографтардың пайымдауынша, меңгіртас біздің заманымызға дейінгі 5-6 ғасырлардағы сармат дәуірінің ескерткіші. Меңгіртас тұрған жерде негізінен сармат көсемдері жерленген. Бұл – Сармат тайпаларының ас беріп, көсемдерінің аруағына тәу ететін орыны.

2007 жылғы 7 қыркүйек. Бұл – қазақ батырларының тарихы Қарақыпшақ Қобыланды батырдан бастау алуға тиісті екендігін елімізге ресми түрде танытқан күн. Өйткені, бұл күні фольклорлық тұлғаның сүйегі, өмір сүрген дәуірі, қоныстанған мекені, мәңгілік байыз тапқан орны ғылыми түрде нақтыланып, осы кезге дейін эпостық кейіпкер саналып келген батыр тарихи тұлға ретінде танылып, оның асыл сүйегі жерленген Жиренқопадағы бейітінің басына тарихи – мемориалдық кешен орнатылды, аруағына арнап ас берілді. Сөйтіп, түгел түркі жұртының басы қосылды. Бұл – қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға.

Қорыта келгенде айтарымыз, «Табиғат және адам, өмір мен өлім саналы ұғымға тіптен түсініксіз, таңғажайып құпия құбылыс болып келеді. Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? Әлемнің таңғажайыптығын тану, ұғу қажеттілігі, адамға қатысты өмір мен өлім мәселесі және табиғаттың құпиясына деген құштарлық шамандықты туғызды» // [Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. - Алматы: Жазушы, 1985. 560 бет].

Сол себепті біз негізгі нысанаға алып отырған Қазақстанның батыс аймағы территориясындағы (Ақтөбе өңірі) топонимдік атаулар сырын аңыздардан іздеуді жөн санадық.

Абат-Байтақ кесенесі, Мәні әулие қорымы, Қандысор, Кілемжайған, Күйеусай, Әлім суаты, Қалмакқырған, Ботакөз бұлағы, Сұңқарқия, Қосбүйрек, Қазалы, Ораз ұшқан шыңы, Егіз Қара ескерткіші, Қосестек тауы, Тәңірберген өзені, «Құлдың төбесі, қыздың соры» т.с.с. жер-су, тау-тас, ескерткіш-кесене атауларына, олардың шығу тарихына байланысты аңыздардың елге айтары мол.



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Базарбаев М. «Әдеби мұра»
2. « Қорқыт ата дастаны» Сейсен Мұқтарұлы.
3. « Сыр бойы» газеті, 18 шілде, 2006 жыл/.
4. Ш.Уәлиханов Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985 ж
5. Ықылас Ожай. “Парыз” // Қазақ әдебиеті. 25.11.2005//
6. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: (Бес тарих) Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992
7. Ә. Қоңыратбаевтың “ Қазақ фольклорының тарихы ”
8. Тоқмырзаұлы Қ. Әулие Әжібай би немесе Дала данышпандары – Ақтөбе, 1998 ж
9. Пангереев А.Ш. Әдебиет және топонимика: Оқу құралы.- Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Редакциялық баспа бөлімі, 2003
10. Ілиясов Р. Қазына. – Алматы: Зерде, 2001
11. “Қазақтың ауыз әдебиеті” мақаласы. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы
12. Төреханов Т. Көз көргендер еді... Болғандар мен болжамдар. Алматы, 1999
13. Жекеев Наурызғали. Ұрпағым мұны білсін деп. (естеліктер) Ақтөбе – 1995 ж
14. Қасқабасов С. Елзерде. - Алматы: Жібек жолы, 2008. 504-б.
15. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. - Алматы: Ғылым, 1985.-272б.
16. Ақтөбе облысының топонимиялық кеңістігі (атаулардың пайда болуы).- Ақтөбе: Nobel, 2007. - 226 б.
17. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. - Алматы. ҚАЗАқпарат, 2007. - 670 б.
18. Қондыбай С. Маңғыстау-нама. Зерттеу.- Алматы: Арыс, 2006.-444бет.

Мұғалжар ауданының топонимдері мен гидронимдері

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Шумақова Г.Ж. - педагогика магистрі
Автор: Тұрсынқұл С.- география мамандығы I курс студенті*

Ақтөбе облысының оңтүстік шығысы, Елек өзенінің бастауында орналасқан Мұғалжар ауданы — ұлан-ғайыр қазақ елінің бір бөлігі. Бұл аймақ — көшпелі тұрмыс кешкен қазақтың көне даласы, қазақ тарихында елеулі із қалдырған бірнеше тарихи оқиғалардың куәсі. Мұны ерте кезден келе жатқан жер-су атаулары (топонимикалық атаулар) да дәлелдейді. Топонимика – географиялық атауларды зерттейтін ономастиканың бір бөлімі. Топонимика гректің *topos* – орын + *онома* – есім, ат деген сөздерінен алынған. Ол өзен, су, құдық, бұлақ, көл, теңіз аттарын (гидронимдерді); тау, сай-сала, қырат, жоталар, асулар, орман-тоғай, жайлау аттарын (оронимдерді); елді мекендердің аттарын (ойконимдерді) жан-жақты зерттейді. Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу себебі бар.

«Дүниеде әрбір бөлек жердің аты,

Себеппен қойған бәрі елдің аты», – деп белгілі ақын С.Сейфуллин нақ туып айтса, атақты М.Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Кайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – деп орынды нақты суреттеген.

Демек, топоним атаулы тарихи, географиялық және лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір өңірдің топониміне қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Гидроним–(грекше *hydor* – су *onioum* – атау) яғни су атаулары туралы мәлімет [1].

МҰҒАЛЖАР Ақтөбе облысының орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік бөлік. 1966 жылы құрылған. 1997 жылы Мұғалжар ауданына Октябрь ауданы қосылды. Жерінің аумағы 27,9 мың км². тұрғыны 63,0 мың адам (2004 жылғы дерек). Аудандағы 44 елді мекен 2 қалалық және 12 ауылдық округтерге біріктірілген. Орталығы Қандыағаш қаласы. Қариялардың айтуы бойынша ертеде алтай-табын елінің Мұғал деген батыры ағайындарына өкпелеп елінен көшіп, осы күнгі Мұғалжар тауларын мекендеген екен. Болжамдар бойынша Мұғалжар тауы мұңалған көне кәрі тау деген мағынаны береді Мұғалжар тауы туралы қысқаша мәлімет: Қазақстанның батыс бөлігінде орналасқан аласа таулы массив. Оңтүстіктен солтүстікке қарай 200 км-ге созылып жатыр, ені 30 км, таулардың орташа биіктігі 400-500 м, ең биік жері Үлкен Боқтыбай тауы – 657м. Мұғалжар тауының бедерін құрауы басқа шыңдарынан Аққырап (525 м.), Суықбұлақтау (525 м), Сандықтауды (462 м.) атауға болады. Бұл тауларды талай халық мекен еткен. Шәкәрімнің Еңлік-Кебек поэмасында (Шәкәрім шығармалары 292-бет) арғындар орта жүзден ауа көшіп 40 жыл осы Мұғалжар тауын жайлап, Ойылды қыстаған. Мен Мұғалжар ауданының кейбір елді-мекендерімен өзен көлдерін қарастырғанмын [2].

ҚАНДЫАҒАШ Мұғалжар ауданының орталығы. 1967жылы Қандыағаш атауы берілді. 2010 жылғы дерек бойынша халық саны 30,01 адам. Халық аузындағы деректерге сүйінсек, Кіші жүздегі тама руынан шыққан батыр, қазақтың перзенті Есет Көкіұлы арғындарды жаудан арашалауда Жәнібек батырға көмек беру үшін Орта жүз жеріне кетеді. Табын Бөгенбай батыр да арғындарға кетеді. Осы оңтайлы сәтті пайдаланған қалмақтар Кіші жүз қазақтары мекендеген ну орман ағашты іздеп келіп, күтпеген жерден шабуылдайды. Осы жерде қалмақтар қазақтарды қойға тиген қасқырдай қырып-жойып, талан-таражға ұшыратып, қыз-келіншектерді айдауға алып кетеді. Сол себепті қазақтың қаны, аналардың көз жасы аққан талайлардың басы кесілген жерді халық Қандыағаш деп атап кеткен [3].

ЕМБІ Іргесі 19 ғасырдың 40-жылдары қаланған. 1937 жылдан кент, 1967 жылдан бері қала. Халық саны 11,8 мың адам 2014 жылғы дерек бойынша. Қазақ тілінің тілдік қорында бұл сөздің мағынасы жоқ. Бұл қала Жем өзенінің бойында орналасқан. Бір аңыз бойынша ертеде Ресейдің өлкетанушылары ат көліктерімен осы жерді аралаған. Көктемде Мұғалжар тауынан бастау алатын өзендер арқырап, тасып жатқан кез екен. Өзеннен өткел таба алмай жолаушылар қарсы кездескен жергілікті қазақ ақсақалынан жол сұраған. картаға түсіру үшін мына өзен қалай аталады деп сұраса «ЖЕМ БА?» - деген кезде олар карталарына орыс тіліне ыңғайластырып «ЭМБА» - деп белгіленген делінеді. Қала темір жол бойында. Темір жол стансасы «ЖЕМ» - темір жол бекеті деп, қала «ЕМБІ» деп аталады. Ембі қаласында 7 шақырым жерде Жем қаласы бар? Жем өзенінің атына байланыстырыла қойылған [4].

ҚҰНДЫЗДЫ – деген атау, суында құндыз көп болғандықтан аласа, «Әулие» - деген атау бұл өлкенің бойында бірнеше Әулие, аруақтар жерлегендіктен қойылған («Қыз әулие», «Ақтікенді әулие т.б») «Үшқатты» - деген Жем өзеніне құятын үш саланың (Құндызды, Әулиеата, Үшқатты) атауымен аталған. Бұл сала ең қатты таситын болған, қазірде оның табанында тереңдігі 70 метрден асатын шөгінді құм, гравий жатыр.

ЖЕМ – Мұғалжар ауданының оңтүстік батысындағы қала. Жем өзені сол жағасында, аудан орталығының 100км. қашықтықта жатыр. Негізі 1960 жылы кеңес одағы әскери-сынақ полигоны ретінде қаланған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 6 қазандағы №457 Жарлығына сәйкес, бұрынғы «Ембі-5» әскери қалашығы Жем қалалықокругі болып құрылды. Жем қаласының аумағында Атжақсы өзені бастау алады. Ұзындығы 105 км, су жиналатын алқабы 4680км². Мұғалжар тауының оңтүстік-батыс етегіндегі бастаулардан құралады. Арнасы кең, ағысы баяу. Қарашаның аяғында катып, сәуірдің басында мұзы ериді.

ӘУЛИЕ – Мұғалжар ауданындағы өзен. Жемнің сол сағасы. Ұзындығы 57 км, су жиналатын алқабы 619 км². Мұғалжар тауының батыс беткейінен басталып, Ембі

қаласынан 10 км. солтүстікте Жем өзеніне құяды. Көктемде еріген қар суымен қоректенеді. Әулие суы тек мал суаруға ғана жарамды.

ДАУЫЛ-КӨКПЕКТИ алқабы – бұл алқап географиялық (гравитациялық және магниттік) әсерімен назар аудартады. Геологиялық құрылымы жөнінде және пайдалы никель мен хромит рудаларының қоры жөнінде де республикамыздың минералды базасын едәуір өркендетуге мүмкіндігі мол. Бұл алқап Ембі темір жол станциясынан 70 км қашықтықта, Жаңажол мұнайгаз кентінен 45-50 км жерінде орналасқан. 1959 жылы ашылған.

САБЫНДЫКӨЛ. Ертеде осы жерде үлкен көл болған, үстінен қыстың күні шанаға түйе жегіп, сабын тасыған. Бір күні мұз жарылып сабындар түгел судың астына кетеді. Содан судың беті көбіктеніп тұрған-мыс. Үлкен кісілердің айтуы бойынша осы оқиғадан кейін Сабындыкөл аталған.

ҚОНЖАР Халық арасында аңыз әңгімелерге сүйенсек, тама Есет батыр арғын елінде шайқаста жүрген кезде ауылдарын тұтқиылдан шабуылдаған Қонон ханды қазақ батырлары өкшелей қуып жетіп, тірілей ұстап алмақшы болады. Қолға түскен Қонон батыр Есет батырмен жекпе-жекке шығып, ауыр соққыдан қаза табады. Есет батырға тән мінез танытып, қаза болған Қонон ханды жатқан жеріне жерлеуді бұйырады. Осылайша қазақ пен қалмақ татуласып, риза болып тарасады. Ал Қонон хан көмілген жерді халық «Қонон жар» деп атап кеткен. Уақыт өте бұл атау өзгеріске ұшырап, Қонжар аталып кеткен.

АРАЙ «АРАЙ» комсомол ұйымы сол жерге келіп қой баққан, сол себепті Арай атап кеткен.

ҚҰЛАСУ Осы жердің құрлығының суы құлап ағатындықтан, жергілікті тұрғындар Құласу атап кеткен.

ЖҰРЫН Мұғалжар ауданындағы ауылдық округ. Жұрын ауылдық округі Мұғалжар ауданының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан округ. Жерінің аумағы 29124 га. Халқының саны 2150 адам. Қазақтар мен қалмақтар соғысқан жаугершілік заманда, жекпе-жекке шыққан қазақ пен қалмақтың Жұрын есімді батыры осы жерге дейін шайқасып келеді. Осы жерде қатты шаршаған екеуі де демалуды ұйғарады, ұйқыдан бірінші оянған қалмақ қазақты күтіп отырады. Ұйқыдан оянған қазақ таң қалып, - «Неге мені өлтірмедің?» - дегенде, қалмақ: « Маған әділ күрес керек» - деген екен. Сол жерде қалмақтың бұл ісіне риза болған қазақ қалмақпен достасып, соғысуды доғарыпты. Сол себепті бұл жерді Жұрын батырдың есімімен атап кеткен.

КӨКТӨБЕ жылқы ауылы. Бұл жерде қар жауып, тез еріп, жылқылардың көп жайылуына байланысты Көктөбе жылқы ауылы атанған.

ҚАРАШОҚЫ Алыстан ерекшеленіп қара шоқы көрініп тұрады. Бұл шоқыны әркім әрқалай айтады. Біреулер қарасақалды әулие болған, соның бейіті десе, біреулер адасқандарға жол сілтейтін шоқы деседі [5].

Қорыта келгенде Мұғалжар ауданының жер көлемі 28 мың шаршы шақырым болса, ондағы 80-ге жуық жер-су атаулары жер бедерінің ерекшелігін, халықтың тұрмыс-тіршілігін басынан өткен тарихи-әлеуметтік оқиғаларды бейнелейтін топонимдердің маңызы ерекше. Өйткені халық жер-суға, елді мекендерге атауды тектен-тек қоя бермеген. Мұғалжар ауданының ашылмаған сыр сандықтары жеткілікті. Мұғалжар ауданы әлі де көп зерттеуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. К.Д. Каймулдинова. Топонимика: оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011ж
2. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі (атаулардың пайда болу тарихы). Бас ред.Күлімбетов С. Ақтөбе, 2007.
3. Ақтөбе энциклопедиясы. Ақтөбе: Отандастар-Полиграфия 2001ж.
4. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. 6-том 2001ж.
5. Мұғалжар энциклопедиясы Ақтөбе 2012 ж.

Ырғыз ауданы кейбір елді-мекендерінің топонимдері

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті


Ғылыми жетекшісі: Шумақова Г.Ж. - педагогика магистрі

Автор: Әбдіғаппар А. - география мамандығы 1 курс студенті

Әрбір атау - тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Мұндай ұлттық және рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Кез келген аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына көптеген тарихи деректерді, этнографиялық мәліметтерді, географиялық сыр-сипаттарды сақтап отырады. Топонимдегі деректер белгілі белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан, олар арнайы сұрыпталған лексикалық қабаттардан тұрады. Көне дәуір куәсі болып табылатын аймақ топонимдері халықтың этнографиялық, қоғамдық, әлеуметтік жай-күйінен, өткендегі өмір-тіршілігінен әр қилы мәлімет береді. Мұның өзі топонимдерді зерттеудің өте күрделі құбылыс екендігін, ол істе белгілі бір ғылыми әдіспен ғана мақсат-мұратқа жету мүмкін еместігін көрсетеді. Демек, тілдік құбылыстың табиғатын тек оның тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық менталитетіне байланысты да айқындауға болады. Сондықтан белгілі бір аймақтың топонимиясын зерттеуді қолға алмас бұрын сол жердің тарихына, саяси-әлеуметтік жағдайына және оны мекендеуші халық өмірінің этникалық мәдени тарихына ерекше көңіл бөлу керек [1].

Ырғыз аудан жері қазақ даласының басқа да өңірлері секілді мол тарихи оқиғаларға куә болып, қойнауына талай сыр жасырып жатыр, мұны жер-су атауларынан да байқауға болады. Барша қазақ даласы сынды Ырғыз алқабы да сайраған көне шежіренің куәсі. Көлемі жағынан дүниенің кейбір шағын елдерін артқа тастап, Швейцария сынды мемлекеттің аумағындай жерді жайлап жатқан Ырғыз өлкесі Тұран ойпатына жайласып, Сарыарқамен шектесіп жатыр.

Ырғыз ауданы – Ақтөбе облысының оңтүстік – шығыс бөлігінде орналасқан. Орталығы – Ырғыз ауылы. Жер көлемі 41,5 мың км². Тұрғыны 15 199 мың адам (2014). Ұлттық құрамы: қазақ 99,6%, орыс 0,2%. Аудан жеріндегі 20 елді мекен 7 ауылдық округке біріктірілген. Олар: Аманкөл, Жайсаңбай, Құмтоғай, Қызылжар, Нұра, Тәуіп, Ырғыз [2].



Ырғыз – ауданның және аудан орталығының атауы. Қазан төңкерісіне дейінгі аты – *Жармола*. Іргесі 1845 ж. әскери бекініс ретінде қаланды. 1925 ж. дейін қала болып есептелді. 1867 ж. Торғай облысының құрамында уезд орталығы болды. Ырғыз топонимі адандағы өзенге байланысты қойылған. *Ырғыз өзені* - Әйтеке би, Ырғыз аудандары жеріндегі өзен. Ұзындығы 593 шақырым. Мұғалжар тауларынан бастау алып, Торғай өзенімен қосыла, Шалқар теңізі көліне құяды. Ырғыз гидронимі жөнінде топонимистер тарапынан (Ә.Мурзаев, Ә. Әбдрахманов, Е.Қойшыбаев) проблемалық топоним деген пікір қалыптастырған. Ал түркі тілдеріне тән деректер бойынша Ресейдің Хакас автономиялық облысында бір өзен «*Иргу Уис*» деп аталады. «Иргу»-ескі, «уис»-өзен

деген мағнаны білдіреді. «Уис» әуелгі уақытта су деген мағынаны білдірген. Монғол

тілінде де осындай атаулар кездеседі. Ырғыз өзені кейбірежелгі жазбаларда «Марғз» деген атаумен таңбаланғаны белгілі. Ал, жергілікті аңыз желісіне негізделген Ырғыз атауы – «Үр қыз» немесе «Ер қыз» деген сөзден шығып, аңыздар желісі бойынша аттары айтып тұрғандай қыз балаға байланысты қойылған көрінеді. Дегенмен, бұл түпкілікті байлам емес[3].

Аманкөл – Ырғыз селосының шығысындағы селолық округ және елді мекен атауы. Аманкөл атауы XVII ғ. пайда болған. Сол кездегі бір ұлы жұтта Торғай, Қазалы, Арал аймағының бір ауыл тұрғындары осы араға келіп қоныстанып, ашаршылықтан аман қалған. Ал, ендігі бір аңызда 1916 жылғы көтеріліс кезінде бас сауғалап қашқан адамдар осы көлдің маңына қоныстанып, аман қалады. Осы оқиғалардан кейін көл мен елді мекен атауы осылай шыққан. Селолық округтің орталығы кезінде кеңес үкіметінің саяси идеологиясымен *Коминтерн* болып аталған. Жер көлемі - 194.980 га. Халқы 1970 адам. Орталығы – Құтикөл селосы. Елді мекендері - Аманкөл, Жарма.

Құйылыс – Ырғыз ауданының солтүстік – шығысында орналасқан елді мекен. Ырғыз ауданының жеріндегі екі түрлі өңірден бастау алған Ырғыз және Торғай өзендері тоғысып, бір арнаға құйылады да Құрдымға барып құяды. Екі өзеннің тоғысатын жері **Құйылыс** деп аталған.

Тәуіп – селолық округ атауы. Ертеректе осы өңірде әулие, емші Тәуіп деген үлкен ақ сақалды кісі тұрған. Ол кісіге жан-жақтан адамдар келіп емделіп кететін болған екен. Сол уақытта жолаушылар «қайдан келесің, қайда барасың?» деген сұраққа «Тәуіптен келеміз, Тәуіпке барамыз» деп жауап береді екен. Осы оқиғадан кейін ауыл *Тәуіп* деп аталған. Тәуіп селолық округінің халқының саны – 1004 адам. Жер көлемі - 556019 га. Селолық округ орталығы - Құйылыс селосы, елді мекендері - Қаракөл.

Нұра - Ырғыз ауданының солтүстік-шығысындағы село, селолық округ орталығы. Торғай өзенінің бойында орналасқан. Атау Нұра тауына байланысты қойылған. *Нұра* – «нұрлы, өлкелі» деген мағынаны білдірсе керек. Жер көлемі 643048 га. Халқы – 1321 адам. Елді мекендері Дүкен, Мамыр, Белшер. 1960 жылы «Нұра» кеңшары болып ұйымдасып, 1963 жылдан Нұра кеңшар орталығы болды. Кеңшар кезінде ауыл шаруашылығын жөндеу шеберханасы, орта мектеп, интернат, клуб, кітапхана, аурухана, бала бақша болған. Қазір Т.Жүргенов атындағы орта мектеп, ФАП, дәріхана, пошта, т.б. мекемелер, жеке кәсіпкерлер жұмыс істейді [4].

Құмтоғай – Ырғыз ауданының солтүстік-батысындағы Ырғыз өзенінің бойында орналасқан елді мекен. Іргетасы 1985 жылы қаланған. Ырғыз өзені көктемде тасығанда бірінші Құмтоғай өткел береді. Сондықтан да ауыл **Құмтоғай** деп аталған. Орталығы - Құмтоғай селосы. Жер көлемі 194272 га. Халқы – 1117 адам. Құмтоғай селолық округінің қарамағында үш елді мекен - Құмтоғай, Қаракұдық (бұл екеуі жаңадан салынған) және Қарасай ауылдары, Дуана, Басауыл, Қасқырбай, Қыдыр, Баймолда, Кетік, Сағынбай, Ақөтас, Қаракөл, Жолқұлау, Үшпора, Қияқты, Назаралы, Жаскелен, Байтемір, Кішкенесор, Тоқымтыққан сияқты 17 мал қыстақтары бар.

Құрылыс – Ырғыз ауданының батысындағы елді мекен. Қызылжар селолық округінің орталығы. 1957 жылы мұнда Калинин атындағы кеңшар ұйымдастырылған. 1930 жылдары осы жерде жаңадан құрылыс жұмыстары жүргізіледі де осыған орай ауыл *Құрылыс* деп аталған. Тұрғыны 1,2 мың адам (2003ж дерек бойынша).

Қалыбай – Ырғыз селолық округіне қарасты Самара – Шымкент тас жолының бойында орналасқан елді мекен. Қалыбай деген кісінің қыстауының тұрған жеріне салынғандықтан сол адамның атымен аталған. Бұрын бұл жерде шопандар қыстағы ғана болған. Бүгінде Қалыбайда 319 адам тұрады.

Жайсаңбай - Ырғыз ауданының шығысында Аралмен шекаралас елді мекен. Бұрын ферма орталығы. Ырғыз-Торғай өзендері қосылып ағатын саласының сағасында орналасқан. Атауы Жайсаңбай деген адам атымен байланысты. Жайсаңбай – қажылыққа барған елге сыйлы, беделді кісі болған. Осы жерді жайлап-қыстап

мекендеген. Селолық округ орталығы - Жайсаңбай селосы. Жайсаңбай селолық округінің халқының саны – 540. Жер көлемі - 208780 га [5,6].

Аудандағы әрбір топоним белгілі бір мағынаға, алуан түрлі құбылысқа ие, семантикасы жағынан жеке объектілерді атайтын жалқы есімдердің ерекше тобына тән. Осыларды зерттеп қарастыру бүгінгі ұрпақ міндеті. Әрбір географиялық атау тарихи, әрі, оның мағыналық өрісі де кең. Олар замана құбылысына, өзгерісіне қарай әр түрлі мағлұматқа: түрлі соғыстар, халықтық әдет-ғұрып, салт-сана, халықтардың қарым-қатынасына және т.б. тарихи оқиғаларға бай. Топонимдер құрамына енетін апеллативтер объектінің табиғи ерекшеліктерін айқын көрсетеді (жер бедері, өсімдіктер, топырақ т.б.) сонымен қатар этноним мен анротопонимдерден жасалған топонимдердің де құрамы мол. Бұл топтағы атаулар осы өңірдің этногенезінен толық хабар береді. Олардың кейбіреулері ұзақ уақыт қолданылу нәтижесінде көнеленіп, географиялық атау ретінде қойылу себептері ескіріп, ұмыт болған. Кез келген аймақтың топонимикалық жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы көрнекті орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каймулдинова.К. Қазақ топонимдерінің этно-экологиялық негіздері. Оқу құралы. Алматы 2001 «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. 20-25-бет.
2. Ақтөбе энциклопедиясы. Ақтөбе: Отандастар-Полиграфия 2001ж.
3. //Атаулар төркіні. Ақтөбе газеті. 16 қыркүйек, 1999жыл. № 109.
4. Нұрмағанбетұлы Ә. Жер судың аты- Тарихтың хаты Алматы, 1994ж
5. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе қаласы 2007 59-60
6. «Ырғыз» энциклопедиясы.

Қоршаған ортаның физикалық-географиялық жағдайларын анықтайтын халықтық географиялық атауларды жүйелеу (Ақтөбе облысы мысалында)

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Ақжүніс - география магистрі
Автор: Тлеумбет Данагүл - география мамандығы 4 курс студенті*

«...Атау арқылы белгілі бір жаратылыс пен құбылыстың мазмұндық мәнін танып-түсінуге жол ашылады, бағдар айқындалады»

Ақселеу Сейдімбеков

Қазіргі дәуірде бірде бір ғылым басқа ғылымдардан оқшау дами алмайды. Түрлі ғылымдардың өзара кірігуі және өзара ықпал етуі – бұл заңды процесс. Осындай негізде бір-бірімен байланысқан (түйіскен) ғылымдар пайда болады. Олардың ішінде топонимика ғылымы – география, тарих және лингвистиканың байланысында қалыптасып, дамыған.

Топоним (географиялық атау) – географиялық қабықтың, яғни шаруашылық игеруге ұшыраған бөлігі болып табылатын географиялық ортаның өнімі. Соңғыларын игеру нәтижесінде бір объектіні екінші объектіден айыру үшін адамдар оған атау береді. Егер топонимиканың негізі – география болса, оның уақыттық шарттылығы – тарих, ал лингвистика бірінші және екінші лексикалық айтылуы бойынша зерттеуде алға шығады.

Егер лингвист топонимнің қалай шыққандығы туралы толық талдау берсе, ал география көбінесе оның неліктен қалыптасқандығы туралы хабарлайды.

Ғалым Г.Я. Рылюк «Истоки географических названий Белоруси с основами обшей топонимики» еңбегінде топонимиканың басқа ғылымдар арасындағы орны туралы былайша жазады: *лингвистикалық* – географиялық атаулар ең алдымен тіл сөздері болып табылады; *географиялық* – топонимика географиялық объектілерге қатысты, олардың нақты сипаттамасын, жергілікті жердің табиғи ерекшеліктерін бейнелейді; *тарихи* –

географиялық атаулар белгілі бір тарихи дәуірде қалыптасады, адамдардың әлеуметтік өмірін, олардың тұрмысын, еңбек дағдыларын, түрлі тайпалар мен халықтардың орналасу тарихын бейнелей отырып, өзіндік тарихи ескерткіш болып табылады [1].

Топонимдер – «адам – территория», «адам – қоршаған орта» байланыстарын белгілейтін физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлардың территориялық көрініс табуының нәтижесі.

Ұлан-байтақ даланы алып жатқан, табиғаты сан қилы болып келетін өлкеміздің жер-суына ерте замандардан бері сан алуан атаулар қойылып, олар түрлі өзгерістерге ұшырап отырды. Ұшы-қиыры жоқ кең алқапта қазақ халқының негізін құраған ру, тайпалар мал бағумен айналасып, жаз-жайлау, қыс-қыстау қамымен ерсілі-қарсылы көшіп-қонумен жүрді. Сондықтан олар кең даланың табиғат ерекшеліктерін, әр төбенің, әр жыраның өзіндік сипатын жіті тани білді және көшпелі өмірлерінде оны жер жағдайын анықтайтын белгі ретінде пайдаланды. Атауды да соған лайық деп қоя білді. Бұл жөнінде М.Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаңда, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – деп суретесе, халқымыздың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» деп, жер-су атауларының кездейсоқ қойылмағанын еске салады [2].

«Бар жаңалық негізі – ұмыт болған көнеде» - деген халық даналығы бар. Жер-су аттарының өзінен-ақ көп жағдайда ол өңірдің жер бедерінен, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінен, климат ерекшеліктерінен, табиғат байлықтарынан мол мәлімет алуға болады.

Әр тәуелсіз мемлекеттің жер-су, елді-мекен атауларының саяси және мәдени-рухани маңызы бар. Географиялық атаулар сол мемлекеттің негізгі бір ұлттық нышаны іспетті.

Егеменді ел болып, еңсе тіккеннен кейінгі ұлттық мәдениет пен ел тарихын, табиғатын, экологиялық, әлеуметтік жағдайын тереңірек түсінуге, ұлттық дүниетаным қалыптастыруға ерекше назар аударыла бастады.

Демек, қазіргі таңда туған өлкеміз – Қазақстан аумағын физикалық-географиялық жағынан зерттеуді оның тарихымен ұштастыру бағытындағы ғылыми жұмыстардың маңызы бұрынғыдан да бетер арта түсті.

Қандай да бір ел, яки аймақ болсын, ондағы жер-су аттарының өзіне тән сыр-сипаты, оның пайда болу, жасалу заңдылықтарында аз да болса өзіндік ерекшеліктер байқалып отырады.

Ондай атаулардың қыры мен сырын ғылыми тұрғыдан талдап, сипаттап көрсету барысында белгілі бір дәрежеде қиындықтарда кездеспей қалмайды. Өңіріміздегі жер-су аттары да республикамыздағы басқа жер-су аттары сияқты қоғамдық дамудың сипатына қарай өзгеріп отырған.

Жергілікті халық өздері мекендеген, көшіп-қонып жүрген жердің бет-бедеріне, суының ащы-тұщылығына, көлемі мен ағысына, жалпы олардың алуан түрлі қасиеттері мен белгілеріне орай ат қойып отырған. Сондықтан да ондай атаулар белгілі бір мән-мағынаға ие.

Қоршаған ортаның физикалық-географиялық қасиетін көрсететін топонимдер кең аумақты алып жатқан Ақтөбе өңірінде де көптеп кездеседі. Бұл саладағы топонимдерді ішінара зерттегенімізде қазба байлық, кен, кеніш атаулары мен жер бетінің бет-бедеріне, табиғат көрінісі мен ауа райының құбылысына, өзен-сулардың үлкен-кішілігіне, дәмінің ащы-тұщылығына, өсімдіктер мен жануарлар атауларына байланысты қойылған географиялық атаулар деп білеміз [3].

Қазақ даласының басқа жерлеріндегідей өңірімізде де кен орындарының ертеден белгілі екендігі, олардың өрістегені бұл күнде белгілі. Өлкедегі қазба байлық

атауларымен байланысты халықтың атауларды геологиялық деректермен де салыстыра қараудың негізі бар. Өйткені, көптеген топонимдік атаулар қазба байлықтардың тау-кен жыныстарының текстуралық ерекшеліктері жөнінде бай мағлұмат береді.

Жақсымай – Темір қаласының солтүстік-батысында 65 шақырым жерде бұл атаумен аттас кен орны бар екендігі белгілі. «Май» сөзінің қатысуымен жасалған жер аттары осы аймақта мұнайдың болатынына хабар беретін халықтық атау.

Орталық Мұғалжарда пермдік шөгінді жыныстардың арасынан қуатты табиғи тас қабаттары түзілген. **Қайрақты** атауы олардың диагностикалық қасиеттерінен хабар береді.

Оңтүстік Кемпірсайдағы хромит кен орындарындағы кендердің мөлшеріне байланысты және басқадай белгілеріне қарай ат берілген. Мысалы, **Кішкентай** атты кен орны, ол жердегі кеннің аз мөлшерін білдіреді.

Ор-Елек үстіртіндегі кендердің географиялық атаулары қазақша аттарына сәйкес келеді. Мысалы, Хромтау, Никельтау, Алтынды, Борлы – пайдалы қазбаларға байланысты аталған.

Облысымызда тұз қабаттарының жиналуынан түзілген төбелер де көптеп кездеседі. Мысалы, Жем өзенінің сол жақ жағалауындағы **Күмістөбе** деп аталатын тұз күмбездері табиғаттың тамаша туындысы сияқты.

Сонымен қатар жерімізде геологиялық жаратылыс бойынша ежелгі теңіз алаптарының орнында әктасты балдырлардан түзілген түзілістер бар. Оған Жақсы Қарғалы өзенінің сол жақ жағалауындағы **Ақтасты, Ақшат** деп аталатын құрылымдар кәу.

Өңірімізді зерттеген геологтар да жергілікті халқымыздың ат қоюдағы шеберлігін еңбектерінде атап көрсеткен. Облысымыздың оңтүстік-батыс аймақтарында мергел және ақ борлы карбонатты калдықтардан түзілген үстірттердің **Актолағай** аталуын Р.А.Сегедин «Чем богаты наши недры» атты еңбегінде баяндайды [4].

Жер бетінің бедер сипатына орай қойылған топонимдер саны да біраз. Олардың көбі құм, қайрақ, тас, тақыр, жол, жар, т.б. сөздердің қосылуы арқылы жасалған. Мысалы, Ақтасты, Құмжарған, Аяққұм, Жарқопа, т.б.

Құмжарған – Мұғалжар ауданындағы өзен, елді-мекен, құм. Құмды жарып ағып жатқан өзен болғандықтан, осылай атаған.

Жарықтау – Мұғалжар тауындағы төбе аты. «Жарылған тау» мәніндегі атау.

Ауа райының құбылысына орай аталған топонимдер тобы мал баққан көшпелі елдің тұрмысымен тығыз байланысты жайларды анық көрсетіп отырған. Жердің малға қолайлы, суының жағымды-жағымсыздығын бейнелеген топонимдер де аз емес. Мысалы, Ақбұлақ (елді-мекен), Жақсыкөл (елді-мекен), Қарасу (елді-мекен), Ырғыз ауданындағы Жақсы Телқара (суы тұщы) және Жаман Телқара (суы ащы) өзендері суының қасиетіне қарай аталған. Осындай суының сапасына қарай аталған гидронимге Ырғыз ауданындағы **«Сабынкөл»** көлін жатқызуға болады. Ол туралы Қ. Еламановтың «Ырғыз» кітабында былай делінген: «Ырғыздықтар осы көлге жуынуға келгенде сабын әкелмейді, судың өзі сабынсу сияқты, дененді жұмсартып тастайды... Енді көл суының сабындық қасиеті неден екеніне тоқталайық. Көлдің оңтүстік жартысында қалың жалпақ қоға өседі де, қалған батыс, солтүстік бөлігі ашық айдынды, құмдауытпен жиектеліп жатады. Жалпақ қоға денесінен майлы-минералдық заттар бөліп шығарады да, көлдің ашық бетінен соққан жел оны сапырып араластырып, сабындатып жатады. Көлдің осы қасиеті талай жылдарға тиек болып, ел аузында сақталып келеді» [5].

«Жаманшың немесе **Жамантау** оронимі атауындағы «жаман» термині ол жерге өсімдік те, жәндіктер де жолай алмайтын қасиетіне байланысты болар», – деп көрсетеді Р.Ілиясова [6].

Қайнар бұлақтың ащы, тұщылығына, дәміне, құнарлығына байланысты топонимдер бар. Мысалы, Қобда ауданында: Ащықара (елді-мекен); Шалқар ауданында: Майлысай (өзен); Әйтеке би ауданында: Ащыойыл (өзен); Байғанин ауданында: Сасыққұдық

(кұдық); Темір ауданында: Ащықұмды (өзен); Мұғалжар ауданында: Жағабұлақ (елді-мекен).

Заттың ұзын-қысқа, терең-таяздығы, үлкен-кішілігіне, ағысына байланысты топонимдер: Келте көл (көл), Ұзынкөл (кұдық) – Ырғыз ауданы; Үлкен Қобда, Кіші Қобда (өзен) – Қобда ауданы; Шолақ Қайрақты (өзен), Қисықсай (өзен), Ұлы Талдық (өзен), Бала Талдық (өзен) - Әйтеке би ауданы.

Ең ірі құм массивтері облысымыздың шөлді-шөлейтті оңтүстік-шығыс бөлігінде орын алған. Олардың алып жатқан көлеміне қарай халық атау бере білген. Мысалы, Үлкен Борсық құмы – Шалқар қаласы өңірі маңынан Арал теңізі жағалауына дейінгі алқапты, ал, Кіші Борсық құмы Тоғыз және Сексеуіл станциялары аралығын, яғни географиялық жағынан ауқымды территорияны алып жатыр.

Ақтөбе өңірі топонимиясындағы кейбір түске байланысты атауларға талдау жасап көрелік:

Ақ түсімен байланысты атаулар – Ақтөбе (қала), Ақкөл (елді-мекен), Аққайтым (село), Аққоңыр (өзен), Аққұдық (село), Аққұм (село), Ақшатау (тау), Ақтолағай (үстірт), Ақши (село).

Ақшатау - Ойыл ауданындағы бор түзінділерден қалыптасқан тау. Алыстан ақ болып көрінгендіктен осылай аталған.

Қара түсімен байланысты атаулар – Қарабұлақ (село), Қарабұтақ (өзен), Қаражар (село), Қарасай (өзен), Қарақоға (көл).

Қарақоға көлі – Ырғыздан оңтүстікке қарай 30км орналасқан көл. Аумағы– 2430га, көлденеңі – 6км, тереңдігі – 2м. Көлде қамыс, қоға тығыз шығады.

Қызыл түсімен байланысты атаулар - Қызылсу (село), Қызылаша (өзен), Қызылқұдық (қыстау), Қызылкөл (көл).

Қызылкөл – Нұра бойында Ырғыздан 75км қашықтықта орналасқан көл. Аумағы – 3292га, көлденеңі – 1,5км, тереңдігі – 1м көлдің суы қызғылттанып көрінеді. Егер суын шыны ыдысқа құйып алып қарасақ, кәдімгі су, басқа түсі жоқ болады. Көлдің қызғылттанып көрінуі, оның түбіндегі қызыл сораңның қасиетіне байланысты болар [7].

Ақтөбе өңірінің топонимиясында өңірде өсетін қияқ, тал, қамыс, қарағай, қоға, қарағаш, терек, ши, ағаш, қайың, қурай, т.б.өсімдік атауларының біразы кездеседі. Мысалы: *Ойыл ауданында:* Қайыңды (елді-мекен), Қамыскөл (көл), Қанбақты (қыстау), Қоғалы (қыстау), Қаратал (елді-мекен), т.б.; *Әйтеке би ауданында:* Теректі (елді-мекен), Талдысай (елді-мекен), Қостерек (елді-мекен), Қарабұтақ (елді-мекен), Талдық (елді-мекен), Қияқтысай (өзен), т.б.; *Шалқар ауданында:* Бозой (елді-мекен), Қосжиде (елді-мекен), Қаратоғай (елді-мекен), т.б.

Ақтөбе өңірінің географиялық атауларының құрамындағы төмендегідей табиғат зоналарына сәйкес аң, құс, жәндіктердің аттары кездеседі. Мысалы: *Шалқар ауданында:* Үлкен Борсық (құм), Кіші Борсық (құм), Қоянбұлақ (бұлақ), Жыландысай (өзен), т.б.; *Мұғалжар ауданында:* Жайыңды (өзен), Торғайлы (елді-мекен), Қайыңды (өзен), т.б.; *Ырғыз ауданында:* Түлкілі(қыстау), Қабанқұлақ (тау), Доңызтау (тау), т.б.

Қазақ халқының негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болғандығы тарихтан мәлім. Сондықтан халқымыз төрт түлік малының атауларымен жергілікті атауларды байланыстырып атай білген. Оған мысал, Ақтөбе өңіріндегі Қошқарата (құм), Алақозы (елді-мекен), Сарбие (елді-мекен), Ойсылқара (елді-мекен, өзен), Атжақсы (өзен), Атанбас (тау), т.б.

Жалпы географиялық атаулардың қандай болмасын қоғам өмірінде алатын орны айрықша. Ең алдымен олар біздің күнделікті тіршілігімізде адрестік қызмет атқарады. Топонимдердің ондай мәліметтік қызметі болмаса бір қаладан екінші қаланы, бір ауылдан екінші ауылды, таудан тауды, судан суды ажырату мүмкін болмас. Сондықтан да жер-су атауларының айтарлықтай ақпараттық роль атқаратындығын баса айту керек. Ғасырлар бойы негізінен көшпелі жағдайда мал шаруашылығымен айналысып келген халық үшін жер-су-атауларындағы мұндай ақпараттық қасиет өте қажет болған.

Жер-су атауларының төркінін танып білу тек қана дерек, мағлұмат беріп қоймайды, сонымен бірге халық даналығының айғағы ретінде қанатты ойларға өріс ашып, нақтылы әрекетке бастай алатынын аңғаруға болады.

Халықтық географиялық білімі жинақталған, жергілікті жердің ландшафтарының келбеті бейнеленген, табиғат жағдайларын сипаттайтын жер-су аттарының болашақта әлі де көптеген зерттеуді қажет ететіндігі айғақталды.

Топонимикадағы бұл таңдап алған бағыт әлі де нақты терең зерттеулерді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Х.Л. Ханмагомедов, А.Н. Гебекова. Учение о географических названиях (топонимика) и пути его развития. // Вопросы современной науки и практики. Университет имени В.И.Вернадского. №4(35), Тамбов, 2011.
2. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. 2-бас. Алматы, 1985, 560б.
3. Э.М.Мурзаев. Очерки топонимики. Москва, 1974, 98б.
4. Р.А.Сегедин. Рассказ о геологии Актюбинской области и богатствах ее недр. Ақтөбе, 2002.
5. Қ.Еламанов. Шежірелі өңір. Ақтөбе, 2002, 21-39 б.б.
6. Р.Илиясова. Қазына. Алматы, «Зерде», 2001, 188-247 б.б.
7. Д.Жүнісов. Өзен-көл атаулары. Алматы, 1991, 3б.

Туған жерім Байғанин ауданы - тұңған тарих

Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Шаматова Венера Қуанғалиевна

Автор: Сисенбаева Гүлден

Басын Мұғалжар тауларынан алып, аяғы Атырау облысына еніп кететін Жем өзенін әркім де білетін болуы керек. Ал осы Жеммен жарыса ағатын Сағыз өзенін кез келген кісі елей бермейді. Өйткені Республика картасының өзінде бұл өзен үзік-үзік сызықтармен белгіленген. Солай болғанмен біздің елдің халқы өздерінің туып-өскен жерін Жем-Сағыз өңірі деп орынды мақтаныш тұтады. Ақтөбе облысының оңтүстік-батысында орналасқан Байғанин ауданы халқының шаруашылығы мен тұрмыс – тіршілігінде осы қос өзеннің алатын орны ерекше.

Қаңтары суық, ыстық қой шілде, тамызы,

Төсінде тарих, мезгілдің салған бар ізі.

Шөлдеген дала, кезерген қуаң өңірге

Нәр берген ерке Жемменен сұлу сағызы.

Шағырай, Үстірт, Доңызтау сынды тауларың,

Сағымды далаң-орасан зор ғой аумағың.

Еуропадағы талай ел сиып кететін

Өлке бұл байтақ, Байғанин-менің ауданым.

Тарихи өлке, белгілі сонау қадымнан,

Даласы дастан мазарларменен жазылған.

Байғанин жері басталар ұшы қиырсыз

Ұшында көздің дөңгелей аққан сағымнан.

Жетпіс бес жылдай өтіпті аудан болғалы,

Ақындар талай жырларын әсем арнады.

Жетпіс жыл бұрын қаңырап қалған далада
Көрікті мекен ауылдар бүгін орнады.

Менің жерімде, менің Байғаниндей туған өлкемде тағзым жасамай өтпейтін топырақ жоқ десек қателеспеген болар едім. Өйткені дүрілдеп батыр өткен, ерлігімен елді мойындатқан Ақбота, Дариға сынды қыздар да осы киелі топырақтан мәңгілік мекен тапты. Қойнауынан қаншама тарих шыққан, жерінің асты берекелі, үсті мерекелі өлке.

Күлдірдің тақыры Байғанин ауданы, Алтай батыр ауылынан 40 шақырым жерде орналасқан. Ұзындығы 12 , ені 6 шақырым ақ тақыр жер. Негізі көлдің табаны секілді теп - тегіс жазық, жердің аталуы туралы ел аузындағы аңыз бойынша былайша өрбиді: Сәнкібай батыр жылына бір рет бар малын жинап, қарап ләззат алатын әдеті болған деседі. Бір күні Күлдірге бөлінген қалың жылқыны көзбен шолып тұрғанда Қыдыр келіп қалай ризасыңба деп сұраған екен, сонда бай ана бір тұсы ойпаңдау екен деп калыпты дейді. Қыдыр ашуланып сол тұстың жылқысын жоқ қылып айта тақырға айналдырып жіберіпті мыс, содан бері бұл жер халық аузында Күлдірдің тақыры деп аталады екен. Теп-тегіс, қылтиып бір қылтанақ көрінбейтін тақыр жер.

Ақбота шоқысы. Негізінен шоқының атауын жұрт Ақбота-Сәнкібай деп атап кеткен. Ақбота - Сәнкібайдың бойы түгел теңіздің орны болуы мүмкін деген болжам бар. Мүмкін ол сөздің де жаны бар шығар, өйткені теп-тегіс жерде тұрған үлкен ақ теңіздің астындағы әңгіме шындыққа жанасады. Шоқыға әр жағынан қарағанда сан түрлі пішінде көрінеді. Алыстан көз тіккенде айдаладағы ақ боз үй секілді, жанына жақындап қарағанда мойнын созып тұрған Ақботаға ұқсайды, соған байланысты да Ақбота деп атап кеткен бе дерсің. Сол жерлерді, сол төңіректің барлығы атақта батыр, бай заманында аты шыққан би Сәнкібай жайлаған. Оның атына байланысты аңыз көп айтылады, бір жылы елдің жақсылары мен жайсаңдары, батырлар мен небір сен тұр, мен атайын дейтін мықтылар барлығы Әбілқайыр хан жинаған бір үлкен жиынға кетеді, елде қатын-қалаш, кемпір – шал, бала-шаға қалғанын білген жау ел ішіне баса көктеп кіреді. Елді басқаратын , жауға қарсы шығатын ер адам болмай қиналғанда суырылып Ақбота шығады, сарбазша киініп, қару-жарағын асынып ел қорғауға аттанған қыздың батырлығы бір ерден кем болмаған деседі, әйткенмен Ақбота сол шайқаста мерт болады. Бұл хабар үлкен жиыннан қайтып келе жатқан Сәнкібайға жеткізіледі, қызының қазасына қатты қайғырған Сәнкібай жөні бөлек, табиғаты бөлек қайсар қызды осы шыңның басына апарып жерлепті дейді аңыз. Елдің аузында осындай аңыз қалады да, табиғаттың ғажайып құбылысы Ақбота Сәнкібай аталып кетеді.

Асанқожа қорымы. Байғанин ауданы Оймауыт ауылының Оңтүстік-Батысында 50 шақырым жерде орналасқан. Ауданы 48 мың шаршы жерді құрайтын қорым 264 ескерткіштерден тұрады. Асанқожа қорымы республикалық аңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің құрамына еңгізілген. Асанқожа шөмішті табынның төрт тірегінің бірі, осы рудың пірі атанған . Пір сөзі парсы тілінен аударғанда «данагөй қария», сопылық әдебиетте жетекші, басшы деген мағына береді. Ауыл ақсақалы Тәжидің Мағауи атамның айтуы бойынша Асанқожа ата Асаубарак аталармен тұстас өмір сүрген. Ата туралы ел аузында көп деген аңыз-әңгімелер сақталған. Асанқожа қорымы бұрын жем өзенінің Батыс жағалауында орналасқан, бір жылы көктемде ұрпақтарының түсіне кіріп аян беріпті: Мені келіп қазып алып биікке жерлемесеңдер суға кететін болдым,- депті. Содан ұрпақтары Жем өзенінің шығысына келсе өзен суы көтеріліп, тасып жатыр екен, қалай өтерін білмей атаға сиынып суға түйелерін салса қиындықсыз өтіпті. Су шайған сайын опырыла құлаған жарқабақтың ата мүрдесі дізесіне дейін шығып жатыр екен. Қазып алғанда, өлгеніне біраз жыл болған атаның денесі бұзылмай сол күйінде сақталыпты, тек қана кіндігінің айналасы сәл қоңырақай тартқан екен. Атаның ұрпақтары денесінің барлық жері сол күйінде, кіндігінің айналасына не болды екен деп ойлайды . Сонда, ата түстеріне кіріп аян береді: «Менің кіндігімнің қоңырайған себебі менен тараған қыздар ақсүйек қожа руынан басқаға тұрмысқа шығып жатыр, олардың жұбайларының кейде тілдері

менің ұрпақтарыма тиеді, соның себебі ғой » - деген екен дейді. Қожалар бұрын тек кожалардан ғана қыз алып, қыз берісетін болыпты мыс, ол дәстүр кейін өзгеріп сақталмад

Хантөрткіл шоқысы. Хантөрткілдің шығу тарихы туралы Топонима Әбілқайыр ханмен байланыстырады. Шоқының басына ханшатыр тіккен деген деректер бар. Қырымның қырық дастаны дастанында жайлы коныс іздеп, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманды көксеп, арман қуып Асанқайғы баба хантөрткілдің басына елдің жақын-жақсылары жиналып бас құрып ауызбіршіліктің болмауынан қазақ пен ноғай екіге айырылды. Осы шоқы жанында қайғысы мен қасіретін, қайраты мен жігерін домбыра шанағынан күй ғып тігіп Асанқайғы бабамыздың «Ел айрылған»жүйі шыққанды мыс деген болжам бар.

Шешім

Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін,
Туған жердің қадірін алыс жерге ұзатқан,
Ұзатқанына әлде талай жыл өткен қыз білмесе кім білсін,
Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, шет жайлап, кітап қарап,
Сарылып,көздің майын тамызған, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім білсін,
Туған жердің асылын қараңғы үйге қамалып,
Қара нан мен қара шай жүрегін кесіп жатқанда қазы-қарта,
Сары қымыз бір бір ұшып көзіне, есіл елін сағынған,
Бір көруге зар болған тұтқын білмесе кім білсін,
Туған жердің қадірін әлеуметтік ісіне басын байлап жетілген,
Қағаз кемірген, күйіп пісіп, көбелек болып, еңбегінің жемісін бір көрсем ау деп телмірген,
Тар көше мен тар үйде бір сергіп көрмеген азамат білмей, кім білсін,
Ыстық қой шіркін туған жер, кім сүймесін өз жерін,
Сүймесе сүймес жердесіз,шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз,
Туған жерге жеткенше қайтып дәтің шыдайды,- деген Жүсіпбек Аймауытовтың арқалы асыл сөздері елім деп еңірейтін қай ердің болмасын жүрегін шымырлатары анық.

Қазағымның сайын сар даласы, туған жер, киелі топырақ. Керіліп жатқан кер далаға көз жіберсең, осынау дүние жаралғалы бері қанша сырды қойнауына жасырғаны жаратқан мен құпиялы қара жерге ғана аян. Туған жердің әр тасы, әр бұтасы құбылмалы аспаны көшпелі бұлты да ата – бабаларымыздың бізге беріп кеткен баға жетпес аманаты. Керіліп жатқан кер даласын, өскен елім, кіндік кескен жерім дейді. Жердің кеңдігін қаншалықты кең деп мақтағанмен, оның өмірлік даңқын шығаратын да, аялап, сүйіспеншілікпен сәндендіретін де ел мен жердің өз перзенті – біздер.

Тағы да Мұқағали атамның жыр- жолдары еріксіз оралды:

Мына өлке, мына аймақ, бұл маңда -
Құлшылық етемін тұрғанға,
Құлшылық етемін құмдарға, тағзым жасаймын қырларға,
Шүкірлік етемін қашан да, осы бір отанда тұрғанда...

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1) Бияров Б. Б61 Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері / Бияров Б. - Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013.432б.
- 2) А7-Ақтөбе: Энциклопедия-Ақтөбе, «Отандастар-Полиграфия» ЖШС, 2001.748бет.
- 3) Жанұзақ Т. Ж27 Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық).Алматы:«Өнер»,2011-496 б.
- 4) Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі(Атаулардың пайда болу тарихы). Ақтөбе қаласы 2007 жыл.

Өз тарихы бар өлке

Ақтөбе гуманитарлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Колганатова Разия Жүгінісқызы
Автор: Нұрмұхамбет Сандуғаш

Шұбарқұдық кенті - Ақтөбе облысы Темір ауданы Ақтөбе қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 179 км жерде орналасқан. Шилі өзенінің жағасында орналасқан. Тұрғыны-11.3 мың адам (2006). Ауданның іргесі 1869 жылы құрамында 17 болысы бар уездорталығы болып қаланған. 1921 жылы 27 болыс болды және Ақтөбе губерниясындағы аудан орталығы, 1923 жылы Ақтөбе губерниясының іріленуіне байланысты Темір уезі аталған. Қазіргі Темір ауданы 1972 жылы құрылған. Аудан тарихын жазу өте күрделі жұмыс. Ол сол ауданға қарасты мекендердің тарихынан құралады. Қазіргі менің жазып отырғаным Темір ауданына қарасты Шұбарқұдық елді мекені жайлы болмақ. Мұны маған әңгімелеп берген осы ауылдың тумасы Байдышев Сағидұлла Әбдірахман ұлы деген жоғары білімді ақсақал. Бұл атаның үлкендерден естігені бар, оқығаны бар айтуынша шамасы 1920-1930 шы жылдары Астрахань өңірінде Ойрат қалмақтар Жоңғар Алатауын да тұратын Жоңғар қалмақтарына қосылмақ болып келеді. Қалмақты басқарып келе жатқан тайшысы әрі батыры қазақ жерінен, мүмкіншілігінше, соғыспай өту болды, шығынға ұшырамау үшін. Бірақ ойылдан өткенде бірсыпыра шайқастар болып екі жақтанда шығын болады. Сондағы қалмақтың қонтайшысының айтқаны мынау болған. «Біз соғыспайық бізде соғысамыз деген ой жоқ. Халықты қырмайық. Екі жақтың екі батыры шықсын Қалмақтың батыры жеңсе біз соғыс ашпаймыз, біздің жолымызды бөгемдер-кете берейік деген. Қазақтың батыры жеңіліп қалып, сол жердің аты «Келбатыр» атаныпты. Бұл Қайыңды совхозының өңіріндегі жер. Алтықарасудан бері өткенде тағы бір батырлардың жекпе-жегі болды. Бұл жердің аты Қарабас батырдың атымен аталады. Қазақ батырлары жеңіледі. Қалмақтар Шұбар келгенде алдарынан Байыұлының Шеркеш руынан шыққан Шұбар деген батыры шығады. Бұл батырда жеңіледі. Мекендеген халқы қазған құдықтарын Шұбар құдығы деп ат қойған дейді. Ақтөбе облысындағы тұңғыш мұнай кен орны- Шұбарқұдық кен орны игеріле бастады. Көмір Шұбарқұдықта, Кикібаста, Алтықарасуда, Теректі жерлерінде бар. Аудан жерімен Ойыл, Шилі, Темір, Бабатай, Құмды т.б өзендері ағып өтеді. Жер қыртысында негізінен қызғылт қоңыр, бозғылт қоңыр және сортаңды сұр топырақ басым. Оларда боз, бетеге, жусан, қамыс, құрақ, изен өседі. Аңдардан қасқыр, қарсақ, борсық, сарышұнақ, аламан тышқаны кездеседі. Ауданда қой мен ешкінің саны 94.7 мың бас, жылқы 5.5 мың бас, түйе 0.45 мың бас болады. Өнеркәсіп саласында аудан аумағында бірнеше ірі кәсіпорындар бар. Аудан тұрғынының басым бөлігін қазақтар құрайды. Одан басқа орыс, украин, татар т.б ұлт өкілдері тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Темір ауданының энциклопедиясы 2007ж
2. Темір ауданының энциклопедиясы 2013ж
3. Ақтөбе облысының энциклопедиясы 2001ж

Әйтеке би ауданы жер-су атауларының тарихи-этнографиялық сипаттамасы

Ғылыми жетекші: *Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің аға оқытушысы А.Н.Кадиркулова*

Автор: Жуманазарова Бану - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті 5В011400-Тарих мамандығы 3 курс студенті

Елді мекеннің қазақша атауы. Белгілі бір аймақтың физикалық-географиялық жағдайына, жергілікті халық өмірінің этникалық ерекшеліктеріне және осы аймақтың тарихи-әлеуметтік тағдырына байланысты аймақтық топонимиканың өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі.

Аумағы 2717,3 шаршы метр жерді алып жатқан Қазақстанда, негізінен қазақ, орыс және украин, өзбек, қырғыз, ұйғыр, монғол, қалмақ тілдерінен енген атаулар да кездеседі.

Ресейдің отаршылық саясатының салдарынан Кеңестік кезеңде аймақтағы елді мекен, атаулары терең өзгерістерге ұшырап, орыс тілді атаулар көбейді.

1991-2005 жылдары аралығында республика бойынша 3 облыстың, 12 қаланың, 53 ауданның, 7 аудан орталығының, 43 темір жол, 957 ауылдық округтердің аттары өзгертіліп, 3 облыс, 12 қала, 13 аудан, 5 кент, 4 станция, 6 ауыл атауларының орыс тіліндегі транскрипциясы нақтыланды. Соның бірі-1966 жылы құрылған Комсомол (1966-1997) және Қарабұтақ (1936-1997) аудандары 1997 жылы 17 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен **Әйтеке би** ауданы болып біріктірілді.

Әйтеке би ауданы Ақтөбе облысының шығыс бөлігінде орналасқан. 1936 жылы 11 тамызда Ақтөбе атқару комитетінің қаулысы бойынша Ырғыз ауданы Қарабұтақ және Ырғыз болып екіге бөлінді. Әйтеке би ауданы алты аумақпен шектеседі, он бес округтік ауылдар аудан қарамағында. Әйтеке би ауданы кіші жүзге танымал би Әйтеке бидің есімін иеленген. Кеңестік кезеңде бұл аудан Комсомол аталды.

Негізінен елді мекендер кісінің жеке атымен (антропоним) аталса, бірқатар жерлердің атауында әулет есімі қосарлана айтылады. Жекелеген адамдардың аты-жөнімен аталатын географиялық объектілер атаулары сол нақты елді мекеннің негізін қалаған немесе сол төңірегінде тұрған, халық арасында, өз ортасында үлкен беделге ие болған кісі аттары кездеседі.

Халықтың тұрмыс тіршілігі, рухани байлығы, мәдени мұрасы, тіпті белгілі бір кезеңдегі саяси ұстанымы да көрініс тапқан адам аттарының қатысымен жасалған антропонимдерде қандай да тарихи оқиғаның, құбылыстың, жағдайдың болмыс-бейнесі көрініп тұрады.

Аудан атауы берілген **Әйтеке Байбекұлы**-қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Әмір-Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ жұрты «Синесоф буа» (жаны пәк жан) атаған Сейітқұл әулиенің үшінші ұрпағы. Әбілқайырға ханға дейін Кіші жүздің сөзін ұстаған қазақтың биі. Есім хан тұсында Самарқанды билеген Жанатөс батырдың жақын туысы.

Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Биді халық «айыр тілді Әйтеке» деп атаған.

Антропонимдер, соның ішінде этноантропонимдер-тарихи-этникалық, лингвомәдени, әлеуметтанымдық тарихи этникалық дереккөз.

Қазіргі елді мекен (ежелгі атауы сақталған ба және құрамы). Бұл аудан 15 ауылдық округты, 32 елді мекенді құрайды. Топонимдердің бірқатары өзінің байырғы атауларын сақтап қалған. Әйтеке би ауданының *елді-мекендердің* ірілері: Аралтоғай, Аралтөбе, Бөгетсай, Қарабұтақ, Жабысақ, Құмқұдық ауылдары. Ауылдық округтер тізімі: Әйке, Ақтасты, Ақкөл, Аралтоғай, Басқұдық, Жабасақ, Жамбыл, Қайрақты, Комсомол, Қарабұтақ, Құмқұдық, Қызылжұлдыз, Сарат, Сұлукөл, Үшқатты.

Көлдері: Қаракөл, Сұлукөл, Әйке, Ақбасты, Қамқа, Қоскөл, Шонай, Белқопа т.б.

Өзендері: Ырғыз, Қарабұтақ, Қайрақты, Ұлыталдық, т.б.

Сол елді-мекен маңындағы жер, су, тау, көл, жайлау, құдық, төбе, тоғай және т.б. аталу себептері. Ақтөбе өлкесіндегі жер-су атаулары белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты қойылған.

Кілем жайған. Өлкеміздегі Кілемжайған жерінің атауының қалыптасуын халық Кенесары ханмен байланыстырады. Ырғыз өзенінің солтүстік жағалауында, Әйтеке би ауданының Ақкөл селолық округінен оңтүстік батысқа қарай он төрт шақырым жерде орналасқан. Кілемжайған-Қарабұтақ жеріндегі көл. Кілемжайған-ол кезде ат түзетіп, Кенесарының қалың қосындарының

аттары су ішкенде лайланбайтын, айналасындағы Ақкөл, Қандысор, Бопай, Шилисор, Құмқұдық, Соналы, Қыналы сияқты көк майсалы құрақты көлдері бар тендесі жоқ сұлу жер болыпты. Кенесары Хан ордасын тігуге Ырғыз өзеннің бойында өзге жерді де тандамай осы Кілемжайғанды қолайлаған. Кенесары қолы (Кілемжайғаннан) Қарабұтақ жерінен Орынбор Губерниясына өтіп, Ор бекініске басқа да бекеттерге жүйелі түрде шабуыл жасап, көптеген қаруларды қолға түсіріп, опасыз сұлтан төрелердің мекен-жайын ойрандап, ауылдарын жазалап, патша отрядтарына қарсы сәтті де батыл жорықтар жасап отырған.

Аққұмдағы жуғы (Аққұм). Аққұм аумағы үлкен дөңгелек ең бір шұрайлы жер. Бір шеті Торғай мен Нұра және Мамытпен шектеседі. Аққұм - ерте заманнан халықтың сүйікті мекені болған, әсіресе XVIII-XIX ғасырда бұл жерге иелік ету екінің бірінің қолына түспеген. Аққұм аталуы оның құмның ақтығынан емес, ерекше жағымды табиғаттың қасиетінен сүйкімдігіне берген екен. Бұл жер «Марал ишанның жуғысы» мен Раманқұл әулиенің жерленген жері. Халық көбіне бір сөзбен бұл аймақты Жуғы деп атайды.

Қарашатау. Қарашатау-аудан орталығынан 70 шақырым қашықтықтағы Құмқұдықтың батыс жағында орналасқан. Әйтеке би ауданы аумағының біраз жері Мұғалжар тау үстіртінің жазықтық солтүстік-шығыс бөлігін алып жатқандықтан жол бойы әр түрлі тастар тобы жиі кездеседі. Теңіз деңгейінен 239 метр биіктікте жатқан Қарашатау алыстан едәуір биік болып көрінеді. Тау бетінде әр түрлі ұсақ тастарды арнайы тесіп тастағандай, аяғына шаң жұқпайды. Әр жерде тастардың неше түрлі шоғыры топ-топ болып жатыр. Бұл тастар бейне жер астынан қайнап шығып, қата қалғандай әсер етеді. Тау үстіндегі ақшыл тастарға жабысып өскен көкшіл тау қынасы тастарды қоңыр түске бояп тұр. Таң атқан немесе күн батқан мезгілдерде, тастардың көлеңкесі ұзарып, қошқылданып тұрады, араларына түскен күн сәулесінен тау қарала-қарала болып көрінеді. «Қара» сөзіне «ша» жұрнағы жалғануы арқылы шағын, қоңыр тау, деген ұғымды беріп тұр. Қарашатау атауы осындан шықса керек. Зерттеушілер бұдан 600 жылдай уақыт бұрын бұл таудың биіктігі 400 метрден астам болғанын еріген қардың ағын суы мен нөсердің әсерінен жоғары қабаттары жылжып, етегіне түсіп, аласарғанын айтады. Қарашатаудың үш жағын орап жатқан қалың қамысты Шалқар көлі де бұдан әлдеқайда айдындырақ болған. 1980 жылдардың өзінде бұл көлдің көлемі 80 шақырым болған. Қыркүйек айының майда шуақты күнінде көл бетінде қайтқан құстың қалың тобы жапырлай қонады.

Құмқұдық-Әйтеке би ауданының оңтүстік жағындағы Шалқар-Қарашатау көлінің оңтүстігіндеі ауыл. Құдық сияқты үңгілі қуыстар бір уақытта аяқтың сусымалы құмға батып тұратын , дала ауа райының басым жергілікті, көріністі, белгілі бір шартты және қатал өмір салтын суреттейді.

Басқұдық. Басты құдық өзінің ыңғайлылығы жағынан су көзінің молдығы,тереңде жатқандығы ақпаратты өзіне сыйдырып тұр.Белгілі бір номинальды тұрмыстымақсат терең мәнді символға айналады, өміршең маңызды орталық мағынасына көшеді

Бұл маңда қорған,үңгір бар ма және қалай аталады, неге қойылған?

Үңгіртас (Ұлғайсын). Әйтеке би ауданындағы Ұлғайсын ауылынан 9 шақырым жерде орналасқан таулы Үңгіртас бар. Таудың биіктігі шамамен 100 метр. Үңгіртас өзен деңгейінен 2,5-3 метр жоғары, кіретін аузы солтүстік-батысқа бағытталған. Таудың қырқа басынан қарағанда өзеннің арғы бетіндегі биік жарқабақтағы үңгірдің есігі бірден көрінеді. Оны өзен табанынан үш бөлек жалпақ тас бөліп тұр. Тастардың жиегі тап-таза ақ қайыр құм жапқан кішкене арал сияқты. Үңгірдің ішіне он шақты кісі сияды. Ауыл адамдарының айтуынша, бұл үңгірдің іші ертеде үлкен болыпты. Бүйіріндегі терезеден шығыс жақ жағалау тегіс көрінеді, таудың үстіне шығатын есік тауға шығуға ыңғайлы. Сырт жағынан келу қауіпті. Екпіндеп келген адам терең құзды байқамай, тік жарлы терең сайға құлап түсіп кетуі ықтимал. Ал бер жағынан қарағанда үңгірдің есігін бірден айыра қою қиын. Ертеден қалған әңгімелерге сүйенсек, Кенесары Қасымұлы 60 сарбазымен осы үңгірдің ішіне қарауыл құрған деседі. Талай жапа шеккен жандарға да пана болған деген қилы-қилы әңгімелер бар. Қазіргі таңда Үңгіртастың іші шағындалып қалған. Осы Үңгіртастың жоғарғы жағында Сандықтас деген жер бар. Бұл да бір өзіндік тарихы бар зерттелмей жатқан жер. Осы секілді тарихынан мол мәлімет беретін үңгірлерді жүйелі зерттеу қажет .

Хан моласы (Толыбай-Аққұм). Әбілқайыр Мұхамбед Ғази Бахадүр хан (1693-1748ж.ж.) Кіші жүздің ханы, қолбасшысы, Шыңғыс ханның баласы Жошының 13-ші ұлы – Өсекеден тараған ұрпағы Қажы сұлтанның баласы. Хан моласы аталған үлкен қорымда 1000-ның үстінде қорым бар. Солардың арасында Әбілқайыр хан бір топ нөкерлерімен қаза тапқан бойда жерленген екен. Болжамға келеді деген үш қабір қазылып, денелерін зерттеу үшін Алматыға жіберілді. Түрлі генетикалық - биологиялық ДНК арқылы тексеру нәтижесінде №92 қорымдағы мүрденің антропологиялық қалпына келтіру қортындысы Әбілқайыр ханға 99,7 % ұқсас деп табылды. Ханның бұрынғы табылған суретімен сүйектің кескіні арқылы салынған портрет өте ұқсас болып шықты. Мүрделер алынған қабірлер іші қызыл кірпішпен өріліп, лактап дайындалып қойды. Кіші жүз ханының осында жерленгенін білдіретін тас тұғырға орнатылды.

Серік Әжіғалидың зерттеу материалдарына, тарихи дерек көздеріне сүйене отырып пайымдауынша, хан сүйегі Қабырға мен Өлкейек өзендерінің қиылысындағы «Хан моласы» қорымына жерленген. Әбілқайыр хан туралы деректер орыс саяхатшылары жазбаларында қалған. Алайда, олардың ең ертерегі саналатын Николай Рычковтың жазбасында хан қаза тапқаннан соң арада 23 жылдан кейінгі жағдай сипатталады. Ғалым қорымдағы Әбілқайыр хан қабірін анықтауда қолданылған ғылыми әдістерді де таратып айтты. Көптеген зерттеу нәтижелері мен деректер, көнекөз карттардан естігендердің естеліктері ескеріле отырып, қорымдағы 92 және 178 нөмірлі қабірлер қазылып, олардан алынған сүйектерге шетелдер мен еліміздің ғалымдары екі рет генетикалық және цитологиялық сараптама-зерттеулер жүргізген. Нәтижесінде 92 нөмірлі қабірден алынған мүрденің Әбілқайыр ханның қазіргі ұрпақтары ДНК-сымен 99,335 % сәйкес келетіні анықталған. Оның айтуынша, мұндай сәйкестік ол ханның өзі немесе інісі, не баласы деген байлам жасауға мүмкіндік береді. Сүйек егде адамдыкі болғандықтан, ғалым сол кезде сол әулеттен қайтыс болған туысқандарының деректерін іздестірген. Сонда «Әбілқайыр хан әулетінен өзінен басқа қайтыс болған адам таппадық, демек мүрде ханның өзінікі»-деп тұжырымдады Серік Әжіғали.

Венгр антропологтары жасаған Әбілқайыр ханның кескін-бейнесіне осы кезге дейін көзіміз үйренген Кэстль салған суретке ұқсамайтынын алға тартушыларға ол Кэстльдің кәсіпқой суретші еместігін ескеру керектігіне көңіл аударды. Тарихшы Серік Әжіғали Әбілқайыр ханның сүйегін Ақтөбе немесе Түркістан қалаларына қайта жерлеу туралы да пікірлер болғанын айта келіп, Әбілқайыр хан кесенесі өзі жерленген «Хан моласы» қорымында тұрғызылғаны көңілге қонатынын жеткізді. Ол бұған дәлел ретінде патшалық Ресей кезінде шыққан карталарда «Хан суягы» деген жердің осы «Хан моласы» қорымымен сәйкес келетінін келтірді.

«Хан моласы» да көне қорым. Мұндағы кейбір қабірлер XVI ғасырдан қалыпты. Қорым Қабырға өзенінің Өлкейекке құяр тұсынан 4 шақырым қашықтықта тұр. Қазір мұнда тек төмпешіктер мен кей тұстардағы құлпытастардан басқа ештеңе көзге ілікпейді. Бір кездердегі күмбезді тамдар жермен-жексен болған.

Әбілқайыр хан сүйегінің осы қорымда жатқандығын ел аузындағы деректер ғана емес, орыс зерттеушілерінен қалған жазба деректер де растайды. «Хан моласы» туралы 1771 жызылған Н. Рычковтың; 1832 жылы жазылған А. Левшиннің; 1835 жылы жазылған Д. Эристовтың мақалаларында айтылған. Ал И. Крафт 1898 жылы «Хан моласының» Торғайдан 80 шақырым жерде екенін, хан қабірінің басында өсіп тұрған ағаш барын жазып қалдырған, сондай-ақ қазақтардың ол жерді қасиетті орын санайтынын да атап көрсеткен.

Деректерде Әбілқайыр ханның қыпшақ дәстүрімен жерленгені айтылған. Яғни қару-жарағы өзімен қоса көмілген. Қабір басына ханның ұлы Нұралы 12 терек еккен деседі. Әбілқайыр ханның жерленген жері – Өлкейік пен Қабырға өзендерінің қиылысы.

Қорым солтүстіктен оңтүстікке қарай 600 метрге дейін, батыстан шығысқа қарай 250 метрге дейінгі жер аумағын алып жатыр. Археологтар бұл жерден 41 құлпытас тапты.

Темірден қашап жасалған құлпытастар биік емес және қорымның әр жерінде шашылып орналасқан,-дейді тарих ғылымдарының докторы С.Әжіғали.Олар негізінен XIX ғасырдың ортасында және өткен ғасырдың 20-шы жылдарында қойылған. Әбілқайыр хан заманында

тастан құлпытас қою дәстүрі болған жоқ, сондықтан Әбілқайыр хан қабірінің басына құлпытас қойылмаған.

1979 жылы «Үркер» романына дайындық барысында «Хан моласына» жазушы Әбіш Кекілбай арнайы келген екен. Жазушы ауыл адамдарының жөн сілтеуімен Әбілқайыр хан қабірі басында болған. Жиналғандар сол сапар естеліктерін тыңдады. Жазушы Әбілқайыр ханның өлімі, ол жерленген орын туралы көптеген жазба және ауызша деректерді алға тартты.

Жергілікті тұрғындар хан басындағы алып бәйтеректің түбі 1950 жылдарға шейін сақталғанын айтады. Осы төңіректің тұрғындары екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін «Хан моласына» келіп жүріпті. Алайда, одан кейінгі жылдары Әбілқайыр есімі біртіндеп ұмытыла бастаған, тек жалғыз-жарым адамдар ғана есте ұстаған.

«Хан моласы» деген атауды көбіне Әбілқайыр ханның жақын серіктерінің бірі Жәнібек батырдың соңынан ерген арғын, қыпшақ руларының қарттары есте ұстап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген.

Осы маңға жақын саналатын елдімекендер – Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданына қарайтын Толыбай және Аққұм ауылдары. Осы екі ауыл мен «Хан моласының» арасы 90 шақырым. Ал қос ауылға қарағанда, бұрынғы Торғай облысы Жангелдин ауданының Миялы елдімекені одан да жақынырақ – «Хан моласымен» арасы 35 шақырым.

1979 жылдан бері «Хан моласына» екінші рет келіп тұрған Әбіш Кекілбай зерттеу жұмыстарын тездету қажеттігін айтады. Себебі, табиғат өзгерісімен осы төңірек жер бетінен жоғалып, енді 10 шақты жылдан соң қорымнан із де қалмауы мүмкін дейді ол.

Осыдан отыз жыл бұрын биік жарқабақ болды деген жер қазір аласа ғана төбешікке айналған, оның үстіне, жер асты суы жыл сайын көтеріліп келеді екен.

Ең басты назарға ұсталынатын басы ашық жағдай – Әбілқайыр ханның осы төңіректе өлтірілгендігі және және осы жерде жерленгендігі, - дейді Әбіш Кекілбай.

Ресейдің Орынбор қаласынан келген топырақтанушы ғалымдардың көмегімен Әбілқайыр хан басында өсіп тұрған зәулім бәйтеректің жер астында қалған тамырын іздеу жұмыстары жүргізілген.

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай 2015 жылдың қыркүйек айында «Қазақ хандығының дамуы: оқиғалар, тұлғалар» атты халықаралық ғылыми конференция өткізіліп, 2014 жылы құрылысы басталған «Хан моласы» мемориалдық кешені Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы аумағында ашылды.

Облыс басшысы Бердібек Сапарбаев: «1710 жылы 17 жасында Кіші жүзге хан болып сайланған Әбілқайырдың қазақ тарихындағы алатын орны ерекше. Біз ұлан-байтақ даламызды сақтап қалған, өздерінің қандарыменен терлерін төккен ата-бабаларымызды ешуақытта ұмытпауымыз керек. Белгілі хан, қолбасшы, үлкен бабамыз Әбілқайыр ханның аруағына тағзым етіп, бас иіп, болашақ үшін, мынау жастарды Отанды, ұлтты, тәрбиелеуге баулу үшін осы жерде үлкен жұмыс жасалынды. Болашағымыз, дамуымыз тарихқа байланысты»-деді.

Кіші жүз ханының сүйегін анықтау үшін зерттеуге ғалымдар 1998 жылы кіріскен еді. Оған дейін ұлы тұлғаның қай аумақта жерленгені жұмбақ болды. Әйтеке би ауданындағы «Хан моласы» қорымына қатысты келтірілген деректерге күмән туғаны рас. Дегенмен, экспедициялық топ этнография, архитектура жағынан, геофизика жағынан, жоғарыдан аэрофото жасатып, жан-жақты дәлелденді.

Әбілқайыр ханның мемориалдық кешені

Мердігер компанияның өкілі Зұлқожа Қожаев «Кешен туралы айтар болсақ, үш стелла үш жүзді білдіреді. Биіктігі 25метр. Бірінші стеллада ұлы жүздің 19 таңбасы, орта жүздің 18 таңбасы және кіші жүздің 25таңбасы бейнеленген. Материал Маңғыстаудың ағылай деген ақ тасы»,–дейді. Он Кәсіпкер ретінде өз атымнан осы маңға 400тал отырғыздым..Мазардың биіктігі 15метр ,диаметрі 8,5 метр»,– деді. Кіре берістегі маңдайшасының биіктігі 5,5 метр. Есігі құбылаға қаратып салынды. 8 қырлы.Мазардың ішінде сүйектің жатқан жерін білдіретін табытқа ұқсас белгі бар.

Бұл жерде қандай халықтар тұрады? Қазақтың қандай тайпалары, рулары мекендеген?

Бұл маңда ертеде Жаппас және Алтын рулары мекен етіпті. Қазақ руларынан: шөмекей мен төртқара рулары қоныстанған. Аудан тұрғыны 26 мың адам, орташа тығыздығы 1 шаршы метрге 0,9 адамнан келеді (2006). Ұлттық құрамы: қазақ 93,6%, орыс 4%, украин 0,9%, татар 0,4%.

Көршілес аумақта ұқсас жер-су атаулары қалай аталады?

Қызылорда облысы Қазалы ауданында Әйтеке би кенті; Жамбыл облысы.

Шөп, аң, жәндік атауларына байланысты қойылған жер-су атаулары.

Шыбын мазары (Басқұдық). Шыбын мазары Басқұдық елді мекенінен оңтүстік-батысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан. Қосбетті – күмбезді мазардың кіре берісі 1,5 м қалыңдығы сағат тілі тәрізді ойық болып шикі кірпіштен өрілген. Қазір күмбезі құлап түскен сақталған бөлігінің биіктігі – 4 метр. Салынған мерзімі ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басы.

Жуалы – жер аты осы жерде көп өсетін жуаға байланысты қойылған. Жазда бұл жерде көптеп дала жуасы өседі.

Миялы – мия түбірі тұқымы ащы, ақ және қызыл түсті жемісті өсімдік. Басқа сөзбен айтқанда, топоним осы өсімдіктің бұл жерде ну өсіп тұрғандығын көрсетеді.

Шілікті – топонимі формант ретінде өскен жерді, ал ши болса өзендер мен көлдердің жаалауында өседі.

Жер-су атаулары туралы аңыз әңгімелер. Өлкеміздегі келесі тарихи жер атауларының қалыптасуын халық Кенесары ханмен байланыстырады. Ырғыз өзенінің солтүстік жағалауында, Әйтеке би ауданының Ақкөл селолық округінен оңтүстік батысқа қарай он төрт шақырым жерде орналасқан **Кілемжайған** жерінің атауы туралы мәлеметтер бірнеше нұсқада келтірілген. Соның бірінші нұсқасын жергілікті тұрғындар төмендегідей түсіндіреді.

Кенесары Қасымұлының арқадан ығысып, Кіші жүз жеріне келгендігі тарихтан белгілі. Сол кезеңдерде Кенесары күндес әйелдерінің қияс әрекетінің нәтижесінде кіші әйелі, атақты батыр Жанқожа Нұрмұханбетовтың қарындасына зәбір көрсетіп, бұрымын кесіп, танауын тіліп, елден шығарып жібереді. Осылай елсізде келе жатқан оған Сыр бойының патшалы Ресейден келе жатқан сауда керуені жолығып, Жанқожаға табыс етеді. Жанқожа батыр қарындасынан барлық мән-жайды сұрап, әбден қаныққан соң, қарындасының кінәсіздігіне, тек күндестіктің құрбаны болып отырғанына көзі жеткесін, айналасына хабар беріп, қалың қолмен атқа қонып, Кенесарыға аттанады. Бұл хабарды естіген Кенесары әрі ел арасының бұзылуынан сақтанып, әрі Жанқожа қолының айбарынан сескеніп, қазіргі Әйтеке би ауданының сол жерінде кілем жайып, Жанқожаны зор құрметпен қарсы алыпты деседі. Міне содан бері сол жер кілемжайған атауына ие болып, күні бүгінге дейін солай аталады. Бұл оқиға баспа бетін көрген кейбір деректі шығармалармен көпшілікке арналған мақалаларда көрініс тапқан.

Екінші нұсқасына келер болсақ, Кенесарыны хан етіп сайлағанда кілем жайып, қонақ қарсы алған деген жорамал бар. Кейінгі шыққан әдебиеттерде Кенесарыны хан сайлаған жер дегенге көбірек жақындап жүр.

Тағы бір тарихи оқиға негізінде қалыптасқан топоним **Жуғы** – үш жүзге әулие атанған, әйгілі дін ғұламасы, көрнекті қоғам қайраткері Марал Құрманұлының атымен тікелей байланысты. Ол Қызылжардағы Обаған өзенінің алқабындағы Құсмұрын атты көлдің жанындағы, Қайранкөл атты жерде 1780 жылы дүниеге келген. Марал ишан орта жүздің керей руынан шыққан діни тұлға. Әкесінен тоғыз жасында жетім қалған, он үш жасқа келгенде оқу мақсатын қойып Ақмешітті бетке алып Құлбай ишаның үйінде болады. Құлбай ишан баланың қасиеттеріне таң қалып, тегін адам еместігіне көзі жетіп қызы Меңлібикеке отастырып, пірі Жалаңаяқ ишанға оқуға аттандырыпты. Марал ишан медреседе жеті жыл оқып, діни шариатпен бірге тасбибтік (дәрігерлік) мамандықты да меңгереді. Оның халықты білімге тартуға жасаған еңбегінің өзі бір төбе. Ол Қызылжарда, Қостанайда, Сыр бойында бірнеше мешіт салып, бала оқытуға көп еңбек сіңірген. Марал ишан ғазуат майданының негізін салушы екенін үлкен діни мемлекеттер де мойындайтыны туралы деректер баршылық. Ел ішінде Сыр бойында ислам дінін насихаттап, жастардың сауат ашуы жолында көп еңбек еткен. Сырдарияның бір саласы Қараөзектен тарайтын «Сасықөзектің» бойында бірнеше жерде мешіт салдырған. Сол атырапта

Марал ишан салған жеті мешіт бар. Ол мешіттер: Қарабөгет, Байбол, «Ишан ауылы» (Марал ишанның немересі Тобағабыл ауылы), «Қырғы мешіт», «Қолаң төбедегі мешіт», «Қыш мешіт» және Марал ишанның өзінің Қамыр төбедегі мешіті.

Сонымен қатар, Марал ишан Кенесары мен Наурызбай бастаған отаршылдық саясатқа қарсы күрес жолында қыр мен Сырға атағы кеңінен мәлім болған кісі. Ол орыс үкіметінің елдегі құзырлы адамдарымен өштесіп, орыстың қазақ халқын отарлауына қарсы шығып ғибратты үлгі қалдырғаны тарихымыздың бір шындығы. Халық жадындағы сақталған бір мәліметтер бойынша ел үшін, оның тәуелсіздікке қол жеткізуін арамандап Ресей үкіметімен алысқан көрнекті арысымыздың бірі.

Ақтөбелік өлкетанушы ғалымдар Р. Ілиясова мен А. Мұсаевтардың зерттеулері бойынша Марал ишан 1841 жылы жаз айында Қостанай даласындағы «Әулие көлде» қайтыс болғаннан кейін, Қызылорда облысының Қармақшы ауданына әулиенің денесін шағын түйе керуенімен жеткізу кезінде дене ыстыққа бұзылып кетпеу үшін сүртіп-шайып, неше түрлі шөппен дәрілеп, жерді қазып, салқындатып аялдап, түнде жүріп отырған екен. Ескі керуен жолында осы ауданның екі жеріне тоқтап, әулиенің денесін аман жеткізу жұмыстарын жүргізген жерлердің атын ел «**Жуғы**» деп атайды. «**Марал ишанның жуғысы**» атанған жерлер бұл Бөгеткөл аулының Құмшық, Жабасақ елді мекенінің Аққұм деген жерлері. Жуғы маңы бұлақ бойы қалың жиде өсіп жайылған, әулиенің тәрбиеленген жері үлкен бейіт сияқты етіп көтеріп, екі қайтара орлап көмкеріп қойған. Бұл жерге халық құрметпен қарап, сыйынып келген, әлі киелі орын деп бағалайды. Бізге белгілі жоғарыда айтылып кеткен екі жердегі жуғы, ал керуен жолы одан әрі Нұраға барып Қармақшыға жеткенге дейін бірнеше аялдау керек. Соған қарағанда жуғы ағашы шыққан жерде, яғни ишанның жуғысы тағы да бірнешеу болуы тиіс. Ол әрине зерттеу жұмыстарын талап етеді. Нұрадан Сырға екі түрлі жолмен баруға болатынын ескерсек, Марал ишанның мүрдесін алып жүрген жолды жуғы тізбегі арқылы анықтауға болады. Ол кісінің мүрдесі бұдан бір жүз елу жыл бұрын жүріп өтсе де, әулиенің қасиеті туралы аңыз әңгіме ел ішінде әлі ұмытылған жоқ.

Сұлукөл. Сұлукөл ауылдық округінің күншығыс бетінде, ауылдан 25 шақырым қашықтықта орналасқан Сұлукөл деген көл бар. Сұлукөл аталуы ертеде Жетіру-Жағалбайлы руының бір атақты байының Сұлу есімді көркіне сай сұлу қызы болыпты. Сұлу ел ішіндегі жігіттерді көзіне ілмей, бір кедей жігітке ғашық болады. Әкесі қызын кедей жігітке бергісі келмейді. Әкесінің шешіміне қарсы болған қыз, көлде қайықпен серуендеп жүргенде, суға кетіп өледі. Бай қызының суға батып кеткен жеріне дейін тас төсеп, жол салып көлдің ортасына белгі қояды. Көлдің атауы бұрын басқаша болса керек. Кейін көлді жергілікті халық Сұлукөл деп атап кеткен. Сұлуға қойылған белгіге баратын тас жолдың жан-жағынан суы кейініректе тартылған.

Осы өлкедегі басқа халықтардың атаулары.

Князь—бұл жер Алматылы Самыраттың жаз жайлауы «Торы ат бидайығы» деген жер көрінеді. Олай дейтін Самыраттың әйгіл жүйрік торы аты болған. Ауылдың жанындағы шағын көл табанға бидайық өседі екен, соны шалғымен шаптырып қысы жазы тек осы атына берілген. Бұл ат 25 жасқа келгенше бәйге бермеген көрінеді. Ал Князь атауының себебі 1800 жылдардың аяғында жазғы жайлауда отырғанда қонаққа бір князь келгендіктен «Князь» аталып кеткен. Бірақ князьдің аты-жөні естерінде қалмаған. Князьдің алдынан киіз үй тігілген жерден бастап князьдің пәуескесі тоқтаған жерге дейінгі шақырым.

Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу себебі бар. «Дүниеде әрбір бөлек жердің аты, Себеппен қойған бәрі елдің аты», — деп белгілі ақын С.Сейфуллин нақ туып айтқан.

Кез келген географиялық атау ең алдымен, әрбір халықтың тарихи және мәдени ескерткіші. Ұлт тарихындағы маңызды оқиғалар тарихи есімдер арқылы таңбаланып, халық жадында сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бірмағамбетов Ә., Мамырова К. Географиялық сөздік. —Алматы, 1992.
2. Жанұзақ Т., Рысбергген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. - Алматы,

2004.

3. Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. – Алматы, 1985. -128-б.

4. Ақтөбе облысының топонимиясы. II том. Ақтөбе, 2009.

5. Әйтекеби ауданының аумағын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған аймақтық даму бағдарламасы, Комсомол селосы, 2011.

6. Мұсаев А.М. Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы – Ақтөбе, 2006.

7. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе, 2007.

8. www.aitekebi.aktobe.gov.kz

9. Құлтастар шежіресі, Ақтөбе 2008.

10. Бадамнан қалған байтағым: Қарабұтақ туралы толғаныс/ Әліби Қойлыбаев. Ақтөбе, ЖК С.Т. Жанәділов баспаханасы: 2012.

«Шалқар өңірінің топонимі»

*Ғылыми жетекшісі: Қуптилеуова Айнур Нурлыбаевна - Шалқар ауданы
Бозой селосының орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі*

Автор: Жолаева Фатима - оқушы

Шалқар - Ақтөбе облысының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Ауданның солтүстік бөлігін Мұғалжар тауының оңтүстік сілемдері, оңтүстігін кіші және үлкен Борсық құмы массивтері алып жатыр. Шалқар аталу себебі - осы жердегі қос көл шалқыған балаусалы, құрақты, жасыл желекті жер болған. Жергілікті ата-бабамыз осы жерді "Қос Шалқар" деп атаған. Жер аумағы 62,2 мың км². Шалқар қаласының тұрғыны 45,8 мың адам. Аудандағы 48 елді мекен 1 қалалық және 12 ауылдық округке біріктірілген: орталығы Бегімбет кенті Айшуақ, орталығы Қотырмас стансасы Ақтоғай, аттас орталықты Бозой, Біршоғыр(әуелде Ақтоғай деп аталып келкен), орталығы Аққайтым селосы Жанақоныс, орталығы Байқадам кенті Есет Көтібарұлы, орталығы осы аттас Қауылжыр, (бұрын Солёный), орталығы Шелікті селосы, Кішікүм (бұрын Тоғыз аталып келген), орталығы Мөңке би ауылы (бұрын Қауылжыр болып аталып келген), осы аттас станса орталығы Тоғыз, орталығы Жылтыр кенті Шалқар, орталығы Қаратоғай кенті Шетырғыз округтерін біріктіреді.

Қала өзінің атауын аттас топонимінен-көлдің атынан алған. Бүкіл Қазақстан аумағына тараған, дәстүрлі түрде көлдер атауларына кіретін топоним семантикасы шексіз, шалқар, кең су қоймасы деген мағынаны білдіреді. Ақтөбе облысында бұл көлді халық арасында, патшалы Ресей саясатына қарсы көтерілісте жергілікті қаһарман Есет Дәрібай атаған еді.

ҰЛПАН - Шалқардан Ақтөбеге қарай 18 шақырым жердегі темір жол бекеті. Кейін ұлы жазушымыз Ғабит Мүсіреповтың өзі жазғандай, ол өз кейіпкерін Ұлпанның есімімен атаған болып шықты. Ұлпан романы Ғ.Мүсіреповтың жұртшылыққа танымал болған көлемді шығармасы, біздің әйгілі, дана Ұлпан апамыздың атында "Ұлпан" бекеті бар.

...Ақ көңіл ел Ұлпанға ырзалығын ұмытқысы келмей кіші Шалқарды бұдан былай «Ұлпан көлі» деп атайық деп сөз байлады. Әлде қай мінезімен, әлде қай ойларымен, әлде қандай үнімен, көз қарасымен, әйтеуір, Ұлпан осы елдің жүрегінен жылы орын алып кетті.

Елге қайтар алдында Ұлпан: «Қайтып көрем бе, жоқ па, өзімнің көліме тағы бір түсіп қайтайыншы», - деп көп әйелдермен шомылып қайтты. Ел әйелдерінің ойында бұл да орнығып қалды. Ұлпанмен қоштасарда нағашы жұрты:

-Ұлпан қарағым, мынау сенің көлің... Ұлпанның көлі. Анда-санда келіп жүр! – десіп қалды. Ұлпан жылап қоштасып жүріп кетті.

Осыдан жиырма-ақ жыл кейін, жиырмасыншы ғасырдың басында Орынбор-Ташкент темір жолы салынарын, дәл осы «Ұлпан көлінің» басына темір жол стансасы салынарын, оның аты «Ұлпан» боларын өзі әрине білген жоқ...

БАЛҒАСЫН - бұл жерде қазақтар мен қыпшақтар соғысып жатқан кезде, қазақтар қырғынға ұшырап қалған екен. Сол жердегі байдың қызы Балғасын жауға қарсы жалғыз аттанып, қаза табады. Сондықтан бұл жер Балғасын атанып кеткен.

СЫНТАС - ерте заманда бір байдың қызы ерке, шолжаң болып өссе керек. Бай бой жеткен қызына жасау жасайды. Қызым разы болсын деген оймен бар байлығын жасауға жұмсапты. Көп кешікпей көрші елдің баласы құда түседі. Қыз ұзатылады. Көш үлкен керуен болады да жолға шығады. Көш ұзап кеткенде бай соңынан кісі жібереді екен? "Қызым жасауына разы ма екен?" деп адам жұмсайды. Сонда қызы: "қайдан разы болайын, сырығым сырланбады, босағам борланбады" деген екен. Мұны естіген әкесі кетіп бара жатқан көштің соңынан: "Қара тас болғыр" деп қарғады. Сол мезетте көш үлкен қара тасқа айналып кетіпті-мыс. Белес-белес құм төбелерінің арасынан биіктігі 80 метрдей тас алыстан айқын көрінеді. Ол түйе үстінде отырған қыз бейнесіне ұқсайды.

САЛ ЕНЕ - қалайша "Соленый" болып кетті. 1900 жылдың қысы-жазы қоныстан ұзамай, жайлауға кетпей қозы-көш жердегі "Сал ене" тұмсығына отырып қалған қаралы ауыл. Осы ауылға бір күні 2-3 салт атты келіп түседі. Қанжығаларына байланған, мойындарына асынған асай-мүсейлері бар. Екеуі орыс, біреуі қазақ. Ауыл үлкендерінен жөн сұрасады. Темір жол салуға байланысты жер өлшеп, картаға түсіріп жүргендер болып шықты. Олар бұл жердің атын сұрайды. "Сал ене" қасында отырған соң ақсақалдар бір ауыздан "Сал ене" деп атай салады. Аудармашы қуан тып жатыр бұл жер енді картаға түсті, болашақта терім жол бекеті "Сал ене" деп аталатын болды дейді. Бекеттің атын "Сал ене" деп атап қойыпты деген хабар ауылға тез тарайды. Кейін ол орыс тіліне бұрмаланып "Соленый" атанып кетеді.

ШӨМІШСОР - бұл жердің аталу себебі көшіп-қонып жүрген ел жайлауға "Мүзбелгеннен" көшіп бара жатқанда сол сордың жағасына отырып шай-су ішіп қонады. Ертеңіне жолға жүруге жиналғанда шөміштері қалып қояды. Оны қайтадан базға көшіп келе жатып тауып алады. Осыдан шөміш қалып қойған сор "Шөмішсор" деп аталған.

ҚОПАСОР - сорлы көл. Ертеде Қопасор көлінің айналасы қалың қамыс, қоға болған. Қалың қамыс, қоғаны "қопа" деп, оратыс сорлы көл болғасын Қопасор деп атаған.

МҮЗБЕЛІ - аталу себебі Құмның бойында қыстаған ел көктем шыққасын жайлауға көшеді, кейде жаздың басы мамыр айының аяғына дейін Мүзбелі сайының бойында қара мұз жатады. Мұны көрген халық: "ой, мына жақ әлі мұздай ғой" - деп содан Мүзбел атанған.

ШАЛҚАР КӨЛІ - бұрын Есет Дәрібай көлі деп те аталған.

КӨКЖИДЕ - бұл жердің атауы жиде көп өсетін болғандықтан қойылған. Бұрын "Қызыл жұлдыз" колхозының орталығы болған. Жаңақоныс селолық округіне қарасты Көкжидеде тұрғылықты халық ауыл шаруашылығымен, мал өсірумен айналысады.

АҚТҮБЕК - жердің қолтығы. Түбірі түбек сөзінен алынған. Осы әдемі атау осы күнге дейін халықтың аузында жақсылыққа жорыған ырым сықылды аталады.

КІШІ ҚҰМ - бүйірдегі құм. Төртқараның бір бөлімі. Қашантұғыр мекендеген жері Тоғыз кең шарының аумағын алып жатқан құмның өз сыры мен тарихы бар. Шағылы көл өскен жер.

КӨКТЫМАҚТЫ - жердің аты. Аталуы атынан белгілі, түбір сөзі тымақ екені даусыз. Ал, сын есімді білдіретін "көк" сөзі сол тымақтың немесе көк аспанның түсін бейнелейтін болса керек.

ТҰМАЛЫКӨЛ - бұл атауды енді біреулер Тумалы көл деп те атайды. Оның мәні - бірнеше көлдерден туындап, пайда болған, көбейген деген мағынаны білдірсе керек. Бұлақтан шығып жатқан көлдің аумағын ескеріп те айтылатын болса керек.

ҮЛКЕН ТОМАН, КІШІ ТОМАН - жердің атаулары. Томан атауының мағынасы туралы дерек жоқ. Бірақ тарихи атау екеніне дау туғызбайды.

ҚАРАШОЛАҚ - Шалқардан 18-20 шақырым жердегі жердің аты. Биік қара төбенің кезінде Батақтың Сарысы серілік құрып аралаған жер.

"Басы еді Ұлықұмның Қарашолақ,
Аяғы жалғасады қара тамақ.
Суаттан қанып ігкен көп жылқымен,
Ортадан орын алған Тілеу-Қабак"-

деген өлең жолдары осыдан келген.

ТАЛДЫҚҰМ - талы мол шыққан құмнан қалған атау. Бұл жердің құмы қалың. Олай болатыны тал құмның жылжып кетуінен сақтайды.

ШЕТЫРҒЫЗ - кеңшар болған жер. Ырғыз өзенінің бергі шеті. Шалқар ауданына қарағандықтан Шетірғыз деп аталған.

НОҒАЙ ЖОЛЫ - Ұлы Борсықты жағалай отырып, үстіртке шығатын жер. Сам, Матаймен Қоңыратқа қарай көш жүрген жер. Осы жерден қиын заманда ноғайлылар Ауғанға қарай өтіп кеткен деген аңыз бар.

АРАНДЫСАЙ - терең сай. Осы сайдың ішіне киік айдап, биік жерінен секірте отырып, аң аулаған. Киіктер үркіп, Арандысайдың етегіне шаншып қойған қамысқа құлайтын болған. "Аран" сөзіне "сай" жалғауын жалғап, араны жұтып жатқан деген мағынаны білдіреді.

БІРШОҒЫР тауы - Бершүгір деп халық аузында аталып кеткен атауды орыстар бертін келе "Берчогур" деп бұрмалап алған. Тотан деген бай Біршоғырда санаторий ашқан деген аңыз айтылады. Негізі бір шоғыр тау деген мағынаны білдіреді деген болжам бар.

АЙРАҚ - тау аты. Батақтың Сарысының осы тауға арнап шығарған өлеңі ел аузында әлі күнге дейін бар.

БОҚТЫБАЙ тауы - Маңғырған мал, қой бағылған, жері малға шұрайлы тау.

БОҚАНТАЙ - бұл сайдың атауы. Уақ руы жайлаған жер болған. Атау шамамен 1815 жылдары аталған.

ЖОМАРТ көлі - балығы, құсы мол болғасын жомарт атанған.

ҚОПАСОР - екі мағынаны білдіріп тұрған сордың аты. Ертеде айналасында бұлақ болған деседі. Сол бұлақтан үлкен су пайда болып, сазанының салмақтылығымен ел есінде жатталып қалған. Қопа сол бұлақтан өскен, кейін су тартылып, сор пайда болған болса керек.

ОРДАҚОНҒАН - аңыз желісі бойынша Кенесары хан он жыл соғысып, кейін шегінгенде ханның Ордасы тігілген жер. Кіші жүздің тайпасымен сөйлескен жерді осылай атапты-мыс. Тағы бір аңыз Кілемжайған деген ұғыммен аталады дейді. Екі жүз қадам кілем жайылып, ханды қарсы алған көрінеді. Ханға сәлем бергендер кілемнің үстімен жаяу дүрген екен. Әзберген деген батыр кілеммен емес, жанымен атынан түспей жүргенге ұқсайды. Сол себепті өжеттігімен ел аузында аңыз болып қалыпты.

ҚЫЗДАР ШЫҚҚАН - Қыздар шыққан. Бір топ қыз ұрын келген күйеулерімен жаяулап қырға шығып келеді. Мезгіл желтоқсан айы екен. Биік қырдың басына шығып ойын дүкені қызған кезде алай-түлей ақ боран болып, жастар бағдарынан айырылып қалады... Ертеңгілік жылқышылар үйме-жүйме болып мәңгілік ұйқыға кеткен жастарды тауып алады. Кейін барлығын бір қорымға жерлейді. Ел бұл биікті "Қыздар шыққан" деп атап кетеді.

ОҢАЛБЕК - Оңалбек - кіші жүздің батыры. Ол ел билеу ісіне араласқан. Оңалбекке арнап XVIII ғасырда сәулетті күмбез тұрғызған. Ол күмбездің бір ерекшелігі - қыры жоқ, дөңгеленіп келген. Тамның кірпішінің қалыпын әдейілеп, ойылып істелген. Тамның бұрын төбесінде мақпал болған. Маңдайшаға тоқылған жиде салынған. Тамның іші шымылдық. Бұл там ноғайлы заманында салынған. Осы тамның жанындағы сайдың жиегінде қарағай, жыңғылдар өседі. Там Шалқардан 45 шақырым Балғасын жерінде.

Оңалбек мазарын Республикалық тарихи ескерткіштер қорғау тізіміне алынды.

АЯҚҚҰМ - аудан көлеміндегі Қарашолақ қырынан бастау алатын Үлкен Борсық құмдарының бір бөлігі - Ұлы құм аудан орталығынан оңтүстікке қарай 100 шақырымға созылып жатыр. Содан ары қарай Жінішке құмынан басталып, Қоян құлақ - Қос құлақ шоқысына дейін 120 шақырымға созылып, көлденеңі 40-50 шақырым құрайтын құмдар тізбегін Аяққұм деп атайды. Атайы көрсетіп тұрғанындай, ол Үлкен Борсықтың аяқ жағы, Ұлы Құмның оңтүстігіндегі жалғасы болып табылады.

БОДАН - жаратылысынан бойына біткен сезімталдығы, табиғатқа зер сала жүре өмір тәжірибесіне, аң-құстың қимыл әрекетіне, жұлдыздарға қарап ауа-райын болжаған адам ретінде белгілі.

Көне көз ауылдас қариялар арасында "Бодан айтқан" деген әңгімелер көп. Өз баласы Қ.Боданов былай дейді: "Әкем марқұм "Қарағым осы бүгін, еру бола тұрып, ертең-ақ жүрсен

қайтеді" дейтін кейде. Бірақ сол сәтте күн шайдай ашық, ауа райы аяқ астынан бұзылады деген ой еш қаперге келмейтін. "Қызықты" ауылдан ұзай бере көретінбіз. Барлық жол сапардағы сәтсіздіктерді әкемің болжауына ұйғарудан аулақпын, әйтседе көп жағжайжа айтқаны айна қатесіз дәл келетін. Әкемің түн ортасында жұрт шырт ұйқыда жатқанда екі-үш рет далаға шығып, жұлдыз қарап, топырақ үйіп, өзінше тәжірибе жасап жүргенін талай көрдім. Ал күндіз ұшқан құс пен жорытқан аңға, үй жануарларының қылуасына зер салатын". Бодан ақсақалмен ауылдас болған Қайырла Бекбашев: "Бодан ақсақалдың бойында, жүрәс-тұрысында, қылуасында бір ерекшелік бар сияқты көрінетін. Жалпы ол кісі ауа-райын болжаумен тым ертеден бері шұғылданған адам. Жол сапарда дәл сол кісі айтқандай-ақ күн райы күрт өзгеріп, жауын-шашын, жел тұрып, мінез көрсететін және сол өзі айтқан уақытта сап басылып, жарқырап ашылатын".

Сонымен бірге, тарихи оқиғаға байланысты қойылып, оқиғасы ел жадында мықтап сақталған жер атауы – Шалқар ауданындағы «**Адай ұшқан**» топонимі. Бір кездерде қазақ қоғамында жер дауы, жесір дауы секілді даулар болып, нәтижесін ру аралық қақтығысқа дейін барғандығы белгілі. Ел ішіндегі барымта да сол даулардан туындап жататын қазақ қоғамына тән құбылыс еді. Міне, осындай даулар салдарымен Шекті руы мен Адай руының арасында алақөздік пайда бола бастаған тұста екі елдің ақсақалдары бас қосып, екі рулы елдің арасы ажырамас үшін мәмілеге келіп, елді бітімге шақырады. Басқосу нәтижесінде екі рудың сөзін ұстаған ақсақалдар баталасып, батасын: «Осы батаны бұзған адамның арты қуылсын, алды буылсын!» деп аяқтаған екен. Міне біраз уақыт өткеннен соң осы бата бұзылып, бір адай жігіті Шекті елінен жылқы қуып әкетеді. Хабар жетісімен оның артынан қуғыншы да шығады. Осылайша үйірімен жылқы қуып бара жатқан адай жігіті бір жерге келгенде түн қараңғысында аңғармай қалып, алдындағы жылқысымен қоса өзі де ат-матымен жардан құлап, қырылады. Міне, осы оқиғадан кейін бұл жер Адайұшқан аталған және осындай бата бұзып өрескел әрекетке барған адай жігітіне байланысты оқиға аңызға көшіп, тәрбиелік сипатымен де халық жадында мықтап сақталған.

Табиғи орта өзгерістерін анықтауда топонимикалық зерттеулердің маңызы арта бермек. Төл атауларымыз арқылы мағыналық жүктемесі көрініс тапқан топонимикалық деректерді әлі де зерттеп, ғылыми түрде «қуәландырып», айғақтаудың маңызы зор. Антропогендік, техногендік әрекеттің әсерінен өзгерген табиғаттың бұрынғы сипатын айғақтайтын дәлелдерді жергілікті жердегі атаулардан көруге болады.

Топонимика ғылымы, әсіресе, тіл, тарих, география ғылымдарының ұштасуы арқылы өз нәтижесін бере алады. Атауларды тарихи лингвистикалық, этимологиялық, географиялық, лексика-семантикалық, этнографиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеудің маңызы зор.

Қорыта келгенде, Шалқар өңірінің жер-су атауларының шығу тәркіні, аталуы өте ерекше, тарихи, аңыз әңгімелерге негізделген. Туған жерге ата-бабамыз елге қорған болып, тағдырын ойлап, әрбір ағашын, тау-тасын, бұлағын аялап, жер бедерінің ой шұңқырына, өзен-көлдеріне лайықты атаулар еншілеп отырған. Жер тарихы - кешегінің бүгінге қалдырған, бүгіннің ертеңге енші болар жылнамасы. Тарихты жоқ ете алмайсың. Ол өмірдің дінгегі, оны айналдырып отырған бір бөлшегі болғандықтан ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Төлебова Дәмеш Шалқар географиясы. Шалқар, 2002. 88 б.
2. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе, 2007. 226 б.
3. Ақтөбе энциклопедиясы. Ақтөбе, 2001. 748 б.
4. Шалқар ауданына 80 жыл. Ғасырларға пара-пар жылдар. Шалқар, 2012. 305 б.
5. Шалқар энциклопедиясы. Шалқар, 2009. 334 б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ғылыми жетекшісі: Оразаева Ж.Ж. - т.ғ.к., аға оқытушысы
Автор: Әлішова Жұлдызай - ОПДК мамандығы Ікурс студенті

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық алтын, қайтып келмес күнінде
Ойын ойнай, шыбын-шіркей қуған жер!
Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім,
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық берер Шолпан, Айым, сен – күнім!

Замандастарынан оза туған ақын Мағжан Жұмабаев жырға қосқан өлең шумақтарындағы өмірімізге жарық берер нұрлы шуағым, болашағымның бастауы - туған жерім маған да ыстық.

Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы бұрынғы Сарыбұлақ совхозының №4 фермасы «Алақозы» деген кеңшарда орналасқан. Бұл жер Ұлы Борсық құмының шығыс жағында табан тепкен. Елді мекен ауданнан шалғай жатқандықтан, жол қатынасына қолайсыз болғанмен, малға жайлы, шұрайлы. Осы уақытқа дейін жеті жұрт өткен. Небір бай мен болысқа, ел бастаған көсем мен тілге жүйрік шешенге мекен болған. Мен үшін «құмы – құт, жері – қуат, күні – шуақ».

Мен туған елді мекен тектен-текке «Алақозы» деп аталмаған. Көшпелі тұрмыстағы ел қыс қыстауынан, жаз жайлауынан қоныс тауып жүргенде көк аспанға көз салып, көк Тәңіріден медет сұрап, жердегі көкке мал жайған.

Бір заманда табиғат оянып, жердегі қардың көбесі сөгіліп, көктеуде ел малын төлдеткен. Жайлауға көшкенде, бір биіктің басында маужырап ұйықтаған қозы қалып кетіпті. Алты ай жаздың аптабы кетіп, күздің қоңыр салқыны келгенде, ел күзеуіне қайтып көшіп келсе, сол биіктің басында ала қозы жайылып жүр екен. Туған жердің топырағы мал баласын бауырына басып, төсінен қуат берген. Содан осы биік қыр «Алақозы» деген ат алған.

Бұл туралы Шалқардың шабыт дарыған топырағынан шыққан Әбдікани Аймағамбетов деген тілші қаламгер ағамыз былай деп толғайды:

Жер көрсең Алақозы биігіндей,
Оқшау тұр үріккен дала киігіндей.
Талай жолдар жанынан өтіп жатыр,
Ол биік сол жолдардың түйініндей.

Тоқсан жол осы жерде тұйықталған,
Аңыз боп сол бір шоқы ұйып қалған.
Ертеде бір бай ауыл көшкенінде
Бұл жерде жалғыз қозы ұмыт қалған.

Сол төбе бір қозыға құндақ болған,
Су берген маңындағы бұлақтардан.
Жүріпті ала қозы алты ай жазға,
Төбе басын мекен ғып күн қақтаған.

Қозыны тірлік еткен шөлде, күнде
Сол биік аңыз етіп тербетуде.
Өмір үшін күн кешкен бір қозының
Шоқы боп аты қалған жер бетінде.

Алақозының биігі теңіз деңгейінен әлдеқайда жоғары. Биік қырына шыққанда, басында қияқ пен қамыс бар. Есте жоқ ерте заманда осы қырдың басында бұлақ болған деседі. Оған дәлел – қырдың басындағы бақалшақтар. Бақалшақтар су астында кездесетін жәндіктердің сыртқы қорған қабаты емес пе? Бұл дегеніңіз – туған жердің қасиет дарыған топырағы, малы мен жанына дем берген бұлағы.

Алақозы, Дамбар-ай,

Бауырыңда мал бар-ай, - деп, ата – бабаларымыз жырға қосқан осы құтты мекенде заманында 19 мың қой, 1500 жылқы мен 1 табын түйе, 2 табын ірі қара мал бағылған. Жердің шұрайының арқасында қой ғана емес, сиыр мен жылқы да егіз төлдеген. Төл алу науқаны кезінде егізден санақ тапсырып, алдыңғы қатарда болған. Одақтың туын ордасында көтерген.

Кейін совхоз тарап, күштеп ұжымдастырудың тауқыметі туғанда, Жарқораның басындағы жұрт тарыдай шашырап, тарап кеткен. Ел мен жердің қадірін көрген қалталы азаматтардың қайта барып, мал шаруашылығын өркендетуге күш салып жатқан жайы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Из истории Актюбинской области. Актобе, 2006.
2. Мощенский В. Исторические материалы города Актюбинска. //Актюбинский городской вестник, 1913, №4.
3. Проскурин В. Илек-сквозь сито времени. //Простор, 1998, №9
4. Назарбаев Ж. Когда Актюбинск был уездным городком ... //Актюбинский вестник, 10 августа, 2001 г.

Тасқопа атауының шығу тарихы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ғылыми жетекшісі: Оразаева Ж.Ж. - т.ғ.к., аға оқытушысы
Автор: Сисенова Мөлдір - Пимно мамандығы Ікурс студенті

Қоғалы-Тасқопа ауылының шығысындағы 8 километр қашықтықта орналасқан. Қоғалы-Ащыойыл өзенінің бір саласы. Жері ащы, сор, тұзды. Қыста қар аз түседі, қатпайды. Қоғалы жері Байғанин ауданының шекарасымен шектесіп жатыр.

Сарықолқа-Тасқопа ауылы 12 км қашықтықта орналасқан. Аумағы 30 мың га жерді алып жатыр. Шабындық әрі жайылым ретінде пайдаланылады. Жері құмды. Еркек, шағыр, сүттіген, жусан, қоңыраубас, боз, изен шөптері өседі. Сарытөбе-Ақсай ауылы солтүстік-батысқа қарай 7 км жерде Мүсіртау, Айыртаулардан биікте боп орналасқан. Жалпы биіктігі-70 метрге жуық. Қомыт-Тасқопа ауылынан оңтүстік-батысына қарай 13 км қашықтықта орналасқан. Ащыойыл өзенінің сол жақ саласы. Жері құнарлы, шөбі шүйгін. Қыстау ретінде пайдаланылады. Маусымдық мал жайылымы. Қомыт кезінде мырза, сері болғандықтан, сол кісінің есімімен аталған.

Шонық-Ащыойыл өзені бойындағы мал қыстайтын орын. Жері құнарлы, шөбі шүйгінді. Шонық деген «Әулие» ананың есімімен аталады. Қазіргі уақытта «Қыдырәлі» шаруа қожалығы пайдаланылады. Көптам-Тасқопа елді-мекенінен 7 км қашықтықта орналасқан. Ащыойыл өзенінің екі бетін алып жатыр. Ескі қираған қаланың орны. Қала күйдірілген кірпіштен салынған. Қазір төмпешік ауыл ақсақалдарының айтуынша ғасырда Шыман ханның ордасы болған. Көптам «Көп уй» деген мағынаны білдіреді. Мал қыстауға оңтайлы. Көптам бөгеті бар. Қазіргі уақытта «Ащыойыл» шаруа қожалығы иелік етеді.

«Шұбаржылан» жері Тасқопа ауылының шығыс жағындағы 12 шақырым жерінде орналасқан. Шұбаржылан Ащыойыл өзенінің ең үлкен саласының бірі. Торғай өлген

биіктігінен бастау алады. Жері құмды. Шұбаржыланның сайында қараған мол өседі. Сайы терең, баурайы тік жарлы болып келеді. Ертеректе Тастан, Жабс-Жұбат деген байлардың жайлауы болған. Тастан қалап, үй, мал қоралар салған. Сол себепті жер атауы «Шұбар жылан» деп аталған.

Осыдан 150-200 жыл бұрын осы Тасқопа өңірінде түздің жабайы аңдарынан басқа ештеңе мекендемеген екен. Ойыл жақтан нағашыларына қыдырып барып, кері еліне келе жатырған Сұлтанбек деген Құрманқожа руынан шыққан батыр жігіт осы өңірге жеткенде, жетегіндегі Кербиесі жүрмей қалады. Қатты шаршаған Сұлтанбек бұйырсаң менікісің, бұйырмасаң ит-күстікісің деп биені тастап кетеді. Келесі жылы Сұлтанбек кері оралса, бие құлындап тұр екен. Сұлтанбек айнала табиғатқа сүйсіне қарап, өзі тұрған төбені манағы кер биенің түсімен «Кер бие» деп атаған және өз туыстарын осы жерге көшіріп әкеліп қоныстандырады.

Қазіргі «Сазанбай», «Қомыт», «Түз», «Балапан», «Шонық», «Шилаша», «Кенелдік» деген жер аттары сол Сұлтанбек батырдың туыстарының аттары екен. Жер аттарының кейбіреуіне анықтама беріп кетсек. Мысалы, Балапанның жалғыз ұлы болған, ал оның жалғыз тайы бар екен. Қамыс арасындағы жабайы жолбарыстардан қорқып, көзінен таса қылмай жайып жүргеннің өзінде бір жолбарыс тайды жарып кетеді. Қатты ашуланған бала үстің қыл арқанмен таңып, қылышымен жолбарыспен соғысады. (қолына нар кескен деген қылышты пайдаланады). Сол арпалыста жігіт те, жолбарыс та өледі. Бір кереметі сол жолбарыс өлгеннен кейін ну қамыстың ішіндегі жолбарыстар басқа жаққа қоныс аударып, жоқ болыпты.

Табиғаты керемет жерге жан-жақтан өзге рулардың адамдары қоныстана бастаған, сөйтіп осы жер тарихи оқиғалардың денін кешіреді. Атап айтсақ, алғашқы колхоздастыру кезеңдерін бастан кешірген. Ірі байларды тәркілеу кезеңінде «Түз» деген жерді мекен еткен Сары деген байдың (Құрманқожа руынан шыққан) мал-мүлкі тәркіленеді; оның туған ағасы Жаңабай сол Түз деген жерде жерленген құлпытасы, бейіті сақталған.

«Кенелдік» жер аты-Құрақ қамыс арасы су. Сол судан балық аулап қарық болған ел осы жерді Кенелдік деп атап кеткен, ол жерден әлі балық ауланады. Елібай-Бұл да Құрманқожа руының атақты байы екен. Жазғытұрым биелерін осы ойға құлындатып, өзі төбеден қарап тұратын көрінеді, сонда биелерінің көптігі соншалық ойда ине шаншар жер болмайды екен. Қазір бұл жер Елібайдың ойы деп аталады. (Тасқопаның күншығысында Қарауылкелді мен аралықта)

Тасқопа елді-мекеніндегі тағы бір ерекше жер-«Түз». Қадімгі ауыл адамдарына ертеден емдік қасиетімен дарыған аймақ, қазір алыс-жақыннан шілде айында адамдар келіп, түсіп жатады. Тарихта бұл жерді Қалкеннің тұзы дейді. Ертеде жерге таласып, сол жер үшін Қалкен деген атамыз қаза тапқан бейіті сол жерде жатыр.

«Шұбаржылан». Ащыойыл өзеніне құятын үлкен саласы ұзындығы 20 шақырымды құрайды. Сала қара сулы, талға толы, жағалай ертеден ел қоныстанған, жайылымы мол, ықтысыны мол, көк шұрайлы жер. Судың ағысынан сайдың ернеулері қатпар-қатпар тасты иледі және ордасы сары түсті жолағы көп жер, сондықтан Шұбар жылан деп аталған.

«Тіксай». Бесбұлақ колхозының орталығы қазіргі Тасқопа елді-мекенінен 30-40 шақырым қашықтықта жатыр. Алабы кең, бір ауыл түгел сиып кететіндей тік жарлы сай үстінде жатқан шұрайлы мекен осыдан «Тіксай» деп аталған.

«Бесбұлақ». Бесбұлақ колхозының егін салатын, мал бағатын, бұлақты, шұрайлы жазығы. «Еламан бұлақ», «Ырсай бұлақ», «Теріс бұлақ», «Тамды бұлақ», «Тіксай» бұлақтарының қосындысы ретінде «Бесбұлақ» деп аталған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тулеуова Г. О городе, Татарской слободе и Оторвановке. // Актюбинский вестник, 18 июня 1999 г.
2. Султангалиева Г.С. От крепости до современного города. // Арба, №22.

3. Балдыгарина Р., Баранкулов М. Следы далеких лет. //Городские новости, 1998, №11
4. Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов XVIII-начало XX вв. Уфа, 2001.
5. Черников К.С. Актюбинск в прошлом и настоящем. Актюбинск, 1960
6. Хроника важнейших событий Великой Октябрьской социалистической революции на территории Актюбинской области. Актюбинск, 1967.
7. Бакытжанов Г.К. Исследования и сведения геологов о хромитах Донского рудника города Хромтау. //Материалы международной научной конференции Арало-Каспийский регион в истории и культуре Евразии. Актюбе, 2006. Часть 2.

Ақтөбе облысының топонимикалық жағдайы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ғылыми жетекшісі: Оразаева Ж.Ж. - т.ғ.к., аға оқытушысы
Автор: Қабыл Жанаргүл - Пимно мамандығы І курс студенті

Еліміз өз алдына егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болып, еңсе тіккеннен кейінгі кезеңде оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық мәдениет пен ел тарихын, табиғатын, экологиялық, әлеуметтік жағдайын тереңірек түсінуіне, яғни ұлттық дүние танымын қалыптастыруға ерекше назар аударыла бастады. Демек, қазіргі таңда туған өңіріміз аумағын жан-жақты зерттеуде ғылыми жұмыстардың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Өңіріміздің тарихи-географиялық жағдайын зерттеп білуде географиялық атаулардың мәнін ашудың маңызы зор. Өлкетанудың теориялық және тәжірибелік иірімдерін зерттеумен айналысқан Қазақстанда өлкетану білімінің алғашқы негізін салған қазақтың бір туар ғалымы Ш. Уалиханов еңбектерінде халықтық топонимикалық мағлұматтардың табиғи ортамен қатысы көрсетіледі.

Қазіргі кезде атау беруде «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы №45 қауысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы» басшылыққа алынады.

Жер - су атауларын ғылыми тілде "**топонимика**" дейді. Бұл грек сөзін қазақшаға аударсақ "мекен немесе орын атауы" деген мағына береді. Топонимика-кешенің бүгінге қалдырған, бүгіннің ертенге енші болар жылнамасы. Ол өмірдің дінгегі, оны айналдырып отырған бір бөлшегі болғандықтан ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады.

Топонимдер халық берген дұрыс нұсқасын барлық жағдайда және басқа тілдерде дұрыс жазылуының маңызы зор. Халықтық географиялық терминдердің топонимикалық зерттеулердегі маңызын белгілі топономист Әділбек Нұрмағамбетұлы «Жер-судың аты-тарихтың –хаты» деп айтып кеткен. Ертеде өткен ата-бабаларымыз солардың әр қайсына атау қойып, айдар тағу жағынан жай ұқыпты ғана емес, шебер де тапқыр болғандығын байқаймыз.

Қазақ халқының атам заманнан орнығып, өмір сүріп жатқан жерінің аумағы қандай көлемді кең екенін білеміз. Осы ата мекенімізге өзен, көл, тау секілді жер бедерінің меншіктелген атаулардың да мыңдап саналатыны белгілі. Ойыл атауының өз тарихы бар. Ойыл ойлы-қырлы жер дегенді білдірумен қатар, бұрын осы жерде жүн жәрмеңкелері көп ұйымдастырылып жүн сатылатын болған. Ал Тассай атауы болса Хромтау ауданындағы селолық округ орталығы өзенінің тасты болуына баланысты. Шұңқыркөл-Байғанин ауданының шұңқырында орналасса, Мыңшұңқыр-Шалқар ауданында орналасқан. Бір еске алатын нәрсе- халық арасындағы жер-су атауларының мағынасы турасындағы жорамалдарға көп жағдайда аңыздар негіз болады. Ел аузындағы осы іспеттес әңгімелерге Темір ауданы жақсы мысал болады. Ұзақ жылдар бойы темір

атауымен уезд, аудан аталып келе жатыр. «Темір» атауы ерте кездегі әңгімелерде, жырларда кездеседі. Бағзы заманғы тарих бізге ауыз әдебиеті арқылы, кең тараған фольклорлық үлгіде, бәлкім байытыла, әрлене, ұлттық ерекшелігіміз бен мәдениетімізге тән үлгіде жетсе керек. Бірақ қазақ асыра мақтағаннан гөрі, сол елдің салтын, жерінің атауын имене атап, аруақты ардақтап, әбестік сақтап, мүмкіндігінше қазқалпында айтатындығын ұмытуға болмайды. Жер атауы белгілі бір ортаның ерекшелігіне, табиғатына, оның климат ерекшелігіне байланысты қойылады. Содан соң ол бұрын ат үстіндегі жолаушыға бағыт-бағдар бере алатын карта сияқты, айқындаушы мағына білдірген. Мысалға Шалқар ауданын алатын болсақ, Шалқар аталу себебі – осы жердегі қос көл шалқыған балаусалы, құрақты, жасыл желекті жер болған. Жергілікті ата-бабамыз осы жерді «Қос Шалқар» кейін, Шалқар деп атаған. Ал Мұғалжар ауданы территориясындағы топонимикалық атаулардың қазақ халқының тарихына байланыстылығы мол. Әбиля Махамбеталықызының айтуы бойынша ертеде Адай-табын елінің Мұғал деген батыры оғайындарына өкпелеп елінен көшіп, осы күнгі Мұғалжар тауларын мекендеген екен. Бұл тау бір заманда Мұғалжар тауы деп аталған. Болжамдар бойынша Мұғалжар тауы, мұңалған, көне, кәрі тау деген мағынаны білдіреді.

Қазақ өңірінде кен орындарының көне заманна белгілі екендігіне географиялық атаулар соның ішінде пайдалы қазбалардың негізінде қойылған халықтық атау толық дәлел болып табылады. Мысалы Хромтау, Никельтау, Мыңшұңқыр, Көктау атаулары. Хромтау жерінен хром кені өндірілгендіктен, оның қалдықтары тау-тау етіп үйіледі. Осыған байланысты «Хромтау» атауы лайықты деп танылған. Никельтау сол жерден никель кені жиі кездескеннен өз атауына ие болса, мыс пен кен өндірілген жер Көктау деп аталды. Жер-су атауларының арасында ұшырасатын бөгде тілден енген сөздерге жатсына қараудың жөні жоқ. Өйткені халықымыз өзінің мыңдаған жылдық өмір жолында түрлі тарихи тағдырды бастан кешіп, алуан нәсілді жұртпен араласып тұрды. Осының нәтижесі жер-су атауларында да өзінің ізін қалдырды. Оның ішінде көбіне орыс, монғол, иран, араб, парсы тілінен алынған сөздер де жолығып қалатыны рас. Хазірет, Ново-Федоровка, Покровка, Григорьев, Мамыт, Біршоғыр топонимдері өзге тілден еніп, кейбіреуі төл атауына алмастырылды. Мысалы Ново-Федоровка – Мәртөк ауданындағы ауыл. Бертін келе халық өз атауымен атай бастаған Ақмоласай жері – сайдың басында орналасқан ақ молаларға байланысты аталып кеткен. Ал Покровка атауы туралы айтатын болсақ, Полтавадан келген бір топ өзге ұлт өкілдері 14 қазан күні Қызылсай төңірегіне келіп орналасты. Бұл күні орыстардың Покров мейрамы еді, сол себепті село Покровка деп аталды да кете барды. Енді бір топонимдер таза тарихи адамдар аты болып келеді, адам атының жер-су атауына ауысуы сол жерді мекен етуіне тікелей байланысты. Бұл антропонимдер қатарында тарихты аты қалған белгілі тұлғалар есімі де, қарапайым адамдардың атымен аталатын кездеседі. Мысалы, Байғанин-Ақтөбе облысының ауданының бірі. Бұл ауданның бастапқы атауы «Табын» болған. Бұлай аталу себебі, осы жерді үлкен «Табын» дегне ру мекендеген және осы ауданда бір күйші болған. Бұл күйшінің аты Нұрпейіс Байғанин. Ол түркі ақындардың күйлерін орындаумен қатар өз күйлерін де шығарған. Бұл күйші көз жұмғаннан соң жоғарыдан ауылға күйшінің аты берілді. Шалқардан Ақтөбеге қарай 18 шқм жердегі темір жолда «Ұлпан» бекеті бар. Ол Ғабит Мүсіреповтың жұртшылыққа танымал болған «Ұлпан» романындағы апамыздың құрметіне аталып кеткен. Сонымен қатар ғылыми жобамда қызықты топонимдер кездеседі. Мысалы: Бестамақ, Қармақкөл, Көксенгір, Бопай, Жилиянка, Оторвановка және т.б. Айта кетсек, Бестамақ-Алға ауданында орналасқан елді мекен. Бұл Елек өзеніне келіп құятын 5 кішкентай өзен бар. Өзендер Елекке тармақталып келіп құйылады және оған зер сала қарағанда Елек қоректеніп жатқандай болып көрінеді. Яғни, бұл 5 тармақ тамаққа ұқсағандықтан «Бестамақ» деп атаған. Өзіндік тарихына ие топонимдер қатарына «Оторвановка» жатады. «Оторванок» бұл атаудың шығуы туралы 2 пікір бар. Біріншісі, ауыл орталықтан қашық болғандықтан тұрғандар жұмысқа ат арбамен қатынаған. Осыған орай «ат арбаны» байланыстырып, «Оторвановка» деп атайды. Екіншіден, 1890 ж

украиндер,орыстар қазақ жеріне қоныстанған бірақ,олар тұрғындардан оқшау тұрып «оторвано от людей» осы тіркесті пайдаланып айтқанда «Оторвановка» деген атау пайда болды.Қазіргі кезде бұл топонимдер ономастикалық комиссия мүшелері қазақ тіліне аудару ісін жүргізіп жатыр.Менің мақсатым-ғылыми ізденіс арқылы бірқатар ақтөбе облысының жер-су атауларының сырын ашып,алғашқы мағыналарын табу.Ақтөбе облысы Қазақстанның солтүстік-батыс өңірінде орналасқан.Облыс 12 қалалық,және әкімшілік аудандарға бөлінген.Әкімшілік орталығы-Ақтөбе қаласы.1913-1914 жылдары екі аптада бір шығып тұратын "Актюбинский городской вестник" журналның авторы В.И.Мошенокский өзінің "Ақтөбе қаласының тарихи материалдары" очерктерінде былай деп хабарлайды: "Ақтөбе мекенінде отряд орналасып, осы жердегі екі төбеде Ақтөбе бекінісінің негізі қаланды,сол екі төбенің бірінің ең биік жерінде (солтүстікке қарай) ақ тастардан қаланған ескі мұсылмандар зираты болды. Мекеннің Ақтөбе деп аталу себебі осыдан,яғни ақ шың немесе ақ тау..."

Мәртөк ауданы тарихқа тұнып тұр, сонымен қатар ауданның топонимикалық жағдайы басқа аудандарға қарағанда ерекше әрі топонимикасы орыстанып кеткен.Мәртөк ауданының тұрғындары, ерлі-зайыпты Жұбанов Боранбай мен Жұбанова Несіп ата-әжеміздің айтуы бойынша Полтавадан бір топ өзге ұлт өкілдері келген жылдары Мортқық жеріне көп келуінен, Кеңес үкіметінің орыстандыру саясатын жүргізу салдарынан қазақ жеріндегі географиялық объектілерге құқықтық, тарихи, ғылыми, әлеуметтік тұрғыдан негізделмеген атау беру орын алған. Ол кісілердің айтуы бойынша Мәртөк ауданында бірнеше ұлттың өкілдері тұрады. Аудан тарихы, соның ішінде елді мекен, су, жер атауларының тарихы да талай өзгерістерге ұшыраған. Мәртөк ауданындағы 49 елді мекеннің 27-сі орысша аталған. 1865 жылы Ақтөбе бекінісінің салуына байланысты қалаға қоныстанушылар келгеннен кейін құрылыс саны көбейе бастады. XX ғасырдың басында Орынбор-Ташкент темір жолының салына басталуы, Украина, Ресей жерлерінен көшпенділердің ауданға келуін тездетті. Соның әсерінен Мортқық ауылы Мартук атанып кеткен. Мәртөк ауданның орталығы, «мортқық» сөзінен пайда болған. Мортқық сөзі өзен және шөп атын білдіреді. Бұл шөп «мортқық» деп аталған. Ерте көктеп шығатын бұл шөп мал шаруашылығына пайдалы болғандықтан, егістігі мен шабындығы мол алқапқа көшіп келушілер көп болған. Қазір орыс топонимдері өз аттарын иеленіп, көбісіне қазақи жаңа аттар берілуде. Олар:

Бұрынғы атауы	Жаңа атауы
Андреевка	Қызылжар
Степановка	Құрмансай
Яйсан	Жайсан
Чилисай	Шилисай
Чайда	Шаңды
Карачаевка	Қарашай
Ново-Федоровка	Ақмоласай

Мәртөк ауданының орыстанып кеткен топонимдерін айтқан кезде есімізге бірден Рыбаковка ауылы түседі. Рыбаковка селосы – балықшылар ауылы емес. Ол-Орынбор жеркомының жер өлшеушісі Валентин Андреевич Рыбаковтың аты.Ал тың игеруші Федордың өзі басқарған елді мекенді «Новофедоровка»деп,әйелі Вераның атын «мәңгі есте қалдыру» мақсатында екінші бір елді-мекенді «Веренка» атауының біреуі намысы бар әр қазаққа ой салса керек.Ономастикалық,топонимикалық атаулар халықтың рухани жады,ол атауларда үлкен наным, үлкен таным бар,мағына бар.Сондықтан жас ұрпақ отанды сүйгіш болу үшін оларға топонимикалық сауат қажет.Жер-су аттарының қалай пайда болғанын біліп жүруіміз қажет. Себебі:әрбір қаланың,көшенің,өзеннің тарихы бар емес пе?Сонымен,қорытындылай келе, Ақтөбе облысындағы жер-су атауларының

лексикалық-грамматикалық сипатымен қатар, ел тарихын зерделеуге септігін тигізер қырлары баршылық. Сондықтан талай сырды бойына бүккен бұл жер-су атауларын талдап, таразылаудың маңызы зор болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тарасенко Ф.Н. «АЗФ построен «врагами народа» // Диапазон, 4.05.2006.
2. Сәрсембина Қ.Қ. Қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер (Ақтөбе облысы бойынша). // Историческая наука в XXI веке. Материалы международных Бекмахановский чтений. Ч.1. А, 2001.
3. Есеркепов А.К., Тажибиев М.К. История Актюбинской области (1917-1991 гг.) Ақтобе, 2002.
4. Байдосов З.Б. Сейтпагамбетов Ж.С., Нуржанов Р.Н. Актюбинская нефть: история и современность. Ақтобе, 2000.
5. Нурышев Г.Ж., Султангалиева Г.С. Актюбинский учительский институт в годы ВОВ. Ақтобе, 2005.
6. Ақтобе. Энциклопедия области. Ақтобе, 2002.
7. Отчет акима области Е.Н. Сагиндикова по итогам социально-экономического развития Актюбинской области за 2005 г. // Актюбинский вестник, 14 февраля, 2006 г.
8. Грейз М. Актюбинские сплавы. А, 1964.
9. Актюбинцы-Герои Советского Союза. А, 1966.
10. Байдосов З.Б. Қуғын-сүргін құрбандары. Ақтөбе, 1997.
11. Оразымбетов С. Ырғыз. Алматы, 1994.

Кілемжайған жерінің топонимикасы

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ғылыми жетекшісі: Оразаева Ж.Ж. - т.ғ.к., аға оқытушысы
Автор: Мұхамбет Динара - химия мамандығы І курс студенті*

Туған жер адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланыстырады. Міне сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген сезім оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған кент. Менің Отаным кішкентай болса да мен үшін аса қымбат жер Әйтеке би ауданы, Ақтөбе облысының солтүстік-шығыс бөлігіндегі әкімшілік бөлініс. Жер аумағы 36,3 мың км шаршы шақырым. Аудан орталығы-Комсомол ауданы. Тұрғыны 26 мың адам, орташа тығыздығы 1 км-ге - 0,9% адамнан келеді. Ұлттық құрамы: қазақ 93,6%, орыс 4%, украин 0,9%, татар 0,4%. Аудан 1997 жылы Қарабұтақ пен Комсомол аудандарының таратылуы нәтижесінде құрылды. Ауданда отыз екі елді мекен бар. Жеріміздегі мындаған атаулардың шығуы пайда болуы, дамып өсуі – талай ғасырлардың куәсі, біздің заманымызға жеткен бай қазына, асыл мұра. Қазіргі қазақ жерінде сан қилы тарихи оқиғалардың болып өткені бұл қасиетті де, құдіретті жерімізді талай ұлыс, тайпа ел халықтың жайлап мемлекет құрып ғұмыр кешкендігі тарихтан мәлім. Сол секілді өз жерімнің де тарихына тоқталып өтуді жөн көріп отырмын. Өлкеміздегі тарихи жер атаулының қалыптасуын халық Кенесары ханмен байланыстырады. Ырғыз өзенінің солтүстік жағалауында, Әйтеке би ауданының Ақкөл селолық округінің оңтүстік батысқа қарай он төрт шақырым жерде орналасқан Кілемжайған жерінің атауы туралы мәліметтер бірнеше нұсқасын жергілікті тұрғындар төмендегідей түсіндіреді. Кенесары Қасымұлының арқадан ығысып, Кіші жүз жеріне келгендігі тарихтан мәлім. Сол кезеңдерде Кенесары күндес әйелдерінің қияс әрекетінің нәтижесінде кіші әйелі, атақты батыр Жанқожа Нұрмұханбетовтың қарындасына зәбір көрсетіп, бұрымын кесіп, танауын тіліп елден шығарып жібереді. Осылай елсізде келе

жатқан оған Сыр бойының патшалы Ресейден келе жатқан сауда керуені жолығып, Жанқожа батырға табыс етеді. Жанқожа батыр қарындасынан барлық мән-жайды сұрап әбден қаныққан соң, қарындасының кінәсіздігіне, тек күндестіктің құрбаны болып отырғанына көзі жеткесін, айналасындағыларға хабар беріп қалың қолмен атқа қонып, Кенесарыға аттанады. Бұл хабарды естіген Кенесары ел арасының бұзылуынан сескеніп, қазіргі Әйтеке би ауданының сол жерінде кілем жайып Жанқожаны зор құрметпен қарсы алыпты деседі. Міне содан бері бұл жер Кілемжайған атауына ие болып бүгінгі күнге дейін солай аталады.

Тарихи қазынаға бай- өлкенің негізгі діңгегі, басты тарихи мұрасы –Кіші жүз ханы Әбілқайырдың мәңгі тыныс тапқан жерінің орналасуында Әбілқайыр Мұхамбет ғазиз Бахадүр хан Кіші жүздің ханы, қолбасшысы 1990 жылы архивтерде бұрын ашылмай жатқан қорларда іздестіріп Петербург, Мәскеу, Орынбор қалаларынан біраз құжаттар алынған болатын. Сол құжаттардан Әбілқайырдың есімімен кейбір тарихи жер, су елді мекен аттарымен тікелей байланысты екендігіне көз жеткізуге болады. Халық өз ұлдарының еңбегін, ерлігін ұмытқан емес. 1983 жылы Әйтеке би ауданының орталығы Комсомолдың Шығыс бөлігінің Оңтүстік шығысынан 180 – шақырым жерде “Хан мола” белгілі тарихшы, этнограф Әжіғалидың басшылығымен экспедиция зерттеу жұмысын бастайды. Кейін 1998 жылы зерттеу жұмысы жиеленіп нәтижесінде 2009 жылы “ Хан моласы” деген қорым осы екені дәлелденді. Бұл жер Толыбай шаруашылығына қарағанымен көп жыл бойы көрші Торғай елі жайлайтын жемі суы мол жайлауға айналыпты, бұл қорымды біздің кісілерден гөрі олар көбірек білетін секілді, бірақ баяғы қасиетті “Хан моласы” деп сыйлайтын қариялар өмірден озған, қорым қазіргі таңда күйзелген.

Тағы бір тарихи оқиға негізінде тоқталып өтейін. Кенесары бастаған он жылға созылған ұлт азаттық көтерілісінің бес- алты жылы және Ресей патшалығына өте күшті үрей тудырған кезеңі Торғай-Ырғыз өңірінде болғаны тарихи шындық. Сол қанды оқиғалар кезінен қалған атаулар бұрын айтылмай келді. Бірақ ел есінде сақталуынан бізге жетті “Наурызбайдың қаралы төбесі”, ”Қойлыбай қырғыны”, ”Басықара қопасы” мынау деп көрсетер кісілер әлі де бар. Көтерілісте кіші жүздің көп батырларының ерлікпен қаза тауып, жерленген, жайланған жерінде аты қалған Табынбай қорымы, Алдияр көлі, Саржала мекендері әлі де сақталып келген. Сол мезгілде қалыптасқан атаулардың бірі Қарабұтаққа сегіз шақырым жердегі Бопай ауылы. Бопай Кенесарының қарындасы, ол Кенесары көтерілісіне белсене қатысушылардың бірі, кейбір әскери топтардың қолбасшысы. Бопай өзінің күйеуі мен оның туыстары Сартеке, Досан Әбілқайыровтарды көтеріліске қосылуға тартады. Олар келісім бермеген соң ол 1837 жылы өзінің күйеуін және оның туыстарын тастап, өзімен алты баласын алып, өз тағдырын көтерісшілер тағдырымен біржола қосады. Ол 1847 жылы Қырғыз манаптарына соғыста Кенесарымен бірге болған. Дүние салған жері Ырғыз бойында.

Қорыта келе, біз Әйтеке би ауданының тарихи құндылығын жоғалтпаған осы күнге дейін киелілігімен танылып келген жерлері жөнінде мол мәлімет бердік деген сенімдеміз. Қарастырылған жерлердің арасы бір бірінен алшақ емес, сонымен қатар атауларының бәрі де тарихи тұлға есімімен пайда болған және бір - бірімен тарихи оқиғамен байланысқан. Әкеден балаға жалғасып, сақталып келе жатқан жер-су аттарыны тарихта алатын орны ерекше. Ол өзінің мәнін жоғалтпас үшін жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, келешек ұрпақты ұлттық, патриоттық, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ильясова Р. Актюбинская область в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. // Из истории Актюбинской области. Краеведческий сборник. Актюбинск, 1991. 108 б. 90-100 бб.
2. Курманбеков Е.Ж. Актюбинская область в период Великой Отечественной Войны (1941-1945 гг.) // Из истории Актюбинской области. Актюбе, 2006. 280 с. 80-103 бб.

3. История Актыбинской области. –Актобе, 2007. 698 с.
4. Тәжібаев М.Қ. Ақтөбе облысының тарихы (1864-1991). Ақтөбе, 1999.
5. Из истории Актыбинской области. Краеведческий сборник. Актыбинск, 1991.
6. Султанғалиева Г.С. История Актыбинского уезда (1869-1917). Актобе, 2005.

История названия реки Илек

Научный руководитель: Шамшиева А.М. – учитель истории школа-гимназия №9

Автор: Кульманова Аружан – ученица школы-гимназии №9

Родину любят не за то, что она велика, а за то, что она своя.

Сенека Младший

Казахстан – многонациональная страна. Но для каждого человека, кроме страны, в которой он живёт, дороже всего на свете его малая родина.

Малая родина – это то место, где человек родился, вырос, учился, где живут его родные. Это то место, любовь к которому поселяется в сердце человека навсегда. Но осознание своей Родины, чувства любви к ней возникают не сразу. И для каждого этот процесс происходит по-разному. Для ребенка в детстве важнее всего мать и отец. Но, подрастая, он начинает испытывать привязанность к друзьям, к родной улице, к реке, к лесам, полям, к своему селу или городу. И неважно, чем является твоя Родина: большим промышленным городом или маленькой деревенькой и как этот город или деревня выглядят. Главное то, что это всё родное, знакомое тебе с детства.

Родину, как и отца с матерью, не выбирают. Ты её принимаешь, любишь такую, какая она есть. И только взрослея, человек постоянно осознает свою принадлежность к матери-родине, ответственность за нее, а главное – несоизмеримую любовь к ней. Так рождается гражданин, так формируется патриот.

Во все времена поэты слагали стихи и песни о Родине. Писатели и художники посвящали родной земле свои произведения. С именем Отчизны в сердце и на устах шли её лучшие сыны и дочери в бой с врагами, совершали героические подвиги. Ведь любовь к Родине можно сравнить только с любовью к своим близким. Потеря их означает глубокую скорбь, а потеря Родины – потерю человеческого счастья, потерю веры в будущую жизнь, потерю самого себя. А если нужно было постоять за любимую Родину, за её честь и независимость, то люди отдавали самое дорогое, что есть у человека – жизнь.

Для каждого человека в его малой Родине есть то, о чём бы он хотел рассказать. Вот и я хочу описать свою Родину с её неповторимой историей возникновения и природой, с её памятными местами и многими другими важными для меня вещами.

История топонимики Казахстана и, в частности, Актыбинской области является одной из сложнейших и интереснейших проблем современной науки Казахстана. Так как именно через ее изучение решаются многие комплексные задачи по истории края, его этнического расселения начиная с древнего периода и заканчивая современностью. Топонимика отражает в себе особенности ландшафта, в целом экологию, историю края. При этом Актыбинская область является одним из важных звеньев такого ареала как Западный Казахстан, если же брать шире – Аралокаспийского региона. Данная территория испокон веков является в какой-то степени стыковочным, контактным звеном между такими крупными континентами как Азия и Европа, здесь проходили маршруты движения населения «Великого Пояса степи».

Меня заинтересовал вопрос «А что же означает название реки Илек»? «Из-за чего река получила такое название»?

Предмет исследования:

Поиск новых и забытых фактов, событий, историй с происхождением названия данной реки

Гипотеза проекта

Привлечь интерес к истории топонимики реки Илек

Цели проекта

На основе изученных мной материалов, показать при каких условиях возник топоним реки Илек

Задачи проекта

Проанализировать имеющиеся источники и выяснить происхождение названий.

Методы исследования

Исследование проводилось в несколько этапов: работа с литературой, поиск информации в сети Интернет, изучение архивных документов по теме исследования.

Название реки Илек в переводе с башкирского означает «дикая коза, сайгак». В пользу этой версии говорит реальная особенность местности, в которой в изобилии водились эти животные. Но существует и другое мнение: слово распадается на две части, первую из которых можно сопоставить с другим речным названием — р. Или, а вторая часть — Ик, в переводе с тюркского означает «течение» Большой Ик — топоним Ик объясняют по-разному, возводя его к разным языкам. Одни исследователи исходят из материала угро-финских языков (например, финское йоки, саамское йокк — «река»), другие — тюркских (в диалектах татарского и узбекского языков есть слово ик (ык) в значении «течение»). В обоих случаях перевод очень близок — «река», «течение» Пойма р. Илек представлена четвертичными отложениями (пески, галечники, глины)

Как образовалось название Илек и что оно означает? Некоторые авторы дают объяснение имени реки Илек, которое вызывает улыбку. Они считают, что наименование Илек образовалось от русского слова ил и означает «река Илистая». Против такого толкования резко выступил известный знаток местных названий В. А. Никонов: «Название не имеет отношения к русскому «ил», такое происхождение исключено. Как образовалось название Илек и что оно означает? Некоторые авторы дают объяснение имени реки Илек, которое вызывает улыбку. Они считают, что наименование Илек образовалось от русского слова ил и означает «река Илистая». Против такого толкования резко выступил известный знаток местных названий В. А. Никонов: «Название не имеет отношения к русскому «ил», такое происхождение исключено словообразовательными и фонетическими законами русского языка». И далее автор предполагает, что «возможно, название тюркское: «илек» — дикая коза, или от «айлек» (затем «илек») — летнее пастбище». Первое предположение можно считать в основном правильным, а второе надо отвергнуть: в долине реки Илек и по прилегающим к ней территориям кочевники пасли скот не только летом, но и зимой; здесь практиковалась так называемая тебенёвка — зимняя пастьба скота.

В старой литературе встречаемся с таким толкованием названия реки Илек: Илек в переводе с башкирского означает «сито». Это толкование произвольное. Автор нашел в башкирско-русском словаре слово илек со значением «сито» и сделал вывод, что и имя реки Илек надо переводить как «сито». Но ведь реки получают свои названия по какому-то характерному признаку: по характеру течения, по особенностям дна, растительности; по тому, какая рыба водится в реке, и т.п. А в данном случае, какой признак можно выделить, по которому река получила бы название Илек («сито»)? Такой признак здесь определить трудно, а может быть, и невозможно.

Против толкования «илек — сито» можно привести и такой факт: в башкирском языке со значением «сито» употребляется другое слово (не илек), в котором под ударением звучит гласный [e], близкий к [a]: илак. В башкирском письме этот гласный обозначается перевернутой буквой «е». Слово же илек в башкирском языке имеет значение «дикая коза», «антилопа». Это слово и стало названием реки Илек.

Н. Я. Лойфман и С. А. Попов утверждают, что наименование реки Илек является сложным словом: первая часть *ил* такая же, как и в имени реки Или, которая течёт в Казахстане и впадает в озеро Балхаш; вторая часть *ек* восходит к финно-угорскому *ик* со значением «река». И в целом это финно-угорское наименование. С этим не согласен специалист по угро-финским языкам А. К. Матвеев, который пишет, что топоним Илек надо сравнивать не с угро-финским *ик* («река»), а с башкирским илек — «дикая коза, косуля»; тем более что в Башкирии встречаются реки и горы с таким же названием, и это, по-нашему, справедливо.

Е. Койчубаев в «Кратком словаре топонимов Казахстана» излагает надуманное толкование топонима Илек (в казахском произношении Елек). Он выделяет в этом слове корень, который в прошлом звучал как йел — «ветер», а -ек — это суффикс прилагательного. И первоначально было йелек, затем елек. И надо переводить наименование Елек (Илек) как река «Ветренная». Приведённое разъяснение в корне неправильное. Если сравнивать казахское название Елек (Илек) с другими словами в казахском языке, то надо было бы взять елек («решето») или елик («серна»), а не выделять здесь корень йел-. Но и эти два сравнения неверные. К тому же со значением «ветер» в казахском языке употребляется жел, и название рек звучало бы как Желек, а не Елек.

О названии Илек писали и другие авторы. Так, Н. И. Шувалов объясняет наименование Илек («дикая коза»), данное башкирами речке — притоку реки Юрюзани в Ашинском районе Башкирии, тем, что здесь в прошлом обитали дикие козы. С таким толкованием можно согласиться.

После обзора высказываний разных учёных о происхождении названия реки Илек следует сказать, что данное наименование тюркское, конкретно-башкирское. В башкирском языке слово илек означает «дикая коза». Поэтому имя реки Илек можно перевести как «Козья река». Но здесь необходимо сделать следующее уточнение. Башкиры словом илек называли диких коз, обитавших в лесных и горных местностях Башкирии. В степных же просторах, особенно к югу от Урала и Илека, водились сайгаки, которых башкиры, кочевавшие в этих местах в течение длительного времени, тоже называли словом илек («коза, степная коза»).

Научный термин сайгак (сайга) введён сравнительно недавно учёным Палласом и употреблялся первоначально в специальных работах, а в общем употреблении использовались такие слова: в языке киргиз-кайсаков кийк, у башкир, как уже говорилось, илек, в языке русских (казаков и др.) по Илеку и Уралу (Яику) — «дикая коза», «степная коза». Приведём примеры, которые подтверждают, что на Оренбургской пограничной линии русские (казаки и др.) сайгаков называли дикими козами или степными козами: «Местные порции на каждую ночь для целого отряда добывались посылаемыми перед вечером из отряда в разные места степи охотниками-казаками, которые пригоняли кто-то мог добыть: диких коз (сайгаков), кабанов...». «Козы же дикие, называемые сайги, внутри Башкирии весьма редко...». «В 1769 году по причине великой в степях засухи сюда (в Бузулукские степи. — Б. М.) приходили степные козы, сайгаки называемые».

Главный признак, по которому река Илек получила наименование, тот, что территория, где протекает Илек, являлась местом обитания сайгаков; здесь постоянно в поисках пищи скоплялись их огромные стада. Вот поэтому башкиры дали название реке — Илек (в переводе — «река Сайгачья»).

О том, что в междуречье Урала и Илека, по Илеку и южнее этой реки водились в большом количестве сайгаки, писали многие авторы.

И. Листовский: «Между низовьями Волги и теперешнего Урала разгуливали целые табуны сайгаков, или по-киргизски киик... Иногда суровая зима, глубокий и обледеневший снег сгонял целые стада сайгаков со степи в луга к берегам Яика, Илека и других рек» [134, с. 224].

П. И. Рычков: «Козы же дикие, называемые сайги, внутри Башкирии весьма редко, но около Яика, а особливо на Заяицкой степи, табунами случаются и так резвы, что никакой собаке угнать невозможно» и др.

Местное название Илек встречается и на других территориях. На реке Урал около села Городище находится озеро, называемое Илеком. Здесь же, на Урале, вблизи села Краснохолм есть озеро с таким же названием, которое употребляется в русском переводе как Козье озеро. В Саракташском районе — Козьи горы. Но географическое наименование Илек чаще отмечалось на территории Башкирии, что ещё раз свидетельствует о его башкирском происхождении: уже говорилось о названии речки Илек — притоке реки Юрюзань; есть деревня Илек на речке Илек в Белебеевском районе Башкирии; речка Илек недалеко от реки Дёмы; горы Илектегыр.

Рассматриваемое название Илек известно и в южной части Европейской России. В Белгородской и Курской областях протекает речка Илек — приток реки Псла, на котором в XVIII веке основано село, названное по речке Илеком (в Беловском районе Курской области). Как известно, в прошлом на этой территории обитали тюркские племена и народы, которые и дали название реке.

Выводы

Актюбинская область регион богатый своей топонимикой. В области есть названия местностей, исследуя которые можно открыть новые страницы истории, так и река Илек не исключение. Я считаю, что изменение топонимов данной реки вполне актуально. Знать и любить свой город должен каждый актюбинец и в этом состоит радость знакомства с реками, озерами города Актобе.

Список литературы.

1. Байдосов З.Б. «Из истории Актюбинской области. Краеведческий сборник». Актюбинск 1991 год.
2. Моисеев Б. А. «Местные названия Оренбургской области. Историко – топонимический очерки». Изд-во ОГПУ; Оренбург 2013 год.
3. Чибилёв А. А. Природа Оренбургской области. (Часть I. Физико-географический и историко-географический очерк). Оренбургский филиал Русского географического общества. Оренбург, 1995.
4. История Актюбинской области. – Актобе, 2006.
5. Стрельников С.М. Географические названия Оренбургской области. Топонимический словарь. - 2-е изд., дополненное и исправл. - Кувандык, Изд-во С.М.Стрельникова, 2002.
6. Коробков В.Ф., Баймагамбетов Б.К., Сапожников П.К., Улукпанов К.Т., «Путеводитель геологических экскурсий по Мугалжарам, Восточному Прикаспию и Актюбинскому Приуралью». ТОО «АктюбНИГРИ» 2012 год
7. <http://www.iie.kz/?p=786> - Бекназаров Р. История топонимики Западного Казахстана: на материалах Актюбинской области в рамках программы «Культурное наследие»
8. <https://ru.wikipedia.org/wiki/> - Илек (приток Урала)
9. <http://www.viaevrasia.com/ru/> - Топонимика-современного-казахстана-и-языковая-политика-лекция-проф., д.ф.н. К. Б. Уразаевой-7-ноября-2012-г-су.html

Қобыланды батыр есімі сыр шертеді

*Ғылыми жетекшісі: Амирбекова Гулмира Орынбековна - Ғ.Ақтаев атындағы
№6 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі
Автор: Тұрсын Абзал - 8 «А» класс оқушысы*

Республиканың солтүстік – батыс өңірінде орналасқан Ақтөбе облысы, 1932 жылы 10 наурызда құрылған. Ол солтүстігінде Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, оңтүстігінде – Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақстан - мен, батысында – Атырау және Батыс Қазақстан, шығысында – Қостанай, оңтүстік шығысында – Қызылорда облыстарымен шектесіп жатыр.

Республика жерінің 11%, яғни жер көлемі 298,7 мың шаршы метр болатын Ақтөбе облысының ұлан байтақ жері мыңдаған жыл ағымындағы тайпалар мен көшпелі халықтардың қоныс тепкен жері.

Ақтөбе өңірі – сан ғасырлық тарихтың ғана емес, әлемдік өркениет қатарына енетін бай мәдени игіліктердің де иесі. Облысымызда 1380 ескерткіш болса, оның 965-і археологиялық, 222-сі архитектуралық, 99-ы монументальды, 96-сы тарихи ескерткіштер. Қобыланды батыр есімі облысымызда екі ысанға байланыста айтылады Біріншісі Қобыланды батыр кесенесі, екіншісі Қобыланды батыр атындағы Орталық стадион.

Қобыланды батыр кесенесі (дәлірек айтқанда қалдығы) Ақтөбе облысы, Қобда ауданы Жиренқопа ауылының солтүстік іргесінде, Ұлықобда өзенінің жағасына таман жарқабаққа таяу орналасқан ортағасырлық ескерткіш. Қобыланды кесенесі жайлы «Бұл ескерткіштің ерекшелігі неде?», «Мұндай әбден қирап біткен, сәулет өнері үшін ешқандай маңызы жоқ, жермен- жексен болған, құр үйіндінің қаншалықты маңызы бар?» деген сұрақтар кез-келген адамды ойландырады анық.

Біріншіден, бұл сауалдарға жауап кесененің атауында жатыр. Бұл жай ғана кесене емес, атауы бар, нақты бір тарихи тұлғаның есімі берілген кесене. Бірақ ортағасырлық кейбір кесенелердің иесінің кім екені белгісіздері де кездеседі. Қазақ халқының есінде сақталған нақыл сөз бойынша «Сарайшықта жеті хан жерленген» деп айтылады. Аршылып алынған мазар, кесене қалдықтарының бірі, бәлкім Жәнібек хандікі шығар, бәлкім Қасым хандікі шығар, ешкім нақты айта алмайды. Ал Қобыланды батырдың жерленген жері халық есінде күні бүгінге дейін сақталып қалған.

Екіншіден, тіпті бір кірпіш табылса да, ол–тарих. Ол кірпіш сол өңірдің тарихына жаңа бір сипат береді. Сондықтан Қобыланды кесенесі – сынған кірпіш үйіндісіне айналса да, өткен күннің бұлтартпас куәсі.

Сол себепті, бұл жұмысымызда төмендегідей үш сұрақ төңірегінде зерттеу жүргіздік: Біріншіден, Қарақыпшақ Қобыланды тарихта болған ба?

Екіншіден, біздің Қобда өңірі, Жиренқопа ауылындағы бейіт кімдікі?

Үшіншіден, батыр баба есімі бүгінгі күні қалай ұлықталуда?

Қобыланды батыр мен оның кесенесінің зерттелуі.

Қобыланды батыр туралы зерттеулер баспасөз беттерінде, арнайы ғылыми зерттеу еңбектерде жиі көрініп келген мәселелер қатарына жатады. Бірақ зерттеулердің басым бөлігі Қобыландыны эпостық жыр тұрғысынан қарастырып келді.

Қобыланды батыр жөніндегі аңыз әңгімені алған баспа бетіне түсірген В.В. Радлов болса, ал батырдың тарихта болғандығы туралы ең алғаш зерттеп жинақтап жазған–Ш. Уәлиханов. Ол Қобыландының Көкше, Қосай батырларымен соғысы туралы мәліметтер береді. Яғни бұл жағдай батырдың тарихта болғанын көрсетеді. Ш.Құдайбердіұлының 1911 жылы шыққан «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» деген еңбегінде Қобыланды–Әз Жәнібек пен Шайбанилік Әбілқайыр ханның тұстасы, Әбілхайыр ханның бас қолбасшысы екендігі және Қобыландының өзімен кектесіп жүрген Арғын Дайырқожа (Ақжол биді) оқыста өлтіруі туралы тарихи аңызы айтылады. Ақжол бидің әкесі Қотан жыраудың: «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным!» деген атақты жоқтауы да Қобыланды батырдың тарихта болғанын дәлелдейді.

Әбілхайыр хан Қобыландыны жазалауды сұраған Керей мен Жәнібек сұлтан бастаған арғындар жағына беруге Қыпшақтың наразылығынан қорқып, үш кісінің құнын алып, бітіс дегенге Арғындар келіспейді. Бұл оқиға 1459 жылы болған. Оның аяғы Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан іргесін аулақ салып, Моғолстан ханы Есен-бұғаның келісімімен, Шу өзенінен Балқашқа дейінгі аумаққа қоныстануға рұқсат алып, көшуіне

алып келді. Керей мен Жәнібек сұлтандар Есен-бұға берген Батыс Жетісуды құтты мекен етіп, Қозыбасыға 1465-1466 жылдары Қазақ хандығын құрды.

Кеңес дәуірінде Қобыланды батыр туралы алғаш М.Әуезов, кейіннен Ә.Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, О.Нұрмағамбетовалар зерттеді.

М.Әуезовтың 1927 жылы жарияланған «Әдебиет тарихы» атты кітабында жазушы «Орынбор архивная» комиссиясының мағлұматында Илецкий Защитадан жүретін қара жолдың үстінде Қобыландының бейіті деген бейіт бар. Сол маңайдың қазағы Қобыланды жайымен әңгімеде айтады. Бұл – Қобыландының болған адам екеніне бір дәлел деп келтіреді.

Ақтөбе өңірінен «Қобыланды батыр» жырын ауызша орындаушы Айса Байтабынов пен Нұрпейіс Байғанин секілді екі бірдей жыраудың шығуы да Қобыландының шын өмірде болғанына бір дәлел.

Қобыланды батырдың тарихи тұлға екендігі туралы филология ғылымдарының докторы, профессор М.Жолдасбековтың «Ел тұтқа» жинағында мынадай мәлімет беріледі: «Тоқтарбайұлы Қобыланды (XV ғ.) аты аңызға айналған халық батыры. Шыққан тегі – Қыпшақ, оның ішінде Қарақыпшақ. Шежіре деректеріне қарағанда Қара Қыпшақ – Қобыланды Жошы ханның Шайбан деген баласының тұқымы Әбілқайыр ханның тұсында өмір сүрген, оның белгілі қолбасшыларының бірі болған адам. Қобыланды батыр жайында, екінші дерек көзі – «Қобыланды батыр» жырдың оқиғаларына қарағанда, Қобыландының ерлік жолы қазақ елінің сол кездегі сыртқы жауы-қызылбастар (парсылар) мен олардың ханы Қазанға қарсы күресінен басталады. Қобыландының бұдан кейінгі шайқасқан батырлары Едіге батырдың тұқымдары екенін аңғаруға болады. Қобыланды – Қазақ хандығының өзара іштей екіге бөлінген Ноғай ордасының бірін қолдап, екіншісімен соғысып жатқан тарихи кезеңін алға тартады. Мұның бәрі Қара Қыпшақ Қобыланды батырдың аңыздық негізде қиялдан туған кейіпкер емес, өмірде болған, ерлік істерімен еліне танылып, құрметіне бөленген хас батырларының бірі болғанын дәлелдейді».

Нақтылай келгенде Қобыланды батыр XV – ғасырда тарихта болған батыр. Әбілқайыр Шайбани тұсында және ол дүниеден өткен кез бен қазақ хандығы құрылар тұстағы тарихи тұлға.

Ал Қобыланды батыр кесенесінің зерттелуіне келсек, бұл туралы ең алғашқы деректі 1906 жылы археолог В.В. Карлсон жариялаған. Кейін француз археологы Кастаньенің 1910 жылы шыққан «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» атты еңбегінде: «Илецкая Защитадан 40 шақырым жерде, Ойылға баратын күре жолдың бойында, Қобда өзенінің жағасында Қобыланды деген станицада кірпіш сынықтарының үйіндісінен тұратын шағын дөң бар. Ол көне моланың орны. Карлсон осы жерден екі кірпіш сынықтарын алып келіп, музейге сыйлық ретінде тапсырды. Ол кірпіштер Алиховский мен Кастаньенің Байтақ пен Кесене ескерткіштеріне жүргізген қазба жұмыстарында табылған кірпіштермен бірдей» дейді. Бұл деректерден біздің білетініміз:

Біріншіден, Елек қорғанысы мен Ойыл арасындағы жолдың бойында Қобыланды атты бекеттің болғандығы. Яғни, Қобыландының мазары орналасқан жер ертеден оның атымен аталып келе жатқанын көруге болады. Сондықтан Жиренқопа ауылының қарттары айтқан, Қобыланды атауының тың игеру жылдары өзгергені туралы мәліметтер шындыққа сәйкес келеді.

Екіншіден, Кастанье Қобыланды кесенесінің кірпіштерінің көлемі мен өрнегін келтіріп және оның Абат-Байтақ, Кесене ескерткіштерінің кірпіштерімен бірдей екенін жазады. Демек, Қобыланды батыр кесенесі Қобда ауданы аумағындағы Абат-Байтақ және Ресейдің Челябині қаласы маңындағы Кесене ескерткіштері секілді XIV-XV- ғасырларда салынған ортағасырлық ескерткіш.

Үшіншіден, Кастаньенің жазбасынан Қобыландының кесенесі ерте кезден бұзылып, XX – ғасыр басында кірпіштері шашылып жатқан үйінді түрінде болғанын көруге болады.

Қобыланды мазары екі мәрте бүліншілікке ұшыраған. Оның алғашқысы Ресей патшайымы II Екатеринаның жарлығымен казак жасақтарының қазақ жерінің шегінде жатқан батырлар мен билердің мазарларының кірпіштерін бұзып, одан станица салуға кіріскен кезі. Екіншісі, 1969 жылы антрополог Ноэль Шаяхметовтың қазба жұмысын жүргізіп, шынжыр табанды трактор мен эксковатордың көмегімен жүргізуі және қираған кірпіш қалдықтарын тың игерушілердің баспана соғу үшін тасып әкеткен кезі.

Қобыланды бейітіне бірінші археологиялық қазба жасаған антрополог Н.Шаяхметов пен радиолог С.Балмұханов. Н.Шаяхметов Қобыланды батырдың сүйегін алып кеткен. Ол кейін Алматыдан Мәскеуге қызмет ауыстырады. Тек 2000 жылы Н.Шаяхметов сүйекті Алматыдағы Орталық мемлекеттік Мұражайдың зертханасына тапсырады. Екінші рет Қобыландының бейітіне археологиялық қазба жұмыстары 2004 жылдың қазан айында басталып, 2005 жылы қайта жалғастырылды. Ә.Марғұлан атындағы Археология институты директорының орынбасары тарих ғылымдарының докторы Ж.Смаилов пен ғылыми қызметкерлер О.Ошанов, Б.Книсариннің зерттеуі нәтижесінде, көлемі жағынан Абат-Байтақ кесенесінен кем түспейтін Қобыланды батыр кесенесінің көлемі анықталды. Кесененің көлемі 11,60 x 8,50 метр, ал қабырғасының қалыңдығы 1 метр, биіктігі 10 метрдей болатындығын көрсетті. Антрополог ғалымдар О. Смағұлов пен А.Смағұлова Қобыландының сүйегін зерттеп, оның батырдікі екенін дәлелдеді. Батырдың бас сүйегі арқылы оның бет пішінін Мәскеудің Герасимов атындағы антропологиялық институты жасады. Қобыланды батырдың сүйегі 37 жылдан соң, 2006 жылы 26 тамызда Жиренқопа ауылының іргесінде қабіріне қайта жерленді.

Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» бағдарламасына сай кесененің қайта тұрғызылуы.

Жаһандану дәуірінде ұрпағымыз өзге мәдениеттің ықпалында кетпей, өзіндік ұлттық келбетін сақтап қалу үшін төл мәдениетімізден сусындап өсуі қажет, осыған орай, еліміздің маңызды тарихи – мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту, ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін салт-дәстүрді зерделеу мақсатында 2004 жылы 13 қаңтарда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаның 2004-2006 жылдарды қамтыған бірінші кезеңінде облысымыздан Абат-Байтақ кесенесі қайта қалпына келтірілсе, ал 2007-2009 жылдарды қамтыған екінші кезеңінде Қобыланды батыр кесенесі қайта салынды.

Кесененің сәулетшісі–Бек Ыбыраев. Кесене 2007 жылдың 8 қыркүйек күні ашылды.

Кесене дулыға пішіндес. Төбесінен қарағанда мемориалдық кешен қалқан іспеттес. Ал кесененің сол жағында үстінен қарағанда садақ бейнесінде жасалынған «Даңқ залы» орналасқан. Кесененің оң жақ бетінде «Қобыландының қайрақ тасы» сол күйінше беті әйнекпен жабылып, орнатылған. Тағы бір бұл жердегі жәдігер 1996 жылы Иманғали Тасмағанбетов келіп, өз қолымен бейіт басына қойылған белгі тас. «Қобыланды батыр мемориалдық кешен» ашылғалы алыс- жақын шетелдерден, республикамыздан 70 мыңға жуық қонақтар келіп зиярат еткен. Бір сөзбен айтқанда, «Қобыланды батыр мемориалдық кешен» жас ұрпақты Отансүйгіштікке баулитын, патриоттық тәрбие беретін орталыққа айналып отыр.

Батыр баба рухына тағзым (мектебімізде атқарылған шаралар).

«Мәдени мұра» бағдарламасының материалдарын білім мазмұнына енгізу және бабалар ерлігін мәңгілікке сақтау, жастардың патриоттық сезімін арттыру мақсатында Ғ. Ақтаев атындағы № 6 орта мектебіміз өз үлесін қосуда. 2009-2010 оқу жылынан бастап, жыл сайын Қобда ауданындағы Жиренқопа мен Әлия ауылына «Қобда елі батырлар мекені» атты туристік маршруттар ұйымдастырылып келеді. Қазақтың мақтанышына айналған Қобыланды батыр, Абат-Байтақ (XIV-XV ғ.ғ.) кесенелері мен «Шығыстың қос шынарының» бірі, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың туған жеріндегі мұражайына туристік сапарға мектебіміздің 9-11 класс оқушылары апарылады. Сапар алдында мектеп директоры Ш.С.Жанғалиева сөз сөйлеп, сәт – сапар тілеп шығарып салу

үрдіске айналған. Әр сапардан кейін оқушылар өз әсерін эссе мен сезімнен шыққан өлеңдер арқылы жазып, мектеп мұражайына қалдырады. Мысалы, 2009 жылы 11-класс оқушысы Кеулімжаева Ақшолпан мына өлең жолдарын жазып қалдырған.

Тарихқа тағзым

«Мәдени мұра» бағдарламасын қолға алып,
Бабалар басына зиярат етуді қолдадық.
«Қобыланды батыр» рухымызды күшейтіп,
Тарих тағлымы рухани азық болды анық.
Байтақ бабаға жыл сайын зиярат етеміз,
Кеше мен бүгінді сабақтастырып өтеміз.
Тектілік пенен төрелік сырын ұғынсақ,
Арман, мақсатқа сүрінбей сонда жетеміз.

Мен бастауыш кластар арасында өтетін ғылыми жобаға «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» тақырыбында өзімнің зерттеу жұмысыммен қатысу үшін 2009 жылдың 03 қазанында «Қобыланды батыр мемориалдық кешеніне» барып, оның директоры Тұрсынғали Накешпен жүздесіп, мағлұматтар жинап қайттым. Бұл сапарымда мен Қобыланды батыр және оның аты әйгілі ұрпақтары: ағартушы Ы.Алтынсарин, балуан Қ.Мұңайтпасов, халық батыры А.Иманов, Ұлы Отан соғысының қаһармандары Т.Бигелдинов, Р.Қошқарбаев, С.Нұрмағамбетов, ақын М.Шаханов тағы да басқа аты белгілі ұрпақтары жөнінде біліп қайттым.

Қобыланды батыр кесенесінің ерекшеліктері неде деген сұрақтарға жауап беретін болсам:

Біріншіден, ортағасырлық Қобыланды кесенесінің тек хан тұқымына ғана арнап кесенелер салу дәстүрін, қағидасын бұзуы. Күйдірілген қыш кірпіштен күмбезді кесене салу қарапайым халық арасында ХІХ ғ. бастап қанат жая бастаған. Оның өзінде қолы жеткен белгілі бір адамдар ғана салдыра алды. Ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің арасында бұқара қауымның арасынан шыққан өкілге байланысты кесене атауы Қобыланды батырға ғана қатысты. Демек, Қобыланды батыр сол заманда қоғамдық саяси өмірде үлкен беделге ие болған адам.

Екіншіден, 2007 жылы Жиренқопада тұрғызылған Қобыланды батыр кесенесі сәулетші Бек Ыбраевтың айтуынша биіктігі 40 метр болатын Қожа Ахмет Йассауи кесенесінен кейін биіктігі жөнінен екінші орында тұрған кесене. Абат–Байтақ кесенесінің биіктігі 16 метр болса, Қобыланды батыр кесенесінің биіктігі 17,5 метр.

Үшіншіден, Қобыланды батыр есімі бүгінгі күні қалай ұлықталуда деген мәселеге келетін болсақ, 2007 жылы ашылған Қобыланды батыр кесенесі мен батырдың аты берілген қаламыздағы Орталық стадионды айтуға болады.

Қазақ футболының бірнеше дүркін чемпионы, әрі Еуропалық лиганың іріктеу кезеңінде мерейімізді асқақтатып жүрген «Ақтөбе» футбол командасының жергілікті алаңы болып саналатын Қобыланды батыр атындағы Орталық стадион Ақтөбе қаласында 1975 жылы салынып, сол жылдың 28-ші тамызында ашылды. 40 жылдық тарихы бар стадион Мәскеулік сәулетші Костин Алексейдің жобасы бойынша салынған. 2012 жылы күрделі жөндеуден өткен стадион бұл күндері 13500 жанкүйірді қабылдай алады.

Ғылыми зерттеуді жүргізу барысында біз келесідей шешімдер мен қорытындылауға келдік:

Біріншіден, 29 нұсқасы бар Қобыланды батыр жырының кейіпкері – Тоқтарбайұлы Қобыландының ХV ғасырда өмір сүріп, қазақ хандығы құрылар тұсындағы тарихи оқиғаларға қатысы бар, тарихта нақты болған тұлға екеніне нақты көз жеткіздік.

Екіншіден, Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылының іргесінде, Ұлықобда өзенінің бойында орналасқан Қобыланды батыр кесенесінің қалдықтарының қарақыпшақ Қобыланды батырға тиесілі екені тарихи деректер мен антрополог ғалымдар О. Смағұлов пен А. Смағұлованың зерттеулері нәтижесінде анықтадық.

Үшіншіден, батыр баба есімі мен ерлігін бүгінгі күні ұрпақтар есінде қалу үшін Жиренқопада Қобыланды батыр кесенесі 2007 жылы қайта тұрғызылып, Ақтөбе қаласында орталық стадион Қобыланды батыр атымен аталуда. Мәскеулік сәулетші А.Костиннің жобасы бойынша 1975 жылы салынған стадионға 2007 жылдың аяғында қалалық мәслихаттың шешімі бойынша Қобыланды батыр есімі берілді. Бірақ бұл шешімді үкімет әлі бекіткен жоқ. Бұл шаралар одан әрі жалғасу үшін мынадай ұсыныстар жасаймыз:

1. Қобыланды батыр елін, жерін қорғаған тарихи тұлға болғандықтан оның ерлік істері мектеп бағдарламасына енгізіліп, 7-ші класс оқулығында жазылса.
2. Ақтөбе қаласынан көше атауы беріліп, ескерткіш мүсіні қойылса.
3. Ғ.Ақтаев атындағы №6 орта мектебінің «Қобда елі батырлар мекені» атты туристік маршрутын ішкі туризмді дамыту мақсатында қаламыздың өзге мектептері тарапынан қолдау табуын ҚББ қадағалап, басшылық жасаса.
4. Оқушылардың күнделігі мен дәптерлерінің мұқабасына Қобыланды батырдың бейнесі мен ерлік істері туралы қысқаша мәліметтер берілсе.
5. Еліміздің, облысымыздың экономикалық әлеуетін арттыруға үлес қосатын ішкі және сыртқы туризмді дамыту үшін Қобда ауданындағы тарихи ескерткіштер Абат-Байтақ, Қобыланды батыр кесенесі, Әлия ауылындағы мұражай мен өзге де орындарға туристер тарту үшін баспасөзде кеңінен насихатталса.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әуезов М. Қобыланды батыр // «Қобыланды батыр: аңыздар мен шындықтар тоғысын-да» (Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары). – Ақтөбе, 2007 ж. 59-64 б.б.
2. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991.
3. Накеш Т.Л., Накеш Ә.Т. Қобыланды батыр тарихи тұлға. – Ақтөбе, 2011.
4. Смаилов Ж.Е., Ошанов О.Ж. Қобыланды батыр кесенесі. – Алматы, 2007.
5. Тұрғанбаев А., Арунқызы М. Қазақ хандығы (II бөлім): Қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы: «Аруна», 2006. 53-56 б.б.

Туған жердей-жер болмас, туған елдей ел болмас

Ғылыми жетекшісі: Тоғайбаева Айгүлден Кадировна- Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Адилова Айгүл Алғабаевна- М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға мамандандырылған арналған мектеп интернатының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

Автор: Таипов Асанали Арыстанғалиұлы- М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға мамандандырылған арналған мектеп интернатының оқушысы.

Мен сөз еткелі отырған Илинька ауылы Ақтөбе облысының Алға ауданында орналасқан. Қазақ энциклопедиясында **Алға ауданы – Ақтөбе облысының солтүстігіндегі әкімшілік бөлініс**. Жер аумағы 7,1 мың км². Тұрғыны 40,1 мың адам, орташа **тығыздығы 1 км²-ге 5,6 адамнан келеді** (2006). Аудан орталығы – Алға қаласы. Аудандағы 34 елді мекен 1 қалалық, 12 ауылдық **округтерге** біріктірілген. Алға ауданының жері негізінен қыратты жазық (биіктігі 200 – 400 м). Солтүстік-батысында Тасқоралы тауы (биіктігі 386,7 м), оңтүстік-батысында Бесоба тауы орналасқан (биіктігі 324 м). Олардан басқа **Аққұдық, Қарамен, Керуентау, Ақшоқы, Қайқы, Есет, Бесоба, Қаратөбе, Нартау, Тасшоқы** таулары бар. Кен қазбаларынан **тас көмір, мұнай, фосфорит, құрылыс материалдары**, т.б. кездеседі. Климаты тым континенттік, **қысы суық, жазы ыстық**, қуаң. **Қаңтардың** орташа температурасы –15 –

16°C, шілдеде 22 – 23°C. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 200 – 250 мм шамасында. Аудан жерінен оңтүстікке қарай Елек, Сарықобда, Қарақобда және олардың салалары Тәңірберген, Талдысай, Батпақты, Сазды, т.б. өзендері ағып өтеді. Топырағы негізінен қызғылт қоңыр, сортаң қызғылт қоңыр болып келеді. Өсімдіктерден жусан, бетеге, боз шөптері өседі. Аңдардан қасқыр, түлкі, қарсақ, күзен, борсық; тұяқтылардан бөкен, елік; құстардан дуадақ, тырна, бүркіт, қаз, үйрек мекендейді. Ауданда ауыл шаруашылығы (астық) мен мал шаруашылығы (ірі қара, қой, жылқы, шошқа) жақсы дамыған. Минералдық тыңайтқыштар өндіретін Ақтөбе «Нитрохим», «Неохим» химия кәсіпорындары, нан, май зауыттары бар. Орынбор – Ташкенттемір жолы, республикалық маңызы бар Ақтөбе – Атырау автомобиль жолы аудан аумағынан өтеді деген мәліметтер келтірілген.

Менің ата-бабам туып өскен жер осы энциклопедияда көрсетілген Алға ауданына қарасты бұрынғы «Илинъка» елді мекені. Ауыл әкімі Әлия Ізбасарқызынан алған мәліметтерім бойынша: 1900-07 жылдары патшаның Жарлығымен шаруаларға жер беріліп, оларды Ресейден басқа жаққа көшіру (Сібір, Алтай) мәселесі жүзеге асырылды. Сол кезде ең алғашқылардың бірі болып Алға ауданына қарасты, қазіргі Ақай ауылына ең алғашқы қоныс аударғандар Полтава губерниясынан келді. Олар: Литовченко Артем, Сырой Сидор, Белецкий Андрей, Приходько Фадей, Белецкий Федор, Довбыш Федор, Белецкий Игнат, Забара Федор, Литовченко Семен, Черевко Петр Евсеевич, Мовчан Иван, Дружко Кирилл, Жабенко Илья.

Ауыл ақсақалдарының, соның ішінде Кайырбаев Қалидың айтуынша Қобда өзенінің жағасына қоныс тепкен Илья орыстың тұрғылықты болып қоныстануы да, ауылдың «Ильяның ауылы» атануына себепші болған. «Ильяның ауылы» атауы бірте-бірте «Илинъка» атауына айналған. Ол туралы тек ақсақалдар мен көнекөздердің айтуы ғана емес, бірнеше ескі архив құжаттары да дәлел бола алады.

Мен атамды көзім көрген бала емеспін. Бірақ, аталарым осы ауылдың гүлденіп, көркеюіне үлкен үлестерін қосқан. Өзімнің атам-Таипов Лайықтың інісі Жұбаниязов Анес атам 1932 жылы артель «Париж коммуна» қызмет жасап жүргенін жиі айтатыны құлағымда. Сол кезде ең алғаш артель төрағасы болып Кретов сайланады. Сол кезде колхозда 20 сиыр, 240 бас қой, 400-500 га жер болды. Колхоздың «Париж коммуна» болып аталуы да сол тұстағы тарихи оқиғалармен тікелей байланысты болған. Тарих беттеріне көз жүгіртсек: халық көтерілісі жаңа революциялық үкіметтің басына Париж жұмысшыларын әкелді. Олар революцияның міндетін түсінген жоқ. Сонда да олар үкімет билігін қолына алғаннан кейін өздеріне қажетті жұмыстар істеді. Олар тұрақты армияны жойып қарулы халық жасағын құрды. Ескі аппараттың чиновниктері жұмысқа шықпай қойды. Коммуна атқарушылық және орындаушылық билікті біріктірді. Париж Коммунасы 10 комиссия құрды. Олар финанс, әскери, юстиция, қоғамдық тағы басқа. Коммуна Советі бұл комиссияларға өз өкілдерін тағайындады. Басқару және сот аппараттарына мүшелер сайлау арқылы тағайындалды. Сенімді ақтамағандарды жұмыстан шығаратын болды. Коммуна жұмысшылардың еңбек ақысын маман жұмысшылардың еңбек ақысымен теңестірді. Коммуна жаңа мемлекеттік құрылым ретінде көрінді: тұрақты армияны халық жасағымен алмастыру әрекеті, ескі бюрократтық аппаратты жойып жаңа аппарат құруы, жалпыға бірдей сайлау енгізуі. Олар халық алдында есеп берді. Қызметкерлер жалақысы жұмысшы жалақысына жақын етіп белгіленді. Заң шығару және атқару органдары Коммунаға біріктірідді.

Коммуна советі құрылғаннан кейін елдің ішінде әлеуметтік топтардың саяси белсенділігі артты. Әйелдер клубы тағы басқа клубтар құрылды. Коммуна жұмысшылардың талабын орындауға тырысты. Айырбас және еңбек комиссиясы құрылды. Оның басшысы Лео Франкель былай деді: "Егер біз жұмысшыларға ештеңе істемесек Париж Коммунасының мәні не?" — деді. Он сағаттық жұмыс күні енгізілді. Түнгі жұмысқа тыйым салды. Осы шаралар Коммуна советінің жұмысшылар үкіметі екенін көрсетеді. Шіркеуді мемлекеттен бөлді. Азаматтық оқу енгізілді. Балалар бақшасы, мұражай есіктері ашылды.

Париж Коммунасы соғысты жек көретінін көрсетті. Наполеонға салынған жүз метрлік алып ескерткішті құлатты. Париж Коммунасы кезінде басқа елдердің азаматтары Лео Франкель, Врублевский, Домбровский, басқа да орыс азаматтары жұмысшылардың қиындықтарын бөлісті.

Осы тарихи оқиғаға байланысты елді мекен аталуы да сол кездегі Кеңес Одағының саясаты екендігін ұқтым.

1950ж Колхозды шоғырландыру жұмыстары басталып, «Қызыл еңбек», «Көлтабан» ауылдары қосылғандығын сол жылдары колхозда өз еңбегін сіңірген Төлеу Лайықұлы айтып отыратын. Осы жылы колхоз төрағасы болып Монастырло Петр Павлович сайланған. Ауылдың іргесіндегі «Көлтабан» ауылының аталуы ауылдың Қобда өзенінің табанына ауылдың орналауымен байланысты. Көлдің табанына өте жақын орналасқан елді-мекен «Көлтабан» ауылы әлі күнге өзінің берекесі кетпеген шұрайлы мекен болып отырғанын көзім көрді. Осы ауылдың үлкен ақсақалдарының бірі Әділов Алғабай:

- Біз қазақ бабамыз мал шаруашылығымен күн көрген халықпыз. Малға шөбі шұрайлы, қыста қыстауға ыңғайлы, жазда жалауға ыңғайлы жерлерді мекен еткен бабамыздың әдеті бойынша осы «Илинька» ауылының іргесінен ағып өткен Қобда өзенінің бойынан он шақты шақырым жерден өзен табанын жағалай қоныс теуіп, ауылдық округке қарасты шағын ауылға айналдық,-деп айтқан.

Менің «Илиьяның ауылы» немесе «Илинька» ауылыма бара жатырған тұста ауылға жиырма километрдей қалған тұста ақ жар бар. Сол жардан ауыл тұрғындары ақ балшық алып, үйлерін әктеп, тұрмысқа пайдаланған. Бірте-бірте сол ақ балшықты жар, ақ саз да бере бастаған. Ауылдың осы күнгі тұрғыны Түлкібаева Сафура ападан зерттеу жұмысым туралы ақпарат жинап жүріп, қызық ақпарат алдым. Сафура апамыздың айтуынша Илья келіп орналасып, соның айналасына шоғырланған қазақтар бұл ауылды «Илинька» деп аталып кетуі дұрыс екен. Және ауылдың іргесіндегі ақ сазды жар ауыл тұрғындарына жарқырай көрініп жататын болған. Сол себепті: «Ақ-ай!» Анау жарқырап жатырған саз қандай «Ақ-ай!» деген таңданыстарынан ауылдың осы күнгі тұрғандары арасында АҚАЙ атанып кеткен. Ауыл тұрғындары осы Илинька ауылының Ақай атауын алуы туралы бірнеше рет облыстық, аудандық маслихаттарға жазған өтініш хаттары аяқсыз қалмады. 2010 жылы Илинька ауылына Ақай атауы берілді. Бұл туралы облыстық маслихаттың шешімі қолданысқа енді. Қалада ұзақ жүре қалсам, ата бабам тұрған жер, туған ауылымды сағынамын. Қолым қалт етсе, ата-анаммен елге барғанша асығамын. "Туған дердей жер болмас, Туған елдей ел болмас."- деп, аталарымыз бекер айтпаған екен ғой. Сондықтан достар, мен үнемі туған елім, жерім, ауылым туралы жырлауға еш ерінбеймін. Сіздерді де осыған шақырамын. Өскенде өз ауылымның көркеюіне өз үлесімді қосамын. "Ауылымның гүлденгені - Қазақ елінің гүлденгені "- деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ ұлттық энциклопедиясы
2. <https://kk.wikipedia.org/>
3. Қазақстан тарихы. 5-томдық. 1,2,3 ТТ. А., 1996, 1998, 2002.
4. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. А., 1994.

Мазмұны

1. Жерұйығым - жер жаннаты - Жабасақ: тарихы, топонимикасы.....
2. Бөкенбай батыр есімімен байланысты жер-су атауларының тарихы.....
3. Шалқар ауданының топонимі.....
4. Топоним села Хазретовка.....
5. Топоним местности Мартук.....
6. Топоним села Бестамак.....
7. О топониме Ақтобе.....
8. Топоним Кандыағаш.....
9. Топоним города Темир.....
10. Топоним города Хромтау.....
11. Мавзолей Аббат-Байтак – жемчужина Казахской степи.....
12. Мәртөк ауданының жер – су атауларының сырлары.....
13. Сырға толы мекенім.....
14. Шырайлы Шұбарқұдық - тарихтың түп тамыры.....
15. Киелі Қожасай ауылының тарихи сыры.....
16. Мәртөк тарихы және оның атауындағы сыр.....
17. Шалқарым - шежіресі мол өлке.....
18. Ақеспе атауының сыры.....
19. Ақтөбе қаласының аталу тарихы.....
20. Шалқар қаласының топонимикасы.....
21. Ақсай ауылының аталу тарихы.....
22. Түлеген Ойыл өңірі.....
23. Құтты мекен – Доңызтау.....
24. Хромтау ауданының топонимдері.....
25. Ойыл топонимдерінің дамуы мен қалыптасу тарихы.....
26. Әр атаудың өз тарихы.....
27. Ақтөбе қаласы көшелерінің тарихы.....
28. Ақтобе помнит своих героев.....
29. Туған өлкенің жұлдызы жоғары.....
30. Әбілқайыр ханның атауына байланысты жер-су атаулары.....
31. «Жем бойы топонимдерінің тарихи- географиялық атаулары мен әскери полигонның құрылуы (Эмба-5)».....
32. Қарғалының атаулары сыр шертеді.....
33. Топонимика села Кызылжар.....
34. Топоним села Родниковка.....
35. Хромтау ауданының Қопа ауылы.....
36. Жырақта жатқан жайсаңбай.....
37. Тарихы терең Темір ауданы.....
38. Ақтөбе болашақтың қаласы.....
39. Бершүгір – менің ауылым.....
40. Ырғыз ауданының топонимдері.....
41. Ойылым менің - ойдағы елім.....
42. Хромтау өлкесінің тарихи ескерткіштері мен олардың атауының тарихы.....
43. Әбілхайыр аялдаған жер... (Ырғыз ауданы, Маңтөбе төбесі).....
44. Ақтөбе облысы гидронимдеріндегі халықтық географиялық атаулар.....
45. Темір қаласының және ауданының топонимдері.....
46. Ырғыз жеріндегі «Бөкенбай шоқысы»
47. Шежірелі Ырғыз өңірі.....
48. Байғанин ауданы топонимдерінің тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері.....
49. Жаманшың атауының шығу тарихы.....

50. Ырғыз ауданының топонимдері.....
51. «Ойыл көздің жасы еді...» Ойылдың жер-су атауларының пайда болу тарихы.....
52. Топоним местности села Шевченко.....
53. Байғанин ауданы, Жарқамыс селолық округінің топонимдері.....
54. Қандыағаш қаласының атауының тарихы.....
55. Память об "Ир-кыз".....
56. Мугалжары –свидетели многих событий.....
57. О родине просовода.....
58. Топоним Аккемирского сельского округа.....
59. Топонимика названий Мугалжарского района.....
60. Туған жер атаулары- тарихымның бастауы.....
61. Ырғыз өңірінің гидронимдері мен оронимдері туралы деректер мен аңыздар.....
62. Улица имени Хазрета Мендегалиева.....
63. История о сочной траве «Мортык»
64. Қобда ауданы-батырлардың өлкесі.....
65. Хан моласы.....
66. Ақтөбе облысындағы Кенесары ханға байланысты жер-су атаулары.....
67. Ырғыз өлкесіндегі елді мекендер мен жер- су атауларының тарихынан.....
68. Мұғалжар өңірінің жер-су атауларының шығу тарихы.....
69. Ойыл өңірінің топонимикасы мен этимологиясы.....
70. Название аула Котыбар батыра.....
71. Қарғалы ауданы жер-су атауларының тарихы.....
72. Ақтөбе өңіріндегі тарихи топонимикалық аңыздар.....
73. Мұғалжар ауданының топонимдері мен гидронимдері.....
74. Ырғыз ауданы кейбір елді-мекендерінің топонимдері.....
75. Қоршаған ортаның физикалық-географиялық жағдайларын анықтайтын халықтық географиялық атауларды жүйелеу (Ақтөбе облысы мысалында).....
76. Туған жерім Байғанин ауданы - тұнған тарих.....
77. Өз тарихы бар өлке.....
78. Әйтеке би ауданы жер-су атауларының тарихи-этнографиялық сипаттамасы.....
79. Шалқар өңірінің топонимі.....
80. «Алақозы» атауының этимологиясы.....
81. Тасқопа атауының шығу тарихы.....
82. Ақтөбе облысының топонимикалық жағдайы.....
83. Кілемжайған жерінің топонимикасы.....
84. История названия реки Илек.....
85. Қобыланды батыр есімі сыр шертеді.....
86. Туған жердей-жер болмас, туған елдей ел болмас.....